

МУХТАР ӘУЕЗОВ

10





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ

1982

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ОНЫНШЫ ТОМ

894.342-2

290



Пьесалар

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ

1982

БИБЛИОТЕКА
М. О. ӘУЕЗОВ
1982

Редакциялық коллегия:

АХМЕТОВ З., ӘУЕЗОВА Л., БЕРДІБАЕВ Р.,
ҚАРАТАЕВ М., МҮСРЕПОВ Ф., НҰРПЕЙІСОВ Ә.,
ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.

Ғылыми түсініктерді жазып, томды
баспаға әзірлегендер:

БӨЖЕЕВ М., МЫРЗАХМЕТОВ М.,
НАУРЫЗБАЕВ Б., САХАРИЕВ Б.,
СЕРІҚҚАЛИЕВ З., ӘКІМОВ Т.,
ДОСЫМБЕКОВА Р., МҰХАМЕТХАНОВ Н.

Әуезов Мұхтар.

Ә 82 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алма-
ты, Жазушы, 1982.— Т. 10. Пьесалар.— 432 бет.
ҚазССР Ғылым академиясы. М. О. Әуезов атында-
ғы әдебиет және өнер ин-ты.

Каз 2

Ә $\frac{70700-19}{402(05) 82}$ 3—81 4702230200

© «Жазушы»—1982

БИБЛИОТЕКА
ИМ А. С. ПУШКИНА
з. № 63124

ТАРТЫС

*Сегіз суретті,
эпизогты пьеса*

УАҚИҒАҒА АРАЛАСАТЫНДАР:

Хасенов Сыдық — қазақ институтының директоры.
Атырауов Есен — институттағы партия ұясының хатшысы.
Жасы 25—26-да.

Жағыпаров Ғани — кіндік өкілі, өлкелік партия комитетінің мүшесі. Жасы 30 шамасында.

Жантеміров Әбіш — ірі қызметкер. Партия ұясының бюро мүшесі, бір жағынан оқытушы.

Малдыбаев Иса — жастар ұйымының хатшысы.

Қадиша — ұя бюросының мүшесі, батырақтан шыққан талапкер оқушы.

Темірбеков } белсенді жастар, партия жағындағы оқушылардың
Оспанов } басшылары.

Лала Көпжасарова — жақында ВУЗ бітірген.

Мүсілім Көпжасаров — Лаланың күйеуі, ұйымсыз маман.

Рақыш (Рахила) — медичка, жас, сұлу студентка.

Ниязов Сейткерей — жасы 42-де } алашорда адамдары, бұ-
Жамантаев Батырша — 48—50-де } рын іс басында болған
Бейсенов Сабыр — 35 жастарда } белгілі ұлтшылдар, бұл
күнде осы мектеп оқыту-
шылары.

Ниязова Сара — Сейткерейдің қатыны.

Гүлжәмила (Гуля) — Сараның сіндісі, Әбішке тиген.

Қарпыков Максұт — ұйымсыз. Ұлтшыл оқымысты, бұл да оқытушы.

Сүлейменов } оқушы жастар, ұлтшылдың ықпалына түскен
Сұлтанов } дер. Сүлейменов басқа ВУЗ-да оқиды, комсомол
мүшелері.

Юсуф қари (Қареке) — 45—50 шамасында. Атақты милләтші, ферганалық.

Жәлел әфенді — түбі бұқарлық, жүргені, көргені көп, өте жырынды адам. Европаша зор білімді ғылым қызметкері, 33-те, сұлу жігіт.

Шайханашы, оқушы жастар, суретші, биші, әнші әйелдер, (орыс әйелдері).

Бірінші сурет

1-көрініс

Шайхана. Нар үстінде кілем, паластар. Қазығалары қызыл-жасыл. Ілулі дутар, тамбыр. Жерде қазан-ошак. Қазанда палау. Шайханашы анда-санда келіп қарап, аударыстырып кетеді. Нардың бергі бір шетінде кішкене үстел қойғызып, Жәлел, Сабыр шахмат ойнап отыр. Жақсы киінген суретші орыс әйелі шайхананың суретін салады. Жәлел анда-санда ымдап шақырып алып қарап, күліп, қайтадан орнына жібереді. Нардың төріне таман жер төсек. Студент Оспановтың төсегі.

Жәлел (*ойланып*). Та... а... не істесем екен сізбен? Есіңізде қалатын бір нәрсе істеуіме керек...

Сабыр. Сіз оригинальный болуды тілейсіз, мен білсем.

Жәлел. Әлбетте, әлбетте. Мен бұл жерде Толстой сөзіне қол көтеремін. Хақиқат: әрбір адам неповторимая комбинация. Мен де Шоралар хукіметінің «Пушка» папиросын жасап шығаратын фабригінен шыққаным жоқ. (*Күледі.*)

Сабыр. Рас, сіз ескі фирмадан шыққансыз. (*Күліседі.*)

Жәлел. Иә, стандарт адамы жасап шығару методын большевиктер таппай тұрған кезде істеліп қалған, ескі бір дана. (*Күліседі.*)

Сабыр. Құп, олай болса сол фирмаңыздың маркасын оправдать етіңіз. Өзгеше, өзгеше жүріс шығарыңыз...

Жәлел (*бір жүріс жүреді. Сабыр қарсы жүреді*).

Ә, сіз де менікін дұрыс дейсіз бе? *(Сынап қарайды. Бұл кезде Оспанов шығып, төсегіне етбетінен жатып, кітабын оқиды.)*

2-көрініс

С а б ы р *(Жәлелге күле қарап)*. Әрине! Талапты ерге нұр жаусын! *(Күліседі.)* «Безумству храбрых поем мы славу!» дейміз.

Ж ә л е л. Әмма, авторыңыз удачный емес. *(Бір атты ұстап.)* Сол қатаныз үшін мен сізді жазалаймын... Шах!.. *(Сабыр сасқалақтап королін тайдырады. Жәлел жылдам жүріп.)* Шах и гардел.. Ха-ха-ха...

С а б ы р *(шұғыл қиналып, өкініп)*. О-х-х! Қап, қап!.. *(Басын шайқап.)* Қайыр, сіздің атыңыз бір күшті дерт. Шипасыз дерт.

Ж ә л е л *(мақтана күліп)*. Мен өзім де аттарымды бек қымбат бағалаймын... *(Сабыр Оспановқа сенімсіз қарайды. Жәлел сезіп, жаңа шыққан тамбыршыларды шақырып, «тарт» деп ымдайды. Екі тамбыршы Оспанов пен бұлардың аралығына отырып тартады. Суретші қыз тез соларға қарайды. Жәлел оған тамбыршыларды нұсқап, «суретін сал» дейді.)* Бұл аттар өмірдегі, әсіресе бүгінгі біздің өмірдегі көп жүрістердің әдісін үйретуі керек...

С а б ы р. Сіз бөгеуілді жеңіп, барьерден аттап жүргенді ұнатасыз. Түзу, жатық жолмен жүруді қанағат қылмайсыз, солай ма?

Ж ә л е л. Түзу... жатық... Ол сіздердің тілейтін жолдарыңыз. Әмма, сізлерге тиген жол емес. Ол выдвиженецлер жолы... Ә, бізге шахмат атының жүрісін машық қылумен қабат... бұнда ғибрат көп. *(Күледі.)*

С а б ы р. Жарқ етіп көрініске шығып, артынан тасаға түсу... Тағы шығып, тағы түсу... солай ма?..

Ж ә л е л. Иә, әр кезде керегінше, мүмкінінше... *(Ойланyp күліп.)* Талмай, қалмай, салпылдай беруге біз қуатын карьера жоқ...

С а б ы р. Жоқ, карьера тілесен де бұл ғұмырда оправдать етілген, бәлки мақтаулы да жол. Біздің қазақтың бір ескі ойшыл адамы айтқан: «Биік мансап — биік жартас... Ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады» деп.

Ж ә л е л. О-о-о... Міне, міне... Жақсы айтылған...

Қайтпайтын, көнбейтін күшті жалғыз!.. Протестімен жалғыз тұрып қалатын демоническая натура!

Суретші әйел. Бұл өзіңіз туралы ма? Какое самомнение? Ох, какое у вас самомнение, Жәляль Жафарович! (*Жәлел күліп, «қой» деген ишарат жасайды.*)

3-көрініс

(*Оспанов оқытпағанға ызаланып, бір кітабын тастап, екіншіні алып, атып тұрып, декламациямен.*)

Оспанов.

Ше тәдбири, ей, мұсылманан?
Кемін худра не миданам!
Не баһрим, не біри әм,
Не тәрса, не яһуди әм,
Не өз мүлки ырақи әм!
Не өз һаки һорасан әм!
Не гәбрәм, не мұсылман әм...¹

(*Барлық жұрт аңырып қарайды. Жәлел күледі.*)

Сабыр. Не дейді мынау?.. Қазақ өзі.

Жәлел (*күліп*). Жас жігіт өзін мұсылман да, кафір де емеспін, насрани, яһуди де емеспін, қорасан, ырақтан да емеспін, кіммін дейді. Менімше, ол шарық пакәлтесінің талабасы (*күліп*) сөзі.. Ирандағы өзінше декаденттеу болған бір шағирдың айтқаны.

Сабыр (*күліп*). Қара мұны!..

Жәлел (*Оспановқа*). Бірадар, шама бербан парсы мигойін?²

Оспанов. Айя, ақай, мән кәм-кәм мигой-әм!³

Жәлел. Хұп, бысыһар хұп әст!⁴

Шайханашы (*Оспановқа сүйсініп қарап, күліп*). Афірин!.. Жігіт сән!

Оспанов (*шайханашыға қарап қарқылдап күліп*). Ой, түрсіз! Олай дегенше палау бермейсің бе?

¹ Не жұмбақ, ей, мұсылмандар?
Кіммін өзім, білмеймін!
Теңіздің де, құрғақтың да адамы емеспін,
Бұтқа табынушы да, яһуди де емеспін,
Ырақтың мүлкі де емеспін,
Қорасанның топырағынан да емеспін,
Кәпір де, мұсылман да емеспін...

² Жолдас, сіз парсыша сөйлейсіз бе?

³ Иә, ағай, аз-аз сөйлеуші едім!

⁴ Жақсы, өте жақсы екен!

Ш ай х а н а ш ы (сүзгімең майлы палауды қазаннан көтеріп, қызықтырып). Мәйлі, бераман!

О с п а н о в. Әкпел. (Қасына келеді. Шайханашы ақша деп қолымен белгі қылады. Оспанов қалталарын қарайды.)

Ш ай х а н а ш ы (күліп). Мазасызданба, мазасызданба, мағлұм, онда жоқ... Онда шамал еседі. (Күледі. Жәлелдер ақырын сөйлесіп отырады.)

О с п а н о в. Енді не аласың? Аш отырам ба мен?..

Ш ай х а н а ш ы (Оспановтың етігін көрсетіп). Беш күн аш бераман!

О с п а н о в. О-ой, түрсіз... Сен менің барымды алдың.

Ш ай х а н а ш ы. Мән түгіл, өзләрі ашады куу...

О с п а н о в. Етігімді ақшаға сатам... Кел ал... 30 сом... (Шайханашы басын шайқайды.) Болмаса 30 күн палау бер... (Шайханашы күледі. Палауды көтеріп, көлбектете береді.)

С а б ы р. Әй, сенің ақшаң жоқ па? Мә, мен ақша берейін.

О с п а н о в. Сіз кімсіз?

С а б ы р. Кім екенімді не қыласың? Ал...

О с п а н о в. Әуелі айтыңыз...

С а б ы р. Бейсеновпын...

О с п а н о в. Ә, қазинституттағы тіл молдасы...

С а б ы р (кекетіп). Молдасы...

О с п а н о в. Енді не, ғалымы ма?

С а б ы р Е, ол көп пе?

О с п а н о в. Көп, әрине... Қазақ тілінің бүгінгі тексерілуі мектеп грамматикасының ғана көлемінде ғой.

С а б ы р. Не дейсің, өй?.. Мынаның кеудесі қалай?.. Фарсы, орыс тілдері ғана ғылым дейсің ғой!

О с п а н о в. Әрине, олар ғылыми тексерілген.

С а б ы р. Мынау ше?!

О с п а н о в. Бишаралық стадиясы. (Жәлел күледі.)

С а б ы р. Ырымың жақсы екен, шырағым... Тіпті неткен ойшылсың, жаным-ау?.. Тағы дәлелдеп көрші.

О с п а н о в (шұғыл сырт беріп). Уақытым жоқ. (Аналар күледі.) Е, тағы әлі кездесеміз... мен доказатътаймын, обосноватьтап берем әлі бәрін. (Жәлел, Сабыр күледі.)

С а б ы р. Жарайды. Ақша ал...

О с п а н о в. Жоқ, алмаймын ғой мен сізден... (Шайханашыға.) Әй, түрсіз... 20 күн... (Шайханашы басын

шайқайды. *Оспанов бұрылып кетіп, төсегіне барып отырып алып.*)

Эз асман ше миһуаһи,
Дәр зәмни ше миһуби?
Гүнбір зұлым әст ән!
Шадір һайал әст ин!

Жәлел (күліп). Ха-ха-ха! Үлкен оригинал мынау... Палаусыз қалдырған күнаһкар жерге Лермонтов гонесін жасайды...

Суретші әйел. Өте интересный студент... Мен суретін саламын. *(Бұрылады, салмақ болады.)*

Оспанов *(шұғыл теріс бұрылып кекетіп)*. Nein, meine Frau, ich Nill nicht!²

Жәлел (күліп). Тәжірибе... тәжірибе. Бар білгенін қояданып көреді. Sie sprechen auch Deutsch, genossen?³

Оспанов *(теріс қараған бойымен)*. Ich spreche Deutsch, aber ich spreche nicht Russisch!⁴

Жәлел (күліп). Қызық... жақсы номерлер тастайды. *(Суретші әйелге.)* Ол ырза емес.

Суретші әйел (күліп). Мен бәрібір саламын суретін.

Оспанов. Түрсіз, мынау қоя ма, қоймай ма?..

Жәлел *(әйелге)*. Сала беріңіз! *(Күледі.)*

Оспанов *(шұғыл бұрылып, шарта жүгініп, екі мықынын таянып, танауын ежірейтіп, көздерін бажырайтып отыра қалады)*. Ал, сала ғой! *(Жұрттың бәрі күледі.)*

Суретші әйел *(сала алмай, күліп отырып)*. Мен бәрібір осы қалпыңызды саламын. Ах, какой вы смешной! И чего вы испугались?

Оспанов. Мен орысша білмеймін.

Суретші әйел. Неправда! Бәрібір мен саламын. Сіз осы күйіңізде журналға басыласыз...

Оспанов. Е, түрсіз! *(Күліп, шалқасынан түсіп, қызға қарсы бір аяғының үстіне бір аяғын қойып, кітабын оқып жатып алады. Жұрт күледі.)*

¹ Аспаннан не тілейсің?

Жерден не іздейсің?

Анауы — зұлымдық күмбезі.

Мынауы — жанды қуыршақ.

² Жок, ханым, мен тілемеймін (қарсымын).

³ Сіздер немісше де сөйлейсіздер ме, жолдастар?

⁴ Мен немісше сөйлеймін, ал орысша сөйлемеймін.

Ж э л е л (тамбыршыларға белгі жасайды. Олар тартады. Сабырға). Жә, институттарыңда қалай? Кадр даярлауға жақсылап кірістіңіздер ме?

С а б ы р. Кірісіп жатыр жұрт. Иә, даярлаймыз кадр.

Ж э л е л. Рас, бұларға кадр, кадр керек. Сенбейді сіз бен бізге... Өздері соғып шығарған, әрбір винті белгілі стандарт құрал керек оларға...

С а б ы р. Ол құралды біз де даярласамыз ғой! (*Күліседі.*)

Ж э л е л. Мәселе сонда. Ал кадр жалғыз оларға ғана керек емес... Бұнда осындай көп институт бар. Тәжік, түркпен, біздің өзбек мектептері.

С а б ы р. Иә, оларда қалай істеледі?

Ж э л е л. Һәммасында да ойланып, есептеп істейтін көп-көп істер бар. Білесіз бе, бұның қандай шебер іс, қызық іс екенін?

С а б ы р. Бұл майдан... Тартыс!..

Ж э л е л. Міне, дұрыс айттыңыз... Бұның үстіңгі беті емес. Ол шаулап, жалтылдап барсын, барсын... Тереңірек сүңгіңіз. Подводное течениесін сіз, сіздер меңгеру керек.

С а б ы р. Бірақ шикізат, сырьё көп. Өнімді ешнәрсе шығады дейсіз бе? Басқа өнімдірек...

Ж э л е л (күліп, жарыса). Сіз министр емес, педагогсіз, Сабыр эфенді! Аздан үлкен, оңайдан қиын. Бұлардың бірде-бірінің түйіні белгісіз, байқаусыз, өзінен өзі болады...

С а б ы р. Көп күту, ақсақ қойдай көп бағу керек қой.

Ж э л е л. Солай. Бірақ әр жерде почва қажет. Сонда ат жүрісінің тәжірибесін пайдалану керек.

С а б ы р. Бұл оригиналдықты іздеу болмас па?

Ж э л е л. Оригинал, бірақ реальный іс... (*Оспанов тұрып, шайханашыға келеді.*)

О с п а н о в. Жә, болдың ба?

Ш а й х а н а ш ы. Беш күн аш бераман.

О с п а н о в. Жиырма күн. (*Шайханашы басын шайқайды. Палауды аударыстырады.*) Ей, түрсіз. (*Шайханашы теріс бұрылып, күліп, басын шайқай береді.*) Бері қарашы. (*Аздан соң.*) Жә!.. Мә, әкпел. Бес күн. (*Етігін шешіп береді. Бір табақ палау салып алып, орнына қарай шайханашыны құшақтап алып келе жатып, өзбекше тамбыр күйіне билейді. Орнына отырып, жеп жатады.*)

С а б ы р. Мен сізді біздің саясатшылармен таныстырам.

Ж ә л е л. Құп, һәммасымен де. Мен мұндағы партийный қазақ жігіттерін және Батыршаларды білемін...

С а б ы р. Ә, солай ма?..

Ж ә л е л. Мен білмейтін кісілер Орта Азияда аз. Жаңада келген сізлерді ғана білмеймін... білмесем..

С а б ы р. Дұрыс, таныс еместеріңізді айтарсыз... Сөйлесіп көріңіз олармен де...

Ж ә л е л. Қазақ интеллигенциясы мені интересовать етеді. Біздерде олардан қашатындар да бар... Эмма мен ондай емеспін.

С а б ы р. Бізде де әртүрлісі бар. Көрерсіз. Бірақ тіл, емле, термин жайы, институттар тәжірибесі... Ортақ мәселе көп қой... істесе көрерміз, танырсыз.

Ж ә л е л. Біздің Юсуф қари да сіздің адамдармен танысуды тілейді.

С а б ы р. Ә, ол осында ма қазір?

Ж ә л е л. Осында.

С а б ы р. Тіпті жақсы, онда бәрімізді де таныстырыңыз...

(Темірбеков кіреді. Сабырмен басын шұлғып амандасып өтеді. Оспановқа барып күлісіп, әзілдеседі. Қасық әкеліп, оған да палау жегізеді.)

4-көрініс

С а б ы р *(Жәлелге)*. Мынау жайсыз адам... ананың да беті байқалды енді.

Ж ә л е л. Ә. *(Күліп.)* Ол қызық, қызық жігіт...

С а б ы р. Мен кеттім. *(Қоштасып кетеді.)*

Ж ә л е л *(суретші әйелдің қасына келіп, салғандарын қарап, студенттерге естірте)*. Міні, дұрыс. Орта Азия баспасының бетінде бұндай әсэрләр басылса дұрыс. Кенес баспасына лайықты реальный шырық. Көп суретшілер не істейді? Шикари, паранжы, минарет. Буржуазный Европаның обитатель воображениесі керек қылған экзотика шырқын суреттейді...

С у р е т ш і ә й е л. Сіз маған дүниені тануға көп жәрдем етесіз, Жәлел Жафарович!

Ж ә л е л. Айя, сіз бен біз нашар союзник боламыз. *(Қолтығынан алып.)* Сол үшін сіз маған редакциядағы ортақлардың жаңалық секреттерін айтыңыз. Мен олар-

дың бәрін білем ғой. Жүріңіз... (Артына бұрылыңқырап.)
Ә, мына студентті салдыңыз ба? (Күледі.) Оспанов теріс қарайды, Темірбековке де теріс қара деп, теріс қаратады).

Суретші әйел (күліп). Жоқ, салдырмады... чудақ. Қош болыңыз, студент. (Оспанов саусағының үшін сілтейді. Кетеді.)

5-көрініс

Темірбеков (бұрылып отырған қалпында күліп). Бұ не бұйрығың? (Оспанов тез бұрылып, палауды өзі соғып жатады.) Енді қашан... Бұрылуға бола ма, жоқ па?

Оспанов (өтірік кейіген болып). Тұра тұрмайсың ба, түрсіз. Кетсін...

Темірбеков (бұрылады, палау желініп қойған). Бұның нең, әлгілерге неге олай істейсің?

Оспанов. Е, сүйкімсіз кісілер... Жақсы жігіт болмай-ақ қоям соларға.

Темірбеков. Мына Жәлел де ғылым қызметкері ғой.

Оспанов. Иә, Бейсенов те солай. Сонымен ашынажай көрінеді... Кешегі саясат құрған алашорда бүгін ғылымдағы алашорда болған ғой...

Темірбеков. Ә, институттарды торыған бөрілер дейсің ғой.

Оспанов. Мен олардың «ғылымым, табысым, еңбегім» дегеніне табынғым келмейді. Искренний ісі жоқ. Қай саланы ұстаса да, пұшпағынан ұстап бір үңгірге тартады. (Күліп.) Сондықтан мен кейбіреулерімен кездескенде әдейі шаптарына от тастап қоям. Тулататын сөздермен!..

Темірбеков. Мәселе сөз дегенде емес. Оған мәз болма енді, істе кездесуге тура келер. Мен сені әдейі Есенге ертіп барып сөйлескелі келдім.

Оспанов. Немене, мен онда қызметте жоқпын ғой...

Темірбеков. Жоқ болсаң, енді боласың. Біз басқа ВУЗ-дарды бітірген, бітіруге айналған комсомол, партейцтер активін жаңа институт айналасына тартпасақ болмайды...

Оспанов. Е, хасеновшілер де қыбырлай бастады ма?

Темірбеков. Қыбырласын-қыбырламасын, бәрі-бір қам керек. Жүре сөйлесеміз... жүр...

Оспанов. Жүр. *(Тұрып қамданысады. Оспанов жүріп бара жатады. Аяғында галифе шалбарына киген шебелет.)*

Темірбеков. Ой, мынауың пе? Етігің қайда?

Оспанов. Е, жүре бермейсің бе, бас-аяғыма қарап, түрсіз, сені қатындыққа алғалы тұрған кісі ме мен...

Темірбеков *(тоқтап)*. Өй, безобразие мынауың... етік қайда дейім? *(Пауза.)* Айт!..

Оспанов *(тоқтап)*. Етік пе, етік қазір. *(Шайханашыға қарап, көзін қысып.)* Ташмат ака екеумізде шын обороттағы капитал!.. *(Саусақтарын айналдырып.)* Товар — ақша, ақша — товар... Палау — етік, етік — палау... *(Екеуі де күліседі.)*

Темірбеков. Тағы да ма... Түү, без-з-образие!.. Жарайды, бітсін енді бұл. Білдің бе, соңғы рет. Немене елге, жұртқа күлкі боп. *(Шайханашыны шақырып ап, ақша беріп, етікті әпереді.)*

Оспанов *(киіп жатып, кекетіп)*. Соңғы рет... Құдды мен ішіп қойған кісі... Кінәлі мен деп білесің бе?

Темірбеков. Енді кім?

Оспанов. Стипендия жібермейді. Наркомпрос, түрсіз! *(Күліседі. Шығып кетеді.)*

Ш ы м ы л д ы қ.

Екінші сурет

Сахна екі бөлме. Оң жақтағысы — партиячейка хатшысы Есеннің кабинеті. Екіншісінде — жастар ұйымының хатшысы Малдыбаев. Бөлмелер арасында есік. Бұдан басқа екеуінен сыртқа шығатын есіктер де бар. Қабырғаларда көсемдердің суреттері. Уақиға екеуінде кезек-кезек. Жарық та солай өшіп отырады. Әуелде Есен бөлмесінде жарық жоқ. Малдыбаев өз бөлмесіне келіп, қатуланған жүзбен қағаздарына түйіледі. Аздан соң Әбіш Жантеміров кіреді.

1-көрініс

Әбіш. Не хабарлар?

Малдыбаев. Ә, Әбеке, бұнда біраз әңгіме бар. Отыр.

Әбіш. Қош. *(Отырмайды. Үстелге етбетінен артыла жатады.)*

Малдыбаев *(ақырындау)*. Жаңа Темірбеков пен Есен оқушылардың барлығын қайта қарастырып шығамыз, приемда арамсирақтар толыпты деген әңгіме шығарып отыр.

Әбіш. Өздері бастай ма, нұсқау бар дей ме?

Малдыбаев. Кіндіктен қағаз бар дейді. Бірақ мәселе онда емес. Темірбековке бір белсенділік көрсетіп көріну керек сияқты.

Әбіш. Себебін, дәлелдерін айта ма?

Малдыбаев. Сөйлес, айтар өзіңе. Тегі Темірбековтен бұндай іске бөгет шықпаса, көмек шықпайды.

Әбіш. Шұғыл байлау жасамай тұра тұр. Аңысын аңдау керек шығар. Қорытынды жасауға ертерек. Бұл сондай мәселе емес пе?

Малдыбаев. Е, ол рас қой. Мен де қарсымын дегенім жоқ.

Әбіш. Иә, ол солай, ортақ¹, өзгелері не дер екен? Ашылады ғой.

Малдыбаев. Өзіңнің пікірің қалай? *(Күледі.)*

Әбіш. Ойлану керек. Жеңіл мәселе емес. *(Лала кіреді.)*

2-көрініс

Әбіш *(шұғыл бұрылып, салғырттау әзілқой пішінмен)*. Ә-ә... мархаба... мархаба. *(Екі қолымен орындықты көрсетеді.)* Мүсілім ұзатып салды ма бұл жерге шейін, жоқ жападан-жалғыз өзіңіз келдіңіз бе, әлде тағы да. *(Бәрі күліседі.)*

Лала. Қо-ойыңызшы, Әбіш! Қоймайды екенсіз тіпті бір нәрсені.

Әбіш. Е-е, ұзатып келетіні бекер ме еді? Соны ғана айтам, ортағым Лала.

Малдыбаев. Ұзатса не айыбы бар екен. Даулассаңызшы, Лала!..

Әбіш. Әлбетте, әлбетте... Келсе ере келген өзінің ері.

Лала. Бүйте берсеңіз мен ренжимін сізге, Әбіш. Шын айтам. Немене сіз мені преследовать ете бересіз?

¹ Өзбекше — жолдас

Әбіш (күліп, құбылып, Лаланың алдына иіліп, көзіне қарап). Алла сақтасын, олай деменіз. Преследовать деген үлкен ғайып, біраз кемітуіңізге болмас па екен? (Күледі.)

Л а л а (қоса күліп, еркеленіп). Болмайды... болмайды... Айыптысыз. Кешірім жоқ. (Түрекеліп жақындап.) Білесіз бе?

Әбіш (жарыса, түсін салқындатып). Сіз комсомол кандидатысыз. Партиялық жолдасымыз барабарында. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. Біз кейбір сондай жайларды айтуға мәжбүрміз де, ортағым... (Арқасымен Малдыбаевты тасалап, Лаланың бояулы ерніне нұсқап.)

Мәселен... мәселен... (Жөткіреді.) Айнаңызды алып қараңызшы!

Л а л а (қырланып). Вы опять за старое?

Әбіш. Ну, возможно ли? Айтпап па едім, қазір партия мен комсомолдың біріккен жиналысы. (Лала айналып кетіп, айнасына қарап, ернін сүртіп жатады. Әбіш теріс айналып, ақырын сылқ-сылқ күледі.)

Л а л а (қайта айналып). Әбіш, мен сізбен сөйлеспекші едім. (Әбіш салқындау жүзбен айналып, Малдыбаев қасына барып, ақырын сөйлесіп тұрады. Бір қағаздарды бірге қарасады. Лала дал болып тұрып, төменшіктеп басылып қалады. Бөлмеге екі-үш комсомол кіреді. Малдыбаевқа жақындайды. Бұл бөлмеде жарық өшеді. Есен бөлмесі.)

3-көрініс

Бөлмеде Есен, Темірбеков, Оспанов қағаз қарасып отырған. Осында директор Сыдық кіреді. Сұр костюмі бар, ақ жағалы, салмақты, нығыз. Отырғандар орындарынан тұрып қол беріседі.

С ы д ы қ. Наркомпростың кешегі қағазы не?

Е с е н. Мінеки, Темірбековте, оқып танысарсың! (Темірбеков үндемей ұсынады.)

С ы д ы қ. Не дейді бұлар?

Е с е н. Оқушылардың составын тыңнан, анықтап зерттеңдер дейді. Қолайсыз болса іріктендер дейді.

С ы д ы қ (кекетіп). Жарайды. Барлығы Қазақстан ағарту орындарынан келсе, жаңа ғана аз-мұздап оқушы санын құрап іске кірісіп отырсақ, енді тағы қиқы-жиқы қылмақ қой.

Е с е н. Оқып шықсаңшы, сөйлесерміз!..

С ы д ы қ. Бір тәуір істі тұтасымен тәуір қылып істеп шығу мүмкін бе? Не қылса да бір жерін бірдене қылып былықтырып, қиралаңға салу керек қой... Ниеті тазарту жүргізбек шығар?!

Т е м і р б е к о в. Оны дәлді айтпапты, бірақ сондай қорытынды шығаруға болады.

С ы д ы қ. Жо-о-қ. Ондай қорытынды шығарылмайды. Бұл ВУЗ совпартшколы емес! Мұны да әлденеге ұқсатып, ертен: «анау бай баласы, мынау ақсүйек баласы» деп оқушылар бірін-бірі көрсетіп, пәле-жала жауғызсын дейді ғой... Бірінің үстінен бірі. Біздің бастауыш, орта мектептер ең алдымен сондай тәрбиеге үйрететін оқушыларын...

О с п а н о в (*Темірбековті салып қалып*). Апырай, бұл ВУЗ дегеннің осындай қасиеті болады екен-ау, бұ жарықтықтың?

С ы д ы қ (*тікireйін*). Е, не бопты?..

О с п а н о в. Жоға дейім-ау... (*Темірбековке*.) Директор жолдастың айтуынша бұрын рауи сайтан әке-шешеміз болыс, би бола қалған болса, енді бәрі салауат екен ғой... Мұнда келген соң тегі арылады екеміз ғой багаж пәлесінен?.. Бұл, ВУЗ атмосферасы деген осы екен-ау, тегі. (*Темірбековті түртіп*.) Солай ма, ей, айтсаңшы сен, түрсіз?!

С ы д ы қ. Иә, атмосфера болса сол, бәсе... ВУЗ ең алдымен төс табандаған еңбек, талап, ілім іздеу атмосферасын жасап алсын. Сайлау басы, штат таласына мұны айналдырмау керек.

Т е м і р б е к о в. Бұның бәрі артық сөз емес пе? Тазарту керек болса, ол партияның нұсқаған бағытынан. кеңес тәрбиесінің көздеген мақсұтынан тумай ма?

С ы д ы қ. Орыс ВУЗ-ындағы тәжірибені бізге қолдану түгіл, әзір сөйлеуге де ерте. Оны істеуден бұрын әуелі ВУЗ тұрғызып, соны 5—10 жыл жасатып, жетілтіп ал.

Е с е н. Әуелі оқып таныс. Пікір алысармыз.

С ы д ы қ. Бұны даурықтырып жарияламаңдар... Мен крайком, культпрофқа, Наркомпросқа хат жазып анықтаймын, шешемін.

Е с е н. Біз мұны партия ячейкасында талқылаймыз. Коллектив қорытындысы содан кейін белгілі болады...

С ы д ы к. Ә, солай дейсің бе?.. (Пауза.)
(Бірнеше шәкірттер кіреді. Жарық өшеді. Малдыбаев бөлмесіне ауысады.)

4-көрініс

Бұрынғы үшеуі.

Ә б і ш (Лалаға). Менде жұмысым бар дедіңіз бе?

Л а л а. Иә, мен сізбен әлгі Мүсілімнің інісін стипендияға алу туралы сөйлеспекші едім. (Есік ашылады. «Ә-ә, мұнда екен ғой» деген дауыстардан соң Батырша, Сейткерей, Сабыр кіреді. Күлісіп, жайраңдасып келеді. Бәрінде де көзілдірік.)

Ә б і ш (Лаладан сырт айнала беріп). Қазір...

Л а л а. Әбіш, тындап бітірсеңізі!

Ә б і ш (Лалаға). Сабыр, ортағым, сабыр. (Келгендерге күліп.) Қош келіпсіздер, комсомол жолдастар. (Тегіс күліседі.)

Б а т ы р ш а (көзілдірігі арқылы сүзе қарап). Әй, Сейткерей-ай, қылдың-ау сен-ақ! Айтпап па ем комсомолдар үйіне қайдан барам деп. (Малдыбаевты көрсетіп.) Тек мына Иса отырған соң ғана келдім. Әйтпесе Темірбеков отырсыншы... осы үймен үйірлігім жоқ тіпті. Үйір болмаймын да және. (Күліседі.)

С е й т к е р е й (ақсып күліп, Малдыбаев пен Әбішке төніп). Бұл кісі баяғы жасым өтіп кетті, маған не қылады, кәрі өтіп жатқан жоқ дейді ғой, байқаймысың, Иса! (Батыршаға Есен бөлмесін көрсетіп.) Мынау үйге қалайсыз? Кәне, шыныңызды айтып көріңізші ол туралы. (Күліседі.)

М а л д а б а е в. Иә, айтқан соң ол үй туралы да айтыңыз...

Б а т ы р ш а. Жо-о-қ, айтпайым ол үй туралы (Күлісіп.) Сендер пәлеге итересіндер-ау кісіні. Қалайсындар өздерін?

Ә б і ш (монтансып күліп). Әлгі бір сөзілізді біз ғана естік-ау, тегі. (Ақырын күледі.)

Б а т ы р ш а. Қарашы тіпті бұлармен қалжыңдауға да болмайды...

С е й т к е р е й (жүзін томсартып Исаға). Жә! Әлгі

соңғы бес баланы не қып сандалтып қойдыңдар, қара-
ғым-ау?

М а л д ы б а е в (*Есен бөлмесін көрсетіп*). Шешпей
отырған мына жақ. Жаңа да сөйлестім, кейін-кейін де-
седі.

С е й т к е р е й. Бұ не өзі?

Ә б і ш. Олар жайы басқа бір тыңдау әңгімемен қосы-
латын көрінеді. (*Қатар бөлмені көрсетіп*.) Бұл жақта
анықталу керек. Мен білейінші сол жайларды. (*Есен
бөлмесіне қарай басады*.)

С а б ы р. Жүріңдер, біз де барайық. (*Жорта күледі*.)

Б а т ы р ш а. Е, сенің не ақың бар онда, қалай осы-
ның өзі?

С а б ы р. Маған еріңдер, жүріңдер... (*Иса барлығы
Есен бөлмесіне кіреді. Лала Әбішті бөген қалады*.)

Л а л а. Әбіш, маған не айтасыз? Тыңдағыңыз келмей
ме мені, немене?

Ә б і ш (*күліп жіберіп, жылы ұшырап*). Мыналар әң-
гімесімен бірге шешіледі ғой. Апырай, маған дегенде ыл-
ғи өкпеңізді қолыңызға ұстап тұрасыз-ау...

Л а л а (*өңі жылынып*). Білесіз бе, өкпелемеймін ғой
мен сізге. (*Бір нәрсе дәметкендей жақындай береді*.)

Ә б і ш (*шұғыл салқындап, бұрылып*). Қайыр, әзір-
ше! (*Лала оңашада тұтанып, қиналып қалады. Бұнда
жарық өшеді. Есен бөлмесінде*.)

5-көрініс

С е й т к е р е й (*Есенге келіп*). Шырақтарым-ау, әлгі
бір бес баланың әңгімесін неге шешпейсіңдер?

Т е м і р б е к о в. Шешілмес дейсіз бе? Шешілер, неге
асықтыңыз?

С е й т к е р е й. Жақсы ғой олай жұбату. Сол баланың
бірі менің үйімде жатыр. Оның фамилиясы Ниязов бол-
ғаны болмаса менің жақын інім емес. Алмасандар ай-
тыңдар. Мен қайтарамын. Бірақ естеріңде болсын, ол да,
ана басқа төртеуі де өте жақсы оқиды. Зейінді балалар.

Ә б і ш. Иә, бәрінің де әзірлігі жақсы, шетінен зерек
балалар көрінеді.

М а л д ы б а е в. Оқытушы орыс профессорларының
да олар туралы отзывы жақсы.

Т е м і р б е к о в. Әрине, ол солай болады ғой...

С е й т к е р е й. Кұдайдың күдіреті-ау, бұл енді не

әуре? Біресе бала табылмайды. Зейінді, жақсы дайындалған балалар табылса, сынықты сылтау қылады?

Темірбеков. Сейткерей ағайдың інісі болса, әрине, жақсы дайындалған болар. *(Күледі. Қадиша кіріп отырады.)*

Сейткерей *(қатайып)*. Е, қарағым, дертің сол болса, айта отырсаңшы сүйтіп. Мен ВУЗ-да оқытушы болсам, ол менің туысқандарымның стипендияға, мектепке алынбауына себеп болса, ол бір жақсы тәртіп қой, тегі... Жалпы тәртіп бойынша ғылым қызметкерлерінің балалары жұмысшы балаларымен қатарға жуық алынады.

Батырша. Орыс ВУЗ-дарының тәртібі сол. Бұл, тегі, бәрімізге тиетін әңгіме. Ашып айтыңдар. Сондағы жол қалай болмақ өзі?

Сейткерей. Егер бәрінің пікірің осы болса, мен онда бұл мәселені кіндіктің, Наркомпростың алдына қоятын боламын. Әйтпесе бұл не өзі? Тегі, бізге қызмет істеу мүмкін бе, жоқ па деген әңгіме келеді ғой түбінде... Сөздің шынын айту керек қой.

Батырша. Рас. Баламыз, інімізді оқытуға бөгет жоқ деп жүрміз. Көріңдерші, орыстың профессорларын! Кімін аласың, қанікі! Өз баласы былай тұрсын, айта берсең қатынының барлық жақындары да солардың атымен оқиды. Ал, кім еді олар? Бәрі де кешегі орыстың ақсүйектері, черносотенцы, айта берсең...

Сабыр. Ал, дауласыңдаршы Батырша ағаймен.

Есен. Дауласпай-ақ қояйық. Сіздер үйіп-төгіп талайды айтып жатырсыздар. Бірақ мәселе бұл арада ғана шешіле қалмайды.

Сейткерей. Енді қашан шешіледі, қайда шешіледі?

Есен. Шешілгенше әзірше оқи берсін...

Сыдық. Оқи берсін де әзірше. Түбінде жақсы оқитын нәрлі оқушылар қаңғырып қалмайды ғой. Қалдырмайды. Тегі, бұл алғашқы наборымыз дайындық жағынан жаман емес. Орыс профессорлары тегіс мақтайды.

Әбіш. Бәрінің де оқуға талабы, құмарлығы ерекше. Жігіт тегіс...

Батырша. Е, ол солай болу керек қой. Қазақтан ой қызметіне табанды, зейінді елі жоқ қой түріктің. Әлі көрерсің, 4—5 жылда осының көбі ғылым қызметкері боп шығады.

Малдыбаев. 4—5 демейік, 10 жыл дейікші.

Батырша. Жоқ, тіпті бес те жетеді. Болады бәрі де ғылым адамы. Солай деп миландыра беріңдер қайта...

Сыдық. Рас, сенімін өсіріп отыру керек. Әйтеуір Қазақстанның бүгінгі барлық ісінің осыдан үлкен игілігі жоқ. Осы істің бірде-бір керегіне жарағанымыз өзімізге зор жұбаныш, зор мақтан.

Батырша. Рас, 7—8 жылдың ішінде қазақта да ВУЗ туып үлгірді. Бұдан артық не тілейміз революциядан...

Әбіш (күліп). Өздеріңізше жақсы-ау, бірақ осы «қазақ, қазақ» дей беретініңізді қайтсек екен? Өзіңіз мақұлдаған революцияның бірде-бір негізі интернационализм екенін байқамай кететініңізді қайтеміз?

Батырша. Онысын өздерің қоса бересің ғой. (Күліседі.) Әй, сендер тіпті болмайды екенсіңдер.

Сейткерей. Ылғи кісіден сығып аласыңдар да отырасың деңіз. (Күледі.)

Малдыбаев. Неге, наоборот, біз сығып алмай, өздеріңіз айтатын болыңыздар...

Батырша. Әй, білмеймін, қарағым, айттым ғой мен әйтеуір...

Әбіш. Әй, жарықтық-ай, баса алмайсыз да тұрасыз-ау...

Сейткерей. Иә, кібіртіктеп мұз басатындай болып. (Күліседі.)

Әбіш. Сабыр не дер еді? (Сабырға.) Қане, сөйлесенші?

Сабыр. Мен бе?

Батырша. Иә, сен, қане, жассың ғой, сен айтшы...

Сабыр (салмақпен). Мен айтсам шынымды айтам. Оқыса қазақ оқысын. Өзгенің қамын жеп не жыным бар. (Өзгелермен бірге күліп.) Мен коммунист емеспін: андасанда қазаққа деп тиген бір болымсыз сыбаға болса соны да бұйырыңыз деп үлкен ауылға ұсынбаса тамағынан ас өтпейтін.

Батырша. Ақырын-ақырын, сен тіпті ұзап кеттің ғой...

Әбіш. Бұл болса сөйтеді. Тегі, осыдан бойыңызды аулаққа салыңыз.

Сейткерей (күліп). Рас, осының отына күйеміз бір күні. Жолдастар, міне айтқаным, мыналарыңнан аулақпыз. Емдендер осыны, қарашы айтып отырғанын!

Б а т ы р ш а. Мынау құбыжық екен. Мен кеттім мынадан. Ал, міне, куә болындар...

Ә б і ш. Үрікті ғой мына кісілер шетінен сенен. (Күліседі.)

С а б ы р (қалжақтап). Үндеме, біздің өзара саясатымыз қандай екенін қайдан білесің. Бұл кісілер солай дұспан көзі қылмаса болмайды. Ролім солай. (Бәрі күліседі.)

С ы д ы қ (күліп, Батыршаға). Ал, енді қайттыңыз...

Б а т ы р ш а. Япырай, мынау не деген күйелі көсе еді. Мен білмеймін, танымаймын бұл Ақмола, Семейінді... Мұның тілін мына Сейткерей біледі.

С е й т к е р е й (күліп). Жарайды... жарайды. (Сабырға.) Ал мына кісі үйтетін болса, тағы не десіп едіңдер. Шығар бәрін де... (Сабыр ақырын күле береді.)

Т е м і р б е к о в (сағатына қарап, Есенге). Жә, жиылыс бола ма, жоқ па?

Б а т ы р ш а. Әй, мыналардың жиылысы бар екен ғой, кетпейсіндер ме?

С е й т к е р е й. Иә, кету керек...

О с п а н о в (кекетіп). Жоқ, кетіп қайтесіздер... (Қадишаға жауырынын қисаңдатып қалжақтап.) Тілеуің бергірлер, мәз қып тастады-ау өзімізді күлдіріп. (Қадишаға.) Солай ма... менің арқамда өркешің өсіп қалмады ма екен... байқашы... (Сейткерейлер қозғалады.) Жо-жо... кетпеңіз... (Қадишалар күледі.)

С а б ы р (Сейткерейлерге өтірік түсін суытып). Кеткен несі? Отырындар, әңгімелесейік, қайда барасындар?..

О с п а н о в. Бәсе, бәсе, оңаша сөздері болса шығып кетіп сөйлессін өздері, әйтпесе неменесі бар? Сөйлесе берсін осында. Солай дейсіз ғой... (Жұрт күледі. Сейткерейлер кете береді.) Отырың... отырыңыз... (Аналар шығып бара жатқанда.) Е, түр... түр... түріңіз жоқ. (Ұйымсыздар кетеді.)

С ы д ы қ (Есенге). Мен біраздан соң келемін, бастай беріндер. (Кетеді.)

6-көрініс

Қалғандар.

Қ а д и ш а. Жиылысқа ана жақтан келіп отырғандар да бар ғой, мұнда сыймаспыз,

Малдыбаев (шығуға ыңғайланып). Рас, со жақта босын, мен қазір сонда келемін. (Кетеді. Оспанов, Темірбеков, Қадияша да кетеді. Есен, Әбіш артта кетіп бара жатқанда Гуля мен Рақыш кіреді.)

7-көрініс

Гуля (Әбішке). Ә, сен мұнда екенсің, біз іздеп жүрміз.

Әбіш (Рақышты Есенмен таныстырады). Мынау Рақыш, танысыңдар. Мынау Гуляның жақыны. Менің бір жақсы оқитын балдызым. (Рақыш жақсы киінген, сұлу, әдепмен амандасады.)

Есен. Рақыш туралы естіп едім...

Гуля. Иә, анада мен айтқан едім ғой.

Есен. Гуля, бұл кісі сіздің жақын туысқаныңыз ба?

Гуля. Неше ата болса жақын дер едіңіз? (Күліп.) Рақыш неше ата едің?

Рақыш (күліп). Білмейім, бірқатар бар шығар.

Есен. Япырай, атаны мен айтқан жоқ едім. Өз воображениеңізбен қосып ап, маған күлесіз-ау. Міне, коварство... (Бәрі күліседі.) Жарайды, әйтеуір ескілікті сөккеніңіз ғой. Арыла берейік сөйтіп ескіліктен...

Гуля (күліп). Бәлі... ниетіңіз дұрыс-ақ, қадамыңыз қайырлы болсын!

Есен. Жалғыз менікі емес, сіздікі қоса қайырлы болсын! Мен Рақыштың туысқандығы жақын ба, подругалығы жақын ба дегенді ғана сұрамақ едім.

Рақыш. Сол соңғысы жақын.

Есен. Ә-ә, дұрыс, қалай, жақсы орналастыңыз ба?

Рақыш. Рахмет, әзірше теріс емес.

Әбіш (Рақышқа). Мінеки, осымен ашна болдыңыз. Енді ағалардан жәрдем керек болса, осылайша келіп тұрасыз, кенайы...

Рақыш. Не дейсіз, ұқпадым... Өзбек боп кеткенсіз бе өзіңіз, қалайсыз?

Әбіш. Аллаға шүкір, өзләрі әм шұндақ болса ғажап түгіл, кенайы Рақыш! (Күліседі.)

Гуля (Әбішке). Біз саған келген едік. Біразырақ шаруа бар. Мойын бұрсаңыз не етер екен?

Есен. Бәсе, неге келдің, не жөнің бар деп сұрамас па, тіпті...

Гуля. Дәрежелеріңізге қарай нығыздық болады ғой

сіздердің бәріңізде де... Тек сізді бір мықтап қолға алатын келін табылса екен.

Әбіш. Сүйт, сүйтіп өшінді ал Есеннен.

Есен. Сүйтіп бір көрсеңізші, Гуля, бірақ сол күнде де кім жеңері екі талай! (Күліседі.)

Гуля (Әбішке). Қане, жолдас, мүмкін бе екен сізді?

Әбіш (тағызым етіп). Алдияр ханым! (Күлісіп Рақыш, Әбіш, Гуля бір кетеді. Есен шыға бергенде Темірбеков, Оспанов, Қадиша қайта кіреді.)

8-көрініс

Есен (тұрған бойында). Жә, жолдастар, желдер қай жақтардан қалай-қалай еседі?.. Мен әдейі бүгін сендер көлемін көре түссін деп қарсы ескем жоқ! Ал, осындай құйындарға қарсы дайын ба біздің парустар!?

Оспанов. Иә, бұл кемешілер тілінде открытое плавание.

Қадиша. Таң емес... Сыдық Хасенов директор, содан бәрі шешіледі. Хасеновшілдік бұнда да ұяламақ...

Темірбеков. Ол ғана болмас әлі, одан көрі тереңірек қарау қажет шығар...

Есен. Рас... Түп тамырына шейін көрінсін, сондықтан әлі де біз бұның өрістегенін көре тұрайық... Бірақ тартыс басталды... Енді төрт көзді түгел тігіндер.

Темірбеков. } Рас, рас...
Қадиша. }

Есен. Ал, жиылысқа жүріңдер. (Ана үшеуі шығып кетеді. Есен бөгеліп қалады. Шам өшеді.)

9-көрініс

Малдыбаев бөлмесіне жарық түседі. Мүсілім, Лала кіреді.

Мүсілім. Мынау қайда? Жоқ қой.

Лала. Тоса тұрайық... келер. (Есен шығады. Мүсілім, Лала екі жағынан жалпылдап, жағына келіп қол беріседі.)

Мүсілім. Біз сені, сізді көрмекші едік...

Есен. Иә, не айтасыз?

Мүсілім. Менің осында бір ағайыным бар ғой. Көпжасаров ол да. Соны стипендияға алғызуларыңызды сұрамақпыз... Өз әке-шешесі кедей...

Л а л а (*Мүсілімнің соңғы сөздерімен жарыса*). Біздің пәтеріміз тар ғой. Өзіңіз білесіз... бізде тұруына мүмкін емес.

Мүсілім (*жарыса*). Барар жері тағы жоқ. Өте қиын боп тұрғаны.

Л а л а. Тіпті қиын боп тұр.

Е с е н (*Лалаға*). Сіз қазір комсомолдар жиылысына бармайсыз ба?

Л а л а. Е, иә, әрине... барам ғой... барам.

Е с е н. Е, барсаңыз сонда сөйлесерміз... Қазір асығыс.

Л а л а. Жақсы, жақсы...

Мүсілім. Лялечка! Сенің әлі собранияң бар ма еді.

Л а л а (*құбылып*). Ну да, конечно! (*Қырынан қарап*.) Я же говорила тебе?

Мүсілім. Қашан айттың?

Л а л а (*қабағын шытып*). Ну вот еще! Тағы бір нәрсе айтарсың? (*Есенге күледі*.) Қайда баратынның бәрін міндетті ме айта беруге мен саған?

Е с е н. Бәсе, десеніңші. (*Жүре береді*.)

Л а л а. Ну, идемте, олай болса! (*Артынан ере береді*. *Есен кеткеннен кейін Мүсілімге бұрылып, ашумен жерді теуіп қалып*.) Только и знаешь ставить в неловкое положение, что подумает?.. А еще претендует кого-то разыгрывать из себя!

Мүсілім (*өңі қуарып сасқалақтап*). Ну, Лялечка, Лялечка! (*Лала тілін шығарып ашумен мазақ қып, шұғыл бұрылып, есікті тарс беріп жауып шығып кетеді*. Мүсілім аңырып, күрсініп тұрып қалады.)

Ш ы м ы л д ы қ.

Үшінші сурет

Сыдықтың пәтеріндегі кабинеті Аздаған кітаптар. Салмақпен тартқан пианино даусы естіліп тұрады, күй «Елім-ай». Есік қағылады.

1-көрініс

С ы д ы қ. Кіріңіз. (*Малдыбаев*.) Есенбісің, Иса! (*Тұрып, қолын береді*.)

М а л д ы б а е в. Мен бірер мәселе туралы сізбен пікір алысайын деп келем,

Сыдық (қасына отырып). Иә, алысайық. Не туралы?

Малдыбаев. Әңгіме мына Есен мен Темірбековтер көтеріп жүрген мәселе туралы.

Сыдық. Иә, қош. (Малдыбаевтың иығынан ұстап.) Рас, менің алдын-ала айтып қоятыным: қазір бір бармақ жерім бар. Қазір қысқаша ғана сөйлесейік, кейін бұл туралы мен сенімен толық сөйлесемін. Иә, айта бер...

Малдыбаев. Олар бұл күнде мәселені тереңдетіп барады. Биылғы институт наборын қайта сұрыптау, алынғанның бірталайын шығару дегенді бір айтып еді...

Сыдық. Иә, енді тағы не дейді?

Малдыбаев. Енді осындағы басқа ВУЗ-дар да, мынадай — барлығында тазарту жүргізуді қажет дегенді сөйлейтін бопты.

Сыдық. Жастар көпшілігі қалай қарайды бұған? Өздерің не ойлайсыңдар?

Малдыбаев. Бізше кіндік осыны қажет деп білсе бір басқа!

Сыдық. Кіндікке дұрысы мынау болу керек дегенді айтамыз ғой... Өздерің не дейсіңдер, соны айтшы?

Малдыбаев. Бізге сіз бет нұсқасаңыз деп ем. Дирекцияның бағыты қалай болады? Соны білу керек еді?

Сыдық. Сендерге бет нұсқаудан бұрын әуелі өздеріңнің көзқарас, оценоканды білу керек емес пе? Айтып көрші, көнікі?

Малдыбаев. Менімше, қайдан да болса оқушының басын құрау керек болғанда, мынау орынсыз сияқты. Өнерлі елге босқа еліктеу. Орыс істесе саны мол. Жұмысшы жастар бізде тегі жоқ. Одан басқаның бірінен бірінде қаншалық зор айырмасы бар? Тәрбие мен оқыту, баулумен барып бәрінің де бағыты, пікірі өзгереді, түзеледі емес пе?

Сыдық. Міне, мұның негізді, дұрыс пікір. Әрқашан жұмысшының өзінен де жұмысшы маскасын киген қызыл болады. Шын төңкерісшілден де сол төңкерісшіл болып көрінем дейтін езу жыртқыш алып-қашпалар қызылырақ болады. Оңай жол — сол жол. Бірақ бұл әсіре қызылдықта шындық жоқ. Алғашқы — ауыр жол. Ауыр да болса өнімді жол. Шын төңкерісшілдің өрісті мағыналы жолы сол.

Малдыбаев. Рас айтасыз. Біз мұны өзіміздің айналамыздан да көріп отырмыз.

С ы д ы к. Сен сол жаңағы айтқан жолыңды ұстан. Дирекцияның бағыты да сол болады.

М а л д ы б а е в. Дұрыс. Маған осындай бір анықтық керек еді.

С ы д ы к. Мынандай әңгімелерде өздеріңді көрсетіңдер. Үлгі болыңдар. Әсіре қызыл болып жер сүзбеңдер... Бірақ анандай желікпелерге қарсы жастар күшін құрап алып, қорықпай қатты отпор беріңдер. Дұрыс па осы? Қалай дейсің?

М а л д ы б а е в. Әбден дұрыс, менің өз ойым, сізге айтпағым да осы еді. *(Шығуға ыңғайланады.)*

С ы д ы к *(тұрып)*. Ә, бұл туралы Әбішпен сөйлестің бе?

М а л д ы б а е в. Сөйлестім, бірақ ешнәрсені ашып айтқан жоқ.

С ы д ы к. Менің пікірімді оған айтпай, өз сөзің қып сөйлеп, бетін аңғаршы. Ол өз позициясын ашпай жүр...

М а л д ы б а е в. Айтайын, бірақ сыр бермес... қу ғой. Ашпайтын сияқты.

С ы д ы к. Ашпас, ашпас... Әйтсе де жаңағыдай ашық қойып көр. Содан отношениесі анықталады.

М а л д ы б а е в. Жарайды. *(Кетіп бара жатады.)*

С ы д ы к. Маған нәтижесін айтарсың... *(Шығарып салады. Аздан соң Сүлейменов кіреді.)*

2-көрініс

Сыдық Сүлейменовпен күліп, көңілді амандасады.

С ү л е й м е н о в. Малдыбаев келіп кетті ме сізге?

С ы д ы к. Келді. Иә, бұны сендер қалай бағалайсыңдар?

С ү л е й м е н о в. Бұл бұрын біздің ұйымсыз жастарға жайсыз болған. Бірақ осы күнде түзелген боп жүр.

С ы д ы к. Сендер құр алыстан үрке бермеңдер. Бұл қазір дұрыс сияқты.

С ү л е й м е н о в. Рас, бұл күнде тіпті ұлтшылдың ар жағында.

С ы д ы к *(күліп)*. Ұлтшылдың ар жағында дейсің, өздерің қай жағындасыңдар?

С ү л е й м е н о в. Мен сізге шынымды айтам. Өзгемен олай сөйлеспес ем. Айтайын айт десеңіз.

Сыдық (күліп). Айтшы, кәні, саясатқа бәрің төселгенсің-ау. Кесеспей сөйлеспейсің.

Сүлейменов (күліп). Солаймыз, оныыз рас.

Сыдық. Ал, кәні, айтшы шыныңды...

Сүлейменов. Шыным қысқа! Бір-ақ сөз: ұлтшылмын. Және біздің дәуірімізде бұл тарихы жағынан даусыз қажет. Ел оны керексіз қылатын дәрежеге жетсе, сонда ұлтшылдық керек емес десек дерміз. Бірақ бұл күнде оны тастауға ерте!..

Сыдық. Неге ерте? Бүгінгі системаның уақытында біз залалды дейміз ұлтшылдықты, оған не дейсіңдер?

Сүлейменов. Ел надан. Шаруасы іргесіз. Дала-сында заттан құрылған мәдениет жоқ. Өзгенің бәрінен таяқ жейді. Барлық көршісінің артында қалған. Бұны жетілтеді деген орыс еңбекшілері болса, оның көпшілігі өз бойындағы осындай ұлттарға арналған зоологиялық ненавистьті әлі жеңіп болған жоқ. Сенбейді. Жиіркенеді. Жек көреді әуелі. Сүйтіп тұрғанда бізге не бопты? Біз ұлтшылдықтың тамырын дәл осы жерге көмеміз. (Күліседі.) Почва!

Сыдық. Жә! Айттың, айттың: Енді осы пікір қай ұлтшылдан жұқты? Бұны кім айтты? Соны да айт!

Сүлейменов (күліп). Өз пікірім, біреуге пәле жапқалы отырсыз ба?

Сыдық. Есінде болсын. Мұндайды байқап айт. Жапқанда пәлені мықтап жабады. Онда сен былай қаласың. Осындағы Сейткерей, Батыршаларды басады.

Сүлейменов. Жо-о, мен бұл айтқан кісілеріңізбен дәл мұндай сөйлескем жоқ. (Күліседі.)

Сыдық. Екеуімен де ме? Қой, шыныңды айт! Мына сөздеріңнің төркінін танып отырмын.

Сүлейменов. Ол кісілер саясатшымыз дейді. Сақ қой. Алыстан орағытқаны болмаса, дәл бұндай конкретный қорытындыны өздері айтпайды.

Сыдық. Енді кім? Кімісімен сырласасың ұлтшылдардың?

Сүлейменов. Айтпаймын сізге.

Сыдық (өтірік түсін суытып). Шын айтамысың? (Аз тым-тырыстан соң күліп.) Өзім айтайын ба кісінді?

Сүлейменов. Кәні, айтып көріңіз...

Сыдық. Бұл Қарпыков Мақсұттың сөзі. Одан соң біздің Сабырдан да қосылған сөз бар. Сендерге жуықтайтын солар ғой. Сейткерей сақ. Батырша қу. Олар

сендерден де коммунист, комсомолдарды жақсы көретін сияқты сырты...

Сүлейменов. Бұныңыз рас болуға мүмкін. Бірақ, меніңше, Батырша саясатты қазақша қулықпен байланыстырған адам. Сейткерей олай емес. Ана кісі қулықтабысының көбін өз қамына жұмсай ма, басқаларға жұмсай ма, ол жерін білмеймін. Білу өте қиын. Бірақ біз ол кісіні уважать етеміз. Ал, Сейткерей коммунистердің қалына қызығады. Солардың орнында болып, өндірітіп іс істер ме еді деп ойлай ма дейім. Ол кісі талантты адам ғой.

Сыдық. Рас, мезгілінің жоқтығы болмаса, ірі адам ғой Сейткерей. Бірақ, қалайда олардай атақты болмаса да, кейін өскен, кейін шыққан мына Мақсұт, Сабыр батым сияқты.

Сүлейменов. Ә-ә, солай деңіз. Біз өзіміз де солай бағалаймыз.

Сыдық. Бізін кім? *(Қадалып қарайды.)*

Сүлейменов. Болад та осындай жастар... мені өзіңіз тори бересіз-ау.

Сыдық. Жоқ, торымаймын. Мына соңғы екеуін мақтағаныңды мен де ұнатам. Тегінде айналаны жақсы танып, заман ғылымын жақсы біліп, үстіндегі қалды қатты сынау керек. Соның өзінен де туады жаңағы айтқаныңның қажеттігі... міні, шырағым, біздің сізге айтатын сыр.

Сүлейменов. Дұрыс. Жақсы айттыңыз...

(Есік қағып Сабыр, Сейткерей, Жәлел кіреді. Сабыр Жәлел мен Сыдықты таныстырады.)

3-көрініс

Сабыр *(Сүлейменовке қалжақтап).* Саған не бар мұнда? Жүрісі қалай жаман-ей, мынаның өзінің? Ақырындап бір директив алғалы жүрмісің әлде! *(Күліседі.)*

Сүлейменов. Мына кісі қалай еді, япырай? *(Жәлел күле береді.)*

Сабыр *(түсін өтірік суытып).* Рас айтам. Үлкендер келгенде бала деген отырмас болар бүйтіп. Ендігәрі есінде болсын. Қазір үйіңе қайт. Бар. *(Сүлейменов күліп түрегеледі.)* Бар енді, отырма! Тымағың қайда еді?

Сүлейменов. Ал, кетпейім десем қайтесіз? *(Қайта отырады.)*

Сабыр (өтірік ашуланып). Не дейді мынау өзі? (Жабық есікті көрсетіп.) Мынада кім тұратынын білемісің? Қазір шақырайын Темірбеков пен Есенді. Сен бізбен мәжілістес болайын деген екенсің. Көрейін мен бұны. (Жабық есікке қарай аяңдайды, аналар күледі. Сүлейменов күліп, шығып бара жатады.) Е, сүйтсеңші бағанадан бері. (Күліседі. Сүлейменов кетеді.)

4-көрініс

Сыдық. Бұл осындағы жастардың ішіндегі ең бір жақсысы.

Сабыр. Уа, бұл ма, бұл маңдай жігіт болады...

Жәлел. Олай болса неге кудыңыз, Сабыр әфенді.

Сабыр. Е, сонда да барсын, бара тұрсын.

Сыдық. Бұлар осы заманның өзінде өсіп, өзінде қалыптанған. Заманға ерсе де тұтасымен ереді. Ермей, елікпей қалса да тұтас, бүтін противоречиені ала жүрушілер боп қалады. Жаратылысы цельный.

Жәлел (күліп). Сыдық әфенді, сіз диалектикамен дәлелдейсіз ғой бұны?

Сыдық. Диалектика емес. Өмір, тәжірибе, исторический процесс солай қылады.

Сейткерей. Е, сол тарихи процесс туралы толық шешу айтатын диалектика емес пе? Неге қашамыз? (Күледі.)

Жәлел. Иә, диалектиканың ашық қостаушысы Сейткерей әфенді...

Сейткерей (қалжыңдап күліп, Сыдыққа қарап). Жок, біздікі кісі көлігіне қызығу ғой. Оны мына кісі айтсын. (Күліседі.)

Сыдық. Шынды айтсақ, диалектиканы да жайдақтап шаба-шаба болдық, тоздырдық білем... Қолданбайтын жеріміз, аузына алмайтын кісіміз жоқ. Не жаны шыдасын. (Күліседі.)

Жәлел. Иә, диалектиканы аяуға болады. Бірақ обала кімге дейік?

Сейткерей. Қәні, өзіңіз айтыңызшы!

Жәлел. Гегельден басқа (күліп) кім болсын! Сол қозғамаса әлі де бірер ғасыр аман тұрар ма еді?..

Сейткерей (күліп). Сіз берірек келмейсіз, жырып бергеніңіз Гегель ғана болды. (Қуланып күліп.) Ол баяғы себептің себебі сол деп терең қарағаныңыз шығар,

солай түсінейік пе? *(Мағыналы күлкімен күліседі.)*

С а б ы р. Сыдық дұрыс айтады. Диалектика дегеніңді мен өзім толық білмеймін... Бірақ қалайда осы сөз де мағынасынан айырылып, баяғы «демагогика», «агитка» деген сөздермен барабар боп барады құлаққа...

С ы д ы қ. Құр страсти разжигать етеді. Қойыңдаршы соны! Ә, Сүлейменовтер қалайда қызық мағыналы буын.

Ж ә л е л *(күліп)*. Ә, Сабыр әфенді олай түсінгісі келмейді. Оларды өзінен қуғанды тәуір көрсе керек.

С ы д ы қ. Е, бұлар алашорда ғой. Жұғыспай-ақ қойсын бұларға. *(Күліседі.)*

С ей т к е р е й. Жарайды, біздің маркамызды жапсырмай-ақ қойсын... Бірақ жаңағыдай жайды жақсы түсінгендер аз емес. Ішкі запросы үлкен жастар көбейіп қапты. Олар жалғыз ұйымсыздар ғана емес. ВУЗ-да оқитын комсомол, партия жастарының ішінде де бар. Қалайда культурное накопление көбейіп келеді. Бұл жағынан қарағанда біз сендердің өздерінді де осы ретке қосамыз. *(Күліседі.)*

С а б ы р. Бізді тайдырса *(күліп)*, орнымызды басыңдар даярсыңдар, әйтеуір. Солардың бір тобы Сүлейменов сияқтылар болса, ол әлі алашорда атымен жүре тұрады... Біз неге құр кетейік!

С ы д ы қ *(тұжырып)*. Жарайды. Сен: «алашордашыл» бұрынғы алашорда өкіметінде ғана болушылар емес, бүгін туған баладан шығуына да мүмкін» деушілердің сөзін ақтайын дейсің ғой. *(Жәлел күледі.)*

Ж ә л е л. Сейткерей, Сабыр әфенділер, сіздерге орын босатуға тура келеді... Жастық сіздердің дарвазаныңды қағып, орын босатуыңызды сұрап тұр... Не айтасыз? *(Күліседі.)* Бізлерде әм солай...

С ы д ы қ. Иә, сіздерде қалай?

С а б ы р. Бұл кісілер мен біздің әрбір қал, әрбір ісіміз қанаттас, іргелес екен ғой өзі! Тіпті бүгінгі институт қалы да қолмен қойғандай, бірдей... Латын, тіл, емле, термин, хатта Темірбековтері де өзіміздікі сияқты. *(Күліседі.)*

С ей т к е р е й. Ақырын. *(Жабық есік жақты көрсетіп.)* Мыналар әлі бар ғой?.. *(Сыдық басын изейді.)* Үйлерінде ғой?!.. Япырай, сөйлесуге жайсыз жер!

Ж ә л е л *(шахматты алып, бірнеше фигура, дойбыларды таратып қойып)*. Міні, мынау сізге жұмбақ, екі жүрісте матк. Ойлай отырыңыз... *(Сейткерейге қояды.)*

Сабырға.) Алайда, Сабыр әфенді, қазақ термині, қазақ мәдениеті деген нәрселердің барлығын сіз өз практикаңызда — Орта Азиядан, өзге түрік жұрттарынан жырып алып, оқшау жалғыз жүргізесіз. Сіз білсеңіз Мәскеуді ғана білгенсіз. Бұныызға не оправдание бар?..

Сейткерей. Рас, бұл негізді әңгіме.

Сыдық Шын, бұл көп ойланатын, кең қарайтын мәселе... Біздің тәжірибеде бірбеткейлік болса керек...

Сабыр. Неге? Біздің тіл мәселесінде ойланған, өлшенген нық жолымыз бар. Оны оп-оңай бере қоймаймыз. Өзін жағымын айт.

Сыдық. Жарайды... Тіл, терминге келсе болды, бұл шұғыл бұрылып тұра қалады... Біздің тілшілер мүйізін бір-ақ шайқайды. *(Күледі.)*

Сейткерей. Біз осы елдер арасындағы неше алуан ішкі взаимодействие және преемственность әңгімесін... содан әрі көп жайдағы органический байланысын, бірге беттеу әңгімесін сөз қылмаймыз... Ойламай келеміз...

Жәлел. Бәрекелле, дұрыс гәп. *(Сабырға.)* Сіздікі қазаққа деген жекелік жолы. Ол қаншаға апарарды? Ал, сіз өз қазақ тіліңіздің еңселігін, біз өзіміздікін, қырғыз өзінікін, тәжік һәм сондай... тереңдеттік, выпячивать еттік... Бұның бәрі жеке, ұсақ, әлсіз единицалардың санын көбейтеді... Әмма тұтас шарық, хатта Орта Азия географиялық атау болып қана қалады... Сол кімге пайда, кімге зиян?

Сабыр *(аңырып)*. Бұл жағынан келсе... әрине...

Сейткерей *(күліп)*. Бәлі, жаңа ғана түсінген бопты... бәсе...

Жәлел. Білесіз бе, сіз косвенно: түрі ұлттық мәдениет деген ұранға қызмет етіп келесіз.

Сабыр. Қой... мен тіпті өзіме-өзім құбыжық боп барам ғой, мынаның айтуында! *(Жәлел күледі.)*

Сейткерей. Е, сен болам деймісің? Тұра тұр. Бірақ тыңдап ал...

Жәлел *(тұрып)*. Рас, ол ұран: түрлі — тіл дейді. Тіл әр елде басқа-басқа... Сол басқалықтары тереңдеп, топ-топтар жазылып, айрылысып алып, әрқайсысы жеке-жеке бір-ақ ортаға қарасын дейді. Олай болса мәселенің негізі неде?.. Ол ориентацияда, Орта Азия ориентациясында...

(Есік шұғыл ашылып, Темірбеков, Оспанов кіріп, тұра қалады.)

5-көрініс

Жәлел (*саспай құбылып, халыққа қарап біреу басып, жылдам*). Жарайды, мен енді созбайын, хайыр. Ладья h2—h4. (*Қолын қағып.*) Жюри, жюри, не драмать! (*Сабыр да тұрған. Жүріп, Оспановтарға қарсы кеп тұрады.*)

Сейткерей. Әфендім! (*Ладьяны жүргізіп.*) Дре-мать етсек, айтсаңызшы тым құрмаса! (*Күледі.*)

Сыдық (*келгендерге*). Бері келіңдер, отырындар...

Сейткерей. Мынау бір жатқа ойналып жатқан партия. (*Сабырға.*) Кәні, (зеки) сіз не дейсіз? (*Күледі. Темірбековтер отырмайды. Оспанов Сабырдан көзін алмай қадалып тұрады.*)

Сабыр (*күліп*). Жарайды... Қонь f7—h6!

Оспанов. Ха-ха-ха!.. Это ход Марабу! (*Жәлел күліп жібереді.*) Бұл шұбар ала тақтайдың жүзінде ондай жүріс болып көрген емес...

Жәлел. Дұрыс. (*Күліп.*) Жақсы айттыңыз... Сіз һәманда оригиналсыз... (*Оспанов Темірбековке кетейік деп белгі қылады.*)

Темірбеков. Малдыбаев мұнда келген жоқ па?

Сыдық. Кетіп қалды... Отырсандаршы.

Темірбеков. Қап, керек еді... жүр, үйінен іздейік. (*Шығып кетіседі.*)

6-көрініс

Сейткерей. Апырай, жайсыз-ау осылары.

Сабыр. Бұл бір қолайсыз жер. (*Қатты.*) Шах корольға. (*Ақырын.*) Олар тындап тұрады. Кәні, жүріңіз, Жәлел.

Сейткерей (*Сыдыққа, ақырын*). Рас, осы Темірбековтерге тоқтау айтыла ма, жоқ па? Өрлетіп бара жатқан көрінеді ғой.


Сабыр. Малдыбаевтың өзін алмақ... Тартыс іздеп жүр...

Сыдық. Малдыбаев әзір бұдан әлді... Бірақ Әбіш бет көрсетпей жүр... (*Аздан соң.*) Рас-ау, менің бір бармақ жерім бар еді бір кісімен.

Сабыр. Әй, мен білемін-ау сол кісіні!

Сыдық. Білмей-ақ қой. (*Күліседі.*)

Сейткерей. Жарайды, кетейік онда... олар...



С а б ы р (*Сыдыққа*). Кетейік пе, кетпейік пе, қайсы-сын тәуір көресің... Айта ғой. (*Күліседі.*)

С е й т к е р е й. Қой енді, сезген бірденеге қадала бермей, кетейік.

С а б ы р. Тоқта, әлі кетпе дейтін шығар. Мына Сыдық...

С ы д ы қ (*күледі*). Әлі айтыла қойған жоқ қой. Түбі кім біледі? (*Аналар күлісіп шығып кетеді.*)

7-көрініс

Сыдық ішашын тарап, шөткеленіп баптанады. Есік қағылады.
Рахила.

Р а қ ы ш. Ұрысқан жоқсыз ба, кешіккен жоқпын ба мен...

С ы д ы қ (*үйіріліп*). Жоқ, кешіккен жоқсыз. Келіңіз, шешініп біраз отырыңыз. Әлі аз уақыт бар...

Р а қ ы ш. Жоқ, Сыдық, болмайды. Шешінбеймін, Одан да тез киініңіз.

С ы д ы қ. Неге, неге, не қылған асығыстық?

Р а қ ы ш. Маған Есен де барайық деп еді. Сізге келдім. Бағана уәде бергендіктен... Жүріңіз, кеттік.

С ы д ы қ. Иә, келдіңіз, енді не асығысы бар?

Р а қ ы ш. Сол, асығу керек. Және сіз семейный кісі. (*Күліп.*) Алыста жатса да жеңгей біліп қойса, жақсы болмайды, білесіз бе оны. Менімше, флирт тегі жақпайды сізге.

С ы д ы қ (*пальтосын киіп жатып*). Қойыңыз ол әңгімені. Оны ауырсынбай-ақ қояйық... Ол бір басқа сөз... Ал, сіз Есеннің шақырғанына барсаңыз, мен қайтер едім, білесіз бе?

Р а қ ы ш. Қайтер едіңіз?.. (*Бөркін әперіп, киіндіріп жатып.*) Кәні, айтыңызшы?

С ы д ы қ. Қайтер едім?.. Қимас едім сізді?!

Р а қ ы ш (*есікке қарай басып*). Байқаңыз, оған сіздің правоңыз жоқ.

С ы д ы қ (*тоқтап, Рахиланың қолтығынан ұстап*). Тоқтаңыз, бұл бір кекті сөз сияқты. Кім бермейді маған ол правоңыз?

Р а қ ы ш. Оған... оған... мен бермеймін. Жеңгей бермейді...

С ы д ы қ. Және?..

Р а қ ы ш. Және басқа обстоятельстволар да...

Сыдық. Белгісіз ол праволарды мен признавать етпеймін. *(Күліседі.) Жарайды, жүре шешейік.*

Рақыш *(шығуға ыңғайланып).* Сізге белгісіз ол әңгімені мен жүре шешкізбеймін, тегінде...

Сыдық *(өтірік құбылып).* Однако, как вы опытни! *(Күліседі.) Жарайды, барып, орнығып отырып-ақ шешейік. Мақұл ма?..*

Рақыш. И да, и нет! *(Шығып кетіседі.)*

Шымылдық

Төртінші сурет

1-көрініс

Сейткерейдің пәтеріндегі кабинеті. Іш жақсы, кең жұмсақ диван, кітап шкафтары, алтын рамкалы суреттер, кілемдер. Бұл кішілеу бөлме. Төрте әйнекті үлкен кең есік. Ар жағында күшті жарық. Ол қонақ үй. Содан дабыр-дабыр дауыс, күлкі, шыны ыдыстардың салдыры естіледі. Қонақ үйдің залға көрінетін шетіне Есен, Рақыш, Сыдық келіп отырады. Күлкі-әзіл... Қастарынан екіден, үштен жүрген көңілді әйелдер, еркектер тобы өтеді. Бұлардың ішінде Батырша, Гуля, Сабыр, Лала, Мүсілім, Жәлел, Максұт бар. Бұл екеуі өзгеден ерекше кара киімдер киген. Салмақпен жүріп, келелі кенес құрғандай. Шымылдық ашылғанда пианино ойнап жатады. Күй біткенше көпшілік өз күйін: ым, қас-кабақ, күлкі, қозғалыстармен білдіреді. Бірталай жұрт ішкендік салдарынан қызулау, мастау. Біраз уақыт күйге қосылған хор естіледі. «Көзімнің қарасы». Аздан соң күй тоқтайды. Пианино тартқан үй иесі Сараға көпшілік қол шапалақтап қошамет жасайды. Сара басын иіп, желпініп, бергі бөлмеге шығады. Қасына қошамет қыла Мүсілім, Лала ере келеді.

Лала. Ә, Сара ханым, сіздердің жаңада алғызған кабинеттеріңіз мынау екен ғой.

Сара. Иә, көрген жоқ па едіңіз? *(Лала, Мүсілім, диван, шкафтар, үстел, орындықтарды сипап қарайды.)*

Лала. Не деген жақсы нәрселер. Мықты да, сұлу да екен бәрі де.

Мүсілім. Рас, жақсы екен.

Лала. Бұл қаладан табылмайды. Сол Ленинград, Мәскеуден ғана табуға болады ғой, бұндай бұйымдарды қазірде...

Сара. Әрине, бұдан қайдан табылсын. Ленинградтан да үлкен қиындықпен таптық қой.

Лала. Бағасы да оншалық қымбат емес қой. Мың сом деп пе еді?

С а р а (кешірімді пішінмен күліп). Баяғында біліпсіз ғой. Мен бәрінен де пианино тауып алғанмызға өте ырзамын.

М ү с і л і м (күліп). Иә, бұйым басты бола бастапсыз Сейткерей ағай екеуіңіз. Пәтеріңіз де жай кісінің пәтеріндей емес.

С а р а. Енді қандай? Неменесі бар, Мүсілім?

Л а л а. Иә, пәтерлеріңіз де кең. Бөлмелері жақсы. Сіздер жұрттың бәрінен де жақсы орналасқансыздар.

С а р а. Теріс емес, әйтеуір әзірше, парадный есігі бар. Районы — қала центрі. Әсіресе бұл қалада сирек болатын нәрсе: өзінің ванная және жылы уборнаясы да бар ғой...

Л а л а. Иә, онысы үлкен жайлылық қой. (Мүсілімге кіналағандай қарап.) Ә, біз әлі күнге бір-екі кішкене бөлмеден шыға алмай келеміз. Мынандай нәрселер алмақ былай тұрсын...

М ү с і л і м. Бұл жерден бұндай нәрселер табылмайды ғой, өзің білесің. Значит, не істеуге болады?

Л а л а. Бізде тиісті способность жоқ, значит!

С а р а (бұрынғыша күліп). Причем тут способности, Ляля! Шынында маған, Саид-Гирейге мәңгі холостяцкий халде жүре беруге болмайды ғой. Мынау болса: қызмет қылуға лайық обстановка, шарт керек, сол ғана ғой.

М ү с і л і м. Бұл ол ғана емес... үлкен ценность та бар ғой мұнда...

С а р а (күліп). Әрине... мүмкін шығар... но менің ойымша Саид-Гирей ондай скромный нәрселерді заслуживать ететін шығар деймін. (Тым-тырыстан соқ). Қалайда бұрынғы істерінен ВУЗ-ға шыққанын ұнатам мен...

М ү с і л і м. Әрине, бұнысы қай жағынан болса да жаман емес. ВУЗ жақсы условие жасап беріп отыр. Жа лақысы да жаман емес. (Күледі.)

С а р а. ВУЗ шарты тегі жаман емес. Оның үстіне Әбіш бар, басқа жігіттер бар, даже Есен де Саид-Гирейге жақсырақ условие жасап бермек болысты ғой.

Л а л а. Иә, Есен, Әбіш тілесе жақсы жәрдем істей алады ғой. Бірақ Есеппен сұрау қиын...

М ү с і л і м. Әбішпен жақсы ғой, ол айтса қарсы болмайды...

С а р а. Әбішке қарсы шықпайды. Мұндағы жастар мен партейцтердің арасында Әбіштің влияниесі бәрінен

күшті емес пе? Ол ондайлық дәрежеге достойный да ғой. (Күліп.) Солай ма, Лала? Мен сіздердің партия, комсомол адамдарының жайына да кіріп кеттім-ау. (Қырылып күледі.)

Л а л а (қысылыңқырап күліп). Айтыңыз, айта беріңіз... Меніңше, дұрыс айтасыз. (Гуля кіреді. Тыңдайды.)

2-көрініс

М ү с і л і м. Рас, Әбіштің авторитеті жақсы. Оны қайсысы болса да қымбат бағалайды.

С а р а. Солай, дұрыс айтасыз. (Гуляға қарап күлімсіреп.) Для нас это очень лестно, неправда ли, Гулячка! (Күліседі.)

Г у л я (күліп). Сіздер, жалғыз-ақ тілеулеріңізді берсін, бұл сөзді Әбіштің өзіне айтпаңыздар. Әйтпесе (қолымен көрсетіп.) мұрнын көтеріп кетеді. (Күліседі.) Иә, айтпақшы, (Сараға) сен білдің бе? Әбіш жақында командировкаға баратын бопты.

С а р а. Қайда? Мен әлі есіткем жоқ.

Г у л я. Ет дайындау науқанына, ауылға дейді...

С а р а (кейіп). Не дейсін, жаным-ау... Әй, осынысы-ақ жаман.

Г у л я (Мүсілім мен Лалаға қарап). Неге? Партейц ондайға қазір болмаса бола ма?

С а р а (сезініп, түзеліп). Жәй ауылда ауру көп, тиф те бар шығар... Науқастанып қалса жәрдем де жоқ. Содан қорқам...

М ү с і л і м. Бұл жақтағы қазақтың қысқы тұрмысы қандай жаман және!..

С а р а. Первобытный жабайылар қалы ғой. Жаль, жаль... Ну, қайтеміз?.. Таныс врачтармен сөйлесіп, жолына жақсы аптечка жасап берейік.

М ү с і л і м. Ет науқанына Темірбеков те бармақшы. Басқа егіс науқаны деген тағы бар, оған Малдыбаев, Оспанов, тағы басқа комсомолдар да шықпақшы.

С а р а. Ә, э, солай ма екен? (Таңдықпен күлімсіреп.) Мүсілім, сіз хәммасынан хабардарсыз. (Есен мен Рақыш шығады.)

С а р а (тамашалаған кісі болып). Қандай жақсы пара! (Рақышқа.) Міне, бұны мен түсінемін, мақұлдаймын...

Р а қ ы ш (қызарып күлімсіреп). Иә, мақұлдамайтын да жеріңіз бар ғой, тегі, Сара жеңгей? Оныңыз не еді? Оны да айтыңыз...

С а р а. Мақұлдамайтыным бар. (Күліп.) Оны өзіңіз табыңыз... (Есенге.) Сізге де, Есен, үнемі іс адамы, үнемі салқын бола бермей, кей-кейде осылай да болу керек қой...

Л а л а. Рас, анда-санда жерге де түсіп, жәй пенделер қалына да келу керек. (Күліседі.)

Е с е н. Мен (күліп, Сараға) ұға алмай тұрмын. Алғашқы мақұлдауыңыз айыптауға айналып кетті ме, немене? (Күліседі. Әбіш, Сейткерей келеді.)

4-көрініс

С а р а (күліп). Жок, мен мақұлдаймын. (Әбіш пен Сейткерейге.) Неправда ли, жақсы пара емес пе? (Рақыш, Есенді көрсетеді.)

Р а қ ы ш (күліп). Қоймайды екенсіз сіз, Сара жеңгей!

Е с е н (күледі). Сіз бізді смущать етесіз.

С е й т к е р е й (қоса күліп, Сараға). Сенікі рас. Дұрыс айтасың... (Аздан соң Сараға.) Сен Сабырдың әйелін шақырмағанбысың? Өзім ертіп алып келдім... Әйелі естімеген сияқты... (Рақыш, Есен оқшауырақ кетеді.)

С а р а. Шақырғаным жоқ... Саид-Гирей, мен саған айтпап па едім, мені Мәриямның обществосынан құтқар деп.

Ә б і ш. Неге, оныңыз не?

С а р а. Мен оған екі жүзділігін, сплетнясын кешіре алмаймын. Ол ретті адамның барлығын оскорблять ету керек.

С е й т к е р е й. Қойшы, артық сөзді...

С а р а. Қойылмайды. Және вообще!

С е й т к е р е й. Немене?

С а р а. Және мен, тегі, сол Сабырларыңның обществосын оншалық (Әбішке қарап) қымбат санай алмаймын.

Сейткерей. О не дегенін!

Сара. Сен өзің білесің оны. *(Күліп жалғартып.)* Олардың бәрі де унылай, мрачный. Әйелдерге олармен бірге болу ауыр, іштерін пысырады. *(Сабыр, Сыдық шығады. Сабыр мастау. Әңгімеде Сабырдың Сараға көзі түседі. Тыңдайды. Мүсілім арғы бөлмеге кетеді. Рақыш, Есен Сараның қасына жақындайды.)*

5-көрініс

Сара *(күліп)*. Айтсаң, міне, Әбіш пен Есендерді айт. Әрқашан көңілді... Бұлармен әйелдерге де көңілді...

Сабыр *(Сыдыққа)*. Бүгін мұнда Юсуф қажы да келеді. Көріп пе ең бұрын?

Сыдық. Жоқ, көргенім жоқ-ты. Сен таныссың ғой, солай ма? *(Сабыр басын изейді.)*

Сабыр *(Сыдыққа)*. Тоқташы, мыналар Рақышты Есенге теліп жүр. Ит жынымды түсіреді. Құрып жүрген үйшіктерін талқан қылшы.

Сыдық. Рас па, бірақ Есен бұлардың торына түспейді. Изучать етеді қайта бұлардың өзін...

Сабыр. Білемін. Елтітіп жүрміз деп мыналар ойлайды ғой. Сейткерей де тіпті ұсақтап кетеді кейде... мешаншылап...

Сыдық. Анау тым орнықты кәпір... Өрісін ұзақ көрем осынын.

Сабыр *(күліп)*. Жарайды, олардың балуаны сол-ақ болсын. Мен сені шығардым, бар. *(Күледі.)*

Сыдық. Жә, кімді жазалаймыз?

Сабыр. Өз обалы өзіне, комиссар, коммунист құмар қазақ қызын талковайты қып жібер... білсін.

Сыдық *(күліп)*. Сен мені тіпті қайда итересің өзің?

Сабыр. Әйтеуір біреудің забавасы ғой қызыл бет қыз... Әйда, сенің керегіңе жарасын... удовольствиені Есен көргенше, сен көр... Ал, бар, жорытқанда жолың болсын. Бісмілда, алла әкпар... *(Бетін сипайды. Күліседі.)*

Сыдық *(Рақышқа кеп)*. Рақыш, сіздің мойныңызда маған төлейтін бір борышыңыз бар. Ұмыттыңыз ба, жоқ па?

Есен *(кеңдікпен күліп)*. Ә, несне жиюшыңыз келіпті ғой. Өзі Сықандай мәнді кісі екен... Жарайды, шаруаныңызды атқарыңыз. *(Күліп, кетіп қалады. Әбіш, Сабыр*

ере кетеді. Лала мастау, арғы бөлмеден ^{Нә?} келе беріп, Әбішке қолтығын төсеп, қайта кетеді.)

С ы д ы қ. Иә?!..

Р а қ ы ш. Жоқ, ұмытқам жоқ...

С ы д ы қ. Рахмет оныңызға, жүріңіз олай болса, ойнап беріңіз... (Сара жақтырмай қарап қалады. Ертіп кетеді.)

6-көрініс

Сара, Сейткерей.

С а р а. Қонақтың бәрі ана жақта ғой, жүрсенші, бізде солай барайық.

С е й т к е р е й. Барайық. (Жақындап.) Бірақ сенің есіңе салайыншы, бағанағыдай сөзді байқап сөйлесенші.

С а р а. Несі бар? Мен шынын айтқам жоқ па?

С е й т к е р е й. Жоқ, ол дұрыс емес... Бөгде кісілер барын байқау керек қой... Және мен Сабырлар туралы олай қарамаймын. Дұрыс емес...

С а р а. Бекер айтасың. Саид-Гирей, сен де солай қарайсың. Шынын айту керек қой... Ә, сен әзір өзіңе-өзің де признаться еткің келмейді.

С е й т к е р е й (күліп). Жарайды, біз екеуміз екі тілмен сөйлессек керек.

С а р а. А все же Әбіштер средасын жақсы көруінді мен қостаймын.

М а қ с ұ т (есіктен Сейткерейге). Юсуф қари келді. (Сара тұрады.)

С а б ы р (шыға беріп). Қонақ келді. Юсуф қари...

С е й т к е р е й (Сараға). Жарайды... кейін... (Екеуі де кетеді.)

7-көрініс

Мақсұт, Жәлел, Сүлейменов әңгімелесіп шығады. Сөйлескенде айналасына жалт-жұлт қарасып тұрады. Мақсұт, Жәлел екеуі де Сүлейменовке сөйлейді.

М а қ с ұ т. Ет науқаны, егіс науқанына бірталай жастар жүргелі жатыр. Осыны пайдалану керек. Қоллективизация қалай жүріп жатыр. Ел настроениесі қалай. Көру, білу, мұндағы сенімді жастарға соны білдіру, жеткізу қажет. (Сабыр бұларды қарап кетіп, ана жақта ән-би бастайды.)

Жәлел. Жалғыз ол емес. Өздеріңе қауым жасап, среданы формировать етуде де бүгінгі компанияның барлығын пайдалану керек. Біліңіздер, әрбір істің оң беті, сол беті бар. Үстіңгі қыртысы, астыңғы терең тамырлары бар...

Мақсұт. Ол рас қой. Бірақ қазіргі күнде ең ірі нәрсе мыналар. Жастардың ел ішіндегі фактіні өз көздерімен көріп, содан жасаған қорытындысы — олардың бетін белгілейді. Бізге сонда қолайлы бағытқа қарай направлять ете білу керек... Тартыс осы жерде...

Жәлел. Бұнда өзбек, түрікпен, қырғыз бәрінде де осындай компаниялар қатты жүріп жатыр... Биылғы жыл — зор тартыс жылы... Енді екі аралықта қалушылар аз болады... Кімнің тобына болса да көп-көп, активті қауым қосылатын болады. Сол өзгелердің тәжірибесін де біле, білдіре отырындар...

Сүлейменов. Өзге компаниялардан нені атауға болады?.. Жұрттың бәрі командировкаға шықпайды... Қалғанын қандай мәселе үстінде обрабатывать ету дұрыс?

Мақсұт. Ол ашық... тіл, латын, әдебиет, коренизация, Орта Азия елдерін білу, осылармен неше алуан взаимодействие содан...

Жәлел. Ориентация!

Сүлейменов. Иә, түсінікті, отар теориясы.

Мақсұт. Бірақ мәселенің бәрі әдісте... подходта... білдің бе?! Мен осыны көп айтам... Бадырайтып, Батыршаларша түрік, қазақ... ұлт деп топас қоюдан қашу керек.

Жәлел. Иә, бұ қатта мәселе... Упорды әрқашан комсомол, кейбір партия активіне жасай алсаңдар... зор табыс сол.

Мақсұт. Ол үшін Маркс, Энгельс... хатта Ленинді де жақсы штудировать етіп, әрбір жайдың иығын цитатамен соған сүйей беріндер...

Жәлел (*күліп*). Тұғыры гәп... цитатоядний деген болады бұлар... Дұрысында ол бұл заманда ашылған ең пайдалы витамин. (*Күліседі.*)

Мақсұт. Ә, талайды семіртетін жақсы ас...

Сүлейменов. Иә, мәселе жақсы цитатоядний болуда ғой. Да, айтпақшы, осы мына Малдыбаев сияқтылардың аналар соңына түсіп жүр...

М а қ с ұ т. Жегізбеу керек. Олар шиеленіскен сайын мынаның авторитетін көтере беріңдер... Қанша керекке жарайды, көрерсін... Әзірше осыны көтеріңдер...

С ү л е й м е н о в. Аналардың өзін тайдырса дейім... ВУЗ-да тамырланбай тұрған кезінде...

Ж ә л е л. Әрине, дұрысы сол... Ондайларды алып тастап отыру да испытанный әдіс...

М а қ с ұ т. Жоқ, әзір шумиха жасап керек емес... Кіндікке жетіп қалса қазынып тімтіне береді. Аты, атағы жоқ, белгісіздер ғой... Немене женбейтін... тұра тұрсын...

8-көрініс

Батырша, Юсуф қари, Сабыр шығады. Бұрынғы үшеуі әндетіп, билеп кетеді. Мыналар диванға отырысады.

Ю с у ф қ а р и. Мән сіләрнің қазақ қардашларының зиялыларына ғәди бір рухы недур шоны раһымлай алмам... Һалідә қатлы алынған тәсір шоңарға оқшаске, әлбеттә не тоғры болған қалатта ғапу етерсіз, әмма сіләр ысламияттан ерақлашқансыз, шоның білән барабар рослашу ғаламаты көбәйә барғанға оқши... Бір единый духны зиялыларыңыздан табып болармын шол?

Б а т ы р ш а (*ойланып*). Сіздің осыныңыз дұрыс сөз. Тіпті шынды айту керек, бізде өзі бір лицо жоқ... Бірақ халқымыз біздің діндар... Исламшы... (*күліп*) біздің Кіші жүзде ишандар, руханиларымыз күшті болған өз уақытында, айтсын мына Сабыр... Бірақ біздің мына басқа жақтағы оқығандарымыз ислам, күншығыс, түрік дегеннің бәрінен қашқан ғой. Енді біліп келеді, түге... Ә, біз өзіміз басынан басқамыз.

Ю с у ф қ а р и. Халқымыз діндар... ғамма, ғамма... Сіләрнікі — әм өзбек, әзербайжан ғұсманли түрік ғаммасына оқши. Аларның әммесінде (*кеудесін түртіп*) ысламият рухы бар... Алайда сіләргә, зиялыларға — әм Азербайжан, Татарстан, Өзбекстан зиялылары сыңғары камалат тапыш сапары. Шо ғаммаңызның апкар ғұмуми, думуми рух, ғұмуми һисы июлыда барыш төгілміни? Бұһ һоқалғад мүһем мәселе төгілміни. Әмма сіләрнің матбағаныз, әдеплеріңіз, ғалымлеріңіз хатта қазірде өжудке шыққан дарылпынуніңіз — әм бұл қалаттан ыйрақта. Иа русшілік, иа айрым қазақшылық. Ә, бұ күннен күн рағғалиаты, һікумі арта барған системда қаршы,

біздің Шарықның әмма «біз» де хас болған бір һанты, лицасы керек, керәк-дүр бәлки.

С а б ы р. Мәселе негізде ғой... Сіздер келе жатқан жолмен біз де келеміз... Соған әдебиет, ғылым, тіл, мектеп, саясат — бәрінде де бір бет ұстанамыз... Бірақ келетін жолымызда біраз басқашалық болады. Біз қазақ жолымен келеміз...

Ю с у ф қ а р и. Яғни?

С а б ы р. Яғни, мәселен. (Оспанов, Темірбеков кіреді. Батырша жөткіреді. Сабыр айналып қарайды... Оспановтардың артынан Жәлел, Мақсұт, Есен бір топ, Сейткерей, Әбіш бір топ, Малдыбаев, Сыдық, Рақыш бір топ боп шығып, әр жерге отырысады. Әрқайсысында өзара сөздер белгісі. Сыдық, Есендер топтарында күлкі, қалжың бар.)

9-көрініс

С а б ы р. Яғни, мәселен... Біз ғылым, мәдениет, жақсы әдебиет, мәдени тарих — барлығын осы қазақ тілінде де жасауға болады, жасаймыз дейміз... Барлығын өз топырағымызда, өз пішінімізде, өздігімізді көрсете отырып жасаймыз дейміз... (Мақсұт, Жәлел ұнатпаған гримаса жасайды.) Қазақ тілін орыс тілінің, я бір Европаның қанжығасына байлау керек деп мына балалар, Оспановтар ғана айтады. (Күліседі. Оспановқа.) Әй, сен бері келіп, бізге аралас. Кел... кел... осы тіл жайындағы пікіріңді айтшы... Түнеугі бір шайханадағы аяқ тастасын жақсы көрініп еді...

О с п а н о в. Айтысудан не пайда деп тұрғаным... Болмаса менікі дұрысында дау жоқ.

С а б ы р. Айт, айт... кәніки... (Өзгелер де күлісіп, «айт» деседі.)

О с п а н о в (жұрттың бәрі тыңдай қалады. Өзара әңгімелерін тоқтатады). Тіл бізге средство, а сізге самоцель. Сол ретте әдебиет, матбұғат, ғылым тілі — мына өзіңіз істеп отырған жоғарғы мектепте сондай ғана құрал. Сондықтан бұл саланың барлығын біз бір ерекшелікпен тауып алып, оның атын «Қазақ жолы» қойып, соның басында жусап қал демейміз, жусатпаймыз. Қайта бұның бәріне тез икемдел де, артта қалған елдің еңбекшісін пролетариаттың интернационал мәдениетіне тез, төте жолмен жеткізуге ыңғайлан дейміз.

Сабыр. Ал, дейсіз...

Оспанов. Бірақ сіз бен біз бұл ретте келіспейміз де ұғыспаймыз... Сіз өз жолыңызда қағулы дінгектей тұрдым деген кісісіз ғой... Не береке табасыз. Маңдайыңызға жазғаны мен болар... Жалғыз-ақ сол: өзгешем, ерекшем, елде жоғым, өзінді жарытпаймын, бөтенге қоңсы болмаймыз, таза сақтайым деген тіліңіз туралы ғана бір айтайын деп ем...

Сабыр. Е, жаңа жеттің ғой... кәні... кәні... соны айт...

Оспанов. Айтыңызшы, тілеуіңізді берсін, осы қазақ тілін мағынаға, атауға бай деп айта аламыз ба, ол жоқ. Талай түсінік, талай зат — мағына тегі жоқ. Сондықтан да ол ел надан. Словарының өзі көп емес. Көп нәрсені суреттеп айтады. Ол өзінше жаз деді, суретпен жазған дәуір. Клиническое письмо, иероглиф! Ескілік. Артта қалған шикілік белгісі. Ал, благозвучно дей аласыз ба?.. Жоқ. (Күліп.) «Жизнь!» Не дейміз біз бұны... «Өмір» (мазақтан), «көмір» деген сияқты саңырау, мақау... Құлаш керу, дауыс созу мүмкін емес сақау, шолақ дыбыспен. Өзгені былай қояйық: санашыл, сыршыл, дарашыл өздерің-ақ айтшы. Осы «любовь» деген сөз бар ма? (Жұрт күледі.) Сол «любовь» тіпті атағы да жоқ. Тілінде «любовь» мағынасы болмаған ел де өзгешелігім дей ме жаным-ау... (Кекетіп.) «Жақсы көрем...» Уай, шікін-ай, хорошо вижу... (Жұрт күледі.) «Қарға баласын аппағым» дейді десеңші одан да... Өзгешелігім... өз жолым... деймісіңдер, со ма?.. Одан да өнерлі елдің жолымен солардан үлгі алып, жамап-жасқап кемтігін толтыр! Дұрыстап іске жарат! Тілдің өзі үшін де мәденилену қажет, өзгешелену қажет емес, идеализация керек емес... Пайдалы керекке жарау қажет. Әйтпесе не? Сендердің негізін реакция, немесе зиянкестік... Мен болдым... (Темірбековке қарап.) Ал, жат со сыйыңмен.

Жәлел. Ха-ха-ха, жігіт... Сол керек Сабыр әфендіге... (Сабыр ашулы. Оспанов қолын бір-ақ сілтеп жүріп кетеді.)

Есен (Жәлел мен Мақсұтқа). Рас айтады. Осы объективно, тарихы жағынан алғанда біздің ұлтшылдардың ұранының барлығы да 20-ншы ғасырда келіп, оқымысты боп алып, өте бір артқа тартқан реакция, консерватизм болып шығады. Шынында саясат, социальный тұрмыста майданға шыққан, алашорда бастаған барлық ұлтшыл-

дар патша қызметінің ротмистрі болған Шоқан Уәлихановтан сонауғрлым консервативный. Қазақты неде болса мәдениетті тұрмысқа тез жеткізу дегенге келгенде анау өз заманында бұлардан әлдеқайда прогрессивный болған.

Мақсұт. Иә, мынау бір үлкен шабуыл екен...

Есен. Сол сияқты тілде де қазақ баласын жарым орысша, жарым қазақшамен оқыт, тілесен итшілеп оқыт, бірақ әйтеуір білім бер, мәдениетке жеткіз деген анау миссионер Ильминскиймен бірге істеген Алтынсарин да мына тіл мамандарымыздан көп прогрессивный.

Мақсұт. Е, бұл бетінде ешкімді аман қалдырмасын... тағы да...

Есен. Бар ұлтшыл ақын, жазушының қиялымен сағымдандырып идеализировать етіп жүрген Шыңғыс, Темір, Тураны сал, би, батырлары (*күліп*) қазақ Парнасы бар. Ол не? Ол күншығыстың барып тұрған азиатчина, тирания, жабайы ру общинасы. Бұлардан өз заманына қарағанда Абай әлдеқайда прогрессивный. Ол жаңағының бәрінен отталкиваться еткен. Өйткені оның таптық тілегі феодалдықтан кетіп, либерал буржуазияның бағытына қарай бой ұрған тілек еді.

Сабыр. Ал енді, бір таяқты тілеп тұрған мына Батырша ағайлардың жөні... кәні...

Есен. Бұл кісілер не дейді? Баяғы бақташы қазақ баға берсін, көшпелі қазақ көше берсін... Әйтеуір жабайы елсіз, меңіреу далаға жан жуымасын, мәдениетке баспасын дейді. Объективно сол... 100 жыл, 500 жыл, 1000 жыл бұрын не болса сол бола берсін дейді. Әйтеуір бір өз пішіні, өздік қалпы өзгермесін...

Оспанов. Мініки, дұрыс, толық сын...

Есен. Осылай болу себебі не? Білім бар, претензия зор, шетіңнен сыншысың. Әсіресе кеңес системасын қандай сынайсың...

Жәлел. Иә, себеп не?

Есен. Себеп, жаңағы Шоқан, Алтынсарин, Абайлар қалай айтсаң да өз заманындағы передовой пікірдің, бастаушы сананың аңғарынан адаспаған. Сонымен қыбласы бір болған, бірге өрген... Ал, біздің мына қауым заманның передовой санасына оппозицияға шықты... Сондықтан ерікті ме, еріксіз бе бәрібір, реакцияға кетті. Және бар салада солай кетті. Үйткені төңкерісшіл пролетариат шыққан 'соң бұлар беттерін еріксіз ашты.

Ашылғанда реакционный, бай таптың досы болып ашылды. Сонымен бірге бар ескіліктің жоқшысы, санашылы боп шықты. Бұлардың сущностын осылайша ашқан тап тартысы... Пролетариаттың нұжұмы болды...

М а к с ұ т (*басын кекесінмен изен*). Болар... болар... болар... (*Жәлелге қарап*.) Не дерің бар ма?..

Ж ә л е л (*күліп*). У-у, бұл оригинальный сын екен...

М а к с ұ т. Оригинальный ғана емес, бірталайдың артына шиыртпақ тағу да болар... Бұл құғынды ізге салу ғой...

Е с е н. Қалай десең олай де...

С а б ы р. Е, бұның сенен шыққаны тіпті жақсы ырым ғой! Институттың саяси басшылығы қолыңда болсын да, бізге үстіп натравливать ет!

Е с е н (*күліп*). Институт үшін объективный, тарихи сын керек емес деп сіздерге кім айтты? Ал, сіздердің өздеріңізге келсек: істей білсең шындықтан қорықпауды да біл...

О с п а н о в (*Темірбековке*). Жақсы айтты... Дұрыс... (*Әр топ өзді-өзі сөйлеседі*.)

Ә б і ш. Есен ашып айтты, дұрыс айтты. Шынында енді бізбен болған, бізбенен болмағандар қарсы шығады. Октябрьдің 11—12 жылында әлі де бұқпантайлап, жылға-жылғамен жүру ме? Жұлып кету, тартып кету ме? Жоқ, аужал бола бермейді. Бұл қауымның көпшілігін бізге үгіттеу, тарту мақсұт емес... Біз оны тілемейміз... Олармен алыс-тартысты ғана білеміз. (*Сейткерейге*.) Бірақ, ішінде бірен-саран түзелем дейтіндерің болса, енді ашылып шығуға міндеттісіңдер.

С е й т к е р е й. Рас айтасың... Ашылғанда да біз өз алдымыздағы дилемманың не екенін түсінуіміз керек. Ашық қойғанда империализммен бе, социализммен бе? Қай системамен біргеміз, соны ашу керек. Мен өз алдымдағы таңдауды солай деп ғана түсінемін.

Ә б і ш. Бәсе, олай болса не істеу керек?

С е й т к е р е й. Менің өзім бұрынғы дерттен арылып, сендердің бетіне қарай шын түзелуім керек.

Ә б і ш (*тұрып*). Ал, сіздікі әзір құр сөз ғана боп келеді!

Т е м і р б е к о в (*Батырша, Юсуф қариға жақындап кел*). Иә, сіздер неге пікір айтпадыңыздар? (*Юсуф қариға*.) Қари-әкә, сіз қалай қарайсыз бұған?

Юсуф қари. Иә, ортағым, мән бұ тұғырыда гәп қымаған ы афзал көрәм...

Оспанов } Неге... неге?!
Темірбеков }

Юсуф қари. Халбуке, біздің меһрабымызда язылған бір паршада: «Құл алхир уәла фискут» дейді... Гәпырма, болмасам иміш гәпыр...

Темірбеков (*айнала беріп*). Поповщина!

Сабыр (*арғы бөлмеден келе жатып, мастау*). Әй, сен немене мұрныңды көкке көтересің осы? Қазақтың ең алғашқы көрген тілмашы өзім ғана деп білемісің осы?

Темірбеков. Не дейсің, тілмашың не?..

Сабыр. Дәлелдеймін! Сендер де тындаңдар... Бағанадан бері сендер анасын алай, мынасын былай лақтырдыңдар. Сондағы кеудеңе нан пісіртіп жүрген тиянағын, күшің не?

Оспанов. Ал, сен айтшы...

Сабыр. Ояз қасындағы тілмаштан күшті жан болмайтын. Оның сенетіні не екені мәлім еді ғой! Сенікі де сол сияқты ғой... Соған сеніп кердендейсің емес пе? Өз ойың, өз ойың жоқ қой сендерде.

Темірбеков. Неткен надансың... (*Оспановқа қарап*.) Шыны тіпті осыдан басқа жауап жоқ...

Сабыр. Оттама, құдай ұрған құнсыз...

Темірбеков (*ұмтылып*). Оттамасаң оттама, жерге қағып жіберермін. (*Жұрт жүгірісіп ұтасады*.)

Сабыр. Адырағал... Бар, жаз доноссыңды, әкене барып айт... (*Жұрт Темірбековті алып шығып кетеді*.)

Юсуф қари. Пайғамбарымызның «Фассбиір сабирун Жәмиләтун» деген сөзін айтаман мән сізге, Сабыр әфенді...

Жәлел. Білесіз бе, не деген сөз? «Терпите красивейшим терпением» дейді. (*Күледі*.)

Юсуф қари. Ишытсаларда хұласа ясамасалар фазлият әна, шунда...

(*Сейткерей, Саралар жұрттың бәрін ішейік, көңілденейік деп анда ертіп кетеді. Малдыбаев, Сыдық артта*.)

Малдыбаев. Сіз неге сөйлемедіңіз?

Сыдық. Е, кітаптан оқып алған формула. Бүгін бірін оқып, былай сөйледі. Ертен бір формуланы оқыса, екінші түрлі... негіз, тұрақ бар ма? Айтысып, формуламен айтысам ба?

М а л д ы б а е в. Әбішті байқадыңыз ба? Ол да ашык кетейін деп жүр ме өзі, қалай?

С ы д ы қ. Солай көрінді ғой... Байқадың ғой... *(Малдыбаев-шыға береді, Рақыш қарсы келеді. Сыдық бірге қалады. Мастау Лала Әбішпен бірге шығады.)*

10-көрініс

Сыдық, Рақыш, дванда ақырын сөйлеседі. Ана екеуі бөлек. Әбіш күле береді. Лала аймалақтап, жабысады.

Л а л а. Әбіш, сіз қандай жақсысыз. Білесіз бе, мен сізге ғана айтпақшы боламын. *(Сара есікке келіп, екі жаққа күліп, кезек қарап тұрады.)*

Ә б і ш. Сіз қонақсыз... Және сіз массыз, мен сөйлесе алмаймын сізбен...

Л а л а *(өтірік ашуланған болып)*. Сөйлеменіз, олай деменіз. Мен мас емеспін. Маған әншейінде не айтпақ боласыз, соның бәрін қазір айтыңыз... Мен... мен хочу этого...

Ә б і ш. Япырау. *(Күліп.)* Еш нәрсе айтпақ емеспін деймін, сізге не болған?

Л а л а *(жылдам)*. Жок, жок, сенбеймін... сенбеймін... Бар сізде, айтасыз... мен, мен требовать етем...

Ә б і ш *(күліп)*. Не айтайын? Не айтпақ едім... Өзіңіз бірдемені аузыма салыңызшы, тым болмаса! *(Сара күліп тұрады.)*

Л а л а. Жок, жок, тындамаймын. Бар сізде, айтыңыз...

Ә б і ш *(күліп)*. Мен Мүсілім мас болды демек едім...

Л а л а *(ашуланған болып теріс айналып)*. Жок, ол емес! Не нужно мне вашего Муслима!

Ә б і ш *(күліп)*. Покорно благодарю, менің Мүсілімім! Мәссаған!

Л а л а. Білесіз бе? *(Ұмтылып қиланып.)* Какой вы хороший! Мен айтайын деп ем: какой вы милый! Келіңізші, мен сізді сүйейін. *(Күшақтап, Әбіштің кеудесіне жығылмақ болады.)*

Ә б і ш *(күліп, орнынан атып тұрып, қашқалақтап)*. Міне саған махаббаттың нұжұмы. *(Сыдыққа қарап, бірге күліп.)* Но я вынужден отступить... бір кісі позорно қашты дейді. *(Күліп жөнеледі. Қатты күліп тұрған Сараға кездеседі.)*

С а р а. Абиш! Я вами восхищена просто! Жүріңіз!
(Қолтығынан алып ертіп кетеді.)

Л а л а (жұлқынып қалып, тақтай теуіп, әрлі-берлі бұрқ-сарқ етіп жүріп-жүріп, арғы бөлмеге қарай ұмтыла беріп). Муслим! Муслим! (Кетеді.)

II-көрініс

С ы д ы қ (Рақышқа). Сіз менің сөзіме бекер карсы боласыз. Сеніңіз, менің сізден жасым да, тәжірибем де көп. Дауласпаңыз. Дүниедегі ең рахат, ең қымбат нәрсе — әрқашан минут мезгілі, дәурені қысқа нәрселер...

Р а қ ы ш. Иә, сондықтан не демексіз?

С ы д ы қ. Сондықтан менің дүниеде бас иетін рахатым, тілейтін қызығым да сол. Не дейсіз?

Р а қ ы ш (ойланып). Мені ол қанағаттандырмайды. Рахатым деу үшін өмірі ұзақтығына көзім жетуі керек.

С ы д ы қ. Бұл минут қадірін танымағаныңызды білдіреді. (Оң қолын алып сипап.) Рұқсат етіңізші, минут емес, секунд, мен соны дәлелдейін...

Р а қ ы ш. Қалайша? (Бұрылып жақындап, күлімсірейді.)

С ы д ы қ. Рұқсат па?

Р а қ ы ш. Мен... ұқпадым.

С ы д ы қ (қолын жоғары сипап кеп). Міні! (Аз қарасып тұрады. Сыдық, шұғыл құшақтап алып, ұзақ сүйеді.)

Р а қ ы ш (аздан соң босанып, түрекеліп). Бұған рұқсат болған жоқ-ты. Не істедіңіз? Ұзаққа ма, жоқ па? Жауап беріңіз...

С ы д ы қ. Дұрыс, тілегеніңізше... Мен сіздік! (Екеуі қайта сүйіседі.)

Ш ы м ы л д ы қ

Бесінші сурет

Институт қорасы. Бақша. Жеміс ағаштары. Сахнаның бір шетін ала гүл шарбақтарының біраз бөлімі көрінеді.

Сол шарбақты айналып жүретін аллея. Сейіл қылғандар сахнаға аллеямен аз көрініске шығып, әрі айналып кететін болады. Авансценада — бірі бері, бірі арырақ карама-карсы тұрған екі бақша, орындығы бар. Мезгіл кеш, түнге жақын. Сахнаға ай жарығы мен электр жарығы екі жақтан түседі. Кезекпен бірі күшейіп, бірі әлсіреп қайшыланып, әр алуан бояулар береді. Шымылдық ашылғанда

шарбақты айналып ақырын сөйлесіп, бірнеше топтар өтеді. Екіден, үштен жүрген оқушылар — қыздар, жігіттер. Ерсілі-қарсылы ию-кию жүрістер де болып қояды. Алғашқы жалпы көріністен байқалатын хал: ылғи бір айқыш-ұйқыш жүріс, жалпы дағдарыс, өз әлімше сергелден сияқты қыбыр-жыбыр, сыбыр-сыбыр, күнкіл-шүңкіл сөз. Ара-ларына жік кірген. Бірінен-бірі сақтанып, бірін-бірі аңдысқан, сеніспеген қимыл, қабақ білінеді. Бұл суретте мылқау сахна. Ұзақ паузалар жалпы халды айқын сездіруі керек.

1-көрініс

Жәлел, Сабыр шығады.

Жәлел. Иә, Сабыр әфенді, сізлердің райондарыңыз да не хабар? Кампанияларға кеткен жігіттер қайтты ғой?

Сабыр. Қайтып жатыр. Көбі сырын айтпайды ғой.

Жәлел. Сонда да бірен-сараны не дейді екен?

Сабыр. Не десін, хал жаман болса керек. Өзім әлі сөйлескем жоқ.

Жәлел. Иә, естуіңізше?!

Сабыр. Байдың малын аламыз, кулакты жоямыз деген боп қазақ шаруасын бүлдіріп жатыр дейді. Қысқасы, ел ісін атап сұрамаңыз. Басталды ғой бір трагедия...

Жәлел. Ал, ел не ғып реагировать етеді дейді?

Сабыр. Ел не қылсын. Іштен тынады. Елдің жақсы, білікті адамының барлығы орнынан тайдырылған. Ел дегенде де қызық қалмаса керек өзі. Кедей құтырып алған, тегіс колхоз боламыз дейд дейді... Бірақ наразылық көп болса керек.

Жәлел. Конкретно?

Сабыр. Сол, басқа конкретно ешнәрсе ести алмадым...

Жәлел. Ха-ха-ха... Сабыр әфенді, сіз бүгінгі әңгімелерден отстать еткенсіз.

Сабыр. Иә, немене? Тегі, қызық бар ғой бір? Айтыңызшы.

Жәлел. Мақсұт әфендімен сөйлеспегенсіз бе?

Сабыр. Жоқ, әлі ешкіммен сөйлескем жоқ. Енді шығып ем білгелі...

Жәлел. Олай болса, бір сұрақ, Қызылқұм уақиғасын...

Сабыр (*еліріп*). Иә, онда? (*Пауза.*) Шын ба? Япырай, ел ғой... Мына қазағың онда...

Жәлел (*күліп*). Сіз сол жайларды әуелі біліп алыңыз.

С а б ы р. Бәсе, мен айтпап па ем сізге. (*Қолын сермен.*) Біздің ел... біздің қазақ ішінде де аталы, шынжыр қатар қайыңның шұбарбездері бар деп... Қәні, айтыңызшы подробностейтарын...

Ж ә л е л (*артына қарап*). Жүріңіз онда, былай ба сайық. (*Кетіседі.*)

2-көрініс

Батырша, Сейткерей әңгімелесіп шығады.

Б а т ы р ш а. Малдыбаев, Әбіштер келді ме осы?

С ей т к е р е й. Келіпті. Өзге ана Темірбеков және егіс науқанына кеткен жастар да тегіс қайтып кепті ғой...

Б а т ы р ш а. Иә, келген. Бәрі де қайтты. Бірақ мен ешқайсысымен сөйлескем жоқ. Сұрасаң өзі бір пәле тіпті. Солардан сұрамайын дедім сондайды. Иә, мына екеуі не айтады екен? Жер-жердің барлығы бірдей күйзеу деген хабар жан-жақтың бәрінен келіп жатыр деседі. Рас па екен? Сұрадың ба жай-күйді?

С ей т к е р е й. Сұрадым, жай белгілі ғой...

Б а т ы р ш а. Сонда да не дейді?

С ей т к е р е й. Оның, әсіресе Малдыбаевтың елдегі халдан қарны ашып, жүдеп қайтқан көрінеді.

Б а т ы р ш а. Иә, өз көзімен көрген, жай-жапсарды сынап, тани біледі... Жә, мына кампаниялар қалай өтіп, не қып жатыр дейді?

С ей т к е р е й. Атап сұрамаңыз. (*Артына бұрылып, айналаға қарап.*) Былай жүрсеңізші, мына біреу жайсыз шәкірттер жүрген көрінеді...

Б а т ы р ш а. Оның рас, бұ жерден кетейік. Тіпті біреуіміздің пәтерімізге барсақ қайтеді?

С ей т к е р е й. Жоқ, былайырақ, оқшаурақ барып сөйлесек болар. Үйткені мен қазір Есенге жолықпақшы ем...

Б а т ы р ш а. Немене, не туралы?

С ей т к е р е й. Әлгі бір шығарамыз деп жүрген балалар туралы...

(*Екеуі де шығып кетеді.*)

Сұлтанов, Сүлейменов, тағы бір үндемес студент шығады.

Сүлейменов. Ә, ә, ақыры істеп пе айтқандарын! Өзгелерді қайтіпті?

Сұлтанов. Өзгелерді де аяр деймісін? Әнеугі тізімге кірген 10 студентті чисткамен шығарамыз депті.

Сүлейменов. Қаулы жасалып па?

Сұлтанов. Жасамақ дейді. Ертең, бүрсікүні қаралмақ... Біз жоқта жікшілдік көбейіп, студенттер арасына разложение кіріпті дейді Темірбеков, Оспановтар...

Сүлейменов. Иә, ол онның ішінде біз де бармыз ғой!

Сұлтанов (күліп). Сіз түгіл біз де бармыз. Қайт дейсің!

Сүлейменов. Шын ба, ой?

Сұлтанов. Шын болмай, өтірік болушы ма еді?

Сүлейменов. Бәрі Малдыбаевтың әлсіздігінен. Басынан осы Темірбеков, Оспановтарға қарсы сендердің күшінді мықты қып құрап алып, қатты отпор беруі керек еді.

Сұлтанов. Рас, солай ашық тартысу керек еді. Сонда тергеу болғанда кімнің кім екені ашық-ашық айтылар еді...

Сүлейменов. Издейік, жинайық әлі олардың үстінен материал... Енді қатты тартысу керек. Ең болмаса солардың өзін ала кету керек... Талмаңдар, тартыс енді ғана қызып келеді. (Айналаны көрсетіп.) Тереңдету, тереңдету керек мыналардың арасындағы істі... Бір бұл ма, талай-талай іс бар...

Сұлтанов. Дұрыс... Кіндік Малдыбаевты білмесе, Темірбеков, Оспановты да білмейді.

Сүлейменов (күліп). Салмағы күшті, шын большевик, шын батырашқа-Қадишаны қайтесің?

Сұлтанов. Иә, соның желіккенін айтсаңшы? Бетім-ай, бетім-ай. (Күліседі.)

Сүлейменов. Былтыр ғана «бауырсақ мұрын, бүйрек бет, қаймақ қабақ қара қыз» еді. (Күліседі.) Биыл тіпті көп нәрсе біліп, белсенді боп құтырып кетіпті...

Сұлтанов (күліп). Жаңа не дедің, өй, ол кімнің сөзі?

Сүлейменов. Мағжандікі...

Сұлтанов (күліп). Ә-әй, көптекен... қайдағы ұлтшыл, байшылдың сөзін тізіп, теріп жүресің-ау. Қап, мына Темірбеков, Қадишалар сендерге косты-ау бізді енді әкеп. (Күліседі.)

Сүлейменов. Токта әлі, осылай маңдайыңа тас тиіп, талайың келерсің.

Сұлтанов. Қелетін де бар, келмей, сол Қадишалардан қызу алып, үдеп салатындар да болар...

Сүлейменов. Токта, оған шындап кірісерміз енді. Өздерің келдіңдер. Бәрі де дайын боп қалды өзі мұнда. Шәкірттер настроениесі бүгінде жаман емес. Жә, оны қоя тұрайық...

Сұлтанов. Иә, басқа не бар?

Сүлейменов. Әңгіме, сен екеуің де елді көрдің. Практиканың қазақ елі ішінде не күйге соғып жатқанын таныдың... Жә, енді осыдан не вывод ойлайсындар... Соны сұрайын деп ем... (Екеуін екі жақ қолтығынан алды.) Жүріңдер, былайырақ басайық. Әңгіме айтындар.

Сұлтанов (алдыңғы жақтарына қарай көрсетіп). Былай жүреміз бе, жоқ, былай қарай жүреміз бе?

Сүлейменов. Әне біреулер келеді екен. Жүріңдер, былай басайық... (Шығып кетіп бәра жатқанда алдарынан Жәлел, Мақсұт кездесіп, күлісіп амандасады.)

4-көрініс

Мақсұт, Жәлел шығады.

Жәлел. Жә, енді сіз есіттіңіз бе? Бұл уақиға жалғыз қазақ ішінде ғана емес...

Мақсұт. Әлбетте, наступление бар жерде бірдей ғой. Бәрінде де коллективтеу... Мен қырғыз ішінде біраз уақиғалар болыпты деген жалпы хабар есіттім...

Жәлел. Бәсе, қырғызда — Ош уақиғасы...

Мақсұт. Иә, рас... тағы қайда?

Жәлел. Тәжікстан жақта Ибраһимбек харекетін білесіз.

Мақсұт. Әрине... оқыдым ғой.

Жәлел. Ол Бұхар әмірінің харекеті... Бұл іс адамы болды... Онан соң Түрікпенстанда Иранға қарай мал несі көп байлардың ат қашопкесі бар... Білесіз, ол жақта қарт Жөнейт әлі де қалғымайды...

Мақсұт. Осының бәрі шарыққа жасалған, ауылға

жасалған шабуылға қарсы берілген жауаптар... Ә, достойный, жақсы жауаптар...

Жәлел (күліп). На, мен сізге де бір шын сұлу жауапты айтайын... Білесіз бе, паранжы мәселесінің халын?

Мақсұт. Иә, әлгі хүкімет декреті ме?

Жәлел. Ха-ха-ха. Декрет әліге шыққан жоқ. Қыш-лақлардың жауабын білдіңіз бе? Ферғана, Бұхарада көп қышлақтарда паранжы тастаған, тастауда фағалла көрсеткен қатын, қызларны масқаралап өлтіріп, дарак баш-ларына ұят жерлерінен іліп кету фактілері көбейген, ха-ха-ха. (Екеуі де күлісіп, шығып кетеді.)

5-көрініс

Қадиша, Темірбеков, Оспанов әңгімелесіп шығады.

Қадиша. Осының көбі жалғыз бізге, Есенге ғана қарсы емес. Ішінен ұйымға да, тіпті бүгінгі кеңес құрылысына да қарсылық ойлайды.

Темірбеков. Бұның рас. Оған бірі ашық барса, бірталайы соқыр құрал боп байқамай барады.

Оспанов (Қадишаға). Ал, соның себебі не дейсің?

Қадиша. Сырттан жылтырап жүргенде бірталайын кеңесшіл, белсенді жас деп, кейбірін тіпті лениншіл жас комсомол деп ек. Міне, енді басталып, қызып еді, тап гартысы ауылда, кейбірінің ондағы тамырларына балта тиіп еді... Қарашы, шынын айтқанын. (Күліседі.)

Оспанов. Шындары не екен?

Қадиша. Не екен? Қөрмеймісің?

Оспанов. Не, өзің айтпайтұғынбысың? Түрсіз еке-сің де, жүдә... (Өзгелер күледі.)

Қадиша. Шындары: басынан біздікі емес. Жат таптың баласы. Түсін бояп қана жүрген. Ал, бүгін...

Оспанов. Бәсе... міні, міні... бүгін (күліп, айналаны қолымен шолып өтіп) көріндер тамашаны. Ылғи бір ыбыр-жыбыр, сыбыр-сыбыр. Қарашы, осы тоғайдың ішін. Дәл бір ұйым жасап жүрген шайқа... (Мазақтап.) Ыж-ж-ж-ж!.. Қозғалған араның ұясы! Жоқ... бұны көріп қана коюға болмайды...

Темірбеков. Рас, жетті енді... Бұның да тамырына балта шабу... Дәл жуан тамырларын тауып, соған шабу керек.

Қ а д и ш а. Рас, әңгімені бар көлемімен үлкен мәселе қып қою керек.

Т е м і р б е к о в. Үлкейсін. Шын дерттің қайда екенін кіндікке де, ұйымға да танытуымыз керек.

О с п а н о в. Бәсе, ал, осыны енді Есенмен сөйлесу керек.

Т е м і р б е к о в. Дұрыс. Ол өзі де мезгіл жеткен сияқты деп жүр. Мені әдейі бүгін осы бақшаны көр деп еді...

Қ а д и ш а. Маған да сүйдеген. Ал, соны табайық...

О с п а н о в. Қазір... қазір... Қайда жүр өзі. Түрсіз...

Жүрiндер, табайық... (*Шығып кетiседi.*)

6-көрініс

Есен, Рақыш, Сейткерей шығады.

Сейткерей (*Рақышқа*). Рақыш, сен тегі қоғамдық әңгімелерден оқшау қалып жүрме!

Рақыш. Иә, неге олай дейсіз? Маған қандай (*күліп*) саяси бағыт, у-у-һ, тұтын дейсіз?

Есен (*күліп*). Иә, ағаңыздан саяси тәрбие алыңыз...

Сейткерей. Е, мен теріс бағыт береді деймісің? Япырай, көлеңкеге қарай тон пішуге дайын тұрасыңдар-ау!..

Есен (*күліп*). Япырау, мен ешнәрсе айтқам жоқ қой. Неге секем алдыңыз?

Рақыш. Сейткерей аға, кәні, айтыңыз... Мен сіздің мәслихатыңызды қымбат санаймын.

Сейткерей. Олай болса әлеуметшіл, белсенді комсомол жастардың арасында болуың керек. Солардың салт-санасын қабылдап ал да, өмірде солардың машығын қолдан. Ендігі тұрмыста, келешекте табаны нық басылған, мықты, керекті адамдар солар болады.

Есен (*Рақышқа*). Иә, кәні, бұған не дейсіз?

Рақыш (*күліп*). Мен комсомол болайын ба сүйтіп? Ал, Есен, олай болса мені алғызыңыз... Мен кіремін. (*Тым-тырыс.*) Ну? Неге үндемейсіз? Не айтасыз?

Есен. Жоқ... сіз кірмейсіз. Мен болсам алғызбас ем жәнә...

Рақыш. Ә, ә, сүйтіңіз, шыныңызды айтыңыз... Неге?

Есен (*шапшаң*). Лучше уж барышня боп қалыңыз.

Сіздің прошлыйыңыз, бүгінгі қалпыңыз соған жақсырақ
подготовить етілмеген.

7-көрініс

Сыдық шығып, қол ұстасып амандасады. Сол кезде Темірбеков,
Қадишалар шығады.

Қ а д и ш а. Есен, сен боспысың?

Е с е н. Иә, немене!

О с п а н о в. Немене дегенше, бері жүрмеспісің, түр-
сіз!..

(Кетіседі. Сейткерей өз бетімен кетеді.)

8-көрініс

Сыдық, Рақыш үндеспей тұрып.

Р а қ ы ш. Иә, настроениеңіз дұрыс емес пе? Неге
мұндайсыз?

С ы д ы қ. Неге олай дейсіз? Менің настроением сау...

Р а қ ы ш. Оныңыз жақсы екен... Олай болса айты-
ңызшы, маған неге жат қарайсыз?

С ы д ы қ. Ә, қабақты айтасыз ба? Бұ да жақсы екен.
Біз қабақ танысатын боппыз ғой.

Р а қ ы ш *(күліп)*. Жарайды енді, жазаламай, шене-
мей-ақ айтыңыз. Мойныңызға алдыңыз ғой... Қабағы-
ңызға не болды?..

С ы д ы қ. Япырай, біздің әрбір кездесуіміз осындай
бір тартыстан басталатыны қалай?.. Қойшы енді, сіз-ақ
арбаңыз... Мен тура шынымды айтайын...

Р а қ ы ш *(күліп, қасына кеп, қолтығынан алады)*,
Иә, кәне, сөйтіңіз...

С ы д ы қ. Қабағым бұзылғанда кейбір таныстықтан
арыла алмағаныңызға бұзылады...

Р а қ ы ш. Ә, ә, ананы айтасыз ба? Ол менің көңілімді
қозғамай ма екен... Бірақ... *(Тоқтайды.)*

С ы д ы қ. Иә, айтыңыз...

Р а қ ы ш. Арыла алмай, екі жаққа да бірдей болса
не шара?..

С ы д ы қ *(қолтықтаған бойынша)*. Жүріңіз олай бол-
са, сөйлесейік... *(Шығып кетеді.)*

9-көрініс

Сүлейменов, Сұлтанов, Мақсұт шығады. Мақсұт ортада.

Сүлейменов. Темірбековтер жалғыз бұл институт емес, ана басқа ВУЗ-дардағыларды да шығартамыз дейді...

Мақсұт. Е, үдетіп барады екен ғой...

Сұлтанов. Атамаңыз... Не істейміз енді?.. Өздеріне қарсы материалдарды біз де жинап жатырмыз... Бірақ онымен өндіру қиын.

Сүлейменов. Осыларға тию салып, өздерін реті келсе осы орындарынан тайдырып жіберсек, мына институт түгел қолға шығуға болады... Ар жағындағы жұмыс көп емес.

Мақсұт *(ойланып)*. Ә, онда бұларды материалын көбейтіп, жолдан алып тастау керек екен. Осы күнгі үлкен әдістің бірі осы. Бұны мұндағы ұлттар өз белсенділеріне тегіс қолданады: Қалайда бір-ақ нәрсені мықты ұстаныңдар: алыспа, алыссаң — ұстаған жерде қолың, тістеген жерде тісің кететін боп алыс. *(Батырша шығады.)*

10-көрініс

Асығып жылдам басып келіп

Батырша. Әй, есітіндер ме? Сабырды жаңа арестовать етіп алып кетті?

Сүлейменов } Аресть?! Аресть?!
Сұлтанов }

Мақсұт. Ә, келді ме?.. Енді кімге келер екен? Жә, олай болса тарайық. *(Осыдан соң ерсілі-қарсылы кездесу. Батырша Сейткерейге кездесіп, «арес», «Сабыр» деп әкетеді. Сыдыққа Сүлейменов, студенттер бір-біріне «Сабыр... Сабыр... ареске... ареске...» деген сөздер ию-қию айтылып, бақша ішінде жүрістер шапшаңдап, судыр-судыр өсек-сыбыр құжынайды.)*

Мақсұт *(оқшау жалғыз тұрып, басын шайқап)*. Ғажап! *(Айналаға қарап.)* Жан-жақтың бәрі!.. Осы тоғай іші түгел сусылдап тұр ма, не өзі? Ысқыра ма, әлде нетеді? *(Тоқтап.)* Жақсы белгі ме?.. Жаман ба?.. *(Салбырап ақырын басып шығады.)*

Шымылдық.

Алтыншы сурет

Түй. Кеш мезгіл. Қала бақшасының ішіндегі ашық ресторан. Жарықтар күшті. Бір жақ бұрышта ресторанның кішкене ашық сахнасы. Айналаны қоршай біткен ағаш. Жағалай жасыл шарбақ. Ортада үлкенді-кішілі гүл ағаштары. Ақ қызғылт түсті розалар, қызыл-күрең және ақ түсті астралар. Ең көрнекті ортада үлкен-үлкен пиондар. Гүлдердің көбі ағаш шелектерге орнатылған... Бұл ресторанның сахнаға жақын бұрышы. Ақ жаулық жабылған екі үстел ғана орындықтар. Жасыл шарбақтың бір есігі залға қарсы. Екі үстелдің біреуінде Батырша, Сейткерей, екіншісінде Жәлел, оның қасында биші цыған қызы... сахнаға шығатын киімі бар... Шымылдық ашылғанда Сейткерейлер астарын ішіп болып қалған. Сыртта көп дауыс «бис», «бис» деп қол шапалақтайды. Жәлел мен қасындағы қызы да қағады. Сахнаға әнші қыз шығады. Пианиномен «Минуточка» әнін жырлайды... Жұрт тағы қол соғады...

1-көрініс

Дауыстар. Червонная, Червонная!! Просим, просим, Червонная!

Биші қыз (басын ұстап). Еще раз?! Ой, не хочу! Ни-ни!

Жәлел (қасындағы қызына қарсы қол шапалақтап). Просим, просим! Аду, Аду!

Биші қыз (қиланып). И вы хотите этого, Желял Жафарович!

Жәлел (қол қағып). Ну, как же, как же! Ха-ха-ха!

Биші қыз (тұра беріп, қылымсып). Разве я могу отказать, если вы хотите!

Жәлел. Огня, побольше огня! Ада! Знаете, вы меня чаруете в такие моменты! (Күледі. Қыз кетеді... билейді... билеп жүріп оркестрге «ча-а-щ-щ-е» деп айғайлап қояды. Жәлел оған күліп, қол ұра тұрып, Батыршалар үстеліне кетеді.)

Жәлел. Білесіз бе, уақытында Баше сақауды Англия неге таңдаған?

Батырша. Иә, неге?..

Жәлел (күліп). Просто, ол тәжік! Ал, Ауғанның біз жақтағы көршісі тәжік... Ананы әдейі сондай бетке көрініске шығарып, біздің тәжіктерге шырға қылмақ саясаты еді...

Сейткерей. Е, ол ана арабтың, ауғанның надан руларына қарсы ем болған шығар... Бізге онысы қона

алмайды... (Күліп.) Онысымек біздің тәжікті ала алмайды, білдіңіз бе, Англияңыз...

Жәлел. Э, оны кім біледі?.. Олай деп ғана қоймаңыз. Бұ да зор саясат, шырықты терең зерттеуден алынған тәжірибе!.. (Қыз билеп болады. Қасына келеді. Әнші қыз да келеді. Жәлел тұрып, екеуін екі қолтығына алып, кетуге айналады.)

Б а т ы р ш а (күліп, Жәлелге). Қайдан тізіп алғансыз?

Жәлел (күліп). На, менің сіздер күтпеген талай таныстарым болады. (Қоштасып кетеді. Шыға бергенде Мақсұт кездеседі. Жәлел оралып амандасады.)

Жәлел. Жаңа жеттіңіз бе? Мен тосып отырдым!

М а қ с ұ т. Иә, кетеміз бе бұл жерден?

Жәлел. Кетейік, жүріңіз.

М а қ с ұ т (әйелдер туралы). Мыналардың не керегі бар?

Жәлел (күліп, таныстырып). Жүріңіз, о, бұлармен болу жақсы болады. Сөйлесе береміз! (Мақсұт бір қызды алады, кетіседі.)

2-көрініс

Сейткерей (жүруге ыңғайланып, ақша төлеп болып). Біртүрлі хабары көп, білмейтұғыны жоқ...

Б а т ы р ш а. Мен білмеймін әйтеуір қалай екенін, жүрістері анау! Мақсұттар әне.

Сейткерей. Құданың құдыреті, өзі бір шет жұртың шпионы сияқты әсер етеді маған.

Б а т ы р ш а. Е, қой, өзбектің басты кісісін деп жүрген жоқ па?

Сейткерей (күліп). Мен әйтеуір аяқты тарттым өзінен!.. (Шығып кетіседі. Музыка.)

3-көрініс

Рақыш, Сыдық. Рақыш көңілді, жеңіл басып кеп, бір үстелге Сыдыққа қарсы отырады. Жоғарғы жағындағы сирень гүлінің бұтағын қолымен басып кеп ніскеп, артынан Сыдыққа ніскетеді. Сыбырласып, күліп, кейде күлген бойларында шалқайысып кетеді. Сыдықтың қолы бұның үстел үстіндегі қолын сипайды.

Рақыш (күліп). Менің күйеуім, білесіз бе, қандай болу керек?

Сыдық. Иә, кәні, айтып көріңіз.

Рақыш. Ен алдымен атағы, салмағы бар қоғам қызметкері болсын. (Кұбылып күледі.)

Сыдық. Иә, ортақшыл болуға бола ма, күйеуіңізге?

Рақыш. Әлбетте, олай болса тіпті жақсы.

Сыдық. Және?

Рақыш. Және! (Тоқтаңқырап.) Бір жағынан светский адам да болсын.

Сыдық. Ортақшылға мына шартыңыз ауырырақ болмаса не қылсын? (Күліп.) Онда ұйымсыз лайық болмас па еді?

Рақыш (торыққан пішінмен). Оларда күш-саймақ аз, өздері жалынышты ғой. (Күліп.) Удобный күйеу шықпайды ғой дейім.

Сыдық (қоса күліп). Жарайсыз... жарайсыз. (Тоқтап). Жә, сізге күйеуге мұншалық есеппен тию мәселесін кім түсіндірді? Соны айтыңызшы.

Рақыш. Кім түсіндірсін, өзімдей өзге оқыған әйелдер, оқыған қазақ қыздары... Солардың күйеу таңдауын, өмірін байқап, сынап көрмеймін бе? Және Сара жеңгей, Гулялар да жақсы сабақ бере алады. Сіз оны білесіз бе?

Сыдық. Білмесем де сеземін.

(Шарбақты айналып келе жатқан үш жігіттің бастары көрінеді. Бұлар есіктен кіріп, мыналарды көріп, тоқталаңдайды, Сүлейменов, Сұлтанов және үндемес студент, үшеуі де мастау.)

4-көрініс

Сыдық (күліп амандасып). Иә, қош келіпсіндер, балалар!

Сүлейменов. Сыдық ағай, рұқсат па сіздерге қосылуға?

Сыдық. Е, келіндер... келіндер... (Келіп отырысады, тегіс жазғы жақсы киіммен.)

Сұлтанов (күліп). Айыпқа бұйырмаңыздар, біз кішкене ішіп алдық...

Сыдық (күліп). Иә, бұйырмаймыз, бұйырмаймыз... Қорықпай-ақ қой. Солай емес пе, Рақыш?

Рақыш (күліп). Білмейім.

Сүлейменов. Мына жерден өтіп бара жатып, жа-

на Мақсұтқа кездесін сөйлесіп ек, содан сіздерді көріп әдейі келдік. Бәріміздің толып жатқан шеріміз бар... Сондықтан ішіңкіреп жүрміз. *(Даяшы бөтелке, стакан-дар қояды. Сыдық құяды, ішіседі.)*

С ы д ы қ. Шер... не қылған шер? Ешнәрсеге шерлену де, впечатляться ету де керек емес...

С ұ л т а н о в. Біз де оншалық салбырап жүргеміз жоқ. Жалғыз емеспіз. Бірқатар шәкірттің ішкі настроеніесі біз жақта... Жаңа да талайымен сөйлестік...

С ү л е й м е н о в. Өйткенімен көбі көріне алмады ғой бүгінгі мәжілісте. Есіттіңіз бе? *(Сыдыққа.)* Бүгін кешке шейін жалпы студенттер жиылысы боп, әнеугі тізімдегі 10-ымызды чисткамен шығаратын қаулы жасады... Жасатқан Есен, Темірбеков, Қадишалар... Өзіміз тәуір-ақ айтыстық...

С ұ л т а н о в. Бірақ, тәуір студенттің көбінің бұғып қалғаны рас. Бой көрсете алмады...

С ү л е й м е н о в. Енді не істейміз? Өстіп басқа өрпелте береміз бе? Жоқ, бір қайыру бола ма бұларға да... Не айтасыз?..

С ы д ы қ. Саспаңдар... Сендердің мәселенді де, олардың мінезін де кіндік алдына қоямыз.

С ұ л т а н о в. Соған мезгіл әбден жетті енді...

С ы д ы қ *(күліп)*. Жалғыз-ақ сендер жікшіл болып кетпендер, тегі... Өздеріңнің жайларыңды және ана басқарушылардың мінездерін шәкірттер арасына ашық қойып, ашық сөйлендер...

С ү л е й м е н о в. Білеміз әйтеуір, бұлардың ісі тереңдеп барады. Тіпті осындағы бәрлеріңе қарсы hareket қылып жүр Темірбеков.

С ы д ы қ. Істесін. Қайта сондайларын ашыңдар. Онда жікшіл олар болып шығады. Солай өз қаруын өздеріне қарсы төсендер... Ал, біз үшін сендер қауып қылмаңдар. *(Күліп.)* Құдай сақтар...

(Қадиша, Есен, Темірбеков кіреді. Қолдарында папка, портфельдері. Түстері деловой. Білектері сыбанулы. Жұмыс істеп, шаршап шыққан кісінің ажары бар. Орын қарасып тұрады.)

5-көрініс

С ұ л т а н о в *(бұларға қарап, мастау қозғалыспен)*. Ә, ә, қош келіпсіздер... Темірбеков, міне, мына жақта бос орын бар.

Сыдық. Иә, мұнда, мінікі, бос орын бар, келіңдер, Есен!

Есен (қозғалып). Дұрыс, отырсақ отыра салайық. (Отырысады. Анау үстел ішіп-жеп жатады. Мыналарға даяшы сыра, закуска әкеледі.)

Сұлтанов (ішіп алып, Сүлейменовпен ымдасып, Есендерге сұрлана қарап). Е, Темірбеков, қалайсың?

Темірбеков (салқын жүзбен). Иә, не демексің?

Сұлтанов. Не дейін? Жәй әншейін күйінді сұраймын. Ылғи тұтанып тұрасындар-ау.

Темірбеков. Ұқпайым мен ондай сөзді. Ізденіп отырсың ғой өзін!

Қадиша. Тұтанған деген не деген сөз? Соқтығу ма бұл?

Сұлтанов. Іздену, соқтығу болушы ма еді біздей кісінде? Сендердің беттеріңе кім шыдасын!

Сүлейменов (сөзін бітіртпей). Қолдарың қанданып, ауыздарың майланып тұрған жоқ па?

Есен (Сүлейменовке). Азамат, ішсең бетіңмен іш. Мынандай қисынсыз жерде қалай болса солай сөйлеме!

Сүлейменов. Иә, не бола қапты? Бұл жерде бөтен кісі жоқ.

Есен (жылдам). Кісі болсын, болмасын. (Қатаңдау.) Немене елдегі аткамінердің бұралқы сөзін әкеп отырсың бұл жерге!..

Сұлтанов. Аткамінер... бұралқы... Солай деу үшін әуелі өзің аманба екенсің сондайдан. Оны да бір байқау керек-ау, тегі.

Сыдық. Қой, ондай керексіз, жайсыз сөздерге барыспандар. (Даяшы келеді, ақша төлеп жатады.)

Есен. Жоқ, тоқтатпа, айтсын, айтып болсын. Иә, ағыт әр жерден жиып-тергенің болса...

Сүлейменов. Жиып-теретін біз емес, сендерсің, әркімді сауырлап, қуып, тың тындап...

Қадиша. Сенің ниетің: еркіңе жіберіп, шәкірттер арасын бүлдіртіп қойса дейсің ғой... Біз үйткізе алмаймыз... Әрине, қуамыз...

Сыдық. Қойсаңшы, шырағым, сен...

Темірбеков. Неге қояды? Қоймайды. (Сүлейменовтерге.) ВУЗ-дан кумақ түгіл, басқа жерлерден де аластап шығарамыз.

Сұлтанов. Адырағал... өстіп құтыра берем дейтін шығарсың. Аяғың аспаннан келіп қалып жүрмесің...!

Қа ди ша. Мыналар бүгін соқтығуды тілеген екен!..
Е сен (үстелді қатты қағып). Соқтығып қара... Білемін мен сенің сырынды. Төркініңді де танымын. Сүйенішің бар шығар сеніп жүрген... бірақ ол ініңе де су құйылады. Кеңес өкіметі ешкімді де бос шолжаңдатпайды, өйтіп.

С ы д ы қ (сұрланып). Ол не деген сөз? Не жұмбағын ол? Өзің талайды қағытып отырсың ғой?!..

Е сен (орнынан тұрып). Қағытамын. Керек болса міні, шынын да айтамын. (Қолын Сыдыққа созып нұсқап тұрып.) Мыналардың бәрін кеңес тәрбиесінің жолынан тайғызып, азғындыққа жеткізген міне сенсің, Хасенов? Институттың ісшіл, дұрыс тіршілігі бұзылды. Соған кіналы сенің мінезің, сенің теріс салт-санаң!

С ы д ы қ (тұрады, өзгелер де бірге тұрады). Ей, жолдас, сандырақтама. Қазақтың игілігіне арналған істі Хасенов өмірінде бірде-бір рет бұзып көрген емес. Ол бар қазаққа мәлім. Сенің оттаған сөзің керек емес. Мен сенімен саяғыласуды бойыма мін деп санаймын, білемісің? Сондықтан сөйлеспеймін де сенімен!

Е сен (кекетіп). Иә, саған ұсынса қол жете ме? Сен ірісің ғой! (Ол үстелді саусағымен қатты қағып.) Жетті. Болды енді. Институт іші сенің мінезіңнен сайлау басына айналды. Мектеп ылғи күбір-күбір, жыбыр-жыбыр пәле ұясы, контрреволюцияның мекені болды. Қанатыңның астында кімдер жоқ сенің?.. Танымайтын, сезбейтін шығармыз? Жетті... ертең мен білдіремін кіндікке осының бәрін.

С ы д ы қ. Мен сендейдің сандырағына жауап бермеймін, бергім келмейді. Сен түгіл сенен зорыны да менсінуім екі талай, білдің бе? Ә, сенің жазбағың доносың ғой... Әрине, сендер соны істемей, нені істейсің? Істе, істе... (Жүре береді, қасындағылар бірге кетеді.)

Е сен (ұмтылып). Ой, дұшпан! (Қасындағылар ұстап жібермейді. Ұйқы-тұйқы.) Дұшпан... (Сыдық естіп бара жатады.) Дұшпансың сен! (Жолдастарына Сыдықты нұсқап тұрып.) Міне, жаулықтың жуан, терең тамыры!..

Ш ы м ы л д ы қ.

Жетінші сурет

Институт клубының бір бөлімі. Бұнда жиналыс. Сахнаның жартысы, клуб сахнасы. Онда жиылыс басқармасы: Есен, Кадиша, Әбіш, Оспапов. Оң жақта, төменірек — залдың бір шегі. Қатар-қатар орындықтарда оқушылар. Араларында, алдыңғы қатарда Лала мен Мүсілім. Екінші қағарда отырған Сыдық, Мақсұт, Батырша, Сейткерейлер де көрнеді. Авансценаға жақын трибуна Шымылдық ашылғанда Жағыпаров Ғани сөз сөйлеп тұрады.

1-көрініс

Ғани. Иә, біз қазір шынның шыны, сынның сыны айтылып, сырдың да сыры ашылатын ұлы өткелге келдік. Ғасырлар, тарихтар бойына тамырын терең жайған, терең көмген тәртіпке селдей соққыны жасамақпыз. Қазақстан топырағында бұл азиятшина, жабайылық, нағандық, қараңғылық тамырына балта шабу... Алып қадаммен, берік, нық басқан қадаммен ғана біз ескіліктің бәрін серпіп тастап, жаңа өмір, жаңа дәуір — социализм таңына бет түзейміз... Ауылдағы капиталшылдық, ұрушылдық, бектік, байлық тамырын қырқамыз... Бұл ұлы кезең біздің ішімізді сұрыптайды. Алдына сенбеген, артын қимаған, қиындықтан қорыққан қобалжуы көп, тайғақ дос бізбен болмайды. Осы іздену, тартысу, қиналу арқылы жаңа күнге өтемін деп өзіне-өзі сенген, пролетариатты ісімен сендірген адам ғана бізбен ереді. Қобалжушылар партияда болсын, жастар ішінде болсын, өзгеден болсын, енді бізден айырылады. Жабысам десе де жабыса алмайды. Жыртылып айырылады. Міне, осындай заманда сондай майданның азаматы болады деп тәрбиелеп келе жатқан еңбекші, кедей қазақ жастарын әлдекімнің жетегіне, арбауына бере алмаймыз біз... Алдаймын, адастырамын дегенді кім болса да аласғаймыз, қуамыз... Білеміз біз, ондайдың бәрі сендерге келгенде өтірік қамыққан, қайғырған боп келеді. Қазақ үшін қан жылап, түн ұйқысын төрт бөліп жүрген кісім боп келеді.

Ұлтшыл, ұйымсыз барсын, ұлтшыл жастар және ұлтшыл ортақшылдар барсын... Иә, бұл жасырын емес... Білеміз барсындар... Міне, бүгін партия, өкімет атынан айтамыз: болды енді, ол сияқты ертегі заманның жырлары. Тұтынғаның сол болса сен жаңағы азиятшина, жабайылық, реакция тобындасың... Өзің не десең ұй де,

бірақ объективно, тарихша сен сондасың. Алға бастаған өмір, тарих ұранын қостау орнына, отрицать ету сенің бар мазмұныңды ашады... Енді міне, айтыңдар, кімдік-сіндер? Міңгірлемей, беттеріңді ашыңдар. Біздік болған бізбен, біздік еместерің шық, шығасың қарсы бетке. *(Қолындағы запискаларды жоғары көтеріп.)* Міне, маған берген запискалардың кейбірінен көріп отырмын, кейбір жастарды осында ұя салған дерт адастырған, қаңғытқан көрінесі. Білесіңдер ме, мұнда төңкеріс дұшпандарының сөздеріне шейін сөйлеп отырғандар бар. Кім сөйлетті, кім адастырды, не деп адастыңдар,— қазір ашып айтыңдар... Бұғың қалам, білінбей қалады екем демендер... Мұндағы жастар бар... Сол жастарды бастаған, атағы болмаса да пролетариат ісіне, партия ісіне тазалығы, беріктігі күшті болған жолдастар бар. Солардың көзі бәріңді де көреді. Табады... Атағы, аты бар асқақ жау біздің ол жастарды елеусіз, атаксыз, тәжірибесіз әлдекім деп санаған шығар. Бірақ біздің партияның, большевик партиясының: қатардағы, құба төбел көптің бірі боп жүрген адамдардың ішінен, мықты жауға «табандап ұрып тап жығатындай» нық соққы, большевик соққысын бере білген адамның шығуы қандай жақсы!.. Қандай белгі!.. Біле білсе біздің күшіміздің қандай берік, сенімді күш екенін соның өзі де танытуы керек. Пролетариат тобының әрбір звеносы пролетариатша, болат, құрыш екенін соның өзі де сездіруі, таныстыруы керек. Иә, рас... Бұның өзі де сабақ жатқа... Жауға.. Оған қарсы сенің кейбіріңнің сеніп жүрген күшін бар шығар... Бірақ ол сендер көріп жүрген күштің бәрі бізбен, партиямен ғана күшті... *(Қолымен үстелді қағып)* Егер партия жолынан жырылып, қикақтап көрсін. Күшінен, түсінен не қалар екен?

Біз мұнда үлкен тазарту жүргіземіз.. Ол тазарту бастан аяққа дейін болады. Институттың бүгінгі тірелген тығырығы еріксіз соны керек қылады. Бұл тығырық терен тамырлы көрінеді. Осыған қарай талайдан бұрмалап әкеле жатқан, сендерге белгілі де, белгісіз де, көрінбей істейтін де, қыңыр-соқыр күштер болған көрінеді. Енді соның бәрің тазартамыз... Ашыңдар, ат салысыңдар... Өз міндеріңді сонымен түзеңдер... Алдымен сөз сендерлікі, адасқан жастар!.. *(Тоқтайды. Қол шапалақтау. Орнында бір тұрып, бір отырып, Лала көп шипилақтайды. Ганига бейілін көрсетуге тырысады. Басқарма*

өзара сөйлеседі. Ғани барғанда барлығы бір нәрсені айтып, Ғани мақұлдайды.)

Есен. Жолдастар, Ғани жолдастың баяндамасы да, сұрақтар, запискалар бойынша берілген жауабы да осымен тамам болды. Сөйлеймін деп жазылушылар саны 90. Енді басқарма айтысқа кірісуден бұрын он минут үзіліс жариялауды мақұл көреді.

Дауыстар. Дұрыс... дұрыс...

Есен. Қарсы кісі жоқ па? («Жоқ», «жоқ» деген дауыстар.) Олай болса он минут перерыв! (Залда, басқармада да қозғалыс. Тұру, жүру. Сыдық Ғаниға жақындайды. Ғани қасынан орын көрсетеді. Сүлейменов, Мақсұт оқшауырақ.)

Сүлейменов. Бізге шығу керек пе, жоқ па? Сөйлесек қайтеді осы?

Мақсұт. Жоқ, керек емес. Шиеденістіру қажет емес.

Сүлейменов. Батыршаларды шақырыпты Жағыпаров, сөйлеспек.

Мақсұт. Солай ма? Ендеше (күліп) қатасын мойнына алып, солар сөйлеуі керек. Сейткерей сөйлесе тіпті шынын айтар. Өзгеріп жүрген кісі ғой. Тыңдайық, не қызық болар екен! Тыңдай беріңдер!

2-көрініс

Ғани (бір записканы Сыдыққа беріп). Міне, қарашы мынаны... Бұның аты не?

Сыдық (алып жатып, салқындау). Немене, не депті?

Ғани. Не дегені сол... Қазақстанның ағылшын отарынан не айырмасы бар, хатшының ағылшын жандаралынан не өзгелігі бар дейді? Міне, не үйренген оқушыларың! Мұны не деп ақтайсың?.. Айтың, кәні?

Сыдық (қарап шығып). Ең әуелі мұндағы жастың бәрі бала емес. Көпшілігінің әралуан жап-жақсы дайындығы бар. Өздерінің әр нәрсеге сыны, шарты бар қоятын.

Ғани. Иә, сондықтан?

Сыдық. Сондықтан бар сөзін үйретінді деуің орынсыз!

Ғани. Қайдан алды бұл пікірді? Бұл настроение неден туды?

Сыдық (таңданған бол). Айналадағы өмірден алған шығар. Қайдан алушы еді? Сендер бірбеткей, ойланбай, арттарыңа қарамай, бұрап, майлап қойған машинадай, бұйырған бетпен шауып келесің. Бірақ осы ойланамысыңдар?

Ғани. Иә, партиядан қыңыр жайылатын ойды неге ойламайсың дейсің ғой? Әйтпесе Хасенов те, хасеновшілдік те болар ма еді?

Сыдық. Әрине, жоғарыдан айдар тағып беріп, осының артынан қалма деген соң, сен сенімін ақтамасқа бола ма? (Әбіш келіп тыңдайды.) Бірақ ат қоя білетін сен ғана екем деп ойлама. Өз атың кім сенің, білемісің?

Ғани. О не деген сөз? Ашып айтшы, кәне?..

Сыдық. Осы орынға отырып, дәрежеге ие болып көтерілгеннен бері қарай бір үлкен мәселеде бірде-бір өз пікірің, өз бетің болып көрді ме, осы? Сондайың болса, соны жарыққа шығарып, атап тартысып көрдің бе? Олай болса сенің атың кім болады?

Ғани. Ата, айт... мен сендей өз бетім деп байшыл, ұлтшылдар пікірін тасымаймын. Өтірік айтпаймын... Айтсам партиямен бірмін. Партия мақұлдаған пікірді айтамын.

Сыдық (кекетіп). Япырай, не қылып ғана туа қалған десеңші! Партия жолынан бірде-бір уақыт не артық, не кем түспес болар ма? Бірақ сонда шын үлкен, шын іргелі мәселені сенімен сөйлесе ме әуелі... айтып көрші?..

Ғани. Ә, бәсе, солай сөйле... менің сенімен де сөйлесуім керек еді. Жақсы аштың арманыңды... Сен ұйым адамдары, ұйым тәртібі туралы жау айтатын сөзге көшкен екесің. Бетіңнен жарылғасын... Енді, біл бірақ, сенің жолың ашық залалды... айқын жаулық жолына ауысыпты. (Записканы көрсетіп.) Келген, келтірген нәтижең міне... Сенімен кімше сөйлесу керек... ашылды...

Сыдық. Аяма, қорқытам дейтін шығарсың. Шырағым Хасеновтің ол үйренген қоқайы... Ондай сөз саған ғана құбыжық...

Ғани. Әрине, сенің жақсың мен батырың ұйым адамы, еңбекші жоқшысы болмасқа керек. Білеміз... Қайта кім соларға қарсы болса, соны батыр дейсің. Рас, біз ондай емеспіз. Ол сандырақтан кеткеміз... шүкірлік. Одан қазақтың саналы еңбекшілі, бағыты дұрыс партейці де кеткен бұ күнде... Қазір дерттен арылып келеміз. Сен қалсаң соны мақтаныш қылатын шығарсың,

бірақ игілікке қарай сен көп емессің?.. (Әбішке қарап.)
Солай ма, Әбіш? Сен не дейсің?

Әбіш. Маған Сыдықтың бұл пікірлері жат. Мақұлдай алмасақ керек.

Сыдық (Әбішке). Ә, солай ма? Солай шығар, әрине...

Әбіш. Әрине, бұлай деу адасу, шектен асу.

Сыдық. Айтарсың... айтарсың... (Ғаниға.) Бірақ сыншылымыз кейінгі өсетін жастар, кейінгі партейцтер болар. Олар сендер ғана соғылып шыққан қалыпқа соғылып шықпас.

Ғани. Ә, дәмеміз алыста... әрине...

Сыдық. Мезгіл пісіріп, толтырып шығарсын соларды. Сонда талай сені мен біз сияқты асылдар қайта бағаланар... Сонда көрерміз...

Ғани (күліп). Партейц деп бояған боласың. Одан да шыныңды-ақ айтсаңшы. Ұлтшылдар тарихшысы болса осы заманның тұрғысы мен емей кім дейтін сенсің ғой... Бірақ біз тарихтан жеке орын аламыз деп мақсұт қылмаймыз... Ескерткішім еңбекшінің, партияның бірігіп тұрғызған ұлы дүкені болса, бізге мақтан да, бәйге де сол. (Батырша, Сейткерей шығады.) Жарайды, біз бір-бірімізге қандық қой. Бұдан басқа сөзің жоқ қой?

Сыдық. Жоқ...

Ғани. Ендеше тоқтайық...

Сыдық. Тоқтатсаң тоқтат!.. (Сызданып жалғыз кетеді.)

3-көрініс

Ғани (Батырша, Сейткереймен амандасады). Иә, мен сіздердің екеуіңізбен де сөйлеспекшімін.

Батырша. Иә, бізді жаңа сіз керек қылады деген соң келдік.

Ғани. Мұндағы жайды сіздерге қайталап айтудың қажеті жоқ. Сіздер бұрынғы алашорданың басы қып жүрген адамдарының бірісіңдер. Соны көре-біле тұра біз сіздерге мүмкіндік бердік. Жағдай жасадық... Ол сын еді... Және пайдалы іс істей алса істесін деген сенім де еді... Ал, бүгін мынандай үлкен іс шықты. Жұртшылық көзіне сіздер бұдан оқшау тұрған кісі боп саналмайсыздар. Ол мүмкін емес... байланыстысыздар...

Сейткерей. Қалайша, немен байланысады? Тағы көленкеге қарап тон пішу ме, жоқ, дәлел бар ма? Әлде біздің жайымызға келгенде дәлел деген керек емес бола ма?

Фани. Өйтіп ақталу сізге де дағды болған шығар. Бірақ онымен ақталып, аршылып кету қиын. Сөздің қысқасы...

Батырша. Иә, бізден не тілейсіздер, соны айтыңызшы?..

Фани. Октябрь төңкерісінен бері 11 жыл болды. Содан бері сыртпен сыпайы кісі болып, ішті бөлек салып жүрген еппен айла, мақта мен білте дегендердің өрісі бітті. Енді бетті ашасыз. Шынды айтасыздар... өздеріңнің кеңес ісіне кіріскеннен бергі: жалпы бағыттан баска боп, өздерің боп тығып, тығылып, қарсылық істеп жүрген жайларыңды айтасың. Бұл күнде сол жанағыдай бар Қазақстан жұртшылығына мәлім жүрістеріңді теріс деп түсінесіздер ме, жоқ па? Түсінсеңіздер, соның төңкеріс үшін теріс, залалды мінез, залалды настроение екенін ашып айтасыздар... жараймысыңдар... бармысыңдар осыған... жоқпысыңдар... соған қазір ашық жауап керек...

Сейткерей. Бұл шарт қой... Олай болса ашып айтарсыз, істелмесе не демексіз?..

Фани. Істелмесе біз өз қорытындымызды жасаймыз. Бұл шарт, бірақ сауда емес... Біздің сіздермен бұл соңғы сөзіміз... Және бұған келтіріп отырған сіздердің іс, мінездеріңіз... Ең ақыры міне, мына бүгінгі институт мәселесі... Кәні, не дейсіздер? (*Батыршаға.*) Мысалы, сіз не дейсіз? (*Есен келіп тұрады.*)

Батырша. Сіздің бізге гана қадалғаныңыз қалай?.. Тіпті ұлтшыл біз емес. (*Өтірік күліп.*) Осындағы өздеріңнің коммунистерің десек не дейсіз? Ал, тіпті. (*Күледі.*)

Фани (*сұлқын*). Ол өз бетімен. Қазір сөз сіздер туралы.

Батырша. Олай болса шынды айтайын. Мен өзім сіздің бұл сөзіңізді дұрыс көрем. Тіпті осы жұрттың жаласы ылғи алдымен бізге жабылатын болса (*күліп*), одан да солардан аулақ болам... Тек сұрайтыным: бұдан соң не айтсаңдар, өзім істеген істі айтыңдар... Мен жасыңды да, коммунистіңді де білмеймін. (*Күліп.*) Тегі, осы не өзі? Кім ұлтшыл боп шыкса соның түбі біз боламыз

да отырамыз... Міне, мен айтамын енді... бірақ ендігәрі ұлтшылдарынды менен аулақ тарт. (Күледі.)

Ғ а н и. Дұрыс... қазір соныңызды сөйлейсіз ғой онда?

Б а т ы р ш а. Қазірге тым тығыз болды ғой... Дайындалуым керек елі.

Ғ а н и. Дайындалу қанша қажет?.. Сөйлейсіз... дұрыс па?

Б а т ы р ш а. Дұрыс...

Ғ а н и (Сейткерейге). Кәні, сіз не дейсіз?

Сейткерей. Мен не дейін. Мына кісі сөйлемек болды ғой... сол жетер...

Б а т ы р ш а (күліп). Жок, мен сен үшін сөйлемеймін. Менен аулақ, шырағым...

Сейткерей. Жок, қалжыңдамаңыз... Шын айтам, әрқайсымыз бірдей исповедываться ете бермей-ақ қояйық та...

Б а т ы р ш а. Жок, мен де шынын айтам, өз сөзіңді өзің айт. (Өтірік күліп.) Өзім топ деген жаладан құтыла алмай жүргенде сенің мынауың бір пәле ғой, жаным.

Е с е н. Е, солай, өзіңізге ермей бұлтақтаймын деген болса, жырып тастаңыз...

Ғ а н и (Сейткерейге). Кәні, не дейсіз?

Сейткерей. Менің бұл шәкірттерге адал, таза қызметтен басқа жазығым жоқ. Сондықтан бұл жерде шығып, жоқ қатаңды мойныңызға ал деу орынсыз деп білемін.

Ғ а н и. Сіз қияламай, анық жауап беріңіз...

Сейткерей. Анық жауап болса, мен бұл жерде сөйлемеймін. Сөйлесем Қазақстанда болатын өлкелік съезд, конференцияның бірінде сөйлеймін. Жалпы ұйымсыз оқығандардың, соның ішінде өзімнің де бұл күнге шейін болған мінез, ісіміз туралы жаңа көзқарас, жаңа сыным бар. Соны жұртқа түгел естілетін қылып, толық айтамын.

Е с е н. Ол керек болса, уақытында оны да айтасыз. Қазір мұнда да керек. Онда айтам деп бекінгенде енді мынадан қашасыз ба? Бұл түсініксіз ғой.

Ғ а н и. Сіздердің тіл емізулеріңіз жетсе керек осы. Толқуыңыз — бетті ашпау... Оныңыз да бүгін бізге қосыла алмағаныңызды көрсетеді. Не дейсіз?..

Сейткерей. Жок, шәкірттер алдында сөйлей алмаймын. Бұнда кінәлы емеспін.

Ғ а н и. Солай ма?

Сейткерей. Солай... Аяқтағы суга ағып өле алмаймын.

Ғани. Е, оны көрерміз.. (Сөзді тоқтатып, Есенге.)
Қәнс, жаңағы жолдастар бар ма, сөйлессейік! (Сейткерейлер тұрып кетеді.)

4-көрініс

Есен (сол жаққа қарап). Ей, жолдастар, бері келіңдер! (Әбіш, Оспанов, Қадиша, Темірбеков шығады.)

Ғани. Жә, жолдастар, қазір біз біраз сөйлесіп алайық... Мәселесі осының бәрінен шығарылатын қорытынды мен жаңа адамдар туралы...

Оспанов. Иә, шет жағасы шешілді ғой өзі...

Есен. Шет жағасы емес, бәрі де шешілді.

Ғани (үстелді қарындашпен тықылдатып). Сөздің қысқасы: біз директорды түсіріп, орнына әзірше мына Әбішті қалдырамыз... Жиылыс ашылған соң бұл естірітіледі. Екінші: жастар ұйымының хатшылығынан Малдыбасвты шығарып (бәрі Қадишаға қарайды), Қадиша жолдасты ұсынамыз... Ә, хатшылығында баяғы Есен өзі қалады. Оспанов директор орынбасары, Темірбеков әрі бюро мүшесі, әрі бар институттың әр жерінің керекті пресі (бәрі күледі) болады. Солай ма, жолдастар?

Қадиша. Солай. Ал, тазарту туралы қалай болмақ? Ол жайынан не айтылады?

Ғани. Тазарту: әнеугі бұдан шығарылған алты шәкірт, онан соң үлкен тізім бойынша өзге ВУЗ-дан 10 студент тазартылады...

5-көрініс

Малдыбасв келеді. Бұлар оған қарап тоқтайды.

Ғани. Иә?..

Малдыбасев. Мен осы жнылысқа біраз сөз айтсам деймін. Соны сіздермен согласовать етсем деп ем.

Есен. Иә, не айтпақ ең?

Малдыбасев. Мен қаталастым... Мына Хасеновтің әсерімен ұйым жолынан алыстаңқырап, адасып кеттім... соны мойныма алғым келеді...

Қаднша. Ә, ә, солай ма? Мен сенің мінезің туралы

бәрібір сөйлемекшімін қазір. Кеш те болса есіңе түскен екен ..

Темірбеков. Сөйлегені теріс болмас... Айтсын тындайық. *(Өзгелерге қарайды.)*

Ғани. Сөйле, жарайды, тындайық. Сенің мысалың бұл жұртқа жақсы сабақ болуы керек...

Малдыбаев. Білгенімді айтпақшымын өзім де...

Ғани. Жарайды... жарайды... Онда сөйлесін... Не айтатыныңды өзің біл. Біз нұсқамаймыз... Иә, әзірше... *(Тоқтайды. Малдыбаев кетеді.)*

Қадиша. Жә, осымен қатар мұндағы ұлтшыл ұйымсыздар туралы да бағыт беру керек қой.

Оспанов. Онан соң жаңағы Малдыбаевтай болмаса да, *(күліп)* ол өзімен кетсін, түрсіз, *(Әбішке қарап)* отағасы, шәкірттердің сізге қарап та біраз бөксе басты болғаны бар-ау... Сіздің шыны керек те, мәселенки. Сондықтан сіз де біраз өз жайыңыздан выступатътау дұрыс болмас па екен?

Ғани. Рас айтады. Әбіш, сен ең болмаса барлық уақиғаға салғырт қарап, шабандап қалғансың.

Қадиша. Ол рас... Сөйлеп өту керек.

Есен *(Әбішке)*. Иә, оны жұртқа айтқызбай, өзің істеу керек.

Темірбеков. Бұл қажет.

Әбіш *(басын изеп, салмақпен)*. Білемін. Мен оны өзім де ойлап жүрмін.

Ғани. Сол... *(Тоқтап, Қадишаға.)* Ал, анау ұлтшылдар мен бұндағы ұлтшылдық, байшылдық туралы бәріміз де сөйлейміз. Әлгі Батырша сөйлемек, ол сөйлесін. Бірақ шын ниет жоқ. Құлық. Бәрібір оның да құны шамалы. Тегі, бұлармен құдалық сөйлесе беруді тоқтатармыз.

Қадиша. Рас... Жетті, осылармен арбаса беру.

Есен. Түбі дұрысы сол шығар.

Ғани. Әзірше беттерін ашып, істерін жастарға әйгілете беріндер... Жә! Енді осымен тоқтаймыз ғой.

Есен. Болды енді... Меніңше басқа сөз жоқ...

Ғани. Кәне, аш олай болса қайтадан жиылысыңды.

Есен *(қоңырауды шалдыратып қағады)*. Жолдастар... жолдастар... орындарына, жолдастар! *(Алдыңғы қатарға жұрт отырып жатады. Қоңырау.)*

Шымылдық.

Сегізінші сурет

Сахна екі қатар. Жоғарғысы күн түсіп тұрған үлкен балкон. Жиегі перила. Төменгі қатар кішілеу коридор. Институт үйінің бір бөлімі. Жоғарғы балкон бойында қызулы, көңілді жастар. Топ-топ болып күліп, ойнап, ән салысып, ерсілі-қарсылы өтеді. Үстерінде мейрам киімдері. Анда-санда пионерлер топтары да өтеді. Бұларға комсомол жастар бастық. Төменгі коридордың жоғарғы жиегіне әндетін жүріп, ұрандар жапсырып жатқан комсомол қыздар, жігіттер топтары бар. Бір шетте жұпыны киім киген Оспанов бояужен ұран жазып жатыр. Анда-санда Темірбеков, Қадшалар да келіп, ұран жапсыруға жәрдем етісіп кетеді. Ұрандар бірінші май мейрамынкі. Балкондағы жастардың барлық қозғалысында 5-ші суреттегі көрініске қарсы шын үлкен ынтымақ, бірлік, қуаныш көрінеді. Шымылдық ашылғанда біразға шейін астыңғы коридор бос. Аздан соң Сүлейменов, Сұлтанов шығып, аңырып тұрысып, ақырын күбірлеседі.

Екінші жақтан (төменде) Батырша, Сейткерей шығады.

1-көрініс

Сейткерей (қол ұстасып амандасып, Сұлтановқа).
Иә, комсомолға қайта ал деп арыз бермек емес пе ең, бердің бе? Не деседі?

Сұлтанов. Берген болып ем. (Күліп.) Алмаймыз дейді.

Сейткерей. Е, кіндікке арыз беру керек. Іздену керек қой. Құр не шығар деп қала бермей, тартысу керек емес пе?

Сұлтанов. Соған тіпті жабыса бермек ниетім де жоқ. Шынына келсек (қозғалып), осы күнде ойымыз қайта басқа жақта... Сіздермен сөйлесейік дегеніміз соның жәйі еді.

Батырша (Сейткерейге). Сен қаламысың? Мен кетемін. (Жүруге ыңғайланады.)

Сейткерей. Жо, мен де кетем... Кішкентай тұра тұрсаңызшы...

Сүлейменов. Біз сіздермен аз сөйлеспекші едік.

Батырша. Не сөйлесесіңдер? Не сөз болушы еді?

Сұлтанов. Болады ғой азын-аулақ сөз. Үркесіздер ме өздеріңіз бізден? (Күліп.) Қалайсыздар?

Батырша. Ой, шырағым, бұл күнде ондай сөзді не қыласың. Тіпті үркетініміз рас... Көрмеймісің? (Жалтақтап.) Сендермен енді сөйлесуге де болмайды тіпті. Өздерің білесің ғой...

Сүлейменов. Е, құдай-ай, солай екен деп өле қалайық па? Бізді бәрібір сіздерге байлады. Біз қаша алмаймыз. Бұрын да қашқан емеспіз. Біз қашпаған соң сіздер қашасыздар ма?

Батырша. Қашу бәріміз үшін керек, білдің бе? Қашпағаннан не таптық? Табысың кәні, айтшы? Кешегі институт жиылысында мені сөйлеткенің бе? Айтар сөзім бе еді сол менің? Табысың сол ма?.. Не боп, не боп барамыз?

Сүлейменов. Е, ол табыс болмаса да, залал емес... Тіпті де залал емес... Несі бар?

Сейткерей. Жоқ, бұның бәрі олай емес... Впрочем, қалайда артық сөзге жол бермей, тегі сақ болу керек. Ол рас. Одан бәрі де жасырын бірдене істеп жүрген кісі жоқ. Мен солай деп түсінем. Сондықтан, әрине, таныстықтан қашуға болмайды...

Сұлтанов. Біз құр ғана таныстық емес... сіздерді бұрынғыша саяси басшымыз, сол мағынада ағамыз деп білеміз. Және сөздің шыны, қазіргі айтпағымыз тіпті солардың жаласын ақтайық дейміз.

Батырша (жылдам). О не деген сөзін?

Сұлтанов. Ол мынау: біз әзір азбыз... бірақ...

Сейткерей (күліп). Аз болғанда үшеу-ақпыз десеңші.

Сүлейменов. Жоқ, бар шығар, табылар тағы да!..

Сұлтанов. Иә, аз болсақ та біз сияқты наразы жастардың пікірін, көзқарасын бір араға жиып, жүйе жағынан негіздеп, дәлелдеп, түп бағытымызды айтып, бір саяси бет белгілемекпіз. Осыған не дейсіздер?

Батырша. Шырағым, сен не айтып тұрсың өзің? Мен ұқпайым ондай сөзді...

Сүлейменов (саспай, салқын). Қалайша дейсіз? Бүгін ұқпай қапсыз. Кеше ғана емес пе еді, осы дәл сіздің мына Сұлтановтарды жақсы жігіт деп мақтағаныңыз?

Сұлтанов. Ол ғана емес. Сөздің шынына келсек, мен осы настроениені сіздерден алдым. Осы бағытым сіздердің сөздеріңізден туған бағыт десем не дейсіз?

Батырша. Қой... қой... шырағым... Тіпті мына жастар қалайсындар сендер өздерің?

Сүлейменов. Япырай, олай сөйлеспейік те!..

(Қалтасынан қаттаулы қағаз шығарып ашып, Батырша Сейткерейге ұсынып.) Міне, осыны оқып, пікір айтыңыздаршы.

Б а т ы р ш а *(шошынып)*. Бұл не?..

С ү л е й м е н о в *(саспай)*. Бұл әлгі мына Сұлтанов айтқан!..

С ей т к е р е й. Қой, мыналарын не?.. Пәле ғой, шырақтарым, мыналарын.

Б а т ы р ш а. Жоғалт... жоғалт. Шапшаң. *(Тап беріп қағазға, Сүлейменовпен тартысып, бір шетін қос қолдап уқалап.)* Ендігі қалғаның жазылған документ беру ме?!

С ұ л т а н о в *(тап беріп Батыршаның қолынан ұстап)*. Е, қойыңыз әрі... *(Қағазды босатып жұлып алып.)* Сіз тіпті көлеңкеңізден қорқатынға жеткен екенсіз...

С ү л е й м е н о в *(басын шайқап күліп)*. Ә, өз жемісіңіз бұған жеткенде у көрінді ме? Бірақ осымен бізді жемдегеніңізді нетейік!?! Қалечить ету ме еді ниетіңіз?!

Б а т ы р ш а. Мен мұндай сөзге жоқпын. Айтқаным жоқ, мінски... Егер сөйлесем десе мына Сейткереймен сөйлесе беріңдер... *(Кетуге ыңғайланады.)*

С ей т к е р е й *(күліп)*. Тоқтаңыз... тоқтаңыз... *(Ананы тоқтатып, өзі де жүруге ыңғайланып.)* Сендер үркітіп жібердіңдер ғой. *(Батыршаға.)* Бір минут, мен де сізбен бірге кетем... *(Жастарға.)* Сендер бұндай сөзді қойыңдар... Бұл негізінде орынсыз, теріс. Біз, әрине, сендерге сенеміз, сондықтан айтамыз бұл маслихатты да Бұларың қай жағынан болса да лайық емес...

Б а т ы р ш а. Жүр... жүр енді... менің бір асығыс жұмысым бар...

С ей т к е р е й. Ал, кеттік. *(Жастарға.)* Иә, солай, шырақтарым. *(Екеуі де кетіп бара жатады.)*

С ұ л т а н о в. Жарайды... жарайды... *(Сүлейменовке)* Сенген қойым сен болса-а-ң... *(Ысқырады.)*

С ү л е й м е н о в. Осыны да «аға, аға» деп, пәленнің бастығы, пәлендей атағы деп кісім қып жүрді-ау... Не қасиеті үшін?.. Жұмбақ. *(Екеуі де үндемей тұрысады. Дағдарыс.)*

2-көрініс

Балқонға Темірбеков, Қадиша шығады. Маңайларына бірталай жастар оралады. Арттарынан шұбатылып қоса еріп жүрген Лала, Мүсілім енді Қадिशаларға келеді.

Л а л а. Бүгін Сыдық Хасенов кеткелі жатыр екен!

М ү с і л і м. Иә, жұрттың бәрі-ақ тастап кеткен көрінеді. Өзінде де бұрынғы нығыздықтың бәрі қалыпты...

Л а л а. Как же.

Қ а д и ш а (*Мүсілімге*). Олай болса сіздер қайдан білдіңіздер?

Л а л а (жылдам). Біз жаңа Рақышты көріп едік... Сол айтты.

Т е м і р б е к о в. Жұрт тастапты дейсіңдер... Рақышты қайтесіңдер?

М ү с і л і м (*күліп*). Әй, білмейім, ол да қанша бар-қадар тапты екен...

Т е м і р б е к о в. Е, не бопты?..

М ү с і л і м. Есітерсіңдер. Онша көңілді хал болмаған-ау дейім!..

Л а л а. Қойшы, Мүсілім! Сплетня айтқан кісі сияқты боп не керек!

М ү с і л і м. Жок, мен әшейін кеткелі жатқанын айттам...

Л а л а. Ну, кетсе скатертью дорога. Бізге не керек.

М ү с і л і м. Өзінің ісі контрольный комиссияға беріліпті ғой...

Л а л а. Ну, айттым ғой, скатертью дорога! (*Қадишаға*.) Қәні, енді болсаңыздаршы, жүрейік те демонстрацияға...

Қ а д и ш а. Қазір, қазір, жолдас Лала... Е, бәсе, осыны айтыңыз. Бірақ ана Оспанов бір ұранды бітіріп бола алмай жатыр... (*Лаладан басқалары ұранды алып шығып кетеді.*)

Л а л а (*жүгіріп үлгілдеп Оспановтың артына келеді*). Қашан бітер екен лозунгіңіз!?..

О с п а н о в (*артымен құбылып, артисше*). Бітер еді сіз вдохновить етсеңіз...

Л а л а (*қиналып күліп*). Қойыңызшы, сіз тіпті ылғи өстіп тұрасыз мені көрсеңіз. (*Жақындайды.*)

О с п а н о в (*бұрынғыша құбылып*). Білесіз бе, сүйтіп кетем тіпті...

Л а л а. Бітіріңіз. (Жақындап, иығына ентелеп.) Бітіріңіз енді... Однако, сіз қандай жақсысыз!..

О с п а н о в. Қо-о-йыңызшы. (Шұғыл бұрылып, кисточкасын Лаланың бетіне жағатындай былғақтатып, мұрнына төсеп.) Любить қыламысың? Сүй!..

Л а л а (қиланып шалқалап). Ах!.. Сіз неткен тентек.

О с п а н о в (омыраулап). Сүй... мұрымнан. (Төседі.)

Л а л а. Милый! (Шап етіп құшақтап, бетінен сүйеді.)

О с п а н о в (жұлқынып, теріс айнала беріп мазақтап). «Милый», ой, түрсіз! (Қадиша шығады. Лала жүгіріп кетеді.)

О с п а н о в (Қадишаға). Ал, ұрандар бітті. Мен үйге барып киініп, майша киініп, директор-миректорлар болбаса алдыма салып, сендер шыға бергенде қосыламыз.

Қ а д и ш а. Жарайды... (Кетіседі.)

3-көрініс

Төменде, алғашқы екі жігітке Мақсұт келеді.

М а қ с ұ т. Иә, жайларың қалай? Оқшауланып қалыпсыңдар ғой өздерің? (Күледі.)

С ү л е й м е н о в. Оныңыз рас... Жалпы күй сондай болса, оның үстіне жаңа Батырша мен Сейткерейді көріп, онан сайын жарнымыз ашып қалды...

М а қ с ұ т. Е, олардан не шығушы еді, тәңір... Бір нәрсе күтулерің өзі балалық қой. Маған айтқан сөздерінді де айттыңдар ма оларға?

С ү л е й м е н о в. Иә, солайлау деп едік.

М а қ с ұ т. Тегі, сол жазба белгіні жасауларың қата... Керек емес... бұрын да айтқамын.

С ұ л т а н о в (қалтасынан шығарып). Өзін оқыдыңыз ба?.. Таныссаңыз қайтеді?

М а қ с ұ т. Жарайды, кейін. Әзірше өзінде тұра тұрсын. Иә, олар қорқатын шығар...

С ұ л т а н о в. Ат-тонын ала қашады.

С ү л е й м е н о в. Қорыққанмен жан қалады дейді ғой.

М а қ с ұ т. Мен басқа қазақ болмаса бұл жүрген ұйымсыздарыңның ішінде көңіл тоятын кісі тапқаным жоқ. Шын саясат адамы жоқ. Ондай адам, ондай топты уақыт туғызады...

Сүлейменов. Е, сондай уақыт енді туған, болған жоқ па?

Мақсұт. Бәсе, болса өзгеге сенбе, сондай қасиетті өздеріңнен тап, өздеріңнен туғызындар... білдің бе? *(Бәрінің бастары түйіседі.)*

Сүлейменов }
Сұлтанов } Иә, иә, рас.

(Сахнаға әскери сұр киім киген үш кісі шығады.)

4-көрініс

Мақсұт *(оларды көрген жерден Сұлтановқа)*. Жырт!.. Жытыр!..

(Сұлтанов алып жырта бергенде үшеудің біреуі келіп қолынан ұстайды да, Мақсұтқа бір қолымен ордер береді.)

Әскери. Сіз ғой, Қарпықов?

Мақсұт. Бәсе, осылай болса керек қой. Иә, мен! Не бұйырасыз?

Әскери *(ордерді көрсетіп)*. Оқыңыз!.. *(Сүлейменовке.)* Сіздің фамилияңыз кім?

Сүлейменов. Сүлейменов!

Әскери. Сұлтанов сіз бе?.. *(Анау басымен белгі жасайды.)* Міне, олай болса. *(Екеуіне екі ордер береді. Сұлтановтың қағазын алып, қалтасына салады.)*

Мақсұт. Дұрыс... Пәтерімізге барасыздар ма, жоқ па?

Әскери. Ол кейін... әзір жүріңіз!
(Үшеуін де алып шығып кетеді.)

5-көрініс

Балконда Темірбеков, Қадиша, Оспановтарға Лала, Мүсілім жақындап келеді.

Мүсілім. Жаңа бір әскерлер Мақсұт пен Сүлейменов, Сұлтановты сұрап жүр...

Лала. Г... П... У... формасы бар үстерінде.

Темірбеков. Е, олай болса жаппақ шығар... *(Бірталай жастар, пионерлер сахнаға шығады.)*

Лала }
Мүсілім } Қойшы, қойыңызшы..

Қ а д и ш а. Е, несі бар еді? Дұрыс... барсын, ұлтшыл оқығандардан шынымен біржолата отказаться ететін уақыт жетті... Біз жаңа өмірдің жаңа адамын, жаңа оқыған ғалым, жаңа маманды оларсыз өзіміз жасаймыз... (*Жастарды көрсетін.*) Мыналардан жасаймыз.

Т е м і р б е к о в. Ал, кеткен кете берсін. Біз (*арттағы пионерлерді көрсетін*) жаңаның мына уыз көк балдырғанымен өзіміздің күншуақты бірінші майымызға барамыз... Қуанышымызды қарсы аламыз... Қамданындар... (*Бәрілері желікпен жеңіл басып жөнеледі. Арттарында Мүсілім, Лала салбырап қорқып тұрып қалады.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

Э п и л о г

Сахна ұзын террас. Шет-шеттерінде бірен-саран жеміс гүл ағаштары (шапталы, сирень). Террас шарбағының екі жақ шетінде бойлап шыққан шырмауық. Залға қараған беттерінде қызғылт гүлдер. Террасың артқы қабырғасы терезелер, есіктер. Терезелер шілтерлі. Алдарында құмыраға өсірген, гүл вазаларына орнатылған әр алуан гүл, букеттер. Террасқа үш пәтердің үш есігі шығады. Сыдық, Әбіш, Есен пәтерлері. Оң жақтағы есік Есендікі, ортада Әбіш, сол жақтағы Сыдықтікі. Әр есіктің жанында ақ асжаулық жабылған кішілеу үстелдер. Айнала екі-үштен орындықтар. Әбіш пәтерінің тұсындағы орындықтар тоқыма. Бұлардың ішінде, Есен үйі жағында тоқыма качалка да бар. Шымылдық ашылғанда Әбіш качалкада газет оқып отырады. Есен пәтеріне тиісті үстелдің жанында, залға сыртын беріп, сәнді аянақ киім киген адам аяғына бөтенкесін киіп жатады. Біреуін киіп, екіншісін бір аяғының басына іле беріп, үстел үстінде жатқан газетке көзі түседі де, соны бетіне алып, сырт қараған бойында отырып оқып қалады. Аздан соң орта есіктен Гуля жүгіріп шығады. Шашы, түс-қозғалысы асығып, үріккендікті білдіреді.

1-көрініс

Г у л я (*есіктен атып шығып, айналаға жалт-жұлт қарап, Әбішті тауып*). Әбіш! (*Жылап.*) Білдің бе не болғанын?

Ә б і ш (*саспай*). Иә, не бопты?

Г у л я. Сейткерей жездем мен Батыршаны жаңа арестовать етіпті.

Ә б і ш (*қолымен белгі қып*). Ыш-ш-ш!.. Болды, тоқтат, тілеуінді берсін... (*Теріс қарап отырған жігіт тыңдайды.*)

Г у л я. Қерегі жоқ сақтығыңның... Бұл қорқақтық!
(Жылап.) Сара тәтем кеп жылап отыр.

Ә б і ш (нервіленіп). Сақтығың не өзіңнің? (Гуля қарайды.) Токтат, тыңдағым келмейді оның жәйін, білдің бе?

Г у л я. Не дейсің, Әбіш? Жездеме, маған істеп отырған мінезің осы ма? Қалай едің?

Ә б і ш. Не тілейсің өзің? Не сөйлеп тұрғаныңды түсінемісің толық!?

Г у л я. Жарайды... Ең болмаса Сара тәтеме жұбату сөзін де табылмай қалғаны ғой... жақын-ақ екесің...

Ә б і ш. Онында әсіресе тыңдамаймын. Айтушы болма маған бұл сөзді!..

Г у л я. Неге, не бола қалды? Не болған өзіңе?

Ә б і ш. Әйелімсің, сөйлеспей болмайды... бірақ екеуіміздің арамыз бітеу, меңіреу қабырға ғой, тегі. (Кекетіп.) Не бола қалды? Сенше бола қалды ғана ғой... Ежелден, ертеден Сейткерей кім, мен кім?.. Әлде екеуі бір кісінің қыздарын алды, болды деймісің?

Г у л я. Е, тіпті өзің-ақ судить еткелі тұрсың ғой? Не үшін?

Ә б і ш (қатал). Менің сотым емес... Бұл күшті сот, тарих соты...

Г у л я. Соңғы уақытта не істеп еді? Не кінасы бар еді?

Ә б і ш. Рас, соңғы уақытта онда іштей бізге қарай толқу бар еді. Бірақ істе сытылып шыға алмады. Бұрынғы машығында қалды. Ана керексіз меңіреу тобынан үзіліп кете алмады... толқу ғана...

Г у л я. Оларды жек көруші еді ғой... Тым құрмаса сонысын білуші ең ғой!

Ә б і ш. Іштей, онысы да іштей ғана шығар... Міне, енді барлық басқан із, жүрген жолдың айқын, әділі, қажет нәтижесі!..

Г у л я (жылап). Не болады?.. Не болады енді...

Ә б і ш. Онысын өздері біледі... өз ішінен күш, сенім тауып, перелом жасауға жараса, сындырып қайта жасағандай: шығысы — батыс, батысы — шығыс болғандай өзгеріп, пайдалы боп шығуға жараса, кеңес соты жау тұғызуға отырған сот емес.

Г у л я. Сол-ақ па? Барың осы ма?

Ә б і ш. Сол... Впрочем, оның жайындағы сөз осымен бітті!.. Енді біржолата доғар...

Г у л я. Әбіш, не дейсін? *(Жылап.)* Япырай, мен қалай қаталасқамын сен туралы.

Ә б і ш *(террас шетіне кеп, бір шетке қарап)*. Болды енді... Бітті сөз... Онан соң әне бір Жәлел деген келеді... Айт, ашып айқыш ғып айт, мен принимать етпеймін... *(Есеннің пәтеріне келеді. Отырған жігіт мақұлдағандай басын изейді.)*

Г у л я *(жалғыз)*. Қысылғандағы... *(жылап)* жақын... Не қылған қаттылық! *(Отырған жігіт сыртымен үнсіз ақырын күліп отырған жайын көрсетеді.)*

2-көрініс

Жәлел шығады.

Ж ә л е л *(жымиып тұрып Гуляға иіледі. Гуля салқын, зорға амандасады)*. Әбіш әфенді үйде ме скен? Көптен көрмең ем. Бір жұмысым бар еді.

Г у л я. Жоқ, үйде жоқ...

Ж ә л е л *(жымиып тұрып)*. Иә, Сейткерей әфенді де алынған ба? *(Күліп.)* Основательно, основательно басталған бұл тазарту...

Г у л я *(ашуланым)*. Иә, немененізге мәз боласыз? Мазак па?

Ж ә л е л *(күлген бойында)*. Ә, ғафу етіңіз... Юсуф қари да арестовать етілген!..

Г у л я. Маған оның бәрібір! *(Теріс қарайды. Жәлел күлген бойында иіліп шығып кетеді.)* Табалай ма өзі?.. Мазак ете ме?.. Онбаған!.. *(Бұрқырап, ашулы басып үйіне кетеді. Отырған жігіт басын шайқап, «ха-ха-ха» деп күледі.)*

3-көрініс

Сыдық пәтерінен есікті қатты ашып, Рақыш шығады да, ренішті, ашулы жүзбен есікті жаппай, үйдің ішіне сөйлеп тұрады.

Р а қ ы ш. Қайтып қана ұялмайсыз? Мен ғажап болам...

С ы д ы қ *(көрініп, есік алдына кеп, саспай)*. Дауыстамаңыз, Рақыш, есітіп қояды мыналар...

Р а қ ы ш *(қатты)*. Керегі жоқ маған... Мен сізді аяп, күтіп болғам... Білсін қайта жұрт.

С ы д ы қ. Рақыш, Рақыш! Мен сізге ренжимін. Ойлаңыз не айтып тұрғаныңызды... Нені білсін дейсіз?

Р а қ ы ш. Сіздің қиянатшыл, опасыздығыңызды білсін деймін...

С ы д ы қ. Ол ауыр сөз... Оны айту ерте шығар, әлде... Қайдан білдіңіз... Өзіңіз үйге кіріңізші... *(Қолынан ұстамақ болады.)*

Р а қ ы ш *(қолын тартып)*. Ұстамаңыз... жетер енді.

С ы д ы қ. Неге айқайлайсыз? Сізге не болған өзі? Маған жолға қамдану керек. Уақыт боп қалды. Кіріңізші үйге! Мен сөйлесіп кетпекпін сізбен...

Р а қ ы ш *(қиналып)*. Не сөйлесуге, не айтысуға болады енді сізбен? Не істедіңіз? Не істедіңіз?..

С ы д ы қ. Не істеппін!?

Р а қ ы ш. Не істемедіңіз... Алдадыңыз. Кетіп, қашып барасыз енді.

С ы д ы қ. Мен әйелім, балам барын айтпап па ем сізге? *(Тоқтап.)* Сонда да...

Р а қ ы ш *(қатты)*. Немене сонда да?

С ы д ы қ. Сонда да айрыламыз деп тұрмын ба бүгін?

Р а қ ы ш. Солай демей не дедіңіз? Ісіңіз нені көрсетіп тұр?

С ы д ы қ. Мен ойланам деп ғана айттым... Сіз неге аяғына шейін тындамайсыз?

Р а қ ы ш *(жылап)*. Не қалды енді сізде тындарлық?

С ы д ы қ *(қолынан алып сипап, үйге таман апара жатып)*. Жүріңіз, үйге жүріңізші, сөйлесейік... Мен бұл күйде қалдыра алмаймын сізді... Аяймын.

Р а қ ы ш *(тез өзгеріп, салқын, қатаң, кекеткен жүзбен)*. Ә-ә-ә, солай дейсіз бе енді? Мейірімді кісінің маскасын кимексіз ғой. Жоқ, мен жанашуды керек қылмаймын. Мен сізді танып болдым. Кетерде бір-екі ауыз жылы сөзге нем кетеді деп, сонымен ерітіп кетпексіз ғой! *(Суық күліп.)* Мен неге жылайым әлі... Аярлық, қимастық ешнәрсе де жоқ... Міне, ақымақтық. *(Салқын.)* Жә, хайыр. *(Қолын береді.)*

С ы д ы қ *(қолын алып, жібермей)*. Жоқ, кетпеңіз... Мен қимаймын сізді:н

Р а қ ы ш *(қолын тартып алып)*. Жоқ, болды... Жетті... Қош. *(Жылдам басып жүріп кетеді.)*

С ы д ы қ, Рақыш! (Артынан бір-екі басып.) Рақыш!..
(Аниң кетіп қалады. Сыдық ойланп тұрып қалып,
баяулау.)

Все, что мило,
Все мимо, мимо..
Впереди
Неизвестность пути
Незабвенно, неизгладимо,
Неповторимо,
прости!

Солай ма? Солай емес пе? (Тағы кейін басып.) Со-
лай ма, солай емес пе? Ә, контрольная комиссия, парт-
следователь!?! (Үйге кіріп кетеді.)

Отырған жігіт Уа, дариға! Блок... ха-ха-ха!
(Бұрынғыдан қатты күледі.)

4-көрініс

Гуля шығып, ойланп отырып қалады. Күрсінеді. Аздан сон
извозчик кіріп, Сыдықтың чемоданын алып шығады. Артынан бір
түйіншекпен Сыдық өзі.

Гуля (көріп, бұрылып тұрып). Ә, жүрдіңіз бе?
Уақыт, жағдай өзіңізге мәлім, лайықты ретпен шығарып
сала алмадық...

С ы д ы қ. Жо-жоқ... бәрі мәлім ғой... (Тоқтап.) Әбіш-
тің өзін көре алмадым. Бірақ бәрібір сізге айтып кете-
йін... Мен осында көрген барлық қауымның ішінде аз
ренжіссем Әбішке ренжимін. Мен өзіме туыстас көруші
ем. Олай боп шықпады. Соңыма түскендердің басы бол-
маса да, солардың тобына кетті. Мен жеңілейін... бірақ
менімен бірге не жеңілді? Кім тоналды?.. Сіздердің айы-
зыңыз қана алар ма екен соған...

Гуля (жылап отыра кетіп). Әй, жездемді де ол ая-
майды. (Жылап қалады. Сыдық «хайыр» деп кетеді.
Гуля да үйге жүгіріп, кіріп кетеді.)

5-көрініс

Отырған жігіт «ха-ха-ха» деп күліп тұрып, халыққа бұрылады.
Ол Оспанов.

Оспанов (*күлген бойында декламациямен*),

О, Қлим!
Дела твои велики.
Но кто их хвалит,
Родня да два зайки.

Ха-ха-ха... (*Тоқтап.*) Жә, осыны мен қазақшылайын-шы! (*Ойланып, қолымен жест жасап, ілгері басып.*)

Па, шіркін, Қлим!
Ісіңнің сенің толысы-ай,
Бірақ мақтанышың кім?
Туғаның екі кекеш болыс-ай!..

Ха-ха-ха... (*Қолымен кеудесін қағып.*) Күреп жіберсе бізден бәлки ақындығыңыз да шығып кетер... білдіңіз бе... Ха-ха-ха... (*Бұл күліп тұрғанда Есен, Әбіш шығады. Екеуі де майша жақсы киінген.*)

6-көрініс

Әбіш. Сен немене жалғыз күліп тұрғаның?

Оспанов. Жәй, осында террасы да, гримасы да...

Есен. Өзің өлеңмен сөйлейсің ғой тіпті...

Оспанов. Иә, бүгін бізге ұйқастар қызығып тұр... (*Күліседі.*)

Есен (*Әбішке*). Иә, сонымен институт тіршілігінің түлегендей өзгеріп, серпіліп, тазарып, ісшіл боп кеткенін көремісің...

Оспанов (*аяғын сарт еткізіп, өзін көрсетіп*). Учебный частьке рапорт беруге рұқсат етіңіз: апрельде сабаққа келу 100 процент, бір кешігу. бір прагулсыз. Қоғамдық міндеттерді атқаруда екпінділік... Комсомол белсенділігі үш есе артты. Оқу белгілері бұрынғыдан жағалай 30 процент көтерілді... Оқушылар арасында қарысу, дау-шағым біржолата жойылды.

Есен. Міне, тәжірибе де нәтиже!.. Әсіресе осыларды өсіре, асыра отырып, өзіміз де өсеміз...

Әбіш. Дәл айттың... Жеке басымызда әлі сыналмай,

қалмай кете жатқан бірталай орасан міндер бар... Содан ары тамыз... *(Топтың әні, пионерлер барабаны музыкасы естіледі. Ән қазақша.)*

Е с е н. Шықты, міне, институт! Ал, жүрмейміз бе?

О с п а н о в *(тыңдап тұрып)*. Ақырын айтады... Солай айта ма екен? *(желініп, шырқап әндетіп.)*

Е-ей, шырқап сат .
Е-хе-ен, шырқап сат
Қадірлі майдың әшше!

(Бәрі күледі.) Солай айта ма екен, түрсіз?

Ә б і ш. Ал, кірдік тобына, ердік соларға!.. *(Үшеуі де жүре береді.)*

Ш И М П І Д И К .

АЛМА БАҒЫНДА
(АЛМА ПИСЕР ШАҒЫНДА)

*Үш актылы,
алты суретті пьеса*

А Д А М Д А Р Ы :

С а м а т — өсімдік жайын зерттегіш институттың директоры, жасы 25-те

Ә с и я — әйелі.

Ә л и — Саматтың ағасының баласы, аспирант.

Р а я — Әсияның ағасының қызы, оқуды жана бітірген маман.

К а т я

З у р а

С ә л і м

Ж ұ п а р

Ғ а й н ы ш

Х а л и л

Қ а с ы м

бәрі де жазғы тәжірибеде жүрген студент, аспиранттар.

Сәлім Мәскеу институтының аспиранты.

Қ о р д а б а е в Д ә у к е н — ескі қызметкер, Саматтың жақын туысқандарының бірі, (қонақ).

Р а б и г а — әйелі.

Ж ә к е н — қызметкер, Дәукеннің жолдасы, о да қонақ.

Ж а з е к е ц — әйелі.

А п а — Әлидің шешесі, қонақ.

К ө р п е б а й — бақтың күзетшісі

Х а с е н — ғылым қызметкері, Саматтың жолдасы

М а р и я И в а н о в н а — әйелі

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Алма бағы. Жас ағашты алма-жеміс бақшасының жаңа көгеріп, жайнап келе жатқан шағы. Ағаштардың ара-арасы көк шалғын. Сахнаның орта тұсында тұрған бір қалың бұтақты алма ағашы аз-аз сілкініп тұрады. Соның бұтақтарының арасынан Раяның беті көрінеді. Қасында Әли. Екеуі де жақсы киінген. Ағаштың екі жағында биік басқыштарда тұрып, жұмыс істеп тұр.

1-көрініс

Р а я (*ағашқа*). Тіршілікке соншалық құмар, қомағай.

Ә л и. Өзімізге тартқан болар ма әлде, Раечка?

Р а я. Иә, сенше алма ағашы өзіміздей, өзіміз алмаймыз да. Ешқайсымызда мін де, мүлтік те жоқ қой.

Ә л и. Дәл бүгін бағымызда мін жоқ.

Р а я. Мінсіз деп берік байлама!

Ә л и. Ендеше, алма кемшін де, өзіміз кемел шығармыз?

Р а я. Әй, білмеймін-ау, алма ең болмаса бізден гөрі өз күшіне сенімдірек те мықтырақ болмаса...

Ә л и. Өзімізді өзіміз тіпті жақтырмай қалыппыз ғой, бұл қалай?

Р а я. Ойлап көрші, бұнда біздікіндей Апа да, Дәукеңдей аға да, толып жатқан жеңге де жоқ. Өзінен басқа сүйенері де, сенері де жоқ қой!?

Ә л и. О не дегенің?

Р а я. Дегенім сол. Сенің мына жаңа келген туысқан-

дарың мені сынағыш, мінегіш, тіпті аңдығыш та боп ба-
рады. Аузымды ашсам сөзімді бағады. Аяқ бассам ісім-
ді, мінезімді мінейді. Өз араларында сүйреңдеген сөзі
де көп сияқты.

Ә л и. Ой, тәйір-ай, бәрі де бір болымсыз қазақшылық
мінездер ғой.

Р а я. Қазақшылық дегенің мінегенің бе? Жок, мінің
бүркегенің бе?

Ә л и. Елеп-ескеруге тұрмайтын ұсақ ескілік дегенім.

Р а я. Қазақшылық біздің қазіргі жағдайда көбінесе
сана-сезімнен кетпей жүрген ескілік қалдығының жалпы
аты.

Ә л и. Мен болсам, жақындардың жаманы бізге жұқ-
пас, тәуірі болса біз де үрікпеспіз дер едім де қояр ем.

Р а я. Тәуірі: баяғы феодал семьясының үлгілі келін,
үндемес қатыны жасап шығару ғой. Ол жерге аяқты бай-
қап басулары керек болар дейім. Осының өзі қалай, осы,
Әли? Осы жерде өзің қалайсың осы, ә?

Ә л и. Тым құнтсыз, жаман болмаспыз әлде!

Р а я. Неліктен солай дейсің?

Ә л и. Сен мені таңдадың ғой... Құнарсызын таңдап
алайын деген жоқ шығарсың.

Р а я (*күліп, арқаға қағып*). Дәлелің шебер... (*Көрпе-
бай байпаңдап, ақырын әндетіп шығады, ағаштар түбін
тазалап жүр. Қолында сыпыртқысы.*)

2-көрініс

К ө р п е б а й (*бұлаңдап, әндетіп*). Әй-гөй, әгә-гөй,
әгәй, әгәгөй-ау!

Заулатып мен келемін Көрпешбайын,
Ішінде козы-лақтың серке байың.
Жерінде бау-бақшалы өлендеткен,
Көйлек көк, тамағы тоқ ерке байың.
әгә-гөй-гәй, әгә-гөй-гәй.

(*Раяларға қарай ойнақылап жақындайды.*)

Р а я. Ағай, қалай, бүгін көңілдімісің?

К ө р п е б а й. Мәзбін. (*Аузының дәмін алып.*) Тәтті,
тым тәтті.

Ә л и. Иә, неменеге түшіркендің?

К ө р п е б а й (*Раяны иығынан сипап*). Білем, мен бі-
лем. Бүгін Балбала ұзатыла... (*дей беріп Раяға қа-
райды*).

Р а я. Тағы ескіңе бастың ба?

К ө р п е б а й. Ұзатылмай, үйленеді.

Ә л и. Онда мені қарық қылдың.

К ө р п е б а й (*Әлиді сипап*). Майда қоңыр ма? Майда қоңырым тегін емес бұным. Жат жаладан кісі жоқ екен, екеуіңе ғана айтайын, осыларың тапқан ақыл... Әй, тәтті, неткен тәтті.

Р а я. Әй, ағай!

К ө р п е б а й (*ағаш түбін тазалап кетіп бара жатып*). Әгәгай-гай, әгәгөй-гөй (*кетеді*).

(*Жастардың «Әли! Рая! Раечка! Әли! Ау-у-у!» деп үн салып жүрген дауыстары естіледі*).

Ә л и. Ал, Раечка, жолдастар келеді. Сен солармен осы ағаштарды қарастыра бер. Мен ана жақта үлкендер келмеді ме екен, біліп келейін.

Р а я. Бар, бірақ тез қайт. (*Әли кетеді. Катя, Халил, Қасым шығады, қолдарында басқыштары, қайшы, аспаптары. Рая ағаштың артына тығылып, айнала береді*).

3-көрініс

К а т я. Рая?! Ау-у-у! Раечка! (*Ағаштан өтіп кеткенде Рая артынан шығып «ау-у-у!» дейді, күлісіп құшақтасады. Катя мен Қасым, Халил де ағаштарға шығып, жұмыс істей бастайды.*) Раечка, мен сен үшін қатты қуаныштымын.

Р а я. Рахмет, Катенька... Бірақ менің күдігім тіпті көп. Осы тегі жақсы ма, дұрыс па өзі?

К а т я. Әрине, не сөз болушы еді? Бәрі де бір түрлі тамаша, сұлу. Шат дүние, лепірген жүрек. Қарашы, мынау айналамыздың өзі қандай сұлу! Не деген рахат, қандай тамаша, бақ біздің алма бағымыз...

Р а я. Бақ деймісің? Менің бақ турасындағы күдігім де мол-ау!

Х а л и л. Е-е, баққа не қыл дейсің?

К а т я. Бақ не жазыпты?

Қ а с ы м. Бәсе, өзің өнерінді күйеуге тиетін күніңе сақтап жүр ме едің? Бұ неменен? Айтсаңшы жаңалығыңды!

Р а я. Мәселе сол, менің әзір күдігім болғанымен тап басқан ұсынысым жоқ.

Қ а с ы м (*Халил екеуі қоса күліп*). Уа, ендеше той

өтсін. Шіркін, толқыған көңілдің шалқыған бір тасқыны екен. Тәңір берсе сабасына түсер. (*Файныш жүгіре шығады.*)

4-көрініс

Ф а й н ы ш. Әй, қыздар, балалар, сендерге мен бір тамаша жаңалық айтайын. Бізге Мәскеуден бір жігіт, бір қыз келді. Осында тәжірибеге келіпті.

Р а я. Немене, студенттер ме, аспирант па екен?

Ф а й н ы ш. Жігіті аспирант, ал енді өзі бар ма, бір түрлі сұлу, тамаша.

Қ а с ы м. А-а, қойшы, менен де жақсы ма екен?

Ф а й н ы ш. Сен бе, дәл оның жанында бар ғой, сен тіпті еркек те емессің! Бірақ көңіліңе келмесін.

Қ а с ы м. Әй, мүрдем кет...

Ф а й н ы ш. Рас-ей, киімі, түрі, өзін-өзі ұстауы бір түрлі ерекше.

Қ а с ы м. Қасқаң қылт еткізбейді-ау. Дәу де болса, қызығып келдің ғой. Құдай кәнікей, шыныңды айтшы!

Ф а й н ы ш. Шын, Қасымтай, жіп тақтым, менікі.

5-көрініс

Ф а й н ы ш. А, тоқтаңдар, эне, әлгі мәскеулік жастар келе жатыр. (*Жұрт бұрылады.*) Бері, бері қарай жүріңіздер, жолдастар! Біз мұндамыз! (*Алыстан Сәлім, Зура, Әли көрінеді. Сәлім ағаштарды қарап келеді.*) Өзі бағанадан бері бақты аралап жүр!

С ә л і м (*алысырақта әрбір ағашты қарап*). Апорт, лимон, сувислеппер, Лансбергтің ранеті ғой, сары белпелер! Иә. (*Жақындап келеді.*)

Ә л и. Мына соңғы екеуі экспортқа кететін сорттар.

С ә л і м. Иә, солай деңіз.

Р а я (*Сәлімді танып*). Сәлім! (*Қолындағы гүлі түсіп қала жаздайды, өзі ұстап қалады.*)

С ә л і м. Рая? (*Келіп амандасып, өзгелерге.*) Жолдастар, танысайық. Мына кісі Зура, Мәскеуден әдейі осында бірге келген жолдаспыз. (*Жағалай танысады.*) Рас-ау, біз келгенде «с корабля на бал» дегендей той үстіне келсек керек, ә? Қуаныш-қызық қайырлы болсын. Жаңылмасам, бұл мерекенің бір себепшісі сізсіз ғой, Әли? Ал, екінші жағынан кім десем екен? (*Тым-тырыс.*)

Мен мұнда өзге жолдастармен бұрын таныс емес едім,
әлде маған сіз жәрдем етерсіз, Рая?

Р а я. Жәрдем ет десеніз егейін де, «мен» дейін.

С ә л і м. А-а? (Тоқтап қап.) Солай ма еді? (Тым-тырыс.)

Д ә у к е н (жақындап). Е, Рая шырағым, бұл жігітін кім? Бұның не қылған Евгений Онегин өзі, ә?

Р а я (ыза бол). А, сіз солай дейсіз бе? Бәлки, дұрыс бастаған боларсыз, Дәуке... Ендеше, бұл кісінің Татьяна-сын да тауып берерсіз?

Д ә у к е н. Жолы болсын жігіттің. Татьянасы өзі-ақ оралар! Қайда кетер дейсің.

Р а я (Сәлімге). Қысқасы, мына кісі берген жаңа роліңіз қайырлы болсын, Сәлім.

С ә л і м. Жалғыз-ақ, қайырлы болуы үшін пистолетсіз, дуэльсіз болсын, Рая, мақұл ма?

Р а я. А, жақсы айттыңыз. (Екеуі күліп Дәукеңе сырт қарап кетіседі. Дәукең ашуланып тайып кетеді.)

Қ а т я. Ал, жолдастар, жаңағы ән қайда?

Ғ а й ы ш. Халил, әнші!

Х а л и л. Мен басын ұмытып қап тұрғаным.

Қ а с ы м. Ал, ендеше, «бағыстан». (Әлиді қолтығынан алып кеп, Рая екеуін ортаға шығарып, өзгелері айнала жүріп әндетеді.)

Х о р (әні).

Үлпілдек ақ балапан гүлім қандай,
Шадыман әнге басқан күнім қандай!
Маңғыстап асқар-асқар өмірімің
Қысы жоқ, ең өрісі жылығандай. (Қайыруы:)

Біз танбаймыз шабыстан
Тұсын табыс табыстан.
Жайнай гүлде, бағыстан, бағыстан!

Қуанышты қызықтай да білетін,
Тең-достардың сұлу, таза ниетін.
Құрметпенен, шыныменен қадірлеп,
Біз боламыз шат жүзбенен күлетін.

Жаңғыр біздің бағыстан,
Бақытқа қол алысқан
Екі жаспен табысқан, табысқан!

Бақытты бол, өмір болсын гүлстан,
Сүйген сергек, нәрін ұқсын гүлстан.
Таптым ғой деп қалғып қалмай орнында,
Қанат қосып, беттеп ұшсын гүлстан.

Күтеді сізден гүлстан,
Күндер өтсе жылысқан.
Гүл атады деп гүлстан, гүлстан!

Соңғы қайырманы айта жүріп, кезек-кезек Рая мен Әлидің қолдарын қысысады. Ән біте бергенде Көрпебай жүгіре басып шығады.

6-көрініс

Көрпебай (*секіріп, екіленіп айқайлап*). Агагөй, агагөй, әгәгөй, әгәгөй, әгөй, әгәгөй-ау. (*Жастар күліп ортаға алады.*)

Қасым. Қөшелі кісі-ау, қайырлы болсынды қалай айтады?

Көрпебай (*байпаңдай басып, сұңқ етіп әндетіп*):

Ал ендеше мен келейін Көрпебайың,
Ішінде қозы-лақтың серкебайың.
Екеуің үбірлі де шүбірлі боп,
Жаудыр көз егіз қозым айналайың.

(*Жастар «жігіт, маладес, кашайт, кашайт» деп кеп көтереді.*)

Әй, «шонданайым сынбасын», «әй, шонданайым! Шонданайым!» (*Жұрт тоқтайды.*) Ал енді Бал бая жақсы-ы. Майда қоңыр сай... Қандай тәтті. (*Кете береді.*)

Сәлім. Опырай, Рая, осылай екен, ә? Мен бұны күткен жоқ ем...

Рая. Мен де көрем дегем жоқ ем... Қалай өзгергенсіз?

Сәлім. Мені қойыңызшы, өзіңізді айтсаңызшы. (*Тым-тырыс.*) А, мен бақтарыңызды түгел аралап шықтым.

Рая. Иә, қалай екен?

Сәлім. Ренжімесекіңдер, алған әсерім онша емес. (*Жастар қоршайды.*)

Халил. Иә, мәнін айтарсыз?

Сәлім. Мәні сол-ау... Мен мына горсовет дачасының жанындағы Воронин деген шалдың бағын көріп ем. Мына бақтың болашағы содан қара үзіп кетпей ме, қалай?

Қатя. А, сіз Мичуриннің белгілер — рекорд деген бірінші сорт выставкелік алмасы қайдан шыққанын білесіз бе?

Сәлім. А, Недзведский алмасына анисовканы араластырудан тапқанын айтпақ шығарсыз...

Ә л и. Ендеше, сол Недзведский осы Алматының Ворониндей-ақ шалы болатын. *(Жастар күледі.)*

С ә л і м. Ол мысалы сіздерге пайда бермес, қайта маған дәлел болар. Мәселен, Недзведскийдің алмасында емес, Мичуриннің гибридизацияларында, ғылыми әдісінде шығар.

Х а л и л. Қалай да Недзведский, Ворониндер тәжірибесі де соншалық мұрнын шүйіре қарап, далаға тастай салатын тәжірибе болмағаны ғой.

С ә л і м. Ондайлар миллион, а Мичурин әзірше біреу-ақ.

Д ә у к е н *(Халил мен Қасымға)*. Әй, мынауын не деген нығыз неме өзі? Бойлауығын байқаймысындар?

Х а л и л. Әй, бір фантазер шығар.

Қ а с ы м. Е, жаңа келген арын ғой. Әуелде өстіп кердеңдеп кекжектей келмесе, іші кебеді мұндайлардың.

Ә л и. Сіз жаңа адамсыз ғой. Көргеніңіз тегі Воронин бағы мен біздің бақ қана болар. *(Халилдер күледі.)*

С ә л і м. Жоқ, біздің келгенімізге бірқыдыру болған еді. Біз Алматы тауларындағы жайын алмаларды да және сай-саласындағы мәдени деген бақшаларды да тегіс аралап шығып ек.

Ә л и. Онда бұл жердегі зерттеушілермен әңгімеңіз аз болғаны ғой?

С ә л і м. Оншасын өздеріңіз топшыларсыз... Мен Мичурин бақшасында бір жылдық тәжірибеде бола жүріп, Қазақстанмен байланысымды да үзбеп ем. Және біздің Наркомземнің тапсыруы бойынша Мичурин институтымен бірге, Қазақстанға арналған алма өсіру планын жасасып әкеп ем. Кеше Наркомземде баяндама болып, ұсыныстарымызды қабылдаған еді. Менің баяндамамда Самат ағай да болған. Зерттеушілер де аз емес еді. Сол мәжілістің артынан Самат ағай осында істеуге ұсыныс жасап, әдейі алып кеп отыр.

Р а я. Ә, Самат ағам ба? Онда әңгіме басқа болды. Бәсе, мен білген Сәлім осылай болса керек еді ғой.

Д ә у к е н. Е, алдың әні ұсына бастады де. Біздің келін жарықтық алдымен жапырылды ма?

Ғ а й ы ш *(бұларға)*. Шынында өзі тегін емес. Кісіні еріксіз тартатын бірденесі бар. Оригинальный жігіт.

Қ а с ы м. Әй, сіз де маман-ақсыз-ау, жазған, жұрт басқаны айтса, сіз қалқаны айтасыз, ә!?

Ғ а й ы ш. Ой, сөзің құрсын... Жаман деші, кәне...

Дәукен. Сен де бейімдейін деген екеңсің ғой! Айттам ғой, әлі талайың-ақ күйісіңнен жаңыларсың. Бұ да біздің Раяның ізіне тартсын...

Халил. Раяның әрқашан осындай бір жаңа сөз, жаңа поэзия әуесі қалмайды. (*Жұпар келеді.*)

7-көрініс

Жұпар. Ей, қыздар, ей, жігіттер, тоқтандар. (*Жұрт ақырады.*) Бүгін кешке той Бөтен кісілер, әралуан адамдар және үлкен ағайлар болады. Ұятты болып қалмайық. Шынды айтысайық. Мұнда бөтен кісі жоқ. (*Сәлім мен Зураға.*) Сіздер де енді біздің коллективтің аламысыздар. Пакрайнемер өз арамызда жеңілтек болмайық.

Қасым. Ал құп, болдың ба?

Жұпар. Біреуге біреу не болсын.

Катя. А, бұл да дұрыс.

Ғайныш. Ендеше мені осында бір жігітке прикрепит қыл өзің, әйтпесе кіммен билеймін? Міне, қызық.

Қасым. Бәрекелді, дұп-дұрыс, енді қайтсін?

Ғайныш. Ал болмаса, маған сен не бол, Қасым!

Қасым. Бірақ менің өзім де не ғой... Етегіме намаз оқыған кісі емес ем ғой. Жайды өзің білесің ғой. Өзім де бәлен батыр мықты кісі емес ем. Екеуміз қосылған соң бір қып-қызыл шатақ пәле бол жүрмесе?

Ғайныш. Қорықпай-ақ қой, кешті көңілді өткіземіз, Қасымтай! (*Бидің ишаратын жасайды.*)

Қасым (*о да былғаңдап*). Ендеше мен де сені бек жақсы көрсем...

Жұпар. Жолдастар, айттым, бастарыңды жоғалтпаңдар.

Шұбар топ болып үлкендер шығады Ортада Апа, қасында Рабига, Жәкен, Жазекен, Әсия.

8-көрініс

Апа (*Рая мен Әлиге қарай жүріп*). Қарақтарым-ау, ең болмаса бүгінгідей күні бізге келіп жүздеріңді көрсетіп, сәлем беріп кетсеңдерші. Сендердің қызығыңа келген мынау қонақтар, үлкен аға, жеңгелерің өздері іздеп жүріп зорға тапты. Олары несі екен жаман немелердің?

Ж а з е к е н. Ал бәлем, екеуіңе сөгіс те айтсын...

Р а я Жаманы несі? Түсінбеймін. Біз әзір той тойлап жүргеміз жоқ, жұмыс істеп жүрміз, несі жаман?

Ә с и я (күліп). Әй, тентек, шошыма!

Р а я. Ондайды мына мәңлі бала Әли түсінсін. Мен... (Сәлімге бұрылып.) Сіз жаңа Әлидің атын айттыңыз, бұрын таныс па едініз?

С ә л і м. Жоқ, Раечка, менің алғаш көргенім осы.

З у р а. Сіздер осы таныс боп шықтыңыздар, ә? Көптен таныс па едіңіздер?

Р а я Біз рабфакты бірге бітіріп ек.

С ә л і м. Иә, ол кезде көп жылдық жолдас едік, Раечка (Бұлар үлкендерді елемей, сырт қарай береді.)

З у р а (Жұпар мен Катяға). Жә, жолдастар! Бір көлденең мәселе. Осы сіздерде спорттан ештеңе бар ма, жоқ па?

Ж ұ п а р. Ә, спорт дейсіз бе, тоқтай қалыңыз. (Қолындағы мелкокалиберканы ала қойып, шетке қарап). Мынаң қараңдар! (Сығалап.) Бара жатқанда... топшыдан! (Атып қалады, жұрт сүйсінеді.) Дрозд!

Д а у ы с т а р. Уах, Вильгельм Тел!

— Ойбай, құралайды көзге атады. Құламерген.

— Дәл топшыдан тиіпті. Ұшып бара жатқанда түсіреді.

Ж ұ п а р. Алма бағының зиянкесі. (Зураға.) Мінески, жаман-жақсы болса да Вөршилов стрелогі деген атымыз бар еді..

З у р а (Катяға). Сіз ше!

К а т я. Мен альпинисткемін. Былтыр мынау Алматы биігін алған екі жүз комсомол жайын естіп пе едіңіз?

З у р а. Бәрекелді, әбден естігем.

К а т я. Сондағы бастаушы топтың ішінде біз де бар едік. Ендігі арманым Хан тәңірі... Ал өзіңіз? Өзіңіз кімсіз?

З у р а. Мен парашютистка едім!

К а т я. Тамаша! Ойбой, онда ер екенсіз ғой!

З у р а. Мәскеуде затыжной прыжке әзірленіп жүр едім.

Ж ұ п а р. Бек жақсы.

Р а я (Сәлімге). Ендеше сіз біздің бақ туралы жалпы алғанда не айтар едіңіз?

С ә л і м. Мен білсем, метод өзгеріп, жаңағы өзіңіз айтқан масштаб ұлғаю керек.

Р а я. Міне, бұныңыз дұрыс.

Ә л и. Иә, біз оқушымыз, оқушымыз ғой...

Қ а с ы м. Ұстаздық сөзге құлақ қақпас, көнбіс боп үйренгеміз де...

Р а я. Әли, Қасым! О не қылған қырларың?

Ә л и. Шама-шарқымыз сол-ақ дегеніміз ғой. Масштаб дейді ғой!..

Х а л и л. Оқушы болған соң оқиды да сол.

С ә л і м. Бір күндегі оқушы тағы бір сатыда оқытушылыққа айналуға міндетті болар. Оқуды мәңгі оқушы боп қалу үшін оқымаған боларсыз...

Ж а з е к е н. Ал, іздеген жастарды көріп көзіміз қанды дейміз де. Одан арғысын қайтеміз, солай ма, апа?

Ә с и я. Одан арғыңыз не?

Ж а з е к е н. Тек айтам-ау, келін. Сорпамыз қосылып жатқан жоқ деймін де. *(Күледі.)*

Бұлар бакты аралайды.

Х а л и л *(Сәлімге)*. Сіз әлде біздің бакта да Мичурин сорттарының бәрін егу керек демексіз бе?

С ә л і м. Мичуриннен оның зор масштабын үйрену керек демекпін. Мичурин генерацияларының мағынамақсатын түсініңіз. Әсіресе одан Отан қамын жеп, Отанды сүйеге үйрену шарт.

Х а л и л. Иә, ұран үлкен екен.

С ә л і м. Ол ұран да, программа да болады. Болмаса Алматыда апорттың, Поволжьеде анисовканың жақсы шығатынын кім білмейді.

Д ә у к е н. Шырақтарым, мен бұл шөп-шар маман емеспін. Бірақ осы сіздер жаңа генерация дегендерді айттыңыздар, бұларыңыз осы өзімше шағылыстыру мәселесі ғой. Мен мына жердегі қой совхозынан сол генерацияның онша дамымай жүргенін естимін-ау. Ал анау Кіші жүзде Кердерінің ішінде кер кеткен бай Еділбай деген бопты-мыс. Қазір біздің совхоздардағы жақсы қойдың аты Еділбай. Онан соң мынау Шу бойында болған кәдімгі қи табан Үйсін өсірген бір қой, тағы сол совхоздардағы екінші жақсы қой — «Шу қойы» деп аталады екен. Ал әлгі ағылшын, немістен келген шошқа қоймен шағылыстырғанда бірінші генерациядан арғысы қиқыжиқы боп кетеді дейді. Тегі Еділбай, неміс қырық пышақ боп үйлесе алмаса керек. Енді байқасам, осындағы мына

апорттың да сол өзіміздің жағдайдың дүмбе байы — Еділбай болмаспекен деймін-ау.

С ә л і м (күліп). Тайлақтың тұмсығын жұдырықпен тескен замандай толайым, ғылымды да кеудеңмен кескіңіз келеді-ау, ағай, ә? Әй, бірақ оған көнсе игеді-ау. (Күлкі.) Расчепление заңының алыс бір сарыны ғой! Бірақ, ағай, бұл мәселені шынымен толығырақ түсінгің келсе, қой совхоздары жайындағы алып-қашты лақапқа сенбей, олардың шын табыстарына бойлап қарап, үніле түсіңіз деп мәслихат етер едім. Биология ғылымы тегінде Мендель жүйесінен көрі тереңірек кеткен. Морганизм де бұл күнде толық қанағаттандырмайды.

Д ә у к е ң (Халилдерге). Байқаймысындар, мынау тегі әлі бәрінді мүйізімен қағады екен, соны білдім.

Х а л и л. Қорерміз әлі, біз де тісі шыққан баламыз.

Д ә у к е ң. Ынтымақтың кісісі емес, шырық бұзардың кісісі сияқты ғой өзі, тәрізі.

Қ а с ы м. Үндемей тұра тұрыңыз, аяқ алысын көрерміз әлі, алқыны қайтсын да.

Д ә у к е ң (күліп, көңіре). Е-е дендер, «Арқадағы ноғайды, қой бақтырған құдай-ды», тым құрмаса кеткен сол мал өсіретін мамандыққа кетпей, бұл шым-шытырығы көп шөп-шардың соңына несіне түстіндер дейім-ау, қыздар, ә?

З у р а. Сиыр сауып, қой құрттаудан шешеміздің сарала етек боп сарп ұруы аз боп па. Енді жарым-жартымыз гүл-жемісті де көрейік.

Ж ұ п а р. Уа, дұрыс, татымды жауап.

Р а б и ғ а. Дәукең сіздерге қалжындайды, балалар. Шынында бақтарыңыз өте жақсы, көрікті ағаштар.

Ж ә к е ң. Бәрекелді, жастар! Көңілді шығар сіздерге мұнда, солай емес пе?

Д ә у к е ң. Жастар көңілді, ағаш көрікті. (Жазекеңе.) Қысқасы, қызықтың тууы десенші бұл жерді. (Көпке.) Ал шынына келсең, алма деген қайдағы бір жаман шөп қой ит. Бек бір жаратпайтын асым.

Ж а з е к е ң. Ал, алма болмаса, мынау гүл, мынау көрікті ағаш әдемі бағын не дейсің?

Д ә у к е ң. Бұл бақтың сонау бір тұсын ағаш деген қудан тазартып, келістіріп тұрып, бие байласа. Мынау бір жерге әдемі алты қанат ақ үйді тігіп тастаса. Сонан соң дәл осы кезде бір піскен бағлан сойылып жатып,

сонау бір жер ошақтың басында самауыр бұрқылдап, бас үйтіліп, түтіні қоңырси шалқып, мұрныңа леп-леп ұрып тұрса десеңші...

Сәлім. Па, атқамінер ауылының қоңырси исі ме осы қалай? (*Жастар күледі. Күліп кекетіп.*) Бәрін айт та бірін айт, бесбармақтың жырын айт! Бесбармақтың жыры қалай-қалай қоңырсиыды десеңші.

Рая. Өте дұрыс айттыңыз, Сәлім, басқа жауап қажет емес.

Көрпебай (*күліп, Сәлімге*). Өй, тіпті тілеуің берсін айналайын. Тай тұмсыққа ұрғандай қып бір серейттің-ау. Ал бәлем, жат со сыйыңмен.

Халил. Е, сенікі не?

Көрпебай. Менікі сол. Осындай сере түскен серілер жесін деп тезек теріп, жер ошақ қазып, бас үйітіп күңіреніп өткен Көрпебай мен емес пе ем? Нем жоқ.

Дәукен. Сен де сондай-ақ ауылдан шыққан боларсың, бала?

Сәлім. Жоқ, айып болса да айтайық, ондай ауылдан шықпап ек.

Апа. Шырағым-ау, енді қандай жерден шығып ең?

Сәлім. Панасыздар ішінен шығып ем.

Апа. Құдай шебер.

Жазекен. Жетілген екен-ау, бақыр. (*Тамсанады.*)

Апа. Сонда да елің, руың бар шығар, балам, ә?

Сәлім. Оны да білген емен. Менің ол жайымды сен білуші едің-ау, Раечка! Есіңде ме, мен руымды да айта алмаушем-ау.

Рая. Біліп не қажеті бар? Тіпті керек те емес.

Апа. Ей, балам, бұның бір қырың болар. Тым болмаса руынды білмеуге неғып иланайын.

Сәлім. Оны өз еркіңіз білсін. Бірақ әкем 16-шы жыл фронтқа кетіп сонда өліп, шешем 18-жылғы ашаршылықта өліп, мен бес жасымда приютқа келіп түскем.

Жұпар. Жігіт, шын біздің жігіт, пақрайнемер! (*Жастар екшеле береді.*)

Жазекен. Ендеше бұған Раяның неғып шиыры қосылып жүрген?

Апа. Е, бірге оқыған да... Болмаса Рая өз қолымызда өскен, мына Әсия қандай болса, о да сондай. Әсия қандай жақсы боп шықты міні. Оны да сол болады дейміз ғой...

Дәукен. Е, сүйдемесең мына біреу панасызына ит ұқсасын...

Рая (бұл сөздерге құлағын салып тұрып Әсияға).
Өздері қандай жабысқақ, қандай былапыт. (Апаларға.)
Мен сіздердің қолыңызда өскемін жоқ, жалған айтпаңыз, пажалста.

Апа. Қалқам, әшейін айтам, айналайын. Өзіміздің баламыз, өскен жайын білеміз дегенім ғой әшейін. Оны шам қылмай-ақ қой.

Рая. Менің жайымды сіз білмейсіз. Білемін деп тобыңызбен өкініп қалып жүрмеңіз, ендеше.

Дәукен. Шырағым, не дегенінмен жетімдік пен панасыздық мақтан етер, тамаша қылар жай емес шығар.

Рая. Мен сендердей ұяда өскенше, Сәлімше ұясыз өскен артық десем не дейсіздер?

Дәукен. А, қарағым, ондайың болса әдейі мына Әлидің шешесі, аға-жеңгесі тұрған жерде айт. Ерегісіп, естірте айт.

Рая. Солай ма, өзге де шабақтауыңыз аз емес еді. Енді кеп бүгін менің де жетімдігімді бетіме басайын деген екенсіңдер. Біліңіздер ендеше, Сәлім маған қымбат адам. (Апаға қадалып.) Ал қайтесіңдер?

Апа. Айналайын, мейлің. Бірақ ұят болар, қоя қой, ашуланбай.

Әсия. Сіздер де балаларға реніш сала сөйлейді екенсіздер тіпті. (Раяға.) Сен де тоқта, болар.

Рая. Жоқ, керек емес. Тындамаймын (Әлиге.) Сен де жақсы екенсің. Өзің де осылар сияқтымысын, немене осы?

Әли. Раечка, менен өзім үшін ғана жауап алғаның әділ болар.

Рая. Өзің үшін болса, сен жамылшыны, ұяны керек етесің. Әлі де апаның баласы, ағанның інісісің. Үйшік-үйшік, күрке-күрке осы ма, тегі, екеуміздің бір-бірімізге ұсынатын барымыз?

Әли. Бар көріп сезгенің сол ғана болса, мен қайтейін, Раечка?

Дауыстар: «Қонақтар, қонақтар келіп қалды, жнылындар, жүріндер» Жұрт жөңкіліп кете бастайды. Дәукен мен Апа Раяны ұстап қалады.

Дәукен (Раяға). Сен тұра тұршы, шырағым! Осы жаңағы жұрт көзінше және мына анаңның алдында сон-

шалық атқуылдауың қалай? Әлде комсомолдың уставы байға тигенде солайша ұрыса, қағыса ти дей ме?

Рая. Япырай, сіздер қалайсыздар осы! Комсомолда не ақыңыз бар? Устав сізге не қылды? Бұ не деген сөзіңіз?

Апа. Шырағым келін-ау, Әлидің алдында және біздің көзімізше әне бір жетімек, панасызды төбесе көтердің, енді не дейік!? Әлдекімді жолдас ет те сол үшін жақынды да, жанкүйсрді де садаға қыл деген сөз ғой бұның. Устап демей не десін!

Рая. Ендеше комсомолдың уставы миллиондаған жастың өмірін, ісін, мінезін билейді. Әлдебір менің байға тиюім, сіздердің келін-пелінді болуыңыз содан артық боп па? Жолдасты қорғауым, ол үшін ренжіп күйінуім және өз басымның намысы үшін ренжуім сіздерге комсомолдық, уставшылдық боп танылса, ол тіпті теріс емес. Ендеше ол устав менің өмірімнің уставы.

Дәукең. Е-е, байға тимейсің тегі, уставқа тиесін ғой!

Рая. Байға тигенде уставтан кетпейтін боп тиермін.

Дәукең. Солай соқ, а біз әдепті, инабатты келін алатын шығармыз деп едік, комсомолдың агитпробшигін аламыз деген жоқ едік, солай емес пе, жеңеше!

Рая (*ашуланып*). Пошлость! Қайдан ғана кеп оралды осы бір пошлость! Қайда, қайда әлгі Самат ағам! Самат аға! (*Жөнеледі.*)

Шымылдық.

Екінші сурет

1-көрініс

Скига сол бақшада, Самат, Әсия тұратын дачаның жанында болады. Бұнда да алма, өрік ағаштары Бірнеше беседка, кен аллея, екі шеті газон, көк шарбақтар. Дәукең, Жазкең, Жәкең беседкада отырысады. Үйдің террасасында Әсия, Апа, әбігерде. Ыдыс-аяқ алып шығып, стол әзірлесіп жүр. Бір топ жас — Жұпар, Ғайныш, Қасым Апаларға жәрдем етісіп жүр. Осылар қасынан өте бергенде Дәукең сойлейді.

Дәукең. Өзінде тіпті жөнді көлсеңке де жоқ екен, мына алма деген итіңде.

Жұпар. Біз көлеңкеге тығылмаймыз, күннің көзін жақсы көреміз.

Дәукен. Күнді керек қылсаңдар, ана Түркстанға барып пахта айдандар, қыздар. Күн сонда мол деседі. Рас айтам. Уау, осында көлеңкесі бар ағаш бар ма, Жазеке, қарашы айналаңды.

Жазекен. Кім білсін, ана біреу болмаса.

Ғайныш. Ол алма емес, қара ағаш.

Дәукен. Е, пәлі, пәлі, үндеме. Өзім сияқты кәрі ағаш екен. Ей, балалар, соның көлеңкесі менікі. Мынадай жалпиған-талпиған, мегежін құсаған жаман, шардақы ағашты мәпелейсіңдер. Одан да Алматының сан зәлзәлесін, талай селін, мың пәлесін көрсе де, айылын жимай, қыңқ етпей келе жатқан сол батырыңды айтсаңшы. Өз заңы, өз бабымен келе жатқан. Бұл атасыз, тексіз емес, әлдебір оның өз дәстүрі бар. Сонысын күтсеңші, түге...

Қасым. А, осы ағай қызық кісі-ау, жарықтық. Байқаймысыңдар? Қалай дейсіңдер?

Жұпар. Иә, тым оригинальный көрінеді.

Ғайныш. Білгі «қыздар» дейді. *(Күледі.)*

Жазекен *(күліп)*. Е, қыз емей енді кім едің, шырағым-ау? Олай айтуға болмаса, енді дұрысын өзіңіз айта ғой. *(Күліп.)* О несі екен?

Ғайныш. Пәлі, мына кісінің сөзін қара.

Қасым. Қысқасы, бек сыпайы сөйлесіп, түсіністік те сүйтіп. *(Бұлар тая береді.)*

Дәукен. Тұрған бойлары жастық емес, бір құнтсыздық.

Жәкен. Маған да тіпті ажарлары бек ұнамайды. *(Апа келеді.)*

Жазекен. Ойбай-ау, әлгі келін болмыстың, Раяның түрін көрдің бе жаңағы?

Апа. Немене, келін, тіпті сынап та қойдың ба, шырағым-ау?

Жазекен. Өл де маған қайтейін, тіпті жерге кіріп кете жаздадым.

Апа. Түрлері де, сырлары да бөлек-ау, ендігі жастың. Тек тірі болсын...

Дәукен. Өздерін шетінен тамырын ұстап, араларын қағыстырып көріңдерші. Сезіп отырмын: шикілері көп, пәле де мол. *(Көрпебай шығады.)*

2-көрініс .

Дәукен. Уай, азамағ, бері тарт! (*Көрнебай келеді*).
Көрнебай (*Апаға*). Уа, қайырлы болсын. Үбірлі-шүбірлі болсын. құдағи.

Апа. Қайырлы болсын, мақұл-ақ, м!.. Құдағиыңа жол болсын, шырағым. (*Күледі*.)

Көрнебай. Е, қазақ сұраса келе қарын бөле шығады дейді. Одан да сұраспай-ақ құда-құдағилыққа бітім қылайық дейім.

Жазекен. Әнсі...

Апа. Оның да мақұл скен. (*Күліп*.) Иә, жаратқан ис!

Көрнебай. Иә, нэрүэрдигар.

Дәукен. Уай, азамат, сен қай русың? (*Жұпар, Қасым өтіп бара жатып тыңдай қалысады*.)

Көрнебай. Уа, түү, түү, сонау түбі: тырнақ атар Қаңлы, Сіргелі-Ноқталы, Ысты-Құрымды, Ошақты-Тарақты, Казанаяқ-табақты... Ал енді Ботбай, Шымыр, Сиқымы, Жаныс, Әлім-Бағыш, тарпа-қайыс — бәріне де тие берсін. Пісілде, алдау-әкпар!

Дәукен. Өй, арысым-ау, бұ не дегенің бұл?

Көрнебай. Сенгірім-ау, осының бәрі бір туысқан дегенім ғой! (*Саққ өтіп*). Иә, Райымбек ата!

Жазекен. Құдай шұнақ!

Апа. Алдам шебер!

Қасым (*Жұпарға*). Көрдің бе, ана арысыңның жүрісін.

Жұпар (*жетіп кеп Көрнебайға қалжың ретінде*). Өй, ымырашыл, баяғыны айтса жаны кіреді. Жаңаны сүйтіп ұқсаңшы. Әлі күнге лекбезді бітіріп бола алмай...

Қасым (*Көрнебайға*). Ал, бәлем, енді қайттің?

Көрнебай (*Жұпарға*). Уай, дөйдірім, әй, дөйдірім.

Жұпар (*бастырмалатып күліп*). А, мынандай сөз болса, жабыса кетеді. (*Көрнебай басын қорғағандй. Өй, дөйдірім, дей береді*.) Гнилой либералмысың. Өзің қалайсың осы?

Көрнебай (*саққ өтіп*). Бостай, погади...

Қасым. Е, бәсе...

Жұпар. Тегінде саглашатель боп, гнилой либерал боп кетпе...

Көрпебай (жарыса). Бостай погади, нетушка, нетука, нету саган! Е, сен орысшалағанда мен карап қалат деймісің?

Жұпар (*жақындап, шындап*). Немене, не қып жұмбақтап бұлдыратып тұрсың, Көрпеке?

Көрпебай. Үндеме, қызым. Бұлдырдың бәрі так осы қонақтан шықпасын.

Жұпар. Е, немене, бірдемесін көріп пе ең?

Көрпебай. Көрген ештеңем жоқ. Бірақ бағана әлгі Сәлім бала қоңырсыды деді ме, соны (*ішін көрсетіп*), осы арама түйіп қап ем. Өзге болмаса да тап осындай жақтан шыққан иісті Көрпебайдың мұрны сезуші еді. Өз тілімен сөйлесейін, кішкене еркіме жібере тұршы, айналайын әке!

Жұпар. Ал, құп. Мейлің.

Қасым (*Жұпарға*). Әй, Жұпар, жүр, қонақтар кеп қалады, әйдә! (*Кетіседі.*)

Дәукен. Әй, осы мына біреуің сау сиырдың жапасы емес?

Жазекен. Осы бақшаның тақ бар сырын осы біледі. Өзің мұнда кел, мұнда отыршы. (*Апамен екеуі қасына отырғызады.*) Мынау бақтағы жастардың жай-жапсары, жақсы-жаманы сенің көз алдында, алақаныңда ғой. Айтсаншы бізге, кімі қалай деймін-ау?

Апа. Е, айтады ғой, айтпай оны езіп ішсін бе?

Жазекен. Ендеше, кәне айтсаншы...

Көрпебай (*саңқ етіп, екі көзін қылиландырып, қадалып*). Трраллай, трту, некене құмыр, аран-апшы, назнайқұм, өтегене шотайым-ау болды!

Жазекен. Ойбай, нақұрыс!

Апа. Ойбай, құдай сығыр... Мынасы кім еді, бетім-ау?!

Дәукен. Е, ол айтам дегені ғой, ұқпайды екенсіңдер-ау!

Жазекен. А, ал, ендеше сен аңдап, байқап сезгенінді бізге айтып тұр деймін. Сен бәрін білесің. (*Күліп.*) Мына ішінде ит өліп жатыр ғой, кәпір. Айтасың, ә?

Көрпебай. Тот дорога тода пайдот, тот дарога сода пайдот, таралейке кәрі пайдот, майсыз арба, жолсыз жерде шақұр-шұқыр кода пайдот? (*Кетуге айналады.*)

Жазекен. Е, айтады енді.

Апа. Е, көнді ғой.

Қөрпелбай (*кетіп бара жатып*). Әггөй, әгөй-гөй!
Әггөй, әгөй-гөй бәсе, айтам ғой қоңырсыды деп (*кетеді*).

Самат, Хасен, Мария Ивановна шығады.

3-көрініс

С а м а т. А, міне, таныс болыңдар, біздің туысқандарымыз, қонақтар. (*Танысады, келгендер Анаға, басқаларға қайырлы болсын айтысады.*) Әсия қайда, Әсия! (*Әсия шығады.*)

Ә с и я. Немене, Самат, қонақтар кешікпес пе екен?

С а м а т. Келе жатыр, қаладан келетіндер де шығыпты. Ал, Әсия, балалар қайда? Маған неге келмейді олар? Мен екеуіне бірдей әке халындамын ба, қалай осы. (*Күледі.*)

Ә с и я. Болса қайтушы еді? Олар басқаны керек те қылмайды.

С а м а т. Е, мыналар ше? (*Дәукен мен Анаға.*) Қалай, жастарды көрдіңдер ме? Бұнда ылғи білімді, өнерлі жастар, оны білемісіңдер.

Д ә у к е н. Көрдік қой, Саматжан! Шетінен біртүрлі бір жақсы, уыз жастар... тәрбиелі, білімді, тіпті өзіміздің жаңа заман, жаңа салттың бір гүл атып тұрған жастары екен.

А п а. Тек өмір жастары ұзақ болсын.

С а м а т. Ну, жарайды, жарайды. Ол сыйынуың өзіне, ішінде болсын, білдің бе?

А п а. Ішінде болсын деп неге ішімде болады, қалқам-ау? Келінді-балалы боп мен де бір қуанайын да.

С а м а т. Алда жазған-ай! Келін-пелін дегенің әлі жүрмеді? (*Мария Ивановнаға.*) Ну, біздің аспиранттардың бақшасы қалай көрінеді? Араладың ба?

М а р и я И в а н о в н а. Ғажап, тамаша. Алматы негекен жақсы! А, таулар, таулар қандай, ә?

Х а с е н. А, жастар ше? Сондайлық мәдениетті, білімді, Мария Ивановна. Оны тіпті мен сөз қылуға да батылым бармайды. (*Күліп.*) Шыным, ол бір осал жерім.

С а м а т. Немене, айт! Әлде көзің қызыға ма?

М а р и я И в а н о в н а. Шетінен әдемі, тіпті қызығам да, қызғанам да. Өз жастығым есіме түсіп мас қылғандай әсер етеді. Тіпті, Хасен, маған қырын қарасаң да мейлің. Бірақ мына жерде, мынандай көктемде, тіпті екінші рет ғашық болса да обал болмас па еді деймін. (*Күліседі.*)

Хасен. Несі бар, әлде құдай берер де! *(Дәукең мен Жәкеңнен басқалары терраса жаққа аяңдап кетіседі.)*

Дәукең. Иә, айтарсың. *(Жәкеңді түртіп.)* Жаным-ау, қанды басың бер тарт десенші енді.

Жәкең. Үндеме дейім, Дәуке, тек ішің білсін.

Дәукең. Жоқ, мыналардың бірде-біріне жіп тағайық та, Жәке-ау! Қайсысын ұнатқандайсың тегі?

Жәкең. Өте орынды көтерілген мәселе-ау, ә? Өз құлқыныңыз қайсысына шабады екен? Иба қылдық!

Дәукең. Қабыл қылдық ендеше анау Ғайнышын.

Жәкең. Біз онда қалғанын аламыз ғой, ана Мария Ивановна дей тұрайық. Таңғы тамақ тәңірден деп, тағысын тағы көре жатармыз.

Самат пен Хасен қайта аяңдап келе жатады, қолдарында газеттер.

Самат. Ал өзің қалайсың? Мен сені бір үлкен ғылыми еңбек жазып жатыр деп естіп ем, рас па?

Хасен. Үлкеннің ауылы алыс қой, кім боп шығар, көрерміз.

Самат. Е, сонда да қалай келеді?

Хасен. Әйтеуір, бір қос істеліп келеді, әзірше?

Самат. Жақсы, жақсы, тілеулеспін, ал мазмұнын айтшы. *(Өтіп кетіседі.)*

Жәкең. Е, сүйтіп мына Хасен де бұнда боп шықты ғой, ә?

Дәукең. Өй, осы бір кітап жазатын ушоный-пушоныйлардан және ана бір ақын, жазушы дегендерден аулақ болсам екем.

Жәкең. А, мен өзім онсыз да аулақпын. Тақ мына латын шыққалы бар ма, қазақ кітабы дегеніңнің ныспы бетіне қараған пенде емен.

Дәукең. Пәле, пәле-е, тап маған тартқан екенсің. Жауып қой, не бар дейсің сонда! Қарама.

4-көрініс

Самат. Ә, бала, бакты араладың ба? Қалай дейсің!

Сәлім. Өз орнында, бүгінгі халы жаман емес-ау, Самат аға. Бірақ кешегі баяндама, кеше өздеріңіз жасаған нұсқау бағыттар бар ғой. Сол жағынан қарағанда қанағат қылмаймын.

Самат. Қанағатсыз болғаның жақсы.

Сәлім. Мұнда жалғыз-ақ әуелден бір-ақ негізді

жайларға толық келісуіміз қажет. Ол дұрыс белгіленген жаңа методика, екінші содан туатын масштаб, үшінші — бата қимылдайтын жаңа тәжірибелер.

С а м а т. Міне маған осы екпінің ұнайды. Бәсе, осы сендер тіпті, тас кешуді қарш-қарш басатын әрге басқан буын емеспісің? Сендер бізге келіп жас ұраныңды салып, жаңа шарт, талабыңды омыраулай кеп сөйлегенде, осы біз қысылып қалуымыз лайық қой. Сендердің лебің мен үніңнен өмір тізесің, өмір напорын сезінуіміз керек қой. Ал жалғанда оқуын оқып, жетеріне жетіп аяп кеп, енді соның артынан тағы да «мен Қазақстан қазағы едім, мен артта қалған ұлттың баласы ем» деп кеп емініп, скидка сұрап, «өмір есігін ашып бер» деп өз дәуіріңе, өз келешегіңе — жас мысықша мияулап кірген жастан сақтасын. Ғылымды білдің бе, іске келдің бе? Ендеше соның екеуінің де есігін иығыңмен серпіп ашып, буыныңды берік ұстап кір.

С ә л і м. Самат аға, жақсы айтасыз. Өзім осы арадан, әрі айдаушы, әрі өзі тартушы болатын жақсы аға таптым ба деп отырмын.

С а м а т. Сенің екпінің жақсы, серпінің ұнайды. Мен саған тағы бір сыр айтайын, жалғыз-ақ өзің мақтаншақ емеспен, тегі, мұрның көкіріп кетіп жүрмесін, сенің кешегі серпінің біздің наркомға да ұнады. Ал, бақ туралы ұсынысың бар ма? Тығыз істейтін шаралар жоқ па?

С ә л і м. Бәсе, бар еді. Мен әсіресе мына гүлдеу алдында екі түрлі тығыз іс істер едім.

С а м а т. Айтшы, кәні. *(Жастар даусы шығады.)* А, кішкене тұра тұр, мыналар кеп қалған екен...

Д а у ы с т а р. Жастар, жастар келеді! Жастар келеді.

Жастар шығады, ортада Рая, Әли, кастарында Зура, Халил, Катя, Ғайныш, Қасым, Жұпар. Үлкендер алдарынан гүлдер атып қарсы алады. Апа мен Жазекен шашу шашады. Күлкі, шу. «Қайырлы болсын, көп жасандар».

5-көрініс

А п а. Қайырлы болсын, қалқаларым, өмір-жастарың ұзақ болсын. Ата-енеңнің жөрелгісі. *(Шу, күлкі.)*

Р а я *(қолын көтеріп)*. Токтандаршы! *(Жұрт тына қалады. Жылдам ілгері басып кеп.)* Самат аға, қайда жоқ боп кеттің? Маған сен қажетсің.

С а м а т. Мен мұнда қонақтармен болдым, немене?

Р а я (қолынан тартып Әли екеуін бері шығарады).
Бері жүр! (Артта жұрт ақырындап әндетіп жатады.)

С а м а т. Жұрт қайырлы болсын дап айтып жібермей
жатыр (Жылдам басып Әсия келеді.)

6-көрініс

Ә с и я. Қаладан үш машина келді. Қонақтар түсіп
жатыр. Самат, алдынан шық, бол. (Әли мен Раяға.)
Сендер енді осында болсаңдаршы, жұрт қайырлы бол-
сын айтады.

Р а я (ызаланып). Қайырлы болмай-ақ қойса екен
осы.

Ә с и я. Не дейсің сен, Рая?

С а м а т. Не дейді?

Р а я (Әлиге). Сен де мақұл көрмейсің ғой, қояйық.

Ә л и. Нені айтасың, Раечка?

Р а я. Тоқтат дейім бәрін. Мезгілі жетпеген іс екен.
Доғарайық бәрін.

Ә л и. Ә, олай болса мақұл шығар.

Р а я. Неге олай дедің? Сен не оймен айттың?

Ә л и. Ең әуелі сен риза болмағансың бітет те, Рая,
тартып алам ба?

Ә с и я. Бұларың не? Жұртқа не дейміз? Рая, Әли, не
айтып тұрсыңдар? Анау ел бетіне не деп қараймыз?

С а м а т. Қоя түр! (Раяға.) Шын ба осыларың?

Р а я. Шын.

С а м а т (Әлиге). Сөз осы ғой?

Ә л и. Осы болғаны ғой!

Ә с и я. Ұят-ай, біз ұялатын болдық қой!

С а м а т. Әсия, тыныштал (жастарға) ендеше, шын
болса ықтиярларың. Піспеген сөз болса асығудың ешбір
қажеті жоқ. Көңілдерінде биттей бір ақау болса, өздеріңді
зорлап қосылу санасыздық болар еді.

Ә с и я. Тым құрмаса ерте неге айтпадыңдар, ұятты
қылмай.

С а м а т. Подумаешь, ұят! Ұят деп өмірлерін шірітпек
пе екеміз? Болды. Бар ұятты мен өзім көтеріп аламын.
(Екі жасты құшақтап тұрып.) Жалғыз-ақ, жолдастар,
бір ғана тілегім, мынау жәй іс жүзінде, қоғамдық еңбек-
те біріңе біріңді жау етіп, өш қылып жібермесін. Олай
болса, заманыңның жастары бола алмағандарың.
Ал (екеуінің бетінен кезек сүйіп) енді азатсыңдар, ре-

нiшсiз, шатақсыз айрыла берiндер. (*Рая бұрылып кете барып анадай жерде отырған Сәлiмге оралып тұрып қалады. Әли басын ұстап, аяғын сандала басқандай. Артта халық молайған, Самат соларға бұрылып.*) Иә, қонақтар! Достар! Сiздерге бiр шетiн жәйдi мәлiм етейiк. Әсия екеуiздiң еркiмiзден тыс себеппен бүгiнгi мәжiлiстiң мазмұны өзгердi. Қысқасы, сiздер жәй қонақсыздар, тойшы емессiздер, той жоқ. Бастаған бiз емес едiк, тоқтатқан да бiз емес. Жастардың қалауы солай болды.

Д а у ы с т а р. Не дейдi? Бұ қалай? Бәрекелде, мiне, қызық.

7-көpiнiс

Самат, Сәлiм, Рая, Әли, Жұпар.

С а м а т (*Сәлiмге*). Сәлiм, сенiң жаңағы екi тығыз шара дегенiң не? Аса тығыз болса мына қонаққа айналыспай тұрып, iс iстете берейiк. Әй, Көрпекбай, берi кел! (*Көрпекбай және Зура келедi.*)

С ә л i м. Тығыздығы сол, тiптi қазiр де болса iстете беру керек.

Ә л и. О неменелер?

С ә л i м. Бiрiншiсi, мына бақтағы жасы бiркелкi ағаштардың бәрiнiң бiрдей бойы тең емес. Кейбiреуi өсуден кенжелеп қалған.

С а м а т. Онысы рас.

С ә л i м. Сондайларға, мына гүлдеу алдында азотпен удобрение жасау керек. Сернокислый аммоний жарайды.

Ә л и. Ал, тағы не бұйырмақсыз?

С ә л i м (*күлiп*). Әли, олай деменiз, бұйырмаймын, мәслихатым ғой. Екiншi, ағаштардың бұтағы жиi. Көп алмаға күн тимей, бояуы нашар болады. Сортты төмендейдi. Бұтақтардың бiрталайын кесу керек! Бұл жөнде Американың лидерный системасы бұтақтар арасы 20 сантиметр болсын дейдi. Немiс Гашек системасы бес сантиметр болсын дейдi. Бiздiң тәжiрибе бойынша бұтақтар арасы он — он екi сантиметрден болғаны әбзәл деймiз. Ертеңнен бастап, солайша күзеуге кiрiсуiмiз шарт.

С а м а т (*Р а я ға*). Жә, бұны сендер не дейсiңдер?

Р а я. Мен осы баққа жасалатын жаңа тәжiрибенiң бәрiн құптаймын. Бұнысы дұрыс.

С а м а т (*Әлиге*). Сен не дейсiң?

Ә л и. Мен қарсымын. Ойлану қажет, талқылау керек.

Келе салып оиды-солды жапырмай тұра тұрындар.

Сәлім. Менімше, оған қарсы болу лайық емес.

Әли. Тіпті бәрі де орынсыз, ұшқары ұсыныс.

Сәлім. Жоқ, мен ұғынып, ойланып айтып тұрмын.

Самат. Мен Сәлімнің ұсыныстарын қостаймын.

Әли. Мен қарсымын, қарсымын деймін.

Жұпар. Әли, сенің осы арада жаңалық дегеннің барлығына тартыншақтық етіп тұрғаның қалай осы?

Рая. Сәлімнің дұрыс сындарына, пайдалы ұсыныстарына қарағанда біздің бұрынғы тәжірибеге жабыса беруіміз бақ, бақ үшін деген сияқты ғана боп қала ма дейім.

Әли. Е, бақ, бақ үшін болмай, бақас үшін болушы-ма еді?

Рая. Бақ тәжірибе үшін болар, Әли!

Әли. Тәжірибе болса, міне, осы бақ бүкіл Алматы маңындағы бақтың тәжірибе бағы. Одан артық не тілейін деп ең?

Сәлім. Одан ары ма? Одан ары бек көп тілейік деймін. Ғылым тәжірибесінің бар терісі, баршама-шарқы Алматы маңы ғана болса, ол тіпті обал болар еді. Біз осы арада мына өскен ағаштарына жаңағы харекеттерді істейміз де екіншіден тезінен кем қойса бүкіл Қазақстан көлемінде нәтиже беретін талап тәжірибелер жүргіземіз.

Әли. Оның бәрі әзірге фантазия. Ер болсаңдар, әуелі Алматы бақтарын қарқ қылып алыңдар. Аспандамай жерге түсіндер. Бұнда Америка маманымен тартысып тұрған жоқсыңдар. Мен де кеңес ұлымын. Құрғақ үгітке тіл беземей ғылым мен тәжірибеде қараңдар.

Сәлім. Бәсе, сол ғылым екпін мен масштабты тілейді.

Әли. Ғылым ең алдымен бес жылдық тәжірибеге түкірмеуді тілейді. Мен бұндай үстірт, асқақ, зорлық ұсыныстарға көнбеймін.

Самат. Бала, сен ақылмен шешіп тұрған жоқсың, ашумен айтып тұрсын. Сондықтан қателесесің. Көрпебай бар, жұмысшыларыңды түн бойы ана аласа ағаштардың айналасын қазуға сал.

Әли. Ал, ендеше маған десе өртеп жібер *(кете береді)*.

Жұпар *(Саматқа)*. Самат аға, мына жерде жан жүйесіне жүйрік адам керек боп қалды. Өзіңіз кіріспесіңіз болар ма екен?

С а м а т (*Әліге*). Әй, балам, жүр, бері жүрші Екеу-
міз бір аға, бір іні боп қабырғамызға кеңесейік (*қолтық-
тап ертіп кетеді*).

8-көрініс

Р а я (*Сәлімге сөйлейді, бұларға Жазекең, Дәукең,
Апа қарап тұрады*). Сәлім, біздің бақтан не күтіп едіңіз?

С ә л і м. Раечка, мен бұл бақтан «Күншығыс сұлу-
ын»¹ көрсем деп күтіп ем. Құмарым еді.

Д ә у к е н (*Жазекеңдерге*). Есіттің бе ананы? Көрдің
бе әні?

Ж а з е к е н. Е, солай соқ жазған...

Р а я. Түңілдіңіз бе әлде?

С ә л і м. Әзірге жұбанышым, әйтеуір бұрын да болса
бір көргендігім.

Р а я. Сонымен?

С ә л і м. Сонымен:

Я помню чудное мгновенье,
Передо мной явилась ты,
Как мимолетное виденье,
Как гений чистой красоты...

деймін...

Р а я (*қоса*). Деймін деңіз. (*Екеуі де ха-ха деп күліп,
қозғала береді*.)

А п а. Бәсе, сезіп ем осы сұмдықты, ойбай маскара-ай,
жердің үстімен кеп, астымен қайтатын болдық-ау! Құ-
дай төбеңнен ұрғыр, не деген ала көкек, сайтан еді мы-
нау қыз, қуарғыр.

Д ә у к е н. А, барлық жақсы бейіл, таза тілеуінді
жерге тастады ма? (*Өтіп бара жатқан Сәлімге*.) А, жі-
гітім, сенің жолың болды білем, ә?

С ә л і м. Не дейсіз?

Д ә у к е н. Құтты қонақ болдың ба деп ойлап тұр-
мын.

С ә л і м. Сіздің ойыңызбен менің жұмысым жоқ.
(*Орысша өлең оқиды*.)

Дар напрасный, дар случайный,
Жизнь, зачем ты ему дана

(*Күліп өтіп кетеді*.)

Ш ы м ы л д ы к.

¹ «Күншығыс сұлуы» дегені Мичурин бағындағы сливаның бір
сорты.

ЕКІНШІ АҚТ

Үшінші сурет

Уақиға дача жанындағы аллеялар мен дачаның террасаларында кезек болып тұрады. Мезгіл түн. Алыста, түн аспанына созылған Алматы биіктерінің бастары көрініп тұрады. Бергі жерде көгалға кілем, көрпе-жастық салғызып Дәукең отырып алған. Дачаның ар жағына таман созылған алаңдау бір жер өте жарық боп тұрады. Сол жақта көпшілік қалың сәнді топ болып мезгіл-мезгіл билеп, немесе екі-үштен сап өтіп жатады.

1-көрініс

Дәукең (*қасында Ана мен Әли бар*). Бала, қай заман, қай ортаны алсаң да намыс деген нәрсе бар-ау.

Апа. Ойбай-ау, намыссыз адам, адам ба өзі? Бұрынғы күн болса өліп қалмас па ек осының намысынан.

Әли. Иә, сонымен не демексіздер?

Дәукең. Тіпті біздің жаңа қауымның өзінде де басыңның аброй, қадыры, жүрегіңнің махаббаты, жастық намысың деген сияқтыны кім жерге тастайды? Кім аяқпен таптайды екен, ойлашы!

Әли. Ендеше маған қанжар салу керек те, Раяны жару керек. Содан өзге жол бар ма?

Апа. Ойбай, қой, жарығым, құдай сақтасын, о не дегенің?

Әли (*Дәукеңе*). Сіз не дейсіз?

Дәукең. Қанжар біздің уақытымыздың құралы емес.

Әли. Неге? Қай заман, қай ортаның адамының болса да жүрегінен қан шапшыта алады ғой, неге ұсынбайсыз?

Дәукең. Ескірген аспап.

Әли. Олай болса сіздер араласпаңыздар. Рая екеуіміздің арамызда сендер сырт кісі, бөгде адам боласыңдар. Ескірген жабу.

Дәукең. Сырт кісіні араластырмауға екі жағың бірдей қарасаң жақсы ғой?

Әли. О не деген сөз? Не демек боласыз?

Дәукең. Не дейін, тек Рая да сенше қарағай-ақ та.

Әли. Сіз Раяны білмейсіз, ол сіз ойлаған шамадан сонақұрым ірі де жоғары.

Дәукен. Иә, бөгде кісіні о да араластырмайды дейсің ғой!

Әли (*ашуланып*). Сіз не деп келсіз? Кімді оscarбляйт етесіз. Кім берді ол правоны? Ағам болмақ түгіл әкем болсаңыз да жауап беріңіз қазір?

Дәукен. Ендеше, сенің білуіңе керек. Өзге айтпайді. Біз білдіруге міндеттіміз. Олай болса Рая, тойды ана Сәлім кеп қалған соң тоқтатты, ал.

Әли (*айқайлап*). Бұл жалған! Бұл пасықтық. Мен бұны Раяға айтуға да ұялам. Сіз қайтып қана, не деп қана осындай лас, нас сөзді менің бетіме айтасыз, ә? (*Зура шығады*)

2-көрініс

Дәукен. Бала, қой. Тентек болма, сабыр ет.

Әли. Неге сөйлейсіз бұндай сөзді, жауап беріңіз деймін?

Дәукен. Ендеше, әй қарындасым, бері кел. Бер келші, сен керексің.

Зура. О не? Немене, Әли? Сіз неғып, неге мұнша өзгеріп тұрсыз?

Әли. Мен тыныш едім, үнсіз едім, Зура, міне, мыналар! (*Дәукеңе.*) Сөзіңнің бәрін айт, дядя, не сұмдық таптыңдар?

Дәукен. Ал, Зура шырағым, олай болса сен бір шындықты айтшы. Сен Сәліммен жолдас боп бірге келдің, сенің байқауыңа керек. Осы Рая мен Сәлім бұрынғы уақытта нық таныс, өте жақын болған адамдарға ұқсамай ма?

Зура (*өзгеріп*). Ал, ойпыр-ай, мынау менің күдігім ғой! Айтыңызшы, тағы айта түсіңізші!

Дәукен. Бәсе, сен сезсен керек. Міне, осылар бірін-бірі күтпеген жерден, оқыстан көргенде, соншалық қуанысып, ұмтылып табысқанын көрдің бе? Көзің бар ғой, көрдің бе осыны? Айтшы, кәні!

Әли. Бұл сұмдық. Бұған сену түгіл, естуге де жүрек түршігеді. Өтірік, өтірік деші, Зуретай.

Зура. Жалғыз сен емес... Бұл маған да сұмдық болып тиетінін білемісің, Әли?!

Әли. Өтірік де, өтірік деші, Зуретай, бауырым! Кәні, айтшы.

Зура. Өтірік дей алмасам қайтейін.

Әлі (айналып кетіп). Не дейсің? Не дейсің? (Осы кезде Сәлім мен Рая билеп келе жатады, бірігіп әндете билейді.)

3-көрініс

Сәлім } (әндетіп). Спасибо, сердце,
Рая } что ты умеешь так любить!
(Тоқтайды. Жазекең бұлардың артынан бақылап ере келген.)

Дәукен. Міне, мынандай қыр көрсетуге не дейсің? Ал! Ту, сарамас! (Кетіп қалады).

Сәлім (Раяға). Ешуақытта ешкіммен осыншалық үйлесіп билеген емес ем. Раечка, мынау күйдің ырғағы екеумізді, осы биде ескі достарша қайта табыстырып, туыстырып тұрғанын байқадыңыз ба? Зуретай, дәл бір романдағы сияқты емес пе? Қалай ойлайсың?

Зура. Дәл романдағыдай болу үшін көпті, көлденеңді куә қылу артық болар. Айтыса бер.

Сәлім. Зуретай, сен көп те, көлденең де емессің ғой. Әлде өзің билеймісің?

4-көрініс

Зура. Жоқ, Сәлім, қазір зауқым жоқ.

Рая. Мен Әлимен, өзімнің Әлиіммен билейін. Әли, Әлитай?

Әли. Раечка, ренжіме, мен қазір билей алмаймын.

Рая. Неге? Неғып тұрсың өзің?

Әли. Раечка!

Рая. Айтшы.

Әли. Күлмеші!

Рая. Оны қайдан таптың?

Әли (бұрылып кетіп). Сол, сен билей бер. Шын айттам. Басқа ешнәрсе тілемеймін. Мен барып жатайын! (Кетеді.)

Жазекең (Раяға). Сен әлгі жігітінді неге қоя бердің, бойжеткен-ау?

Рая. Қай жігіт?

Жазекең. Әлгі Сәлім ше?

Рая. Сәлім жігіт пе?

Жазекең. Е, сыбан, енді кім еді ол?

Рая. Ол Сәлім, товарищ!

Жазекең. Е, товарищан жігіт шықпаушы ма еді? Бек шығар. Тіпті әдемі екен өзі...

Рая. А, ол Сәлім ғой. Әрине, әлемі. Солай емес пе, Зура?

Зура. Оның маған несің мақұлдатасың, Раячка? Өзің де танырсың.

Рая. Жұмбақ қой бұның... Бұ не деген сөзің?

Зура. Анқаусуды да сүйемісің, қалайсың өзің!

Рая. Мен ашық мінез, ашық шындықты сүйем.

Зура. А, менің мұндай мінез, мұндай істерге ішім ауырады. *(Оиланып қалады.)*

Рая. Өзің біл! Ау, әлгі Сәлім қайда? Сәлім! Менің жігітім, Сәлім, ха-ха. *(Жүгіріп кетеді.)*

5-көрініс

Дәукен. Ішім ауырады, ә Бұны түсіретін какпан қызғаныш болар. Сол пернесін басу керек екен, ә? *(Жазекең келеді.)*

Жазекең *(Дәукенге жақындап)*. Не деп отырсың бал ашқандай. Айтсаңшы бізге де? .

Дәукен. Жоқ, әшейін бір болжал.

Жазекең. Олжа дейт, не дейді? Өз құлқыныңды ойлап отырмысың, әлде?

Дәукен. Уа, енді мені торыңиң дедің бе. алжыпсың. *(Күлісседі.)* Оны қой, әлгі Әли бала босқа томырылады. Ол үшін біз әрекет етуіміз керек. Соны біл. Жазеке, сен әлгі Зураға барып, Рая Сәлімді қағып алып кетті деп жағалат, білдің бе? Қызғаныш пернесін бас! *(Жазекең кетеді. Мария Ивановна шығады.)*

6-көрініс

Мария Ивановна. Сіздер неге көпілденбейсіздер?

Дәукен. Бізде мына Жәкең сияқты сезімді бір адам бар. Бірақ бұның сорына, сол жәйін ұғатын жан жоқ.

Мария Ивановна *(күліп)*. Иә, ол жан ашырлық хал екен.

Дәукен *(Жәкеңс)*. Тұр, қозғалсаңшы, бақырау!

Жәкең *(жақындап)*. Мен бірнеше рет байқадым.

Сіз табиғат көркін ақындарша тамашалап, жақсылап сезінесіз, Мария Ивановна! Мен өзім де сондаймын. Бір түрлі бір әсерлі тун.

Мария Ивановна. Сіз де сезімді екенсіз ғой. (Күледі.) Ендеше біз бір-бірімізді түсінетін пара екенбіз!

Дәукен. Ұрдың ғой, Жәке, енді. Ну, жүріп біраз қиял етіңіздер.

Жәкен. Жүріңіз ендеше, онда бізді түсінбейтін адамнан аулақ кетейік. (Кетіседі.)

7-көрініс

Жазекен (Көрпебайды ертіп шығып). Бағанағы шартты білесің ғой.

Дәукен. Мыналардың қызығын ақырын, ақырын байқа да бізге кеп айта бер. Оларға бәрібір шиырың қосылып жатқан жоқ. Одан да мына бізбен бол, арысым. Мә, мынаны қағып сал (ішкізеді).

Жазекен. Осы жіпке тізе бер де, осында кеп сайрай бер!

Көрпебай. Ұрыны қарақшы ұрыпты деп, осы күргілей айта бер де тек.

Жазекен. Қалдырма! Осы бірін қалдырма (Халил шығып бұларға келеді.)

Көрпебай. Жарайды, жел жетпесім, жарайды.

8-көрініс

Дәукен (Халилге). Бала, бері кел!

Халил. Немене, мына Әли мен Рая неғып шымшытырық боп кетті, осы. Түсіндіңіздер ме?

Дәукен. Сені біздің Әлимен жақсы жолдас деп естіп ем, Халил. Қайта өзің сөйлессеңші, қалқам-ау!

Халил. Жолдас болғанда, менің Әлиден қымбат санайтын кісім жоқ. Бірақ мынаның мәні-жөнін сұрауға мен де әзірше батпадым. Жаңа жара ғой.

Дәукен. Білтелемейін дейсің ғой... оның мақұл. Өзі айтпаса сұрама! Бірақ жәйін сезген екенсің, достығың ғой.

Халил. Менің өзіме батып тұр. Не мән боп қалды? Сездіңіздер ме?

Дәукен. Мәні сол, Сәлімді көрісімен Рая айни бас-

тады. Осы күнде Әліді тастап, Сәлімге қарай анық жалт берді. Сәлімнің де тегін келген жоқ. Әдейі осыған асығып келген сияқты. Келді де Раяға «айны», «тоқтат», «бұзыл» деді.

Халил. Ойпыр-ау, не дейсіз? Осыныңыз анық па? Өзіңіз естідіңіз бе?

Жазекен. Құдай шебер-ау, енді, сақалды басымен саған өз келіні туралы өзі өтірік-өсек айтады деп отырмысың?

Дәукен. Анық, күмән жоқ, біліп отырмын.

Халил. Мынау не деген иттік, бәтір-ау?!

Дәукен. Ол ғана емес. Шын иттік, тіпті оның да аржағында жатыр. Сәлімнің анау қасындағы Зураны да өртеп отыр. Өзі бұрын соны алам деп ертіп келген екен. Ал қазір міне, оны далаға тастап, өзі айнып, Әлиге тигелі отырған жерінен Раяны айнытып, соңына ертіп ап отыр.

Жазекен. Е, тәңір, кінәлі жалғыз сол деймісің? Пәленің басы ана Рая сұмның өзі десеңші.

Дәукен. Онысы рас, пәленің шын үлкені Раяда.

Халил. Мынау неткен барып тұрған, құдай ұрған сұм мінездер еді. Әли үшін күймеске болмайды екен. Бұндай иттіктің шындығына көз жетсе, жазалаудан басқа жол жоқ.

Дәукен. Шырағым, онысын енді өзің біл, өзің ойла. Біз өзіміздің жастан, кеңес жасының ортасынан бұндай мінез көреміз демеп едік. *(Халил қиналып кетіп қалады.)*

9-көрініс

Сәлім, Рая, Ғайныш, Қасым шығады.

Ғайныш. Сәлім, осы сізді маған тым құрмаса бір жол билеуге бұйырмады дегенді кім айтты? Мен ол халге көнбеймін.

Сәлім. Менің де көнейін деген ойым жоқ, Ғайныштай! *(Екеуі билей бергенде.)*

Қасым. Сүйтіп тағы тастап кеттім де. Сен қыз, мен жігіт боп тұрған күннің өзінде осындай. Ойпыр-ай, екеуіміз ерлі-қатынды болсақ күніміз не болар еді? Тек орныңды сипалап қалар едім де отырар едім-ау, ә?

Ғайныш. Үндеме, үйрене бер. Бай бола білу онай деп пе ең? Мен өзім тимесем де саған тиетін әйелге әде-

мі, көнпіс еркек әзірлеп берем. Қара мұны мені билетпей.

Қ а с ы м. Сонымен енді осы шетінен ұйпап баурай билей бересің, ә?

Д ә у к е ң (*Жазекеңе*). Бір сары ауыз десеңші онда.

Р а я (*естіп қап күліп жіберіп*). Ха-ха (*Күледі.*)

Қ а с ы м. Рас-ау, дәл сары ауыз екесің-ау өзің!

Ғ а й ы ы ш (*Сәлімді тастай беріп, ашуланып жетіп кеп*). О не деген сөзің.

Р а я (*Сәлімге*). Қызық сөз екен! Не деген сөз?

С ә л і м. Рая, таста ол сөзді, жаман сөз!

Р а я. Не дейсіз, рас па? (*Екеуі кетеді.*)

10-көрініс

Ғ а й ы ы ш. Не ол сөзің! Айт шапшаң. (*Бір жаққа ұмтылады.*)

Қ а с ы м (*Дәукеңе қарап*). Пәлеге қалмаса игі едім!

Д ә у к е ң. Саспа, бала, еншалла осы қыз сары ауыздай ағасы барын білмейді.

Ғ а й ы ы ш. Әй, Жұпар, мұнда кел! (*Жұпар келеді.*)

11-көрініс

Ж ұ п а р. Немене сендер? Шықты ма әйтеуір бір шатақ, айтып ем ғой!

Қ а с ы м. Әй, тәйірі, әшейін сөздің мәтелі ғой.

Ғ а й ы ы ш. Бола ма? (*Жұпарға*). Сен сары ауыз деген пословица есіттің бе?

Ж ұ п а р. Жоқ, қызыл ауыз болмаса, ана ауыз жоқ.

Қ а с ы м. Е, ол өзі бір әшейін менің естуімше ақ көңіл, адамды жақсы көруі сондайлық күшті, тіпті кейде біреу бет-аузын тырнап, ұрып жатса да ол кісіні жақсы көруін қоймайтын бек бір абзал адам. Жас нәресте деген сияқты сөз, ал?

Ж ұ п а р. Ендеше мұнда оскарбление жоқ.

Ғ а й ы ы ш. Ну, болсын. Бірақ, Қасым, сен енді маған жолама. Сәлім, Сәлім. (*Жұпар, Ғайыш кетеді.*)

Қ а с ы м (*Дәукеңе*). Апырай, жаным зорға қалды-ау. Сіздер біздің ауымызға пәле сөз салып жібердіңіздер-ау.

Д ә у к е ң. Уай, ерім-ай, бәрінен шебер сен екенсің! (*Мария Ивановна шығады.*)

12-көрініс

Ж а з е к ең (Қасымға). Жалғыз қапсың-ау, қайшым! Өзім қосайыншы осы біреуіне, кім бар екен? (Мария Ивановнаны көріп.) А, уа, бері кел! Сода, сода! (Қасым екеуін қолтықтастырып.) Сен мына Марияға жанаты Гайныштың қызығын айтсаңшы, білсін. Бар, барындар, айтып бер. (Марияға.) Уап, уап, уат әйето онтересный слобы, уан! Бассапшы аяғыңды, жүзі қара! (Жүргізіп жіберіп.) Тіпті мен үшін баратындай болғаны несі. Әйда, бопалам каварит.

Қ а с ы м. Әй, жүйрік жеңге, сіз не былжыратып, не былықтырып тұрсыз өзіңіз, ә? Сіздің әлдекімнің, қол жаулығыңыз емес бұл кісі. Байқап қойыңыз тегінде дейім.

Д ә у к ең. Үндеме, тисін, күйсін.

13-көрініс

Д ә у к ең (Хасен мен Рабиға билеп шығады). Айтам ғой, ана біздің қатынды иектеп жүргенін көрдің бе?

Ж а з е к ең (күліп). Япырай, Рабиғаның өзі қандай биші. Екеуінің биінің жарасуын қарашь. (Қасым шығып қарап тұрады).

Д ә у к ең (жал-жұлт қарайды. Аналар билеп күліп келе жатады). Қой, ол бір желөкге қатын. Құтыртпа. Құтыруын қарашы кәпірдің, сайтанның. (Тұрып барып. Рабиғаны оқты көзімен атып тұрады. Рабиғаны қағып тоқтатқысы да келеді. Күй бітеді. Бұл Рабиғаны барып ұстай алып, қолынын тартып.) Сен, қатын, бері жүр. Мұнда шаруа бар. Қонақ күтісіп жүр десем мұнда ма едің?

Х а с е н (Жазекеге). Мария Ивановнаны көрдіңіздер ме?

Ж а з е к ең. Көрдік. (Күледі). Знай!

Х а с е н. Ол қайда? Қайда кетті?

Ж а з е к ең. Тастап кетті, тастап. (Күледі.)

Х а с е н. Е, жарықтық, әлде неге ұйғарып тұр сенсіз ғой. Бетіңізден жарылқасын. Бірақ біз абыржымай-ақ қояйық. (Күліп.) Солай, сол.

Ж а з е к ең. Атың сыры өзіңе мәлім екен ғой. Ендеше сондайларға табынған бетіңменен тарта бер сол.

Х а с е н. Жазекен десе, Жазекенсің-ау өзін! Түшірке-
не тұр. (*Кете беріп.*) Хайуан! (*Кетеді.*)

14-көрініс

Ғайныш шығады.

Ғ а й н ы ш. Әй, ағай, әлгі пәлен ауыз деген не деген сөз осы?

Д ә у к е н. Ол сөзді қайта сұрама, білдің бе?

Ғ а й н ы ш. Не дейсіз? Не деген сөз?

Д ә у к е н. Ол өзі адамның бір пасығы. Әйел атаулы-ға қасқырдай тиген бір зорлықшы, өзі есалаң.

Ғ а й н ы ш. Е, оның менде не ақысы бар?

Д ә у к е н. Ақысын қайдан білейін? Сені еркек көрінсе жабыса түсетін әйелдің сары ауызы дегені ғой!

Ғ а й н ы ш. Ойбай-ай, бұ не деген иттік! Не деген оscarбление? Көрсетейін, тұмсығын бұзайын мен олардың.

Ж а з е к е н. Ана Раяның солай деп Сәлімді сенен шошытайын дегені ғой, білдің бе?

Ғ а й н ы ш. Шын ба, алдымен айтқан кім, Рая ма?

Д ә у к е н. Әлбетте Рая! Ол өзі Әлиді тастап, ана Зураны шетке қағып жіберіп, Сәлімді баурап алғанын көрдің бе? Саған Сәлім қызығып қап жүрмесін деп, әдейі маңыңнан жігітті үркітіп жүрген әдісін көрмеймісің?

Ғ а й н ы ш (*арлы-берлі жүріп талқан боп*). А, Рая, солай ма едін? Мысықша жымпиып жүріп осындай сұм, арам, зәлім бе едін? Жақсы, жақсы (*Тепсініп.*) Жақсы емес, сұмдар! Қуарған, қуарған өңкей. (*Жөнеледі.*)

Ж а з е к е н. Ал, енді бір өрттей қаптасын!

Д ә у к е н. Жүлдеге жарайтын осы болады әлі, көрерсің. Бірақ енді, өзіңе қайта қаптаса да оңай емес. Онда тек, бетінен сақтасын де, мынау ма тек түнлігінді ұшыра соқтығар. (*Жәкең мен Мария Ивановна шығады.*)

15-көрініс

Ж а з е к е н (*көріп қалады, Жәкең қайта бұрылмақ болады*). Ойбай, құдай төбеңнен ұрғыр, мынаны кім жапсырып қойған анаған? Әй, әй! Әлгі Қасым қайда?

Қ а с ы м (*келіп*). Уа, мен мұнда ғой.

Ж а з е к е н. Мынау қағып әкеткен бе? Әй, Мария,

тоқта! (Жәкеңе.) Әй, сенікі не? Не бар бұның жанында саған?

Жәкең. Өй, катын, қойсаңшы, жаным-ау!

Жазекең. Осындай қу байталдарға құмарсың ғой. Шаңнды аспаннан шығарайын ба осы?

Дәукең. Уай, саған да тыным болмады-ау, жазған.

Жазекең. Ендеше, жақсы болса көре қойыңдар, біз де желігейік! Жүр, Рабиға, жүрші. (Ала жөнеледі.)

Дәукең. Уай, өй, әй қатын, желікпе!

Жазекең. Иә, болғаным-ақ. (Рабиғаны жібермей сүйреп әкетеді.)

Мария Ивановна (Қасымға). Неғыл дейді? Бәле ғой өзі! А, маған мына Жәкең дегенің бір түрлі жақпайды.

Қасым. Дұрыс айтасыз, Мария Ивановна. Сіздің аузыңыздан шыққан қалжың сөздің түймедейін түйедей қылатын сабаздар бұлар, сақ болыңыз.

Мария Ивановна. Ендеше, тәңір жарылғасын, өзімнің Хасенімді тауып беріңізші, менің Хасенім қайда. Хасен, Хасен. Әлденелер айтқысы келе ме, жұмбақтай ма, немене? Мен енді аулақ кетейінші осы байынан да, қатынынан да! Хасен қайда? Хасен! (Қасыммен кетеді.)

Дәукең (Жәкеңе). Қалай көрінеді?

Жәкең. Ымыраға кеп қап еді, көрдің бе пәлені. (Күліседі.)

Дәукең. Мә, ендеше қағып жібер!

Жәкең (ішіп болып). Тұра тұр, мен басқа біреуін төңректеп келейін. (Кетеді, Дәукең тұрып қозғала бергенде Жазекең шығады.)

Дәукең. Е, Жазеке, әлгі қатын ше? Әлгі біздің қатынды қайда өткізіп жібердің?

Сәлім мен Рая келе жатады.

16-көрініс

Жазекең. Тоқтай қал, ананы кара! (Екеуі көлеңкеге таман кетеді.)

Сәлім. Раечка, мен сенің шын досыңмын. Берік жолдасыңмын. Есіңде ме, осы екеуміздің арамызға сол күнде, балалау кезіміздің өзінде де дақ салған, ақау түсірген бірде-бір жәй жоқ еді-ау. Тәтті еді-ау.

Рая. Сәлім, қайта оралмас күндей айтатыныңыз не?

Тәтті болат та! *(Күліп.)* Жок әлде «Күншығыс сұлуын» таппағаның қинай ма?

Сәлім. Е, ол қолда ғой.

Жазекен *(Дәукеңе)*. Ал саған керек болса, бетім-ай, мыналар неткен жүзің күйгір еді.

Дәукең. Мен мұндай кердендеген жігітті әкесін танытып тұрып сойып салатыным да болатын. Тұқымсыз, жұрағатсыз, кешегі панасыз... *(Әли мен Зура шығады.)*

17-көрініс

Сәлім. Ә, мыналар екен ғой! Зура, Зуратай!

Рая. Әли! *(Аналар қарап алыстан қол былғайды да, бұрылмай өтіп кетіп, екінші шеттегі беседканың тұсына барады.)*

Сәлім. Осылар не ойлайды екен осы? Бізді түсіне ме екен?

Рая. Түсінер. Мен Әли туралы жаңылмаспын. А, ол маған қымбат.

Сәлім. Мен де Зураға жат көрінбеспін.

Рая. Бірақ біздің жәйдің де өз орны, өз правосы бар.

18-көрініс

Зура. Көңілде әлдеқандай құлазыған жүдеулік бар. Неге солай екен?

Әли. Ол жүйде мен сенің мұңдасыңмын, Зуратай!

Зура. А, сіз де біртүрлі бір майдалық, жылылық бар бауырымдай ма, әлденендей! Әли, бұл қалай? Түсіңіз неге бұзылды.

Әли. Зура, өзінді байқаймысың? Өзің де өзгердің ғой.

Зура *(құшақтай алып)*. Әлитай, бауырым, қызғана-сың ба әлде?

Әли. Қай себеп, неліктен бұлай, білмеймін, сен ше?

Зура. Мен де! *(Самат шығады. Қасында Сәлім, Рая, Халил және өзге барлық жастар, қонақтар да бар.)*

19-көрініс

Самат. Әй, жастар! Қайда жүрсіндер осы, әй, балалар, жиылыңдар, келіңдер бері! *(Жастар жалғыз-жалғыз, солғын басады.)* Сендер немене өздерің, күнде-

гіше қызықтап әндетіп рақаттанбайсындар! Салындар әндерінді! Кәні! (*Жастар бастай алмайды.*) Бол, кәні, Рая, Әли, Қатя, Халил, бастандар!

Р а я (*әндетіп шырқап*). Өмірдің жыр етеміз гүлді шағын. (*Басқалар азғантай қосылып барып, біртіндеп тартынып қалады.*)

Түрлентіп жайнатқандай алма бағын,
Бізді де камалатқа жеткізеді,
Күл болмас, беті қайтпас екін жалын!

С а м а т. Әй, балалар, сендер ше? Әли? (*Әли бұрылып кетеді.*) Халил! (*О да сүйтеді.*) Файныш! (*Ол төмеч қарайды, ызалы. Зураға қарағанда о да солай.*) Бұл қалай? Не болған? Бү несі?

Р а я (*Саматқа жетіп кеп*). Самат аға, маған қосылмақ түгіл бәрі де сырт қарайды, теріс айналады ғой! (*Өзіне.*) Мен не істеп, не жазғамын.

С а м а т. Бұлары несі? Не хал болған?

Д э у к е н. Саматжан, қандай әлемі жақсы жастар өздері. Тек өмірлі болсын.

С а м а т. Жә, қоя тұрыңызшы. Бұ қалай? Әй, бері қарандар! Тоқтандаршы, жолдастар! (*Бар жас жиылады.*) Мен бір үш-төрт күндей қалада боламын. Сендердің ортаңа үлкен жаңа ұсыныстармен мына Сәлімдер кеп отыр. Ұғысып, түсіністіңдер ме?

Қ а т я. Ұғысамыз! Түсінісеміз...

С а м а т. Ертеңнен бастап уақытша шаралар есебінде лидерный системамен ағаш бұтақтауға кірісу керек болады. Оған не дейсіңдер?

Х а л и л. Келетіндер жаңа ұсыныспен келер-ау, бірақ бүлдіре, кирата келмей, ұғыса, үйлесе келсе екен!

С ә л і м. Сөз-ақ!

Х а л и л. Іс пен мінезден туып отырған сөз болмасын, жолдас!

Қ а т я. Халил, о неменен? Сөз емес бұның?

Қ а с ы м. Біз Сәлімді тыңдап көрерміз.

Ж ұ п а р. Жаңа ұсыныстарын қостаймыз.

Ә л и. Бұл кісі біздің бақты жабайы бақ дәрежесінде түсінгісі келеді. Біздің бұл арада екі жылдың біріне қысырап қапотшыратып апортты оңдап, өсімтал алма, суыққа берік алма, жемісі мол алма, көп сортты алмалар өсіріп келе жатқанымыз іс емес те, үлгі емес сияқты.

С а м а т. Бірақ сонымен қатар, Сәлім, программаның

сарынын аңғарсаңдаршы. Кәні, менің көзімше сонынның бәрін айтып көрші осыларға.

Сәлім. Бұл бақ жақсы бақ Өнерлі, үлгілі, жаңа ғылым жолымен құрылған бақ. Бірақ бұл Алматының бай табиғатының ортасында ғана қалып отыр. Ендігі ұмтылатынымыз осындай әдемі бақтар сонау ебелек пен қанбақ ұшқан, сар селеу басқан Сарысу, Нұрадан немесе әлі де көп жерін бойы күйкі баялыш, итсигек пен қу қамыс басып тұрған анау Сырдан, яки көкрек пен ермен иектеген Жем, Сағыздан, Есіл, Ертіс бойынан, Жайық, Шалқар жүлдесінен барып шықсын дейміз. Қазақстан картасында ақтанба боп, бұдырсыз қу тақыр бояған далаларға, бұрынғы елсіз құба жондарға, ит кешудей құмдарға партияның ұлы еркімен Балқаш, Қарағанды, Ембі, Жезқазған орнады ма? Ірге тепті ме? Ендеше біздің еңбегімізбен сол жерлерге хош иісті гүл, жеміс, саялы салқын көкорай бақ барсын дейміз.

С а м а т. Міне, сол бақтарға жарайтын жаңа сорттарды тудырып өсіруіміз міндет. Міне өріс те, нәр де осы.

Д а у ы с т а р. Солай, шәк жоқ, солай.

С а м а т. Ендеше Қазақстанда алма-жеміс бақтарын ұлғайтудың планы ертең-бүрсігүн біздің Совнаркомде қаралатын бопты. Соған баяндамашы Сәлім сенсің. Ал мына тұрған өзге барлығың Сәлімге жергілікті тәжірибені толық білдіріп, сол баяндаманы бізге әзірлесіңдер. Мақұл ма? (*Дауыстар «мақұл, мақұл» дейді. Халил үндемейді.*) Халил? Әли? Не дейсіңдер?

Ә л и. Болсын.

С а м а т. Баяндама болатын күні өзім хабар қып, машина жіберем. Сол. (*Кетеді, жастар да бытырай тарайды.*)

Рая, Сәлім бір бөлек кетіп бара жатады, көңілді Дәукен, Жазекен әңгімелесіп шығады.

20-көрініс

Ж а з е к е н. Дерттен сүйеді дегенің кім?

Д ә у к е н. Тақ Әли адам болса бар ғой, мыналардың кегі ғып, Зурамен табысу керек.

Ж а з е к е н. Ендеше соған икемдеу керек те.

Д ә у к е н. Тіпті болмаса, осы сұм сарыдан өзім де болса кек қуам. Бұның жанды жерінің бірі Зура ғой, олай болса бұл күймесе сол күйсін.

21-көрініс

Көрпөбай шығады.

Көрпөбай. Әггөй әгә гөй, әгәгөй, әгөй, әгәгөй-ау!
(Мастау сияқты.)

Ал ендеше мен боламын Көрпөбайың,
Тиын да, тебен де емес, сөлкебайың.
Ұрыны қарақшы ұрып, «қап» дегізген,
Кәніки мен де неге кем болайын?

Уа, бері кел, бері кел. Жел жетпесім! Сеңгірім!

Дәукең. Уай, арысым, бірдемені індеттің-ау, тәрі-
зің!

Көрпөбай. Қараңғы ағаш түбінде шөп-шөп, сы-
быр-сыбыр.

Дәукең. Бәсе, таныдың ба?

Көрпөбай. Жоқ, өзін білмейім, аттарын ғана есіт-
кенім.

Дәукең. Е, сонысын айтсаң, болады да...

Көрпөбай. Осы Рабиға деген кімнің қатыны?

Жазекең (күліп жіберіп). Әй, төбеңнен ұрғыр,
мына кісінің қатыны емес пе? Ойбай сығыр! Ойбай, бе-
тім-ай, енді не дейін?

Дәукең (жұдырығын түйіп). Ойбай, ойба-а-й, не
дейді ойбай!

Көрпөбай. Ал Жәкең деген кімнің қатыны?

Дәукең. Ол мынаның байы, мынаның, ойбай!

Жазекең (безектей жөнеліп). Әй, қуарғыр, өй, тө-
беңнен ұрғыр! Қайда? Қайда? (Дәукеңмен екеуі екі жақ-
қа «қайда, қайда» десіп тарбақтай жөнеледі.)

Көрпөбай. Уа, аттан, аттан! Мұнда, мұнда! (Айна-
ла жүгіреді, аналар қайта ерсілі-қарсылы жүгіргенде бі-
ріне-бірі қақтығып жығылып жатады). Әй, солар да куә
болды деймін! Жын қағып кеткен бе өздеріңді? Солар да
көрді деймін! Әй, қоңырсыған жазғандар!

Шымылдық.

Төртінші сурет

Сахна ортасында үлкен, кәрі қара ағаш. Соның түбінде Дәукен жатыр. Жақын жердегі бір мол бұтақты алма ағашың Жұпар мен Көрпөбай бұтап, тазалап жүр, біресе басқыш үстінде, біресе жерде жүріп сөйлеседі. Күн бұлыңғыр, төмендеп ұшқан бу, ағаш басын қоршай өтіп жатыр.

1-көрініс

Жұпар. Көрпөбай, өзің желісімен, жыл-жылымен айтып, сауатың ашылғанын көрсет дейім покрайнемер.

Көрпөбай. Ал, ендеше қой жылы шыңыраудың пішенін үлестік.

Жұпар. Қай жылы?

Көрпөбай. Қой жылы дейім!

Жұпар. Әлде қошқар жылы шығар. Бұл экзамен покрайнемер.

Көрпөбай. Е, экзамен болса мен де экзамен.

Жұпар. А сен не былықтырып отырсың!

Көрпөбай. Уа, арғы қой емес көр сыбан, бергі қойды айтам. Арғыда заңғар соғыс, әгі Герман соғысы ғой... Содан келе сиырда Жүндібайды ұйпап алып, жер аудардық. Ал мешінде, астапыралла мешін емес. (Өзіне өзі.) Әй, көзелім, Көрпөбай-ау, осы сенің жыл қайырғанда не ақын бар еді? Оған сен кашан ағып тұр едің? Бірақ енді бір тәйірі әйтеуір мынау білмейді... бұлдырат... (Жұпарға қарап.) Қой, сиыр, мешін, тауық. Ал тауықта Ақ еспеге қыстау салдық, колхоз болдық. Бірақ барыс... барыспеді? Әй, сол жылдың аты барыс болар. Сол барыс кіре бергенде сөздің шыны керек, жаман ағаң колхоздан қалқақтап қашып берді.

Жұпар. Жұмбақтама, жұмбақтама, білдің бе! Тап тартысын, бай-құлақтың үгітін айт покрайнемер!

Көрпөбай. Е, түп-тура әткөшиек боп кеттім.

Жұпар. Асыра сілтеуді айт покрайнемер.

Көрпөбай. Е, енді асыра сілтемесе өзің ойлашы. Жар дегенде жалғыз балам (көзін сипап), топырағын торқа болғыр қарашығым. Әлі күнге сай-сүйегім сырқырайды. Жас балам өліп, қу тамырдай боп сорайып қалған Арпабай мен мен ғана емес пе?

Жұпар. Әй, сен лекбезді бігіреді, экзамен береді десе қайдағыны айтатының не?

Көрпебай. Қайдағы, қайдағы, бола ма екен сол? Басыңа түспеген сен айтасың ғой. Ал енді бермен қара, Керман, Тальян, Жапон, бұл бір төбе. Одан қала берсе ағылшын, француз, әне бір шек-собедек, онан соң ана бірісі бар еді. А, тағы, ана бірісі тағы бар. Қысқасы, олар бір сәрі, ал Қытай десен Қытай әні тағы бар. Онда қызыл әскер де бар. Ал, тоқтап тұра қал, ал енді бермен қара... Бұл бүткіл-бүткіл жер жиян төрт тарапты алсаң оған күндей нұры жетіп тұрған Маркс, Энгельс, Ленин...

Жұпар. Болдың ба?

Көрпебай. Е, болат та енді осы да. Білесің ғой сөз деген сөйлеп берсе айтыла берет те, бәрінен де түйінін айтсаншы... Дөйдірім, болар енді. Тағымын тағы көре жатасың ғой! Қалай екен?

Жұпар. Мен әлі баға бермеймін. Ойланам, ылғи шетке бұрыла берсең.

Көрпебай. Дөйдірім-ау, қасыңда-ақ отырдым ғой, қайда бұрылдым?

Жұпар. Сол Қазақстанмен қатар, Көрпебайстанын қалмайды екен, қоспаң көп.

Көрпебай. Япырай, солай боп шықты, ә? Болар, болар! Ал енді қайттік...

Жұпар. Е, қайткеннен сақтасып. Күн бүгінгі, жыл биылғы деп пе ең? Әлі шікі жатырсың. Оның енді апашық. Бірақ несі бар? Өзім әлі оқыта берем, сен оқи бересің... Сүйте-сүйте жалғасып, септесіп адам бола шыға келеміз.

Көрпебай. Бәрекезде, дөйдірім, тіпті мынауың ат мінгендей болды ғой... Бәсе, бұл оқу деген инемен құдық қазғандай деп неге айтты дейсің... (*Қасым, Катя, Халил жұмысты істей шығады.*)

2-көрініс

Қасым. Әй, Жұпар-ау, оны айтасың, сен пәлені білдің бе?

Жұпар. Иә, немене? Не пәле тағы?

Қасым. Біздің баққа құрт түсіпті, алма күйесі, міне. Міне, мына Катя ашып отыр.

3-көрініс

Дәукенді Жәкең келіп оятып, екеуі етпеттерінен жатып шүңкілдеседі. Ғайныш шығады. О да жұмыс істеп келеді.

Ғ а й н ы ш. Қатя, сенің күдігің рас болды. Мынада зиянкес қоңыз да бар, мынау оленка ғой!

Ж ұ п а р. Не дейсіңдер, жаным-ау, қайсы? Самат ағам да болмады-ай! Ол әлі Алматыда. Қазір оған білдіріп, сол жақтан зиянкестермен алысатын адамдар шығыпты, шаралар істету керек қой... Алдымен ұясын табу керек қой.

Қ а т я. Бәсе, ұясы қайда? Және бұлармен алысудың жаңа шарасы бар ма екен? Сәлім қайда? Сәлімнен сұрау керек қой.

Х а л и л. Сәлімсіз-ақ білеміз, Сәлім емес, Әлиден сұра. Немене Сәлім, Сәлім деп аспанға көтере беріп?

Қ а т я. Халил, сен не айтасың өзін? Ол жаңа адам. Жаңа тәжрибелерді біледі.

Ж ұ п а р. Мүмкін біз естімеген жаңа раствор, жаңа шаралар бар шығар.

Қ а т я. Сұраса неменесі бар екен?

Х а л и л. Раяға еріп, шұбырған екесің бәрің бірдей, соның соңынан!

Қ а т я. Әй, сен не дейсің өзін? Кешегі Самат ағаның сөзін білемісің?

Х а л и л. Самат ағам айтқан жөн бір басқа. Шынға келсең, бұндағының бәрін кісі емес көріп, Раяша ит қыл, күйдір деген кісі жоқ. Ондай құнсыз, сұм мінездің ішкі сырын Самат ағамнан жасырып қап отырсыңдар. Соны ашсаңдар етті.

Қ а т я. Не сандырақтайсың өзін?

Х а л и л. Сен сандырақтайсың? Раяға еріп, еліктеген маймылдың бірі сенсің ендеше, істемейім мен сенімен. *(Кетіп қалады.)*

Қ а с ы м. Мынау не ғып тоңқылдап жүр өзі? Бұ қалай, ә?

Ж ұ п а р. Мұнда бір мән бар ғой. Әйтпесе неге бүйтті.

Ғ а й н ы ш. Мәнсіз болмас. Соны ойландар.

Қ а т я. Ей, әшейін бір дерт пайда болған ғой бұған. Сәлімнің басшы болуын қызғанады ғой. Үндеме, тұра тұр, бұл әлі сабақ болады оған. Үйрету керек. *(Жұмысы-*

на кірісіп.) Бәрінен де мынаны айтсаңдаршы. Қасым, сен тұрма, қазір телефонмен Самат ағамды тауып алып хабарла.

Жұпар. Талай жылғы еңбек... Істейтін шараларын тез білдірсін ал, бар. (Қасым кетеді. Іске кіріседі.) Я, айтпақшы Рая қайда осы? Рая! (Рая келеді. Жұпар екеуі.)

4-көрініс

Жұпар. Сен мына жәйді білдің бе?

Рая. Білдім. Енді анау Халил, Әли бар, барлығың қыңратқымай, қиянкескі болмай, ана Сәліммен ақыл қосып, бірге алысыңдар деу керек.

Жұпар. Иә, рас, олар бірігіп істемесе мына пәлені тез жеңе алмаймыз. Ал бұлардың бірікпейтін себебі не? Қыңратқитыны қалай? О неліктен? Білуші ме ең?

Рая. Осы тұста мен Әлидің өзін түсіне алмай тұрмын. Ал шындап түсіне бастасам, түңіле бастар ма екем деп те қауіптенем.

Жұпар. Жоқ, сен хате айтасың. Менің ойымша сен әуелі түңіліп алып, сонан соң түсіне алмай тұрған сияқтысың.

Рая. А, не дейсің, Жұпар? Бұ не дегенің? Айтшы!

Жұпар. Қарағым-ау, ендеше кешегі қан жиын, қалың топтың, сыншы топтың арасында тойыңды талқандағаныңды не деп түсінейік? Әлимен екі араңдағы уәдеңді жыртқаныңды не деп білейік.

Рая. Ендеше оның шыны менің өз басымның комсомолдық намысыма тірелген мәселе болғандықтан солай боп шыққан.

Жұпар. Комсомолдық намысым дейсің де, өз басым дейсің. Сенің намысыңа тиген соққы, тағы біреудің арына тиген кесел, сонан соң біреудің басына жеткен оқ дейік — бұның азы да, көбі де бір — осының бәрі қоғам адамының өз басының ғана ісі ме?

5-көрініс

Ғайныш (Дәукең, Жәкең жақындай бергенде). Құрт, дерт. Қандай ақаусыз жас, мінсіз сұлу ағаштар еді? Өзінің ішінде тегі аманы, сауы бар ма осы? Бұ не пәле?

Қ а с ы м (*анадайдан*). Қара, зерттеп шық бәрін, тесі-
ле қарашы.

Ғ а й ы ш. Жә, мен сенімен сөйлесіп тұрғам жоқ.

Д ә у к ең. Аманы бар ма дейсің, Ғайныш, мына тұр
ғой, мінекей, айылын жимас қара ағашың.

Ғ а й ы ш. Һә, ол аман болар...

Ж ә к ең. Сорлы, осыны айтсайшы.

Д ә у к ең. Бәсе, сен зәлзәлә, талай селін, мың пәлесін
көрсө де мыз бақпас осыны айтсаңшы.

Қ а с ы м. Ол қайта не пәлең болса келе бер, ұялай
бер дейтін шығар. Солай емес пе, Ғайныш?

Ғ а й ы ш. Осы сен жамбастамай, жұмбақтамай ме-
нен аулақ бол дегенім қайда кеше?

Қ а с ы м. Әй, жарықтық сәби... сен солай дегеніңмен
пәксін, өзің білдің бе?

Ж ә к ең. Япырай, мына бала тағы шанышты-ау!

Д ә у к ең. Қой, Қасым, сендер тіпті шетіңнен ылғи
батыра айтады екесің-ау.

Ғ а й ы ш (*Қасымға жүгіріп барып*). Шығарма үнің-
ді. Маңайласпа, аулақ, аулақ менен... Мазактап күліп,
қорлап...

Қ а с ы м. Ал, қойдық... Ал, ендеше мейлің білсін.

Ғ а й ы ш. Істемеймін осының қасында. Дәуке аға,
ақыл айтшы. Ұқшы мені, болысшы маған.

Д ә у к ең (*ертін бара жатып*). Жок, ол сұм бала өзі
кешеден солай. Жаман тіпті, Ғайныштай.

Ж ә к ең. Кәні, өзің бізбен болшы біраз, айтшы жөн-
жосығын. (*Бірге кетеді.*)

Дәрі-дәрмегі бар столды көтеріп Әли, Зура шығады. Екеуі де ағаш
жаңында жұмыс істейді.

6-көрініс

Ә л и. Бұл бақ біздің көп жылдық еңбек талабымыз-
дың, келешек күн, болашақ өрісіміздің бағы. Қымбатты-
ғы сонша, шынға келсем бұның дерті менің өз басымның
бар дертінен де сонағұрлым ауыр болар еді.

З у р а. Япырай, біз алғаш келген күні қандайлық гүл
атып, маңайына иісі аңқып тұр еді! Өнген менен өскенді
күн шуақтап, күле жайнап қостағандай еді-ау.

Ә л и (*ойланып*). Кешегі түн мезгілсіз, керексіз бір
дауыл соғып өтті. Артынан бұршақ болды. Күн лайсаң.
Аспан қалай жүдеу, кірбең еді, Зура!

З у р а. Жүдеулігі біздің көңілдей ме, әлде қандай.

Ә л и. Көңіл күйі де кірбен, жүдеу.

З у р а. Күн жарығы қайда тұр? Неткен күңгірт?

Ә л и. Бұлттар төмендеп басып тұр ғой. Алматы биігінің басы ашық-ау қазір. Оны күн құшып тұр-ау.

З у р а. А, мұнда болса ішің жүдеу. Сыртыңда тұман.

Ә л и. Әлде содан ба, осы манайға басқан сайын, мына құрттар жиілеп, көбейіп барады-ау. Зура, солай ма, қаталасам ба әлде?

З у р а (*қара ағаш түбіндегі төсек-орынды көріп*). Мынау кімнің ұясы?

Ә л и. Бұл осы қара ағаш түбін мекендеген әлгі үлкендердің орны ғой. (*Қарап тұрып.*) Төсегі, мекені. (*Ойланyp.*) Біздің тынышсыздығымыз, бұлардың дем алысын бұзбас. (*Рая шығып қалады, ол да ағаштарды қарап жұмыс істеп келе жатқан.*)

7-көрініс

Р а я. Әли! Сен осы менен кашқалақтаймысың, неме не? Сені іздеп табуым, көруім қиындап кеткені несі осы, Әли! (*Жақындай беріп ағаш артындағы Зураны көреді.*) А, сендер мұнда екенсіңдер ғой.

Ә л и. Іздеп пе ең әлде, Раечка?

Р а я. Жок, қазір сені іздеген жоқ ем. (*Жазекең шығып, қара ағаш түбінде тыңдап тұрады.*)

8-көрініс

Ә л и. Сәлім, мына туралы не ойлап тұрсың? Не байқадың? Не айтасың?

Х а л и л. Бәсе, ұсынысын айтсыншы, кәнекей?

С ә л і м (*ағаштан құрт ұстап*). Мына біреуісі дәл осы кезде гүлді жейтін қоңыз оленка ғой. Ал мына бірі жемісті болған кезде жейтін плодогорка. Тағы басқасы да бар ма?

Ә л и. Мен алма күйесін де тауып тұрмын. Тез өлтіретін жаңа шара білемісің?

С ә л і м. Сендер не қолданушы едіңдер?

Х а л и л. Е, тәйір, біз не білуші ек, бізден шығат та.

С ә л і м. Жолдас, сіз не демек боласыз?

Х а л и л. Омыраумен қағып, аса сермеп, асқақ сөйлегеннің бәрін де шын жәйің шырқ бұзар ма демек болам.

Сәлім. Үйтіп шалуыттамай, қақтықпай жөніңмен сөйле.

Халил. Біз өзіміз қақтықпаймыз, бірақ өзі тиіскенді қағып жібере де білеміз.

Әлі. Халил, доғар, о неменен?

Сәлім. Бұның ойының ба, сандырағың ба?

Халил. Кісінің жанымен ойнауына жол бермеймін дегенім.

Әлі (ақырып). Халил, сандалма! Жолдас болғанымен саған мұндай право берген кісі жоқ. Шығарма үніңді. (Сәлімге.) Мынау зиянкес құрттармен бар күшті біріктіріп алысқаннан басқа шара жоқ. Мышьяковстый препараттан басқа ұсынарың бар ма?

Сәлім. Барлық жұрттың қолданатын жалғыз шарасы сол ғана. Сол жетеді.

Әлі (Халилге). Бар, сол препаратты әзірлеп әкеліндер.

Сәлім. Бұның жаңағысы несі? (Әлі таңданған сияқты болады. Жауап қатпайды.) Бұрынғы тәжірибелердің өзіне соншалық қымбат болғаны-ау, ә?

Әлі. Болар. Ендеше бұ да панатизмнің бір түрі шығар.

Сәлім. Сол-ақ, ә?

Әлі. Не демекке керек? (Басқа ағашқа кетеді. Сәлім аз тұрып қап, Раяларды көріп, жұмыс істей жүріп солай жылжиды.)

9-көрініс

Сәлім. А, сендер мұнда ма едіңдер? (Дәукен, Жазекең шығып жақындайды.)

Зур а. Кімді көргің кеп еді? Рая шығар іздегенің?

Сәлім. Соны енді осындай митинг жиып тұрып, айту қажет пе екен?

Дәукен. Е, жақсы жігіт, айта бер. Сендер онсыз да бүркеніп бұққан кісі көрінбейсіңдер ғой. Ашығы әбзәл дейді ғой мына Жазекең.

Рая. А, мына кісі де соны тілепті ғой! Олай болса әлгіні айтуға қажет, құмарынан шықсын. Айт, кімді іздеп ең?

Зур а. Жарайды, айтпай-ақ қой, білеміз. Раяға мақтан керек қой!

Р а я. Жаным-ау, осылар мені шалуыттауын қоя ма, жоқ па? Мені кім деп біледі осылар өзі?

С ә л і м. Рая сенің алдында жазықсыз. Ал, сен ашулы көрінесің. Орынсыз ашуды жазалау керек.

Р а я. Сонымси?

С ә л і м. Сонымен болса, іздегенім Рая демін. (*Рая бұған кеп қолтығынан алады, Дәукеңе қыр көрсетеді.*) Еріксіз қызықтырасың-ау, өзіне!

Р а я (*кетіп бара жатып*). Қызығам деймісің? Тұра тұр, мен сені қызықтырған пішінімді көрейінші. Айна бар ма екен? (*Жазекеңе.*) Бере тұрыңызшы. (*Айнаны алып, қаранып.*) Осыған қызығады, ә? Пәле, ну и рожа! Мен әкем мен шешеме тіпті риза емеспін!

С ә л і м. Е, неге?

Р а я. Осындай уродты туғызған-ақ екен, ә? (*Айнаны Жазекеңе лақтырып.*) Бірақ сен ұнаттың ғой. Сол үшін рахмет саған, әйдә! (*Кетіседі.*)

10-көрініс

З у р а (*Әлиге жетіп кеп*). Не деп білейін? Не ойлайын? Мазақ па? Не істеуіме керек.

Ә л и. Зуратай, әлде олай болмас. Бір тілек — менің қасымда болшы, Зура, Зуратай!

З у р а. Жоқ. Әли... Жоқ. Мен ойнай алмаймын. Құр көріп тұра алмаймын бұны. Қинайды. Жерлейді бұлар.

Д ә у к е н (*келіп құшақтап алып, ертіп*). Зуратай, қалқатайым, қоя ғой, жүрші осы бір сөйлесейік те уанайық, жүрші, жүрші бермен.

Ж а з е к е н. Енді қайтсын, іші күймесін бе? Өзіміз болсақ қайтер ек!

Д ә у к е н (*сыртына бұрылып*). Жазеке, қоя тұр.

Ж а з е к е н. Е, е, сүйт, сүйт. Өл де маған, о несі екен! (*Кейі жөнеледі.*)

11-көрініс

Әли қасына басқышын алып Қасым келеді.

Қ а с ы м. Бұл қалай болды, Әли-ау? Қайдан шыға қалды бұл ит? Самат ағамның тапсыруын орындап, екі күн ішінде таба аламыз ба, жоқ па?

Ә л и. Оны іздемекке керек. Қазір мына ағаштарды

учаскеге бөліп, өзіміз сол учаскелерге жеке-жеке міндетті боламыз. (*Көрпебай мен бір жұмысшы стол мен пренаратты әкеп қояды.*) Ал, жолдастар қайда? Қимылдайық.

Қ а с ы м. Бәсе тіпті. (*Рая шығады.*)

12-көрініс

Қ а с ы м. Мен жолдастарды жинайын.

Р а я. Жок, Қасым, кетпе. Рас, бүгін бұны сөз қылатын мезгіл де емес еді. Бірақ мен қазір ішімдегі үлкен күдік үстінде жұмыс істей алмай тұрмын. Осы бір Сәлімнен басқан маған сырт карап қалғанбысың немене осы? Аластау ма? Мені көрсе, бірі сөзден тыйылады, үндемей қалады. Біреуі тұра жөнеледі. Бірі ашу шақырады. Тағы бірі пошлост айтады, жазғырады. Бү не? Тері мені реніш, намыс дегенді білмейді, сезбейді деп ойлай ма осы жұрт, қалай өзі?

Ә л и. Осы айтылған мінездің ешқайсысын менің өз басымнан көрдің бе, Рая? Бұл сұрақты маған қойғаның не қылғаның? Бұның нең? Бәсе, өзіңе айтайын, не боп қалды осы, Раечка?

Р а я. Ендеше бір сұрақ, көңліңде өзгеріс бар ма, Элитай?

Ә л и. Бұл маған емес, өзіңе қойған сұрағың болар, Рая?

Р а я. Не де болса, жауабын сенен естігім келеді.

Ә л и. Оның әделет пе? Бұл шыншылдық бола ма?

Р а я. Түсіңгің келмей ме, ойланбаймысың? Мен, мен емес пе ем, Раечкан емес пе ем?

Ә л и. Ойланғанмен шеше алғам жок қой.

Р а я. Ендеше мені тыңдау керек емес пе еді? Және сен кешірімдісің, қызғаншак емессің, солай емес пе еді, Әли? (*Жақындай бергенде Ана мен Жазекең шығады*)

13-көрініс

Ж а з е к е қ (*Апаға*). Мына жәдігөйді қараңызшы. Енді тағы бір қырға мініпті. Өзінің жүрегін бір шайлықтырып жіберші, апа!

Р а я (*шегініп*). Е, тағы шықты ма? Бұнда шеше, жеңге, аға көп. Сәлімдей тұлдыр ма, жалғыз ба бұл. Қамқоры, жан күйері үйірімен орала жүреді, біздей ме?

А па (*Раяға*). Қарағым балам, осы болары болып, бояуы сінді ғой! Анау жұрт та, өздерің де тойып болдыңдар ғой. Біріңнің бірің басыңды қатырмай қойсаңшы енді, түге, жабулы қазан жабуымен.

Ә ли. Апа, түсінбейсіз.

Р а я. Ие, тағы? (*Әлиге.*) Әлитай, түсінбеу ғана ма екен? Қатаңды не дейін? Бірақ сол қатаңмен де...

Ж а з е к ең. Оның қаталығынан сенің жапа шеккен жерің жоқ еді ғой, шырағым, несіне жағалатасың?

А па. Осы бірің алма да, бірің тиге, қоямысың осы?

Р а я. Япырау, Әли-ау, мына кісімен мен екеуміздің ортамызда талқыда қалған ба сенің басың? Мына сөз не онымен, не менімен бол дегенге ұқсай ма қалай, жаным-ау?

Ж а з е к ең. Жаратқан-ай, не дейді мынау сумандаған су жылан. Не шешенмен бол, не менімен бол деп тұрған жоқ па, апатай-ау?

А па (*Әлиді құшақтап жылап*). Қарағым-ай, мен сенен өлі айрылмай, тірі айрылатын күнге жетіп пе ем? Қәне ендеше берші жауабыңды... Оныкі мен, менікі ме едің, Әлитайым?

Ж а з е к ең. Екеуіңнің бірің-ақ болатын болдың ғой не болса да, ә құдая тәуба, бұ не деген сұмдық.

Р а я. Әли-ау, мынау қандай жат сөздер боп кетті. Мен сенімен сөйлескелі, түсініскелі келмеппем? Комсомол мен комсомолка боп сөйлескелі келіп ем ғой!

Ә ли. Рая, ешбір комсомол менің апаммен екі арамды қақ айыра кеп килікпейді.

Р а я. Ә, сенің де өреңнің бар жеткені сол-ақ болды ма? Әй, тәйр-ай, мен қайтейін енді... Әй, қойшы... (*Қиналып, жөнеліп кетеді.*)

14-көрініс

Қ а с ы м. Әй, әлгі Рая да ренжіп қынжылып кетті ғой. Әли! Бұ қалай өзі?

Ә ли (*Апаға*). Сіз бен біздің арамыз шалғай. Бұдан бұлай өз басыңыздың салмағын өзгемен өлшестіруді қойыңыз, Апа. Ол қолжаулық емес қой. Мұндайдан тыйылыңыз. Соңғы өтінішім, ойланыңыз. (*Апа мен Жазекеңмен бірге сатыларын, дәрілерін алып, Әли, Қасым да кетіседі.*)

15-көрініс

Ғайныш, Жәкең шығады.

Жәкең. Қалқам Ғайныш, кәдір билетін біз емес пе? Ғайныш (*мастау*). Оныңыз шын болса билеңіз.

Жәкең. Қалқатайым Ғайныштай, билей алмайым ғой!

Ғайныш. Жо-о-қ, биле деген соң билеңіз. (*Әндегіп.*)

Е-е-й жаным гүл Зәйнәп!

Жүр ме екен сағызын шайнап...

(*Бір жағынан қатты ашуланып.*)

Мен маспын.

Ашудан маспын. Билеңіз..

Е-е-й, жаным гүл Зәйнәп!

Жүр ме екен сағызын шайнап!

Билеңіз! (*Еріксіз билетіп.*) Қатты, қатты билеңіз! Ау, әлгі Зура қайда? Соған да анау Дәукең арақ ішкізді, ә? Сіздердің осыларыңыз бір планмен істелді-ау, осы, ә? Неге ұқсайды өзі? (*Зура ашуланып шығады, артынан Дәукең ұмтылып кеп қолынан ұстайды.*)

16-көрініс

Зура (*ашулы*). Ұстамаңыз! Кім деп жүрсіз сіз мені? Тапқан екенсіз.

Дәукең. Тыс-с! Шырағым, жанжал шығарма. Оның ұяты менде емес, сенде қалады. Ойла, қалқам Зуратай, тоқташы, ұғыншы өзің. Аналардың саған істеген қиянатын көрдің ғой?

Зура. Бұл маған қорлық. Өлім артық. Не ойлайды, не істейді? Кім деп ойлайды бұлар мені? Мен неткен ақмақпын, жаным-ау.

Дәукең (*құшақтап*). Қалқатайым, мен аған. Ренжіме. Ит болсам ұрыспа, жазалама. Бірақ тындап бол, айналайын. (*Сүйіп тұрады, Рая, Сәлім шығады*).

17-көрініс

Сәлім. Зура, Зура! Саған не болған? Бұның нең?

Зура. Ойпырай, бұ неткен халдар? Не деген ұят, неткен ауыршылық?

Ғайныш. А, біз реніштіміз, күйініштіміз. Дертті осылай айдаймыз. Нетүші еді.

Р а я. Сен екенсің ғой бастап жүрген, құдай ұрған! Ендігі жетпегені осы ма еді саған? Жокты сылтау қылып қасқырдың аузына түсіп.

Ғ а й н ы ш (*бұлқынып, жұлқынып*). Не дейсің, не дедің? Сен тағы қорлап, жерледің бе? Құлуің жетіп, енді табалауың, ит қылуың қалды ма?

Р а я. Ұятсыз, ақмақ!

Ғ а й н ы ш. Ойпырай, өлейін. Өлейін мен бүйткенше. Ал, мә! Жоқ болайын бұны естігенше мен! (*Пышақты жұлып алып өз білегіне салып жібереді. Қан ағады. Халил, Қасым ұстай алады. Ғайныш бүрісіп отырып қалады.*)

С ә л і м (*жетіп кеп Зураны көріп*). Зура, мынаған жеттің бе? Оңбайын деген екенсің. Кісі емес екенсің ғой. Ішкен, мас. Компаниясын қара. Осындай ма едің? (*Жанжақтан Әсия, Апа, Жазекең, Әли, Катя шығады.*)

18-көрініс

З у р а (*шыққандарға қарамай, Сәлімге*). Жетті, болды. Маған ұстаз қажет емес. Доғар. Мен ұяттымын ғой. Мен мазақ болған адаммын ғой. Болсын. Бірақ сен үндеме! Өзіңмен өзің бол.

Р а я. Зуратай, қиналамашы өзіңді, ұғысайықшы!

З у р а (*сөйлетпей*). Мен ешкімнің жаны ашуын да керек етпеймін, білдіңдер ме? (*Раяға.*) Мен үшін күйінбей-ақ қой, білдің бе! Мен өзімді өзім емдермін. Кетем сендерден. Кеттім, бұл жерден (*Жөнеледі. Әли, Сәлім артынан кетеді.*)

Ә л и. Өзімді өзім емдермін? Ой түсіретін сөз-ау! (*Кетеді.*)

19-көрініс

Ә с и я (*Раяға*). Бұ не болған? Кім ренжітті бұларды?

Р а я. Сұрама себебін.

Ә с и я. Неге сұрамайын, сенбісің?

Р а я. Мен себебін айта алмаймын. Бірақ Зура үшін мен қиналамын. Ал жарасын жаза алмаймын. Өзі, өзінің балалық шалалығы жазалы. Бұл менің күшімнен тысқары нәрсе!

Ә с и я. Не айтасың сен өзің? Бұ не масқара, Рая? Мына жұрттың сен туралы не сөйлей бастағанын есіттің бе өзің? Сен өзіңе жаман ат келтірейін дедің бе? Өзің ғана емес, білесің бе? Ойлаймысың? Сенің әкең, менің

ағам кім еді? Ұмыттың ба? Соның атына таңба салайын дедің бе? Ол қазақтың ең саналы жұмысшысы, ең ерте оянған революционері еді. Біз нені ардақтаушы ек? Саған не болды? Қинама мені! Зураны ренжіткен сияқтысыңдар. Сен кінәлі сияқтысың соған, айт казір!

Р а я (*қатты толқынып*). Болдың ба? Иә, мүмкін, мен де кінәлі шығармын.

Ә с и я. Не дейсің?

Р а я. Бірақ тыныштал, тілеуің берсін, бүлінбе! Сен араласпа!

Ж а з е к е н. Араласпа, а мен бірді-бірге қосып былықтырайын де.

Р а я. Не дейсің, не дейсіңдер?

Х а л и л. Сол, айтты, қайтесің. Жеттің, әні. Сенің мінезің жұрттың бәріне жетті. Дертті қылдың мына жұрттың бәрін.

Р а я. Жаным-ау, сендер де айттыңдар ма осыны? Не боп еді сендерге? Шының ба, Халил-ау!

Ғ а й ы ш (*атып тұрып, қолының қаны өнебойын басып*). Осы бақтың ішінде сенен сұрқия кісі озды ма? Бұзылдың, бүлдірдің, пәленің бәрі сенде, сенде.

Р а я. Жалған, жала, жала бұл. Қайтып алыңдар казір. Әйтпесе... Қайтем, не деймін?

Д ә у к е н. Шырағым қызым, қолыңмен істегенді мойныңмен көтересің. Сенен басқа кінәлі жоқ тіпті. Зураны күйдірген де, бұзған да, осы жерден қуған да сенсің!

Ж а з е к е н. Бұзған, қуған, не дейді, жаным-ау!

Р а я. А, солай ма? Осылай ма еді? Жабылдыңдар ма? Олай болса естіндер, біліндер мені! Мен күйеуді өзім тандап тием. Сендер теліп тигізбейсіңдер.

Ғ а й ы ш. Әрине, әрине, тандайсың да құтырасың! Еркінмен шалқисың?

Д ә у к е н. Еркі емей, Мәскеуде тұрғызатын күйеуді біреу тандайды.

К а т я. Доғарыңдар, жетті енді.

Ж а з е к е н. Автомобильге мінгізетін күйеуді біреу тандайды.

Р а я (*бұлқынып ортаға шығып, тасқа басып*). Мен ондай моральный урод емеспін, ақмақ емеспін. Мен еркіммен сүйемін. Сүйдім. Сол сүйгенімнің жарымын. Жамылшыдан, телушіден, неше түрлі пошлостан таза күйде қосыламын. Ол менің махаббатымның правосы. Не деген жаза! Не деген сұмдық?!

Х а л и л. А, солай ма? Ендеше сұмдық ол емес, есті, міне, барып тұрған сұм сенсің!

Р а я. Не дейсің? (*Әли, Сәлім шығады.*) Маған бірін емес бәрің жабылып, ұтылап қуып езгілеп, талап жүріп тигізбексіңдер ғой, Әлиге! Өзі жалынып тиетін болсын дейсіңдер ғой.

Х а л и л. Әли сені алмайды.

Д ә у к ең. Сендейді Әлиге алғызатын кісі жоқ.

Ж а з е к ең. Жалынсаң да тие алмассың...

Р а я. Сендер мені сонымен мұқатпақсыңдар да, майыстырмақ шығарсыңдар! Жоқ, шырақтар, мен сынсам сынармын, бірақ майыспаспын. Әли, осы сенің есің шығып кеткен бе немене? Сен қашанғы талата бермексің мыналарыңа мені? Түзетерің, тоқтатарың бар ма, жоқ па, мыналарды?

Ә л и. Кім бұзса соның өзі түзесін. Мен әдейі тіл қатпаймын.

Р а я. Олай болса бұндай сын, ондай жақындық садағам! Садағам, ал!

С ә л і м. Рая, Раечка? Бұлар не тілейді сенен, неге жабылады, жаным-ау, осынша?

Ә л и (*ызамен ілгері басып*). Сен қорғаны, панасы болатын шығарсың ендеше!

С ә л і м. Иә, сен қорғауға жарамасаң мен қорғаймын...

Ә л и. Тарт аяғыңды. Жетті, қоздырма енді қанымды...

С ә л і м. Сен не дейсің, кімге ақырасың? Тартпағанда қайтпексің?

Х а л и л (*тепсініп шығып*). Тартпағанда жерге қағып жіберемін... Үн қатшы кәні... (*Жұпар шығады, асығып келеді.*)

Р а я (*ұмтылып*). Жұпар, мынадай сұмдық көргенін бар ма? Көрсенші мынаны...

Ж ұ п а р (*қатты*). О не, әй, жолдастар? Бұ не? Не болды? (*Үн жоқ.*) Не болса да оны кейін тексерейік. Қазір өте тығыз бір-екі жұмыс боп қалды. Сәлім, Әли! Екеуіңе Самат ағам машина жіберіпті. Жарты сағатта Совнарком заседаниесі басталады. Бірінші мәселе біздің баяндама депті, болындар. (*Сәлім, Әли сызданып барып түзелісіп жүруге айналды. Жұпар Раяға.*) Қәне, бұ не? (*Бұзып әкете береді.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Баяғы қара ағаш. Ол қазір сахнаның тап ортасын алып, бұтақтары үйдей болып қарауыта салбырап тұрады. Көп бұтағы жапырақсыз, жалаңаш. Маңайда жас алмалар. Рая мен Әсия шығады.

І-көрініс

Р а я. Жоқ айт, бәрін айт, ірікпе, ренжимін.

Ә с и я. Ендеше, Рая, ол емес. Менің саған айтпадым-ау дегенім өз өмірімнің бір халы еді. Соны тында да ойға сал, менің күйеуге тиген өмірімнің басы біртүрлі бір топас күйде басталды. Саматпен қосылған соң біз соның еліне бардық. Қазақ ішіндегі өте бір шикі, надан ел екен. Мен өзім қырда бұрын көп болып та көрген жоқ едім. Саматтың жақын туғаны жоқ, ағайындары ғана бар. Сонда түстік. Киімім орысша емес, бірақ қалаша еді. Сөз қыла ма деп көздеріне өрескел болатын киім кимем ем. Сонда да амандасуға ел жиылғанда бір тентек шал отырып маған қарап. «Мынаны құлағын кесіп құнтитып, мұрнын кесіп шұнтитып несіне әкелдің?»— деді. Қатындары мені дәл жансыз заттай жағалай ұстап, сипап қарап, әуре етті. Кейбір кемпірлер өзіме үн қатпастан отырып бешметім мен көйлегімнің етегін де қайырып қарайды. Мен қысылып Саматқа қарайым. Ол қиналып отыр. Әлгі шал сөзіне не дерін білмей булығыады. Бірақ бірдене десе, сөздер тағы асып кететін. Мені аяйды да қорғанады. Бірақ шал жаңағысымен тоқтаған жоқ. «Бұл өзі арзан ба екен? Жоқ әлде тегін бе? Онда осындайдың бірін маған да әкеп берші!»— дейді. Барлық үйдің іші лапыра күлді. Сүйтіп алып шал маған тағы бір төніп қарады да: «Жоқ, қояқ қой, мұндайыңның маған тегін болса да керегі жоқ» деп бітірді.

Р а я. Сен неге үндемейсің? Самат ағам ше? Неткен қорсыңдар, тіпті.

Ә с и я. Сол күннің бірде-бір сөзін әлі күнге ұмытқам жоқ. Бірақ қайтейін? Өмірден күткенім не еді? Алғашқы күні көргенім не боп шықты. Пошлостың сондайын татсаң не дер едің, сен қайтер едің?

Р а я. Ол сенің заманың емес, ана шалдың заманы еді. Пошлост онда заң еді.

Әсия. Соны біз елемей ек, енді әлдеқандай қалдығын сен елеймісің?

Рая. Жоқ, ендігі заман менің заманым, өз заманым. Мен соғлашательствоға жол бермеймін, көнбеймін. (Кетеді.)

2-көрініс

Дәукен. Уай, арысым, тап осы жер менің кегім. Бүгінгі күнге барым. Енді бастауын бастаған соң, қалғанына да жәрдем ет.

Көрпебай. Е, өзіңіз ше? Ендігінің орайы өзіңіздікі емес пе?

Дәукен. Жоқ, енді несі болса да сен арқылы болсын, кегім дедім ғой!

Көрпебай. Бәсе, осы көшелі кісі, үлкенді айтсаңшы. Анау жастардікі не, ырың-жырың.

Дәукен. Әй, тәйір, табандап ұрып, тап жығатын кәрі шөгел өзімізді айтаңшы.

Көрпебай. Ал, мақұл. (Дәукен кетеді. Көрпебай бойлап қарайды. Жазекен келеді.)

3-көрініс

Көрпебай (ерік келе жатып). Тең төңімен, тезек қабымен дегені ғой.

Жазекен. Сөзінің майдасын-ай өзінің.

Көрпебай. Бәсе, кет әрі емес шығар деп едім-ау, Дәукен.

Жазекен. Құрып қалғыр, бәрін өз ішін біліп тұр ғой енді. Жалғыз-ақ тақатым кетіп тұрғанын қарашы!

Көрпебай. Үндеме, бәрінен өзін жүйріксің.

Жазекен. Бәтір-ау, әлгі жастар ше? Оларды сөз қып жүріп пәленің басы өзіміз боламыз ба? Көрпебай-ау, оны қайтесің.

Көрпебай. Әй, тәңір, жастың қолынан іс келуші ме еді? Тіпті шаңына ілесуге жарар ма екен Дәукен екеуіңнің!

Жазекен. Е, жолды неге берейік де сүйтіп. (Дәукен шығады. Көрпебай кетеді.)

4-көрініс

Дәукен. Жазеке, елден асқап, ақты-бозы қалау-лым өзінсің.

Жазекең. Жалғыз-ақ енді, Дәукегай, ел құлағы елу ғой!

Дәукен. Жастар ма? Тәйір, ойға алма! Қайта өз араларына тағы бір шала тастайық дегелі тұрмын.

Жазекең. Пышаққа түсіп, Раясы қырық пышақ төбелес шығара жаздап кетіп, айтқанындай-ақ быт-шыт болмады ма?

Дәукен. Ол епті істеліп еді. Енді бір сүзisetін кез келіп қызыл кеңірдек болып-ақ қалып еді. Әне бір Жұпар кеп бұзып кетті. Сонымен Сәлім әлі үлкен жаза көрген жоқ. Енді қалғандарының бәрін де осы күйінде шыр-мап жаңадан былықтырып, ұйқы-тұйқы қылатын тағы бір пәле керек.

Жазекең (күліп). Сонда өзіміз де елеусіз қаламыз, ә?

Дәукен. Е, сөз бар ма? Әй, кәдір білетін кәрі асылым-ай, көмейдегіні болжайсың-ау, тіпті көңіл ауларды көрмей зарығып ем. Ескінің асыл көзі, жарықтығым.

Жазекең. Сай-сүйегімді босаттың-ау, Дәукегай. Кәдірінді мен де білейін енді, жаным. *(Екеуі құшақтасқанда күлкі естіледі, барған сайын үдей берген мол күлкі.)* Ойбай сығыр, бұнысы кім еді?

Дәукен *(бұрынғыша аймалай беріп)*. Е, ана жақтағы қағынғандар ғой, алаң болма! *(Күлкі үдей береді.)*

Жазекең. Жерде ме, көкте ме өзі? *(Күлкі.)*

Дәукен. Жын ба, сайтан ба?

Сол кезде бұлардың төбе жағынан қара ағаштың басынан темоч қарай сауылдап жастар құйылады. Әли, Қасым, Катя, Сәлім, Жұпар, Халил, Гайыш, кейін Көрнебай да шығады.

5-көрініс

Қасым Жә! Астан Бендер айтқандай ендігі парадтың командирі менмін. Ал жасасын бұл бақтағы бірінші құшақ, бірінші сүйіс! Бұлдыр емес бірінші сортты, шын жақындық жасасын. *(Күлкі.)* Міне, міне сыншы, үлкен

дәстүрлі, жол жоралы аға, жеңгелер! Теңеліп көріндер кәні.

Ж а з е к е ң (*сасқалақтап*). Сығыр-ай, не бетімді айттайын енді!

Д ә у к е ң. Өй, сұм бала. Ата-ененің жөрелгісі. Ай көрдік, аман көрдік деп бетті сипап жүре беріндер, түгі. Бол енді, ей, қыздар!

Ж ұ п а р. Жоқ енді, жүйріктер, құр ғана көріп жүре бермеспіз.

Ғ а й ы ш. Бәсе, құр ғана көріп жүре бермеспіз.

Ж а з е к е ң. Мына жәдігөйлер қандай еді? Дәуке-ай, қой десе қоймайсың, қойшы әрі! Мыналардың түйін түйіп, әлденені ойлап тұрғанын көрсенші.

Қ а т я. Айта беріңіз. Жоқ, бұнда енді түйін түйілмейді. Қайта көп түйіннің шешілетін жері болар. Өмір толқыны жағаны ұрып енді қайта серіпті. Лай судың түбіндегі ақпа, салындының бәрі енді ашылады.

Қ а с ы м. Өзеуреп, өзгеге жабам деген тондарың өз нықтарыңа қонды ма? Көрпебай, енді не айтасың?

К ө р п е б а й (*сыпыртқысын қағып әндетіп*).

Бұл дәурен жаңаныкі, а не твой!
Пәлеңмен көптен аулақ сен не свой!
Сұм тонын сүмелектің иығына —
Жап-тағы, кел, Көрпебай, гони метлой!

(*Ду күледі.*) Бұл Қасым екеуміздің қоспамыз, өзіміз шығардық.

Ғ а й ы ш. Шын ба? Япырай, бұл қалай боп шықты?

Х а л и л. Көзің ашылғыр, мыналар қандай емші еді, бәтір-ау!

К ө р п е б а й. Әггөй, әгә-гөй, әггөй, әгә-гөй! (*Күлкі.*)

Д ә у к е ң. Қой, бұ не спектакль? Сендер түк білмейсің. Түк көрген жоқсындар.

С ә л і м. Иә, біз алдануға ғана бармыз, көргеміз жоқ дендер!

Х а л и л. Әрине, біз түк қормедік.

Ж ұ п а р. Нені көрейік. (*Самат Раяны қолтықтап, ертіп келеді.*)

Д а у ы с т а р. Самат ағам да кепті-ау. Өй, Самат ағам, қара! Самат аға,

6-көрініс

С а м а т. Бұ не? Не шу?

Ә л и. Бәрінен бұрын бұл арада мына бақ дертінің түйіні шешілді. Біздің бағымыз құтқарылады пәледен. Жау құрттардың ұясын таптық, мінекей! *(Бағанадан өзі ұстай түскен, көп айналдырған нәрсесін көрсетеді.)*

С а м а т. Немене? Қайда екен?

Ә л и. Біздің бактың зиянкес құрты мына кәрі қара ағаштың қабығының астында екен. *(Дәукең, Жазекең сол ағашқа таңылғандай қатып тұрады. Жұрт соларға нұсқап сөйлейді. Олар барлық сөздерді өз бастарына тиген таяқша сезінеді.)* Зиянды ұя мына кәрі қара ағаш боп шықты. Жаңа басына шыққанда соны таптық.

Р а я. Ендеше құлату керек бұл кәрі ағашты. Бұл күнде ол шірік ескі індетті жақтаушы ағаш болған. Кем қойғанда, жас дүниеге зиянды әсерін тарататын балласт. Міне, бұның үкімі осы. Жаңа бақ, дүниемізге залалды кесірін жұқтыратын ескілік қалдығын аластаймыз, аямандар.

С а м а т. Ендеше, жығындар, білінбей, сленбей келген зиянкестің бірі екен, жойындар.

Д а у ы с т а р. Жық, құлат.

— Аластайық!

— Бітсін, өшсін!

Ж ұ п а р. Ал ендеше осы кәрі қара ағаштың іні-туғандары, салттағы, өмірдегі қара ағаштар мына тұрған кісілер!

С а м а т. Не дейді? Рас па?

Ж а с т а р. Рас, ашылып отыр, абройы айрандай төгіліп тұрғаны!

С а м а т *(Дәукеңдерге)*. Солай ма еді? Ендеше жөнеліндер, жоғалт көздерінді. Бұдан былай бір-бірімізге жоқпыз. Енді қайтып қарамызды көрмейсіндер. *(Аналар қозғала бергенде.)* Бұл бұл ғана емес. Сазаыйнды өзге жолмен де тартқызамын!

Қ а с ы м. Өшсін тозған салттың кер кеткен мұрала-ры! *(Жастар Саматты қоршаған, көңілді.)*

К ө р п е б а й. Бәсе, айтам ғой қонырсиды деп.

Р а я *(оқшауырақ, Әлиге)*. Сен жол тауып, өрге басып жазылдың-ау!

Ә л и. Бұны тануыңа рақмет.

Р а я. Ең болмаса, сенің жақсылығыңды айтып, мақтау керек қой! (*Сәлім жақындайды. Әли кете береді.*)

Қ а с ы м. Иә, Зурадан айрылуымыз жаман болды.

С а м а т (*естіп*). А, Зура деймісiңдер? Ендеше, балалар, бүгін бір қазақ қызы парашютпен зор биіктен зәтәжнәй прыжок жасап, аман түсіпті. Соның аты Зура дейді.

Д а у ы с т а р. Зура! Қай Зура екен? Біздің Зура ма, басқа ма?

С а м а т. Е, немене, Зура жараушы ма еді ондайға, жарамашы ма еді? Білушімедіндер жолдастарыңды? Кім ғой дейсіндер?

Ә л и. Менің ойымша сол біздің Зура!

Ғ а й ы ш. Ол басқа настроенмен кеткен еді ғой ә?

Х а л и л. Ол болмас, ол болса бұл бір тамаша ердің жолымен емденген екен!

Қ а т я. Бұл даусыз біздің Зура. Шын жігіт. (*Ғайныш, Халилге.*) Мінекей... басқа орнаған болымсыз, лас настроеннені осылай лақтыру керек. (*Саматқа*). Дядя, шын біздің Зура ғой? Айтыңызшы, шын сол емес пе?

С а м а т (*күліп*). Иә, шын біздің Зура. (*Ғайныш, Халилдерге қарап.*) Әлдекімге қол жаулық боп бықсып бүлінгенше осындайды ойласаңдар етті, түге!

Ж ұ п а р. Бұл екеуінің жәйі бізде бүгін кешке тексеріледі. Күн тәртібінде тұр. Сондықтан айтыс ашылмаса екен, покрайнемер!

С а м а т. Аэродромға мен өзiм де барып ем. Көріп тұрдым, Зура біртүрлі ерлікпен әсем өнер жасап түсті. Парашютін жерге 200-ақ метр қалғанда бір-ақ ашты. Есі шығып аша алмай қалады-ау, өледі-ау деп зәрем кетіп еді. Бір түрлі берік те, ер де екен. Тамаша қуандым. Өзіне машина жібердім, қазір келеді.

С ә л і м. Зуратай? Қайда екен енді келмей!

Ә л и. Зура, қандай ардақты, асыл едің?

Қ а с ы м (*алысқа қарап тұрып*). Әй, әне машина келеді.

Д а у ы с т а р (*желікті, қуанышты айғайлар*). Әй, анау Зура ғой!

- Зура келеді, Зура қайтты.
- Жүгіріңдер, машинадан гүсірмей тосайық!
- Зура, ур-ра!
- Ур-ра, Зу-р-а!

Тегіс қуана шулап, қол шапалақтап, жүгіреді.

Ш ы м ы л д ы қ.

Алтыншы сурет

Терраса мен бақ. Күн шуақ. Сахнаның екі жағында қып-қызыл боп гүлденген персик, шапталы, маңайындағы алма ағаштарында толықсып кернеп тұрған ақ гүлдер. Жастар бұрынғыша жұмыс үстінде.

1-көрініс

Қ а т я. Қазақстан жасының ішінде бірінші боп, Зура зор биіктен затыжной прыжок жасап отыр. Қалай қанат қағады! Бәрі де қак қасындағы, дәл өзіндей, өз бауырларының серпіні. Қандай қызу, қандай әсерлі, тәтті біздің күндер! Ех, мен сүйемін, сүйемін!

Қ а с ы м. Рас па, Катенька, шын айттың ба?

Қ а т я. Бар үніммен дауыстап, шырқап тұрып айтам: сүйемін!

Қ а с ы м. Айтшы бәсе, айқайлап айтшы, кімді... сүйесің?

Қ а т я. Өмірді сүйемін.

Қ а с ы м. Ойбай, тәңір-ай, алау ұрып жүріп, мені сүйіп қалды ма екен деп дәмәтіп қалсам, анау ма еді?

Ж ұ п а р. Е, құрамай қаптың ба?

К ө р п е б а й. Тәңір есіркесін, шырағым!

Қ а т я. Өмірді сүйемін. Көкке, биікке қайратым, қиялымды тартатын кристалдай таза өмір биігін сүйемін. Қайда жүр, қайда кетті әлгі Зура!

(Жүгіре жөнеледі.)

Қ а с ы м. Е, бәсе, не қылып оңай бола қойсын-ау, Көрпеке, ойда жоқтан, дәмәтпестен дәмәткен мені айтсаңшы.

К ө р п е б а й. Айтам-ау, не қылған батпан құйрық десенші.

Ж ұ п а р. Жақсы айттың, Көрпеке!

Көрпебай (*Жұпарға*). Жаксы дегенін рас па асы?
Жұпар. Рас.

Көрпебай (*Жұпарға*). Ендеше, дәйдірім, әлгі лек-
безді бітірді деп қағаз берші осы! (*Өтіп кетіседі. Рая,
Әли, Сәлім, Зура жұмыста.*)

2-көрініс

Рая (*Зураға*). Ал, Зура, ендігі бір көмескі түйін осы
біздің арамызда. Соның шешілетін уағы жетті. Кәні, бә-
ріміз бірге отырып ашысайықшы. Не сездін?

Зура. Мен міне көңілдімін де саумын, Рая. Аэро-
планның қанатына басып енді секіргелі тұрғанда сендер-
ді еске алып, бір түрлі сүйіп те, сағынып та кеттім. Бір
ғана секунд, бірақ соның ішінде барлық сезімім мен ой-
ларым асты-үстіне келіп өзгерді. Барлық анау-мынауды,
ұсақ-ренішті, барлығын да кешіп, сендерге, өзімізге тіп-
ті жаным ашып кетті. Қайтадан аман жетуге, бәріңді
кеп, құшақтап сүйуге асықтым.

Рая. А, мен соның көбіне айыпты сияқты едім-ау.

Зура. Жоқ, Рая, қайта мен барлық қатты сөздерім
үшін сенен кешірім тілеймін.

Рая. Жоқ, ол қажет емес, Зура? Енді бұрынғыдан
біздің жәйлар қатты өзгерді.

Зура (*қиналыққырап*). Рая, қайдан білдің? Мен
оны да бәлки (*тоқтап*), жаңағы айтқан көңіл халымда,
бәлки оны да саған еркіммен қиярмын... Бірақ бұл жәйді
сөйлесу, маған бір түрлі ауыр.

Рая. Жоқ, батыр бол, қорғанба! Шыннан жасқан-
байық.

Зура. Ендеше қалғанын өзің сөйлеші, барлық жәй
саған мәлім ғой.

Рая. Олай болса, Сәлім екеуіңде қысқа ғана бір сұ-
рақ. Екеуіңнің араңда жүрекпен табысқан уәде, байлау
бар ма еді? (*Тым-тырыс.*) Шыны керек қой. Айтыңдар-
шы, Сәлім, Зура!

Сәлім. Зуратай, неге іркілесің? Бар еді.

Зура. Рас еді.

Рая. Ендеше тағы бір шындық, Сәлім, ол сен екеу-
міздің арамыз. Мен талай оқталып келіп, аяқтата алмай
жүр едім. Білесіндер ме? Сәлім, мен сені сүйген кісі емес

едім. Жалғыз ғана таза, сау сезіммен кәдірлеп күткен жолдасың, досың едім. Шынды айтшы, сенің ішінде осыдан өзге күй болды ма?

Сәлім. Одан артық не болады? Неге болады, Раечка? Өзгені тіпті ойға алған кісі бар ма әуелі?

Рая. Ендеше мен ризамын! Екеуің де әрі досым, әрі бауырымсың. Бірліктерің қайырлы болсын.

Зура. Не дейсіңдер? Сәлім, Сәлімтай, Рая? Ендеше маған кешіндер. Мен айыпты екем.

Сәлім (құшақтап). Пәле, Зуратай, қызық екенсің.

Рая, Ал, Әли, осы енді екеуміздің арамызды да анықтаған жоқ па? Сен қалайсың? Қайдасың?

Әли. Мен көп қобалжып, көп толқысам да сол өзін қойып кеткен жеріңнен көп ұзаған жоқ ем, Рая. Жалғыз-ақ қинағаны жұрт көзіне оғаш көрініп, әркімнің аузына сөз салғаны еді.

Рая. Мен бізді қосатын ата-ене, пошлост болмасын дедім. Бірінші, Сәлім орынсыз сезікке түсті, біздің ортамызға келмей жатып ренжірлік сөздер есітті. Бұның басына деген жолдастығым, таза достығым үшін бір ашуландым. Екінші, өз басымның намысына тиген түрткі, соққы да аз болмады. Содан кейін қыңырлыққа бастым. Жиыны: көңілде қаяу, қабақта реніш тұрғанда жаңа өміріміздің есігін ашуға асықпайық дедім. Ал енді міне, күнін өзің белгіле, ерік сенде.

Зура } Рақат, тамаша, қандай таза. Қайырлы,
Сәлім } қайырлы болсын. Бақытты болыңдар,
} достар, бауырлар.

(Самат, Әсия, Ана барлық жастарды ерте келеді.)

Н

3-көрініс

Самат. Жә, балалар, сендер тамашаны білдіңдер ме?

Дауыстар (Саматты жастар айнала қоршап алған.) О не? Немене, Самат аға! Қандай тамаша, Самат аға-ау?

Самат. Кеше кешкі мәжілісінде Совнарком Қазақстанда алма-жеміс бақтарын молайтып, өркендетудің зор планын қабылдады. 1950 жылға дейін созылатын 1 жылдық жоспар бойынша бүткіл Қазақстан далала-

рына екі жүз мың гектар алмалы бақтар орнайтын болды.

Сәлім. Уай, тамаша! Жарайды.

Рая }
Әли } Жаксы! Істейміз, орындаушы бізбіз!

Самат. Мінекей, мына бүгін Алматыда (*айналада гүлдеп тұрған бақты көрсетіп*) мынадай боп гүл атып, нұр жайнап тұрған бақтар енді айдан ай, жылдан жыл өткен сайын отанымыздың социалды бағы болып Қазақстан картасының бетіне жемісі мен саясын жая, жая бермек! Бүгінгі еңбек табысы мынау, келешек күн шуақты, қызықты өрісінің даңғыл жолы анау. Қысқасы, құтты болсын, жолдастар!

Рая (*жолдастарына*). Қысқасы, орындаймыз ғой, жолдастар, ә?

Жастар. Құтты, құтты болсын. Орындаймыз, өрлейміз.

Рая. Ал, Сәлім, енді сенің қиялыңдағы Күншығыс сұлуын Жем, Сағыз, Есіл, Нұра бағынан көретін боламыз.

Көрпебай. Қарағым-ау, сөйдегендерің кім еді осы?

Рая. Ол слива деген жемістің бір сорты емес пе?

Көрпебай. Ойбой, қаңғыған басым-ай, әлгі Дәукендермен бірге дәл осы бір сөзді мен де бір сұмдық көріп жүрмедім бе?

Сәлім. Ал, Самат аға, енді сіз тыңдаңыз, біз айттайық. Тағы бір тамаша бар, оны сіз білмейсіз?!

Самат. Иә, о не?

Сәлім. Бұл жайдағы сөзді Әли, Раяға бердік.

Әли (*Раяны қолтықтап алып*). Ал енді, Самат аға, Әсия, міне, енді шын тойды енді сұраймыз, бер тойды.

Сәлім } Той, той болдырыңыздар, беріңіздер енді
Зура } тойды.

Жастар (*шулап*). Шын ба? Рас па? Уай, дұрыс, уай, рақат. Уа, Самат аға, бер, бер енді тойды.

Әсия. Шын айтасындар ма? Тағы алдамаймысындар?

Сәлім } (*бастайды, басқа жастар қостал*). Шын,

Әли } рас, алдау жоқ, рас! Рас!

Апа (*Рая мен Әлиді қабат құшақтап*). Қалқаларым,

мен бір жаман тілге ерем деп екеуінің шын жәйінді ұқпаппын. Адасыппын. «Елу жылда ел жаңа, қырық жыл қазан» деп еді. Жаңаның, өзгеше, басқаша жақсылығын кәрі көзім тосаңсып танымапты. Екеуің де бақытты да атақты болыңдар. *(Беттерінен сүйеді.)*

С а м а т. Бұл ана ғой, мына сөзін талқыламай-ақ қабыл аларсыңдар, солай емес пе?

Ж а с т а р. Дұрыс, мақұл, жақсы, жақсы айтты.

С а м а т. Ал, бірақ ол сенсе сене берсін, мен өзім сенбейім әлі, сенгем жоқ.

Қ а с ы м. Уот, диуана, енді не дейік.

С ә л і м } Бәріміз кепіл, кепіл болайық

З у р а } сеніңіз!

С а м а т. А? Осыларың шын ғой, ендеше сыныма шыдаңдар. Шыдаймысыңдар?

Ә л и. Шыдадық.

Ж а с т а р. Шыдаймыз, сендіреміз.

С а м а т. Олай болса шындарыңды үндеріңнен танын, әнеуігі үзілген әндеріңді айтшы тегіс, бәрің!

Ж а с т а р *(тегіс әдемі, әсем хормен)*:

Қуанышты қызықтай да білетін,

Тең достардың қызық,

таза ниетін.

Құрметпенен, шыныменен қадірлеп,

Біз боламыз шат жүзбенен

күлетін.

Жаңғыр біздің

бағыстан,

Бақытқа қол

алысқан,

Екі жаспен табысқан,

табысқан.

Ән үстінде Раяның басына гүл-веноч киіле береді. Екеуінің де қолына букеттер, омырауларына гүлдер орала береді. Екеуі ортада.

Бақытты бол, өмір болсын

гүлстан,

Сүйген сергек, нәрін ұқсын

гүлстан.

Жетім ғой деп, қалғып қалмай орнында,
Қағат қосып беттей ұшысын
гүлстан!

Күтеді сізден
гүлстан,
Күндер өте жылысқан
Гүл атат деп гүлстан,
гүлстан.

Көрпебай (Әли, Раяға). Бал бала. Майда, қоңыр
бақытты бол. Жаудыр көз, егіз қозым айналайын.

(Саматқа.) Ал, енді не дейсіз?

С а м а т. Ендеше келесі подвыходной күні тойларын!
(Әсия екеуі Әли, Раяның беттерінен сүйеді.)

Көрпебай (осы уақытта). Әг-гөй, әгә-гөй, әгә-гөй,
әгә-әгә-гөй-ау!..

Ш ы м ы л д ы қ.

ШЕКАРАДА

*Үш актылы,
он бір суретті пьеса*

КАТЫСУШЫ АДАМДАР:

М ұ р а т — райком секретары.

Х а д и ш а — әйелі, дәрігер

Г а н ш и н А л е к с а н д р И в а н о в и ч — отряд начальнигі.

С е й і т — райисполком председателі.

Н и я з — М Т С д и р е к т о р ы, ұ й ғ ы р.

С м а й ы л — Нияздың орынбасары

О м а р — комсомол, аудан қызметкері.

А ж а р — «Жігер» колхозының председателі.

Ж а р қ ы н

С а д ы к

А с а н

С ә р с е к

Ж ұ м а т а й

С ү й р і к

} — «Жігер» колхозының мүшелері.

Б а л т а б е к — колхоздың бұрынғы бастығы.

С ә т — колхозшы, акын.

Р о м а н

С т е п а н

} — трактористер.

Ж о м а р т — Қытайдан қашып келген жігіт.

З и п а — әйелі.

Қ о н а й — колхоз жылқышысы.

Ж а у һ а р — Нияздың қызы.

Б а й н а з а р — кулак.

Т о р қ а — оның әйелі.

Б і р е у

П о г р а н и ч н и к т е р, к о л х о з ш ы л а р, а у д а н қ ы з м е т -
к е р л е р і.

БІРІНШІ АҚТ

Бірінші сурет

Шекара заставында Мұрат, Ганшин, Хадиша.

Мұрат (*бинокльмен қарап*). Токтай қал! Мынауың не қылған серуен?

Ганшин. Ие, арғы бетте бір оқиға болғанға ұқсайды.

Мұрат. Өзі бір үлкен шабуыл ғой.

Хадиша (*о да қарап*). Артындағы шаңның молын байқаймысың?

Ганшин. Алдындағы қашқын, артындағылар қуғыншылар, ә?

Хадиша. Қашқын екеу ғой.

Мұрат. Қысқасы, бұл тегі сыртқы ел драмасының бір сахнасы ғой өзі.

Ганшин. Қысқасы, біздің шекараның жолдас Мұраттай жаңа келген, жаңа секретарьді қарсы алғаны осы ғой.

Мұрат. Рақмет. Тек бұл сауығың қымбатқа түсіп жүрмесін, Александр Иванович.

Хадиша. Шекара мына өзен ғой. Қашқындар тақап қалды.

Мұрат. Біздің кісілерді қара.

Хадиша. Қайдан шыға қалды? Қуғын іркілді.

Комендант (*Ганшинге рапорт беріп*). Жолдас начальник, арғы беттен бізге қарай екі нарушитель кашып шықты. Біздің жағадан атылған мылтық даусымен қуғыншылар іркіліп қап тұр.

Г а н ш и н. Нарушительдер мұнда жіберілсін. Қосымша нұсқау сол орында күтілсін. (Комендант кетеді. Мұратқа.) Істің үлкенін әуелі «Жігер» колхозынан бастайын дейсіз, ә?

М ұ р а т. Күштің үлкенін алдымен соған саламыз.

Г а н ш и н. Дәл шекарадағы ең мол колхоз. Бірақ, ауыр колхоз.

М ұ р а т. Ие?

Г а н ш и н. Тегі ауданыңыздың большевиктік басшылықты күтіп тұрған істері көп.

М ұ р а т. Өздері және ауыр істер, солай ма?

Г а н ш и н. Сонысын сезе, біле тұра әдейі сұранып келдім.

Х а д и ш а. Япыр-ай, сіздер әуелі мынаның не екенін ойласаңыздаршы.

Г а н ш и н. Е, ол шекараның күндегі белгілі кәсібі ғой (Мұратқа). Мұндағы бұрынғы басшылық... Я, аудан сезімтал аудан. Е, мынаның бірі әйел ме еді?

Жомарт, Зипа, пограничник.

П о г р а н и ч н и к. Жолдас начальник, арғы беттен бізге қарай өткен нарушительдер, тінтуде бойларынан құрал табылған жоқ.

Г а н ш и н. Сіздер кімсіздер?

Ж о м а р т. А, құдай ақсарбас, я, аппақ қожам, я қожа Пәуеден жолымды қыла гөр. Жер дегенде жалғыз сенгенім сен едің, кеңестің елі. Пананды, пананды сұраймын, тақсырларым.

З и п а. Ағатайлар, мұсылманның балалары екенсің...

Г а н ш и н. Қай русыңдар?

Ж о м а р т. Мынау Керей қызы еді. Үш қатың үстіне шалға берем деп елі зорлық етті.

Г а н ш и н. Қай Керей? Қай уанның елі?

Ж о м а р т. Жабай уанының елі?

Г а н ш и н. Өзің қай русың?

Ж о м а р т. Мен сол Керей ішіне сіңген азын атаның баласы едім. Түбім Қызай. Мына кісімен көңіл қосып ек, құштарым еді. Ол жақта дегенімізге жетер болмадық. Сонан соң сеніп қашқан елім сендерсің, әкетайларым.

Г а н ш и н. Қуғыншылар кім?

Ж о м а р т. Исі Керей боп соңымызға түсіп тұр.

Пограничник (*келін*). Жолдас начальник, қуғыншылар кісімізді бер деп кетпей, тарамай тұр.

Жомарт (*Ганшинге*). Сауға, тақсырым, бір шыбын жаным сауға болсын.

Зипа. Пана бола гөр, ағатай.

Ганшин. Хадиша, мына кісінің жарасын қаранызшы. Оқ тиіп пе еді?

Жомарт. Білмеймін. Қолым садаға, жаным... жаным қала ма, тақсырым-ау?

Хадиша (*қарап*). Оқ емес қой.

Жомарт. Сойыл тиген ғой.

Комендант (*келін*). Жолдас начальник, қуғыншылар қайтарыңдар деп жабысып тұр, не бұйырасыз?

Жомарт. Тақсырларым, берер болсаң көз алдына апар да атып таста. Ақыретте тәңір алдында бір тамшы қанымызды да сенің мойнына жүктемейік, тақсырым.

Ганшин (*Мұратқа*). Мәселе түсінікті ғой деймін.

Мұрат. Мәселе ашық. Бергізбе!

Ганшин. Болды. (*Комендантқа*.) Бар да, шекарадан тез тарасын, кейін барып сөйлессін де.

Хадиша (*Мұратқа*). Сен сыртқы ел драмасы деп пе едің? Тауып айтылған екен!

Ганшин. Ендеше сыртқы ел драмасының шымылдығы осымен түсе тұрсын. (*Комендантқа*.) Кісілер берілмейді деп хабар етілсін.

Жомарт. Уа, жортқанда жолың болсын, айнадайын большевиғім.

Шымылдық.

Екінші сурет

Колхоздын шеті. Жол үсті.

Сәт (*жалғыз әндетіп*).

Желпінген ақ селеулі ескек желім,
Шалқыған кең жайқындай мұнар белім.
Көктемдей жаңа күнде көгертеді,
Ең дала, еңбек елі нең сенін.

Жомарт, Зипа шығады.

Аласа бойлы жатаған,
Қытайдан қашқан қашаған.

Кезуменен кетпек пе ең?
Мекенің қайда атаған?

Жомарт (*жорғақтап*). Айналайын тіліңнен, айналайын, ақыным. Көмек етші мына қарындасыңмен екеуімізге, колхозға орналастыршы. Қайда болса да қанағат. Тіпті босағадан озбайын. Мына қарындасың, қарындасың да соны тілейді. Зипа, айтсаңшы, бақырым-ау, сен де.

Сэт. Рас па? Солай ма?

Зипа. Солай еді.

Сэт. Зипа! Зипа, шын Зипа! (*Сүйсіне қарайды, Жомарт қошаметпен күледі.*)

Қызық екен осы ағам,
Зипадай шырын жеңгеме,
Бермей бұрын төрімді
Неге ұсынам босағам?

Жомарт. Уа, тілің бұлбұл екен ғой, тілесен күшің дүлдүл ғой, ақыным. Ендеше мына тәтті жеңген екеуімізге назарың сал, пана бод. Тіледік сенен, ұстадық білегіңнен, Зипа?

Зипа. Ақын құрбым, қонақ қақы, шын тіледік.

Сэт.

Аласа бойлы жатаған,
Қытайдан қашқан қашаған.
.. Мәлтіздеген мойыл көз,
Сай-сүйегім босаған.
Лебі дем-дем тартады,
Жақсы еді петкен жасаған.

(*Кетіседі*)

Байназар (*Торқаға*). Бас, бас аяғынды жылдам!

Торқа. Не деді? Қалай қаш дейді?

Байназар. Шекара, шекараға такап барыңдар да, қас қарайып түн бола бергенде тартып кетіңдер дейді.

Торқа. Аналар ше? Сезбеп пе? Қумас па екен?

Байназар. Білсе қумақ түгіл құрытар да... Ал далдалдап тарта бер, жүр... жүр... бас...

Торқа. Шекарасы алыс па өзі? Қанша қалды?

Байназар. Уа, мынау тұр, тиіп тұр... Ұш, жаның барында, ұш деймін енді жылдам... жүр!

Жарқын жүгіре шығады.

Жарқын. Тоқта! Ә, Байназар бай, Торқа бәйбіше, тоқта, тоқта... Қайда барасың, түге?

Б а й н а з а р. Шырағым, мен жазамды тартып болдым ғой.

Т о р қ а. Ел аралап күн көрейік те.

Ж а р қ ы н. Ел десең мына жақта... Мына бетің ел емес, шет қой!

Б а й н а з а р. Шетің не, Жарқын-ау, жарықты-ғым-ау!

Ж а р қ ы н. Жоқ, бұл шекара, бұнда бөгде кісі оқшау жүрмес болар. Мына жерде шекаралық отряд, Ганшин бар... Жүр, жүріңдер, сонда барамыз. Беттерің өзі де солай екен. Жүріңдер, өзім таныс қылайын.

Б а й н а з а р. Әй, Жарқын, бармаймын отрядқа, апарма онда... Онда мен жазамды өтеген кісімің, не ақысы бар менде отрядтың?

Т о р қ а. Бармаймын! Ауданға жібер. Апарма отрядқа. Қайда, қайда! Әлгі өзге колхозшы, уа Балтабек, Садық, Асан, қайдасың, түге!

Ж а р қ ы н. Жоқ, алдымен отрядқа мәлімденесің. Жүр, жүр былай.

Б а л т а б е к (*Жұматайды ерте шығып*). Әй, мынау ана бишараларды тағы отрядқа әкеткелі жатыр ғой.

Ж а р қ ы н. Жүр, жүріңдер отрядқа!

Б а й н а з а р. Ал, жарайды, қайтейін енді.

Б а л т а б е к (*Жұматайға*). Әлгі Садық, Асан қайда, жүрші соларға білдірейік... Мынау Жарқынның ісін солар да көрсін, өз көзімен көрсін... (*Кетіседі.*) Садық! Ай, Асан!

Ж а р қ ы н (*Балтабектерге айналып*). Ай, батрағым, сенікі не? Айдалып кеткен байға сенің қимаң неге қышыды?

Б а й н а з а р. Отрядқа апарса өзім де біттім, өзгенің де сырын ашқаным ғой. Ерікке қоя ма. Қой, қой, бүйткенше мен кетсем сыр ашылмасын...

Ж а р қ ы н. Жүр, жүріңдер.

Б а й н а з а р. Қазір, тоқташы... Тым болмаса нәрсемді жинап алайыншы... (*Сахнадан шыға береді, өзіне пышақ салады.*)

Ж а р қ ы н. Әй-әй, мынау қайтеді!.. Әй, мынау бауыздалып қалды ғой.

Торқа, Садық, Жарқын, Сәт.

Т о р қ а. Ойбай-ай, сұмдық-ай! Кұдай-ай, ку құдай, тағы не күйге ұшырадым.

С а д ы қ. Түсірші арбадан, түсірші деймін.
 С ә т. Не боп қалды, шұнақ-ау?
 С а д ы қ. Бауыздап жіберді өзін өзі.
 С ә т. Е, қайта басқан қарт бураның шөккен жері осы де.
 Ж а р қ ы н. Е, өзін өзі бауыздағаны несі мұның?
 Т о р қ а. Жоғал әрі көзімнен, қыршыныңнан қиыл-ғыр. Ақыретте екі қолы жағанда, Жарқын.
 А с а н. Шошытып, отрядқа ала жөнеліп...
 А ж а р. Одан неге шошиды?
 Ж а р қ ы н. Шошыса түбі шикі болғаны.
 Ж о м а р т (*Сәіке*). Бәсе десеңші, осы шын азамат, шын сабаз дәл осы Жарқын ба деп тұрмын!
 Ж ұ м а т а й. Тағы тергелем, тағы айдалам деп шошыды ғой.
 Б а л т а б е к. Бұның обалы сенде, сенің мойныңда, Жарқын.
 А с а н. Түбі шикі.
 А ж а р. Сандалма, түге. Әй, білдің бе?
 А с а н. Сен де қалжырай берме, қатын, білдің бе?
 А ж а р. Өй, Асан! Андамай сөйлеген ауырмай өледі. Баяғыда мына Торқаның борсыған сорпасы мен быршыған іркітіне табынған күнде итаршы болуымыз жеткен, сандалма!
 Ж о м а р т. Өй, жолың болсын, тіпті сөз-ақ емес пе?
 Б а л т а б е к. Ал, мынаның өлімін қайтесің?
 Ж а р қ ы н. Ажар, мыналардың мына жұмысын мен тура партияның алдына саламын.
 Б а л т а б е к. Иә, сөйтіп кісі өлімі үстінде тағы аброй-олжа табамын де.
 А ж а р. Ой, бастық, колхоз бастық, сен неғыл деп қоса қыңыратқып тұрсың осы.
 Б а л т а б е к. Тәйт әрі, осындағы барып тұрған жікшіл осы Ажар, Жарқын, сендерсің, тіпті. (*Сейіт шығады.*)
 Ж а р қ ы н. Адыра қал! Қара мұны, шетінен шолақ итше діңкілдеп.
 А с а н. Әй, сенен келген керді көріп алайын, келші осы. (*Жарқынмен жағаласады.*)
 А ж а р. Тәйт әрі, Асан. Тоқта былай, тарт қолыңды.
 А с а н. Жоғал арман! (*Ұмтылады.*)
 С ы д ы қ. Ұр итті, жатқыз. (*Қоса ұмтылады. Ұста, жіберме (Омар, Сәрсек шығады.)*)

Сейіт. Тоқта! Қысқарт! (Келе жатқан машина даусы.)

Садық. Әй, мынау кім? Анау Ганшиннің машинасы ғой! Әй, Асан, тоқта! Александр ғой. (Мұрат, Ганшин, Хадиша.)

Ганшин. Иә, бұл немене?

Мұрат. Хадиша, мынау адам қанға боялып жатыр ғой. Қарашы сен! Иә, бұл не хал?

Жарқын. Кеше кешке ауданнан келе жатсам колхозға қарай ана Байназар мен қатыны келеді. Мына Торқа айдалып кеткен болатын. Содан бұл шекараға келіп жүрген жүрісін де сезікті көріп, жай-жапсарын погранотряд айырсын деп және солай алып жүрмекші ем. Сол екі арада Байназар, жанында пышағы бар екен, жалмажан өзін-өзі орып жібергені. Ал, содан бері мыналар біржолата құтырып, мені бауыздарман болды, мінекей.

Садық. Болдың ба? Сен айтқан соң бәрін неге айтпайсың!

Ганшин. Өзің айтшы ендеше?

Садық. Колхоз Қытай емес...

Ажар. Әй, жүзің күйгір, байдың құйыршығы боп.

Асан. Әй, енді жетті сенікі, тарт тілінді.

Жарқын. Уау, мөй-ау!

Мұрат. Ей, жігіттер, қызбандар, сендердің аттарың кім осы? (Садыққа.) Сенің атың кім?

Садық. Садық.

Мұрат. Е, Садық сен бе едің? (Жарқынға.) Сенің атың кім?

Жарқын. Жарқын. Мынау Асан, анау соның үй жолдасы Ажар.

Мұрат. Иә, «Жігер» колхозы, сендер әмісе осылай жігерлімісіндер? Жоқ, жігер жұмсайтын орын таба алмай, осыған ұрынып жүрмісіндер? Керіс пен шатаққа ұжымдарың қалай берік еді?

Сәт.

Көп күттірген, Мұратым.
Тусып тұр колхоз даласы,
Басшылыққа құштармыз
Еңбекшінің баласы,
Жалғыз-ақ шикі, дүмбілез
Бұл жиынның арасы.
Бірліктен безіп кер кетіп,
Біріне бірі сайлаған
Шашынан көп жаласы,

Ұят та болса айтайын,
Пай-пай, шырықты бұзды ғой
Белсендінің баласы.

Жұм а т а й. Уай, қой, қойсаңшы әрмен.
А ж а р. Е, несі бар, айтсын, айт бәсе.
М ұ р а т. Уай, ақын аға, басып айтпай ашып айттың-
ау деймін. Түйін тастадың ғой. Шынды айттың-ау.
С ә р с е к. Сөйлей-сөйлей шешен боларсың.
Жұм а т а й. Әлде көпке кесел боларсың.
С ә т. Айтарсың, тоғай араласан үйші боларсың.
А ж а р. Ел қыдырсаң сыншы боларсың.
С ә р с е к. Ей, шырағым, ерінбесең етікші боларсың.
Жұм а т а й. Ұялмасаң өлеңші боларсың дегенді де
ескер. (*Балтабектер күледі.*)
С ә т.

Өлеңім өзек жарған шыным еді,
Басшыма сақтап жүрген сырым еді.
Егінің жоспарынан жалтағы бар —
Жұматай сол себептен қырын еді.

(*Жарқындар күледі.*)

Ерінбеген етікшілік мін бе екен?
Өрлей шапса өлеңшілік сын ба екен?
Жанары жоқ, жатып ішер сорлыны айт,
Өнер алды өршілде емей кімде екен?

М ұ р а т. Ә, бәле, бәрекезде. Е, мынау өнерлі ел ғой.
Тепсе темір үзейін деп тұрған колхоз ғой.
А ж а р. Тепсе үзер еді-ау, жалғыз-ақ тепкісі келмей
тұрғаны болмаса.
М ұ р а т. Не дейді! О не деген дүдәмал? Сейіт, Омар,
не бітірдіндер? Жоспар жайын білдіріп пе едіңдер?
С е й і т. Білдіріп ек, соның біраз түйткілі болып тұр.
О м а р. Анау Сәттің тұспалдап тұрғаны сол ғой!
М ұ р а т. Е, ендеше несі бар екен, айтсын. (*Халық-
қа.*) Әй, жолдастар, мына бірінші апрель егіске шығатын
күн. Сын күн. Соған жаппай әзірлік керек. Сендер анау
Балқыбектің бес жүз гектар тынын айырасындар. Не
әзірлігің бар, не айтасың? (*Үн жоқ.*) Иә, неге үндемей-
сіндер? (*Үн жоқ.*) Қарсымысындар әлде? (*Үн жоқ.*) Қар-
сы болсаңдар ойларыңды айт.
А ж а р. Ұа, көрмей тұрмысың, жолдас Мұрат-ау.
М ұ р а т. Кім қарсы?

А ж а р. Осы тұрған ақсақал, қарасақалдың бәрі қарысып тұрған жоқ па?

Ж ұ м а т а й. Уай, Ажар, басқа шауып, төске өрлемей, қой арман әрі.

М ұ р а т. Иә, сонымен сіз қарсымысыз?

Ж ұ м а т а й. Иә, қарсымын.

С ә т. Анау қадірлі Сәрсек те қарсы.

М ұ р а т. Рас па? Ә, Сәрсекен сіз бе едіңіз, иә, сөйтіп сіз қарсымысыз?

С ә р с е к. Қарсымын, шырағым Мұрат. Қарсы боп тұрмын.

С ей і т. Міне, өстіп қыңыратып тұр шетінен. Ырық бермейді, тіпті.

Б а л т а б е к. Шекара деп сипай-сылай әбден құтырып алған бұл ел өзі.

М ұ р а т (*Ниязға*). Ал, Нияз, МТС бастығы сенің де арылып болғаның осы ма?

Н и я з. Сенбейді. МТС көмек етеді дегенге тіпті сенбейді.

С ә р с е к. Сенбеймін, алдымен сол МТС-қа сенбейміз. Қарсылығымызда дәлел бар. Соны айтпақпын.

М ұ р а т. Ә, ендеше шынға келіседі екеміз. Айт, толып тұрған тракторы бар. Саған көмекке жасалған МТС. Не жазығы бар бұнын.

С ә р с е к. Бәсе, осы МТС құрылғалы үш жыл болды. Тіреліп тұрған тракторы бар, тұнып тұрған өлке бар. Бірақ төстіктей жер жыртып берді ме екен, айтсыншы кәне?

Ж ұ м а т а й. Балқыбектің тыңына, егінші етем деп екі жылдай салып келеді аудан.

А с а н. Басында МТС көмек етеді деп жоспарды берді-береді де, егіс үстінде тракторы бүлінеді, бастығы былығады...

С ә р с е к. Жоспарды құшақтап біз қаламыз, атаған көмегін бермей МТС кетеді.

Ж ұ м а т а й. Тыңды айыртпай таңды айыртатын болды мүлдем. Малды колхоз ек, көліктен де жұрдай болдык.

А с а н. Еккен егін, су тегін, шығымы жоқ қып-қызыл шығын.

С а д ы к. Біресе шықпай қалады, біресе піспей қалады.

Ж ұ м а т а й. Тіпті болмаса үсіп кетеді.

А с а н. Тұқымның бабын таппай ол құртты.

С а д ы к. Қазір екі жүз үйдің қак жартысында сауын да жоқ.

С ә р с е к. Ал, міне, Мұрат шырағым, жұмыс істемей-ік деп пе едік? Балқыбекті баурамайық деп пе едік? Бірақ, асырмайтын қырсық асу боп құртқан жоқ па Балқыбек бізді. Бай колхоз, бар колхоз едік, осы соңғы жылдар шөмитіп тұр бізді.

М ұ р а т. Жә, колхоз бастығы, сен не айтасың? Бұл елдің бұнысы шыны ма?

Б а л т а б е к. Не дейін, жолдас Мұрат, көптің асып та айтатын, басып та айтатын жері бар ғой!

М ұ р а т. Е, солай де. Ажар, Жарқын, сендер не дейсіңдер?

А ж а р. Елдің бұнысы шыны. Бірақ қажымайық, қайрат табайық деймін.

Ж а р қ ы н. Еңбегінде еңбек жоқ, егестен жеміс дөметкен ел боп тұрмыз да.

М ұ р а т. Жә, Сейіт, Омар, сендер не дейсіңдер?

О м а р. Босаңсымау керек қой.

Б а л т а б е к. Ырқына да жібере бермеңіз-ау!

С е й і т. Өзіне салса тұқырта беретін де әдет қой.

М ұ р а т (көпке). Егін ексе шықпайды. Мал өсірсе індет шырмайды. Адамын ауру нектейді. Аузында асы, қолында сауыны жоқ. Тракторы, машинасы тілде бар да, істе жоқ. Не жазығы бар бұл елдің?

С ә р с е к. Бәсе, осы жасықты жанып-жанып тасқа салатын, болаттың суын табатын партия қайда?

Ж а р қ ы н. Осы өзің тапшы, жаным, есебін.

Б а л т а б е к. Е, сен керісті қоярсың сонда, Жарқын.

М ұ р а т. Иә, бастық келесі келіспесе, керіс жеңбей қайтушы еді? Жоқ, әлде жаны ашымастың қасында басым ауырмасынның кебі ме? Сен өзің, бастық бола-бола қажығанбысың деймін?

С е й і т. Ол ұсынысына құп дегеннен басқамыз жоқ.

Д а у ы с т а р:

Өй, мынау Смайыл ғой.

Ал, Смайыл келеді.

Келіпті ғой... мал әкеп пе екен?

Өкепті, айдап келеді дейді.

Смайыл келеді.

Сейіт. Жә, әкелдің бе?

Мұрат. Қанша сиыр әкелдіңіз?

Смайыл. Қиталаса жүріп екі жүз сиыр алдым ғой әйтеуір.

Мұрат. Жә, қаншасы сауулы сиыр?

Смайыл. Жолдас Мұрат, Мұратсыз ғой? Екі жүзі де сауулы. Әдейі барды салғаным сол ғой, мына егіс науқанының алдында.

Мұрат (*Сейітпен ақылдасып алып, көпке*). Жә, ендеше осы сиырдың дәл қақ жартысын, жүз сауулы сиырың, «Жігер» колхозы, саған берейік. Сауынсыз үйің болмасын. Мақұл ғой, ә? (*Жұрт ырза болады.*)

Смайыл. Е, тәйір, оның мақұл болмасы бар ма «Жігерге».

Мұрат. Ал, онан соң анау Балқыбекті қордалы байлық Балқыбегі етеміз. Тауда түлігің, егісте егінің шайқалып тұрған ел етеміз. Бірінші апрель ойын емес, шынымен сын күн. Ең алдымен МТС-қа, мына МТС директоры, Нияз, саған сын. Бар трактордыңның ремонту бітіп, барлық күшіңмен осы колхоздарға көмекке шығуға міндеттісің. Ол бір, екінші сол, бұл күн саған да сын, «Жігер» колхозы! Және сын болғанда қандай сын, мәймөңкелейтін түгі жоқ. Сол жаңағы барлық үлкен егіс, үлкен тауды аударатын, меңгеретін срогің 15-ақ күн.

Дауыстар. Не дейді? Ойбай-ау, қайтіп, қалайша?

Мұрат. Сол, солайша. 15 күннің ішінде барлық егіс тамам боп біту керек. Бұл өлке, бұл аудан бүгінге шейін бүйтіп егіп көрген жоқсың ғой, солай ма?

Дауыстар. Көрген де, естіген де емеспіз.

Мұрат. Міне, партияның ауданға, МТС-қа, колхозға беріп отырған нұсқауы осы. Осыны дәл осы тұрған бәріміз бұлжытпай ада қыламыз, орындаймыз. Қәне, жүріңдер енді, жарыса-жарыса болдық. Сол әзірлікті кеңесеміз. Қәне бері тартыңдар.

Дауыстар:

Мейлі енді.

Болсын енді.

Көреміз енді. (*Кетіседі.*)

Сәрсек (*Жұматайға*). Жайнап тұрған отты жас екен. Тек жолы болса игі еді бақырымның.

Жұматай. Сәрсек, Бұл Ажар деген ақтарыла берсін. Әйтеуір кеңесіп, шындап алмай оңай көнбе.

Сәрсек. Есте болсын. Бірақ Балтабекке сен де ырық бере берме. (*Кетіседі.*)

Торқа (*жылап шығады.*) Құрыдым ғой! Тентіреп кеттім ғой! (*Жомарт, Зипа.*)

Жомарт. Немене, бишара, байың қайтыс болды ма?

Торқа. Тілеуім құрыды ғой! Қолымда нәр де жоқ.

Жомарт. Мә, бақыр, мынаны талшық қыл. Құдай есіркесін. (*Ақша береді.*)

Зипа. Жомарт-ау, бұл кім еді, жаным-ау?

Жомарт. Ешкім де емес. Білмеймін де. Бұл да біздей бақыр ғой. Садақа әшейін.

Торқа. Жолын болсын, карағым. Сен кім едің? Тым құрмаса атыңды білейінші.

Жомарт. Білмей-ақ қой! Баяғыда байыңнан бір жақсылық көрген адам едім.

Торқа. Айналдым айналайын, садағаң кетейін. *Жомарт.*

Жомарт. Саған қылған Жарқын ғой?

Торқа. Сол қуарған. Құдай орайын келтірер, қолында өлермін. Жағасына жармасып өлермін, бәлем.

Жомарт. Тиме Жарқынға. Тілімді ал. Сүйей жүрермін бақырым, жаным ашып айтамын. (*Айналып қарап*). Зипа, сүйемелдеп былай жөнелтіп жіберші мүсәпірді.

Зипа мен Торқа кетеді.

Біреу (*шығып*). Байназар не болды?

Жомарт. Өліміне киліктім.

Біреу. Қатыны ше?

Жомарт. Мұнда қалады.

Біреу. Ә, дұрыс, ендеше бұйрық сол, соны керекке жарат.

Жомарт. Мақұл, тағы не бұйырасың.

Біреу. Смайыл жәні. Қолынан іс кететін, өндіріп кететін кісі екен. Ірі де жырынды екен. Сыр алдырмай кетті. Шаруаны өрлетіп, аброй-атақ алып кететін сияқты. Әрісіне жіберме. Көз айырмай бақ, болмай бара жатса қыбын табасың.

Жомарт. Жоқ, Смайыл қайта өрісіне жетсін. Сол қажет. Оны маған билетсең қайтеді?

Біреу. Ойланамын. Байлауымды кейін айтам. Ал, өзге қимылдарың немене?

Жомарт. Бір қимыл... Белсендіні ақсату.

Біреу. Кәр тіккенің кім?

Жомарт. Ең әуелі Жарқын мен Ажар. Ебін тауып, екеуінің де топшыларын үзіп-үзіп тастау қажет көрінеді.

Біреу. Дұрыс, қостаймын. Орында осыны.

Жомарт. Істей көремін, сол!

Біреу. Бар. (Анау кете береді, Зипа шығады.)

Зипа. Мынау кім, Жомарт-ау?

Біреу. Құдай қайыр! Ей, ағалар! Ей, апалар. (Кетеді.)

Жомарт. Е, бір қайыршы ма, мүсәпір. Мынау ел мен жолдың жөнін сұрап тұрмын.

Кетеді. Балтабек, Қонай.

Балтабек. Мені орнымнан алатын болды.

Қонай. Кімді бастық қояды екен колхозға?

Балтабек. Ажар деседі. Жақсы күнде аға ең. Жаман күн туса, қырын кетпе демекпін. Балтабек, Қонай бір әке, бір шешенің баласы ек.

Қонай. Өзің немене жорамалдап тұрсың, түге?

Балтабек. Токта. Мына Мұрат енді үш жерге күш салғалы жатыр. Бірі осы «Жігер» колхозы, екіншісі МТС. О да бұрын қырсыққан ит қыңыр жүгіредінің кебін киген жер еді ғой?

Қонай. Үшінші не екен?

Балтабек. Үшіншісі конезавод, сенің конезаводың. Ұқтың ба? Ал, колхоздан кетсем, менің барқадар табам деген жерім де сол сенің жылқы совхозың-заводың болатын. Ондағы сенетінім сен екенінді білесің ғой?

Қонай. Әй, өзің не жағалатып тұрсың, жаным, осы?

Балтабек. Екеуімізге сенің сол заводың арқылы бір береке оралайын деп тұр.

Қонай. Е, бақырым, онда соныңды айтсайшы.

Балтабек. Жалғыз-ақ демің ішінде болсын. Қала берсе қатыныңа да айтпайсын.

Қонай. Е, о не сұмдығың?

Балтабек. Жасырын.

Қонай. А? Өзі жоспардың жөні ме?

Балтабек. Жоспарға қарсы.

Қонай. Уа, Балтабек, тілеуімізді құртайын деп пе ең, не деп тұрсың?

Балтабек. Үндеме, түбі қайыр.

Қонай. Кімге қайыр?

Балтабек. Бұл жолмен жүрген кісі де аз емес деседі. Бұнда да көп бар.

Қонай. Балтабек, қай ботқаны былғайтыныңды білмедім. Бірақ, күндердің күні боп бір былығың шығатын болса бар ма, інім екен демеймін, тап төбенді өзім оям. Қашан айтып ең деп жүрме, білдің бе?

Балтабек. Бар ендеше, мынау былық екен де, қазір айт. Құдай ұрған жарымес, бар, айт деймін?

Қонай. Тоба, тоба... Шырмадым, шырмадым да былғадым десеңші онда.

Балтабек. Жок, түк те былғағам жок, шырмайтыным да жок. Бірақ бір дер кезі соғады. Қолыңа мол береке оралады. Сонда қашан естіп ем деп жүрме. Қалғетпей әзір бол. Одан беріде сені мен көргем жок, мені сен көрген жоксың. Тас түйін. Өзі ішіңде жатсын да қалсын, болды.

Қонай. Ойпыр-ай, бәтір-ай...

Балтабек. Енді үн қатпа! Ұқтың, ұқтың да ішіңе тықтың. Жап енді!..

Шымылдық.

Үшінші сурет

Аудан орталығында Мұрат, Сейіт, Хадиша, Смайылдарға Сәт, Жомарт, Зипа кездеседі.

Жомарт. Ассалаумағалайкум, нә алдияр ағалар!

Мұрат. Иә, шаруаңыз не еді? Ә, Сәт, есен бе?

Жомарт. Ағатай-ау, қонақ бір күн қонса ырыс, үш күн қонса жұт қой. Басқа пана, ауызға нәр боларлық бір орынға іліксек деп ек. Мына жеңгең екеуміз де соны тілеп жүрміз.

Мұрат. Менің сіздерге айтар орным жок. Иә, Сәт, сен ше?

Сәт. Өзім деген кісіге өзегімді беруші ем ғой, өзіміз деп келіп тұр ғой!

Мұрат (өте беріп.) Түу, ақын-ай! Орналастырам деп өктеп тұр екенсің-ау. (Кете береді.)

Сәт (Сейіт пен Хадишаларды тоқтатып).

Пана қып бізді қорғалап,
Кекіліктей жорғалап,

Құралай көзді қарындас,
Тәтті бір сөзі сорғалап,
Асыла тілек етіпті,
Мен де тұрмын қолдап-ақ.

Сейіт. Ә, солай ма еді? Немене, өзің бұны жете та-
нып па ең? Күмәнсіз кісі ғой, солай ма?

Сәт.

Күмән жоқ, жылаулар ғой көзбен көрдім,
Көрдім де болысам деп сертім бердім.
Қарқ болса қашып шығып құтырып па,
Қайт қылма, ел деп келген бетін ердің.

Сейіт. Ал, эне, ақын да салыпты ғой, сендер не дей-
сіндер, Хадиша, Смайыл?

Зипа. Смайыл?! Смайыл дей ме, ой, мына кісіні?
Япыр-ай, ә?

Хадиша. Иә, Смайыл болса қайтушы еді? Неге таң
қалдыңыз?

Жомарт. Жеңеше-ау, бұндағы азаматтың атына
қанық қой ол жақ.

Хадиша. Оны кім деп естіп едіңіз?

Сәт. Е, тәңірі, естиді де. Ана Ганшин, Сейіт, Нияз
бәріне де қанық екен ғой, тіпті.

Хадиша. А, солай ма, болар.

Сейіт. Рас-ау, Хадиша! Тіпті осы кісі сенің қолың.

Хадиша. Маған бір көмекші әйел керек еді.

Сейіт. Ендеше мен маслихат етем, алшы осыны.

Сәт. Менің де қолқам сол болсын, Хадиша, алы-
ңызшы.

Смайыл. Е, өзін Сәт сәтімен әкелген ендеше.

Хадиша. Ал, сізді мен алсам не дер едіңіз?

Зипа. Апатай, не де болса панаңа алсаң екен. (*Ке-
тіседі.*)

Мұрат бір топ колхозшы арасында.

Мұрат. Алған сиырың сүтті болды ма? Қалай екен,
Сәрсек?

Сәрсек. Е, шүкір, сүт бар.

Мұрат. Сүйрік, сенің сиырың бұзаулаған сиыр ма
еді?

Жұматай. Бұзаулаған ғой. Осы күнде біз де жа-
ман емеспіз.

Сүйрік. Көрген сайын жәй-күйімізді сұрап тұрады
өзі. Біртүрлі.

Мұрат. Жақсы. Бүгін бірінші апрель! Ал мына егіске «Жігердің» әзірлігі жаман емес... Ажар!

Ажар. Әнім жаңа түзелейін деді ғой, жолдас Мұрат-ау.

Мұрат. Бәсе, энеугі әндерің жаман еді-ау, Жұматай, ә?

Нияз *(шетке қарап, қолын бұлғап)*. Ал, жолдастар, ертең Балқыбектің тыңына мынау әнге басып отырып шығамыз.

Мұрат. Ал, көріндер, бірінші апрельге МТС әзірлігі де жаман емес.

Нияз. Төстабандар түсетін шын әншінің, зор әншінің әнін тыңдап көр әне! *(Трактор үні шығады.)*

Дауыстар: Ойбай, әннің төресі, шыны мұнда екен ғой.

— Ой, жанбауыр шөгелің!

— Ой, жануар, мынау неткен дүлділ еді.

Сүйрік. Әне, бір тобы тағы шықты.

Жұматай. Ол совхоз жерін жыртатын тракторлар!

Колхозшы. Жарқын, сенің бригадаң ба өзі?

Жарқын. Біздің тракторлар... Анау алдыңғы топ «Жігердікі», соған көмекке барады.

Жомарт *(Торқаға)*. Жарқыныңды көрдің бе, жарқырап тұрғанын!

Торқа *(жындылау)*. И-і-и, жіберші, жібер.

Жомарт *(сүйреп, оңашалап)*. Қой, тиме! *(Жарқының қатыны баласын арқалап жүреді, соны көрсетіп.)* Әне! Бүкіл Байсалдан қалған жалғыз Байназар еді. Ғайып болды. Исі Байсал құрыды ғой. Олар жоқ. Енді мынау Жарқын көгереді, эне ұрпағы. *(Алып жерге ұр деген ишарат жасайды. Торқа байпаңдап, құтырынып, Жарқының қатынының артынан кетеді.)*

Дауыстар: Мынау Роман, біздің Садық бригадасына баратын трактор.

— Нешеу болды өзі, жаным-ау?

— Бәлем енді шыдап көрсінші Балқыбек!

Сәрсек. Үндеме, тек жолы болсын жортарымның.

Сәт *(әндетіп)*.

Ұа, тас қияға сермеген,
Асқар асқан елді көр,
Таспадай тыңы тілінген,
Топырағы торқа белді көр,

Дауыстар: Уа, дегенің болсын, ақыным.

— Әй, тілің бұлбұл, Сәтім-ай!

Зипа. Ақын құрбым, қуанышың қандай еді, қайырлы болсын.

Сәт. Қайырлы болса, сенің оң шырайыңмен бірге болсын, Зипатай.

Зипа. Япырм-ай, соны аңдып тұр ма едіңіз.

Сәт. Мен тойға ұласса екен деп айтамын,

Қонай (оқшауырақ). Аңғал арап ақ айғыр, ақал теке торы айғыр, қазақы қоңыр қара айғыр... Әй, жоқ, күйім жоқ. Бір жағы міне, бірінші апрель асқар ас дейді. Тағы бір жағы асқар асарда белден бас дейді. Мен қайдамын? Әй, Балтабек-ай, екі-ұдай қып құртың-ау!

Смайыл. Уай, колхозшы? Өздерің осы мынау алдыңғы трактордың үстіндегі кім екенін аңғардыңдар ма?

Дауыстар: Әй, мынау кім осы?

— Бәсе, осы кім? Қазақ қой?

Степан (мастау). Вот ду... чудақ казак, дейсін, Асан десеші. Мына Ажардікі Асан. Үйреткен, ал ол, ол десеңші...

Дауыстар: Уай, ел болдың деген осы да.

— Ойбай, жаратқан-ай. Асан мынаған мінген соң егінші болмаған неміз қалды?

— Бәсе, өзіміздей-ақ талтиған таз емес пе еді осы да, ә? (Тарс еткен дауыс естіледі.)

Дауыстар. Ойбай, сұмдық. Өртеніп барады ғой, өрт, өрт! Әй, анау, анау. Асан не болды өзі?

Роман. Бұра алмады. Әлде тормозы бұзылған ба? Бензин алам деп анау май құйған бакке кеп соқты. Өне енді, барлық трактордың майы рәсуа болды. Атылып кетті.

Степан. Қап, егіске арналған барлық май кетті-ау, енді қайттік?

Роман. Неге отырғыздың сен Асанды, үйретіп болмай!

Степан. Апыр-ай, бұған не болды, көрсетіп-ақ ем ғой.

Роман. Көрсетіп ем... Он күнде үйретеді... Өтірік айтасың деп айтпап па ем, өтірікші демагог,

Степан. Ромая, қалжырама! Сен шовинист, шовиниссың. Осындайды пайдаланып қазақ колхозшысын тракторға жолатпайын дейсің ғой, білем сені.

Роман. Бүлдірдің, демагог Степан, бүлдірдің сен.

Степан. Мен емес, ерте үйреттім бұлдірткен сен. Бүгінгі күн тракторге мінгіз Асанды деп, жұрттың бәрі тапсырғаны қайда, райисполком тапсырғаны қайда?

Нияз (*Мұратпен бірге шығып*). Степан, Роман, жүгірші, мынау не шатақ?

Мұрат. Нияз, бұ не қылған ойындарың?

Смайыл. Ойпыр-ай, жаңа ғана бір қабағым ашыла ма деп ем!

Нияз. Колхозшыға жақсы көрініс болсын деп әдейі...

Мұрат. Әй, көріністерің бар болсын, түге. (*Кетіседі.*)

Балтабек. Е, Ажар бір жарға ұрындырады демеп пе ем Асанды, сорлы-ай, сорлы. (*Кетеді.*)

Смайыл (*ашулы, Сейітке*). Іші қостамап еді Нияздың. Сондықтан шала үйретіп, шығара салғаны ғой Асанды.

Сейіт (*ашулы*). Қайда әлгі Нияз? Шақыр! Келтір мұнда. Әй, Нияз! (*Нияз шығады, қасында Жауһар.*) Бұ не? Мынауың не қырсық! Не пәлең?

Нияз. Жолдас председатель.

Сейіт. Керегі жоқ сөзіңнің.

Нияз. Мінгіз, білгіз деген өздерің емес пе ең?

Сейіт. Бәсе, мінгіз, білдір демеп пе ек, бүлдір деп пе ек! Мынау халықтың қалың талабының үстінде сен не бүлдіріп тұрсың, сен МТС-тің директоры!

Роман. Міне, бұл нағыз барып тұрған зиянкестік.

Сейіт. Бәсе, зиянкестік. Бүлдірдің, әдейі істедіңдер.

Нияз. Жолдас председатель, сіз не деп барасыз осы? Ойлап айтыңыз, Нияз ондай кісі емес.

Сейіт. Жоқ. Жауаптылық сенде. Мен сені жауапқа тартам!

Нияз. Ендеше аямаңыз, көріп алармын.

Сейіт. Не дейсің, не деп егесесің? (*Мұрат шығады.*)

Жауһар. Не дейді мына кісі саған, әке? Сен бе едің сондай кісі! Жоқ, жолдас, бекер айтасың, менің әкем ондай емес.

Сейіт. Қой, шырағым! Нияз, сен жауаптысың, құтылмайсың!

Н и я з. Ашқанымыз мақұл, тартыңыз жауапқа.

Ж а у н а р. Жоқ, менің әкем жауапты емес.

Н и я з. Жоқ, тарт. тартсын жауабын.

С ей і т. Ендеше тартыласын. Қабырғанды қаусатып тұрып, жауап алғанды көрерсің ендеше.

М ұ р а т. Қой, Сейіт. Ашуды қой да, артық сөзді доғар.

С ей і т. Немене, не қалды енді? Бар жақсы әзірлік қайда кетті.

М ұ р а т. Ешқайда кеткен жоқ. Үркітпе жұртты.

С ей і т. Үркітпеймін, жауапқа тартқызамын.

М ұ р а т. Нияз жауапқа тартылмайды. Нияз ойыншық емес, адам. Біздің адам, оп-оңай жау таппайсың! Қаптама.

С ей і т. Алғыз, ал арестке ендеше ана Асанды. Алдымен ұсталатын сол, ал арестовать! (*Жөнеледі.*)

Б а л т а б е к (*Ажар, Жарқынға*). Ал, Ажар, сенің екпінің Асанға тепкі болды ма?

А ж а р. Не дейсің? Немене, табашымысың?

Б а л т а б е к. Уай, көз алдымда боп тұр ғой, көрме деп пе ең?

Ж а р қ ы н. Ендеше ондайыңа жаситын кісі Ажар емес.

Б а л т а б е к. Әрине, бұның зор болғаны, оған сор болғанында кімнің жұмысы бар?

А ж а р. Не дейді мынау? Асанның күйігін жырлап тұрған жоқ, мені шырмап тұр ғой! Ер болсаң ішінді ақтара түсші, кәнекей?

Б а л т а б е к. Әдияғал, тапқан екенсің дұшпаныңды... Тракторды тырайтқан сендер емес, мен ғой, тегі. (*Кетеді.*)

А ж а р. Жарқын, не қылды, не бүлдірді, қалай бүлдірді бұ құрғыр, жүр, жүрші Мұратқа!

Ж а р қ ы н. Бәсе, осы Сейіттікі ашу мен күйік үстіндегі ұшқарлық болмаса игі еді?

Кетіседі, екінші жақтан бір шу шығады, қатындар шуы.

Д а у ы с т а р. Ойбай, жалғызым, не болдым, ұста, ұста куды! Өлтірді, кісі өлтірді. Жарқын, ойбай сорлы Жарқын, балаңды өлтірді, балаң өлді, Жарқын.

Қатындар жүгіріп кетеді. Жомарт Торқаны қуып келеді. Жарқынның қатыны бірге келеді.

Жомарт (*Торқаны алып соғып*). Қуарған-ай, қуарған! Кулақ қатын!

Торқа. Ой, ой. Жо-жо... Жом..

Жомарт (*буындырып*). Өлтір, өлтір өзін!

Тізерлеп буындырып жатып өз пышағын Торқаға салып жіберіп.
артынан Жарқынның қатынына пышақты ұстатып:

Сал, сал мына пышақты өкпесіне. Неге тұрсың, не деп тұрсың, бақыты күйген сорлы, сал, сал, е-е, жат бәлем, жауыз.

Тұрады, кемпір өліп қалған, жұрт шығады.

Жарқын. Не дейді, не дейсіңдер?

Бір қатын. Жаңа емшектегі баланды арқалап қатының келе жатыр еді. Мына Торқа, Байназардың жынды қатыны Торқа, баланы қатыныңның арқасынан жұлып алып, тасқа басымен бір қойып өлтіріп кетті. Тілеуің кесілді ғой, ойбай!

Сейіт (*шығып*). Әй, мынау не сұмдық, не пәле тағы да? Ұсталды ма, қайда өзі, ол қатын.

Дауыстар: Ұсталды ғой міне.

— Ой, бұ неғып қан болып жатыр?

— Ойбай, бұ да өлген ғой.

— Бұ, қалайша, бұны кім өлтірді?

Жомарт. Ойбай, өзіне өзі пышақ салып жіберді ғой күзғын. Міне, мына кісі екеуіміздің көзімізше пышақ салды ғой өзіне. (*Мұраттар шығады.*)

Сәрсек. Ойпыр-ай, мынау неткен сұмдық еді, жаным Мұрат-ай, пәле ғой. Бұл бір қырсық қой.

Жарқын (*баласын құшақтап*). Жалғызым-ай, түбің күйгір дұшпан-ай! Қас дұшпан-ай.

Садык, Ажар, Хадиша, Омарлар шулап шығады.

Мұрат. Жә, тоқтат, Жарқын, берші, мына Хадишаға берші баланы.

Жарқын. Несін береді? Мына миын көрсенші, бітім ғой!

Хадиша (*алып қарап*). Қап, не дейін, не істейін, жаным-ай, кішкентай қошақаным-ай!

Жарқын. Ойпыр-ай, Мұрат ағатайым-ай, мынау кемпір құртты ғой. Тап жауының құртқаны ғой мені.

Мұрат. Сабыр қыл, Жарқын. Жау бұл кемпір ғана

болмас. Тегін болмас, түбіне шейін қазармыз, жетерміз түбіне. Мен әрдайым жанындамын. Барлық күшім сенің осы қазанның жолында, ұқтынба? Бұл сенің ғана күйігің емес, партияның, табыңның да күйігі деп біл.

С а д ы қ. Жаным, Жарқын-ай, дау еместі дау біліп, іс еместі іс деп біліп қаңғығанның бірі мен едім. Мынау кішкентай козының өлімі қабырғамды қаусатты да, көзімді ашты ғой. Қайғыда серігің, қайратта сыңарың болайық. Мына жолдас Мұрат барды айтты ғой, бір жолдан шығайықшы, бауырым!

А ж а р. Осыны мына нәрестенің өлімі үстінде серт етейікші!

Ж а р қ ы н. Ендеше осы жаулықтың түп тамырын ашпасам ба, дүниеде тірі жүрмейін. Міне, менің партияға берген сертім. (Мұратқа.) Менің қынаптағы қылышым деп біл, партия! Жау жасытам дейтін шығар, адыра қал!

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Хатшы газет оқып отыр. Омар кіреді.

Омар. Мұрат осында ма?
Хатшы. Иә, Ганшинде.

Нияз, Ажар, Жарқын, Садық кіреді.

Жарқын. Мұрат босап па екен?
Хатшы. Жоқ, босаған жоқ.
Омар. Әлі Ганшин бе?
Нияз. Кіммен сөйлесіп отыр?
Омар. Ганшинмен.
Жарқын. Ұзақ сөз ғой.
Ажар. Оңаша сөз ғой.
Омар. Иә, аяғын тосқан мақұл болар.

Сейіт кіреді.

Сейіт. Е, жиылдыңдар ма? Ал Мұрат ше, ол қайда?
Хатшы. Мұнда. Сөйлесіп отыр.
Сейіт. Кіммен?
Хатшы. Ганшинмен.
Сейіт. Ә, Ганшин бе? *(Барып есікті аша береді.)*
Ганшин *(көріп, түрегеліп, бері шыға бере)*. Ал,
мен жүрейін, Мұрат.
Мұрат. Құп, Александр, сол!
Ганшин. Бұдан былай көбінше қайдан табыласың?
- Мұрат. Мені Жарқын бригадасы мен «Жігердің»
бірінен табасың.

Сейіт *(Ганшин кеткен соң)*. Немене бұл? Қазір міне түн ортасы, сағат үш. *(Күліп.)* Жеті түнде неғып бөрліктіріп жүрсің?

Мұрат. Ә? Сен немене, ұйқының жоқшысымысың? Ұйқы, тыныштық, тыныштық ұйқы. Осы әншейінде шекара дейміз де, керек жерде, дер кезде сол шекарада ұйқтаймыз да жатамыз-ау, жолдастар, ә? Бұ тау арқасындағы ел осы, ұйқымыз қалың болса керек біздің. Бөрідей бөксерге тиіп жатқан жаулық, қастық та бар. Оған да мызғымаймыз-ау! Жә, осы шекара ма, жоқ па?

Сейіт (күліп). Ойбай, сен тереңге кетейін деген екенсің, ал қойдық.

Мұрат. Ендеше ертең ел алғаш рет, тегіс егіске шығады. Таңертең тағы найқалып, халықты күттіріп отырамыз ба? Қазір колхоздар мен бригадалардың бәріне жетеміз де ертемен елмен бірге аяққа басамыз.

Сейіт. Ал, мақұл!

Мұрат. Екінші, колхоз қайда жатса сонда жатып, нені іше соны ішеміз. Сойыс, түстік, тоқ, тыныштық бітті. Оның шырқы бұзылды. Аудан басшылығы сүт үстінде қаймақ болу жетті. (Кекетіп.) Еңбекті өзі істейді, ал біздей ерлер сере түскен, семіз серке болып күн кешеді.

Сейіт. Ойпыр-ай, тұқырттың ғой мүлде. (Күледі.)

Мұрат. Ал, Жарқын, сен қалайсың? Қөңлің қалай?

Жарқын. Қөңілді не дейін? Бірақ, мынаны партия тапсырды. Осы істің үстінде партия сенімін ақтап шығам. Ал ішті, ананы сұрамай-ақ қой!

Мұрат. Неге сұрамаймын! Шыныңды айт, алаң емессің бе?

Жарқын. Ол бір іште оқ өтіп кеткен жер ғой. Жүректің түкпірінде қату боп шөгіп жатты ғой. Бірақ бар қажырымды отанның тапсырған міндетіне саламын.

Мұрат. Болды. Дұрыс. Сен осылайша көзіңнің жасын жұтып жүріп, отан деп өзеурегенде, өзге басы аманның бәрі, мына тұрғанның бәрі тартынып, іркіліп көрсін. Садық, не дейсің?

Садық. Мұндай күй, мұндай күнге келіп тұрып іркіліп қалсам менің де өлгенім артық та. Сөзім сол-ақ.

Жарқын. Ендеше менің жарам егісті емдесін. Егіс, табыс менің жарамды емдесін. Әзіргі жұмылғанымыз осы ғой.

Нияз. Әуелі соны емдеп алып, осыдан жолымыз болсыншы.

Мұрат. Жетті, болды. Одан арғысы...

Жарқын. Бәсе, одан арғысы...

Ажар. Көрерміз.

Мұрат. Көріп алармыз.

Жарқын. Көріп алармыз.

Мұрат. Міне көрдіндер ме, түсіндіндер ме? Ендеше осы Жарқынның ішінде не жатқанын жадында тұт, ұмытпа.

Өзгелері кетеді. Мұрат, Ажар, Сейіт қалады.

А ж а р. Екеуіңнен бір-ақ сөз сұраймын. Анау Асан кіналі боп шықты ма, жоқ па?

С е й і т. Немене, байың той, ара түспек пе ең?

А ж а р. Арам болса, байым түгіл әкем болса да омагатсын. Ал, адал болса шықсын деймін.

С е й і т. Шыққанына қуанасың ғой?

А ж а р. Құр шыққанына қуанбаспын, адалдығына қуанармын.

С е й і т. Ол кіналі болу керек. Ел алдында қандай үлкен компанияның қадірін түсірді? Ойлаймысың, не деп тұрсың? Босамайды.

Ажар шығады.

М ұ р а т. Асанның босауы керек, босайды.

С е й і т. Неге? Не үшін?

М ұ р а т. Ол үлкен іс, үлкен зиянкестік. Терең тамыры болар, онысы және ашылар. Бұндайға кіналі шабақ болмас, шортан болар.

С е й і т. Көзге шабақ көрінгенмен, шортан емес екенін кім біліпті. Қырағылық қайда?

М ұ р а т. Жалғыз бір қараңғы колхозшыны шетке байлап, шығара қуып не барқадар табамыз? Қырағылығының бары сол ғана ма?

С е й і т. Мұрат, осы екеуіміз ұғыса жүру керек еді.

М ұ р а т. О не сөз, не қыл дейсің?

С е й і т. Мен райисполком председателімін. Менің де авторитетімді сақтау керек болар.

М ұ р а т. Қой, қолқа салыспайық. Ол лайықсыз. Авторитетті қолдан жасаспаймыз, іспен жасасамыз. Сол-ақ.

С е й і т. Ендеше тағы бір сөз. Сен Ажар мен Жарқынға көп сенесің. Сақтандырайын, бұлар жік дегеннен бастары босамай келген адамдар. Өзі бұл жер шекара. Сақтана сенгейсің, бұныма не дейсің?

М ұ р а т. Болсын, жарайды. Бірақ, ол екеуін де істен сынаймын.

С е й і т. Сына, бәсе, сынай жүргейсің.

М ұ р а т. Сейіт, олар ғана емес. Сені де істен сынаймын.

С е й і т. Мен сыналып болғамын. Сен жас қызметкерсің, мені орталықта да білетін кісілер аз емес.

М ұ р а т. Бәсе, мен жаңа, жас қызметкермін. Сондықтан өзім сынап болмай, ешкімге де алдын ала жапырыл-

маспын. Осыным лайық емес пе? Басқа маслихаттар бермесін солай емес пе? Сол. (*Үндеспейді, Сейіт кетеді.*) Ажар, Ажар, мұнда келші (*Ажар келеді.*) Асан кінәсіз боп шықты, Асан босайды, таңертең үйінде болады. Тракторге қайта мінеді.

Ш ы м ы л д ы қ.

Бесінші сурет

Көшпелі амбулатория, Хадиша, Зипа.

Х а д и ш а. Перерыв, перерыв, ал бөгелмей тез-тез жөнелтейік.

Колхозшылар шығады.

К о л х о з ш ы. Пай-пай, жағада Жарқынның бригадасы да кірісіп жатыр-ау.

С ә т. Жұлқына кіріседі. Бірақ біз де осал емеспіз. Садық та қалыспай-ақ келеді.

К о л х о з ш ы ә й е л. Енді бізден бұрын тұрып, бұрын кірсуге бәсекелесіп апты.

К о л х о з ш ы. Садық бүгін соны көріп асықтырып, жарылып кете жаздамады ма?

Х а д и ш а. Бәсе, олар кеше де, бүгін де бұрын бастады.

К о л х о з ш ы ә й е л. Оны қайдан көрдің, Хадиша апа-ау?

З и п а. Бәлі, құс ұйқы екен ғой бұл кісі, мүлдем.

К о л х о з ш ы л а р: Жарқынның тобын Мұраттың өзі бастап жүр ғой.

— Бізді Сейіт пен Омар да сүйреп-ақ келеді-ау.

— Социалистік жарыстың өзі базар, қызық, рақат думан екен-ау.

— Бәле, райком, райисполком өздері қыза кірісіп алған жоқ па?

— Шіркін, тракторларды айтсаңшы!

Роман, Жомарт.

— Уа, Роман, кел, кел.

С ә р с е к. Айналайын! Романым, Балқыбекті балқыттың ғой сен!

Х а д и ш а. Роман, көрдің бе, колхозшыны қалай қуанттың? Жақсы.

Р о м а н. Жолдастар, жалғыз Роман емес, мына Жомартты да айтыңдар.

К о л х о з ш ы л а р. Я, бұ Жомарт та тракторшы боп барады.

Ж о м а р т. Тәңірі, Қытайдан қашқанда мен кеңестің елі де, ері де болам деп келмедім бе?

С ә р с е к. Ә, бұныға тіпті, әбден ырзамын, шырағым.

Х а д и ш а (*Романға*). Немене, Жомарт шынымен жақсы боп келе ме?

Р о м а н. Шек қылмаңыз. Шын ударниктің бірі.

Х а д и ш а. Япырм-ай, ә?

Кетіседі, Жомарт тығылады.

С ә т (*Зипаға*). Зипатай, көрдің бе әне, Жомарт та далада қалмайтын болыпты. Енді сөзіңнің ұшығына шықсам екен!

З и п а. Тұу, науқан үстінде несіне алаң боласыз?

С ә т. Сен сүйдім, сендікпін десең, мен еңбек үстінде еңсем көтеріліп еселеп-еселеп самғамас па едім. Және жеңіл-желпі емес. Ұзағынан сүйіндір дедім ғой.

З и п а. Ұзағын айтасыз, Жомартты қайтесіз?

С ә т. Өз теңі табылмай ма?

Жомарт шыға қалады.

Ж о м а р т. Жә, бұл сөзде мені де ортаға алсаңдар не етер еді? Ақын аға, ақын ағасы... Жаты емес, жақын ағасы екен-ау? Ал, сөйлейік, неге дағдардық? (*Кұбылып.*) Жә, достар, ендеше саспайық. Шығар жол іздейік, табылар. Ақын, сен Зипаны Жомарттан мүлдем алам деме. Нысапы қара жерге отырма дегенің қайда барсаң да қабыл емес. Ал, Зипа, сен де шалқайма, көңіл аула! (*Зипа шошиды. Жомарт қатал түрде.*) Сөзді қой. Адам болғанымыз кімнің арқасы. Қарызы бар. Және бұдан былай да пана болады. Екеуімізге пана керек, дос керек. Сәт абройлы кісі. Жә, сол, өң шырайларыңды бересіңдер. Бірақ, мені жылатып тұрсыңдар ғой. Ақын, жалғыз-ақ сол қарызыңды ұмытпа. (*Кетеді.*)

З и п а (*Хадиша шыққан*). Ойпыр-ай, не деді? Не деген сұмдық?

С ә т. Жаным-ай, бұның кім еді? Екеуімізді қосты да, ортамызға жылан тастап кеткендей болды-ау, Зипа, жө-

нінді айтшы, Зипа. Осы мен кімді қорғап, кімге ара түсіп жүрмін. Жөнінді айтшы, жаным!

З и п а. Сәт-ау, о не дегенін? Оның не жазығы бар? Қайтсын о байғұс, енді не десін? Құрысын, құрып қалсын, жер қып кетті-ау. Өлімнен ұят күшті деген осы екен-ау, осы ма еді?

Х а д и ш а. Осы сенің күйеуің қалай адам өзі, ә?

З и п а (*өзгеріп*). Не қалайын сұрайсың?

Х а д и ш а. Мен саған сырлас болайық, шынды айтысалық деп едім-ау!

З и п а. Ендеше мен қолыңдамын ғой, апатай-ау!

Х а д и ш а. Іріккенің бар ғой.

З и п а. Не дейін? Апа... жоқ, жоқ (*қиналып*), сізден іріккен түгім жоқ.

Х а д и ш а. Осы Жомартты көптен білуші ме ең, жоқ жақында таныс па ең?

З и п а. Оның несін сұрайсыз?

Х а д и ш а. Тағы саудаласайын дедің бе? Неге қашқалақтай бересің?

З и п а. Қолқаң ол болса айтайын, апа. Дәл осылай кетерден үш-ақ күн бұрын таныдым.

Х а д и ш а. Бұған неге ойыстың?

З и п а. Шалға тимеймін деп, ит пен құстың кіміне болса да тигелі жүргенімде осы оралды.

Х а д и ш а. Бұл орала салысымен осылай әкетем деді ме?

З и п а. Жоқ, еліне, Қытайға әкетем деп еді. Солай жөнеліп те едік. Бірақ, алдымыздан қуғын шықты деп естіп, осылай кеттік қой. Жомартта жазық жоқ, ол емес.

Х а д и ш а. Ә? Солай ма?

Сәрсек, Садық, Смайыл, Сейіт, Нияз, Жомарт.

С ә р с е к (*Садықпен бірге келе жатып*). Кім шығарды бұл жаңа тұқым дегенді, тағы үсіп кетеді ғой!

С м а й ы л. Өй, тәйір, сендер энеугүні Балқыбекке трактор жүрмейді деп те сәуегейлік қылғансыңдар. Бүгін эне Балқыбектің оңы-солы, өнебойы қарс айрылып, таспадай тілініп қалғанын көрсенші.

С ә р с е к. Қап, Смайыл-ай, осы елге сенің еткен еңбегің бар екені рас еді. Бірақ, тап осы тұста адаспаса игі едің, шырағым.

С м а й ы л. Адаспаймын.

Сәрсек. Тым болмаса Мұратпен де бір тіл қатпадым-ау.

Смайыл (*Сейітке*). Сөзін қара. Райсполком емес, райкоммен ғана сөйлескісі келеді-ау.

Сейіт. Әй, шал, қой енді. Одан да бөгелмей іске басындар.

Смайыл. Е, бәсе, шатақты доғарсаңдаршы, шалым-ау! (*Жомарт Садыққа.*) Бар, сол тұқымды септіріндер.

Балтабек шығады. Жомарт онымен оңашалау сөзде.

Жомарт (*Балтабекке*). Немене, сенімді ме?

Балтабек. Үндеме, сенімді.

Жомарт. Неменесі сенімді?

Балтабек. Үситіні сенімді. Үндеме, қараңғыда там сүзеді Ажардың колхозы, бар, себе бер.

Сәрсек. Қап, қап, болмас. Тек осының түбі қайырлы болсын. (*Кетіседі. Балтабек, Жомарт.*)

Жомарт. Әй, Қонайды қайттың? Ойыстырдың ба?

Балтабек. Ойыспай жүр, үркіп жүр. Өзім бағып жүрген совхоз жылқысына қайтып қастық етем дейді.

Жомарт. Шын ба? Арылып болдың ба?

Балтабек. Арылып жүрмін, болмай жүр.

Жомарт. Жақының, аған, баған зор-ақ екен ағана.

Балтабек. Аянғаным жоқ.

Жомарт. Жә, жетті. Ендеше жақсы болмақ, мақтан алмақ қой. Ал, дәл соның өзіне қараған жылқы, дәл өз тобының ішіне ауру араласады, оны қайтеді?

Балтабек. Не дейсің? Қалайша?

Жомарт. Асыл жылқысы былғанады. Төрт-бес күн болды, МТС-тың подсобныйында екі жылқы жамандатып қалған екен. Сол орайда МТС бастығының біреуі подсобныйға барған-ды. Жалғыз-ақ жамандат жайын білмеген. Ал ол жерде жылқыны совхоз жеріне жаюға рұқсат сұралыпты. Өзге жер тозды, оты қашты депті. Сонымен рұқсатын алып ап, ауруларды дәл Қонайдың анау аңғыл арап ересек жылқысының тап ортасына апарып жайып жүр. Ұқтың ба?.. Сонымен жақында Қонай конжияды. Жалғыз ғана емес, МТС бастығы да шатқаяқтайды.

Балтабек. Ойпыр-ай, не дейсің? Ал барған бастық Смайыл ма? Бастықтың орынбасары ғой, Орай соныкі ғой?

Жомарт. Жоқ, ол емес.

Балтабек. Енді қайсы?

Жомарт. Оны басқа бір орынға сақтау керек болды. Нияз барған, міне енді Қонай жылқысынан індет шыққан күнді аңды. Сонда сасып, қысылып есі шыққанда осының бәрі өзіңнен, көнбеген кесіріңнен деп жағалат. Көнбесең бұдан да үлкен опқа түсесің де, осыны да сездір... Білдің бе, бар!

Кетіседі. Хадиша, Зипа шығады, қастарында ауру Жұматай, Балтабек және бірнеше колхозшы.

Колхозшы. Шырағым, мынау перерывке дейін зорға шыдадым.

Жұматай. Осы араға өкпемді әрең сүйреп келдім.

Хадиша (*жақындап, иықтарын қарап*). Кеше екеуіңе де егіліп еді ғой. (*Қарап.*) Е-е, сол күдігім рас болды. Белгісі шығыпты ғой. Екеуіңдікі бір ауру. Ажар! Ә, Ажар, мұнда келші.

Ажар, Сүйрік, Сәрсек, Жомарт, Омар шығады.

Ажар. Мыналардың аурулары не екен?

Хадиша. Осы біздің колхозшылардың қолындағы сауын малының іш тастағаны бар ма екен, білемісің?

Ажар. Жоқ болар, жоқ қой. Солай емес пе?

Сәрсек. Тастаған-тастамағанын кім білсін. Қолымыздағының бәрі энеугі Смайыл сатып әкеп таратқан малы ғой. Қасында еріп келген бұзауы жоқ, қайдан білейік.

Хадиша. Сондай ауру малдың сүті осы ауруды туғызады, жұмыс үстінде сусыннан айыру да қиын. Бірақ енді тез кам істеп, тез сақтық етпесек мынау елдің бәрі ауру болуға мүмкін.

Жұматай. Жаным-ау, осыны шын айтамысың? Бүне дегенің?

Сүйрік. Ойбай-ай, сорыма болайын.

Балтабек. Уа, өйдегенше құрттым десеңші.

Жұматай. Сиырымды алатын болсаң ендеше қам, қорлығыңа рақмет.

Мұрат, Гаяшин шығады. Сәрсек айтып жатады.

Балтабек. Е, бұл бір сылтау ғой.

Дауыстар: Уа, көнбейміз...

— Бермейміз.

А ж а р. Уа, қойындар әрі, немене, сонша шулап, сандырақтап.

Д а у ы с т а р: Жоғал әрі.

— Күйдірме енді.

— Бүлдірме елді, білдің бе!

М ұ р а т (*жақындап*). Әй, тоқтаңдар. Бұл немене? Не десіп тұрсындар өздерін? Хадиша, сен немене, не қып тулатып тұрсың мынау елді.

Х а д и ш а. Мен ғылым жолын, медицинаның дегенін істеуге міндеттімін.

М ұ р а т. Е, сөйтіп жауаптылықты ада қылғаның мынау ғой, аулақ жүр ендеше былай.

Г а н ш и н. Жолдастар, сабыр. Бүйткенше шығар жолды айту керек қой. Мұрат, Хадиша, Ажар, біз ақылдасып жұртты ақтан айырмаудың жолын шешейік. Сол шешілсе өзгенің бәрі ашық мәселе ғой. (*Қолхозшыларға.*) Жолдастар, сендер өз сиырымның ғана сүтін ішем дегендейсіңдер ғой? Осы ақ болса болады емес пе?

Д а у ы с т а р: Е, соқырдың тілегені екі көзі де!

— Ақ болса болады.

— Тек ақтан айырмашы осы.

М ұ р а т. Ендеше ақтан ауыздарың арылмайды. Ал одан өзгені қалай шешуді бізге беріңдер.

Д а у ы с т а р: Е, сөйдесеңші тым құрмаса.

— Е, бәсе, тіпті.

Г а н ш и н. Міне саған сүттің бунты керек болса? Хадиша жолдас, бұ қалай, ә?

Х а д и ш а. Япыр-ау, Александр Иванович, ойласып білсеңдерші, мына халық сорлады ғой. Улады ғой. Бұл зор зиянның бір түрі ғой тағы да.

М ұ р а т. Жетті енді паника.

Г а н ш и н. А, не дейсің, Хадиша.

Х а д и ш а. Мұрат, тоқташы, ұғысайықшы.

М ұ р а т. Әй, ұғысқаның бар болсын. Сөйлеме.

Хадиша кетеді. Ганшинге.

Мәселе ашық, не сөз бар? Зиянкестік нәтижесі, көрдің бе?

Г а н ш и н. Иә, жә, шаруа жолында ел ұғымы нығайып болды ма осы?

М ұ р а т. Ел жұмылды, дегеніне жетеді, бірақ ендігі пәле басқада жатыр.

Г а н ш и н. Бәсе. Пәле адамда.

Мұрат. Қас ойлаған адамда жатыр. Ендігі біздің күш, көптің күші, барлық күш жау ініне тор салып суырып алуға арналсын.

Ганшин. Я, мезгіл жетті. Жау ұяларын табайық.

Мұрат. Жау бар, табу қажет. Барды салайық, табайық, тап соны. (Қоштасады, Ганшин кетеді. Мұрат, Смайыл.) Жә, сен сатып әкелген сиырдың дерт ала келгені қалай?

Смайыл (күліп). Онда әдейі дерттісін сатып алайын дегенім шығар.

Мұрат. Нәтижені қайтесің?

Смайыл. Нәтиже болса, осы аудан колхозшысын тегіс мал мен аққа молықтырдық. Егіс жоспарын 125 процент орындаған күнге жеттік. Оны не дейміз?

Мұрат. Ол партия мен Советтің және қалың колхозшының тапқан нәтижесі болар, жігітім.

Смайыл. Осы сиырлардың көрер көзге дімкәсі, нашары болды ма?

Мұрат. Көрер көзге солай, ал іші не болып шықты?

Смайыл. Ішіне мен кіріп шығыппын ба? Ішінде, сүтінде не дерттің жатқанын қайдан білейін?

Мұрат. Тәжірибең қайда? Кебенек тиген ешкі, маңқа болған жылқыдан аудан шаруасына тиген кесірді білмеуші ме ең? Мұнда саған не болды?

Смайыл. Бұл жолы асығыс болғанын қайтесің.

Мұрат. Бәрібір. Бұндайдың сен екеумізге бір зауалы болады, шырағым.

Смайыл. Жарайды, не дейін. Ал міне, мынаны көрші.

Сәрсек, Ажар бастаған колхозшылар тобы.
Арасында Хаднша, Омар, Садық, Жұматай, Сүйрік.

Сәрсек. Айналайын Мұрат-ай! Әнеугіде қатты айтқанда қамымды жеп айтқан екенсің ғой. Қолыңды әкелші, қарағым. Ел болайын дедім ғой.

Садық. Бүгін 14 апрель. Егіс басталғанға 13-ақ күн болды. 125 процент.

Мұрат. Құр өзіңді айтпай, мына Жарқынмен салыстыра айт.

Жарқын. О жағына батылы бармай тұр ғой, білдің бе?

С а д ы қ. Е, бес процент артық орындағаның рас. Ондық қисының да бар.

С ү й р і к. Әй, сөзіңе болайын. Жете алмадық десеңші одан да.

С а д ы қ. Қой деймін. Тек тұр дегенім қайда, Сүйрік-ау.

С ү й р і к. Ойбай, шұнағына болайын, айтам, неге айтпайым? Табысты айтумен бірге кемшілікті де айт дейді, қайтесің ал.

С ә р с е к. Бәрекелде, жарқыным, сен алдымен жарқырап тұрсың, неге мақтамайын?

М ұ р а т (көпке). Егісті бітірулерің мақтан екені рас. Бірақ, егіс біткенмен есеп біткен жоқ, есебіміз кетіп жатқан жау бар. Жаулық бар. Осы егіске әзірлік үстінде дәл егістің өз үстінде жау жотасы аз көрінді ме?

Ертіп кетеді. Нияз, Асан, Роман шығады.

Н и я з. Анау Степанды біз орнынан шығарып отырмыз. Әзірге бірінші кінәсі, біз білген кінәсі ішкіштік.

Р о м а н. Тапсырылған міндетке жауапсыздық. Ондай адамның өзі болғаны керек емес.

А с а н. Бері келіп тракторды таныған соң байқадым. Әнеугі салғырттығы тіпті шын қастыққа бергісіз ғой. Бірақ әдейі деуге аузым бармайды. Оны айтпаймын.

Р о м а н. Асан қазір мықты тракторист боп алды.

Н и я з. Степанды жоқтатпайды ғой, солай ма? Сенімді ме?

Р о м а н. Шәк жоқ. Жігіт боп алды.

Степан шығады, мас.

С т е п а н. А мені, мені уволить... уволить қылғансың, директор. А мен қандай кісі?

Р о м а н. Бар, бар, қандай кісі екеніңді таныта алмаған соң шығарды, қайтесің.

С т е п а н. Таныта алмаған, жоқ... Мен қайғылы кісі, сондықтан ішетін кісі... Мен... мен, жолдас директор, өзімді Совет өкіметіне әлі танытамын, танытатын кісі. Әлі сен де танысың. «Степан!» дейсің, дейсің әлі!

Кетіседі. Қонай Мұрат, Смайылды ерте шығады. Ниязды тоқтатады.

Қ о н а й. Бері келіп құлақ салындаршы, азаматтарым-ай, мен бір сорға ұшырадым ғой.

С м а й ы л. О не, Қонай?

Қонай. Тап бес күн ішінде он атым жамандат боп шықты. Бүгін дәрігер айтып отыр. Осыдан он-ақ күн бұрын тағы бір әдейі қаратып ем, сап-сау еді. Мынау ылғи ақал теке арғымақ, бір топты жеке баққызушы ем. Келді ғой пәле!

Мұрат. Қайда баққызушы ең? Жұққан ғой? Қайдан жұғып отыр?

Қонай. Бәсе, айналайын, мінеки тауып айттың. Жайлыстан жұғып отыр. Дәрігер әкеп тексеріп шығып ем. Тап мына Нияз, Смайыл, сендердің подсобниктеріңде жамандат болған үш жылқы бар екен ғой. Сорым бар басым. Не көріп жүр едіңдер?

Смайыл. Не дейді, бәтір-ау, онда сенің жылқының не ақысы бар?

Қонай. Сол жылқыларың соңғы күндері ылғи түнде біздің жерге барып жайылады екен ғой.

Мұрат. Кім жайдырып жүр ол жерге?

Смайыл. Нияз-ау, бізде жамандат бар ма еді?

Нияз. Мен білген жоқ едім.

Сейіт. Ал, бұлардың жеріне жай деген қайсысың? Кімге бұйрық етіп ең?

Смайыл. Мен егіске айналғалы тіпті подсобныйға барған да жоқ едім. Нияз, осы әнеукүні сен барып келмеппе ең?

Мұрат. Нияз жаңа адам. Сен не қарап қалдың, Смайыл?

Смайыл. Мен егіс қарап қалдым. Не қараушы ем?

Нияз. Смайыл емес, менен болды ғой.

Сейіт (*Хадишаға*). Смайылға тигені тіпті орынсыз ғой, Хадиша-ау, тіпті обалы керек емес пе бишараның.

Мұрат. Жалғыз сенен емес, мынадан да бар, неге айтып жібермейді саған?

Смайыл. Есектің күші адал, сүті арам десенші өйткенше.

Мұрат. Олай деме, шырақ, біздің досымыз есек болмайды. Саналы деп дос етеміз. Ол түгіл, қасымызды да құр есек қана демейміз.

Қонай. Ойпыр-ай, жолдас Мұрат-ай, бәрінен де мен күйдім ғой, мені айтсаңшы...

Мұрат (*оқшауырақ алып*). Иә, рас, саған салмақ түседі, Қонай, сенің атың Қонай ғой, сен осы конезаводтың мақтаулы жылқышысы едің-ау!

Қонай. Мақтаулысын қайтейін, Құрыдым ғой...

Мұрат. Е, сотты болдым деп қорқамысың?

Қонай. Жоқ, Мұрат, тергелем деп қорықпайым, адал еңбегім арам терге айналғанын қайтейін?

Мұрат. А? Сен шынды айттың-ау, дұрыс айттың.

Қонай. Сені іздегенім осы еді. Айтып өлейін дегенім осы ғана еді.

Мұрат. Ендеше сені оп-оңай су түбіне батыра салады деме, сен құрай емессің. Қолдан Қонай жасап ала аламыз ба, оп-оңай ма? Жасаған ағатың болса өзің түзеп көр, тағы сынайық деп айта алмайды деймісің?

Қонай. Айналайың, айналайын-ай, тіпті жаным жаңа сая табайын деді-ау мына сөзіңнен. Ендеше мен қайтейін, не істейін, өзің айтып берші, сонымды да, өзің айтшы!..

Мұрат. Олай болса, мынау іс қастың ісі болар.

Қонай. Япыр-ай... Ә? Не дейсің, айналайын-ау?

Мұрат. Қастық болса, және бірден совет малын торыса, екіншіден сені де, дәл осы тұрған Қонайды да қадаған қастық болмасын.

Қонай. Япыр-ай... Не дейсің, қалқам-ау... е-е..

Мұрат. Өзге жылқышының тобына килікпей сенің жылқына не ғып ілігіп отыр? Осы бір жағы сені де түйреген оқ емес пе екен? Ал міне ойлан, ізден, бұл істің тамырын қазып, аршып ақтаруға бір жағынан өзіңді қосайық. Дәл сен білген жерде, сені тартайын деп жүрген жылым жоқ па екен. Осыны алдымен өзің іздесіп, барлық былық болса өзің тауып көрсең қайтеді?

Қонай. Болды, Мұрат. Нар тәуекел! Жібер, мені де жіберіп көрші, айналайын...

Мұрат. Қәне ендеше, Нияз, қазір мына Қонаймен барып, бар жылқышыны тексеріп, кімнен болған, неден болғанын айырып келіңдер. Осы екеуің өздерің ретте, өздерің кіріс! Қолхозшылар қайда, олар не біледі екен? Жарқын! Сәрсеке!

Кетеді. Смайыл, Жомарт, Балтабек, Степан.

Смайыл. Немене, Степан, кеттің бе?

Степан (мас күйінен айыға қап). Кеткенім жоқ.

Жомарт. Советке Степанды танытпай кетпейді бұл! Ұқтың ба?

Смайыл (Жомартқа). Өзің ше? Жіті басып өндіремісің, жоқ па?

Жомарт. Үндеме, саспа! Теріп жүрміз ғой тәңіріңнің берген нәрін, теріп жүрміз де.

Смайыл. Е, тер, тер! Балтабек не дейді?

Балтабек. Балтабек не десін. Қонайдан қолай таппадым дейді де.

Жомарт. Шырғаға келмей шарықтап тұрма?

Смайыл. Халықты үйіріп әкетіп үгітті асырды ғой мына Мұрат.

Жомарт. Босаңсыма, түңілме, білдің бе?

Смайыл. Қонайға осы бір жамандат не етер екен?

Жомарт. Ала көкек неме ғой. Дәме қылсаң басқадан дәмеленсеңші.

Балтабек. Жылқышымен құдалық сөйлескелі жүрмін.

Смайыл (*сақтандыра*). Биттей бір ақаулы жерің болса, аман қалады екем деме. Мына Мұрат, ашпай қоятын емес қой.

Жомарт. Кісінің санында емес, нәрінде ғой. Асықпай іздет.

Смайыл. Солай деймісің? Ендеше бұл ұсынысыңды мен ойланайын. Түбінде өзің шешесің ғой. (*Балтабекке.*) Үш күннен соң, базар күні аудан басынан маған жолық. Ұқтың ба? (*Степанға.*) Ал, Степан, қатынына қадірлі күйеу боп баруға жараймысың, жоқ па?

Степан. Жараймын, тек күнңді айтшы!

Жомарт (*Смайылға*). Асықпа, шарықтасын сондай күнгі қат-қабаты дәмді де.

Смайыл (*Степанға*). Қатыныңның сағынуы шегіне жетсін дейді Жомарт, білдің бе.

Жомарт. Кейде запоим ішіп жібер. Сен түлкінің қалай қашатынын білемісің? Басқан ізін, құйрығын бұлаңдата, көміп кетіп отырады.

Степан. Ал, өзің, өзің ше?

Жомарт (*қатайып*). Мені сынама, білдің бе? Сөз қылма. (*Келе жатқан колхозшыларды көріп қалып.*) Біс-миллаһи, аллауақпар, я аппақ қожам! Кәпір, мынау біржолата ләйліп бітіпті ғой өзі. (*Степан мас бола қалады.*)

Степан. Ме... менікі кәпір ме? Кет! Кет! Қытайдікі қатын жылайды... Аяқ мынадай. Неге сондай? Значит сенікі кәпір. (*Күледі.*)

Жомарт. Иә, қожай бәуәдін сырқынды немені қарашы, мас та болса қарсылығы қалмайды я пәруәрдигәр.

Мұрат шырады. Мыналар кетеді. Мұраттың қасында Ажар, Жарқын, Сәрсек, Жұматай.

Мұрат. Анау Асанның тракторы бүлініп, трактор майының өртенуі, Жарқынның баласы өлуі, жұрттың дертті сиырдың сүтінен ауыруы, мынау жылқы дерті бар. Осының бәрі ұштасып, ұласып жатқан дерт... Ендігі күндіз-түнің, бар күшің осы жаудың жаулығын бағумен, соны ашумен болсын деймін.

Жарқын. Отан алдындағы міндет, енді міне, осыны талап етеді, ендігі осыда, бәсе.

Жұматай. Ал, енді ізін-түсін айтшы тым болмаса сол жаудың?

Сәрсек. Бәсе, соны ғана сездіріңдерші.

Мұрат. Оны ашпақ керек. Шекаранды және өз араңды, ішінді аңдып бақыла. Жау бар, жау анық. Бірақ сол жаулар кім? Соны табуға партия мен үкіметке жәрдемдес бол. Қайда, кәнеки, қайда сол жау?

Ажар. Қайда бәсе. Жау бар, бұл анық.

Жарқын. Жау бар, ол даусыз, ұясын, ұясын ізде.

Мұрат. Бұл жаулық тегі өзіне шебер-шебер әдістер жасап алған, жымын білдірмейтін, жылан жүрісті жаулық.

Ажар. Ендеше, ендігі күшіміз, барлық отанды сүйген жігерлі күшіміз соған, соған жұмсалсын. Колхоз елі, шекара колхозының қажырлы елі, жауыңды тап, тап жауыңды!

Шымылдық.

Алтыншы сурет

Түн дала. От. Колхозшылардың даладағы бір түні. Ортада Мұрат, Ганшин, Хадиша, Сәрсек, Омарлар.

Сәрсек. Еңбек ақталатын сияқты. Үмітім зор, несін айтасың.

Мұрат (Ганшинге). Көрдін бе, Александр, Жігерің қалай, сенің подшефный колхозың осы жолы жігіт бола ма деймін?

Ганшин. Болады. Болмайтын несі бар, бәсе? Солай емес пе, Сәрсек?

Сәрсек. Ал ендеше, бүгін түн ешқайда бармай мы-

на колхозшының бір тыныққан, демалыс түнінде екеуін де бірге болыңдар.

Мұрат. Мақұл, өзі қандай бір әдемі, рақат түн еді.

Ганшин. Иә, сұлу түн.

Мұрат. Жұлдызды аспан, қалғыған жым-жырт да-
ла. Желпіген қоңыр салқын.

Ганшин. Е, өзің ақынсың ғой, ну тағы, кәне қоса түсші.

Мұрат. Үндеме, күлме. Еткен еңбектің бір әдемі өте-
сіні сияқты бір әдемі түн. Сирек түн.

Сәрсек. Бәсе, көптен бері көрмегендей бір аңсап
қаппыз-ау өзі. Шыны рақат.

Мұрат. Солай ма, ендеше оның рас болса, бас әні-
ңе. Әй, жолдастар, келіндер бүгінгі түнде, мынау оттың
айналасында мынадай бір әдемі тыныс алған түнде кө-
нілденіп тұрып, бір сауық-сайран жасайықшы.

Дауыстар: Уа, келіңіз.

— Бәсе, осы неге отырмыз?

— Уай, ән, би, гармон!

Ганшин. Ал, Жауһар, сен би билеп жібер.

Хадиша. Роман! Роман! Пожалуйста баяныңмен
бізге бір әдемі тура гопак сияқты тасқын күйлер тартып
беріңіз.

Мұрат. Ал, кел, бір көңіл көтерейік, Қызық сауық-
ты келістіре білуші еді ғой осы тұрған ел. Сәт, кәне әуе-
лі сен басташы. (*Сәт ән айтады.*) О, жүрек толқыны,
Түн — сүйіспендік түні дейді (*орысша*) о, ночь любви.

Хадиша. Жақсы айтады. О, ночь любви.

Омар. Бәрекелде, айтсаң солай айт. О, ночь любви.

Сәрсек. Ал, Роман келеді. Уа, айналайын Рома-
ным, бас, соқ. Уа, бас, соқ.

Роман. Не айтайын, Сәрсек?

Сәрсек. Уа, барды тарт. Барынды сал. Дәл мына,
мен екеш кәрі Сәрсек мен де ырғып түсетіндей күйлер
соқ.

Сәт. Бәсе, сондайды... Айтты ғой жаңа Хадиша.

Хадиша. Ал, Жауһар... Шық ортаға, Жауһар!

Жауһар. Хадиша апа. Давай ендеше кавалеріңізді
әкеліңіз.

Хадиша. Өзің, өзің баста.

Жауһар. Мен бе? Ну, мен ендеше пожалуйста, по-
жалуйста, кавалеріңіз шықсын, Хадиша апа, ну Мұрат
аға, әйда, әйда әссә.., әссә, Мұрат аға!

Соктырып Омар билеп кетеді. Күлкі.
Жарқын, Нияз, Смайыл шығады.

Жарқын. Достар-ау, мээ-майрам көрінесің, колхозыңа келген қырсықты білсеңші!

Сәрсек. Не дейсің, Жарқын-ау?

Дауыстар. Не дейді? Қырсығы не тағы да?

Жарқын. Ана Балкыбектің аяқ тұсына еккен жаңа тұқымның барлық егіні үсіп кетіпті.

Мұрат. Не дейді? Қанша гектар еді?

Садық. Ойбай, көп жер еді. Бестің бірі еді ғой, ойшыр-ай.

Жұматай. Жаным-ау, бұ неткен қырсық?

Сәрсек. Қарағым Мұрат, Александр, осы қырағылық дегенді көп айтып едіңдер, текке айтпаған екенсіңдер ғой. Шыдай-шыдай келіп ем, көзім жетейін деді ғой. Осы тұқымды екпейік деп құдайдың зарын қылмап па ем? Тақ осы егінің жаласы кімге? Смайыл, бір шыбындай жаның бар, айтшы, айтып көрші, көнекей.

Садық. Бәсе, осы тұрған азаматтар, айтыңдаршы енді, мына Сәрсеккең не деп еді. сендер не деп едіңдер?

Смайыл. Рас, Сәрсек екпейік деп еді. Біз болмап ек. Қиналі біз болдық. Не сөздігі бар.

Мұрат. Бізің кім?

Смайыл. Бізің — мына райисполком председателі Сейіт, МТС бастығы Нияз және агрономдар, және мына мен деймін.

Сәрсек. Не десең о де. Отқа жақынның қолы күйі еді. Көсеу кімдікі болса, қол соныкі. Менің білгенім Смайыл. Қиналайтын кісім де тақ сенсің. Смайыл.

Сейіт. Бұл араға Смайыл деп, пәлен деп, салғылаудың қажеті де, пайдасы да жоқ, жолдастар, білдіңдер ме?

Мұрат. А, сен солай деймісің? Ендеше, Нияз, Омар, Сәрсек, Садық, Жарқын — бесеуін қазір барып сол үсіген егінің барлығын аралап, қай тұқымның егіні екенін анықтап акт жасап, ауданға әкеліңдер. Бүгін кешке ауданда тексереміз. Бар, тарай беріңдер. Сейіт, Александр, мұнда қалыңдар. (Өзге жұрт кетеді.) Жә, Сейіт, кім қиналі бұған, жауап бер?

Сейіт. Кімді қиналайын? Біреу әдейі қастық етті деймісің?

Мұрат. Қастық етпей не етті? Әлі де ақтамақпысың?

Сейіт. Ендеше совещаниеге бастық болған мен, қастық етті дейтінің мен болармын?

Мұрат. Сейіт, мынау қастық іс. Қаскөй жоқ дейтін болсаң өзің өз басыңмен жауаптысын.

Сейіт. Мұрат, мен де сендей партия мүшесімін.

Мұрат. Кімнің кім екені істе сыналсын дескеміз.

Сейіт. Иә, сонда мені жат демекпісің, кім деп сөйлеп тұрсың?

Мұрат. Ешбір партия мүшесінің аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ. Өйтіп алшаңдаған еркелікті кім берді саған? Кімді өртеп, нені күйретіп, нені күйдіріп отырғаныңды көремісің.

Сейіт. Мен өртеуші емес. Мен ауданды аяққа бастырушы.

Мұрат. Доғар ол сөзді.

Сейіт. Болысқаның Нияз ғой.

Мұрат. Нияз жазықсыз болса неге болыспаймын?

Сейіт. Сен мені Ниязға сатқан екенсің. Көріп алармыз Ниязыңды да.

Мұрат. Беталды жабысып, текке соқтықпа Ниязға.

Сейіт. Сен неге маған соқтығасың, жазығым не?

Мұрат. Менің саған істеген коммунистігім сол. Шынымды өзіңнің бетіңе айтамын. Бүгін райкомда ең алдымен сенің басыңның мәселесі қойылады.

Сейіт. Мұрат, тоқтат, жетті енді.

Мұрат. Жетті? Не демек боласың? Жеткеннің әкесін енді көрерсің.

Сейіт. Көзінді ашып қара, өйте берсең мен алынбасын, алдымен сен ұшарсың.

Мұрат. Ә, сенгенің бар ғой, соған сүйеніп шолжыңдап жүрсің ғой. Жоқ, жолдас, оның да шегі бар.

Сейіт. Ганшин, не дейді мына Мұрат, мынау зорлық, бұл жікшілдік, зорлық қой. *(Ганшин үндемейді.)* Оңай көнбеспін, көріп-ақ алармын ендеше сені де. *(Кетіп қалады.)*

Мұрат. Қазір райкомның мәжілісінде ең алдымен бұның партиялық мәселесі қойылады, екінші, облыс алдында бұны орнынан алу әңгімесі қойылады. Және әсіресе мынау колхоз қазасы үшін сотқа беретін, шындап тексеретін болады. Не айтар екен. Мәжіліске сен де жүр, сен де бол, көзіңмен көр, мақұл ма?

Ганшин. Бол, ендеше жүр. *(Кетіседі.)*

Шымылдық.

Жетінші сурет

Қараңғы түн. Дала, Хадиша, Зипа, Жомарт жолдан адасып жүр.

Хадиша. Ойпыр-ай, уақыт өтіп барады. Мұрат телефон соққалы міне бір жарым сағат болды. (Жомартқа). Тап, тап деймін жолды. Сәні не қара басты?

Жомарт. Құдай қара бастырды ғой бәсе, мен сорлыны. Иә аруақ, нә құдай, демей гөр, нә аппақ қоғам!

Хадиша. Ой, сыйынғаның бар болсын, жолды тап, кешіктік қой, енді қайтем, бәтір-ау?

Жомарт. Өзі немене болыпты дейді Мұрат.

Хадиша. Доғар сөзді. Жолды тап шапшаң!

Жомарт. Ойбай, апатай, жөнелейін, іздейін, іздейін мен бақыр, мен бақырын. (Кетеді.)

Зипа. Апатай-ау, не қыпты дейді? Нияз өлген бе өзі, немене?

Хадиша. Кім өлгені белгісіз, әйтеуір қырып кетіпті дейді.

Зипа. Құдай-ай, бұ неткен сұмдық? Қырған кім, апатай-ау?

Хадиша. Мәлім емес.

Зипа. Алда, көрінде екіргір-ай, кім екен. (Шығып кетіседі.)

Жомарт (қайта оралады, бас бағып келе жатқан Біреу кездеседі). Жә, жер тығыз, қысқа айт, немене?

Біреу. Нияз қызы жарадар боп қапты, елмепті. Егер есін жиса, кісі атын атап сырды ашып жібереді. Не қылсаң да дәрігерді — ана Хадишаны соған жеткізбей қақпалап әкетесің осы түнде.

Жомарт. Е, адасып-ақ жүрміз ғой. Кешіккенімізге бірнеше сағат болды.

Біреу. Жоқ, жеткіліксіз...

Жомарт. Енді қайт дейсің?

Біреу. Дәрігердің өзін де қамту керек.

Жомарт. О кімге керек?

Біреу. Қой, доғар бақасты. Айтқанды істе. Нияздың қызы кімге керек еді? Сол сияқты.

Жомарт. Мақұл. Кім орындайды бірақ?

Біреу. Мен.

Жомарт. Болсын. (Екі айрылып кетеді.)

Хадиша. Ойпырым-ай, мынау не деген қараңғы,

түсі суық түн еді? Әлгі қайда жоқ боп кетті? Зипа! Зипа!
Зипа деймін.

З и п а. Сұбыханалла. Апатай, шошыма, шошымашы.
Неге қорықтың, апатай-ау?

Х а д и ш а. Япыр-ай, қатты шошып қалғанымды қа-
рашы.

З и п а. О не көрінді?

Х а д и ш а. Жә, тоқта, болды. Не көрінді ғой дейсің?

З и п а. Енді не?

Х а д и ш а. Осыдан тап 17 жыл бұрын 11 жасымда
әкем, шешем, ауылдан, барлығынан жұрдай болып ай-
рылып, үш күн, үш түн жапан түзде, жалғыз адасып,
өлім аузынан қалып ем. 16-шы жыл еді. Елді әскер қы-
рып, басы аманның бәрі босып кетіп, мен тау, тас ішінде
жалғыз адасып қалған едім. Содан әке-шешеден дерек-
сіз айрылып ем. Үш күн бірдей, осындай тастай қараңғы,
ауыр дауылды түндер еді.

З и п а. Жаным-ай, не дейсің, апатай-ау?

Х а д и ш а. Әлім әбден біткен жерде бір үлкен жол-
дың үстіне кеп жығылыппын. Содан кейін ауыма су та-
мызып отырған бір жүргіншілердің ортасында көзімді
аштым. Кедей орыстың үй-іші, қалаға көшіп барады
екен, солар апарып приютқа беріп, содан өсіп адам бо-
лып ем. Мынау түн қайдағыны еске түсіргенін көрдің бе?
Жә, қайда әлгі Жомарт?

З и п а. Апатай-ай, сен әлі сондай ма едің? Сондайдан
шығып жетіп пе ең? Япыр-ай, сондағы атың да Хадиша
ма еді, жоқ, әлде кейін қойды ма?

Х а д и ш а. Мені шешемнің Хатша дейтіні есімде еді.

З и п а. Хатша? Не дейсіз, апатай-ау, бауы-
рым-ау?

Х а д и ш а. Кейін мұғалім кітапша болсын деп Хади-
ша деп жазып, солай атандырып кетіп еді.

З и п а. Ойпыр-ау, тәңір-ау, сол ма едің? Я, рас-ау,
жетімді, сорлыны да ер қылғаны, ел қылғаны осы-ау!

Х а д и ш а. Жә, әлгі қайда жоқ боп кетті, бәтір-ау!

З и п а (*айғайлап*). Жомарт, Жомарт. Уа, қайдасың,
қуарған қу Жомарт! (*Жомарт шығады.*)

Х а д и ш а. Таптың ба?

Ж о м а р т. Басым қаңғырып, сорлы болдым ғой, сор-
лы басым.

З и п а (*жақындап*). Жомарт, жетті, жетті, сандалма,
тап жаның барында.

Жомарт. Ойбай, әзірейлімсіңбеші, әрмен, түге.

Хадиша. Не дейсің әй, сен! *(Жақындап, қадалып.)*
Осы сен кімсің, ә? Елмісің әлде жаумысың?

Жомарт *(аяғын құшақтай ап)*. Апатай, не дедің, қысылғаның ба бұ, не дегенің, мен сорлыға!

Зипа. Осыдан таппасаң менен жақсылық көрмейсің, білдің бе?

Жомарт. Жол деген итіңді аяп тұр деймісің мен сорлы. *(Кетеді.)*

Хадиша. Мынау есінен айрылған ғой өзі, тегі. Енді қайттім, бәтір-ау? *(Біреу баспағып, мылтық кезей береді.)*

Зипа. Ойбай... Бұ кім еді? *(Хадишаны өз бойымен тасалай береді.)*

Хадиша *(мылтығын суырып, ата беріп)*. Стой!

Жомарт. Жоғал! *(Атып жібереді. Біреу құлап түседі.)*

Зипа. Иә құдай! Апатай-ай жаның қалды-ау. Жомарт-ай, садаған кетейін, құтқардың-ау.

Жомарт. Мен Қытайдан қашқанда кеңес үшін, кеңес адамы үшін жанымды саламын деп қашпап па едім.

Хадиша. Жомарт. Рахмет. Ал бұ кім? *(Дауыс естіледі.)* Хадиша, уа қайдасың, Хадиша?

Жомарт. Иә, сәт, дауыс естіледі. *(Айқайлап.)* Мұнда, мұнда, мұндамыз. Бері, бері кел.

Ажар *(дауыс)*. Хадиша, Хадишатайым. Хадиша-ау, қайда жүрсің ойбай-ау? *(Шығады)*. Ойбай ғана Хадиша-ау, қайда жүрсің? Қырғынға ұшыраған Нияз жайын естідің бе? Не дәтін шыдап тұр, Хадиша-ау, ә?

Хадиша. Ажар-ау, адасып, сандалып тұрғанымызды көрмеймісің? Баста, басташы тезірек.

Ажар. Мынау кім өзі?

Жомарт. Бір сұм, ұры, тонамақшы бопты!

Ажар. Ой, мынау да тегін емес қой өзі, бәтір-ау? Хадиша, жүр, жүрші жылдам.

Зипа. Қайдан ғана жеттің? Жолың болар, апатайым-ау! Қайдан ғана жеттің?

Ажар. Мұрат сені іздеп тауып, тез жеткіз деген жоқ па? Содан шапқылап бармаған жерім бар ма? Қайда ғана кете қап ең, байғұс бала-ау, ә?

Хадиша. Мынау көрші колхозда қатыным ауырып жатыр деп, Смайыл шақырып кетіп еді.

А ж а р. Ал Смайылдың өзі қайда? Ол неге бастамаған?

Х а д и ш а. Оның қатыны қатты науқас деп сонда шақыртып кетті ғой.

Ж о м а р т. Ал, Ажар, өз арбаңа мінгізіп, ал шабындар, шапшы жылдам. Мен де артыңнан жетейін... (Кетеді.)

Х а д и ш а. Жүрейік, ал Ажар, Нияздікінде не болған?

А ж а р. Әйелін өлтіріп, қызы Жауһарды да өлімші қып кетіпті. Тым құрмаса соны, соның ғана жанын алып қалшы. Жүр, жүрші тез. (Жөнеледі.)

Ж о м а р т (қайта оралып, Біреуге кеп). Тұр, түрегел. (Біреу сап-сау, атып тұрады.) Шын өлдім деп пе едің?

Б і р е у. Тапқан екенсің?

Ж о м а р т. Сен де қара айдаһардан мықтап оқығансың, ә?

Б і р е у. Үндеме! Енді тезінен конезаводқа жетемін, сонда болам, сондағы іске араласамын. Ал, сен өз жоңмен істе, жөнел!

Ж о м а р т. Құп, жөнелдім.

-Ш ы м ы л д ы қ.

Сегізінші сурет

Нияздың үйі, ауыз бөлмесі. Зипада ақ киім, тергі бөлмеге кіріп шығып жүреді. Нияз, Омар.

Н и я з. Ей, ғазиз балам, ғарып балам. (Зипаға.) Не дейді Хайыша? Жаны қала ма? Айтсайшы!

З и п а. Ағатайым-ау, біле алмадым, қарап жатыр.

О м а р. Есін жиды ма, тілге келді ме?

З и п а. Жоқ, әзір бір қалыпта.

Н и я з. Бір ғана өлтірушінің, жауыздың атын айтса. Көгер ем әттең...

О м а р. Сабыр қылшы, Нияз.

А ж а р. Мұрат барлық колхозшыларды атқа мінгізді. Ауданды тегіс дүрк тұрғызды ғой!

О м а р. Ұстаймын деп құлшынды ғой барлық елін. Сенің ғана қазақ емес қой.

Н и я з. Менікі емес. Бұл үлкен жаулық, үлкен кектің сарыны ғой. Мен 21-жылы Қытай шегіне барып, Кеңес үкіметіне қарай үлкен шабуыл жасауға әзірленіп отыр-

ған ақтың зор офицерін өлтіріп келгенмін. Мынау дәл соның орайы.

О м а р. Не дейсіз, Нияз-ау, сол екен ғой ендеше, бәсе.

А ж а р. Неге тегін болсын.

Н и я з. Бірақ мына әйелім, мына Жауһарым, жалғызымның не жазығы бар еді!

О м а р. Кімді аяғын деді дейсің?

А ж а р. Өзінді торымады деймісің? (*Хадиша шығады.*) Немене, Хадиша?

Н и я з. Не дедің, айтшы, айтып өлтірші.

Х а д и ш а. Қан көп кетіпті. Баска кісінің қанын құямын. Шошыма, Нияз, барымды аямаспын. Жалғыз-ақ... Жалғыз-ақ...

Н и я з. Нәмсеңе? Қан ба? Ал, менің қаным, менің жалғыз шырағыма менің өз қанымды ал... Жүрек қанымды ат.

Х а д и ш а. Жоқ, жоқ, тоқташы.

З и п а. Апатай, күйігіңе күйігімді, қаныңа қанымды қосып табысқаным болсын, тілеймін, менің қанымды ал.

Х а д и ш а. Болды, жас адам дұрыс, жүр.

Зипаны ертіп кетеді, Смайыл кіреді.

С м а й ы л. Нияз-ай, не күйге ұшырадың, жарықты-ғым-ау, не болды?

А ж а р. Не болсын? Жайратты міне. Қатын өлген. Асыл бала Жауһар әне өлім үстінде. Сенің Хадишаны соңша бөгегенің не әлі, осы?

С м а й ы л. Не дейсің, жаным-ау, мен қаша, бөгемім? Мұрат телефон соғысымен әл үстінде жатқан әйелімді де көрсетпей лезде жөнелтпедім бе?

А ж а р. Өзің неге бірге ере шықпадың? Адасқанын, кешіккенін білдің бе?

С м а й ы л. Жерді біледі ғой деп әлгі Жомарт деген итпен жіберің, өзім әйелімнің халін біліп қана шығайын деп ем.

О м а р. Жомарт қайда?

С м а й ы л. Құдай төбеңнен ұрғыр, мүлде басы айналып адасып кетіп алғашқы шыққан жерге, сол колхозға қайта бармады ма? Соны ести сала атқа міне шауып ем, өзім бастап барайын деп, әйтеуір жетіпсіңдер. Япырай, кім болды, енді бұл қаскүнем жауыз?

Н и я з. Не дейін? Кім дейін?

С м а й ы л. Қылды ғой бұл қаскөйлер, тегін емес қой,
ұясы бар ғой мына қастықтың.

Мұрат, Ганшин кіреді.

М ұ р а т. Немене, жаны бар ма Жауһардың?

О м а р. Екі талай.

М ұ р а т. Не шара істеп жатыр?

Г а н ш и н. Хадиша не дейді?

О м а р. Қан құйып жатыр, әлі мәлім емес.

М ұ р а т. Қішкентай үміт болса екен. Сол болса қазір
алып жөнелеміз.

Н и я з. Не дейді? Қайда, қайда алып?

Г а н ш и н. Аэроплан әзір тұр. Облыстық қалаға ұшы-
рамыз. Соған келдік.

А ж а р. Қай аэроплан? Бар ма еді?

Г а н ш и н. Бар. Жауһар үшін бәрі бар.

Н и я з. Бәрі бар болса жау бар ма?

Г а н ш и н. Табылды, ұсталып отыр,

Н и я з. Не дейсің?

О м а р. О кім екен, Александр?

Г а н ш и н. Шекарада ұсталды.

С м а й ы л. Ойпыр-ай, кім екен ол жауыз?

Н и я з. Кім ол? Айт, айтшы, Мұрат.

Г а н ш и н. Кейін білесің, Нияз!

М ұ р а т. Япыр-ай, Хадиша жөнін айтса екен тым
құрмаса.

Хадиша шығады.

Х а д и ш а. Жолдастар, Жауһардың жаны қалады.
Жазылады.

Н и я з. Құлдық, жан бауырым, Хадишам, алтыным.

М ұ р а т. Есін жиды ма?

О м а р. Кісі атын атады ма?

Х а д и ш а. Атады.

Д а у ы с т а р. Не деді? Кім деді?

Х а д и ш а. Степан.

Г а н ш и н. Степан?!

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ АҚТ

Тоғызыншы сурет

Егін басында. Сәрсек, Жұматай, Асан, Сүйрік, Смайыл, Жомарт, Омар. Бұлар ортада.

Сәрсек. Қуарған жау, осы тағы колхозшының көңлін қалдырам ба деді ғой.

Жұматай. Нияздың үйін қырып, қанатын қырқам ба деп отыр ғой.

Сәрсек. Бәлем жау көріп алармын, осы ұстағаным ұстаған партияның білегінен. Енді жігімді жазып, жолымды айырып көрші партиямнан.

Садық (Омарға). Әзірмісің дейді ғой партия, әзірмін.

Асан. Сақпысын, берікпісің дейді ғой, берікпіз.

Смайыл. Уа, ендеше жолың болсын, колхозшым.

Жұматай. Уа, дегенің болсын, Смайылым.

Ажар келеді.

Ажар. Жолдастар, жаудың алды ұсталғанмен арты әлі қою жатыр екен. Тамыры терең екен. Оның қолы құтыра бастады. Бүгін түнде конезаводтан қызыл әскерге ремонтқа берілгелі отырған 400 жылқы жоқ болып отыр.

Смайыл. Не дейді, сұмдық-ау, мынау бір ұйым ғой.

Жомарт. Мынауың бір обыр ғой. Сақтай гөр, я, аппақ қожам.

Ажар. Екінші, бүгін шекарада он кісі қарулы жау ұсталыпты. Түсіндің бе, түге!

Сәрсек. Түсінбей қайтемін. Нияздың үйін қыру ғана бір атой, белгі десеңші онда.

Ажар. Бәсе, осы жолда біз де сыналатын жөн келді. Жаңағы он кісілік жауды отрядқа білдіріп, бірге ұстасқан Жарқын екен.

Смайыл. Уай, ерім. Не деген ер еді мына Жарқын.

Жомарт. Баласының кегін қайырыпты ғой, бәтір-ау.

С а д ы қ. Ендеше жау ұстауда, отан қорғауда әзірлікті біз де көрсетеміз.

Д а у ы с т а р. Көрсетеміз, біз де әзірміз.

С м а й ы л. Анау жоғалған жылқы шекарадан өткен жоқ қой. Осы маңдағы жаудың қайда тығылатынын менен артық білетін жерге жетік кісі жоқ. Ал міне мен қазір погранотрядқа, Ганшинге көмекке барамын. Таппай қоймаспын, бәлем.

Ж о м а р т. Ағатай, мені де қасыңа ал. Қасыңа алшы осы.

А ж а р (*Смайылға*). Солай деймісің? Жарайды, ниетіңе ырзамыз. Ендеше погранотрядқа мен сенімен бірге барамын... Садық, сен де бірге жүр. Ал өзгелерің не істейтінін білдің ғой? Мұрат пен Александрдан хабар күтіндер. Қәне, жүр, Смайыл.

С м а й ы л (*бөгеліп барып*). Жүр, жүр. Жарайды, жүре ғой. Жүр, Жомарт. (*Кетіседі.*)

С ә р с е к (*телефон шылдырлайды. Сәрсек тыңдайды*). Иә, мен ғой, қарағым Мұрат, айналайын, сенбісің?, Толғанып, шырығып отырмыз. Немді аяушы ем? Тапсыршы, былай бар де, былайша килік те, шыбыныңды салпеші осы. Бәсе, сен бастай білуші ең де, біз қостай білуші ек қой. Партия мен колхоздың бір бас, бір тас болған қайратын бұнда жұмсамай қайда жұмсайым? Айт, Омар деймісің? Омар мұнда, мінеки ортамызда. (*Омарға береді.*)

О м а р. Құп. (*Сөйлесіп болады.*)

А с а н. Ал не деді, не бұйырды Мұрат!

Ж ұ м а т а й. Қәне, тапсырмасын айтшы Мұраттың.

С ү й р і к. Атыңнан айналайын, қарағым, Мұратым, бастасыншы тағы бір.

О м а р. Жолдастар. Ендеше бар күшіміз Отан қорғау, отан шегін қорғау ісіне, мынау шекарадағы қызыл сақшы отрядына көмекші болу ісіне жұмсалады. Біз барлық асу мен шатқал, қойнау мен өткелдің барлығынан тосқауыл жасаймыз. Айқын жау, жасырын жау барлығын сүземіз. Міне партияның дабылы. Әзірмісің, ө не дейсің?

Д а у ы с т а р: Басташы ендеше, Омар.

— Қиынын айтшы сол міндеттің?

— Қарасын ғана көрсетші.

Сәрсек. Жүр ендеше, алдымен өзім ерем. Басшым — партия, сақшың мен. Өлексесін өз отына өртейін, отанымнан отын тартпайтын өктем кім? Көрсетші көзіме. Бұл ашу менің ашуым емес, ел ашуы, сел ашуы. Қарсыма шыдап көрсінші. Тарт отрядқа қарай!

Шымалдық.

Оныншы сурет

Хадиша, Зипа пәтерінде, колхозда.

Жомарт (*асығыс кіріп*). Зипа, а Зипа. Бол тез. Жүреміз, әзірлен.

Зипа. Не дейсің, жаным-ау, қайда?

Жомарт. Ауыр нәрсе алма. Салт атқа сиярлық, кнерлік қана ал, бол!

Зипа. Айт-үйт жоқ бұл қай жол, қай жүріс?

Жомарт. Сұрама, жолда айтармын.

Зипа. Хадиша апама жөнді айтпай және сенен жөнді білмей неге кетем?

Жомарт. Қысқарт. Ашпа аузыңды ешкімге. Иен мен, өлген жерде өлесің. Бол қазір.

Зипа. Жөніңді айтпасаң кетпеймін.

Жомарт. Жөнімді айтпай әкетем. Ермес болсаң антымды білуші ме ең, жайратып кетем тіке. Бол. Боламысың, жоқ па? (*Хадиша, Сәт кіреді.*)

Хадиша. О не, Зипа? Не десіп тұрсыңдар?

Жомарт (*шұғыл өзгеріп*). Хадишатай, қуатым, Қытайдан соққы көріп, зығыр жеп келгенімде аузыма нәр, басыма пана болдың, алғыс айтам. Енді мына қазір Алматыға бір көлік жүргелі тұр екен, өлмес күнімізді көріп, оқуға, өнер табуға, сол Алматыға кетуге байладым.

Хадиша. Зипа, сен не дейсің?

Зипа. Кетпейім деймін.

Хадиша. Неге?

Зипа. Сенбеймін.

Жомарт. Не дейсің өй, сен? Не дейсің, азғын қатын, ә?

Х а д и ш а. Алматыға оқуға кетем деп тұр, өтірік пе онысы?

З и п а. Бұл бір құбыл. Әлде шын, әлде жын. Ермеймін. Япыр-ай, құтылдым ба? Құтылсам екен, құтқарсаң екен, апатай!

Ж о м а р т. А, жетесіз жақын, некесіз қатын, жау жақын ба едің? Жайратайың ендеше. Талақ, талақсың сен! *(Мылтық суырып, тап береді.)*

З и п а. Ойбай, құтқар, апатай!

С ә т. Қысқарт, енді жетті.

Х а д и ш а *(араға түсіп)*. Тарт, қысқарт енді!

З и п а. Талақ сенсің, көк талақ. Сорыма жабысқан ку талақ! Апатай, тында, біл ендеше міне... Менің ең жақыным сенсің. Мен сенің бауырыңмын. *(Хадиша, Жомарт таң қалады.)* Сен жасында адасып айрылған ауылдың қызымын мен. Таптым сені. Сенің қасында өлем! Мынаны, мынау құбылды қасыннан кетір, кетір бұны.

Ж о м а р т. Хадиша, қатынымнан айырып па едің мені? Жә, жетті, жүр, жаның барында...

З и п а. Жүрмеймін, аулақ менен.

С ә т. Зипа саған жоқ.

Ж о м а р т. Ә, солай ма еді? Жоқ қып кетейін ендеше сені де, сендерді де. Жомартты танымай жүрсіндер ғой, мә! *(Ата береді.)*

Х а д и ш а. Мә болса, мә! *(Атып жібереді. Жомарт құлап түседі. Хадиша жақындап үстіне барады. Бұл жақындап келгенде шап беріп мылтығынан ұстап, атып тұрып, жұлып алады.)*

Ж о м а р т. Тұр бәрін де, табжылмаңдар! *(Аналар тұрып қалады. Зипаға пышақ сала береді. Сәт тап беріп бас салады, алысады...)*

С ә т. Токта, жетті! Ойнап жүрген шығарсың? *(Хадиша телефонға ұмтылады.)*

Х а д и ш а. Погранотряд! Ганшин қайда? Александр Иванович! Александр Иванович! Александр!!

Г а н ш и н *(кіріп кел)*. А, мен мінекей, әміріндемін, жолдас Хадиша... А, мұнда ма еді?

Х а д и ш а. Александр Иванович!

Г а н ш и н *(Жомарттың мылтығын жұлып алып)*. Стой!

З и п а *(Сәтке)*. Қуатым, бауырым! Ағатайларым!

Менен шет жайылған күні өлесің, өлтіремін деп ант етіп еді. Міне сайқал, сырқынды сайқал, Александр, апатай! Көзін жоғалт кәпірдің, дұшпан, дұшпан!

Сәт. Алтыным, досым екенсің, өзім екенсің-ау. Ерте танысам етті, ерте құтқарсам етті мен мұндар. Өзі де адасқан, анау итті дос деп, елді де адастырған мен мұндар! (*Қонай, Балтабек кіреді.*)

Қонай. Александр, жеттім бе, ойбай жаным, Александр-ау, мені тындасаңшы енді бір.

Ганшин. Немене, Қонай, не хабар?

Қонай. Мұратқа, алдымен Мұратқа барып, барды айтып ем. Ақыл берді де, енді тезінен Александрға жет, барынды баян ет деді. Міне, түнде жылқы жоғалғаннан бері қарай менің іздегенім мынау, мынау ғана болатын. Мынау «Жігер» колхозының бұрынғы бастығы, менімен бір әке, бір шешеден туған ұяласым, қазіргі дұшпаным, Байназар байдиян құйыршығы, тап мына тұрған Балтабек. Сөйле. Ақтар ішек-карыныңды. Жаның барында ақтар шапшаң. Болмаса өзім ақтарам қазір.

Балтабек. Жә, өрекіме. Сұраса мына Александр өзі сұрасын.

Ганшин (*Қонайға*). Бұны неге алып жүрсің?

Қонай. Бәсе неге алып жүрмін? Айт ей, шапшаң.

Балтабек. Нені айтып тұрсың?

Қонай. Ой, жүзің күйгір. Жалтарайын деймісің? Жалтарып кетші кәнекей.

Балтабек. Жөніңді айтшы өзің?

Қонай. Сонау көктемде, Байназар өлгенде әлгі Жомарт бері өткеннен кейін маған не қоңырсыттын? Білемісің? Жылқы совхозын айналдырайық деп қалай шырғаладың? Өй, жүзің күйгір, қайтып қана бетіме қарап тұрсың сен менің.

Балтабек. Жә, болды олай болса, сен аузыңды жап, білдің бе? Александр, өзің тыңда. Мен бір өрмекшінің ауындай торға шырмалған итпін. Мені апарған жылан жаңа ұсталған сияқты. Енді айттым. Тыңда, тындап өлтір мені, Александр.

Ганшин. Жә, болды, бастадың, кезінде айтасың, доғар.

Жарқын кіреді, әскер Балтабекті алып кетеді.

Немене, Жарқын?

Жарқын. Үш жылқышы жоқ боп шықты. Сырттан кім қосылғаны мәлім емес.

Ганшин. Мәлім. Өз кісілерің әзір ме?

Жарқын. Бәрі де әзір, ат үстінде. Мұрат, сенен бұйрық алып, бар деген тау саласына бір сағат ішінде жетіп болындар деді.

Ганшин. «Жігер» колхозы жөнелді ме?

Жарқын. Олар бұйырған орындарына жетіпті. Маған беретін приказынды айт.

Ганшин. Бар күшің мобилизовать етілді ме?

Жарқын. Бар кісім, бар күшім әмірінде.

Қонай. Иә, сәт, терең тамыр, үлкен түбірді ғана бір ұстасаң екен. Бүгін не, бүгін бәлем үлкен шортан ұстал-маса аңғал арап ақ айғыр, ақал теке торы айғыр, енбек-шінің адал малы, сенің терің мен сорында.

Жарқын. Бар жарамды емдейтін күнге жеттім ғой.

Ганшин. Ендеше жаран емделер. Үлкен шортандар ұсталғанын көрдіндер, Жарқын, Қонай, мін атыңа! Бүгінгі түн сын түні болындар!

Шымалдық.

Он бірінші сурет

Ганшин кабинетінде. Ганшин, Балтабек.

Балтабек. Қор болдым ғой, су түбіне кеттім ғой мен.

Ганшин. Сенің қолыңдағы ең соңғы тұтқа осы. Ашсаң да, жапсаң да өз мейлің. Өзің үшін, түсіндің бе?

Балтабек. Әкелші ендеше сол иттерді. Сөйлетші менің алдымда.

Ганшин часоваяға белгі жасайды. Ол Степанды алып кіреді. Бұның түсі түксиген.

Ганшин. Жөніңді айт, сен кімсің?

Степан. Мен Степан.

Ганшин. Барың сол ма?

Степан. Тракторшымын.

Г а н ш и н. Нияздың үй ішін неге өлтірдің?

С т е п а н. Қызметтен шығарды. Орынсыз қалдым. Ішкілікке салынып бұзылып кеттім. Кекті болдым. Содан қалай өлтіргенімді білмей де қалдым.

Г а н ш и н. Қытайға неге қаштын?

С т е п а н. Есімді жния алмай, шошынғаннан қаштым. (Ганшин Балтабекке қарайды.)

Б а л т а б е к. Уа, Степан, сандалма, жөніңе көш.

С т е п а н (Балтабекті танып). Балтабек!

Б а л т а б е к. Ия, мен Балтабек, білдің ғой. Бұрын Дутовтың досы, бүгінде Құлжаның кулагі. Қатын, балаң әлі сонда. Бұл жаққа әдейі кісі өлтіру үшін, алдымен Ниязды өлтіріп қайту үшін өткенсің. Сол жұмысты бітірген күні кетпексің. Не сандырақтайсың. (Степанда үн жоқ.)

Г а н ш и н. Мынаған не дейсің?

С т е п а н. Өтірік.

Г а н ш и н. Басқа мамандық алмай, тракторшы болып келгенің қалай?

С т е п а н. Тракторшы ең құнды кісі.

Г а н ш и н. Нияздың үйін ерте қырмай, бұған дейін неге создың?

С т е п а н. Әлдеқашан бітіріп кетуші ем, жібермейді.

Г а н ш и н. Кім?

С т е п а н. Бұйрық.

Г а н ш и н. Кім бұйрығы?

С т е п а н. Бас әміршінікі.

Г а н ш и н. Ол кім?

С т е п а н. Кім екенін мен білмеймін.

Г а н ш и н. Ниязды өлтірмей, қатын-баласын неге өлтірдің?

С т е п а н. Үйінде болмады.

Г а н ш и н. Бұйрық неге бұрын өлтірмей, кеш өлтір деді?

С т е п а н. Бір өлім емес, көп қазаны бір-ақ жабамыз. Соған мезгіл жетсін, әзірлік молайсын, кісі қосылсын. Аудан үлкен науқанға кіріссін. Сол кезде тұтас қимылдың белгісі Нияздың үйін қырудан басталсын деген...

Б а л т а б е к. Сенің өзің ішкіш емессің, Ішкіш боп құр көлгірсіп жүргенсің, оныңды да айт,

Г а н ш и н. Рас па?

С т е п а н. Рас.

Г а н ш и н (*қызыл әскерге*). Бара тұрсын. Ананы әкел. (*Степанды әкетіп, Жомартты кіргізеді.*) Кәне, шын атыңды айт.

Ж о м а р т. Жомарт қой.

Г а н ш и н. Бұл жаққа неге өттің?

Ж о м а р т. Мына Балтабек айтқан шығар, Балтабек.

Г а н ш и н. Өзің де айт!

Ж о м а р т. Ендеше Байназар бай бар ғой, анау Торқаның байы, соны арғы бетке алып кеткелі келіп ем.

Г а н ш и н. Сол-ақ па?

Ж о м а р т. Сол, барым сол!

Г а н ш и н (*Балтабекке*). Сен айтшы, сол ғана ма еді?

Б а л т а б е к. Ол шының емес, қалғанын айт!

Ж о м а р т. Е, білсең сен айт ендеше.

Б а л т а б е к. Олай болса, Байназар мен мені салып, «Жігер» колхозын бір түнде түгел көшіріп алып кетпек еді.

Г а н ш и н. Жә, оны кім тапсырды? Сені кім жіберді?

Ж о м а р т. Осы жақтан қашып барған байлар тапсырып, солар жіберді. Мен бір сәлем әкелуші ғана едім.

Г а н ш и н. Барың осы ма?

Ж о м а р т. Осы, осыдан басқа қылмысым жоқ.

Г а н ш и н (*Балтабекке*). Барың осы ма?

Б а л т а б е к. Мен білгеннің үлкендері осы.

Ж о м а р т. Мен бір хабаршы. Тұрған бойым осы. Одан артық не шығушы еді, тақсырларым-ау.

Г а н ш и н. Төктат тақсырыңды! Енді артистік жетті, білдің бе? Жомарт ролі бітті. Қазір бар шыныңмен өзің майданға шығасың, кәне, шын атыңды айт.

Ж о м а р т. Тақсыр-ау, мені кім деп тұрсын? Тақсыр-ау? Жомарт боп істеген жаманшылығым аз боп тұр ма? Тағы кім үшін күй дейсің, алдияр тақсырым-ау? (*Жығылып бас имекші болады.*)

Г а н ш и н. Тұр, мынау сенің етігіңнің табанынан шыққан қағаздар. Міне, танысың ғой. (*Қағаздарды*

аударыстырып отырып.) Бұнда біздің шекаралық үш заставаның съемкасы және мына комендатураның, одан соң ауданның жаңа орталығының және тағы конезавод жерлерінің съемкалары. Мынау асулар. Әскери топография жолымен жасалған съемка. Шынынды айт, сен кадет корпусында оқып па ең? Жоқ, прапорщик школында болып па ең?

Жомарт. Ойбай, сорлы басым-ай, не дедің? Нені айтып кеттің, тақсырым-ау.

Ганшин. Ақмақ көрініп құтылмақсың ғой. Айтамысың шын атыңды, жоқ мен айтайын ба?

Жомарт. Міне құдай, міне құран, шын атым Жомарт.

Ганшин (*стольнан сурет алып*). Ендеше міне, Семей алашордасының Анненков, Колчакпен қосыла құрған алаш полкі бар ма еді? Мынау соның командирі Бектемисов, ал мынау тұрған сол полковниктің жас адъютанты, он тоғызыншы жыл аяғында шетке қашып кеткен ақ офицер, бүгінгі жапон шпионы — Түсіп Тоқсарин мына тұрған сен емеспісің? Бет-аузың көсе, аз ажымың болмаса, түсің тіпті өзгермеген. Солай емес пе? Енді не дейсің?

Жомарт. Олай болса, не дейтініңді өзің айт, жазаңды айт.

Ганшин. Жарқынның баласын сен өлтірттің ғой?

Жомарт. Емеурін жасаған мен едім.

Ганшин. Зипаны неге әкелдің? Оны қайдан ілдің?

Жомарт. Ол бір байға бармаймын деп бұзылып жүрген кедей қызы екен. Осылай кетерден үш күн бұрын Қытайға әкетем деп үйіріп алдым да, бері алып өттім. Бедел, бедел үшін керек болды.

Ганшин. Бұл арадан өз керегіңе кісі алуды сен менгердің бе, баска кісі биледі ме?

Жомарт. Мен қатнас жасаушымын. Ананы билеген әмірші.

Ганшин. Кісі өлтіруді кім белгілеп отырды?

Жомарт. О да әмірші.

Ганшин. Әмірші кім?

Жомарт. Оны өздерің табарсыңдар,

Ганшин. Сен айтпаймысың?

Жомарт. Білмеймін.

Ганшин. Білесің.

Жомарт. Білмеймін, айтарым да жоқ.

Ганшин (*белгі жасайды, Біреуді кіргізеді. Жомартқа*). Мына кісі кім?

Жомарт. Мен білмейтін кісі, танымаймын.

Ганшин (*Біреуге*). Сіз танысыз ба мына кісіні?

Біреу. Жоқ, танымаймын.

Ганшин. Көргеніңіз жоқ па?

Біреу. Көріп тұрғаным осы.

Ганшин. 1919 жылы, Семей қаласын еске түсіріп көрсеніздер қайтеді?

Біреу. Ұзақ жылдар екен, ұмытып қаппын.

Ганшин. Әлде ұзақ жылдар ұмыттырған шығар. Сіз Токиодан бізге қарай шыққалы төрт ай он жеті күн бопты ғой.

Біреу. Бұл мен түсінбейтін жұмбақ.

Ганшин. Жә, ойынды қояйық... Мына отырған кісінің Жомарт аты біткен. Сізге мәлім адъютант, штаб капитаны Токсарин. Ал, сіз осы офицердің сол күннен бері начальнигі (*қатты*), полковник Бектемисов! (*Суретті жарқ еткізіп.*) Полковник Бектемисов кәне, әлде енді де білмейтін шығарсың? (*Аналарда үн жоқ, бастары төмен түседі.*)

Ганшин. Апар! (*Екеуін екі бөлек алып кетеді. Смайылды алып келеді.*) Сені қай жерде ұстады осы?

Смайыл. Тұйықтың тұсында, шекарада ұстады.

Ганшин. Кімдер ұстады?

Смайыл. Несін сұрайсың? Сенің баулыған Омарың, сенің атқа мінгізген колхозшыларың, «Жігер» колхозы ұстатты. Солар қамады да, мына Ганшиндер кеп ұстады.

Ганшин. Атысып түстің ғой?

Смайыл. Е, атыспай аянушы ма ем?

Ганшин. Кебенек келген ешкі, күл болған қой, маңқа жылқы және мынау бруцеллез болған сиырларды өткіздіру сенің әрекетің бе, жоқ шеттен алған бұйрығың ба? Жалтарма. Есіңде болсын, бар жайың мәлім.

Смайыл. Зиян ету бұйрығы жоғарыдан. Мына жолдарды қолданған менмін.

Г а н ш и н. «Жігер» колхозына жүз гектар үсігіш бидай еккізген сенсің ғой?

С м а й ы л. Мен.

Г а н ш и н. Конезаводтың жеріне мацка жылқыларды жайғызушы тағы сен ғой? Ашылды. Сенсің, солай емес пе?

С м а й ы л. Мен.

Г а н ш и н. Соңғы алысқан талаптарың не еді?

С м а й ы л. Соңғы алысқанымыз жаңа секретарь. Мұраттың програмы болды. Колхозын отырықшы, егінші, халқын большевик етпекші боп келді. Осыдан ел тауанын қайтару үшін әрбір үлкен қимыл үстінде бір-бір үлкен оқ атып отырдық. Бірақ болмай кернеп бара жатты. Дегеніне жетуге айналды. Және бізді, әсіресе мені ашпай қоймайтын болдыңдар.

Г а н ш и н. Сыртқа кашудағы пландарың немен еді?

С м а й ы л. Сезікке түскендер шетке шыға тұрып, орнына тың кісілер ауыспақ еді.

Г а н ш и н. Жә, осы істің бәрінің шын басшысы сен емессің ғой. Басқа бастық бар ғой, шын бастық кім, соны айт?

С м а й ы л. Ондай жоқ.

Г а н ш и н. Жоқ емес бар.

С м а й ы л. Жоқ деймін.

Г а н ш и н. Айтпайсың ғой? *(Смайыл үндемейді.)* Бірақ сол басшыңды ұстап алып беттестіргенде не дейсің! *(Үндемейді.)* Ә, үндемейсің? Ендеше бар, бара тұр!

(Смайылды алып кетеді.)

М ұ р а т *(кіреді)*. Бүгін ашылған сұмдық-қаскөйліктер шын дұшпандықтың шеті ғана. Әлі қоюы мен зәрлісі артта жатыр десеңші. Жә, енді Алматыға жөнелтесің ғой?

Г а н ш и н. Иә, ендігі бір саты — Алматы. *(Колхозшылар есік ашады, алдында Жарқын.)*

Ж а р қ ы н. Рұқсат па?

М ұ р а т. Кіріңдер.

Барлық колхозшы. Омар, Хадишалар кіреді.

Ә с к е р и а д а м. Жолдас начальник, менің коман-

дамдағы взвод «Жігер» колхозының колхозшыларының жәрдемімен және әсіресе Жарқынның ерлік, ептілік көмегінің арқасында тағы бір топ нарушительді ұстады. Басшысы осында алып келінді. Шекарада жауыр асуының қиын тасында ұсталды. Конезаводтан жоғалған төрт жүз жылқы да сол асудың бауырынан табылды. Жылқы конезаводтың өзіне қайтарылды.

Г а н ш и н. Нарушитель мында келтірілсін. (Сейітті алып кіреді.)

А ж а р м е н Ж а р қ ы н. Өй, жүзіқара, қанқор қорқау қасқыр, шок бәлем.

М ұ р а т (Сейітті алып кеткен соң). Жарқын, жараң емделді ме енді, айтшы?

Ж а р қ ы н. Жарадан арылдым ғой, қалқам Мұрат. Шын жарам, үлкен жарам, кәпір мына Сейіт екен ғой, таптық қой.

А ж а р. Ал енді бір сұрақ. Осы соңғысында кім озды. Жарқын ба, Садық па?

Г а н ш и н. Жарқынның тобы озбаса да өзі озды. Он қашқынды ұстады, Сейітті ұстатты. Садықтың өзі озбаса да тобы озды, Смайылдан бұл өзі бір жол алданып айрылып қалса да, «Жігер» колхозы қоймай ұстады.

А ж а р. Сонымен?

Г а н ш и н (күліп). Сонымен не болушы еді? Жарыс әлі аяқталған жоқ. Созыла беретін болғаны ғой.

Ж а р қ ы н. Болсын. Бәрекелде, тағы да сынасамыз.

М ұ р а т. Ендеше осы жолда бір ұсыныс айтсақ қайтеді?

С ә р с е к. Айт, қарағым Мұрат.

Д а у ы с т а р: Айт, Мұрат айтсын!

— Айтсын, Мұраттың өзі айтсын.

М ұ р а т. Ендеше колхоздың аты «Жігер» еді, сендер бұл күнде «Жігерден» асып жал біткен, жалын жұтқан жауынгер, ер қауым болдыңдар. Егісте екпінді, егесте серпінді, елдікте саналы ел болдың және әсіресе отап қорғауда жауынды отпен тосып алам деп әзір отырсын. Олай болса бұдан былай колхоздың аты «Қызыл сақшы», ауданның аты «Қызыл әскер» болса не етеді?

Д а у ы с т а р: Құп болады.

— Болсын, болсын.

— Дегеніңнен табыламыз.

— Осы атыңды атаймыз, болсын.

Х а д и ш а. Александр Иванович, сіз қалай дейсіз? Қолхоз осы атты ақтады ма?

Г а н ш и н. Мейлінше ақтады. Дегені болсын, болсын деймін.

С ә р с е к (Мұратқа). Уа, ендеше сөзіңнен айналайын, Мұратым. Александр, көңлімдегіні өзің табасың, көмейімдегіні өзің айтасың. Партиям ел болдың десе ел болмаған нем қалды. Құтты болсын. Сол айтқан атың еліне де, өзіңе де құтты болсын. (*Қуанышты дауыстар.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

Соңы

БЕКЕТ

*Төрт актылы,
бес суретті, күйлі пьеса*

ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

Бекет — батыр, 27 жаста.

Зере — қалыңдығы.

Қамар — Зеренің шешесі.

Сержан — әнші, ақын. Бекеттің досы.

Шынасыл — Зеренің досы, ақын қыз.

Жанғазы — қашқын, атақты ақын.

Қарашор } — Бекеттің батырлары.

Олжай }

Арыстан — сұлтан-правитель.

Тәйтiк — Арыстанның туысканы.

Көкжал — пeсiр.

Шемен — жандаралдың советнигі.

Самалдық — Зеренің ағайыны, аз елдің бас адамы.

Шернияз — Шынасылдың күйеуі.

Осип — каторжан.

Қыздар, жігіттер, әскер, каторжандар.

Мезгіл ХІХ ғасырдың орта кезі.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Сахнада кестелі отаулар, керме. Үй-үйлердің арасымен жастардың сәнді топтары шығады. Ортада есігі тұрулі жаңа отау. Ішінде торғын шымылдық желбіреді. Күйеу өз нөкерлерімен сол үйден шығады.

Қыздар мен жігіттер әні

Жем бойында еркін желдей,
Шалқи соқсын біздің ән,
Әннен шашу сізге, жездей,
Құтты болсын сіздің сән...

Батыр жар

Бағың бар

Ақ маңдай

Жарың бар.

Қызық қайда? Осы тойда,
Бақыт қайда? Осы бойда
Бас қияға, күл де ойна,
Қақ қанатты, ойна жайна.

Батыр жар,

Бағың бар

Ақ маңдай

Жарың бар.

Ду қуаныш, шашу.

Бекет

Тақты ғой әннен тана бер қарашы,

Қуанған шын тілеулес ел баласы.

Сорлы, әнді мұнда айтпаған қайда айтасың

«Сыйға сый, сыраға бал» жұрт жорасы.

Сержан (халыққа).

Қош уақыт, құтты қадам, елім кепсің,
Аға, іні, құрбы-құрдас, келін-кепшін.
Айналдым ауызыңдағы ақ тілеуден,
Батырға бақ тілепсің, өрле депсің...

Алтын тақ,
Асыл шақ
Жастық шақ
Болсын шат.

Кім іркер халық ұйғарса бойда барын,
Аталсын ең алдымен менің барым.
Шашқанда әннен шашу жақсы жиын
Өлеңнен жыртыс жыртысын ақындарың.

Алтын тақ
Асыл шақ,
Жастық шақ
Болсын шат...

Қарашор

Ендеше сол дегенің деген болсын,
Айта бер мына жиын көңлі толсын!..

Хор

Ақыннан біз тілейтін бұйымтай сол,
Өзге сый мұнымен тең қайдан болсын...

Олжай

Қойыңдар, жалғыз айтып құтырып па?
Жастар тұр қарызынан құтылып па?
Шығарсын қарсы айтарлық тең ақынды,
Болмаса мөңірей ме, құр тұлыпқа?

Қарашор

Ақ сөйле, тап осы жол тауып айттың.

Олжай

Жол болсын, лағып барып сен де қайттың,
Қалайық, әділетін өзің айтшы,
Айтысты кеп қостар деп әдейі айттым...

Хор

Сауықтан сауық асын салған сайын,
Жаңа айттың жиын сүйер өнер жайын,
Тойда айтпай қайда айтады дәмелі жас
Ер қайда, сынға түсер болсын дайын...

Ақындар
Шалқындар
Тілектес
Халқың бар... (*Ешкім шықпайды.*)'

Шығып тұр ән ұраны мен мұңдалап,
Шаппас ба өнер кернеп жаңа талап,
Қалың ел қатарынан ақын таппай
Шынымен қаламыз ба жерге қарап.

Шынасыл,
Қайдасың
Өзің тап,
Айласын...

Д а у ы с т а р

Қайда отыр Шынасыл?
Зеремен бірге екен
Қысылып жиын тұр
Келсе екен Шынасыл!

Зере, Шынасыл және бірнеше қыз пөкерлер шығады.

Көрініс

I - қ ы з

Шынасыл, барлық жиын сені күтті!

II - қ ы з

Ақынмен айтысар деп жұрт үміті.

I - қ ы з

Сен емес әншейінде ауыз жаппас,

II - қ ы з

Сен емес той дегенде өлең таппас,
Тайсалма, шық та мүдірт ер жігітті.

З е р е

Асыл дос, егіз өскен сыңарымдай,
Ер едің ер тепсеңнің шынарындай
Кетейін кетерімде жадыма алып
Айтшы бір тарқатқандай құмарымды-ай.

Ш ы н а с ы л

Жан құрбым, тастадың-ау ауыр салмақ,
Ән шырқап белге шығар кезім бе еді,

С а м а л д ы к (екеуіне).

Қарағым, елім көркі, егіз еркем,
Тобыңды кім бастайды сенсіз, серкем.
Сен барда ұйлыққаны осы болса
Сен жоқта не болмақшы бұлар ертең.

Х о р

Ағайын ел тілегі, ата аруағы,
Кешпейміз кезбе ақынға ірге берсең.

С е р ж а н (айтысты бастап жөнеліп).

Мыңнан бір, шыңнан шынар шықпай ма екен,
Жезқанат сұңқар бар деп ықтай ма екен.
Қарсы ұш деп көппен бірге тілек етсем
Мұнымды асылзада жақтай ма екен? (Пауза.)
Сен кеткен талайларға, талай мекен
Шынымен бір орайы болмай ма екен.
Көз тартты шұғыласы күн құшқанда
Айдыңның жалғыз қуы болжай ма екен?

Ш ы н а с ы л (іле жөнеліп).

Әнім бар шырқағанда шарқ ұратын
Шаттықта, зарлықта да жан суатым
Өз әнім, қолқасыз-ақ өзім айтам
Жасымнан қос қанатым, әл-қуатым.
Шалқыған көк жайқыңда аққу қандай!
Талайлар тек тұра алмас назар салмай.
Телмірген сол талай көз бос қалатын
Аққуды кім күналар жазық бардай.

С е р ж а н

Ерке өскен сұлу көрдім, құрбым, сіздей,
Кім білер жүрмесімді дәл сізді іздей.
Десең де көптің бірі қатал еркеш,
Өзіңді мыңға балар жыршың біздей.

Ш ы н а с ы л

Мен бұлбұл өз жырымен өзі болған,
Сәт күткен сіз жолаушы кезбе жолдан.
Гүліндей Иран бағы ғайыптамын.
Толса гүл, солса да гүл келмес қолдан...

Қ ы з д а р

Тең сөз айтты ақынға,
Түйін тастап сөйлеп түр
Алысқа да жақынға.

Жігіттер

Оңай емес қиынға,
Шарай топты жиынға,
Шалқи сермеп шаң берді,
Ақын жігіт, қайрат қыл
Аруағыңа сыйын да,

Сержан

Асыл заттан сегіз қырлы,
Нұр көргендей боламын.
Бақ Иран деп бүккен сырды
Сезіп дертке толамын.
Аққу деп ем аспандағы
Азат әні шырқаған.
Бұлбұл ма едің қапастағы
Матауы бар шырмаған...

Шынасыл

Қапас емес, күншуақта,
Кермаралдай ойнаймын,
Қапа еткен осы уақта
Ән кепіл деп ойлаймын.
Жақын деуге мен алыспын,
Ғайыпта деп соны айтам,
Дос емес құр жай таныспын,
Бақ Иран деп соны айтам.

Сержан

Асыл зат, олай емес қаштың шыннан,
Тек емес тілеп ұштым мен де шыннан.
Шыныңды айт, көптің бірі сен емессің
Өсірсін жүзден жүйрік, тұлпар мыңнан.

Шынасыл

Өлең деп жамау-жасқау құрағандай
Мен үшін құрақ ұшып, құлағандай. *(Куліп.)*
Нең бар ед, жабысарлық кімің едім
Қозақы көрінгеннен сұрағандай?

Сержан

Көрінген көптің бірі сен емессің,
Жат санап, жау деп білсе өзге егесің.
Әрі ақын, әрі құрбым намысым бір,
Дейтұғын өл де омақап мен емеспін.
Өлеңнің төбедегі жұлдесі сен,
Мандайға бақ бол бітер құндызы сен,
Еліңнің таңдап қосқан теңі бар ғой
Көрсетші қандай ердің жұлдызы сен?

Ж а с т а р

Не дейді, бұл пәлені қайдан айтты?
Көрдің бе Шынасылдың беті қайтты,
Бетіне шіркеу болды сұмпай күйеу
Шернияз, көрінде өкір өлсең етті
Жүйрікке томар кесір болған талай,
Қамауда әннің үні шықсын қалай,
Сұңқарды саудаға сап, наз сұлуды
Қор етіп отқа салған арам мал-ай!

С е р ж а н

Шынасыл, ренжідің бе, асыл құрбым,
Кеше гөр оғат кетті өлең құрғыр.

Б е к е т

Шыншыл ән тәтті айтам деп қатты айтты ғой,
Жарасы Шернияз ғой құдай ұрғыр...

З е р е (Сержанға).

Ойын деп андамастан от тастадың,
Мазағы жетпеп пе еді жат басқаның,
(Шынасылға).
Асыл дос, жаным бірге, дертің ортақ,
Жалғыз-ақ неге қалдың бос жасқанып.

Ш ы н а с ы л

Өленде менің сірә нем бар еді,
Сұм дәурен мен дегенде кем-тар еді.
Көрсетем қандай сиқын, қай тұрпатын
Тілде тұсау, көңілім енжар еді.

Ж а с т а р

Садаға жас басынан кетсін малы,
Көкейден сірә кетпес өшкен әні.
Тоқтатқан ақын емес, өмір торы
Сол ғана көп ұйғарған шыны дәлі.

Шернияз құтырып шығады.

Ш е р н и я з

Қандай тор мені тұспал етесіндер,
Ел емес, намысы жоқ жетесіздер,
Байы мен, мен Шернияз, не қыл дейсің,
Қәнеки кімің асып кетесіндер?
(Жұртта үн жоқ. Көп жас теріс айналады.)

А, а... Солай ма? Жек көресің, жиренесің...
Шернияз жары деуге именесің...
Білемін, білдім бәрін, зілің жатыр.
Қайын жұрт досым емес қассың ақыр,
Асқақ қыз жардан безіп жатқа қарап
Түңілген, мен болыппын оған кәпір
Бар үлгі елі үйреткен осы бопты

(Бекетке.)

Және сый ұсыныпты күйеу батыр,
Кеше гөр сөзім болса құр тез қатыр.
Көксеп ем мен өмірлік алтын шатыр,
Ақынын мерген екен дәл көздепті
Атқан оқ маған аумап тиіп жатыр...

О л ж а й

Омақап, оқ тигені рас болса
Болды ғой, арманы не көңлің толса,
Ол емес, құбылғанда есебің бар
Дейсің ғой өзі тілеп қолға қонса...

Х о р

Еркімен кім ереді Шерниязға
Құтқар деп тілеп аққан жастар аз ба?
Қақ жарған қара өзекті қалың арман,
Дерті сол болмағанда құрғақ наз ба?

Ш е р н и я з

Қалың ел өртесе де халқым сенсің,
Тепкенде өз енесі құлын көнсің.
Секіреді біреу тойып, біреу тоңып
Одан да анау елдің жасын көрсін.
Ел елдің сен талайдан көрген кемшін,
Тістіге, тырнақтыға оңай жемсің,
Мекеннен қан Арыстан әне қуды
Қалың ел қан жылаумен босты дерсің.

Х о р

Не дейді, не сұмдықты ала келдің,
Айтқаның мәні-жайы қандай елдің?

Ш е р н и я з *(биікке шығып, нұсқап тұрады. Босқан¹
ел, кәрі-жасы жылау, күңіренумен шұбырып сахнаға
шыға береді. Өтіп кетіп жатқандар да бар).*

Көріңдер мынау жатқан сор даласын
Арыстан қан жылатты ел баласын.
Жемді алып, жерден қуып, шөлге айдады
Көрсеңші сел боп аққан көздің жасын...

Босқандар (*Бекеттерге*).

Кім табар бізге келген дерт айласын
Ер болса елдің қамын тез ойласын.
Хан-төре қастық етті аямады,
Қайдасың, ара түсер, ер қайдасың?!
Кемпір-шал күңіренеді, бала боздай,
Бармысың, адам туған ер қайдасың...

Жастар

Ойпыр-ай, неткен сұмдық, неткен қорлық!
Жұрт көрген аз боп па еді өзге зорлық!
Адыра бұл тіршілік, берген қор қып...

Тәйтiк (*нөкермен елді ығыстырып, тықсыра шығады*).

Бұл не той, топалаңның тойы ма екен?
Жыламай күліп кетіп бара ма екен...

Көкжал (*күліп*).

Мекенсіз қаңбақ болып өскен ылғи,
Хан-сұлтан алар елін білген екен...

Барлығы (*елге*).

Бөгелме, жөнел жылдам, жөніңді тап,
Бас жылдам, құм менен шөл саған мекен!
(*Елді тықсырады.*)

Бекет

Қап бәлем, асқақ төре, мен көрермін,
Өлмесем сыбағанды шын берермін!

Төрелер (*кетіп бара жатып*).

Сол, солай, айда тегіс,
Егескенді байла тегіс...
(*Кетеді.*)

Халық (*Бекетке*).

Пана бол, азаматым, елің келді,
Шулатқан көріп тұрсың мынау селді.
Езгіде еңіреумен күн кешерміз,
Шынымен ел таппас па намысты ерді.

Қыздар (*Бекетке*).

Пана бол, зар илеген ел анаңа,
Пана бол, жөргектегі жас балаға.
Ел зары намысы бар ердің зары
Пана бол, тентіретпе қу далаға!

Зере (*Бекетке*).

Ойын-той, сауық-сайран кезі бітті,
Жас-кәрі ер қайратын сенен күтті.

Жолыңа өз басымды еттім құрбан
Пана бол, ел-жұртыңды етпе күпті.

Қ а р а ш о р — О л ж а й (Бекетке).

Ежелде екі өлмек жоқ, екі тумак,
Келіп тұр ақ тілеумен елің шулап.
Бер уәде, нар тәуекел, міндік атқа,
Ер болсақ бізге қарыз намыс қумақ.

Б е к е т

Қайран ел, алтын бесік ішінде өстім,
Танымас қадіріңді мен емеспін.

(Семсерін суырып).

Жолыңа күшім құрбан, семсер кепіл
Көр міне хан-сұлтанмен кекіл кестім.
Жауыңмен сені еңіреткен ұзында өшпін,
Қайтпасын етімнен де етті кессін.
Ал найза, ерлер қайда, ер соңымнан,
Тенселтер қан ордасын бізбіз көшкін!
Тарта береді, жігіттер қаптай береді.

Х а л ы к

Бағын аш, батыр ердің бата бердік,
Бағын аш, ақ тілеумен соңына ердік.
Бағын аш, жас жолбарыс жорытқанда
Бағын аш, келген керді бірге көрдік.
Артынан кете береді.

С е р ж а н (бір шетте, екінші жақта Шынасыл мен Зере).

Суды атқан куды атам деп аңғал мерген,
Өмірде алтын сәулең осы көрген.
Жеңілдің жеңіп тұрып, қайтқан оқтан,
Жарадар жүрегің бар сыйы берген.
Мәңгілік наз сұлуды, аз өмірді,
Ұмытпан, өзге жанға көңіл бермен...

Ш ы н а с ы л (Зереге).

Жарың бар жарқыраған шын сүйікті,
Зынданда менің басым, сен биікте.
Жан досым, жалғыз ауыз шын тілегім,
Сақтай біл шаттықта да, зар күйікте.
Ер білер ер қадірін деген анық
Қауіпте қасында бол кетпе танып,
Ақтай көр сүйгеніңді ер қайратпен,
Арман жоқ, бірге өле біл, бірге жанып.

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Қалың ауылдың ортасы. Төрелерге арнап, қанаттастыра тіккен үш үйдің іші көрінеді. Кілем, көрпе, жібекпен шымқап тасталған үйлер. Әр жерде биік столдарға қағаз жайған писарьлар. Ортада советник Шемен, жанында Тәйтiк. Мойындарына знак салған ұлықтар. Сумка асынған старшын, шабармандар. Елдің жерін хаттап алып жатыр. Арызшы халық келіп жатады.

Халық өкілдері (*Шеменге*).

Ей төрелер, төрелер,
Арыз айта ел келер
Тындайды деп ол келер,
Тындамасаң тілегін
Жанашыр деп келгенде,
Тілгілесең жүрегін
Қайсы сенің білгенің?
Қан жылатып халықты,
Қара орнынан айырған,
Асқақ төре бір күні,
Жерге тығар желегін.
Алғаныңда малдарын
Алдыңнан шыққан жері жоқ,
Аһ ұрғыздың шалдарын,
Елің аш та, сендер тоқ.
Жоның шықты төрелер
Мың асқанға бір тосқын,
Зауалы болар күн келер
Қатуланса қалың ел,
Хан-төремен шекісер,
Тілегенің сол болса
Қан төгілер, ер өлер...

Шемен

Тоқтат, өшір үніңді,
Тар қылармын күніңді.
Бел қыласың кіміңді?
Ұмытқансың еркіндеп
Қарын шашың алынбай
Құдайыңды, дініңді.
Ханы сұңқар болғанда,
Халқы болар тұғыры

Өтсе-дағы зығыры
Бүлк етпестен көнесін
Көшесің тегіс қазір-ақ
Хан Арыстан бұйрығы!

Х а л ы қ

Шыныменен осынша
Кеткені ме далаға
Ежегейдей ел тозып?

Т ә й т і к

Елде қандай ақың бар,
Ел иесі хандар бар
Тауқыметі соларда,
Тоқтат сөзді осыдан!
Көш те босат орынды
Енді қайтып бөгелсең
Тар қылармын күніңді,
Қаздырармын өзіңе
Өзің жатар көріңді.
(Әскерге бұйырып.)
Тарт шетінен шұбыртып,
Арыстан сұлтан бұйрығы!

Босқындарды бір шетінен тықсырып жүргізеді.
Әйелдер, қарттар, араларында Қамар, Зере, Шынасыл, Самалдық.

Б о с қ ы н д а р

Еңіреткен елімді
Ләнет болсын хан, сұлтан,
Сындырдың тағы белімді
Қарғыс алдың ел-жұрттан,
Қіндік кескен қайран жер
Жемнің бойы аман бол!
Кетейін деп кетпедік
Зар жылатқан заман сол,
Есіл жерлер қарашы
Өлке, жота саласы
Қадірлі ата-ананың
Құлазып қалар моласы.
Жерім менен, суларым,
Бізден кеттің аман бол,
Берекелі көлдерде
Сұңқылдаған қуларым
Сен де қалдың аман бол...

Ш е м е н

Шығартпа қарғыс үндерін.
Сүйретіп жүріп сұлдерін
Қарашы, бұлар не дейді
Түн етермін күндерін!..

Қ а м а р (*жылаған Зерені уатып*).

Жасын төккен мен ана,
Қойныма зарлы бір бала.
Ана мен бала зарына
Құлақ қақпас қаскүнем
Ханың қайсы жүзқара!

Т ә й т і к

Ханға тілін тигізген,
Сен не қылған қақпас ең.
(*Ұмтылып.*)
Ит болайын осыдан
Қасқайта қылыш шаппасам...

З е р е (*төрелерге*).

Оны шаппа мені шап,
Ер екенің білейін.
Қанға тойған ит құсап
Жемге тойып көмейін.
Құтырыңсың, сұм төре!
Қарсыңа сенің ер шығар,
Келер сыйға сый бере,
Тілеуін елдің тілеген
Ел қызымын мен Зере.
Қылышың тасқа білеген
Ақ сұңқардай түлеген
Жарымын ердің, қорқа алман.
Жылаған, ығып көрмеген,
Халқымда бар қасиет,
Бақ қарап, қыдыр түнеген
Тарт қолыңды анамнан,
Тарт қолыңды халқымнан.

Ш е м е н (*Шерниязға*).

Кімнің қызы мына қыз?

Ш е р н и я з

Әкесі жоқ жетім қыз,
Бірақ сенген жары бар,
Бекет деген ері бар.

Ш е м е н

Елден шыққан Бекеттің
Жемік берген жері екен.
Мына сөзді айтқызған
Мұны түрткен соры екен.
Құдай емес бұлардың
Бекет екен сенгені
Ал тұтқынға бұл қызды.
(Зере мен Қамарды ұстасады.)

С а м а л д ы қ (Зере мен Қамарды қорғап),

Тарт қолыңды бұлардан!
Ерде намыс болғанда
Есі шықпай сірә да
Есіз үйге шабар ма?
Қаңыратып алдың даласын,
Шулаттың міне ұлардай,
Басынан алып панасын
Сарғайтқандай санасын,
Не қылып еді ел саған?
Тырнағыңа бұларды
Жем қып бермен тіріде
Қыларың болса қыл маған?

Ш е м е н

Ұста, байла ендеше!
Ер шығатын неме екен
Құтырған елдің, бір саған,
Жаптым міне жаласың!

С а м а л д ы қ

Сенің де болар боласың!

Т ә й т і к

Байла қолың, кес тілің!

Байлап алысады.

Ш е м е н

Жер астынан жік шығып,
(Шерниязға.)

Осылар неден құтырды?
Сенгені не айтшы әзір
Қоюың жетті күпті қып!

Шернияз (*Шемендерге*).

Алдияр, олай болса құлағың сал,
Бәрінің пана көрген Бекеті бар.
Ол бүгін қолын жиып, қару қамдап,
Жатыр дейді жаңа содан алдым хабар!
Тек қалмас, соқтыққалы мұнда шабар.
Естісе мынау жәйді жанын салар.
Қарайған ханға көңіл кескекті жау,
Білемін қас дұшпан сол жайын табар...

Шемен

Ендеше мен көрейін ер немені,
Байқайын жерді ханға бермегенін
Қайын ене, қалың жұртын шұбыртайын
Тұтқынға ал нөкерімен қыз Зерені!

Зере (*тұтқын*).

Жолыңа жаным құрбан, қайран жұртым,
Тар күнде таянышым сенсің, барым,
Садаған, шәуілдеген көп бөрі ала
Ер ұлан сен басасың елдің зарын...

Тәйтiк

Байлат, өшір үндерін. (*Байлап жатады.*)

Шернияз (*Шеменге*).

Алдияр хан-сұлтаным, қолы мығым,
Арам тер жөн білместің қаны шығын,
Бір тілек мен айтайын, сауға, тақсыр,
Тигізбе Шынасылға, қалыңдығым.

Шемен

Босаттыр қалыңдығын Шернияздың!
(*Шынасылға.*)

Өзгелер бола берсін өңшең азғын
Жарың кеп жақсы қызымет еткені үшін,
Босайсың қадірін біл Шернияздың.

Шынасыл

Шықпаймын, бірге болам елімменен
Аулақ бол азғын етпе кебіңменен.
Берсенші ер өлімін қор еткенше,
Сұм жалған бұл өмірге келдім неден?
(*Тобында қалады.*)

Төрелер, болыстар

Хан келеді, хан-сұлтан,
Келіп қалды алдияр.
Келді алдияр Арыстан.
Алдияр, сұлтан, алдияр!

Хан келеді, нөкерлері мол, жиын орын береді.

Арыстан

Босатпастан жем бойын,
Әлі отырған емініп,
Айтыңдаршы ел ойын?
Жиынып ап көп ұлық
Саудаға сап өмірді
Бұл қылығың қай қылық?
Ырқыңа көнсе ел азат,
Екі етілмес жарлықты
Ақ патша мен хан жазад
Көрсет қазір көзіме
Айтқанымды екі етіп,
Қарысатын қай қазақ!

Ұлықтар да, ел де ұйлығады.

Қамаp

Халықты көр шулаған,
Еңіреген ел зарын,
Тиярлық ел тумаған,
Ерге қысым, елге әлек,
Күнің бар ма салмаған.
Аңыраған анамын
Бас кессең де айтамын
Қан жылатқан халықты
Қарғыс тисің, хан, саған!

Арыстан

Алатын кім бетімнен,
Ажалына асығып (төрелерге).
Айтқыз дереу ат-жөнін
Ет кесейін етінен...

Тәйтiк

Алдияр, әміріңнен кетсін зекет,
Бұйырсаң бұл қатын да марқұм кетед.
Қызымен қасындағы, қайнысымен,
Күн қылған күйеулері қашқын Бекет!

Арыстан (қайнап).

Бекет қашқын жайлаған,
Қарсылықты сайлаған.
Қастың елі бұл екен!
Кінә өзінде ендеше
Қатыныңды күң етем,

Жарық күнді түн етем
Ал қамауға бәрін де
Айдат қазір қалаға
Кеңілге ұстап жақыннан
Кескілескен жауымды
Осыменен жүн етем!

Қамарды тұтқынға алады.

Айдат қазір қалаға!

Жөнелте бергенде сау етіп Олжай, Жанғазылар кіреді.
Аңтарылып.

О л ж а й

Егессең егес ерменен
Нең бар, тиме оларға!

А р ы с т а н

Сен кім едің өлермен?

Ш е р н и я з

Жан жолдасы Бекеттің
Олжай деген батыры...
Аусарланып елірген

А р ы с т а н

Неге келдің, не керек?

Ш е р н и я з

Қасындағы белгілі
Жайықтан кашқан Жанғазы.

Ш е м е н

Өңкей қашақ жиылып,
Елді елертпек аңғары...

А р ы с т а н

Елші салып сөйлесер,
Бекет маған тең емес!
Салғыласып теңесер
Қашқын, пыскын сен емес,
Ұлықтың өші Жанғазы
Аяп қалар мен емес!
(Олжайға.)

Ең әуелі бұйрығым:
Қасындағы кашқынды
Қазір тапсыр ұлыққа!
Сонан соңғы бұйрығым,
Бекетіңе айта бар,

Қарсылықты доғарып
Алдыма келсін жуықта!..

О л ж а й

Елшіге өлім жоғын біл...
Жанымдағы Жанғазы
Беремін деп келгем жоқ
Қан жарлығын таситын
Құлақ кесті құлындай
Ант пен сертім бергем жоқ
Сәлемін ғана әкелдік,
Бекетімдей ерімнің:
«Бұзбасын дейді хан-сұлтан
Тыныштық шырын елімнің
Қарайласа ханына
Қайтсын дейді Арыстан
Төстіктейін бермен дейд
Елім жайлар жайымның!..»

А р ы с т а н

Ал қамауға бәрін де,
Көремін күшін көбінің...
(Қамауға алысады.)

Ж а н ғ а з ы

Ей Арыстан, асарсың,
Асып барып бір күні
Аптығыңды басарсың,
Талай-талай күн өткен
Хан Жәңгір де алдыңда
Ұлы, қызын халықтың
Обалсынбай күң еткен,
Қалың елін күңіrentкен,
Елдің зары ақыры
Ер ұлдарын тебіrentкен
Есінде шығар Исатай?
Бүгін Бекет қарсыңда
Белін бекем буып тұр,
Ел бағына туып тұр,
Елдің кегін қуып тұр.
Есінде болсын жалғыз-ақ
Бекет тиер бекемірек
Хан баласы әрдайым
Құтыла бермес жабылып!

Ш е м е н

Тоқтат, өшір' үндерін,
Хан бетінен алғызып,
Қояр бізді кім дедің
Әкет тегіс айдатып,
Тілін кесіп бұлардың,
Өшіртермін үндерін...

Барлық елшілер мен әйелдерді байлатып алады.

А р ы с т а н

Б

Ду бітіріп бұларға
Қарсыма салған барлығын,
Құлақ кесті құлдарға
Жетсін тегіс жарлығым.
Қашқын Бекет басыңа
Салармын дүние тарлығын,
Ит қосақтап қасыңа,
Ит кешуге салармын,
Тартарсың өмір зарлығын.
Қашқын құлды алдыма
Тірідей алып келіндер,
Әкел, осы жарлығым!

Ш ы м ы л д ы қ.

Үшінші сурет

Арыстан сұлтанның ордасы. Түн.
Есікте жасауылдар, Тәйтiк кiредi.

А р ы с т а н

Не хабар бүлік елден,
Жансыз бар ма біліп келген?

Т ә й т і к

Алдияр, жаман хабар бар,
Шернияз жансыз жіберген.

А р ы с т а н

Айтшы жылдағи не хабар,
Тыныштық ұйы бұзылды
Ойы бар ма е шабар?

Т ә й т і к

Алдияр, қайрат жиыңыз!
Өрт алғанда жайлауды...
Қақ жарылып қара аспан,

От төккендей нажағай
Құтырып құйын келеді
Алды-артына қарамай,
Ел де толқып талап тұр
Бегін беқке баламай.
Туы аспандап Бекет тұр
Алдынан кеткен аз құлың,
Қайтып келді ордаға
Қағысуғ- жарамай!

Арыстан

Тапшы қандай айла бар,
Келетін әскер қайда жүр.
Алмадың ба хат-хабар?

Тәйтiк

Жалғыз мiт соларда,

Арыстан

Пай-пай, эттең!!

Тәйтiк

Қысылғанда хан басы.
Осынша шабан болар ма?

Дауыстар (*сырттан*).

Әскер келді, көп әскер!
Әскер келді, сүйінші.

Тәйтiк (*қарап*).

Көк сауытын киінген,
Көк мылтығын асынған,
Ерлер келді дәулеткер,
Болады жол, келді әскер!

Арыстан

Қайда жүрсiң, Шемен-ау!
Қаптады ғой қалың жау!

Шемен

Жеткенiм осы-ақ, алдияр!

Офицер

Қаруы сай қолым бар,
Жiбердi iзге жандарал
Ел бүлiгiң емдеймiз
Бұйырыңыз хан-сұлтан,
Бағынадi бар күшiм,
Ендi сiзде ықтияр!..

Арыстан

Алғыс айтам, ақ патша,
Жат жанымға оқ атса,

Менде қандай ярман бар?
Шап ендеше қалың қол,
Бет қаратпа жалын қол!
Өрте өлке, ой-қырын,
Бекетке беріп құтырған,
Тартсын тегіс зарын мол!
Тәйтiк билер ерiндер,
Жиналып жатқан қорданы
Өртеп жояр ерлерге
Кездестіріп берiндер.
Елді есінен тандырып,
Бүлiк басы Бекеттiң
Бауыр сыртын керiндер!
Асқақ басын иiлтiп,
Табанын тiлiп құл етiп,
Алдыма алып келiндер!

Әскерлер, Тәйтiк кіреді.

Ақылыңды айт, Шемен,
Жандаралдан бұйрық
Бар ма тағы әкейгең?

Шемен

Шақыртыңыз Көкжалды
Келтірсін бар тұтқыңды.

Арыстан

Е, Көкжал, келсін Көкжал!..

Көкжал кіреді.

Көкжал

Алдияр, тақсыр сұлтаным,

Арыстан

Әзір ме бар тұтқының?

Көкжал

Бас үстіне, алдияр
Әміріңе тұр даяр!

Арыстан

Алып кел!

Көкжал кетеді.

Шемен (ханымен күбірлесіп).

Түссе түсті осы жол
Болмаса жалғыз айла сөл...;

Көкжал тұтқындарды алып шығады:
Қамар, Зере, Жанғааы, Самалдық.

Арыстан

Жан күйерден айрылса,
Ол үшін отқа күйгенді,
Босатам деп ер жігіт,
Керек еді қайрылса,
Оны Бекет білмеді!
Кесірінен Бекеттің
Кепіл етіп сендерді
Көріне алып закон тұр.

(Зереге)

Су түбіне сен кеттің
Сен кетерлік күн бе еді?

Шемен

Ер болса сені босатып,
Өзі келсін орныңа.
(Бір атты ұстап тұрып.)
Осы тұрған тобыңнан
Біреуінді босатам,
Айт сәлемді байыңа,
Таратсын елді жайыңа,
Мынау сенің хатыңмен
Жөнге келіп жуасып
Ерің келсін алдыма!
(Зереден жауап жоқ.)

Көкжал *(хатты ұғымсыз тұрып)*.
Самалдық алып барады
Айтып тұрып сәлемді,
Өз қолыңмен табыс ет,
Аямасаң өзгені
Аярсың мынау аяңды
Қанастағы Қамарды...

Зере *(хатты алып, анасына бұрылып)*.
Кеше гөр, аяма, балаңды,
Ер бұзарда қамалды
Ере алмасам нем кісі
Қасиеттен не қалды?

Қамар

Сорлы балам, налыма,
Қарама менің басыма
Ақтар болсаң ақ сүтім
Қорлыққа көнбе, жасыма!

З е р е (Сұлтанға.)

Айналдым, анам, сөзіңнен!
Бекет емес ендеше
Ал жауапты өзімнен!
Аулақ тарт қорлық кебіңді
Шенге сатсаң өзің сат,
Ата-ананды, тегінді
Ұстап берер мен емес
Бекетімдей ерімді
Жолына құрбан жас жаным
Садаға кет ізінен
Көрсете ғой керіңді!

Хатты уқалап лақтырып жібереді.

К ө к ж а л

Тоқтат, өшір үңінді...

Ш е м е н

Келтірді бұл күң жынымды
Тас қамауда шірітіп
Құрытайын дымыңды...

А р ы с т а н (Самалдыққа хатты қайта ұсынып).

Басына жетер бұл сөзі,
Қан жылаумен суалар
Суалғырдың бұл көзі,
Ол ақылсыз болды деп
Сен жіберме еркіне,
Қыз тілегі осы деп,
Сен алып бар бұл хатты
Сенемін берсең сертіңе...

С а м а л д ы қ

Әкет аулақ хатыңды,
Қор етпеспін затыңды
Көріңнен қорыққан көрдің бе
Керек десе хатыңды?
Ұсынсаң қолың жетпестей
Бәйтеректей батырды
Ұстап беріп ит болар
Мен емеспін, Арыстан,
Ол сұмдықты істейтін
Хан-сұлтан болар сатыңды...

А р ы с т а н

Тоқтат!..

Ш е м е н . . .

Доғар!

Жендеттер кіреді.

Арыстан

Бер сазайын ендеше,
Тарт көзімше дарға.

Шемен

Тарт, танысын тәңрісін,
Бас асауға жез нокта,
Көрсін тегіс хан күшін!
Тарт!

Әскер Самалдықты дарға аса береді. Шетте, алыста көлеңкемен си-
луэтпен дарға асылған адам денесі қарауытып шығады.

Зере (*тізесін дар жаққа иіп, бата қып, қол жайып тұрып*).

Қош, ағатай, қайран ер!
Қайғың болар қалың шер,
Асыл басын ағамның
Жұтты-ау тағы қара жер,
Жерден де обыр қан-сұлтан,
Сазайыңды ел берсін,
Ел деп өскен ер берсін,
Қалың елім қан жылап,
Саған лағнет болсын дер,
Иә, тәңір, жалғыз тілегім
Қор ете көрме дұшпанға
Ер боп өлер өлім бер.

Арыстан (*дардан бұрылып, Зерені көріп*).

Әкет алып мынаны
Айдат қазір қалаға
Кепіл боп жатқан бәрін де
Алсын ұлық кәріне,
Абақтыда шірітсін
Өзім жауап беремін
Осыдан келген жалаға...
Көкжал!

Көкжал

Алдияр!

Арыстан

Тарт, айдат далаға,

Көкжал

Бас үстіне, алдияр, (*әскерге*)
Алып жүр!

Жөнелте береді. Сырттан орданың қақпасын шалқасынан ашып, аз
ғана топпен Бекет кеп кіреді.

Алдияр тақсыр, жан сақта
Жетті Бекет, мынау сол...

Шемен қорқып тығылып кетеді.

Арыстан

Не дейді бұл, не сұмдық!
(Қашпақ болады.)

Бекет

Тоқта, қаңқор Арыстан,
Ел кегімен келемін,
Аңсап ұштым алыстан,
Қасқайып ұшқан қарсыңа
Мен Бекетпін, сен сұлтан
Белдескен жаумыз алысқан
Көрсет маған көрінді!

Арыстан

Бекет, ерік өзінде,
Ер болсаң жалғыз арманым
Қапыда бастың белімнен
Келмедің сайлы кезімде.

Жаңғазы (Бекетке).

Бекет, ерім, құлақ сал,
Атадан ұл туғандай
Ата жолын қуғандай
Ер Исатай өлгелі
Елмен бірге егіліп
Қан тамырым суалды,
Сені көріп жалғыз-ақ
Шер жүрегім дәл бүгін
Жарылғандай қуанды,
Кейіс кетті қабақтан
Тұсау түсті тілімнен
Есінде болсын жалғыз-ақ,
Арбаған ханға алданып,
Қапыда кетті Исатай
Апат боп арты бүлінген,
Содан бері ел шерін
Көтере белім бүгілген
Ел тілімін ескіден
Саған сәлем әкелген

Аяр бөлген дұшпанды
Тарқатпасаң қастамды
Жылап кеткен жаңыңнан
Үн өшкенше өкініші
Сірә да кетпес жадымнан...

З е р е

Өзгені қой, көр әне,
Ер Самалдық досын да
Қаза тапты жауыңнан...

Б е к е т *(тап беріп көріп).*

Самалдық, досым Самалдық?!
(Арыстанға)
Қара жүзді, хан-сұлтан,
Қайтып жауап айтарсың
Қара ордаңды қан қылсам!?
Қан жылаған ел үшін
(Самалдықты жұрт алады).
Қастан өлген ер үшін
Жанға түскен шер үшін
Санадан солып сарғайған
Ата-ананың шері үшін
Артағы ұрпақ бағы үшін
Арналсын бойда бар күшім,
Сел күшіндей сол күшім
Салсын ханға тар қысым!
Өз дарының қызығын
Өзі көрсін жақсылап
Сал мойнына қарғысын!
Тарт! *(Дарға аарады.)*

Ж а н ғ а з ы

Ер бағына туыпсың,
Өркенің өссін, батырым!
Келер заман ұл, қызға
Атой болсын осы ерлік
Құртсын ханның ақырын.
(Ел шулап, бата қылады.)

С е р ж а н

Ақиық ансап ұшты алға қарай,
Ер ұлан, ере шаптық жауды қамай!
Соққандай қарсы алдыңнан таң салқыны
Күн туар, сәуле көрдік алтын орай,
Ер көрдім топқа тиген лаиындай,
Әсем ән баққа жайған құлашындай

Көксеймін елімдей боп ынтазарым
Алдымда жарық жұлдыз Шынасылдай!..

Бекет

Кек бітті, бірақ майдан жаңа қызды.
Құлаттық бір ордада қанды құзды.
Ай жүзді ақ балтаны қайта сілте
Алды осы, деген осы қамал бұзды...

Жөнеле береді.

Халық

Бағын аш, батыр ердің бата бердік,
Бағын аш, ақ тілеумен соңына ердік.
Бағын аш, жас жолбарыс жорытқанда
Бағын аш, келген керді бірге көрдік.

Тегіс кетеседі. Әр бұрыштан хан қызметшілері шығады.

Шемен талықсып келеді. Қасында Көкжал, Шернияз.

Шемен (*Көкжалға*).

Шап қалаға, ұлыққа!

Шапқыз әскер соңынан!

Көкжал хабаршыларды жөнелтіп жатады, Шерниязға.

Қайда қалдың қуарған,
Нені көрді жансыз боп
Сұмырай көзің суалған?!
Айт жаныңның, барында!

Көкжал

Қайда қалдың білдірмей,
Ханның құны, Шернияз,
Енді сенің мойнында.

Шемен (*Шерниязды жағадан алып*).

Кесер сөзім тыңдап ал,
Тірідей ұстап Бекетті
Әкелмесең осыдан
Деме үйірге қосылам.

Шернияз

Алдияр, олай болса жаным құрбан,
Бекетті мен ұстайын ханды қырған
Сен емес менің-дағы қас-дұшпаным
Етейін барлық елім қызыл-қырман,
«Қарақшы ұрыны ұрған» айла табам,
Басына ұмытпастай пәле жабам
Білерсің қанды қақпан Шерниязды
Қолдай гөр, жолымды оңғар ата-бабам!

Шымалдық.

ҮШІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Шернияздың ауылы. Үйде Шынасыл жалғыз.

Шынасыл (қонақты тосып, үй ішін жасау, жабдықыпен әсемдеп жүріп ән салады).

Зарға айналды айықпас,
Ашылмады ән бағы
Ұзап кетті оралмай
Өмірінің жас шағы.
Ендігі тілек не тілек?
Неткен үміт бұл тағы?
Іште сөнген шырақтың
Болымсыз елес бержағы
Келдің... көндің не дейін?
Зар өмірдің бейуағы...

Шернияз тыңдап кеп тұрған.

Шернияз

Қашан сөніп біткен ән,
Не қып бүгін оянды? (Шынасылға)
Айтшы тағы көрейін
Сый бергендей баянды...

Шынасыл

Ән емес бір толғауым,
Менен не алсын ән бүгін,
Айтарды айтып болғанмын.

Шернияз

Білемін, сен айтпайсың,
Әлі көзің жатта рой,
Сол санадан солғаның!..

Шынасыл

Қойшы тағы азапты...

Шернияз

Шынасыл, менде саған бір тілек бар
Мазактан құса болып шегіп ем зар.
Тым құрса жалғыз-ақ күн жат көзінше
Шырай бер, онсыз-дағы дүнием тар...

Шынасыл

Жас дәурен жарқыраған шағым қайда?

Жаныма сая болған әнім қайда?
Ажалдай құшағыңа сен алғалы
Айрылдым, ардақтаған барым қайда?
Алдамыш жалған үміт бермес пайда
Кеткен бақ қайта оралмақ заман қайда?

Мұнайып шығып кетеді.

Ш е р н и я з

Тағы сол, қатал жүзі маған бөтен,
Аямаң, амандығын жаттың не етем?
Қарайған менің көңілім осындайдан
Жайратам дүниесін талақ етем...

Есікке ұмтылып, Көкжалды ертіп келе жатып.

Кел, Көкжал, қайдасың сен, келші мұнда,
Ант етем, көзді жұмып, бастым шыңға.
Хан кегі, ханға қоса менің кегім,
Балаған болар мені бастан сұмға...
Шақырттым Шынасылдан сәлем айтып,
Бекетті мен сыйлаймын барды тартып.
Қайрат қыл қимасты тілегім сол
Айрылма, бұдан кетсе түспес қайтып...

К ө к ж а л

Сертің осы, нық ұста,
Шық уәделі сөзіңнен.
Әскер әзір ауылда
Белгі болсын өзіңнен...

Ш е р н и я з

Белгі өзімнен, жүре бер;
Қайра қайқы болатты,
Аямасты біле бер!
Көкжендеттей Көкжалым
Томағаңды тұрғыдан
Тартам таймай іле көр...

К ө к ж а л

Жақтамастан хан құнын,
Аярмын ба жау жанын.
Тірі ұстасақ Бекетті
Басына кескен сомамен
Шенді шекпен әзір тұр
Сол емес пе арманым...
Көрсет жалғыз көзіме
Танырсын содан арғыны,
Шыбынын Көкжал салғанын..

Ш е р н и я з Жолың болсын ендеше.

К ө к ж а л Дер кезін өзің айтарсың...

Ш е р н и я з Қабағымды анди бер,
Белгіні дәл байқарсың.
Көкжал кетеді. Айналаға қарап.

Асауға жоқта болғанда
Жүйрікке де томар бар
Сенде қайрат болғанда
Шерниязда амал бар
Түз құсындай батырға
Торға түсер заман бар,
Асқақтаған аруда
Өкінерлік зауал бар.
Бақ пен атақ жолында
Барлық жауың босарлық
Жеріне жерік қамал бар!
(Қарап.)

Келе ме екен, қайда жүр?
Келіп сірә құтылса
Сорым-дағы не амал бар?
(Көріп.)

Келе жатыр, келіпті,
Асылға көңіл бөліпті...

Бекеттер шығады, қонақты қоршаған қалың топ, ортада Шынасыл,
Шернияз қол қусырып құрметтеп.

Қадірлесім, сыйласым,
Біліп едім құрбының
Бір сәлемін қимасын!
Түзден тоят тілеген
Ерім едің еңіреген
Жолыңа құрбан мал басым!..
(Көріседі, қонақтар отырады.)

Б е к е т (Шынасылға қарап).
Қуанамын көргенде
Асыл құрбым, Шынасыл
Үйі түздей жат болған
Қашқылықта құрдасың
Есімде бар Жем бойы
Күндер еді сол Асыл.

Жастық дәурен ыстық шақ
Әсіресе қимасым.
(Сержанға.)

Еске алсаңшы жақсы әнмен,
Аз да болаа қанібет
Сондағы әсем әнімен
Шынасыл да сыйласын.

Шынасыл .

Ол бір алыс күн еді
Онда құрбың кім еді?
Есіме алсам шерленем
Қалды бізден сорлы өлең,
Мұңым шағып айтамын
Бұрынғы құрбың бұл емес,
Жарасын ашпа шерлінің,
Менің басым бұл күнде
Тең болды ғой жерменен.

Сержан

Қалқам-ай, неге мұнша налыдың сен?
Емес пе ең қара түнде жарығым сен?
Жаныма бір көргенім демеу деп ем
Осынша қамыққандай не қылып ең?
Көрем деп ойламап ем көз жасыңды,
Көруші ем күннен нұрлы өз басыңды
Ірке алмас, кеміксе де ән ашыңды
Көп сақтап әкеліп ем, жаным сырын.

Шынасыл

Ұмытқан ем ән сөзін,
Емірентіп оятқан
Есіттім бе жан сөзін?..
Қапастағы қаралы,
Омырауы жаралы
Естігенде бір сәтте
Азат үні аспаннан
Ұяластың назалы,
Не шыдап тұра алар?
Өзгеге бөтен жүрегі
Ән айтқанда тілегін
Кешіксе де кешіріп
Сағынар да құп аңар!..

Сержан

Арманым жоқ, Асылым,
Бар тілегім жолыңда

Бір өзіңе бас ұрдым.

Шынасыл

Өкінемін қайтейн
Жалғыз жарық көріп ем,
Несіне бұрын жасырдым. (Пауза)
Мезгіл өтті жалғыз-ақ
Осыдан әрі бұйрық жоқ
Дәурені өткен Асылдың...

Бекет

Жасымашы, Шынасыл!
Естен кетпес әсем ән
Мыңға рауа бір басың
Қажымашы жалғыз-ақ.

Шынасыл

Жарайды құлдық, ер досым,
Қуаныш үміт өзіңсің
Жолыңда тегіс ел досың
Жана тілеу жас жүрек
Барлығында бір тілек
Қайта көрме жолыңнан
Дәйімі саған жол болсын.
Тілеуім сенің жолыңда
Жағаласқан дұшпаның
Жығылсын ұдай жер болсын...

Шернияз

Айналайын аузыңнан,
Ел тілегі бұл тілек.
Батырды көріп аман, сау,
Бой жасадым бір түлеп.
Бекетжан, жалғыз хауібім
Жау ниеті түн-түнек
Сақтана жүр, батырым,
Жабылсам деп жау жүред...
Ал бұл жерде хауіп жоқ
Оған кепілмін,
Ойнақ, сауық салайық
Соны тұрмыз біз тілеп!

Бекеттің сауыт-сайманын ала береді.

Бекет

Бәрекезде, Шернияз,
Ойын десең әзірмін
Баста, көне құлаш жаз,
Бекет-қаруыңнан арылады.

Шернияз

Баста сауық сайранды!
Көрсет Бекет ерме.
Көрсет барлық өнерді..
Жиыл, жастар, келе бер...

Дауыстар (*жалық үйді көршек алады, би, ойын*).

Жолы болтын Бекеттің,
Абройы ассын Бекеттің,
Сал сайранды аянба!

Қатты, қызу қалың жұрт би-сауықты
ортаға Бекетті қоршап алысады.

Соқ сауықты,
Бас қызуға
Айда, айда!

Шернияз (*би үстінде Тәйтiк, Көкжалмен қабақ
қағысады. Ананың екеуі де өзгеріп алған*).

Сайла, сайла!

Тәйтiк

Байла, ұста!
Ұста, байла!

Билеп жүргендердің бәрі әдейі құбылып киініп келген әскер, атаман-
дар Бекетке жабыла-жабыла түседі.

Бекет

Ай, қаражүз,
Қап сені!

Көкжалды, тағы екі жігітті жұлып алып түсіреді, бірақ байланып
қалған.

Тәйтiк

Шығарма енді үніңді
Құрыттым ба дымыңды!?

Шернияз (*Тәйтiкке*).

Аянғам жоқ, алдияр,
Салмадым ба шыбынды?!

Шынасыл

Қаражүзді қас дұшпан
Сатып па едің дініңді?!

(*Ұмтылып.*)

Босат былай!

(*Бұны Шернияз жұлып түсіреді.*)

Қайдасың құдай ал мені!

Бекет

Көрегі жоқ жоқшының
Тегіс білдім сыныңды...

(Шерниязға.)

Қор ғып қойған тірліктең
Ер өлімін бер дегем...
Ар-намыс жоқ қаражүзі!
Берсе-дағы алмаспын
Сендей сұмды наз қылған
Итшілеген күніңді...

Тәйтiк

Жүр, алып жүр, тезірек,
Арыстандай хан үшін
Қағармын барлық жыныңды?...

Бекетті алып кетеді. Үйде байлаулы Сержан қалады.
Есі ауып сүйесі қалған Шынасыл.

Шынасыл

Қандай сұмдық іс көрдім,
Бір өлмедім екі өлдім...
Қуарған дүние, неңді алдым?
Бар қорлыққа мен көндім...
Арым еді ардақтым
Былғадың міне, кір жақтың...
Кімге керек тірлігі
Шынасылдай бейбақтың?

Бірнеше жігіттермен ерекше кінген,
қару асынған Зере шыға келеді.

Зере

Қас боп шыққан елімнен,
Садаға кеткір ерімнен.
Итке турап тастайын,
Құтылып көрсін ол менен.
Ұстатқан кім? *(Шынасылға)*
Айт жөнін?

Шынасыл *(ақырын, әлсіз)*. Зережан, мен садаға!
Зере *(қылышын ұстай алып)*.

Құлақ салман үніне,
Қайтып қана қарарсың
Жерге кірмей жүзіме?

Шынасыл *(әлсіз, тізе бүгіп, жалына жабысып Зере-
нің аяғын құшақтап)*.

Аяма мені, Зережан,
Жүзім қара, қолым қан.
Аяма, барым адыра
Күнімді көрге санағам!
Бар тілеуім Бекетте
Жолыңа жаным садағам!

Зеренің қылышын алып өз жүрегіне салып жібереді, құлап түседі.

Зере (*шошып*).

Шынасыл?!
Сержан

Сержан

Асылым-ай, не болдың?
Шыққыр көзім не көрдің?
Майысқан гүл шын солдың?
Не болдым, ай-хай не болдым...
(*Бұлқынады, жындамады*).

Шынасыл (*әлсіреп*).

Зережан, жалғыз арызым,
Достықпен ақта ер болып
Махаббаттың қарызын. (*Өледі*.)

Зере

Ант етемін асыл жан,
Бекетім сенің жоқшың бар.
Ант етемін артыңнан,
Босқа қалман шегіп зар.
Сенсіз маған дүние тар,
Барды берем жолыңа
Антым анық тартыңдар!

Лаулап кетіседі.

Сержан (*жынданған*).

Құрсау батты денеме.
(*Шынасылға ұмтылып*)
Ай-хай... бұ не! Жаным ба?
Өзімді іздеп келе ме?
Ай-хай, ай-хай,
Не болдым,
Не болдым.
Ай-хай — таптым
(*Құшақтап құлап түседі*.)
Таптым!..

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Қыс. Қалың қар. Күн лайсаң. Қаторгі. Темір бұғаулары шылдырап ақырын басып, жүдеу қаторжандар тобы өтіп жатыр, бір шеттен жүгіре басып Зере шығады. Тұтқындарға алыстан телміре қарап тұрып қалады.

Қ а т о р ж а н д а р

Өмір өгей анадай
Ашулы зарын аямай,
Тас қабағын түйіп тұр
Арман айтар адам жоқ.
Айнала меңіреу қарағай,
Күні боран, киім сұр...
Шылдыр, шылдыр ку шынжыр...
Тас қапас та ашылмас
Жан жанады шырақтай,
Қыстың зәрі қайту жоқ
Барыңды алмай басылмас
Қиял ғана пырақтай,
Жалғыз жары тұтқынның
Ұйқысын бөліп оятса
Бірқалыпты тас қамау
Шылдыр, шылдыр ку шынжыр.

З е р е

Суық жақта жұмақтай
Жат сыры бар сұм дүние!
Ерім қайда не күйде,
Жанның бәрі аруақтай,
Аңсап келдім алыстан
Асыл жарым, бармысың,
Тылсым дүние жауап кат
Сұм сырына кім не?..
Жарым, жаным, Бекетім,
Жолыңа барым зекетің
Қайдасың, жарым, бармысың?..

Тұтқындарды қарап өтіп кетеді. Қаторжандардың екінші тобы шығады. Ортасында ақсақалды Осип.

О с и п

Өшпес ашу ойнаған
Сөнбес шырақ бір жанған,

Алда майдан ту бұлғап,
Шақырарда ер ұлан
Өлім болар құр қалған,
Жолың болсын, жет соған!

Ортаға жас каторжанды алып, Осипке қосылып, әлгі жасты
қоршап.

К а т о р ж а н д а р

Жолың болсын, аман қайт!
Елге, жерге біздерден
Жалындаған сәлем айт!
Өкінгендер жоқ деп айт!
Қандай қысым болса да
Қарсы қайрат көп деп айт.

О с и п

Айттым жолдың төтесін,
Алдыңда ауыр бейнет бар.
Оны жалғыз жегіндер
Жауға деген ішінде
Нәсерге сөнбес кекесін
Достарға аман жетіп бақ,
Қамдан, қазір кетесің...

Ж а с к а т о р ж а н

Амандық іздеп кетпеймін,
Қорлықты қорек етпеймін.
Қараңғы меңіреу түндерде
Мандайды қойып жұлдызға
Зор мұратқа беттеймін...

Сүйісе береді. Сол кезде Бекетті бұлар тобының ішінен іздеп Зере
шығады. Бекетті таппағанға талғандай.

Қайдасың, жарым, жалғызым!
Алысты жақын еткізген,
Ауырды жеңіл еткізген.
Сен емес пе ең жолдасым!
Қайда, жарым, бармысың?!

О с и п (*жолдастарын тоқтатып*).

Кім едің сен, шырағым?
Жоқтағаның кім еді?

З е р е

Жоқтағаным жарым ед,
Жаралы болған өмірде
Бір де болса барым ед...

О с и п

Жөнін айтшы жарынның
Қай қылмыспен кетіп ед?

І - к а т о р ж а н

Әлде ұрлық-қарлығы
Түбіне бұлай жетіп пе ед?

З е р е (Осипке).

Ата, тында шерімді
Ерім ердің сойы еді
Қатарға қосар елімді
Сахраны сарғайған
Сан қайғыдан арылтар
Шалқып соққан желімді
Жау қолына жас түсін
Елмен бірге менің де
Сындырып тұр бедімді.
Ерім ердің сойы еді
Жоқтағаны ананың
Бесігіне сүйеніп,
Жалғыз ері сол еді,
Сахрада, кешкі тілеуде
Барлық ата, әженің
Тілінде жалғыз сол еді.
Сахрада, елімде,
Барлық әнші ақынның
Сыбызғы мен қобызы
Жоқтағаны сол еді...
Ел тілеуін ес қылып
Жарымды іздеп кездім көп,
Жөнін айтшы, ағатай,
Сенемін де, табамын:
Ондай елдің қыраны
Қапаста өлмек мезгіл жоқ...

О с и п

Қызым, кебен келісті,
Ел тілегін толғайды,
Ендеше ерің іздеген
Біздің Бекет болғай-ды...

З е р е (қуанып, Осипке жабысып).

Айналайын ататай!
Не қып тұрсың сол атты
Сүйіншілеп атамай?

О с и п (*жолдасына*).

Шақырың кел Бекетті...
(*Кісі кетеді, Зереге.*)
Көрген жерде қиын жол
Өкінбестен өттің бе?
Ойыңда қандай ниет бар
Құр көрмекке жеттің бе?

З е р е

Бейнет көрген өзіңсің
Білесің ғой, ататай,
Беттеген тілеу ақ болса
Қиын оңай көрінед...
Шын ниетім зор ниет.
Қандай көмек берер ең,
Босатам деген ерімді?

Осип ойланып, кәрі жолдастарымен ақылдасып қалады. Бекет шығады. Екеуі ұмтылысып табысады. Зере құшағына кіріп босаңсиды.

Б е к е т (*Зірені уатады*).

Зережан, бойынды жи көп ойланба.
Артымда аңырап қалған ел аман ба?
Елімен ере шыққан ер аман ба?
Қайрап ап қайта салсам нар кесетін
Елімнің кекпен аққан селі аман ба?
Басына бұлаңдатып ту тігетін
Қайыспас қалың сауыр бел аман ба?

З е р е

Бел аман, белге шығар елің де аман
Жалғыз-ақ ер басында қара заман.
Сонда да сыйынғаның сенің жолың,
Артыңнан қалар жан жоқ барсаң аман...
Халқыңның жыры да сен, сыры да сен,
Кеп тұрмын еліңе еріп әкетем деп
Бәрінен осы арада қалсаң жаман...

Б е к е т (*Осипке*).

Ал, досым, танып тұрсың ел тілегін,
Есітіп ел сарынын шын тіледім
Саламын тағы барып, тағы ойнақы
Бас құрбан, алысқа әзір қос білегім...

О с и п (*каторжандармен тегіс Бекеттерге келіп*),

Айында бір айналып
Келгенінде бір тұтқын,
Басарлықтай күн осы,

І - к а т о р ж а н

Қашсын деп-ек тұтқынның
Ішіндегі бір жасы...

Ж а с к а т о р ж а н

Алғыс айтам, достарым,
Маған ерік беріп ең,
Есітіп бірақ дастанын
Сахрада сарғайған
Ерін күткен шерлі елдің
Өзіме тиген ерікті
Еркімменен қиямын
Бекетке мен жол бердім...

О с и п

Жаксы айтады, байлау сол,
Жолы болсын Бекеттің
Кес шынжырын, жылдам бол..

Жас тұтқын өзі келіп, Бекеттің шынжырын кесе бастайды.

К а т о р ж а н д а р (*Бекетті қоршап тұрып*).

Алып бар бізден сәлем кең далаға
Ерікті қиял еткен ел данаға.
Ұшқындай үміт-қиял каторгіден
Алып бар келер ұрпақ жас балаға.
Ерік деп басы кеткен жау-жалаға
Қош айтам әке-бауыр баспанаға,
Тілейміз таң атсын деп ел басына
Алып бар сол сәлемді кең далаңа.

Б е к е т

Ұмытпан, достық көрдім естен кетпес,
Жауымды таныттыңдар сірә кешпес.
Ер өлер, егер болар қандар ағар
Сонда да ер ұланның аттары өшпес.
Ұмытпан кек жолына көзімді аштың,
Сендермен тілеуім бір қарындаспын.
Халық үшін қара үнгірде сендер қалсаң,
Барымды бара сілтеп араластым.

З е р е

Жат деп ем, жанды қиған достық таптым,
Жақсы ата, үлкен туды сен ұстаттың.
Еліме ерлер жайын баян етіп
Өлгенше осыныңды ұмытпаспын...

Қоштасып кете беріседі. Қарауылды қаторжандар бөгеп қалады,
алғашқы қаторжандар қайта өтеді. Барлық тұтқындар бірге
әндетеді.

Х о р

Шылдыр, шылдыр қу шынжыр...
Тас қапаста ашылмас,
Жан жанады шырақтай
Қыстың зәрі қайту жоқ,
Барыңды алмай басылмас!
Қиял ғана шарықтай
Жалғыз жары тұтқынның
Ұйқысын бөліп оятса
Бір қалыпта тас қамау
Шылдыр, шылдыр қу шынжыр...

Өте беріседі. Қоңырау.

Ш ы м ы л д ы қ.

Соңы

„АҚ ҚАЙЫҢ“

*Төрт актылы,
тоғыз суретті пьеса*

АДАМДАРЫ:

Сергей — сағатшы болып саналады. Анығында Қолчактың тылына әдейі жіберілген большевик.

Шынтас — қырдағы қазақ партизандарының бастығы.

Бондыр — Қарағайдың орыс партизандарының бастығы.

Ербол — қаладағы қайықшы.

Теміршот — соның жас інісі, оқыған.

Бондаренко (Шмит) — ақтың штабындағы большевик.

Дондағұл (Жойқынбек) — балуан, грузчик.

Қарабала (Жуасбек) — бұ да грузчик.

Барбар — ескі әнші.

Дана (Алтыншаш) — жас сұлу қыз, әнші.

Қожағұл — әкесі.

Інкәр — өгей шешесі.

Генерал — Березовский, 5-армия штабының бастығы.

Атаман.

Шумский — поручик.

Шварц — офицер.

Мәжитов — қазақ офицері.

Сұлтан — Шығыс алашордасының бастығы.

Мұстапа — мүшесі.

Сапар — жас ұлтшыл.

Білал — бай.

Бесбілезік — қымызшы келіншек.

Қайықшылар, офицерлер, жай граждандар,
әскерлер.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Зәулім биік ағаштары бар, әдемі арал. Өзен бойымен қайық үстінде серуендеген шұбар топтар ағып-ағып өтіп жатады. Аралдың су жақ бетінде, бір әдемі ақ қайыңның түбінде үлкен ақ жібек шатыр бар. Алысырақта гармонға қосылып «Майраны» шырқап жатқан әйелдің әні. Іңкәр Дананы ертіп шатырға жақындайды.

І н к ә р. Әні, Дана, ананы тындасаңшы... Ән шырқап жатқан Бесбілезік. Халық атаулы қасында. Қадалғаны соның жүзі, ішкені соның қымызы... Кімнен кем екен?

Д а н а (*Алтыншаш*). Өзімен кетсе етті, өзімен кеткір. (*Кері айналады.*)

Қ о ж а ғ ұ л (*ара түсіп*). Қатын-ай, шеше өгейлігін етті дейді ғой, бізді аямасаң да өзінді ойласаң етті.

І н к ә р (*байына шаптығып*). Дүкенін ашқызып, қымызын сатқызды десе, не деп тұрсың, әй, әке сымақ боздағым? Қалтырамай көндірі ана қызынды. (*Асыға басып шығып кетеді.*)

Қ о ж а ғ ұ л (*қызына жалынып*). Қалқам Данажан!..

Д а н а (*үміттеніп*). Әке!

Қ о ж а ғ ұ л. Әне көрдің ғой, қайтейін... Мен қайтейін...

Д а н а. А? (*Торығып*). Жарайды, айтпай-ақ қой ар жағын... Бишара әке, бар болғаны осы да... (*Іңкәр домбыралы Барбарды ертіп келеді.*)

І н к ә р (*Барбарға*). Барбар! Әнші қайным, қонағым бол, бетін аш баламның. Қазір арал қайнайды. Қара

таяқта көп комитеттер бүгін осы аралға жандарал, атаны бар, болысы, байы, байбатшасы бар көп кісіні қонаққа шақырыпты. Ажары жақсы қымызшы қыз-келіншектер сән-салтанатпен аралға шықсын деп сәлем айтты. Алғашқы күні жақсы атты боп аузына ілінсе, үйімізден халық шықпайды. Осыған ақылыңды айт, бетін ашып бер ана қорғаншақ қыздың. *(Іңкәр асығып шатырдың ішін жинастырады.)*

Б а р б а р. Іңкәр... Іңкәр. Іңкәрің сол екен-ау жазиян. *(Данаға).* Жайың қалай, қарағым? Қабағыңда кірбен бар ғой, Данажан.

Д а н а. Осы көп әнің мендей мұнды жастың жайың айтпаушы ма еді.

Б а р б а р. Қарағым Данажан-ай, ән аруағына сыйынғандай сөз айттың-ау! Менің шын ұранымды шақырдың ғой.

Д а н а. Әнге сүйенем, ән иесі сізге сүйенем, ағам бол, панам бол, тастама.

Б а р б а р. Ендеше сенің көңіліңнен кейіс кетпей, қасыңнан менің әнім де кетпесін. *Тындашы, тында да үйрене берші. (Ән шырқайды.)*

Қиналған тар қапастан жанды көрдім,
Қайғыны қоршап тұрған сәнді көрдім.
Ескі сөз, ел мұрасы жетсін саған,
Тоқып ал, «Ақ қайыңдай» әнді бердім.
Ақ қайың-ей-ей
Қарындас-ей.

(Жұрт жаңа шатырға қарап ағыла бастайды. Ән тағы айтылады.)

Болғанда ән ұясы көмекпейм,
Жаралған өнер үшін жаным бейім,
Арудың әнмен ашып ақша бетін
Біржандай беу-беулетіп гулетейін.

(Шатырды жағалаған жұрт жөн сұрайды.)

Қ а р а б а л а. Бұл қай жібек шатыр өзі?

Д о н д а ғ ұ л. Жаңа дүкен, ау, байқамаймысың?

Қ а р а б а л а. Еңтелей түсеме десем, тартыма түспей, бассаңшы аяғыңды. Болатын жанжалға сөзім келіп. *(Ішке кіреді. Басқалары да кіреді.)*

І н к ә р. Жоғары шығындар қайыңлағым. Мына жас қарындастарың бар, әнші Барбар да, бәрі де бар. *(Да-*

наның қолындағы ожауды жұлып алып өзі сапыра бастайды. Дуелі бастап бір тостаған қымызды Барбарға құйып береді.)

Қ а р а б а л а. Жойқынбек, өліп қалысың-ау үңілің. Көзінді сүзе бергенше тіл қатсаңшы, жануарым. Мына отырған жас қарындас Алтыншаш-ақ емес пе? Алтыншаш екенсің, шырағым. Құтты болсын қадамың. Атың біз айтқандай болсын.

Д о п д а ғ ұ л. Танқырсың-ау Жуасбегім, болса болсын-ақ. (Күліседі.)

Д а н а (Алтыншаш). Аралға ат қоюшылар іздеп келгенім жоқ.

І н к ө р. Ауыздарыңа май, айналып кетейіндер, жақсы ат. Жақсы ат. Өздерің қойған аттарыңды өздерің елге жайыңдар.

Қ а р а б а л а. Асау екен қарындас. Күжбілек Жойқышбегінді қайтейін дегені болар. Жүр, Жойқынбек, аралды аралайық, жақсы атты мөр басып шығататын төре, бай-батшаларға білдірмейік. Халық хабарлансын. (Ексіп шығып кетеді.)

І н к ө р. Иә, сүйтіңдер, айналайыңдар.

Д а н а (шешесіне күйініп). Мені салған базарың осы ғой. Қымызыңа қосын атымды сатпақбең?

Т е м і р ш о т. Дана, мұның ауыр екен, сеземін. Жанашырға зарлысың-ау, шырағым.

Б а р б а р. Көрмейсің күңгірт тартқан ақ жүзін...

Д а н а (Алтыншаш). Қайтейін құр жаны ашырды, ара түсерім жоқ. (Күрсінеді.)

Т е м і р ш о т (Барбарға). Барбар аға, жаның ақын ғой, ұғамысың? Күрсінгені қара тасты да жібіткендей-ау. Аяймын мұңдыны. (Барбар басын шайқайды, шатырдың бір жағынан Біләл тобы шығады.)

Д а у ы с т а р. Қандай екен өзі? Алтыншаш-Алтыншаш дейді ғой атың. аты петкен керім еді.

Б і л л а л (жігіттеріне). Алтыншашым, ақ маңдайым, түгел көрейін, түгел қармайын. (Күледі.)

Д а у ы с т а р. Бесбілезіктің қонақтары қотарыла бастады. Аударды ғой өзіне жібек шатыр, Алтыншаш. (Біләл кіреді.)

І н к ө р (сайқалсып). Жоғарылатыңыз, байеке. Қарындастарының қолынан қалай дәм татпас екен деп өзім де тосып едім...

Біләл. Алтын сақина, алтын білезіктерінің базары қайта басталып еді. Бәрінен асылы осы Алтыншаш болар өзі. *(Өз кісілеріне күліп.)* Тоқтымды таппасам бәрібір атаным бар.

Қарабала. Төр сөйледі, есік не дейді? Сен де есепте, Жойқынбегім, мал-мүлкін қанша еді?

Жойқынбек. Мендегі қос жұдырық, сендегі қос жұдырық, таусылмайтын төрт түлік емес пе? Есебін кейін шығарамыз.

Теміршот *(Барбарға өзара)*. Арсыз сөздер оқ боп тиді-ау, байқадың ба?

Барбар. Осылар ғой күйдіретін балапанның қанатын.

Көпішінен біреу. Барбар ең айтсын. Иә. Барбарды естиік.

Біләл. Қоя тұрындар. Әнді артынан естірсіңдер! Бүгін үлкен шаруа бар. *(Іңкәрға.)* Жандарал, атаман, қара таяқтарға ең алдымен көрсететін осы шатыр. Бәріміз де осылар үшін қоныс қарап жүрміз. Орынсыз кісілер қокырси бермесін.

Іңкәр. Уа, құп-құп, құлдық бай-еке! *(Теміршот далаға шығады, қайықпен жаңа келген Сергейлерді күтіп алып, шатырдың жанынан орын алысады.)*

Сергей *(Теміршотқа)*. Ну, не бітірдің?

Теміршот. Тапсырмаңды орындадым, Сергей, көп ұзамай осы аралға Шынтас та жетеді.

Сергей. Немене, мынау орын өзі қолайлы ма? Ана жолдастарға қауыпты емес пе? *(Ербол жақындайды.)*

Теміршот. Қауыпты емес.

Ербол. Дәл өзіңнің тапсырған орның.

Теміршот. Біз де көгалға қолайтқа шыққан компания боламыз. Ал, Сергей, зор міндеттен басқа менің ішімде тағы бір сыр бар.

Сергей. Немене сыр, Теміршот?

Теміршот. Мына шатыр ішінде жаңа ашылған қызыл гүлдей Дана деген қыз көрдім. Өгей шешесі базарға салып отыр. Көзінде жас, көңілі жарым, күнәсіз жан... Көрсен еді...

Сергей *(Теміршоттың иығына қолын салып)*. Көрсен еді деймісің? Көріп жүрмін талайын. Бірақ поэма жазуға уақыт жоқ. *(Салмақтап.)* Біздің міндет жалғыз шатыр емес, жеті шатырды түгел қамту, түсінемісің шырақ.

Теміршот. Түсінемін. Бірақ, әрі шыным, осы қыздың қорғаны, досы, кейде тіпті қызғанушысы, құштары да болсам деймін.

Сергей. Әй, құнарлы іс шығамекен? Жалғыз-ақ, байқап ойна. *(Бұлар әңгімелесіп отырғанда шатырдан Біләл шығады.)*

Біләл. Ой, қой сияқты жамыраған жұрт, анау келетін қонақты күтіндер! Зор командывающий генерал Березовский келе жатыр. Атаман, офицерлер, алаш комитетінің басшылары келеді. Құрмет етіңдер. *(Кетеді.)*

Жуасбек. Жұр, Жойқышбек, біз де тұрайық. Майданды басқа жерден қарастырайық.

Жойқышбек. Дұрыс, Жуасбегім. Басқа жерден табылмаса, оралып кеп осы жерден өзіміз ұйыстырамыз. *(Олар да кетеді. Ербол қайықпен Бондырды әкеледі. Сергейге табыстырады.)*

Сергей *(Бондырға)*. Отыр, Бондыр, дәлдің. Қазір осында сенің көптен көріспей жүрген сүйіктілерің генерал, атаман, офицерлер, алашшыларың келеді. Көзіңмен көресің, түстерін танып, түгендеп шығасың. *(Күледі.)*

Бондыр. Тіпті жақсы, госпадалар бірігіп ап бізге қарсы қонақ аттандырудың қамында ғой тегі.

Сергей *(суға қарап)*. Әне, Ботпайлар Шынтасты да жеткізді. *(Теміршот Шынтасты ертіп келіп Бондырға тапсырады.)*

Теміршот. Көнскей, көрісіндер, мынау Бондыр, Қарағайдағы орыс партизандарының бастығы. Ал мынау кісі о да өзіңдей, қырдағы қазақ партизандарының дырауы — Шынтас. *(Екеуі қол алысады.)*

Бондыр. Әй, сұм төпесі жайлаған, жузң көпес жайлаған күнсыз қала.

Сергей *(күліп)*. А, Қарағайдың партизаны, жау қолындағы қаланы неғып сүйсін.

Бондыр. Генерал, атамандарға осы қала қорғаушы болмасыншы, ас беріп, ат бермесінші. Көрер едім, крестьян ішіне шықса қарағай атаулы өре түре келер еді.

Шынтас. Қазақ ішіне қарай аяқ бассыншы, таутас, дала мен өлке өңбендерінен атар еді. Ойдағымды айттың-ау, Бондыр. *(Генерал мен атаман, Сұлтан, Мұстапа, Сапар, әйелдер шығады.)*

Мұстапа. Ардақты генерал, господин атаман, бүгін осы аралдың жалғыз күткен қонақтары сіздерсіз.

Генерал әйелі (*шатырдың ішіне қарап*). Дикарканың скуласы жоқ екен, мен тіпті өзіме горничная етіп алуға да қарсы болмас едім.

Гүлжамила (*атаманға айналып*). Господин атаман, сізге қалай көрінеді?

Атаман. Менінше қазақ әйеліне сирек бітетін сұлулығы бар екен.

Гүлжамила (*күліп*). Рахмет, атаман, мұндағы өзге қазақ әйелінің құлағына алтын сырға.

Атаман. А, рафу етіңіз, Гүлжамила ханым, сізді бұл қатарға мен мүлдем қоспаймын.

Генерал. Неге, не себепті?

Атаман. Себебі Гүлжамила тіпті қазақ сияқты емес... Қазақ деп айтуға да қимаймын.

Гүлжамила. Рас па, господин атаман? Рас айтасыз ба? Маған мұны көп кісілер айтушы еді... (*Төрелер кете береді.*)

Сұлтан. Әй, біздің Гуличкенің тәрбиесі ешбір қазақта жоқ-ау. Қандай генерал, атаман, аристократтар болса да біртүрлі тез танысып, тең сөйлесіп кете алады ғой.

Биләл. Гүлжамиланың несің айтасыз. (*Бұлар да кетеді.*)

Сергей. Міне, осы генерал барлық армиясымен осы қалада қолға түсуі керек. Түстерін танып, түрлерін көріп болдыңдар ма?

Бондыр. Бек түсінікті. Генерал штаб-мыштабымен...

Шынтас. Алашорда, орда-қордасымен қолға түсіп.

Сергей. Екінші, қырмен босатын әскер болады, Дутов әскері. Оны қыр басады, Шынтас, сен орындайсың. Ал Бондыр бастаған Қарағайдағы партизандар шабуылы, шойын жол мен Ертіс бойында үздіксіз күшейе беруі керек. Қалаға дамыл бермей, үнсімі қауып-қатер астында ұстауға міндетті. Екеуіне де құралды біз жеткіземіз. (*Бондаренко шығады.*)

Бондаренко. Есенсіздер ме?

Теміршот. Тіпті тамаша.

Бондаренко (*өзенге қарап*). Рас, тамаша. Осындай өзенді, аралды жерлерді ұнатам. Қараңызшы, нескен әсем дүние! Еділдей снді өзен, мөлдір ағынды су.

Аққудай жүзген қайықтар. Әдемі әндер өзен жағасын балқытады. Гармондары тағы бар...

Бондыр. О, жарықтық, әдемі дүние кезсең орманға бар, орманда болып па едің өзің? (*Отырғандар күліседі.*)

Бондаренко (*Бондырға қарап күлімсіреп*). Болғанда қандай, орман — өскен жерім. Қарағай — қайыңдармен адамша сырласушы едік, кешкі самалдағы жапырақтардың нәзік сылдыры кейде алыстан, кейде жақыннан сайрайтын. Кәрі шешем қасымда отырып: «Балам, ормандай сұлу, ормандай адамға дос жер болмайды» деуші еді.

Сергей. Азамат, романтик емессіз бе?

Бондаренко. Тауып айтасыз, өлең де жазатыным бар. (*Басқалары күліседі, Бондаренко сағатын алып қарайды.*) Айнымапты жүрісінен...

Шынтас (*басын көтеріп*). Ай, қалай өзі?

Бондаренко (*қайтадан сағатын тыңдап*). Құлаңға мініп жортсаң да жүрісінен жаңылмайды.

Шынтас. Сатамысың, тамыр? (*Орнынан тұрып қасына келеді, қолын созады.*)

Бондаренко (*шегінеді*). Әкем марқұмнан қалған мүлік еді, қимаймын.

Теміршот. Мүмкін айырбасқа шығарсыз? (*Қалтасынан сағатын шығарып алады.*) Бұ да мақтаулы сағат.

Бондаренко (*Теміршоттың сағатына үңіліп*). Рас, маркасы жақсы екен, бірақ сағатшының алдынан өткізіп алу керек болар.

Теміршот. Уақа емес, өзім де сағатшы.

Бондаренко. Үйреткен мастеріңізді айтыңыз.

Теміршот. Қалада мастер көп, қайсыбірін біле берем дейсіз.

Бондаренко. Бәрін білмесем де... атақтысын білем. Сағат ұстаған адам сағатшыдан хабарсыз бола ма екен?

Сергей. Аты есіңізде болар. (*Көтеріле көз қарайды.*)

Бондаренко. Ұмытпасам Сергей.

Сергей. Сағатыңыз Сергейден ғана сыналуы керек пе?

Бондаренко. Тек сол кісіден ғана.

Теміршот (*күліп, сағатын қалтасына салып*). Ен-

деше астарламай-ақ төтселемейге көшейік. Шейдір Сергейіңіз осы кісі болады. Сөйлей беріңіз.

Сергей. Қайдансыз? Сапарыңыз қалай?

Бондаренко. Омбыдан. Сапарым Сергейге. Атым Бондаренко. *(Қол береді.)*

Сергей. Базарлығыңыз кіммен? *(Күлімсірейді.)*

Бондаренко. Омбы штабы арқылы жіберілген Сталин жолдастан.

Сергей. Солай ма?.. Солай ма? Асыл сый, өте ардақты сый әкелгенсіз, жеткізгеніңізге рахмет. Адрес генерал штабының қарсы беті... дәл сағат сегізде күтемин.

Бондаренко. Дәл сағат сегізде *(Кетеді.)*

Сергей *(жолдастарына)*. Аты Бондаренко, біздің адам, естеріңізде болсын. *(Шатырдың ішінде, Іңкәр қуанышты, дастарқан жайып жүреді. Барбар, Ербол, Теміршоттар келіп отырады.)*

Іңкәр. Бәлем Бесбілезіктің шатырын бір қаңыраттым ба? *(Данаға.)* Енді де арманың бар ма? *(Сырттағы дауысқа құлағын тосады. Бесбілезік, Жуасбек, Жойқынбек келе жатады.)*

Жуасбек. Айтқаным-айтқан, білдің бе? Жойқынбекке асыл, мына *(өзіне көрсетіп)* Жуасбекке сүйен.

Бесбілезік. Әй, тәңірі-ай, сүйенер едім-ау, бірақ не барқадап табам.

Жойқынбек. Бесбілезік, бізді де осал деме. Барлық жұмыссыз қалған грузчиктерді жауып жіберсек, қымызы тұрсын, өзінен түк қалмас.

Бесбілезік. Осы айтқандарың шын ба?

Жуасбек. Е, шын емей?

Жойқынбек *(құшақтап)*. Уа, есргімнің ақтығы үшін, келші ақ төсіңе төсімді соғайын.

Бесбілезік. Мейлің, болсын... *(Құшақтасып)* Ал ендеше менің қолқам мына-ақ: дәл осы шатырда кегім бар... Осының ғана шырығын бұзып берші екеуің.

Жойқынбек *(Жуасбекке)*. Ал, мен гоі жаңа баталасып қойдым. Орындай алмасаң ең алдымен саған өлім. Баста, қыбын тап

Жуасбек. А-а! Тоқтай қал... Алтыншаш! *(жұрт тегіс аңырай қарайды. Сондай мас кісіше қиқаңдай басып, Жойқынбекті өзіне қосып ән шырқайды, ішке кіреді.)* Уай, Алтыншаш!

Есілдің әр жағында көрдім сені,
Сырғанды қайық қылып өткіз мені.

Сығанды қайық қылып өткізбесең
Болсаң да қордың қызы көрмен сені.

Ж о й қ ы н б е к (*Іңкәрға*). Қалай, беті бері қарады ма?

Ж у а с б е к. Атаманы, генералы, қара таяқтары түгел келген соң емдеген шығар.

А л т ы н ш а ш. Бұ не қылған мазақ?..

Б е с б і л е з і к. Етің үйрене берсін, шырағым, бәріміз де көргенбіз, көре бара көндіккенбіз. Ата-енеңнін жөрелгісі... болмаса кімнен артық едің соншама. Аралда жұрт алақанына салар деп келіппең?

Ж у а с б е к. Күйінгені деймісің, сүйінгені шығар. (*Күліседі.*)

Т е м і р ш о т. Тоқтат, тапқан екенсіңдер ойыншықты.

Ж о й қ ы н б е к (*Жуасбекті түртіп*). Қарай ғой мынаны! Күн ұзаққа іздеп таба алмаған төбелесімізді бес-платный бергелі тұр ғой өзі.

Ж у а с б е к. Көрдін бе? О, жойқын екенсің, жігітім, айта түс, айта түс! (*Төбелеске ыңғайланады.*)

Т е м і р ш о т. Өз күшігін өзі жеген қасқырды көрдіңдер ме? Ұят қайда? Андығандарың ақылсыз төбелес болса, шыға қойыңдаршы, кәнекей.

Ж у а с б е к. Ой, жануарым, сеземісің, әй? Тегі, мұнда төбелеспесек, сірә төбелеспеспіз.

Ж о й қ ы н б е к. Ә... Басынғаны сен екеуміз ғой... Шешін.

Т е м і р ш о т. Шығарма үінді. Осыдан соқтығып көр Алтыншашқа, мойның үзіледі.

Ж у а с б е к. Е-е, тіпті-тіпті көрінді де қазып қойдым де.

Ж о й қ ы н б е к. Не өлген жерім, не қалған жерім осы болғаны да.

Б е с б і л е з і к. Ә-ә! Бәсе, Алтыншаш болмаса, пәле болар демеппең?

А л т ы н ш а ш. Ағалар, құлдық етейін, қойсаңдар екен.

Ж у а с б е к. Жоқ, төбелесімді әсте қолқаға беріп көрген емен, кел, шырақ, кел.

С е р г е й (*Ерболға*). Барыңыз, Ереке, басыңыз аналарлы.

Е р б о л. Ау, жігіттер, неге соқтықтыңдар, не жазығы бар Дана деген баланың?

Жойқынбек. Ай, Жуасбек, ендеше бері қара, тоқтай тұршы, осы. Әуелі осы төбелестің дәлелін қайта кенесейік.

Жуасбек. Мына біреуді айтам. Отпа өзі, немене?

Бесбілезік. Атамнан артық, қара таяқтардан артық кім болушы еді? Сонша тызалақтап Алтыншашты өзің алайын деп пе едің?

Теміршот. Оттама, қар неме!

Бесбілезік. Тіл-ауызың тасқа, қыршыныңнан қылғыр.

Іңкәр. Бесбілезік-ай, сен қоя тұршы.

Алтыншаш (*Теміршотқа*). Қысылған күнде кездесіп, үлкен достық бейлін көрсеттіңіз-ау. Менен қайтпаса... (*Жыламсырайды.*)

Сергей. Бұл арада ұрыссыз жанжал ақымақтық болар еді, тез тыю сал.

Ербол (*Жойқынбекке*). Ой, сендер әлі, бір-бірінді танымайтын ба едіңдер? Мынау (*Теміршотты көрсетіп*) менің інім, Теміршот, мына екі ағаның, біреуі Қарабала, біреуі Дондағұл, өзара Жуасбек, Жойқынбек деп сөйлеседі. Бұлар да өзің, өзара тату мәжіліс құрайық.

Жойқынбек (*күліп*). Ербол аға ендеше бітісейік. (*Қарабалаға.*) Кәні, Жуасбек, олай болса ортамызда оқығандардан да бір тентек болсын да.

Жуасбек (*Теміршотпен қол алысып жатып*). Саусақтары ірі көрінеді, тегі жұдырыққа да жаман болмас. (*Күледі.*)

Барбар. Бәрекелді, азаматтар.

Алтыншаш. Ағатай, қымыз құйсам өздеріңізге құйайын. Серіктеріңізді шақырыңыз, қонағым болыңыздар. (*Теміршот, Сергей, Бондыр, Шынтастарды шатырға кіргізеді.*)

Алтыншаш (*Барбарға*). Аға деп бауыр көрдім, басыма сая, жаныма жұбаныш табудың ақылын айтсаңшы. (*Қарабала, Іңкәр, Бесбілезіктер кіреді.*)

Барбар. Мынау тұрған Ақ қайынды көр де Теміршоттай жас қайынды көр. Әсем, асыл қайын, ақ қайыңдай жас қайыңды пана тұтқан екенсің, сол жолыңнан айрылма. Әсем екенін әнің баяндасын. Бірін емес, екеуіңе қоса берген бата тілегім, аса тілегім «Аққайың» деген ән болсын. Бірдей сезіп, бірдей таныңдар. (*Ән салады.*)

Ән-күйдін ағып жатқан бұлағымын,
Ақмудың саялаған құрағымын.
Ән берген ақ қайың деп қарындасқа
Батағей, сөнбес жарық шырағымын.
Ақ қайың...

Ербол. Мынауың көрім екен, жаңа ән ғой.

Бондыр. Жақсы ән екен.

Шынтас. Сөзі қандай тәтті еді.

Бесбілезік. Мен де үйренейінші. *(Барбарға жақындайды.)*

Алтыншаш. Тағы айтыңызшы, ағажан. *(Барбар тағы айтады.)*

Ақ қайың асыл екен аралдағы,
Жайқалып жапырағы толған шағы,
Сүйегер ақ қайындай ән тазасын
Әнші қыз ағасындай саналдағы.
Ақ қайың..

Сергей. Қандай таза, қандай искренный ән. Талант ауызын ашса, асыл қазына ақтарылады. *(Данаға)* Үйрен, шырағым, сен үйрен. Саған ғана ылайық ән.

Бесбілезік *(Сергейдің сөзін жақтырмай)*. Басқа үйренсе аузынан түсіп қалат деймісің, мен де үйренем. *(Бесбілезік әнді қайта айтпақшы болады, айта алмайды, жұрт күледі.)*

Шынтас. Ал әнді, Барбар, қарындаспен қосылып айт.

Жуасбек. Иә, сүйтсін, сүйтсін!

Ербол. Бәрекелде, сөз-ақ. *(Барбар мен Алтыншаш қосылып айтады.)*

Аққайың, сүйгенім сен ән ішінде,
Сақтармын балдай күйіп жүрегімде,
Жанымның сусыны сен, қанаты сен,
Қуансам, қайғырсам да түсер тілге.

(Барбар Дананың маңдайынан сүйеді.)

Жуасбек. Жарайсың, қарындасым. Мұныңмен Бесбілезіктен тағы оздың.

Жойқынбек. Жарайды, жарайды, дұрыс-ақ. Дұрыс айтты. *(Сапар, Мәжитовтер кіреді. Біләл, Мұстапалар да бар.)*

Сапар. Қайсы? Қандай екен өзі?

Мәжитов. Шың сұлу ма екен? Кәне, мен көрейінші. *(Үңіліп Данаға қарайды.)*

Сапар. Астакем-ай, мынау не деген уыз еді?

Мәжитов. Не деген красавица еді?

Сапар. Біттім, болды, мен ашықпын...

Мәжитов. Жоқ, алдымен мен жарадар болдым...
Бермеймін, өзімдікі.

Сапар. Жоқ.

Біләл. Шақыра келгеніміз Дана мен Барбар. Бірің жандаралға қымыз құйып беріңіздер, бірің ән айтып көңілін көтеріңдер.

Теміршот (Алтыншашқа). Бұған не дейсің?

Алтыншаш. Менің теңім жандарал емес, бармаймын.

Іңкәр (күйін-пісін). Шұнақ құдай-ау, бармағаны не? Жандаралды сыйламасақ, аралға атамыздың басын көргелі келіппіз бе? Барады, барады, бай-еке.

Сапар. Қарындас өзгені сыйламаса, мені сыйлар. Мен де бір қызға сүйеніш болам деген жігітпін.

Алтыншаш. Өз мәжілісім, өз жиыным өзіме, Барбар да бармайды, мен де бармаймын. Кетпеймін тастап құрбыларымды.

Мұстапа. Олай болса тарасын мына топ. Көнбейтіндерді сосын көрейін.

Теміршот (қыза түрекеледі).

Е, Мұстапа, тарта бас!
Құлаштама тілінді
Қамыс емен қалтырар
Сен шығарсаң үнінді,
Осынша жұртты басынып,
Аруағыңды асырып
Етесің арқа кімінді?
Қара көзді қаршадай,
Қай базарға салмақсын.
Қанша мүлік алмақсын.
Жауабын айтшы әуелі.

Мұстапа (ілгері шығып). Түсінбесең сөйлеме. Осының бәрі ел қамы. Генералдың аузын алсақ, Қолчактан көптен тимей жүрген қазақ сотын аламыз. Одан артық не керек?

Шынтас (оқшау). Сол сотыңа қақалып өлерсің жалғыз-ақ.

Теміршот. Халыққа ондай соттың керегі жоқ, тарту үшін сендерге берері де жоқ.

Мұстапа. Қайықшының қайыршы немесі, тарта сөйле тілінді.

Біләл. Өзін түлен түртіп тұр ғой.

Теміршот. Сен қайыршыдан да садага кет ендеше.

Сапар. Бермейтіндерді мен көріп алайын. Қайда-сын, жігіттер. (*Барі ентелеседі.*)

Жуасбек (*Жойқынбекке*). Байқаймысың, Жойқынбек мыналардың ауқымдағаны біздің оқыған тентек қой, біз ғой, басынғандары.

Жойқынбек. Сезіп тұрғын, Жуасбегім. (*Түрегеп.*) Ендігі қалғаны төбелес қана болар.

Биләл. Осы бермейтін кім, көрсетші, соны ғана көрсетші көзіме.

Жуасбек (*ода түрегеліп*). Бай-еке, бері кара. Бермейтіндер міне, біз боламыз. (*Жеңін сыбанады. Аналар аңтарылады.*)

Жойқынбек (*Ерболға*). Кәне, Ереке, асықпай-саспай қайықтың ескегін, сүйменді, шотты әзірлей беріңдер. Болғасын әдемі, құмардан шығатындай төбелес болсын. (*Отырғандар түрекеледі.*) Кәне қаттаулы, үтіктеулі, иістімайлы сықырлаған өр жігіттер, келіп көріңдер, алып көріңдер. (*Аналар шегініп, үйден шыға келеді.*)

Сапар (*далада*). Шаптырамын, әреске алдырамын.

Бондыр (*Шынтасқа*). Ха-ха-ха. Мыналарды бағана көргеннен ұнатып ем. Тіпті шын еркек екен-ау өздері.

Шынтас. Жігіт екен, біреуін сен, біреуін мен алсам да болар еді. (*Іңкәр аңырайып қалады, екеуі екеуінің арқасынан қағады.*)

Теміршот. Күнәсіз, бауырым.

Сергей. Тентек Теміршот, бүйте берсең бүлдірерсің. (*Дауысын салмақтап.*) Ну, сендер енді жөнеліңдер. Мен осында қалам.

Бондыр }
Шынтас } (*жарыса*). Қалдырмаймыз, түгел кетеміз.

Сергей. Сөз емес. Жөнеліңдер! (*Өзі кетеді.*)

Ербол. Кәне, тартайық.

Барбар. Ендеше Дананы да ала кетейік.

Шынтас. Бәсе Дананы бірге алыңдар. Қайтамыз қалаға.

Інкәр. Бармайды Дана. Бермеймін.

Жойқынбек. Жоқ, болды байлау. Көнбесең өзінді де тырыстырып әкетеміз. (*Шатыр жығылып, дүние жиналып, үш қайыққа салынады. Іңкәр әрқайсысына бір жармасады, оны Жойқынбек құшақтап жібермейді, Іңкәрды да қайыққа ала мінеді.*)

Іңкәр. А, жетіндер, құтқарыңдар мыналардан!
Жойқынбек (ұстап отырып). Әнді саған салдыратын екен. (Осы кезде қастарында Шумский, Сталбов, екі офицері бар Біләл, Мұстапа, Сапар жетеді. Қайық жылжып кетеді.)

Мұстапа. Тоқтандар!

Шумский. Тоқтандар! (Тыпырласады. Жуасбек гармонды дарылдатып мазақ қылады, қайықта күлкі.)

Сапар. Көрсетермін сендерге.

Біләл (офицерлерге). Жауабын өзім берейін, атып тасташы ана бұзық блуанды. (Гармонь. Екі офицер нагандарын суырып алады. Жуасбек гармоньмен үн шығара алмай қалады. Бұрылып артына қараса екі күймені ұстап тұрған Бондыр мен Шынтасты көреді. Қуанып кетіп.)

Жуасбек. Е, бәсе. (Баяғыша гармонь дарылдатады, офицерлер тоқтап қалады, қайық жылжып жоқ болады.)

Сапар. Қайда, қайық? Әкел қайықты, әкел.

Мұстапа. Бірде-бір қайық қалдырмапты ғой. Әй, бұзықтар, көрермін сендерді! (Жұдырығын түйеді. Алыста мөл күлкі, гармонь мазақ үнін береді.)

Шымылдық.

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Сахна. Ерболдың үйі, Сергей сағатшының дүкені. Артын пердеменен бөліп қойған. Сынған сағатты айналдырып отырады. Сырттан есік қағылады.

Сергей (қабырғадағы сағатқа қарип). Кіріңіз. (Бондаренко кіреді.) Отырыңыз. Иә, Қолчакпен келісе алмадыңыз ба?

Бондаренко. Қолчактың өз штабына сыйыса алмадым. Сезіп қалды. Содан соң Омбы осылай жөнелтті.

Сергей. Ал, адмирал Сібірге әлі де ұзақ қонақ болам деймекен?

Бондаренко. Қызыл әскер Қорған мен Лалутурск жағынан қатты жапырып келеді. Актардың бір есебі — Қытай шегі мен осы облысқа табан тіреп қалу. Орынбордан шыққан Дутов әскеріне осы жақты нығайтын ұстауды тапсырыпты.

Сергей. Ендеше Қолчактың жолын кесіп, бұл жаққа беттейтін қылу керек. Беттей қалса, кадам басса, миына көмілгендей болсын. Қырда Шынтас, Қарағайда Бондыр, қалада біздің ұйым сол адмирал жолындағы бомбылар болмақ. Соғыс стратегиясы әзірше осы. Міндетін сондай, өзің бұл облысты білесің ғой?

Бондаренко. 1916 жылға шейін осы облыста айдауда болғам. Орталық соны ескеріп әдейі жіберіп еді.

Сергей. Олай болғанда, мұнда сені бұрыннан білетін полиция, охранка кісілері болмасын. Сак жүр.

Бондаренко. Олар болар, бірақ із тастаймын да, жаңылтамын ғой. Әскери адам боп міндет алуым шарт болар.

Сергей. Дұрыс айтасын. Ол қызметің дайын. (Қолына қағаз ұсынып.) Міне, жолдас Бондаренко, сіздің документіңіз. Сіз енді Қолчактың өзі жіберген адмирал Шмиттің немересінің ролін ойнайсыз. Қызмет орныңыз генерал Березовскийдің штабы, бас офицерсіз, 2-полк 5-армияның қаладағы мықты қорғаны, қатты ескеретінің сол. Штабында өз адамымыздан Шварц бар. Бар талапты жұмса да, Бондырге баратын әскерді соған басқарт. Ал, офицер киімін мынау адреспен барып аласыз. (Қағазды береді.)

Бондаренко. Сізбен байланысым қалай болады?

Сергей. А-а... сен озенді, ағын суды сүйесің. Ендеше үйреншікті қайықшың бар, ол Ербол, ал, кейде сол қайықтың кермесінде мен де отырып қаламын... Болды емес пе?

Бондаренко. Әбден түсіндім. *(Бондаренко есікке қарай жүреді.)*

Сергей. Офицер Шмит.

Бондаренко *(есіктің алдында жалт бұрылып)*. Ваше высокоблагородие. *(Күлімсірейді.)*

Сергей. Мықты бол, жолдас. Бір минут уақыт босқа кетпесін.

Жуасбек *(қашып кіреді)*. Сағатшым, қорғай көр. Ана офицерлер ареске аламын деп қуып келеді.

Сергей. Оларға не жазып едің?

Жуасбек. Бір сорлының атын табанда аударып мінгелі жатыр екен, кірісе кеттім. «Ай, тамыр, қойындар, обал болар» дедім, офицердің танауы делдиіп өзіме төне түсті: «Сен кімсің, собака?» деп қамшысын үйірді. Неден қорқайын, мен «кәдімгі Қарабала» дедім қалшия қарап, сол-ақ екен, майдан болды да қалды. Иттің шықшыты сынып кетті білем. Салып жібергенде екпеттей аударылып ұшты. Бар айыбым осы, сағатшым. Қорғасаң қорғалдың, тіпті болмаса тап осы жерде тағы төбелесіп тұрып, бір-скеуінің тұмсығын бұзып қана қолға түсемін.

(Басқа сақал байлап, сағатшы болып отыра қалады.)

1-офицер. Мұнда қашқан кісі келді ме?

Сергей. О, қандай кісі, мырзалар?

2-офицер. Какой-то бұзық, жулик Қарабала. *(Үйді тінте береді.)*

Жуасбек. А-а, Карабала ма? Ай, соған да бір зауал болмай қойды-ау. Уа, мен байқап қалдым ол бұзықты. Жап-жаңа жытқан-ды антұрған, сіздерден қашқан скен ғой. Ал, ол ұстатсигеді! Пай-пайдың сайтанын-ай... *(Басын шайқайды.)*

2-офицер. Затонға.

Қарабала. Иә, Затонға, былай қарай жытып баратқан.

1-офицер. Жүр, кеттік.

Жуасбек. Досым, мыналарыңның түрі жаман, маған бұл қаланың төбелесі енді бұйыра бермейді-ау деп ойлаймын.

Сергей. Қандай төбелес?

Жуасбек. Мұрынға соғушы!

Сергей. Оған бола қамықпа, шырақ. Осы сен грузиксің ғой, ә?

Жуасбек. Е, жұмыссыз қалып, Жойқынбек екеуміз жұмырлықты ермек қылып жүргеніміз жоқ па?

Сергей. Төбелестің зоры әлі алда жатыр. Тек, үлкен төбелестерде қашпасаң болғаны.

Жуасбек. Ой, тәңірі жарылқағыр-ай, әйтеуір айтқаның келгей де. Қашқан-қашпағанды кезінде көрер едің. *(Шынтас, Теміршот кіреді. Жуасбек сасып отыра қалады.)* Ой, өзіміздің қырандар екен ғой. *(Сақалын төмен түсіреді.)*

Теміршот. Ау, мынаған не болған?

Жуасбек. Офицерлер қуа-қуа мүлдем сақалды сайтанға айналдырып жібергенін көрмейсің? *(Күліседі.)*

Сергей. Шынтас, көзге түспедің бе?

Шынтас. Күнұзақ генералдың өз маңындамын. Ал олар мені алыстан іздеп жүрген көрінеді.

Теміршот. Алашорда мұны ұстатуға отряд шығарып жіберді.

Сергей. Қалада жоқтығына көздері жеткен ғой, ал енді қысқа сөйлеп келісейік.

Шынтас. Түйе, киіз үй, сойыс, отын, пұл салығы бәсеңсір емес. Халық зығыры қайнауда. Алысуға дайын. Айтарыңды айтшы осы.

Сергей. Ендеше, Дутов қырман босады, алашшылар да қашады. Лауға түйе, жемге сойыс, бас панаға киіз үй бермесендер болғаны. Халық қарсы шапса, қыр, қажыған қасқырлар үшін күшті қақпан. Қалайда Қытайға қарай өткізбей, барлығын да штабымен түгел басу керек. Өткізіп алсақ айыпты біз боламыз. Олардың өртеп, бүлдіріп, қандатып кеткен қазасына жұрт алдында біз жауаптымыз. Ең басты міндет, әскерін өткізбеу, командирін ұстау, штабтарын қыру. Бұл — Қарағайда Бондырға, қырда саған тапсырылатын міндет. Ұқтың ба?

Шынтас. Ұққанда қандай. Айтқан ақылың алты айлық жол азығым. Өзім де осында кеңес күтіп келіп ем, енді кетемін. *(Орнынан тұрады.)*

Жуасбек *(Шынтасқа)*. Байқаймын, батырым, осы төбелестің үлкені сен жақта ғой деймін.

Шынтас. Майданның дәл ортасына салып қояйын, бірге кетемісің?

Жуасбек. Олай болса кеттім. *(Сергейге қарап.)*
Ақылды сағатшы, сен не дейсің?
Сергей. Жарайды, Ұйғарған жерімен шықтың.
Шынтасқа мықты серік бол. *(Олар кетеді. Жуасбек есіктің аузында бұрылып.)*

Жуасбек. Алдыразы бөлсын. Біздің Жойқынбекті де осы төбелестің бір жеріне орналастыра көріңдер.
Сергей. Ну, Теміршот, енді сен сөйлемші.
Теміршот. Өзіне белгілі ғой.

Сергей. Сенен революция өз романтигін шығаруы тиіс... Ал, бірақ бүгін Горькийдің сұңқары мен дауылпазындай қажырлы, шын жеңімпаз романтик қымбат.

Теміршот. Сіз маған аралда қатты ренжідіңіз. Мен оның себебін жақсы түсіндім... Сергей... Көкіректе жан болғансын, көрер көзге шыдамайды екен. Рафу ет.

Сергей. А, Теміршот, жарайды, уақа емес... түсінгеніңе рахмет, бірақ, мен ренжіген үстіңе соншалық сүйіндім де. Аналарды жалынға қақтағандай үйіттің. Сен оларды көп көзінде масқаралап, шындықтың ұлы тілімен бөмбит еттің. О да сол жерде қажет еді... Бірақ, байқау керек. Жеке шабу ұлы планға шідер болмау керек.

Теміршот. Рахмет, аға, рахмет. *(Құшақтайды.)*
Сені сыртқы тұлған, терең жаныңмен танығам, сосын ергем, орнын тауып жұмсай бер, аға. *(Ербөл кіреді.)*

Сергей. Біздің қажымас қарт келді. Қәне, Ереке, қайықшылар қалай?

Ербол. Тіптен жақсы. Жаман тілім жеткенше өзіңнен естігенімді айта бердім... айта бердім. Пысықтауымнан кенде бөлмас деймін. *(Отырады.)*

Сергей. Қайықшылар түсінді ме?

Ербол. Түсінбегендемі, ақтар қысылғанда Ертістен ат жалдап өтпесе, паромды жауға бермейміз десіп отыр.

Сергей. Жауға? Жігіт, қайықшылар жігіт. Жау екенің таныса болғаны.

Ербол. Танымағанда ше... *(Барбар мен Жойқынбек асыға кіреді. Барбар сөйлетекші болады. Дендағұл оның аузын басып қалып.)*

Жойқынбек. Адығыспын, ағайындар, айтындаршы, біздің Жуасбек көздеріңе түсті ме?

Теміршот. Е, көрдің. Өзің немене, бәйгіге қосылғаннан саумысың?

Жойқынбек. Сол итті іздеймін деп бармаған же-

рім болсайшы. Төресін, алашын, түрме абақтысын түгел аралап шықтым. Антұрғанлардың бірі білмейді.

Барбар. Айналайындар, жәрдем етіңдер. Алтыншаш бишараның қалы мүшкіл. Кілең ақ көздер анталап, таптап барады. Күн көрсететін емес.

Теміршот. Сергей, ұрықсат ет. Мен кетемін. Қолымнан келгенше ара түсемін. Міндетім... *(Кетуге ыңғайланады.)*

Сергей. Тоқта. *(Теміршот тоқтайды.)*

Жойқынбек. Қалқашым-ау, Жуасбегім туралы айтсайшы.

Сергей. Жуасбек офицерлер ұстайтын болған соң, біздің жолдастармен елге шығып кетті. *(Күліп.)* Төбелестің қалың жеріне кетті. Сізге сәлем айтты. Мына Теміршотпен бірге болсын деді.

Жойқынбек. Уһ!.. Жүрегім жаңа орнықты ғой. Ал енді Жуасбек тапсырған болса мен саған ерем ғой, бала. *(Теміршотқа қарайды.)*

Теміршот. Әрине.

Жойқынбек. Менің мына екі жұдырығым болмаса, сөзге шорқақтаумын. Ана Жуасбегім құрғыр амалдап, қиыстырып алушы еді. Ендігі төбелестердің ишаратын өзіңнен көремін.

Сергей. Теміршот, айттым ғой. Мықты бол. Алтыншашты қорғау қажет. Бірақ, алдымен алашшылардың ішіне баратыныңды ұмытпа. Сендер қымыз үйіндегі қызықшылар ғанасың.

Теміршот. Керекті кезінде қызғаншақпыз.

Сергей. Ішкілік үстінде ойлаған ниеттерін, бармақ беттерін аңғарарсыңдар... Барбар, Алтыншаштар үнемі сондайын тыңдай отырсын. Мына Дондағұл да қасында болсын.

Жойқынбек. Әп, бәрекелде. Білетін адамның сөзі осы да. *(Барбар, Теміршот, Жойқынбек шығады.)*

Сергей. Кәне, Ереке, енді екеуіміз оңаша отырып молырақ кеңесенкші.

Шымылдық.

Үшінші сурет

Генерал Березовскийдің штабы Генерал кітап оқып отырады.

Березовский (*өзіне-өзі*). Түсінбеймін, басым қатады. Міне мен көп көрген, көп оқыған, шашыма ақ кірген генералмын. Александр Македонский, Наполеон, Клаузениц сияқты ұлы полководецтердің, соғыс классиктерінің шәкіртімін. Сонда да басым қатады. Позиционный соғыс болса бір еді. Ал мына гражданская война ше? Тфу! Кіммен қай жерге соғысарынды да білмейсің. Алыстан күтесің, жақыннан шығады. Жақыннан күтесің — алыстан шығады. Әлдеқандай Бондыр, Шынтас сақадан, қой бағудан басқа түк көрмегендер угроза жасайды. (*Қағазды алып сқиды.*) «Құрметті генерал, соңғы рет ескертуім: я көнесің — берілссің, я әлесің — кемілесің. Құрметпен Бондыр». «Құрметпен». Рахмет, Бондыр. Сыпайыгершілігіне рахмет. (*Қағазды лақтырып тастайды.*) Атамаңды бастап Бондаренко (Шмит) кіреді. Пожалұйста, рақым етіңіз. (*Шылым ұсынады*)

Атаман (*тұтатып*). Рахмет. (*Шмитке қарап.*) Ну, Шмит, айта беріңіз.

Шмит. Менің офицерлермен сөйлесіп байқауымша Бондыр күшті, қу жау. Партизандарды жақсы құралдандырудың үстіне пушка, пулеметтерді де алдыруға жақын дейді. Қарап отырып қаланы қоршауға болмайды. Мықты отряд жіберу керек. Қарағай ішінде ертерек жайғастырмасак өзіміз әлсірейміз.

Атаман. Господин генерал, сіз не айтасыз?

Генерал. Қарағайға тығылған мұжық, інге тығылған борсықтай, ол ешуақытта онай ұстатқан емес. Сол тіпті қарағайымен қадалсын. Одан да біздің халық эвакуацияны көп ойлай бастады, соны шешу қажет еді...

Атаман (*ызғарланып*). Жақсы барометр екенсіз.

Генерал. Господин атаман! Мен адмирал Қолчактың өзі білетін, өзі сенген генералымын.

Атаман. Аныпқа бұйырмашыз. Тындамаймын ол сөзінді. Екеуін де атып осы қалаға жібермей қарысып тұрған кім? Менің күшім. Генерал, Қолчак жіберген. Сіздер Қытайға қашқанда да жолыңызды қауынсіз етуші менің күшім. Енді қала да, әскер де менің қарауымда. Дегеніме бағынбай көріңдер. Тыныштық күннің жандаралдары... Бейбітшіліктің ерлері...

Г е н е р а л. Сіз менен не тілейсіз өзіңіз осы?

А т а м а н. Генерал Березовский, сізге қаладан қозғалуға болмайды. Анау қырмен шегінген Дутов әскері осында жеткенше қаланы да, облысты да ешкімге бермейміз. Алысасыз, тосасыз. Жергілікті жауды бас көтертпейсіз. Ал егер көшсеңіз елдің бәрінен соң көшесіз. *(Шмитке.)* Шақыр Шварцты. *(Шмит Шварцты ертіп алдыңғы бөлмеге кіреді.)*

Ш м и т. Біздің ақ саусақ кәрінің атамнанн зәресі ұшып отыр.

Ш в а р ц. Ендеше атаманның ақ көздігін пайдалану керек.

Ш м и т. Есінде болсын. Бондырге сені жібертемін.

Ш в а р ц. Сергейдің әмірін мен де алғам. *(Екеуі кіреді.)*

А т а м а н. Жазыңыз жарлықты. *(Шварц жазады. Атаман айтып тұрады.)* «Қарағайдағы партизандар үш күн срок ішінде жойылсын. Шаруалардың айыптылары халық ортасында дарға тартылсын, атылсын. Сезіктілері сүмбімен дүреленсін. Бондыр тірідей ұсталсын. Ол үшін күшті отряд жіберілсін... отрядты... *(Генералға қарап.)* кім басқарсын дейсіз, генерал?

Г е н е р а л. Адъютант Шмит барсын!

А т а м а н. Шмит мұнда қалады.

Ш м и т. Ендеше господин Шварц қолайлы болар.

А т а м а н. Шварц қалай еді?

Ш м и т. Сенімді, ер офицер, міне. *(Атаман амандасады.)*

А т а м а н. Сіз менің әскерімде болған жоқсыз ғой?

Ш в а р ц. Жоқ, ваше превосходительство.

А т а м а н. Карательная операцияда болып па едіңіз?

Ш в а р ц. Болдым. Талай бүлік деревняларды басып ек.

А т а м а н. Менің әскерімде болмапсыз, әр.. Жазыңыз... отрядтың командиры менің адъютантым пом. полковник Сталбов болсын. Ол карательная экспедицияны менің тапсыруыммен әлденеше рет ойдағыдай өткізген кісі.

Ш в а р ц. Ваше превосходительство, мен де сіздің тапсырмаңызды орындап, өз қайратымды көрсетсем деп ем.

А т а м а н, Рахмет, капитан... Ендеше Шварц Стал-

бовтың помощнигі боп барады... Бодды. (Генералға.)
Господин генерал, қол қойыңыз. (Қол қояды, Шварц кетеді. Алашшылар. Сұлтан, Мұстапа, Біләл, Мәжитовтар кіреді, бастарын иеді.)

Атаман. Немене? Сіздерге тапсырылған міндет неге орындалмайды?

Сұлтан (сасып). Қайт дейсіз, господин атаман, барымызды аяп жатырмыз ба?

Атаман. Қыр қазағы құралданып қарсылық жасап жатады, дала бізге жау дала боп барады. Сіздер кімге несіздер осы?

Сұлтан. Господин атаман, ендеше біздің бар күшіміз әміріңізде...

Атаман. Ендеше бес күннің ішінде 3 мың түйе табуды міндеттеймін. (Аналар бастарын шұлғиды.) Екінші, әскердің Лепсіге жүретін жолына азықты, көлікті, шөпті мол дайындайсындар, киіз үйлер титіресіндер. (Тағы шұлғысады.) Байқандар! Біз бұл қаладан кетпейміз. Шегінеміз. Дутов әскері осында келеді. Сол жетісімен барлық күшті қайта құрып, Сібірле қайта шабуыл жасаймыз.

Мұстапа. Соқырдың тілегені екі көзі емес пе? (Жағымпаздана айтады.) Бірақ, жау әлденіп жатқан сияқты ғой.

Атаман. Ол сендердің әлсіздіктеріңнен. Осы қалада да большевиктер ұясы бар болу керек. Әйтпесе қырдағы қазақ партизандары мен қарағайдағы Бондырдың ісі қалайша бір бағытпен істеледі?

Мұстапа. Осыныңызда шәк жоқ, господин атаман. Жалғыз-ақ сол қырды қолға алу үшін алаш полкын өз ықтиярымызға берсеңіз екен.

Атаман. Не дейсіз? Бұл қандай саясат. Құрал, жабдықты біз береміз де, полк сіздерде болады. Жоқ, полк менің өз бұйрығымда, Мәжитов!

Мәжитов. Таксыр, сіздің әміріңізді тындаймын.

Атаман. Менен бұйрық тос. Жетісуға жүресіз.

Мәжитов. Мақұл, ваше превосходительство, Жетісуға жүремін.

Сұлтан. Дұрыс-дұрыс... айтқаныңыз болсын, господин атаман.

Мұстапа. Ендігі бір тілек: қалада тыныштық сақтау үшін контрразведка біздің көрсеткен адамдарымызды тоқтаусыз ұстайтын болса екен?

Атаман. Дұрыс, ол орындалады. (*Мұстапалар кетеді. Атаман, генерал шығады.*)

Шварц (*Шмитке*) Кәне, нұсқау не болады? (*Күлімсірейді.*)

Шмит. Нұсқау — Бондырды мықты қаруландыру керек. Мен атаманға өтірікші болмас үшін оларға пушка, пулемет жеткізу керек.

Шварц. Бондырмен кездескенде соғыста сенің жағыңнан шыққан шығын, алдымен оққа ұшқан ер, сол болады да... (*Күледі.*)

Шварц. Болсын, господин Шмит! (*Күліседі.*)

Шмит. Жарайды, жарайды. Тез кіріс! (*Арқасынан қағады. Шварц кетеді. Пауза. Шмит ойланып отырады. Қаба сақал, жуан қарын құлақ порымдас біреу кіреді.*) Сен кімсің? (*Арба айдаушы мұжық пішінді Бондыр кіреді.*)

Бондыр (*басын иіп*). Есенсіз, господин офицер.

Шмит (*басын көтеріп алып*). Сен кім? (*Танып.*)

Бондыр.

Бондыр. Иә, Бондыр. (*Күлімсірейді.*)

Шмит. Бұл не жүріс? Бұл қай тактика? Ордалы жыланның ортасына келіп ұсталғалы жүрсің бе? Барлық планды бұзғалы жүрмісің?

Бондыр. Күте-күте ішім пысты, әбден болмаған соң господинардың тым болмаса беттерін көріп қайтайын дедім, немесе осы Қарағайда қарнымызды құшақтап жата береміз бе, жоқ әлде айқасатын күн бола ма?

Шмит. Әрине, болады, бірақ ыңғайлы жағдайын, мерзімді сағатын күту керек емес пе. Тәртіп керек емес пе?

Бондыр (*қатты*). Сол сағатыңды айтсайшы!

Шмит. Тыныш! Тез жөнел, Бондыр, сендерге отряд бастап Шварц жүреді. Қару-жарақты мейлінше көп жібердік. Отрядты барған күні жайғастырып құралдана-сындар. Одан соң Шварц екеуің Сергейден әмір күтесіндер.

Бондыр. Е, жарқыным тым болмаса осыларынды айтсаңшы. (*Есік қағылады.*)

Шмит. Берік бол, білдірмеске тырыс! (*Есікке қарап.*) Пожалуйста, кіріңіз. (*Генерал әйелі мен Гүлжамилә кіреді.*) Құрметпен қарсы аламын, пожалуйста, келіңіздер. (*Әйелдер Бондырға қарамай Шмитке өтеді, қолдарын сүйгізеді.*)

Генерал әйелі. Господин офицер, бүгін менің туған күнім. Кешке бізге ужинга келесіздер. *(Қылмыңдап.)* Күн шыққанша билейміз. Тыныштық дүниесіндегі аристократтар өмірін еске түсіреміз.

Гүлжамила. Господин атаманмен мазурканы қыздырамыз... *(Бондыр көзіне түсіп.)* Сұмдық-ау, мынасы кім? *(Генерал әйелі көзілдірік салып қарайды.)*

Шмит. Гафу егіңіздер, ақысын сұрай келген арбакеш.

Генерал әйелі. Сізге ақы не үшін керек? Генералдың мархабаты да жетпей ме? *(Сықылықтап күледі.)*

Бондыр *(құлағын қағады)*. Катты айтыңыз, ханым, естімеймін.

Гүлжамила. Саңырау екен ғой, төңірім. Құлағын қалай қағады. *(Бұ да сықылықтап күледі, Шмит та күледі.)*

Генерал әйелі *(дауысын көтеріп, құлағына дәлдеп)*. Ақы сұрау жарамайды. Ұқтыңыз ба?

Бондыр *(басын иіп)*. Ұқтым, ұқтым. Сіз айтсаңыз сұрамай-ақ қояйын. Білуге болар ма, өзіңіз кім боласыз?

Генерал әйелі. Генерал Березовскийдің әйемімін. *(Күледі. Бондыр естімейді.)*

Гүлжамила *(қошаметтеген боп)*. Генерал... ұлы генералдың. *(Басын иеді. Әйелдер күліп шығып кетеді.)* Кейін қайта танысармыз.

Шмит. Бондыр, байка! Қалған артистігінді енді орманға кеткен отрядқа жұмса. *(Бондыр қол қысып, шығып кетеді. Телефон сылдырайды.)*

Бондаренко. Штаб. А, господин генералмысыз... Инструкция берілді... иә, иә! Сталбов пеп Шварц... деревняларды өртеу ме? Тапсырылды. Бондыр ма? Айттым, тірі ұсталсын дедім. *(Телефонды іліп қойып.)* Генералдың көрін тереңнен қаз дедім.

Шымалдық

Төртінші сурет

Алтыншаштың бөлмелері Қаладағы қымыз сататын үй. Сахнада Іңкәр, Алтыншаш, Мәжитов черкесше киінген жігіттерімен. Соңғылары қымыз ішіп отырады. Мұстапа, Біләл топтары да отырады.

Мәжитов *(өзінің гармоншы жігіттеріне)*. Ей, тартшы гармонды. Мен бір жырлап жіберейін.

Іңкәр. Иә, қайным, сүйтіндер, қызық думан, өнер

көрсетіндерші мына жас құрбыларына. (*Гармонь тартылады.*)

Мәжитов. О, о, жақсы айтасыз, менің Алтыншаштан аяйтын түгім жоқ. Айда... тарт!

Жасын гарантас жектім пар ат,
Жібердім жалып тарап.
Кел ойнайық, кел күлейік,
Калсып дұшпандар карап.

(*Орнынан тұрып Данаға жақындайды, мастау. Мұстапа, Сапарлар кіреді.*)

Сапар Ә, мәжіліс қайырлы болсын, азаматтар! Ояуда ойымнан кетпеген, ұйқыда түсімнен кетпеген ақ маңдайым. Алтыншаштың құрметіне қыздыра соғындар! (*Мәжитовтың қолын алмақшы болады.*)

Мәжитов (*қолын қағып қалып*). Көтергенім кісінің шашбауы емес. Олай десең әрі тарт.

Біләл. О, шекісіп бекісіндер. (*Карқылдап күледі.*)

Мәжитов. Шекісуге де бармын. Бекісуге де бармын. Бірақ Алтыншашты өзім ғана сүйемін! (*Алтыншашқа Сапар екеуі жарыса жүреді.*) Жалғыз-ақ сен тыйыл, Сапар, жарыспай тарт аяғыңды. Болмаса өмірімнен өлімім жуық кезде жалғыз окпен жайғастырып кетермін. (*Мылтығын ұсынады. Жұрт үрейленеді.*)

Алтыншаш (*ұшып түрекеліп*). Лақ емеспін, адаммың. Сырттан билеп таласып не көрінді, агалар?

Сапар. Айтшы, калкам, кісі жөн?

Мәжитов. Айтсаң айтшы, кішеш.

Іңкәр. Қайындарым-ау, несіне қызасындар, қымызы ортақ үйдін қызығы ортақ дегендей. Ұштасып кете бермейтінбедіңдер. (*Қылымсиды.*)

Біләл. Ай, жорға бозым-ай, көңілінді құдай ауласын.

Мұстапа (*Біләлге күліп*). О, құлқының құрсың, сен де қызайын деппес?

Біләл. Үндеме, бұл бір тартыс қой.

Алтыншаш. Мырзалар, тілдеріңді тарта сөйлескендер екен. Бұл думанға тартысқа салар жүрегім жоқ...

Дауыстар. Мәссаған! Ал керек болса.

Мұстапа. Қой, шырақ, алаш азаматтарының игі тобының басын қайдан қосамын деп келдім. Көп болың міне ұйғарғаным, мынау Сапар.

Алтыншаш Жоқ, ағай, көнбеймін. *(Жыламсырап отыра кетеді.)*

Біләл. Ой, ендеше көріп алайық, ай қарағым, Мәжитов, қызулықты таста. Өмірің болса саған да талай Алтыншаш табылар. Комитет болып Сапарға ұйғарып ек, бір жолға қоя ғой.

Сапар. Басқалар қиганда қимайтын Мәжитов деп-педіндер? *(Бетінен сүйеді.)*

Мәжитов Е, көрсеткен опаларын осы болса, қош болыңдар! Кеттік, жігіттер. *(Тобымен кетеді.)*

Сапар. Ал, әлеумет, куә болыңдар, ағалар ұйғарған соң аянарым жоқ. Алтыншашымды алдарында сүйемін. *(Сүймек болады, Дана көнбейді.)*

Алтыншаш. Саған сүйгізгенше жерге кірейін. *(Теміршот, Жойқынбек анадай орындарынан тұрады.)*

Теміршот. Сапар мырза, шалдыра көрме, қыздан жыгылсаң майып боларсың.

Сапар *(Алтыншашты қоя береді)*. Қилікпе, жігітім, жықсам да, жыгылсам да Алтыншашты сүйетін өзім, сенен жәрдем сұрамаспын.

Теміршот *(қасына келіп)*. Жоқ, сүйетін сен емесің бе деймін.

Біләл. Ал енді қай құдай екен.

Теміршот. Алтыншаш кімді сүйсе, сол адам Алтыншашты сүйеді де. *(Алтыншашқа қарап.)* Кәне, сәулешім, өзін айтшы, әділетті мырзалар құлағымен естісін.

Інкәр *(шаптығып)*. Онда барсам — онда, мұнда келсем — мұнда бүлік шығарасың. Нең бар осы отымның басында?

Теміршот. Оттың басы осындай бола ма екен. Әнге жұрт арманын отқа қақтағалы келсе, мен Алтыншашты сақтағалы келдім. *(Алтыншашқа.)* Ашып айт, сәулем, өз жүрегіңе өзін иесің.

Алтыншаш. Таршылықтағы таянышым, алдыма міне жаңа келді. Сүйгенім үшін әнім мен өлеңім кепіл. Білгісі келгендер құлағын тоссын. Қелші, Барбар аға, дауысыңды қосшы. *(Ән салады.)*

Әніме құлағың сал, үлкен, кіші,
Сөзімнің жана келді оралғысы,
Сүйгенім жанға балап, жарық көрген,
Ақ қайың ән тынысы, жан тынысы,
Ақ қайың...

(*Теміршотқа.*) Туысқан бауырым, жанкүйерімсің Жұрт құлағымен естімесің, көзімен көрсің. Міне, жүзігім. (*Колына салады.*)

Іңкәр. Ойбай-ай, өнім бе, түсім бе? Құртындар мынаны ойбай.

Теміршот (*Алтыншашты құшақтап тұрып*). Тағы айтарларың бар ма? Алтыншашты сүйетін мен боламын.

Сапар. Ақ қайың болмақ тұрсын, ақ емен бол, Алтыншашты саған бұйыртпаспын!

Теміршот. Алтыншаштың жүзі тұрсын, ізін бастырмаспын саған.

Сапар. Әкел қолыңды! (*Екеуі қол алысады*)

Мұстапа. Не дейді мынау?

Біләл. Осыны-ақ көлденеңдей беруі қатмады, Мұстапа.

Теміршот. Е, сендердің жерінді тарылтып жүрген мен ғой, тегі. Тапқан екенсің жауыңды.

Сапар. Сендер мұны қайықшы ғана деймісіңдер? Жоқ, жаңыласыңдар. Міне, біліп, танып алыңдар. Ертең қызылдар келсе біздің алдымыздан пәле болып шығатын дәл осы.

Барбар. Ой, шырағым, Сапар, қызға таласып бәле жаппақсың. Бұл не дегенің?

Теміршот. Ой, тәйірі, бұған ел керек пе, ел деген ер ғана ғой.

Сапар. Көрдің бе? Тап мынаның көзін құртындар!

Теміршот. Құртып көр.

Сапар. Құртпасам, ит болайын ендеше.

Жойқынбек (*Теміршотқа*). Ой, қарағым, Теміршот-ау, безработный қап барам ғой. мүлдем.

Теміршот. Үндеме Тоқта! (*Сапарға.*) Есіңде болсын мен мына Алтыншашты сүйіп, осыған жаным ашығаннан басқа қылмысым жоқ кісімін. Жауып көр жаланды.

Сапар. Мұстапа, жапқыз мынаны... Қалған сөзді контрразведкада өзім сөйлесермін

Мұстапа. Шақырыңдар ендеше, анау үйдегі контрразведка адамдарын. Жапсын мына бұзықты. (*Адам кетеді.*)

Теміршот. Шын айтамысың? Ендеше жапқызып көр кәне. (*Барлығы да атып-атып тұрысады.*) Дондағұл.

Жойқынбек. Е, бәсе, тілсеуінді бергір. сүйдесеңші... Ендеше, ой, тұр былай, түге. (*Шоқпарын суырып*

алады.) Алдыма түс, Теміршот, алып көрсің бұлар.

Сапар. Кайда? Кайда әлгі офицер?.. Е, келеді, әне келеді... Көрсемін қазір.

Жойқынбек. Теміршот, жүр ана терезеге қарай.

Теміршот *(Алтыншашқа жақындап)*. Қалқам, шошыма, осындай төмен етек, қызтеке немелер жеңуші ме еді бізді.

Жойқынбек. Ежелгі машығым алыспай берісіп көрген емсең, тұр былай. *(Теміршотты алып терезеден қарғып түсіп кетеді.)*

Білал. Ойбай, кетті ғой. *(Офицерлер келеді.)* Ұста ананы, ұста!

Мұстапа. Госпада, жаңа ғана бір большевик кашып кетті. Ұста, ұста. Ұстата көр... жүр... Жүріңдер тегіс *(Бәрі жөнеледі, Барбар мен Алтыншаш қана қалады.)*

Алтыншаш. Жаным-ай, құдай сақтай көр...

Барбар. Ой, сұңқарым, тек тірі бол.

Алтыншаш. Жүгір, жүгірші, ағатайым... Білші... Көрдің бе, ұқтың ба, әлгі сөздерін... Жеткіз... жеткізші жылдам Сергей мен Ерболға... Ұмтыл... Жүгір-жүгір-жүгір, құтқарсын, құтқарсын дегі Теміршотты... *(Барбар жүгіреді.)*

Шымалдық.

ҮШІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Алашордашылардың кеңесі. Ішінде Сапар, Мұстапа, Біләлдар отырады. Сахна ашылғанда Сұлтан келіп кіреді.

Біләл. Немене, фронт қалай?

Сұлтан. Генерал жіберген офицер Шварц бүкіл әскерімен Бондыр партизанға қосылып кетіпті. Енді қаланы шабу ғана қалды.

Сапар. Е, жеткен екенбіз. Ендігі кезек тек эвакуация десенші.

Сұлтан. Оны ойлау керек. Бірақ тағы бір сүйінші бар.

Біләл. Атаман Дутов қалың әскермен жақындап келеді дейді. Алаш қаласын соның әскеріне босатып беруді генерал Березовский қатты бұйрық етіп тапсырып отыр.

Мұстапа. Шын келетін болса қаласы құрғырды аямай-ақ қояйық.

Сұлтан. Ал, Сапар шырақ, заман екі талай болса, большевиктердің тылында кісі қалдыру керек. Кешегі алашорда мәжілісі не дегенін, не міндет атқарғанын ұқтың ғой. Сүйеніш болатын жастарды қамтуды мен саған тапсырам.

Сапар. Оны біраз сенімді жастармен біз де кенестік, бірақ жалғыз тілек бар, басы осы Теміршот қып бірсыпыра адамдарды атқызбасак, түбінде көресіні солардан көреміз. Байлау осы.

Мұстапа. Мен де қостаймын. Ол жігіт большевиктер революциясынан тыс емес.

Сұлтан. Ол тілектерің орындалады. Сезікті жастар аз емес. Енді контрразведкамен нық байланыспай болмайды.

Сапар. Ендеше мен соларға кеттім. *(Шығады. Гүлжамила кіреді.)*

Сұлтан *(қарсы жүріп)*. Гуля, Гулішка! Жай кездін бе? *(Қолынан сүйеді.)*

Гүлжамила *(отырады, ашулы)*. Сағат сайын қаланы кернеп баратқан қорқыныш. Тіпті есігінді қағып тұрған сияқты.

Мұстапа. Гуля, шын үрейлісіз ғой өзіңіз. *(Қасына келеді.)*

Гүлжамила. Господин генералдың үй-іші буынып-түйініп отыр, ал біз болсақшы...

Сұлтан. Керек болса біз де оп-оңай дайын боламыз, несі бар.

Гүлжамила. Боламыңыздың керегі жоқ. Иә, дұрыстап өзің қорға, но атаманның қарамағына көшемін. *(Орнынан тұра келеді.)*

Сұлтан. Үрейленбеші, Гулішка! Қорқатын түк те жоқ. Осы қалаға орныққалы атаман Дутов келе жатыр дейді. Осыны білдің бе? *(Есікке қарай алып жүреді.)*

Гүлжамила *(есіктің аузында)*. Жоқ. Мен атаман Дутовпен таныс емеспін. Маған осы өзіміздің атаманнан қымбаттысы жоқ. Қайтсең де бүгін аттандырасың. Есітің бе? Отырмаймын от пен судың шегінде. *(Кетеді.)*

Білэл. Қайтсын, жағдай жаманға айналды ғой.

Сұлтан. Бәсе, тым құрмаса осытардың да тыныштығын сақтай алмадық.

Сырттағы дауыс. Кіргіз дендер мына солдаттарыңа! Арызым бар айтатын.

Сұлтан. Бұл не? Осы немене шу өзі?

Мұстапа. Ой, тәйірі әлгі лаң-лаушы, пәтер, сойыс дегендер бар емес пе, соның салмағы түскендер. Қазақ деген елдікті, жұртшылықты білмей... Алашорданың беделін сақтап дегенін істеуді түсіне ме?

Білэл. Бәсе, одан да өзінен шыққан сынық бұрауын артық санайды ғой. Тыңдамау керек. *(Екі-үш кісі керней кіре келеді.)*

Сұлтан *(кеудесінен итеріп)*. Е, немене, не боп қалды? Қайда кимелеп барасың түге? Ал тымағынды!

1-кісі. Шырағым, сендердің бұйрығыңмен аламыз дейді жалғыз атымды.

2-кісі. Жалғыз көлік қып отырған түйемді лауға...

Сұлтан. Жә! Лау ма? Бересің, өлсең де бересің.

3-кісі. Бастағы жаман,.. жалғыз киіз үйім.

Сұлтан. Ел емессің, білдің бе? Біздің қысылғанымыз сенің ойыңа кірер ме екен.

Білэл. Бай келеді деп қыпыратқаннан басқа не білуші еді.

3-кісі. Е, бек болсаң өзің үшін боласың... Осы пәленді әкетемісің, жандарым мына халықтан? *(Көпті жарып, Шумский мен тағы бір офицер келе жатады.)*

Сұлтан. Доғар! Болды, жетті.

Шумский. Мырзалар, мына халықты шығарындар. Біздің өте тығыз сөзіміз бар... Кәне.

Сұлтан. Ал, міне көрдіңдер ме... Бар-бар... Барындар... (Көтіседі.)

Шумский. Мырзалар, мен сіздерге генерал Березовскийдің өте тығыз, өте қатал бұйрығын әкеліп отырмын. Сіздерге 24 сағат.

Сұлтан. О, құдай, тағы 24 сағат.

Шумский. 24 сағат ішінде алаш қаласының қажарымын босату міндеті тапсырылады. Атаман Дутов 40 мың әскерімен келе жатыр. Сол атаман күші бесінші армия күшіне қосылып алып, үш күн ішінде барлық облысты өз уысына мықтап тұрып бүгіп алмақ.

Біләл. Иә, сәт, иә, құдай.

Шумский. Тоқтаныз, тоқтаныз, мырзалар. Сіздерге тағы бір қатты ескерту, Дутовтан келген хабарға қарағанда, қазақ даласы атаманға достық ету орнына үнемі қастық жасап, қарсылық етуден жазбай тұр дейді.

Мұстапа. Ойпыр-ау, бұл неткен ел?.. Атаманның бетін не жүзбен көреміз енді, батыр-ау, ә?

Сұлтан. Ал ендеше, Мұстапа, ұқтың ғой, бірдің ғой, сал барынды... қанша сағат дейсіз?

Шумский. 24 сағат уақыт беріледі.

Сұлтан. Ал, Мұстапа, сенің осыған... өзің кіріс, бар мына господин поручиктің қасына ер.

Мұстапа. Ердім... Алашорданың бар күші, адамы сіздің әміріңізде, господин поручик.

Сұлтан. Айтпақшы, Біләл, тұр, осы жолға сен де ерші...

Мұстапа. Рас, жалғыз мен емес, қалаға беделің бар, жүр.

Біләл. Барайын, тек осылардың ғана жолын қыла көр, иә құдай. Ал онан соң атаман келісімен осы Шынтасты ғана құртып берсеңдерші, осыны ғана уәде қылшы енді Сұлтан, Мұстапа...

Сұлтан. Үндеме, сенсіз де кіжініп жүргенім сол, сондайлар. Березовский Бондыр деп, алашорда Шынтас-Шынтас деп тісін басып тұрған жоқ па... Алаң болма, тарта бер. (Аналар кетеді. Сұлтан әрлі-берлі жүреді... Есікте шу.)

Дауыс. Жібер ай, жібер деймін...

Қарауыл. Болмайды, болмайды деймін.

Жойқынбек (есіктен қарауылды серпіп). Ой, тәйірі деген, болмаса мынау не. Кір! (Ербол екеуі кіреді.)

Сұлтан. Е, сендерге не керек?

Ербол. Қерегім — шағым мырза... Осында алашорда жастары қымызға қызып, қызға таласып, інімді жапқызып қойыпты. Жазықсыздан зарықтырмасын. Шығарып берсін деп кеп тұрмын...

Сұлтан. Ініңнің аты кім?

Ербол. Теміршот.

Сұлтан. Теміршот?! Е, анау әлгі қайықшының бірдемесі ме? Жоқ, ол босамайды.

Ербол. Неліктен босамайды?

Жойқынбек. Жазығы не?

Сұлтан. Жазығында не ақыл бар? Ондай іні марқау кетсін. Сұрап сайтаның бар ма?

Ербол. Мырза, бұ не дегенің, мазағың ба?

Сұлтан. Мазақты көп көрсен азапты да тартасың.

Ербол. Бұл зорлығың — қорлық, енді кеп күйткен қорлығың не?

Сұлтан. Қорлықтың әкесің көгенде отырып, көздеріңді ойғанда көрерсін.

Ербол. Барың осы ма? Тек көген басында тез табысайық ендеше...

Сұлтан. Не дейсін, не дедің?

Жойқынбек. Дегені деген ғой, сол мырза... Иә.

Сұлтан. Сен кімсің?

Жойқынбек. Мен қол ағаштай жұдырығы бар, қолақпандай кісімін ендеше, ал.

Сұлтан. Ізденген немемісің, әлде?

Жойқынбек. Өзім ізденген емеспін, ал бірақ ізденгенге сұрағанмын, Онымды тағы жасырар жайым жоқ.

Сұлтан. Белгілі жуан немесің ғой өзің...

Жойқынбек. Е, тілегімнің беті білегіммен қоса қимылдайтыны рас.

Сұлтан. Бәлем, қаланың қу жатағы, беттен алып дәндіккен екенсіңдер. Ендеше біліп ал. Әне, 40 мың әскерімен атаман Дутов кеп ертең-ақ осында орнайды. Жаңағы көген дегенім деген. Ініңді де, үніңді де тап сол жерде өшірермін.

Ербол. Көгеніңмен кетіп жүрме...

Жойқынбек. Ендеше сені ме, арызшы болып, енді бәрі итім көрсін.

Сұлтан. Тек қана атаман жетіп қалаға кірсін.
(Ербол, Жойқынбек сыртқа шығады. Сұлтан кетеді. Ерболдарға Сергей келеді.)

Сергей. Орынсыз талап демеппем... Сонда да ажары қалай?

Ербол. Ажарын сұрама. Теміршотқа қаны қарая өшіккен көрінеді.

Сергей. Не дестіндер?

Жойқынбек. Десуге келген жоқ. Сонан соң құр кетейік пе, тіпті болмаған соң жұдырық қана шенестік.

Сергей. Ай, Теміршот... Қызу, айласыз, ұшқалак! Біздің қимыл тездемесе түрмедегі өзге адамдарымызбен бірге о да кетті... Қимыл... Тез қимыл қажет.

Ербол. Қимылды айтасың-ау, бірақ Дутов хабарын есіттің бе?

Жойқынбек. Ертең кеп қалаға кіреді. 40 мың әскері бар дейді ғой...

Ербол. Қаланы бір атаман үстіне тағы бір атаман әлегі басатын болды. (Жуасбек келеді, амандасады, хат береді.)

Жуасбек. Мә, Сергей, мынаны оқы. Іздегенім сен едің. Ой, Жойқынбек, немене, біреуден таяқ жегенбісің өзің? Сұрқың қалай еді?

Жойқынбек. Ойбай-ау, қор болдым ғой мүлдем.

Жуасбек. Жалғыздап жатыр ма?

Жойқынбек. Әлі күнге бір жұдырық сілтесемші. Айдағаным құр ғана сыпайы сөз. Сіз, біз. Сен не күн көріп жүрсің?

Жуасбек. Үндеме, бір майдан соң, қырғын төбелес енді-енді ғана келе жатыр.

Жойқынбек. О, балаң аты таң жарық босын. Сүй-десеңші тым құрмаса.

Сергей. Дутов әскері шынымен осы қалаға беттеп келе ме?

Жуасбек. Қалаға келеді.

Ербол. Қалың ба, 40 мың дегені шын ба?

Жуасбек. Санын білмедік. Бірақ қалыңы қалың. Қалаға жеткізбей көршеулейік деп Шынтас құлшынып отыр.

Сергей. Өз күштерің аз ғой, алғызбайды ғой.

Жуасбек. Енді кеп қалаға кірсе, не болдық?

Сергей. Жоқ, олай болса қаланы ол алмайды, біз аламыз. Бізде де күш шағын, бірақ содан басқа шығар

жол жоқ. Атаманнан бұрын қаланы алып көреміз. Жойқынбек, сен мына хатты ал да, Бондырге шап, қалаға қарай бассын. Біз қаланы алысымен, ол осыдан қарула- нып алып қырға шықсын. Жуасбек, қайта шап, Шынтас- қа айт, түн баласында партизан шабуылын көп жасап, қолындағы көліктерін тартып ала берсін. (Жойқынбек- ке.) Жа, шын төбелес енді келді. Міні келеді. Түсіндің бе, Жойқын, әзірмісің?

Жойқынбек. Әзір болмай қайтушем. Дәл осыны күте-күте 40-тан асқан, зар күйіне келген, қырғын жұды- рық мінекей! Жіберші, жіберіп қана көрші.

Сергей. Ендеше мына хатты жеткіз де, қайта қайт. Бірінші қызу майдан — қалада, Ербол, сен маған ер, өтеміз. Іске басамыз, кәне, жөнеліндер!

Шымалдық.

Алтыншы сурет

Күнгірт кеш. Паром аузында. Ертісте сен жатыр. Алыста ана жаға- да ар жақтың, үлкен қаланың оты жарқылдайды. Бір топ қайық- шы, орталарында Сергей, суға қарап сөйлеседі.

1-қайықшы. Қорықпайды, қарашы, сіресіп келе жатқан сен болса да...

2-қайықшы. Сескенбей сілкіседі.

Сергей. Ербол қалай?

1-қайықшы. Үндеме, жабысып жатыр.

3-қайықшы. Қадалғаннан қан алмай неге шық- сын Ерекен.

4-қайықшы. Токта, я сәт!

1-қайықшы. Ақырын, дабырлама.

2-қайықшы. Ал, ақырын... я сәт, ақырын... я сәт.

1-қайықшы. Ерім... жарайсың, болды, әні кесті... көрдің бе, Сергей? Сүйінші, кесіп жіберді Ербол.

Сергей. Токта, үндеме. Үлкен істің ең басы осы.

1-қайықшы. Ал енді ар жақ, бер жақ арасы пы- шақпен кескендей кесілді де үзілді.

3-қайықшы. Әні кетті... Шу қара құйрық! Ербол кесті де жолыңды байлады. Өзі міне қайта салды... Кел! Келші айналайын, Ерекем-ай! (Қайық жылжып келе береді, Ербол мен бір қайықшы.)

Сергей. Достар, Ербол паромды ғана кескен жоқ, ақ қашатын жолды да кесті. Бүгін-ертең қалаға келсе де,

ар жаққа өте алмайтын қып Дутовтың да алдын кесті.

Б - қ а й ы қ ш ы. Бәсе, соны айтсаңшы.

С е р г е й. Ал Ербол, енді не білгенің бар?

Е р б о л. Бұйыр да, міндет арт. Сөз осы емес пе, жігіттер?

Д а у ы с. Осы... Тас түйінбіз!

С е р г е й. Құп, жолдастар, ал, бері таман, жә екі жағыңның әр қайықшысынан да екі өкіл бар ма осы арада?

Е р б о л. Бар, түгел, міне, мына Қырықпай бас жатақтан. Ботпай орта жатақтан, мен болсам аяқ жатақтан. Тапсыратынынды айт, бар қайықшыға біз таратамыз.

С е р г е й. Ендеше бұдан былай қайық екі жағадан да біздің адамдардан басқа ешкімге берілмейді.

Е р б о л. Болды, өз адамдарыңның белгісін айт.

С е р г е й. Белгіні білесіңдер, жеткіземіз. Ол бір, екінші — Дутов келсе, қырғын келеді. Келмесін, пәтер берілмесін, көлік тимесін деген сыбысты тарата беріңдер. Ұқтыңдар ма?

Д а у ы с. Ал, түнгі сағат бірде пулемет атылса, іс басталды деп біліңдер, сол! Жә, тараңдар! Барыңдар.

І - қ а й ы қ ш ы. Бүгін түнде қайықшы атаулының кірпігі ілінбейді. Оны өз міндетіме аламын. Ал, жігіттер, жүріңдер. *(Кете беріседі. Қараңдап екеу келе жатады.)*

С е р г е й *(қайықтан шыға бере)*. Алтыншаш, қызым!

Е р б о л. Немене?

А л т ы н ш а ш. Ағалар, үйден ұрланып шықтым. Өлер, тірілер жерім келді. Жаным қысылып шықтым. Теміршот басы қатерде. Менің өгей шешем мен Бесбілезік біліпті. Анық бүгін түнде атылады деп Сапар келіп айтып кетіпті. Жаным, паналарым, құтқара көріңдер! Құтқара көріңдер!

Е р б о л. Шырағым-ай, жанкүйер, шын досы екенсің-ау Теміршотымның.

А л т ы н ш а ш. Тұншыққан күнде тапқан жарық жұлдызым. Тіршілік тынысым еді Теміршот. Ереке, Сергей, айла бар ма?

С е р г е й. Жылама, Алтыншашым, жақсы қарындасым... Теміршот құтқарылады. Сол үшін кетіп барамыз.

А л т ы н ш а ш. Ағатай, жолыңа жаным құрбандық болсын ендеше, жөнел, жөнеле көрші.

Сергей. Жарайды, берік бол. Ал, біз жөнелдік. *(Қайыққа міне береді. Жойқынбек шығады.)*

Жойқынбек. Апырай, дәл басқанымды қара, Сергей.

Сергей. Жойқын, немене көрдің бе Бондырды?

Жойқынбек. Көрмей қоям ба? Мә, мынаны оқи бер. *(Өзгелерге.)* Шіркін, еркек солар екен.

Сергей *(қатты оқи бере)*. Еркек жалғыз олар мен, міне, мында қара, мінекей қасында тұр. *(Алтыншашты көрсетеді.)*

Жойқынбек. А? Не дедің? Ой, Алтыншаш, жүрісін қалай жақсы еді. Әлде сен де өзіме тартып төбелес іздейін дедің бе?

Алтыншаш. Ашынғаннан ашылады екен, аға. Сендердің жолыңнан аяп қалар аяулым жоқ.

Жойқынбек. Мінекей, сөз төресі осы десеңші.

Сергей. Бондыр жарапты. Хабар бізден, жә!

Барбар. Алтыншаш, айтсаңшы...

Ербол *(Алтыншашқа)*. Қарағым не қалың бар? Әлде өзің де қыспақта ма едің?

Сергей. Алтыншаш, айт, жәрдем керек пе?

Алтыншаш. Теміршот басың қыспаққа түссе, Сергейге сен, соған білдір деп еді. Ағатайлар, өзім де катердемін.

Сергей. Болды. Түсінікті... Жә, ендеше, Жойқынбек, Барбар, мына Алтынымның амандығы екеуіңе міндет. Сақта, жылатпа... Байланысты үзбей, білдіріп тұр. Телефон хабары — 2 полк штаб начальнигі арқылы Сергейді сұрарсың. Ал, барындар, Ереке, жүр, бас! *(Қайық жөнеле береді.)*

Алтыншаш. Жолдарың болсын, жарық күнім қолыңда, осы барар жолыңда. Сапарыңнан таң күтемін, енді бар тілеуім жолыңда.

Шымалдық.

Жетінші сурет

Алтыншаштың үйінде. Түн. Қызу жиын. Алтыншаш қымыз құйып отыр. Қасында гармоншылар Барбар, Сапар, Мәжитов және бірнеше түсі жаман мас ақтар.

Барбар *(ән салады, әні «Жиырма бес»)*,

Шүкірлік бергеніне зұлзаламның,
Ойында ешнәрсе жоқ бозбаланың.

Тарқатып жас дәуреннің жәрмеңкесін,
Шетіне шығып қалдық ду базардың.

Сапар. Өтірік, шыққамыз жоқ.

Мәжитов. Былшылдайды ол ән.

Сапар. Жә, доғар!.. Сөз бар. Бүгін ойран-топан іс бар. Тыңда, жауап бер, сендер кімнің досы, а? Кімнің досы? (Қожағұл, Іңкәр кіреді.)

Мәжитов. Дұрыс жауап айт! Міне, мынау мүңкір мен нәңкір. Кімнің досы?

Алтыншаш. Ей, құрбылар, осы қорқытқанды қоямысыңдар?

Мәжитов. Қорқытамыз, көріп қой, міне, біз құдайыңбыз.

Алтыншаш. Мұндай жапалақ бет, қара пұшық, пияншік құдайды көрген емен.

Сапар. Жоқ, жағауратпа, жауап бер. Айт, Қожағұл.

Қожағұл. Не дейін, шырағым-ау, жат болған жерің бар ма еді?

Сапар. Доғар, білеміз... Досың біз емес, басқа.

Іңкәр. Ойбай, қалқам, Сапар-ау.

Сапар. Жоқ, жалған айтпа, мына Алтыншаш достым Теміршөт емес, большевик емес, сенсің, Сапарсың деп...

Мәжитов. Уа, һәм сенсін, Мәжитовсың деп...

Сапар. Сапарсың деп...

Мәжитов. Нет, стой! Мәжитовсін деп...

Сапар. Мәжитов, уәдені ұмытпа, қоя тұр. Иә, Сапарсың деп бейіл берсін. Болмаса, болмаса бар ма, бүгінгі түн — ойран-топан түні. Сират көпірінде қылыш үстінде тұрмын деп біл. Жә, кімнің досы?

Іңкәр. Сапар, мен баяғыда айтпап па едім, қызым сен демесе сандалғаны.

Алтыншаш. Япырай, не дейсің? Өзгенің қорлығы аз деппедің. Мұның не?

Сапар. А, қайта айтшы, не дейсің?

Іңкәр. Тыңдама оны, айттың ғой демегін. Мен ғана емес, мына әкесінің сөзі де сол.

Сапар. А-а болды, жетті! Досы біз. Ендеше Теміршотты бүгін түнде сағат бірде пристань сыртындағы құмда, төбеде...

Мәжитов. Атаманның күндегі өкім орындайтын жерінде...

Сапар. Бір топ большевиктермен бірге атылады. Мәрқұм кетеді... Ал, біз, жер жайлау жарасып тойлаймыз... гармондатамыз. Әкпел, ұста, ал ана гармонды.

Алтыншаш (зорға тұрып сырт айналады. Аяғын әрең басады. Барбар бірге жақындайды). Ағатай, нені есіттім, не деді мына құзғын?

Барбар. Қалқам, жаңағы жерін білдірейін Сергейге. Жойқынбек хабар тосып отыр. Сен сыр бермей, сабыр ет те шыдай тұр, не болшы өзіңе.

Алтыншаш. Ағатай, жүгірте көр кісінді. Я тәңірі, қуат бер! (Барбар кетеді.)

Сапар. Жә, есіттің де білдің ғой. Байқап қой, сенің бүгінгі қабағың барды шешеді. Мына Мәжитовтың аты жегулі тұр. Менікі емей жат болсаң, өзгенікі емес, дәл осынкі боласың өзім берем. Өз қолымнан берем. Сүйіп отырып, қызғанып жылап отырып берем, бірақ бәрібір берем... кәні, жөніңді айт!

Алтыншаш. Өзің не тілейсің, не қыл дейсің?

Сапар. Сыныма шыда... Сырыңды аш деймін.

Алтыншаш (Барбар кіреді. Соған қарап). Ендеше, сырыңды айтшы.

Іңкәр. Е, бәсе, ақылы бар емес пе еді?

Қожағұл. Айналайын, ұғыссаңшы, сүйтіп.

Сапар. Жарайсың, жақсы бастадың. Олай болса әзірге сын мынау-ақ. Осы қолыңдағы гармонға қосылып, сонау бір кезде айтқан «Ақ қайың» деген әніңді қайта айт. Ол күнде Теміршотқа, өзгені сүймеймін, сенімен өлемін деген сырыңды сол «Ақ қайың» мен айтып ең. Енді Теміршоттың өлімін естіген жерде «Ақ қайыңды» маған айтсаң, мен риза. Сенемін, кәне, не дейсің?

Мәжитов (Іңкәрға). Айтқыз. Сенің де қыл мойыңға тақалған жерің осы.

Алтыншаш. Достықты тілейсің, соныға қарай өзі дос па екен деп барласам, дос емессің, қайта өшсің. Өштікпен сыйламақ боласың. Ондайына, сұм зорлығыңа көнерім жоқ. Айтпаймын.

Сапар. Жок, жок, айтасың! Айт, баста! Соңғы сөз, соңғы сын.

Мәжитов. Тіпті соңғы бұйрық, айт.

Іңкәр. Қарағым қызым, өлердей тілегенім болсын, айтшы енді.

Қожағұл. Балам-ай, қиын да болса, жиын тіледі ғой, айта көрші, айтшы енді.

Сапар. Ойпырмай, Теміршотты сүйетіні шын-ау! Күймей қайтып шыдайын. Қайтып аман қояйын! Айтшы, айтасың ба, жоқ па?

Мәжитов. Айт деймін.

Іңкәр. Айт, айтшы, Данажан.

Қожағұл. Айтшы, Алтыншаш.

Барбар. Қалқам Алтыным.

Алтыншаш. Не дейсің, ағатай?

Барбар. Мен де тілеймін, айта ғой, айтшы енді.

Алтыншаш. Ойпырмай, не дейсіз? Сіз кім едіңіз, Барбар-ау?

Барбар (*гармонды тарта беріп*). Басташы, айтшы. (*Өзі әндетеді.*)

Шықпаған Алтынымсың жаман атын,
Дос болса сендей сақтар аманатын.
Бір кезде қуаныштың Ақ қайыны,
Тар күнде сүйеу болар қос қанатың.
Ақ қайың... ей-ей,
Созайың, е-ей...

Айтшы, қалқам, мен тіледім. (*Тыста ат-шананың сықыры, қоңырау дыбысы естіледі.*)

Мәжитов. Айт, «Ақ қайыңды».

Сапар. Баста, әйтпесе, әне, ат әзір. Өлген жерім де, қалған жерім де осы ғана.

Алтыншаш (*гармонды алып*).

Ақ бөкен пана қылған Ақ қайыңды,
Жапанға жалғыз біткен Ақ қайыңды...

Сапар. Уай, Алтыным, айттың ба, мендік болдың ба, қуатым.

Алтыншаш.

Өзге емес өзіне айтам қиял жары,
Азбасын, қайдан білсін жат жайымды.
Ақ бөкен, неге ұмытсын жар мекенін?
Ақ қайың жасырар ма зарлы екенін?
Ғашық жар, өлсен өлем, жаным бірге,
Көнетін қор өмірге мен бе екемін?
Жан жарым, рухың риза болсын маған.
Жолыңа айтқан тоқты, мен садаған,
Қияда тас қамауда көзім жасы,
Бір сен деп, жау көзінше сорғалаған.

Сапар. Ойпырай, нені айтқызып ем! Неге айтқызып ем? Не дейді мынау? Көзіндегі жасты көрші, жауыма төккен жасы ғой. (*Жылап жіберіп.*) Жә, болды, бітті

ендеше, бұл ойын өзіме бұйырмаса, оған да бұйырмасын. Тұр, Мәжитов, жолың болсын алып кет! Әй, қайдасың түге, кел бері. (*Әскерлер кіреді.*) Ұста, киіндір! (*Алтыншашты қамап қоршап, киіндіре береді.*)

Мәжитов. Киіндір, сал шанаға. Қасыма отыр-ғыз!

Барбар. Ей, жігіттер, қасқырмедіндер? Бұларын не? Тиме!

Сапар. Сөйлеме. Үн қатпа!

Қожағұл. Ойбай-ай, өстіп өлтірмекпедіндер?

Алтыншаш. Ей, Мәжитов, ер болсаң есіңді жи.

Сапар. Тыңдама, аяма, қорла, жазала, талауға сал... Бірақ әкет көзімнен.

Алтыншаш. Ендеше ойнап жүрген шығарсың. Арам тер болғаныңды ақырғы сағатта танытармын, көрермін.

Мәжитов. Болды, жабылды қымыз қызығы, тарт енді. (*Жөнеле бергенде алдарынан шу шығады.*)

Дауыстар (*тыста*). Ойбай, қуғын, қуғын, Жойқынбек! Төбелес, жібер, ұста.

Барбар. Жойқынбек, әкетті ғой, қайдасың, қайдасың, ойбай! (*Барбар мен Қожағұлды Сапар ұрып жығады.*)

Сапар. Тарт, Мәжитов, терезеден тарт. Әкет, өзім төтеп беремін. (*Терезені теуіп жіберіп сындырады. Мәжитов пен Алтыншашты итеріп шығарып жібереді.*)

Іңкәр. Қуарған көк ауру, қыңыр қыз, қанжығада кеттің бе? (*Сапар есікте, тартысады.*)

Жойқынбек (*сыртта*). Қират былай иттерді, беремін сыбағанды.

Сапар. Көрермін айырғаныңды.

Жойқынбек (*тартысып есікті аша беріп*). Кім келеді қарсыма? Босат жаның барында!

Сапар. Қайт, өлесің! (*Мылтығын төсей береді.*)

Жойқынбек. Мә, шын өлгенді енді көрерсің. (*Сапардың мылтығын ұрып түсіріп, өзін төбеден бір періп серейте құлатады.*) Қайда, қайда Алтыншаш. Сорлы басым, қайда, ойбай-ау?

Қожағұл. Қор болдым ғой, зарландым, әпкетті. Қор етті ғой. Ұш! Шап! Ұмтылшы! (*Жойқынбек терезеден ырғып жөнеледі. Тыста қоңырауы шылдырап бара жатқан тройка.*)

Шымылдық.

Сегізінші сурет

Түн. Өзен жағасы. Сең жүріп жатыр. Семей жақ жағада үлкен екі қабат тас үй. 5-ші армия штабының үйі. Жағада үш қайың. Сонда екіден отырған қайықшылар. Бұлар Сергей, Ербол, Шынтас, Жуасбек тағы екі қайықшы.

Жуасбек *(ыңырсып әндетін)*. Сырғанды қайық қылып өткіз мені. *(Тоқтап.)* Е-е...

Шынтас. Жандарал неткен сақ десеңші. Тығылам десе жасын атса күйремес, тас сарайы онда тұр, жылысам десе жедел қашып жөндейтін жел қайығы мұнда тұр.

Сергей. Жандарал әлі мығым. Уақыт болса өтіп барады.

Ербол. Бұл қалай, ә? Не ғып кешікті?

Сергей. Не болды бұл Бондаренкоға?

Ербол. Әлде білініп, ашылып қалды ма?

1-қайықшы. Кешіккен сайың Теміршот жазым болмаса игеді деп дәт жоқ.

Шынтас. Құр күдік айтпай тұра тұр.

Ербол. Бір Теміршот емес, талай басты большевиктер де жазым ғой.

Сергей. Біздің кісілер ең болмаса түрмені бағуға міндетті.

Жуасбек. Ал, осы жандарал қайықты керек етпей басқа бір жолмен кететін болса қайтеміз?

Сергей. Басқа жолды оған кім береді? Әзірлеп отырған қайықпен кетпей немен кетеді?

Жуасбек. Тек дегенің болсын. Қақпанды баспай кетпейді десеіші ендеше.

Сергей. Жалғыз-ақ осы ана жақтың кешеуілі... *(Алыста мылтық атылады.)* Тоқта! *(Бәрі де «тоқта-тоқта» деседі.)* Бір... иә, екінші қайда. Сол жақтың кешеуілі жақпай тұр.

Шынтас. Әлде өзіміз солай барып, сонда араласамыз ба?

Сергей. Жоқ, біздің барлық күш дәл бөлінген. Дұрыс бөлінген. Штабты басу оңай емес. Өз міндеттерін олар өздері ұға біледі. Бұл қалай, ә?

Ербол. Неғып кешікті бұл?

Жуасбек. Қайран Теміршоттар...

1 - қ а й ы қ ш ы. Бәсе, өкіндіріп жүрмесе игеді-ау!

Ш ы н т а с. Тоқта, күдікті қоя тұр... Күпті қылатын күдігі құрғырды қойшы сол.

Ж у а с б е к. Әйтсе де Теміршот күйі батып тұр... зығырды қайнатып, сабырды алып тұр. (*Пулемет даусы бытырлап қоя береді.*) Я, сәт, біздікі ме, қайдан шығып тұр! Сергей, Шынтас!

С е р г е й. Түрме тұсы... 2-полк штабының тұсы. Ұқсайды. Біздікі болу керек.

Ш ы н т а с. Дәл өзі... Біздікі!

2 - қ а й ы қ ш ы. Ой, еркектерім, дегеніңе жет. (*Пулемет.*)

С е р г е й. Екінші рет, дұрыс, уәделі белгі. Ал, жігіттер, түн ішінде осы сағатта біздің күн, совет күні мына дауылпаз пулемет үнімен қатар, қайта туды деп біліңдер. Дер кезім жетті, сағатым соқты деп біліңдер. Кәні ерлер, енді қимылға әзір бол!

Ш ы н т а с. Ер ұраны естіліп тұр әні. Сын сағатым соғып тұр. Бұнда әзір болмай қайда әзір болам?

Ә с к е р и (*асығып келе жатып*). Әзірле! Қайықшылар, қайдасың? Қайықты! Господин генерал қазір жетеді! Бол, жылдам.

С е р г е й. Жуасбек! Бол...

Ж у а с б е к (*офицерге*). Господин подпоручик! (*Жақындай береді.*) Тыңдаңызшы... мұзды қараңызшы. Сең қалың. (*Жақындап келе береді.*)

Ә с к е р и. Шығарма үнінді. Өлсең де алып өтесің, сөйлеме!

Ж у а с б е к (*қасына барып бас салады, барлығы аузын басып жабыла түседі, суға тастап жібереді*). Е, сөйлемесең сөйлеме! (*Суға қарап тұрып.*) Ал, үндемейін, үндеп не қылайын.

С е р г е й. Тоқта, бері қара, келе жатыр, тығылыңдар. (*Тығылып тұрады. Сол уақытта асыға басып жандарал және бес-алты офицер шыға келеді. Үйден шығып асығып келеді.*)

Г е н е р а л (*кекетіп*). Адмирал... диктатор! Атамандар! Әмір аз боп педі? Шет елдердің көмегі аз боппеді? Әлсіз туған ақсүйек, болжыр тұқым. Мұжық селеннің астында тұншық енді. Өздерің ғана емес, мені де ала кеттің. Қайда, қайда 2-полк? Қайда командир? Көтеріліс... қаптады әні қалың сел. Қайық, әзір ме қайық? Кетемін, кеттім Қытайға, әзір ме?

Офицер. Әзір, ваше превосходительство.

Генерал. Қайда, қайда 2-полк? Хабарын ғана айтса екен. Командир, офицер. Бәлем, 2-полк командирі, осы кешіккеніңді ме?..

Әскери (*штаб жақтан жүгіріп кел*). Ваше превосходительство, 2-полкпен жалғастық. Қатынас бұрынғыша, полк орнынша.

Генерал. Уһ! Рахмет, офицер мырза. Ал, қайда, Шмит командир, қайда? Шақырдыңыз ба? Шақырсаңыз етті.

Офицер. Өзі де осында кетті дейді. Келеді, қазір келеді.

Генерал. Жарайды, тосайық.

Офицер. Міне, келе жатыр... 2-полк командирі! Өзі де келді. Біздің бар зор үмітіміз! Господин поручик Шмит! (*Шмит келеді.*)

Генерал. Господин поручик, тез, тез баян етіңіз, хал қалай? Күшіңіз не күйде?

Шмит (*рапорт беріп тұрып*). Господин генерал, күшіміз берік. Қалайда 2-полктан басқа әскери күш жоқ. Ал, 2-полк қазіргі сағатта революция полкы болып түрмені алды.

Генерал. Қалай? Не, не, не?

Шмит. Ал, сізді сол революция атынан барлық мына штабыңызбен ареске алындыңыз деп жариялаймын. (*Мылтығын төсейді.*)

Генерал. Сіз? Шмит? Не дейсіз? (*Офицерлер қамай береді.*)

Шмит. Сүйдеймін! Ну?! (*Офицерлер Шмитке ұмтыла бергенде.*)

Сергей. Стой! Бер қаруды! Ал қаруларын. (*Барлық қайықшы мылтықтарын төсеп тұрып ареске алады.*)

Генерал (*ызалы*). Қайықшы! Түкке тұрмайтын киргиз, қайықшы... а, сіздер, ех, офицерлер, түкке тұрмайтын.

Жуасбек. Түкке тұрмаған осы бола ма екен?

Шынтас. Өзінді тырайтып отырса да түкке тұрмай ма екен жандарал, а? Білмеймісің, знаком, мен Шынтас!

Генерал. Шынтас? Ә онда түсінікті. (*Бұларды әкете береді.*)

Шмит (*Сергейлермен қол алысады, рапорт*). Жолдастар, достар. (*Иығындағы пагонды жұлып жатып. Сер-*

гейгв.) Жолдас военно-революционный комитет бастығы! Бондыр бастаған Қарағай партизандары бүгін түнде, сағат 2-де қалаға кеп кіреді.

Сергей. Қалада түрмеден басқа почта, вокзалдарға кісі жіберілді ме?

Шмит. Жіберілді, қолға алып жатырмыз.

Сергей. Болды, енді штабқа кіріп іске басайық.

Шмит. Бәсе, ендігі істің басшылығын қолға алыңыз, бастаныз. Бұйырыңыз, жолдас Сергей! *(Кете беріседі, бұларға қарсы жүгіріп бірнеше топ граждандар келеді.)*

Дауыстар. Ойбай, жаман хабар... қаптап кеп қапты.

— Ар жаққа Дутов әскері жетіп қапты.

— Алып қойыпты ар жақты.

— Дутов Семей басып, таптап келеді дейді.

— Енді қайттік?

Сергей. Саспандар, достар, енді бір емес он Дутов болса да қала бізде, ақтарға қайта бермейміз, алысамыз. *(Шмит, Шынтас, Ерболмен оңашаланып.)* Қазір қала, бержақ, тегіс алынсын. Бондыр күші түгел ар жаққа Дутовқа қарсы Шынтас күшіне барып қосылсын. Шынтас сендер дереу ар жаққа өт. Дутов қалаға келсе қалада, қалаға келмесе даланың, ауылдың өзінде бар үлкен жауапты операция істе.

Шынтас. Құп, айт бұйыр...

Сергей. Қарсы соғыс жаудан бұрын стратегиялық, партизандық бір үлкен қимыл бар. Ол ең алдымен сол Дутовтың дәл өзі бастаған бар штабын жоқ қылу. Мінекей, саған тапсырылатын зор міндет осы. Бар да осыны орындап шық. Ал соғыс үшін Бондыр күші ертең ар жаққа өтеді, саған жетеді.

Шынтас. Құп, орындаймын.

Сергей. Ал, жол болсын, жөнел! *(Жөнеліседі. Барбар келеді.)*

Барбар. Қайырлы түн болсын, азаматым Сергей! Жаңа сарын жақсы басталғандай...

Ербол *(қуанған пішінде)*. Аузыңа май, Барбар, тек ішің біле берсін. Даусың жетсе пулеметке өзінді қоса бер.

Сергей. Зеңбіректерге деңіз! *(Барбарға.)* Зеңбіректерге.

Барбар. Қосқанда қандай. Айтпақшы Теміршоттан не болды екен. Аман ба екен қайықтары?

Сергей. Әлі толық хабарымыз жоқ. Бірақ түрменің мезгілінде алынуына қарағанда аман болу керек.

Барбар. Тек жандары аман болсын... *(Кенеттен.)* Апырау, айтарымды ұмытыппын ғой. Масқара болғанда Алтыншаштан айрылып қалдық.

Сергей. Қалай, не дейсің?

Барбар. Әкеткен қанды көз Мәжитов деген офицер, ана құзғындар өз қолдарынан қол-аяғын байлап берді, не қару қылсын бишара, жылай-жылай кетті. «Сергей ағайға сәлем де» деді бар айтқаны, одан басқа сөзге келтірмеді, шанаға басып алып тартып отырды, иттер.

Ербол. Қап, болмаған екен. Уыздай еді, өрім еді Алтыншашым. Обал болған екен.

Сергей. Рас, обал болған. Барбар, уақыт тығыз, жұмыс көп, сен Теміршотты тап, маған жолықсын. Алтыншашты қайтсек те құтқарамыз. Жүріңдер, жолдас-тар, штабқа! *(Жалғыз Барбар қалады, отырады.)*

Барбар. Қайда екен Теміршот... Жалындай жас, жүректі жолбарыс кездесе кетіп жанындай сүйген жарын, *(тоқталып.)* Алтыншашын сұраса не бетімді айтамын?.. Аға тұтынып маған тапсырып еді-ау. *(Басын шайқайды, ыңылдап өлең айтады.)*

Ән-күйдің ағып жатқан бұлағымын,
Аққудың саялаған құрағымын.
Ат берген Ақ қайың деп қарындасқа
Батағой, сөнбес жарық шырағымын.
Ақ қайың...

(Осы кезде қасында екі-үш кісі бар өзен жағасынан Теміршот шығып қарайды.)

Теміршот. Сең қалай қалың. Қайтсек те өтуіміз керек. *(Дауыстап.)* Әкел қайықты! Қайықты әкел!

Барбар *(қарауытқан адамдарға қарап)*. Бұлар кім екен? Таныс дауыс қой өзі. Ау, азаматтар, бері соғып кетіңдер! *(Аналар келе береді.)* Жаным-ау, Теміршот қой! *(Ұшып тұрады. Барбар Теміршотты құшақтай алады.)* Теміршотымбысын, қалқам.

Теміршот. Сағынып қапсың ғой, Барбар аға. *(Арқасынан қағады.)*

Барбар. Босандың ба, есен сау?

Теміршот. Босанбағанда ше? Халық үшін қамқор болған ерлер темір торлы түрменің астын үстіне келтірмеді ме! Енді екі-үш сағатта жаңа күнді — шын бостандық күнін қарсы аламыз! *(Пауза. Барбарға күлімсірей қарап.)* Ағатай, мені жеткізе көр Алтыншашыма, сәулем де қоса қуансын! *(Барбар мұңайып төмен қарайды.)* Неге мұңайдың, аға? Айтшы шынынды жасырмай. *(Төнеді.)*

Барбар. Қара басты ағанды, менде саған қарайтын бет-бет жоқ, сөйлейтін тіл де жоқ. Арудай Алтыншашты әкетті, офицер Мәжитов әкетті. *(Жыламсырап, сөйлей көзін сүртеді.)* Ағанның тартатын сыйлығы осы, шырағым...

Теміршот. Ақылды Алтыншашым, еңірей кеткен екен ғой. Етек жеңі ыстық жасқа тола кеткен екен ғой, Теміршотым, бауырым, деп қолын соза-соза кеткен екен ғой, жоқ-жоқ бақыт таңына бірге қанат қаққан жарымды құтқарамын, бермеймін.

Шымылдық.

Тоғызыншы сурет

Бекет. Қаладан қашқан төрелер мен алашшылардың ошарлап жатқан бекеті. Екі бөлме. Іштерінде ішік, кілем тәрізді қазына мүлік. Ханымдар да бар.

Гүлжамила. Атаман Дутов осы қазір, осы түнде жетеді емес пе?

Мәжитов. Жетеді. Осы бекет біздің атаман мен екеуінің бас қосуына уәде қылған жері. Жетеді. Табысамыз. Қазір.

Генерал әйелі. Я тәңірі, зор тәңір, болса екен сол сағаты, әйтпесе анау қызылдар қуа келсе не болмақ... не боламыз?

Гүлжамила. Әсіресе әне бір Шынтас деген партизан қорқытады.

Генерал әйелі. Анау партизан Бондыр қандай сұмдық?

Мәжитов. Шошымаңыз, ханым. Біз күштіміз әлі, біз сүмбемен сұлулаймыз олардың арқасы мен жұмсақ жерлерін.

Генерал әйелі. Ах, қымбатты офицер! Біздің рыцарь! (*Нарочный кіреді.*)

Нарочный. Господин атаманға пакет әкелдім. (*Төргі бөлмеге кетеді.*)

Генерал әйелі. Сол қорқынышты партизандармен алыспаққа қалып отырған жалғыз менің ерім, менің генералымды айтсаңызшы.

Гүлжамила. Біздің атаман ше? Бізге пана, бізге мақтан емес пе?

Генерал әйелі. Атаман дейсіз. Бұл бірақ қайда отыр? Қауып-қатер ортасында жалғыз жүрген бекзада рыцарь менің ерім, менің генералым...

Атаман (*ана бөлмеден асыға шығады, кекетін*). Иә, сіздің еріңіз! Генералыңыз. Миы сұйылған, алжыған...

Генерал әйелі. Господин атаман, мен қайран қалам....

Атаман. Генералыңыз, қаһарман еріңіз тұтқын болған... генерал, армия бастығы...

Генерал әйелі. Ах, рахымсыз тағдыр.

Атаман. Қойнына салып жауды өсірген. Штабын большевик офицерлерге толтырған. Генерал: оған генералдық емес, әскер басылық емес, сіздің ығыңызда паналап, сіздің құс төсегіңізге көміліп жату керек еді... (*Арлы-берлі жүріп.*) Қалаға келе жатыр ем, Жетісу фронтын тастап, өдейі осы қаланы басып ұстап тұрмаққа келе жатыр ем. Айрылған. Енді Дутовқа қосылып... Қайта алғанша қанша. Бірақ қайта аламын. Алмай қоймаймын. Өртеймін, жоқ қыламын бұл большевик қаласын, жаулыққа толған даласын да өрт пен апат құшағына беремін. Бәлем! Қайда, қайда енді Дутов, Дутов қолы қайда? Қашан жетеді бұл жерге?

Мәжитов. Шық алдынан. Адаспасын, белгі беріңіз. (*Мәжитов тысқа шыға бергенде алдынан Нарочный кіреді.*)

Нарочный. Господин атаман керек еді, пакет.

Атаман. Бері әкел. (*Ашып оқып.*) Не дейді? Не сұмдық? (*Офицері жақындайды.*) Барлық штабын қазақ партизаны Шынтас қырып тастаған. Өзі соны ести сала

жайтадан Балқашқа қарай шалқайып кеткен. Қазақ даласы да — жау дала. (*Алашшылар Сұлтан, Мұстапа кіреді.*)

Сұлтан. Господин атаман. (*Жақындап қолын бере береді.*)

Атаман. Тартыңыз, алмаймын қолыңызды!..

Сұлтан. Ваше превосходительство, айыбым не?

Мұстапа. Тыңдап кіналасаныз екен бізді!..

Атаман. Нені тыңдаймын? Қайда жүрсіңдер, не істедіңдер?

Мұстапа. Қайда жүрсін? Біз большевиктердің арасында қалып іс істейтін күштерді сайлағанымыз жоқ па?

Атаман. Оны істеген контрразведка. Сіздер өзгенің ісін өздеріңізге жапсыруға мастерсіздер.

Мұстапа. Біз іріктеп, жиып бердік қой.

Атаман. Қазаққа мықты болсаңдар не ғын отыр мына дала? Қазақ күші сендерде емес, Шыңтаста. Олар міне, міне қырып отыр Дутовтың штабын. Ие, болысқандарың, басқандарың қайда, қыр қарсылығын басқандарың қайда?

Сұлтан. Рас, қор етті, жерге қаратты бұл дала.

Мұстапа. Жайын дала... не дейік?

Атаман. Ваше превосходительство, сонда да біздің сізден бөтен досымыз жоқ.

Мұстапа. Сізбен бірге кетіп, не болса да бірге көрмекке бекініп келдік.

Сұлтан. Қумаңыз бізді.

Атаман. Жоқ, жетті, алмаймын қасыма. Аулақ болыңдар.

Сұлтан. Япырай, осы шыныңыз ба?

Атаман. Жетті, болды. (*Офицерлеріне.*) Әзірлет. Әзір ме? Жүреміз, тартыңдар.

Сұлтан. Қайтейік. Енді қайттік? Масқара болған соң енді қайтейік? Ал, Гулішка, әзірлен.

Гүлжамила. Господин атаман, туғаным, досым, шынымен маған да айтқаныңыз осы ма?

Атаман (*Сұлтандарға*). Өздерің менен аулақ болыңдар, бұл бір. Екінші, ханым Гүлжамила, сіз мына алашорда бастығының әйелісіз. Мен Қытай шегіне амап өткенше мына ерлердің айыбы үшін, ел айыбы үшін сізді заложница етіп, өзіммен бірге алып кетемін, ханым.

Гүлжамила (*риза болып*). Рахмет, господин атаман, мен қуанышпен алғыс айта еремін сізге. Мынау еркектер үшін намыстанып отырып сіздей жалғыз ермен бірге кетем. (*Әзірленеді.*)

Генерал әйелі. Господин атаман... өлтірмеңіз, тастамаңыз мені де. Ханым, өтінемін.

Атаман. Болыңыз ендеше, жүріңіз. (*Кетіседі, атаман есік аузында тоқтап алашшыларға.*) Менің артымнан 100 шақырымдай еріп отырасыздар... ең соңғы достық сөзім сол-ақ, қош!

Сұлтан. Құп, рахмет! Осы айтқан жеріңізден шықпасақ адам болмайық.

Сұлтан. Ал, бұ не болғаны?

Мұстапа. Жүр, Гүлжамила кепіл ғой! Соншалық ит жемі қылмас. Тарт! (*Кете береді.*)

Мәжитов (*бір жақтан Алтыншашты сүйреп құшақтап шығып*). Өлсем сені құшақтап өлемін, бол, тез киін, кетеміз.

Алтыншаш. Ей, Мәжитов, тарт қолыңды енді.

Мәжитов. Не, дейсің, әлде қалам деп тұрмысың?

Алтыншаш. Сен немене, алам деппедің?

Мәжитов. Жә, шығарма үніңді. Жүр, жүресің.

Алтыншаш. Мен кесер сөзді анада айтқамын. Саған берер бейіл, салар назар жоқ дегем. Садағам кетерсін.

Мәжитов. Не дейсің? (*Ұмтылып құшақтай бергенде мылтық тарс етеді. Сырттан кіре бере атқан Теміршот. Мәжитов құлап түседі.*)

Алтыншаш. Қуатым, жарым. (*Құшақтайды.*)

Теміршот. Ау, жылағаны несі? Батпайтын күн шықты еліме. Енді басылмайтын гүл өреді жеріме. Біз еркін елдің ерке тотысымыз. Ертеңгі бақытты ұрпақтың батыр ата-аналары болып саналамыз. Қеледі әне! Қеліңдер, жеңімпаз қыран достар. (*Сергей кіреді.*)

Сергей (*мәз болып табысқаннан соң*). Ал, достар, алдымызда әлі де болса аманмын деп атаман кетіп барды. Жеңбей, жоймай тоқтау жол емес. Еңбек елі, Отан ұлы, шын майдан әлі біткен жоқ. Бұл ұран — ұлы ұран. Октябрь ұраны, большевик партизанның ұраны. Жауды тегіс тапа басу үшін әлі де болса тарт алға қарай!

Алтыншаш. Ағалар, өлген жерден тірілген, өшкен жерден қайта жанған — сендер әкелген ұлы күннің нұ-

рымен жанған мен едім. Қастарыңа мен де ерем, ала жүр!

Шынтас. Бәсе, батыр бауырым, халық қызы, бір күнде «Ақ қайың» деп басыңа пана тілеп жырлап едің, енді өзгеге өзің пана болам деп жырлаған «Ақ қайың» дай әннен туған, «Ақ қайың» деп досын таныған, өнері мен бақытын тапқан бауырым, ер қасыма!

Шымылдық

АБАЙ

*Төрт перделі,
жеті суретті трагедия*

ҚАТЫСУШЫЛАР:

- Абай — атақты ақын, 50 жаста.
Әйгерім — оның әйелі, 36 жаста.
Мағауия (Мағаш) — баласы, 24 жаста.
Әбдірахман (Әбіш) — баласы, 26 жаста.
Мағыш — Әбдірахманның қалыңдығы.
Қарлығаш — Абай аулындағы жас келіншек.
Айдар — ақын. Абайдың шәкірті, 25 жаста.
Ажар — Айдардың қалыңдығы.
Көкпай — ақын, Абайдың шәкірті, 34 жаста.
Долгов (Шодыр) — айдаудағы революционер, 30 жаста.
Оразбай — ру басы, 60 жаста.
Қанікей — оның әйелі.
Жиренше — би, 56 жаста.
Нарымбет — Оразбайдың туысқаны, Мағыштың ағасы.
Керім — ақын. Абайдың жақын ағайыны.
Тәкежан — Абайдың бірге туған ағасы.
Әзімхан Оспанов — оқыған қазақ, жандарал тілмашы.
Баймағамбет — ертекші, Абайдың досы.
Зейнеп — соқыр ақын, әйел, 45 жаста.
Дәулет — кедей, 65 жаста.
Орман — жас жігіт.
Мес — Оразбайдың жігіті.
Сырттан — ақсақал, ара би.
Жігіттер, қыздар, тойдағы қонақтар, болыстар,
полицейлер.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Залдың шамы сөнісімен шымылдыңтың ар жағынан үлкен бір шу білінеді. Шапқан ат, қағысқан сойыл даусы естіледі.

— Аттан! Аттан!

— Ұста!

— Байла!..

— Сал!..

— Өлтір!— деген айқай шығады. Сол дабырдың арасынан «Абай аға! Абай!..» деген жалғыз оқшау үн, қаты айқай естіледі.

Шымылдық ашылады.

Сахна. Жартас, селдір тоғай иығынан мөлдір көлдің бір түбегі көрінеді. Шымылдық ашылғанда дабыр басылмайды. Сол жақта киімі жыртылған Айдар мен қара жамылған Ажардың қолдарын байлап жатады. Бұларды қамаған топтың ортасында: Оразбай, Қанікей, Нарымбет, Оразбайдың атарманы — Мес. Қамаушылардың қолдарында қамшы, шоқпар, кейбірі кесек-кесек тас ұстаған, тегіс оқталып тұр.

Көрініс

Н а р ы м б е т (*Айдарға*). Қаңғырған саяқ, төгермін қанынды!

О р а з б а й. Менің аулымнан, Ерденнің қолынан қатын тартып алатын сен құлмысың?

Қ а н і к е й. Ажар, жүзқара, жерге кір бүйткенше!

А ж а р. Қанікей, өлтірсең де тілің тарт!

Қ а н і к е й. Қаралы қатын, ноқталы жесір!
Н а р ы м б е т. Менің жесірім, көзімнің тірісінде не
қорлық, не сұмдық?!
Қ а н і к е й. Мес, жоғалт мынаның көзін!..

Мес жетіп барады.

А ж а р. Тарт қолыңды!
О р а з б а й. Шығарма үнінді, ардан кешкен, атадан
азған!

А й д а р. Ақсақал! Оразбай! Зорлықшыл зорлықтап
қаза табатын. Тоқтатамысың мына зорлықты? Қой деуге
табыламысың, жоқ па?

О р а з б а й. Ә, ақылшы бола кеп пе едің?.. Ақылың-
мен жерге қағайын... Жой көзін!

Нарымбет, Местермен бірге өзі де тап береді.

А й д а р. Абай! Қайдасың?.. Абай!

О р а з б а й. Ә, сенгені — құдай емес, Абай ғой? Я,
әруак, әруак!

Қ а н і к е й. Асқан екенсің, түге. Аяма!..

Арпалысып Әйгерім,
Мағауия, Көкпай, Керім жүгіре шығады.

Көрініс

М а ғ а у и я. Ореке! Араша!..

К е р і м. Араша!.. Тоқта!..

Ә й г е р і м. Керім, тоқтат, құтқар Айдарды! Ұмтыл!
(*Көкпайға.*) Көкпай, жүгір, шақыр Абайды. Жетсін жыл-
дам!

К ө к п а й. Мен кеттім... Аянбаңдар, бермеңдер Ай-
дарды...

Жүгіріп кетеді.

К е р і м. Араша, тоқта! Әпкел бері.

Местің қолынан сапыны жұлып алады.

О р а з б а й. Не дейді мынасы? Ара түсетін кім? Кім
алады қолымнан?

К е р і м. Не болды өзі?..

М а ғ а у и я. Айтып өлтірші!

О р а з б а й. Нені айтушы ем, көрмеймісің? Жылына
жетпеген қаралы қатын... Нарымбеттің інісінің қатыны...
Әменгері мінекей, көзі тірі... Құдай қосқан несі. Соны

Айдар алып қашады... Қаңғырған атасыз, тексіз саяқ әпкетеді. Өлмей неге берем!.. Өлтірмей неге жіберем? (*Қозданады.*)

К е р і м. Ореке, Нарымбет, ендеше жол бар, жора бар емес пе еді? Қолда көз жоқ. Қол қимылы жолдан тайдырмаушы ма еді? Жолсыз жазаға соқпаушы ма еді?

О р а з б а й. Доғар, керегі жоқ сөзіңнің... Мұның бәрі данышпан... Жеткізгенің мынау ғой. Тоқтай тұр, түп тамырына да жетермін!

М а ғ а у и я. Сал жолыңа... Қол тигізбе, бермеймін. Ара түсем Айдар үшін.

О р а з б а й. Түсірмеймін араға... Тарт аяғыңды...

Ә й г е р і м. Араша да бермеймісің?..

О р а з б а й. Бермеймін.

Тәкежан, Жиренше кіреді.

Көрініс

Ә й г е р і м. Ендеше, эне ұлығың, болысың!.. Соған да осыныңды айт.

О р а з б а й. Ә, сен келдің бе, жақсы келдің... Көрдің бе?

Т ә к е ж а н. Естідім, біліп келдім.

О р а з б а й. Ұлығымсың... болысымсың. Құнанбайдың баласысың... Бауырың — Абай, өсіргені мінекей, мына жау... Уа, береке беремісің үйшіме, жоқ па?! Жауабымды сен айт, кесіп айт...

Н а р ы м б е т. Өлтіремін!..

М а ғ а у и я. Өлтіртпеймін!..

Ә й г е р і м (*Ажарды қоршап*). Тарт қолдарыңды, өлтіріп көр кәнекей!..

Жұрт іркіліп қалады.

Ж и р е н ш е. Немене, екі туып бір қалғаның ба еді?

М а ғ а у и я. Туғанына қасқыр да қайрылады.

А й д а р. Айналайын, Мағаш-ай, есімнен кетпес сөз айттың-ау!

Ж и р е н ш е (*Мағауия мен Айдарға*). Айтарсыңдар әлі, осы елдің игі жақсысын қиянаттап, «қайран сөзім қор болды, тобықтының езіне» деп, жас-кәріге жар шашып жүрген сен сұм емеспісің?

М а ғ а у и я. Оны айтқан бұл емес.

О р а з б а й. Енді кім?

М а ғ а у и я. Айтқанның басын алсаң, табылады. Айтқан Абай, менің әкем.

А й д а р. Жазған Абай, айтқан мен, айтқызған сендерсің.

Ж и р е н ш е. Кім дейсің? Өзің кім? Халық ортасында кімнің абройын төгесің, сен сұм?

М е с. Оны бұл қанқұйлы талай топта сарнап жүр.

А ж а р. Қанқұйлы өзің, садаға кеткір!

А й д а р. Ажар, жаным!..

А ж а р. Неге бермейсің сыбағалы жауабын?

М е с. Айтып көрсін, тексіз құл!

А й д а р (Ажарға). Қиналма! Қапқан иттен өш алам деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалар еді?

Ж и р е н ш е. Естимісің, түге, көрдің бе? Бұл сұм мынау ісімен бір өртесе, тіл-жағымен тағы өртеп жүр. Жер өртеп жүр. Ит дегені кім? Көздерің бар ма, көремісің, жоқ па?

О р а з б а й. Не дейді? (Мағашқа қадалып.) Осыны әкеліп тұрған дұшпаным әлде сен бе едің? (Әйгерімге.) Сендер ме едің?.. Айт жөніңді!

К е р і м. Жолға сал... Бер жүгініске!..

М а ғ а у и я. Жөніңмен алмай, тобыңмен алмақ па ең? Бермеймін.

Ж и р е н ш е. Не деп тұрсың? Ей, балам, телі мен тентек сені тапса, сені де құдай табар, ұлықтан кәр кетсе, халықтан ар кетеді. Қорлық пен сұмдық ат мініп, түйе жетелеп келмес, келгені мынау ғой...

М а ғ а у и я. Тәкежан аға, тоқтат, басу айт мынау жұртқа!

Т ә к е ж а н. Тоқта, орағытпа алдымды. Басу айтпаймын, ашу айтам. Жолдан шыққан содырға, елден шыққан дем берер деп, елден шығар жайым жоқ. Бердім, Оразбай, жау аяған жаралы қалады. Аяма, жол-жора сод...

О р а з б а й
Н а р ы м б е т { Жой, жоғалт көздерін! (Тап бері-
М е с { седі.)

М а ғ а у и я (Айдарды өз денесімен қоршай қап).
Тоқта, бермеймін!

Н а р ы м б е т. Өлтіремін!

М а ғ а у и я. Өлтіртпеймін!..

О р а з б а й. Тұр былай!.. Әкет мыналарды.

Оразбайдың жігіттері Әйгерімді, Мағауияны, Керімді ығыстырып шетке қағып әпкетеді.

Сал арқанды мойындарына, әпкел анау аттарды!

Айдар мен Ажардың мойнына арқан салынады.

Мес атқа мініп жетіп келеді.

Мес. Әпкел, байла аттың құйрығына. *(Байлайды.)*

Айдар. Әйгерім апа, арызымызды айт Абай ағама, бақыл болсын!

О р а з б а й. Тарт! Әруак, әруак, қайдасың? Әруак!

Мағауия.

Керім

Әйгерім

} Абай, Абай аға! Абай!

«Әруак» деген дауыстармен жарыса, Мағауия ұмтылып Местің атының басын ұстай береді. Сол кезде сахнаға тасырлатып шауып Абай шыға келеді. Қасында Көкпай.

А б а й *(ат үстінде)*. Тоқтат, араша, доғар жазаны! *(Жұрт үнсіз іркіліп қалады.)* Кес, бұлай!

Көкпай барып, арқанды кесіп жібереді.

Мес. Тарт, тиме арқанға!

К ө к п а й. Жоғал! Арқаның қолқаңа кетсін, мә! *(Бос арқанды лақтырады.)*

Айдар. Абай аға, келдің — болды, арманым жоқ!

О р а з б а й *(Абайға)*. Неге келдің сен мұнда?

А б а й *(Оразбайға жауап бермей, үлкендерге жағалай қарап, Тәкежанға қадалып)*. Ә, сен де мұнда ма едің? Бүйтетін кім? Кімге құрық беріп тұрсың? *(Тәкежан үндемейді. Абай аттан түсе береді. Тәкежанға төніп кеп.)* Сен екеуміз бір Құнанбайдың баласымыз. Қастың қасы, найза басы сен етпек қой. Жеткен жерің осы ма? Қара суыр секілді, ініңді бері қазады десе кері қазайын деп пе едің?

О р а з б а й. Ей, Абай, ақ-қараны судай сапырасың. Бірақ кірісер жеріңе кіріспейсің, бұл араға килікпе!

А б а й. Қилігемін. Ара түсем.

О р а з б а й. Кімің еді бұл сенің?

А б а й. Айдар балам мен бауырымнан артық асылым менің.

Т ә к е ж а н. Не дейсің, не дедің, Абай?

А б а й. Иә, солай деймін.

Тәкежан. Елді бұзған бұзақы ма еді, ендігі барып тапқаның?

Абай. Ел кім, ел сен бе едің?

Жиренше. Ел біз емес, құл-құтан ба еді?

Абай. Ел сен болсаң, ел ұлына жаның ашыр еді ғой?

Жиренше. Сөйтіп, біз бір төбе, мынадай жалғыз-жәутік бір төбе десеңші!

Абай. Алмастың түймедейі түйедей тастан әбзәл. Ездің мынын қайтемін? Өзімнен тумай, елден тусын, бірақ өнері бар ер тусын. Естерің болса, Айдардың сол екенін ұғар едің-ау!

Оразбай. Е-е, сөйтіп, балаңнан артық болса, иесі сен екенсің ғой.

Абай. Иесіз деп талап өлтірмекшімісің, ендеше, талатпас үшін иемін.

Жиренше. Ей, Абай, Тобықтының Қабекеңнен ардағы, атасы бар ма еді? Соның салған жолын қайда тастайсың? Еңлік пен Кебекті неге ұмытасың?

Абай. Атаң істегеннің бәрін істесең, атаң сенің бусанып тұрған қан жеген. Қабекең десең, Кебек тұсында қалың қарындас халқынан қарғыс алып «қабан» деп атанған. Табынғаның сол ма еді?

Оразбай. Ой, сұмдық, әруақ! Айналайын ата-баба!..

Жиренше. Астапыралда, кеше көр бізді. Отты қол жақпайды, тіл жағады. Тобың болып тіл безеп, жұртқа шашқан өнегең осы ғой? Иә бабам Кеңгірбай, кеше гөр бізді!

Оразбай. Ей, әруақ, ей, әруақ, көр мынаны, не дейді?

Жиренше. Ей, халайық! Тобықтыда Қабекеңнен артып кім туып еді? Қасиетті бабам емей, кім еді?

Абай. Қасиетті бабам дейсің ғой, ей, Жиренше, топырағын тауап қыласың ғой. Ендеше, сол Кеңгірбай сонау қатал жазасын жұдырықпен шешіп пе еді, жүгініспен кесіп пе еді? (Жиренше үндемейді.) Айт деймін!

Кәкпай. Жүгініспен, жолмен. Сал жүгініске.

Дауыстар. Бер, жолға бер, қолға берме, жолға сал, биге бер!

Абай. Ал, сал төреге, жүгініске бер, ара биің кім? Айт соны.

Оразбай. Жә, сонда айтысатыным кім? Мынау жалғыз саяқ сандырақпен айтысам ба?

Абай. Айтысатының табылады.

Оразбай. Жауапкерім сенбісің?

Абай. Жауапкерің — мен.

Оразбай. Сөзің бұлай болса, арыла сөйле: мал-басыңмен жауаптысың ғой?

Абай. Басыммен де, малыммен де жауапкермін.

Нарымбет. Ендеше, қасың өзім десенші.

Оразбай. Жауапкер сен болсаң — жетті.

Абай. Даугерің кім?

Оразбай. Менікі — мына Жиренше, ара биім — анау Сырттан ақсақал. Сен даугеріңді айт.

Абай. Мен даугерімді кейін айтам. Жауабын ертең аласың.

Жиренше. Жә, жүгінісің — жүгініс, оған шейін мына қанды мойын айыпкер қайда болады?

Абай. Ол екеуі кепілде болады.

Тәкежан. Кепілі кім?

Абай. Анау Ажардың амандығына сен кепілсің. Сенуші ме едіңдер мынаған?

Оразбай. Сенемін. Болсын, бердім.

Абай. Айдарға мен кепілмін. Жаза күні менің қолымнан аласыңдар. Жә, шешіндер, босатыңдар.

Көкпай, Керім Айдарды босатады.

Әйгерім Ажарды шешіп жатады.

Оразбай (өз тобына). Кімі еді бұл? Кімі еді Айдар мұның?

Жиренше. Ақыны, шәкірті. Көрмеймісің, жанын салып тұрғанын? Абай жазады, ол жаяды бұл жұртқа. Сөзімен бір өртеп, қолымен қоса өртеп отыр. Жиған жасағы ғой.

Оразбай. Атасыз, тексіз қықымды жиып, тапқан екен теңдесін!

Нарымбет. Осының бәрі қанаты мен құйрығы ғой.

Жиренше. Жұртқа жайған сөздерін естіп — түршігіп ем, түрлерін көріп шошымдым ғой; қанатын қырықпай, құйрығын күземей, көз ашылмас. Қам ойла, қам ойла!

Қанікей. Асты ғой бұл...

Оразбай (Қанікейге). Тәкежанның қолына барды ана қатын. Сөйлес, тайдыр ниетінен. Жүгініске бармай, қайтсын райдан. Болмаса — өледі, ит жемі боп өледі.

(Нарымбетке.) Сен шап, шақыр, шақырт мұнда Әзімханды. (Сыбырласып қалады.)

Тәкежан Ажарды өз қасына алады,
Айдар Мағауия мен өзге жастардың тобында.

Мағауия. Өкінбе де қамықпа, Айдар.

Айдар. Мені қойшы. Қолмен істегенді мойынмен көтерет те. Қанталаған көздерін қайтейін! Тақымына толатын қасын тапты да зорға тыныштық тапты ғой. Абай ағамды аяймын. Мені айырам деп, кескілескен жау таппады ма? Қайран ел, талай жақсынды талап өлтірген азу тісі балғадай осы жыртқыштар ғой.

Оразбай (өз тобынан оқшау шығып, Абайға қарсы келіп). Босаттым деп жауланып тұрсың ғой. Жоқ, әлі босатқан жоқсың, көрермін!

Абай. Ағаш оғыңның бәрін емес, мыңын ат, тәуекелмен шыдармын.

Оразбай. Атадан бір бездің, ағайыннан екі бездің, қасым сенсің.

Жиренше. Тіленіп келген өзіңсің. Тілегенің қарныца қастық басы осы деп біл!

Оразбай. Әруақ бары шын болса, қанат-құйрығынды отармын.

Абай. Сен не дейсің! Сақал, шашың ағарғанша, жақсылыққа шақырған бір лебізінді естімей өттім-ау! Ей, қу-қу заман, әзелде тағдыр бұйрығы сол болса, қу сыбағам арпалыспен өтер болса, тым құрыса жыртқыш емес, адам ұлымен алыстырсаң етті... Сендер ме? Жақсылықпен кімді сүйсіндірдің? Ендеше жаманшылықпен де кімді таң қалдырамын дейсің? Бүксіп, бықсып өтерсің! Иә, күттім, тостым, тәңір бұйрығын!

Жұрт үн қата алмай сілейіп қалады,
Оразбайлар шыдамай тайып кетеді.

Шымылдық.

Екінші сурет

Шаңқай түс. Жайлаудағы ауыл. Сахнаның бір шеті — Абайдың үлкен үйінің іші. Екінші шетте ақ отау — қонақ үй. Онда Долгов, Көкпай, Баймағамбет, Айдар тұрады. Үйлер арасынан көлдің шеті, және бір, жақтағы ауылдар көрінеді. Шымылдық ашылғанда Әйгерім қонақ үйге келе жатады. Алдынан бір топ әйелді нөкер ертіп, Қанікей шығады.

Көрініс

Қанікей. Әйгерім, мен қыдыра келгем жоқ.

Әйгерім. Қыдыра келсең де құп аламын. Қанікей, қонақ бол!

Қанікей. Қонақ десен, маған берген сыйың сол болсын, әне Ажармен тілдесе келдім, көмек ет.

Әйгерім. Әттең, Қанікей-ай, сұлусың да естісің-ау, бірақ осы мінезің-ай!

Қанікей. Мін таға бастадың ба?

Әйгерім. Ажар тентек те болса, жынысың емес пе еді, аясаң нетті?

Қанікей. Айтарсың. Ораза-намаз тоқтықта ғой, шырағым. Одан да ана Ажар келеді, бердің бе тілегімді?

Әйгерім. Берейін, бірақ бар сөзінді бастан-аяқ естимін.

Қанікей. Қанеки, жалғыз-ақ менің сөзіме араласпа, тек отыр.

Әйгерім. Болсын.

Ажар келеді, қасында күзетшідей баққан кәрі кемпір.

Қанікей. Жә, Ажармен оңаша сөзіміз бар, барыңдар!

Барлық қатын кетеді.

Көрініс

Әйгерім. Ажар, отыр, қарағым... Сау-сәлеметпісің?

Ажар. Шүкір.

Әйгерім. Сенімен мына Қанікей сөйлесем дейді...

Қанікей. Ажар, мен өздігімнен келгем жоқ, кеше сен жер ғып кеткен елден кеп отырмын. Артында ел күңіреніп отыр. Үйреніскен ұясын аяр бар ма, жоқ па — жауабын айтсын дейді.

Ажар. Ұям екені рас еді. Бірақ ұяда не көрсе — ұшқанда соны алады. Аяуды айтасыз. Мен аяныш көрдім бе сол ұядан?

Қанікей. Кеден кеден болды, кедергі неден болды деп, өзіңнен емес пе еді?

Ажар. Мен кісі баласына не қастық еттім?

Қанікей. Мені алып кел деп жіберді, қайтсын дейді райдан.

А ж а р. Қайтар жолды өздері кескен жоқ па?

Қ а н і к е й. Қайтып үйірін тапса адасқанның айыбы бар ма еді?

А ж а р. «Жетім қозы — тас бауыр: түңілер де отырғар» деген сөзі бар еді Абай ағамның. Мен түңілгем ол ұядан.

Қ а н і к е й. Сөзің бұлай болса, ендеше, қанына қарайып отыр қалың ел. Айдарға қостырмайды сені, бұған не дейсің?

А ж а р. Қайтейін, құдайдың бір салғанын көрем де...

Қ а н і к е й. Ендеше, біліп қой: қайтпасаң — басың қатерде...

А ж а р. Махаббатым үшін, Айдар үшін, мен неге болса да бекінгем.

Қ а н і к е й. «Мапахат» деген пәле шығыпты ғой. Ол немен, ендеше, тумай түгесілер. Өкініп өлерсің — өлгенде.

Долгов үйден шырып, екі қолын артына ұстап тыңдап тұрады.

Көрініс

Долгов (*адамның бас сүйегін алақанына салып, Қанікейге созып.*) Қанікей, мынаны қарашы, мынау не?

Қ а н і к е й (*шошып қап*). Қуарған неме, мынасы не, әрмән!

Ә й г е р і м. Адамның басы дейді ғой.

Қ а н і к е й. Сұм қадам, не дейді?

Аяндап Баймағамбет, Айдар келе жатады.

Д о л г о в. Бұл кімнің басы?

Айдар Ажарға қарай жақындай береді.

Қ а н і к е й (*ашулы*). Тарт әрмән! (*Айдарға.*) Саған не бар, Айдар?

Кемпір келіп, Ажарды қара шапанмен қоршап қалады.

К е м п і р. Жолама, Айдар...

Қ а н і к е й. Аулақ, Айдар!

Ә й г е р і м (*салмақпен*). Айдар!

Айдар еріксіз бұрылып кетеді.

Қ а н і к е й. Мен арылдым, Ажар, сөзің сол ғой?

А ж а р. Сөзім сол.

Қанікей белгі етеді, кемпір Ажарды алып кетеді.

Көрініс

Баймағамбет, Долгов басты қарап тұрады.

Әйгерім (*Қанікейге*). Еркегі ашу айтса, әйелі басу айтады деуші еді, сен тіпті ердің аузы бармайтын сөзді де айттың ғой, неткен жансың?

Қанікей. Уа, қой, жаным, жуас түйе жүндеуге жақсы. Айтатынына айт.

Баймағамбет (*сөздерін бұзып*). Уа, Қанікей, Әйгерім, дәт депті-ау, дәтін болса — айт депті. Ертеде бір Итальян деген ел бопты. Сол елде Мыңетек пен Көпетек деген екі атаның баласы кескілескен жау болыпты. Күндердің күнінде сол екі елдің жарылмаған қауын, шайқалмаған уызы — екі сұлу жасы бопты. Аттарын Рама, Жөлейт дер екен. Бірақ ағайын араз. Қия бастырмайды. Біріне бірінің ғашықтығын білгенде бұрынғыдан да түлен түтіп, екеуіне бірдей хатер туыпты.

Қанікей. Жарайды, білдім, өтірігіңе береке берсін! Жұмысымнан қалдырма!

Баймағамбет. Тоқта... Сол заманнан белгі қапты, мінекей — мынау. Шодырдың қолында тұрған бас тап соның айғағы дейді.

Әйгерім. Не дейді, жаным-ау?

Қанікей. А, қойшы, қарағым?

Баймағамбет. Уай, Шодыр, жөнін айтшы мыналарға.

Долгов. Рас, әдейі осы бас сол заманнан қалған, жерге батпай, дүние жүзін қаңғып кеткен бас дейді.

Қанікей. Өй, төбеңнен ұрғыр!

Әйгерім. Бұл кімнің басы дейді сонда?

Баймағамбет. Жаңағы екі жасты айырғанның ішінде елден ерекше қақап тұрған қас дұшпан бір жеңге бар екен, аты кім еді, Шодыр?

Долгов. Аты ма? Аты — Ханака... дейді.

Баймағамбет. Уа, құдірет!

Әйгерім. Ой, қақбас, десеңші!..

Баймағамбет. Со, тіпті қақбас емес, жап-жас кісі дейді. Осы өздерің құрбы. Не көрінді десеңші? Ал сол өзі де өлердей сұлу болған деседі. Сұлулығы ма? Тіп-

ті дәл осы өзіміздің Қанікейдің сұлулығымен бара-бар болса керек деседі.

Қ а н і к е й (*атып тұрып*). Әй, төбеннен ұрсын шетіңнен, ырымы құрғырдың ырымы қалай жаман еді?

Қатындарын ертіп жөнеле береді.

Б а й м а ғ а м б е т. Тап өзінің басы... (*Күледі.*)

Анадайдан мұның әңгімесін естіп, Абай,
Көкпай шығады және Мағауия шығады.

А б а й. Бәке, сен Ромео — Джульеттаны айтқанда, руларын Мыңетек, Көпетек дейсің, оны өзіңнің үйсінің ғой деп жүрмісің? Монтекки, Қапулетти демеп пе ек?

Б а й м а ғ а м б е т. Әй, Абай-ай, сәнін ойлап жатам ба, сәті келіп қалған соң. (*Күлкі.*)

А б а й (*Әйгеріммен оңаша*). Ажар көңілі берік пе екен, бәйбіше, не білдің?

Ә й г е р і м. Белін бекем буыпты, берік екен. Қанікей қанша қорқытса да қайысқан жоқ.

А б а й. Махаббат жалын болса, Қанікейлердің үгіт сөзі жел ғой. Жел жалынды өшірем деп үрлер-ақ, бірақ өшіре алмай, өсіре түсетінін қайдан білсін.

Ә й г е р і м. Жалғыз-ақ, Айдармен екеуі құр көзімен жыласады. Сорлылар бір ауыз сөз қатыса алмады.

А б а й. Біздің бәйбіше жастарды аяйды, тілдесе алмады деп аяйды. Бірақ шыны. (*Өлең оқиды.*)

Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,
Көзбен көр де — ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл...

емес пе еді? Берік екен Ажар. Ендеше, бізге де берік бол дегені ғой!

Осы кезде «Ақсақал... ақсақал, Сырттан, Сырттан келеді!» деп жұрт жапырлайды. Сырттан шығады.

Көрініс

С ы р т т а н. Абай, ертең әлгі бір немелеріңнің тергеуі деседі. Ағайының өтіл салды... Алмасымды аламын, басқа жерге барсам да.

А б а й. Ақсақал, Айдардың тілегі де сенсің, біз де сені құп көрдік.

С ы р т т а н. Ендеше, ара ағайын, ара бимін, мойным-да қарыз қалмасын, арыла келген үш сөзім бар.

А б а й. Айтыңыз, ақсақал!

С ы р т т а н. Ағайынның жүгініске барғаны — жұлысуға шыққаны. Билікке барып перде жыртып қайтесің, тоқтау тап.

А б а й. Немене тап дейсіз?

С ы р т т а н. Кетіспе Нарымбетпен. О да сенің құдай дескен құдаң. Балаң Әбіштің қалыңдығы соның қарындасы емей кім?

А б а й. Оны қайт дейсіз?

С ы р т т а н. Нарымбетке Ажарды қайтар да, Айдарға тью сал. Не дейсің?

А б а й. Ақсақал, еккенің жақсылық болса, қырманың толы дән аларсын, жамандық еккен кісінің нәр алғанын көрдің бе? Бұл дегеніңе мен жоқпын.

С ы р т т а н. Ара ағайынмын, тағы арылам, екінші сөзім мына Айдардан бойың тарт. Сорлатпаймын дейді екенсің, бірақ қолтығыңа алма.

А б а й. Жалғыз жырып шығарып, кешегідей талата алмаймын. Ақсақал, мұныңа да жоқпын...

С ы р т т а н. Сау басыңа дау тілеп, не бар осы? Басыңа не қысым келді, Абай, сенің?

А б а й. Ақсақал-ай, жан күйерің зынданда отырса, өз басың бақта отырғанмен рақат табар ма ең?

С ы р т т а н. Қорғаймын деп сорлатып жүрсең қайтесің?

А б а й. Мен алысамын бұл үшін.

С ы р т т а н. Ара ағайын, ара бимін, соңғы сөзім. Жау жоғары, мол, Абай. Және бұл жолғы кегінде шек жоқ. Бір Айдар емес, бар ұяңа және тіпті өз басыңа жауығып жүрсе қайтесің?

А б а й. Бәсе, бұл дүлей топтың жауыққаны жалғыз Айдар емес, мен бастаған барлық шәкірт достарым ғой. Бірақ біз жарым жолға шығып қалдық. Өкінбейміз деп шықтық. Жар астында жау бар деп, жарым жолдан қайтпаспыз. Сол себепті, әсіресе қорғаймын Айдарды, аянып қалар түгім жоқ.

С ы р т т а н. Олай болса, даугеріңді айт.

А б а й. Даугер өзіммін. Мен сөйлеймін.

С ы р т т а н. Жоқ, сен сөйлемейсің.

А б а й. Неге? Бас кеспек болса да, тіл кеспек бар ма еді?

С ы р т т а н. Кеше Жиренше үстірт айтты ма деп едім. Жаңа өзім арылдым ғой. Жанылмасам, жауапкермін деген жоқпысың? Айыпкер болсаң, даугер қайтып боласың?

А б а й. Қап, не дейді? Осындайы тағы бар ма еді?

С ы р т т а н. Сөзіңді ұстар биіңді айт.

А б а й. Ендеше, біздің сөзімізді ұстайтын кісі — Керім.

Мағауия, Долгов, Керім шығады.

К е р і м. Абай аға, бұл қалай, мені қойсаңыз етті.

А б а й. Иә, Керім, сен ұстайсың. Айдарымның тілегі мен Ажардың тірлігін сенің қолыңа, сенің еңбек өнеріңе тапсырамын, жолың болсын. (*Сырттанға қарап.*) «Дән көтерген құмырсқаға тимесеңізші: алысқаны — өмір ғой, өмір сондай әбзәл ғой» деп еді Фирдоуси. Айдардың да көтергені сол дән еді. Асыл дән, ел дәні еді. (*Керімге.*) Ең сүйікті досымның амандығын ең жүйрік деп — саған тапсырамын. Ақтайсың, жеңесің, ұқтың ба? Сөзіміз осы, ақсақал.

С ы р т т а н. Болды, жә, мен жүремін.

А б а й. Аттандырындар.

Жастар тегіс еріп шығады, ақсақал кетеді.

Көкпай, Мағауия, Керім оңаша.

М а ғ а у и я. Қатал билік қалпы еді, қатерде қалды-ау Айдар.

К ө к п а й. Тек жолыңды оңғарсын, Керім. Айдар — Ажар тағдыры енді сенің қолыңда.

М а ғ а у и я. Ажар кетсе — Айдар жоқ, Айдар кетсе — амандығымыз адыра қалсын! Кесір күннің қабағы түйіліп тұр. Керім, әр нәрсемен алданған болады, бірақ ағамның да іші толқын.

К ө к п а й. Керім, тек жолың болсын, жаныңды сала гөр!

К е р і м. Көрерміз, мен Айдардан несібін аяр дейсіңдер.

Айдар, Зейнеп, Баймағамбет шығады.

А й д а р. Абай аға, ақын кепті, атақты Зейнеп апай кепті бізге.

А б а й. Уа, Зейнеппісің, хош келдің! (*Екеуі амандасды.*) Иә, жол болсын, қайдан келесің?

Зейнеп. Алатау саркытын саған әкелдім, сенен саркыт алып, оларға апармақпын.

Абай. Құп айтасың. Қадірлі қонағым бол!

Зейнеп. Асыңа бола келгем жоқ, сөзіңе қонақ бола келдім.

Абай. Зейнеп, мұндағы да сенімен бір ұядан ұшқан ақындардың бір тобы еді. Талауға түсейін деп тұр, естідің бе?

Зейнеп. Сенің сөздеріңмен ілесіп, осы соңғы жылдар Айдар сөздері де тарап жете бастап еді құлағыма. Бірақ шырқаған әуенін естимін деп келсем, шырқыраған жан азабын еститін сәтке кеппін.

Абай. Өз құлағыңмен тыңдап тұрып, тоқып ал ертең. Меңіреу қара түндерде өнер менен жарықтың жақпақ отын жағам деген жалғыз-жарымға жабылып жатқан дүлей топ қандай екен? Таңбалап ал, танып ал да, жетсең — Жайыққа, апарсаң — Алатау апар осы қасірет дастанын.

Айдар. Абай аға! Топ бөлек тә, көп бөлек қой. Көп — біздік. Ендеше, алысып өтпек едік қой. Қынжыл-масақ қайтеді?

Абай. О, бәрежелде, Айдар, жақсы айтасың. Бәсе, міне осылай сүйген көңілге күйініш жат болмаққа керек қой. (Күлкі.)

Айдар. Абай аға рас, жаңағыдай күйініп айтқанша, өзімді қалжың етсеңіз де, осындай әзіліңізді айтсаңыз екен. (Күлкі.)

Абай. Ей, жарандар! Мынаны махаббат қандай масайратып тұр, байқаймысындар, рақат қой?

Айдар. Тәңір. Оразбай өшіреді екен деп қалжыңымыздан қаламыз ба?

Абай. О, өркенің өссін, ендеше. Біз өмірді мадақтаймыз. Махаббат сол өмірдің алғүлі. Дегенің шын болса, осы күйде дәл сенен бір аса жақсы жыр да шығайын деп тұрған сияқты, жазсаң нетеді?

Айдар. Дәл таптыңыз. Осы екіталай күндерде менің ойымдағы бір мұратым шын болса еді. Кеше өзіңіз әңгімесін айтқан Еңлік — Кебек жайын жыр етпекші боп тұрмын.

Абай. Бәсе, меруерт толқын атқан судан туса, кейде саф таза жыр толқыған ойдан туатын. Еңлік пен Кебекті жаз, жазшы осы сен!

Керім. Абай аға, кеше сіз бәрімізге сол Кебектің

әңгімесін айтқанда, менің де жазғым кеп еді. Біз де жазсақ болмай ма? Айдарға ғана тапсырғаныңыз қалай? Әділет таппадым-ау, Абай аға.

А б а й. Жоқ. Зұлымдық үшін дүние тар көрінгенмен де, жақсылықтың әр алуаны бір ұяға сия алады. Жақсылыққа дүние кең емес пе?

К е р і м (*ойланып, бұрыла беріп*). Айдарға солай-ақ, бірақ аяғыңды етігің қысса, дүниенің кеңдігінен не пайда?

М а ғ а у и я (*Керімге*). Жаным-ау, екіталайдың үстінде ғой. Шер кімдікі болса, зар соныкі болмайтын не қисыны бар?

Әзімхан келеді. Абайға хат береді.

Көрініс

Әзімхан. Әбдірахман мынау хатты жіберіпті: Аз күнде келем депті.

Жастар тегіс ду етеді, шүйінші деп Әйгерімге жүгіреді.
Әйгерім үйге кіреді.

Әйгерім. Ә, құдай, рас па екен?

А б а й. Бәйбіше, балаң Петербургтан шығыпты, жақында келеді. Ал енді Нарымбет Айдар ісімен кекті ғой, сол құрғырлар «қарындасымсың, намысымды ойла» деп, Мағыштың жүрегіне қозғау салмасын.

Әйгерім. Осыны естіп жүрмін. Өзім де сізге айттайын деп едім. Қайтсем екен?

А б а й. Мағышқа Қарлығашты жіберіп, шақыртып алшы. Мен шақырады де, қазақтың ырым-жырымын, ұят-сұятын қойсын. Үш жыл бойы келмеген күйеуі келе жатыр. Менің аулымда болып, Әбіштің алдынан шықса, әбден ризамын. Тез осында келсін десейші.

Әйгерім кетеді.

Долгов (*басты қарап отырып Әзімханға*). Сен қайда істейсің осы күнде?

Әзімхан. Мен жандаралдың кеңсесінде істеймін.

А б а й. Не дейсің, тілмаш болдың ба?

Әзімхан. Иә...

Долгов. Петербургте университет бітіріп келіп, жақсы-ақ орналасқан екенсің.

Әзімхан. Ол не дегенің?

Долгов. Жай, сенен басқа кімнің қолы жетсін дегенім ғой.

Әзімхан. Қолы жеткеннің бәрін теріп қайтеміз. Біреулер ол болса, тағы біреу көр ақтарып, қорқау қасқыр тәрізденіп бас кеміріп жүреді.

Абай. Ол не дегенің?

Әзімхан. Осында ел ағасының барлығы қатты наразы, бұған да бүлініп жатыр. Мені әдейі сізге жіберді. Мына Долговқа тыю салсын, көр ақтартпасын дейді.

Абай. Долгов — ғылым адамы. Бұл антропология ғылымын зерттейді. Зерттеулер арқылы қазақ халқының тарихын жазбақ. Мен сонысына тілеулеспін, жәрдемдеспін.

Әзімхан. Ғылымнан бұрын обал керек, намыс керек емес пе?

Абай. Ой-бұй... Жә, қой-ақ қой! Қаңғырлаған қоңыраудың іші қуыс екен ғой, тәйір. Оразбайыңа айт, сандалмасын, мұның да жауабын менен алсын. Долгов та менің досым, бермеймін. Және еңбегін қорғаймын деп айтты де, сол.

Әзімхан. Ел намысына тиетін жұмыс қой.

Долгов. Не дейсің осы сен? Мен болсам, көр ақтарсам да, жер астында қалған басты жарық дүниеге шығарады екем, өліні аршиды екем. Соным сенің жандарал кеңсесінде тіріні көмгеніңнен сұм болып па? (*Жастар күледі*).

Елге жаның ашыса, жандарал қасын ықтар ма ең, достым.

Әзімхан. Ә, ә, сіз солай дейсіз бе, көрерміз.

Кетіп қалады. Тыста Керіммен сөйлесіп отырады, үйде Абай,
Долгов, Баймағамбет.

Долгов (*аздан соң*). Абай, осы Жиреншемен алысуға Керімнің шеберлігі жете ме?

Абай. Жетпегенде, кімнен көмек сұраймыз?

Долгов. Жиренше деген қауіпті қу, қатер ғой.

Абай. Білемін, бірақ қайтемін? (*Қайта кітіп оқиды.*)

Керім (*тыста Әзімханмен сөйлесіп отыр*). Мен абақпын ба сонда, маған нені ұсынып тұрсың өзің?

Әзімхан. Абай қыңырайған бетімен кетер, кеткенде жалғыз кетер. Сен сонда қанжығасында кетпек пе ең?

Ана жақтың ашуы қатты, жаулық шексіз алысқа кетер түрі бар. Бүгін Абай қасында кім қалса, соның бәрі қатерде.

К е р і м. Не дейсің, не деген сұмдық ниет?

Ә з і м х а н. Бірақ сен бе? Сенен ел мен ұлық басқаны күтеді, дәмесі зор... Мен де әрқашан сенің қасындамын. Сенен күткен ел үміті көп, сен соны ақтайды деп сенеді. Түптің түбінде ел иесі — Абай емес, сен деп біледі. Атаның аруағын, құдайшылықты, ел намысын ойласа — ойлайтын, жоқтаса — жоқтайтын сен ғана деп біледі. Ендеше, сал таразыңа! Ел қарызы жеке адам қарызынан зорырақ. Бірді мыңға сатамысың, мыңды бірге сатамысың? Таңдау өзінде. Айдар емес, тіпті Абай да емес, сында тұрған — сенің басың; ойлан, қалай шешсең де — ойлап шеш. Жауабыңның керегі жоқ. Ертең билік. Ойлан, мен кеттім.

Кетеді. Керім жалғыз.

К е р і м. Айдар емес... Тіпті Абай да емес, сенің басың? *(Ойланып.)* Мыңды бірге? Бірді мыңға? Мыңға? Сатам ба? Кімді сатам? Қарызды достыққа қиям ба? Достықты қарыз үшін қиям ба? Ойлан! Ертең билік!..

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Үшінші сурет

Шаңқай түс. Абай ауылының жанындағы бір төбе, кең жайқын, апайтөс бір өлке. Алыста мыңғырған мал. Шұбартқан қалың ел, жайлау. Оқшауырақ бір төбенің басында бір топ мола. Шошақ бейіт, төрт құлақты бейіттер. Осы елдің арғы аталарының зираты.

Шымылдық ашылғанда Қанікей, Нарымбет шығады, алдыңғы жаққа қарап алаңдап келе жатысады.

Қанікей. Келе жатыр, әне келеді. Тоқтат, қайтар кейін.

Нарымбет. Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық деген осы-ау. Бір туғанын мынау сияқты қыз болмай, жаман да болса, еркек болса, бұл күнде Абайдың қолында өлер еді-ау. Жесірімді бермеймін деп, мен қандай отқа күйіп жүрмін? Бұл болса, желкілдеп келе жатқаны мынау.

Қанікей. Азғырудың кесірі ғой, азғырып жатыр ғой мұны да... Айт, ақыл қылып айт... Қайтар...

Қарлығаш пен Мағыш шығады.

Көрініс

Нарымбет. Мағыш, не ғып жүрсің, қарағым? Жоқ ырымды бастап, кайда барасың?

Қарлығаш. Не ғыл дейді? О несі? Шақырып келем.

Қанікей. Өздігіңмен шақырдың-ау, бүйітпесең жеңілтек боламысың?

Қарлығаш. Жо-оқ, өздігі несі?

Қанікей. Енді кім шақыр деді?

Қарлығаш. Ақкем шақыртты, о несі?..

Нарымбет. Онысы кім?

Қанікей. Абайды айтады, тәйір. Бәсе, айтпап па емі!

Нарымбет. Қарлығаш, құдай ұрсын! Мағышқа жақын болып, апа болғандағы бар тапқаның осы ма?

Қарлығаш. О-о, құлқының... Нарымбет аға, не дейсің сен?

Нарымбет. Қарлығаш, сен тоқтай тұршы, менің Мағышпен екі ауыз сөзім бар.

Қарлығаш. Ал, о несі екен? *(Тайып кетеді.)*

Н а р ы м б е т. Мағыш, барма Абайдың аулына, қайт қазір үйге.

М а ғ ы ш. Неге, Нарымбет аға, не болды?

Н а р ы м б е т. Әттен, тәңір-ай, айтып ұқтырайын ба? Өзің білмейтін не жөнің бар еді?

М а ғ ы ш. Немене, сен араз болды деп, мен де безем бе?

Н а р ы м б е т. Абай кескілескен дұшпаным менің. Қара жамылған жеңгенді әкетіп отыр, қойнымдағы қатынымды әкетіп отыр. Туысқан болар, тәтті болар нем қалды? Сол жауға сені мен қайтып қиям?

М а ғ ы ш. Құдай-ау, не сұмдықты айтып тұрсыз?

Қ а н і к е й. Нарымбетті аямағанда, сені аяр деп пе едің?

Н а р ы м б е т. Бүгін жүгініс, Ажар, Айдардың кесігі болады. Қазір Абайдың белі сынады. Кесір орнап жатқан ауылға келіп нең бар деймін бүгін?

М а ғ ы ш. Мен Әбіштің алдынан шыққалы келем, ол екеуміздің жазығымыз не?

Қ а н і к е й. Әбішке өзіңнің иманың берік қой тегі.

М а ғ ы ш. Күткенім кім еді талай жыл? Сақтағаным кім еді?

Қ а н і к е й. Қарағым-ау, ойлансаңшы, не айтып тұр? Саған Әбіш жат боп кеткен деп тұр ғой.

М а ғ ы ш. Кім айтты?.. Сенбеймін... Айтпаңдар оны маған.

Қ а н і к е й. Айтарсың... Көнбедің ғой, ендеше, барсаң да біліп бар. Әбіш Петербургте орыстан қатын алыпты. Сүйгені сонда. Шоқыныпты ол құрыған.

М а ғ ы ш. Иә, жасаған!.. Әбіш... Әбдірахман... Менің жарым. Не дейсіндер? Кім айтты?

Н а р ы м б е т. Әзімхан айтты анығын. Екеуі Петербургте бірге болған емес пе, бірге оқыған. Әзімхан айтып кеп отырған жоқ па? *(Мағыш жылайды. Нарымбет кеп бетінен сүйіп.)* Бауырым, жан дегенде жалғыз бауырым... Қайтып қиям? Мазағына не деп жіберем мен сені? Қайт деймін.

М а ғ ы ш. Жоқ, Нарымбет аға, тоқта... Адастырма, жылатпа мені.

Н а р ы м б е т. Қайт деймін... Қайтшы өзің!..

М а ғ ы ш. Сенбеймін. Ажар кетті деп айырбасқа салмақ па ең? Намысың мен тартысыңа менің басымды құрбан етпексің ғой.

Н а р ы м б е т. Қайт деймін.
М а ғ ы ш. Қайтпаймын, барамын, Қарлығаш!
Қ а р л ы ғ а ш. Е, бәсе, Мағышым, әне апан да келеді.

Әйгерім, Мағауия, Көкпай шығады. Нарымбет, Қанікей тайып кетеді.

Көрініс

Әйгерім. Мағышым, алтыным. Бәсе, ақылың бар деп сеніп ем. Айналайын. *(Бетінен сүйеді.)*

Көкпай. Мағыш, үлкенді-кішілі боп әдейі алдыңнан шықтық, жүр, ұялма.

Мағауия. Денің сау ма?.. Ағам жіберді, алдыңнан шығарды. Ұялмасын, тіпті үстіме келсін дейді.

Бұлар қозғала бергенде, Оразбай, Жиренше, Тәкежан шығады.

Көрініс

Абай мен Керім шығады.

Керім *(Абайға)*. Абай аға, Айдар — Ажар өтініш етіпті. Тергеуіне бізге де рұқсат етсін депті, қайтеміз?..

Абай. Қой, қара құлақ қасқырдың шамы деп Ажарды көріп тек отырар деймісің?

Керім. Ендеше, Айдар болсын... Айдардан халық алдында зар шықса, сүйеу ғой маған да.

Абай. Қой, доғар оны, Оразбайдың қолына тағы бір шоқпар бермек пе ең? Одан да осы араға халықты, ара ағайын, көлденең көпті шақыртыңдар. Бар, Мағаш, шаптыр кісілерді. Қуә болсын, елдің өзін шақырт.

Баймағамбет. Абай, мені Шодыр мен Зейнеп жіберді. Тергеуін тыңдамай қайтіп отырамыз дейді.

Абай. Бәке-ау, той деп тұрмысың? Саған дос Шодыр Оразбайдың көзіне оттай басылмай ма? Сәлем айт Федор Ивановичке, ренжімесін, болмайды.

Баймағамбет. Ал Зейнеп ше?

Абай. Зейнепті өзің ертіп кел. Бірақ үндемеңдер, Тек отырып тыңдандар. Екеуің де. Бүгін тергелетін Айдар — Ажар ғана емес, ақын, ақындық тергеледі. Бірақ шын айыпкердің аты аталмай тергеледі. Осыны айт Зейнепке.

Ақсақалдар шығады, жұрт тегіс түреген, ортаға жоғарыға шығарады. Екі жақ екі жарылып отырады. Төменірек отырған Көкпайдың жанына Қарлығаш лып етіп келеді. Басқа әйелдер жоқ. Қарлығаш басына тымақ, үстіне шапан киген. Көкпай жоғары қарап отырғанда, Қарлығаш иығынан қағып қалады. Көкпай қарағанда:

Қарлығаш. Ассаламағалайкум. *(Көкпайды қойып қап, күледі.)*

Көкпай. Әй, саған не бар! Түү, сарамас...

Қарлығаш. Үндеме. Билік қандай болады екен, көрейін деп келдім.

Көкпай. Оразбай білсе, пәле шығады.

Қарлығаш. Қойшы, қатындар жіберді, жеңешем жіберді, естіп кел деді. Әй, сен маған бәрін айтып отыр, білдің бе?

Осы кезде, ақсақал барып отырған соң, бір жағынан Керім, бір жағынан Жиренше барып отырады, Қарлығаш Көкпайды қойып қалып, мінбелей отырады. Не болады деп емесісі құрып, жанып отыр.

Әй, ананы кара... Ананікі несі, Ақкемнен жоғары шыққаны несі, ойбай сорақы... Әй, айтсаңшы! *(Көкпайды қағып қалады.)*

Көкпай. Тек отыр.

Қарлығаш. Айтсаңшы, құлқының құрғыр!

Көкпай. Әй, мас немеісің?

Қарлығаш. Құлқының құрғыр, мен түк білмеймін деймін, айтсаңшы!

Көкпай. Е, мен сенің тілмашың ба едім?

Қарлығаш. Қысқарт, айтасың?

Көкпай. Жандаралсымай, тек отыр.

Ақсақал таяғын көтереді. «Токта! Өне тыңда! Токта!» деген дауыстар шығады. Жұрт жым-жырт болады.

Сырттан. Ей, ағайынды-қарындас! Күн райы бұзылды. Бейбіт елдің бейқам көшін көремісің? Қай сорға кетіп барады? Отқа түсе ме, опқа бата ма, қайда әкеліп барасың! Тату едің, тәтті едің, қарға тамырлы қарындас ең. Кер кезеңде керісіп тұрғаның мынау. Не тығырыққа қамалдық? Қиялап шығар жол бар ма? Әлде заман азды, заң тозды дермісің? Бірақ қисайта, қылыш сермейсің, кессең өз қолыңды кесерсің. Кімді мәнсүк етерсің? Кесір насырға шапсын ба? Жо, телегей толқын сабасына түссін бе? Барар бетің немене? Алдынды тостым, ағайын...

Пауза.

Қарлығаш. Кімге болысты, не деді?
Көкпай. Екі жаққа бірдей сөз тастап отыр.
Сырттан. Сөйлеңдер!

Жиренше қамшысын тастайды.

Қарлығаш. О несі? Қамшысын тастағаны несі?
Көкпай. Сөйлейін дегені, тыныш отыр.

Жиренше. Тағы да тас қияда қағысып тұрмыз. Тағыдайын шайнастық. Төменде, күзде «қанды басың бері тарт» деп құлағанды тосып, түпсіз терең тұңғиық тұр. Тұрсын солай, болсын солай. Бас пәлесі емес, ел пәлесі. Кімнен шықты, неден шықты? Неден шыкса да, елді аямас қатыбас тастан шықты. Улы қанжар буынған қастан шықты. Заман азды деймісің? Заман азған жоқ. Күн орнынан шығады, ай орнына батады. Заң азды деймісің? Заң азған жоқ, баланың аты бала, бөрінің күшігі емес. Қатынның аты қатын, қаншық емес. Ел азды деймісің, ел азған жоқ. Атам — қазақ, руым — Тобықты. Абай, елімді аздыра алмаймын. Ендеше, бүгін қолымдағы жесірімді алатын, ертең қойнымдағы қатынымды алам дер. Мұның аты кім? Ел қауына өрт қойған қас емей, кім осы? «Мен қастық деп» кеп тұрса, қасқара шаппас нем қалды? Қан болмай неге жіберем? Шабыспай неге шайлығам? Уытын жаяр усойқы, тамырын жұлмай қалам ба?.. Талабым талғау емес, байлауым біреу... ел бүлігі екі сұм — екеуі де өледі... Өлгенде ат құйрығына байлап тұрып, қалың елдің жайлау бойын жосытып, сүйрете тартып жөнелтсін. Ит жемес боп өлсін. Ұл-қызым көзі көрсін.

Жым-жырт. Керім қамшы тастайды.

Қарлығаш. Құдай-ай, не дейді? Енді қайттік?

Көкпай. Тоқташы, сөзі қалай жат еді?

Сырттан. Сөйле, Керім.

Керім. Қазақ, қазақ дейсің-ау, жер-жаһанға көзің сал. Қазақ та адам баласы. Қалың адам баласынан, қазақтың қаскасы бөлек емес. Заман азбасын. Бірақ заманның күні-түні бар. Бәйшешек атқан сәуірі, сықырлаған қарлы, суық қаңтары бар. Бар кәрі саған ұсаса, сен аязды қаңтарсын. Бар жас бірден тыныс етсе — ол сәуірдің таң шапағы. Қабысармысың, ұғысармысың? Мәңкімей тұрып, мойның бұр. Жас дәуреннің шам-шырағы, махаббат дегенді естіп пе ең, я ұмыттың ба! Ләйлі мен

Мәжнүн, Жүсіп пен Зылиха, Көрпеш пен Баян. Және ана Баймағамбет айтады: Ромео мен Джульетта. Сол шерлердің қанды зарын естігенде, қай адамның қабырғасы қайыспайды? Тобықты емес, шүршіт бол, шіміркенбей тындаған бар ма? Ажар бар да Айдар бар. Ажар жетім еді, жетім қозы түртіншек. Кім бастайды, қайдан бастайды. Ажарға не кінә бар? Балық басынан... не десең де Айдарды айтарсың... Бірақ Айдар кім еді? Айдар елдің Айдары, көп торының ішінде ақты-бозды жүйрігі, қайтып қолың батады? Рас, алтын ерің атқа батса, талқан қыл да отқа жақ дерсің, ұя бұзды, шідер үзді, ортама от тастады дерсің Айдарды. Бірақ Айдар кім еді? Айдар елдің думаны. Қайтып отқа қиясын?.. Рас, шеттен келсе шебіме тиіп несі бар, дос болса бедел сақтамас па еді? Ата-бабам әруағына, ағайынның ұйтқысына қас боп келді... келді де бұзды. Бірді бұздады, елді бұзды дерсің Айдарды. Бірақ Айдар ақының... асылың... Ол жас емес пе?.. Жастық албырт емес пе? Намысымды таптады дерсің Айдарды, не демек керек... Бірақ Айдар ақын... Албырт, қайтып қиясын?..

Жиренше (кекесінмен күліп). Айтар сөзің албырт қой. Албыртса, тегі тергеу жоқ қой? Адамды қой, албыртқанмен, хайуан екеш хайуан да артын ойлайды ғой. Екі мысық қарықса, ол да адамның панасын іздеп келеді. Өзге мысық таламасын деп қара тартады. Ол екеш ол да жалтақтайды ғой.

Қерім. Жиренше, сіз үлкен кісісіз. Жол айтуым жөні жоқ, бірақ біздің бастан тарақ қалғалы қашан деп таз қыз айтыпты ғой, сол тәрізді ұмытқан нәрсеңізді қозғап қайтесіз? Болмаса, сүйіскен жастың жүрегінде не бар, басында не қалды, оны ұғар едіңіз. Жалғыз ақ зәу шайтан өш мысықтан өзің қысылған шағында маған кел дер ем. Не керек. Ұмытыпсың ғой.

Жиренше. Жоқ, мен түкті де ұмытқам жоқ. Бәрі есімде. Ұмытқан сенсің, болмаса жесірдің жақсысы Қыз Жібек еді, есіңе алсаң, оны неге ұмытасың. Оны қойып, қайдағы Жұлыпкетті деген неменді ұсынасың. Ұя құрған үлгі емес, ұя бұзған Жұлыпкеткен абзал дейсің ғой. Кәпірістан бол дейсің. Болмаса кәпір ертегісін айтар ма ең? Сен әлде жақында осы елді шеркеуге де бастарсың.

Мес. Астапыралда... Е, бәлем!

Нарымбет. Жер-жебіріңе жетті ме, бәсе. (*Жұрт жымы-жырт.*)

С ы р т т а н. Сөйле. (Жым-жырт.) Сөйле! (Жым-жырт.)

К ө к п а й. Тәйір-ай, мынаны қара басайын деді ме?

О р м а н. Не боп кетті мынаған?

Қ а р л ы ғ а ш. О не, не болды? Насыбайың берші. (Көкпайдың шақшасын өзі алады).

К ө к п а й. Құрып қалғыр, не ғып отыр?

Қ а р л ы ғ а ш. Не боп қалды, айтшы-ай (Шақшаны қайтадан қалтасына салады.)

К ө к п а й. Енді сөйле деп бір қайырса — бітті. Жиренше сөзі — сөз.

Қ а р л ы ғ а ш. Құдай-ай, не дейсің, қойшы?

К ө к п а й. Тек, тек отыр.

С ы р т т а н. Жә-э, сөйле! (Керім қамшысын тастайды.) Сөйле, Керім!

Қ а р л ы ғ а ш. Иә, тәңір, бере көр!..

К е р і м. Көңлі бітеу, көзі көр несін демеу етеді? Білмесін мақтан ете ала ма? Қараңғыда тас сүзесің. Болмаса Ромео — Джульеттаны, олардың зарлы шерін білмейтін адам баласы жоқ. Білмесең, қайыспасаң, сен ғана қайыспайсың. Алысты қояйын. Саймақтың сыбызғы сазын сүйіп қашқан қалмақ қызын кім сөгуші еді. Күңірене тыңдамаушы ма едіңдер? Ажар Айдардың ақындығын, тәтті сазын сүйген жоқ па?

Ж и р е н ш е (лып етіп). Жарайды, айтқаның Ажар ғой. Ажарды шығардым былай, жолға бердім.

Қ а р л ы ғ а ш. Ә, құдай, Ажарды ақтады. Тым құрыса, бірін айырды.

К ө к п а й. Не боп барады?

Ж и р е н ш е. Балық басынан сасиды дедің ғой. Азғырған Айдар... Бас екені рас; ендеше, кебім Айдарда. Атаған жазам жаза, сол Айдардың басына.

К е р і м. Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалмаушы ма еді? Айдар шеттен келген жалғыз жан еді. Зығыр жеп кеп еді. Абайды қорғалап келмеп пе еді? Абайды қорғаласа, аруақты ел деп, сені қорғалап келгені емес пе? Абайдың абройын қайтесің? Абай елдің Абайы емес пе еді? Кімнің сағын сындырасың?

Ж и р е н ш е. Ей, шырағым, алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала деген. Сен бағанадан бері талай елді шарладың, талай ертегіні тердің ғой. Мен алысты сүзбейін, осы елдің кешегі көз алдынан өткенін, өз ішінен іздейін. Мамырды бұзып Қалқаман тап бүгінгідей

ағайын құтын шайқағанда, Әнет бабам, осы елдің әулие, кәрі бабасы, не ғып еді? Бұзақысың деп Көкенайдың садағына байлап бермеп пе еді? Арғын менен Найманды тап бүгінгідей Кебек пен Еңлік бүлдіргенде, бергі атам — қабілетті Қабекең не ғып еді? Өз билігімен екеуін де мойындарына арқан тағып сүйретіп өлтірмеп пе еді? Сол Қалқаман, Кебек осал жандар ма еді? Ақын дейсің, Қалқаман, Кебектен асыл ма? Олар бұл елдің бұрын маңдайына бітпеген еңіреген ері емес пе еді? Бөтен емес, өзі еді; ет-бауыры еді. Ел тыныштығы үшін сонысын да аяп па еді?.. Жә, қорғалаған дедің ғой, енді соныға келейін: кеше киелі Кеңгірбай заманы болса, сол қорғалаған бұтасымен өртемес пе еді? Бірін-бірі бөрі ұлып қабады. Мына жауды мал мұндалап шақырып отырған кім? Абай мен сен! Ендеше, қанды мойын өледі. Сендер ме? Ел бүлігі үшін, осы қорлық үшін сендер, сендер қоса күйесің. Құтылмайсың, тәліміңмен тапқаның ғой. Қылша мойның талша, қолың етті, көтересің! Би емессің, әуелі айыпкерімісің сен. (*Керімге.*) Үлкен жауабым сенде. Мынау отырған, Абай, сенде.

Орман. Жаным-ау, мынау қалай шалқиды?

Дәулет. Айтпап па едім, әулігуін қарашы, құдай ақ та!..

Мес. Бәсе, жатқанымен тұрмасын!

Сырттан. Сөйле! (*Жым-жырт.*)

Мес. Сөз бітті, не сөйлейді?

Нарымбет. Қақалды білем.

Сырттан. Сөйле!

Қарлығаш. Тағы не ғып қалды анаған?

Көкпай, Қайдан білейін несі барын?

Қарлығаш. Тамағына тас тығылды ма, жаным-ау?

Сырттан. Жә, сөйле? (*Керім төмен қарап қалады.*)

Абай. Ей, кәрия, уау, о заманда бұ заман, бір тойда екі жар бар ма? Бір жүгіністе екі дау бар ма?

Сырттан. Е, жоқ, о немене?

Абай. Жә, ендеше, мынау Жиренше Айдар мен Ажарды тергеп отырған жоқ, мені де тергей бастады ма? Ол ол ма? О заманнан бұ заман, жүгініске келген бидің өзіндей, тең қарсы биді қанды мойын айыпкер етіп,

тергеуге алғанын көрген бар ма? Көп жасаған, көпті көрген кәрісің. Ақсақал, осы-дағы жол ма екен?

С ы р т т а н. Жол емес ол. Жөн емес.

А б а й. Ендеше теңдік ете бер. Орайымды айтқызымына Жиреншеге.

О р а з б а й. Айтқызба, сөйлетпе!

К ө к п а й. Сөйлет, айтқызы!

Д а у ы с т а р. Сөйлет, айтқызы жауабын. Сөйлет. Сөйлетпе.

С ы р т т а н. Токта! Орайың бар, датың орынды. Айт, Абай!

А б а й. Ей, Жиренше, Қалқаман мен Кебекті айттың, Әнет пенен Кеңгірбайды айттың, текке айтқан жоқсың. Табандап тұрып, тап жығарым деп айттың. Жасағыңа өлі эруақты жиып кепсің. Өткенді айтып өктейсің кеп. Қойшысы ұйқыда, қойы қасқырмен бірге өрген күн еді демексің. Солай ма екен? Сен айтқанды айтты ма екен сол өткен күннің халқы? Сен айтқанды айта ма екен мына бүгінгі ұрпақ, мынау отырған халайық? Айтпайды, үйткені өткені үшін күңіренген халық бұл халық. Өткен күннің қаттыларын, қаталдығын даттайсың. Қаттылық бір мен екіде, халықта ма еді? Сол қаттылар не көміп, нені егіп кетті... Қараңғылық, надандықты көмбе ғып кетті. Еккенің тікен болса, орарың балауса болмас. Нені мұра ғып кетті? Ұлына тұсау, қызына нокта кидіріп, құл мен күң етіп кетті халықтың жас ұрпағын.

О р а з б а й. Тұсауың не, ноктаң не сенің?

Ж и р е н ш е. Ақ тілек, ақ батаны айтамысың нокта деп?

О р а з б а й. Аттанып тұрып алысқаннан басқа түк қалдырма тек, арыл, арылып бол, жалғыз-ақ!

А б а й. Ат мініп, аспап асынып, алыстан жау іздеп қайтесің сен, Оразбай! Сенің жауың өзінде, өз ішінде. Ол осы тұрған надандығың, қараңғылығың... Сен жабыссаң — өткен күннің қараңғылығына жабысасың. Мен алыссам — келешектің жарығын іздеп талпынам ғой. Бірақ қанды ауыз қасқыр өзін жейтін жолбарыс барын ойлай ма? Сені жейтін жолбарысың сол соқырлығың ғой. Бірақ мен елді қайтып қиямын? Жә, Жиреншенің дауына келейін. Қалқаманды Көкенайдың атқаны рас. Бірақ соның арты не боп еді? Оны Жиренше жасырды ғой, Көкенай оғы жара салғанмен, жыққан

жоқ-ты Қалқаманды. Сол Қалқаман осындай оққа байлап қаттылық еткен қарындастан қатты түңіліп, кош деп бірақ кетпеп пе еді? Қетерінде қарап тұрған қалың ел күңіренбеп пе еді? Үзенгісіне оралып, кеше гөр деп жалынып жылап тоқтатпақ болған кім еді? Ей, осы отырған жас-кәрі, сендердің ата-анаң еді. Қарғағаны Қалқаман ба еді сол елдің? Жоқ, Көкенай еді. Сол Көкенай ел қарғысын алып, лағнет қамытын киіп, ұрпақсыз өтпеп пе еді.

Дәулет. Ой, аузыңнаң айналайын рас, рас!

Орман. Солай, рас!

Абай. Айдар Қалқаман болсын, ал мен шығарып берейін, бірақ қарғыс атқан Көкенай менмін, бүгінгі күннің қанішері менмін деп қайсының шығасың?! Кәне?..

Дәулет. Ой, өзімен кетсін!..

Дауыстар. Өзі ома қапсын, құрысын өзі!

Абай. Кебекті айтты ғой Жиренше. Оның да артын айтқан жоқ. Әдейі айтқан жоқ. Еңлік пен Кебекті өлтірген күні сонау шеткі Ақшоқы басында сол сорлылардан қалған жас нәресте, жазықсыз ұрпақ, жоректегі екі айлық жас ұлан жылап жатпап па еді? Бейуаққа шейін жылап жатып, жоқ болғаны кәне? Соны естіген қарындас жүрегі мұздай қатпап па еді? Еңіремеген кім еді? Қаттылық бір мен екіде, халықта ма еді? Сұрашы халықтан! Кеңгірбайды құптай ма екен? Кебекті айтып жылай ма екен? Аямаса қанға жерік Жиренше аямасын, ей, халайық, нақақ қаннан сен аулақ бол!

Дәулет. Айтқаның жөн, Абай...

Орман. Жолыңды оңғарсын, Абай аға...

Қарлығаш. Тілеуің берсін, айналайын Ақкем-ай!

Көкпай. Тек отыр, деймін сен.

Сырттан. Сөйле! (Жым-жырт.) Сөйле!

Орман. Е, бәлем, қақалдың ба, Жиренше!

Сырттан. Жә-ә, сөйле! (Жиренше қамшыны тастайды.) Сөйле, Жиренше!

Жиренше. Е, Абай, алыстағы атадан, Әнет бабаң, Кеңгірбайдан безіп шықтың ғой. Атаны қояйын, ал бірақ кешегі Қүнекенді — өзің туған әкенді қайда қоясың? Тап осындай Қодар мен Қамқаны — ел бүлігі екі сұмды, нар түйеге мойындарынан қосақтап астырып өлтірген дәл сенің өз әкең емес пе еді? Ел сұмдықтан тыйылсын, көріп көзі қансын, түңіліп көңлі шайлықсын

деп істемеп пе еді? Сенің әкенді мен өз көмгеніммен куә етейін. Бұған не дейсің? Тіпті әкең ғана емес, өзінді және куә етейін, бала күнінде менімен ере барып, тап өз көзіңмен көрген сен емес пе едің? Абай емес пе едің?

Абай. Бәркелді, көргемін, көргенім анық. Жақсы айттың. Ендеше сол сұмдықты көргендіктен әлі күнге есіме түссе ет жүрегім қан жылайды. Сол сұмдықты көргендіктен бүгін Айдар мен Ажардың тілеуін тілеп кеп отырмын. Оны сен де көрген едің, Жиренше, бірақ тағы да қисайта айтып, теріс айтып отырсың. Түйеге асып өлтірген еді дейсің. Сол ғана ма еді. Түйеге асып, соның артынан құз басынан құлатып, ақырында қырық рудың адамына қырық кесек атқызып, таспен мылжалап өлтіріп еді. Неге сүйтті? Қодарға тағылған кінә — шын кінә емес, жала еді. Ақ-қарасына жетпей-ақ өлтіру керек болды. Соның жауабын жалғыз алмай, көпке жаймақ үшін қырық атаның баласы өз қолдарымен кесек атты. Сол кесек атқанның бәрі де Қодарды өлтірушілер еді. Онда сенің атаң, Жиренше, сенің атаң, Оразбай, сенің атаң, Нарымбет — баршасы да бар еді. Бастығы — менің әкем. Ал осы әкелерді ақтаймын ба мен? Ей, халайық, біл міне, куә бол, ақтамаймын, қайта «ақ еді» деп жанын берсе, Жиренше берсін. Мен болсам, сол әкемнің және Жиренше, Оразбай, сендердің әкелерінің сол күнәлары үшін мына халық алдында қарыздармын деп санаймын. Ол қарызым — адамшылық, әділет қарызы; қарыздармын, халық, сенің алдыңда! Әлім жетсе, қолымнан келсе, сол қарызымды ақтамақпын... Бүгінгі елдің жетім қызы, жалқы жігіті, сені ақтасам, сол Әнет, Кеңгірбай, Құнанбайлар сияқты, келер ұрпақтан қарғыс алмаймын деп ақтаймын... Байлауым сол, өлтірем деген сөз жойылсын! Екі жастың тілеуін ойғарсын... Малмен тарқар түйінге мен жан, малмен жауаптымын. Сөзім осы, халайық... Ал енді мынау қария кесігін айтсын.

Дауыстар. Уа, жолың болсын!.. Сөзің жөн! Барды айтты Абай! Болды!.. Жетті, байлау осы!..

Сырттан. Сөйлер бар ма тағы? (*Жым-жырт.*) Сөйле! (*Жым-жырт.*)

Қарлығаш. Бітті, үһ, бір құзғыны тағы шыға ма деп ем сұңқ етіп. Айналайын Ақкем-ай!.. Насыбайың берші. (*Көкпайдың қалтасын ақтарады.*)

С ы р т т а н. Айтылар сөздер айтылды ғой, ағайын!
Д ә у л е т. Уа, кәрия, айтылғаны рас... Абай айтты..
Д а у ы с т а р. Бұл күнде Әнет, Кеңгірбай жоқ. Нені
айтсаң да ойлап айт.

О р м а н. Бүгін халық сені тындап отыр, кәрия.

С ы р т т а н. Айтылар сөз айтылды ғой.. Мынау са-
қал-шашымның ағында, төрімнен көрім жуық шағымда
қол-басыма қара жамылып, сақал-шашым күнәға батып,
нақақ қанды мойныма жүктеп, құдай алдына не деп
барам?.. Барар дәрменім жоқ... Сол екі сүм ит те бол-
са, тірі болсын.

Д а у ы с т а р. Уа, айтқаның келсін!.. Бәсе! Дегенің
болсын!.. Тілеуің берсін!

А б а й. Көкпай, шақырт... Ажар мен Айдарды әкел.

Қ а р л ы ғ а ш. Шүйінші, шүйінші! (*Жүгіре жөне-
леді.*)

Д а у ы с т а р. Шүйінші, қайда, сорлылар, шүйінші!..

О р а з б а й (*кекетіп*). Шүйінші ме? Көрермін. Бү-
гін шүйінші дерсің, ертең той етіп те тайрандарсың. Бі-
рақ тап сол тойдыңның үстіне тас төбедең жай түсі-
рермін.

Ж и р е н ш е. Не дейсің? Билігін қайттің мынаның?

О р а з б а й. Мұндай күйге жеткен соң, би — би емес,
білек би. Көрдің ғой айтқаның. Өре баспайды бұл би-
лік. Топшысын үзіп тонамай, асты-үстіне келтіріп, бар
ұясын ойрандамай тыныштық жоқ. Жаулық пенен ке-
гіннің беті міне енді ғана ашылды. Жүр, түге, бері.
Байласатын сертім бар. Құтқардым дейсің ғой, құтқар-
ған жоқсың; әлі өзің де құтылған жоқсың.

Ә з і м х а н (*Керім қасында*). Ойпырай, қуалауға
қалай шебер едің? Бұл жүргеннің ішінде сенен өрісі
ұзақ жан көрсемші?

К е р і м. Сөз емес, осы бұралқы сөзінді аулақ әкет-
ші осы.

Кете береді. Абайға келеді.

А б а й (*Керімге*). Неге мойып қалдың? Жарықтың
бәрі гүлді әпере бере ме? Жеңілдім деп жасыма. Те-
геурінің жетіле келе, Жиреншені әлі-ақ талай жеңер-
сің. Көтер басыңды!

К е р і м. Абай аға, өзімді-өзім кешпестей түңіліп
тұрмын.

Кетіседі. Сырттан да кетеді, оны Мағауия. Керім шығарып салады.

Долгов (*келіп, ұмтылып, Абайды құшақтай алып*). Абай! Абай аға, құттықтаймын! Қуанамын, қатты қуанам! Жеңісің жауыздарды... Аб-бай, аға!..

Абайды қатты құшақтап сүйіп алады.

Абай. Қайран, Федор Иванович... Әттең сенің жүрегің бір сен емес, көпте болсашы...

Долгов. Сен жеңдің ғой... Тыйдың ғой...

Абай. Тыйылу ма? Ол жоқ, жоқ қой, Федор Иванович...

Долгов. Неге? Біткен жоқ па?

Абай. Ақыл-қайрат, өнер-талап неге сарп боп жатыр? Кімді жеңдім? Оразбайды ма? Несін медеу етейін. Неме мәз болайын?

Долгов. Надандық пен зұлымдық өктеп тұрған заманда ақын жолы тыныштық жол болмайтын. Ақын ең алдымен қалың елдің дәме ғылған азаматы... Ал азаматтың қазақтағы екінші аты сойыл соғар емес пе еді? Бұл жалғыз сенің тағдырың емес еді ғой.

Абай. О-һо, олай кеттің бе, Федор Иванович? (*Күліп.*) Онда мен тегі дауласпаспын сенімен... Мынау көрген күйден туған жәй бір күйік еді.

Айдар, Ажар шығады.

Көкпай. Абай аға... Өй, жігіттер, былай қарашы, анау бір шаң келеді.

Дауыстар. Шаң келеді, қатты келеді...

Көкпай. Абай аға, осы Әбдірахман. Әбіш! Ойбай, Әбіш кеп қалды!

Орман (*жүгіріп келеді*). Шүйінші, Абай аға, ана келді, Әбіш келді.

Абай (*тұра беріп*). Иә, құдай, шүкір... Бір балам шыңраудан шықса, бір балам алыстан түлеп ұшып келе ме? Қос қанатым жетілгендей болды ғой.

Айдар, Ажар шығады, ұмтылып құшақтасады.

Абай (*екеуін құшақтап*). Түз-енбегің жарасқан ұзақ өмір тілеймін, құтты болсын, қарақтарым!

Айдар. Абай аға, алғыс айтар да дәрменім жоқ...

Абай (*күліп*). Алда бақыр-ай, айтпай-ақ қой, ендеше. Әлі ақын дейді мұны!

А й д а р (*күліп*). Бірақ оны айтпасам да, басқа бір айтар тәуір нәрсем бар...

А б а й. Айтшы ендеше соныңды!

А й д а р. Өзіңіз тапсырған «Еңлік — Кебек» дастанын бітіруге тақап қалдым. Бір қызығы мынадай, аркадан аяз қысқан өзгеше болады екен. (*Күліп.*) Және де дән көтерген құмырсқа деп едіңіз, сол болған екем деп мақтаншақтығым да ұстады білем.

А б а й. Мақтаның ақталсын десең, дастаның жақсы болсын. Енді сені қатты сынаймын. Сенің алатын па-раң сол ғана, білдің бе?

Күлкі. Айдарды Ажар құшақтайды. Әйгерім, Қарлығаш, Мағыш және көп әйел-еркектер шығады.

Көрініс

Ә й г е р і м (*Ажар мен Айдарды сүйіп*). Қайырлы болсын, құтты, қызық өмір берсін, қарақтарым!

Қ а р л ы ғ а ш. Әбіш! Әбіш!

Барлық жұрт Әбіш, Әбіш деп, шетке қарайды. Мағауия, Керімдер қоршаған Әбдірахман шығады, үстінде офицер киімі.

Ә б д і р а х м а н. Жеттім-ау, ақыр, еліме!

А б а й (*Әбіштің үстіндегі киіміне қарап құшақтап*). Әбішім, мынаның несін кие келдің?

Ә б д і р а х м а н. Аға, дұрыс айтасыз, кешіріңіз, қаталық. Асығып шыққандық қой.

Абайлар басқа жаққа кетеді.

Ә й г е р і м (*құшақтап*). Айңалайын, аман-есен келдің бе? (*Тағы сүйіп.*) Келдің бе, мына туған-туысқандарыңды таныдың ба тегіс?

Ә б д і р а х м а н. Неге танымаймын, апа?

Ә й г е р і м. Ендеше, міне мынаны таныдың ба? (*Мағышты қолтығына алады.*) Әдейі алдыңнан шықсын деп шақыртып алдық. (*Әбіш жиырынып, тартынып қалады.*) Неге амандаспайсың? Мағышым ғой, Әбіш? Тосқаны сен ғой!

Ә б д і р а х м а н (*болымсыз ғана басын иіп*). Апа-ай, ұсынбай-ақ қоя тұрсаң етті, қашан тілеп едім? (*Әйгерім сескеніп қалғандай болады.*)

Мағыш (*Әйгерім қолтығынан сытылып шығып, оқшау қалады*). Құдай-ай, қор болғаным осы ма еді? Қайда, қайда әлгі?

Жұрт тегіс кетіп қалады, Нарымбет шығады.

Нарымбет аға! (*Мағыш жылап жібереді.*)

Нарымбет. Айтпап па едім? Біліп ем ғой, сорлы бауырым!

Мағыш. Айтпашы, қойшы, жерлемеші!

Нарымбет жүгіріп кеп ертіп кетеді. Оразбай, Жиренше шығады.
Нарымбет келеді.

Көрініс

Нарымбет. У үстіне у құйсын, нем қалды? Не сақтанарлық жаным қалды?

Оразбай. Не болды?

Нарымбет. Қелместен жатып кеудеге тепті, әнекей. Мағышты қуып тастапты мынаның төре баласы. А, құдай-ау, көремісің, қайдасың? Не ғылсам рауа мына жауға, мына дұспан Абайға? Шабармын аулын, қазір бара аттанамын жүз жігітпен, қолында өлемін.

Оразбай. Тоқта, тулама!

Нарымбет. Тоқтарым жоқ, не қалды?

Оразбай (*қатты*). Тоқтат енді! Барың болса, баяғыда салмас па ең? Сенің жайыңды ойламай, нені ойлап отырмыз? (*Жым-жырт.*) Жетеріне жетті ғой... Менен аяған несі қалды? Шөк-шөкпенен келіп ең тегіс, көресінді көрдің бе, көздерің жетті ме? Енді Абайды аясам ит болғаным емес пе? Оқшау жауым, жалғыз жауым өзі боп шықты ғой.

Нарымбет. Абай, Абайға қоса бар ұясы, бар тобы ойран болсын! Аяма, аузыңды баса көр, Ореке!

Жиренше. Елді кернеп сөзі кетті. Шырық бұзып ісі кетті. Ата жолының жауы болып шықты. Аяма! Арылып болдық. Аясатын түк те жоқ.

Оразбай (*ойланып*). Ендеше, енді Абайға өлім ғана қалды, басқа түк жоқ. Қарғыс еді ғой... Қарғыс! Олай болса өлі әруақты қорлағаны үшін, тірі туысқанды жаралағаны үшін шын қарғыс, міне! (*Қалтасынан тас сауытты шығарады*). Мынау у! Жазбай өлтіретін у! Ішкен кісі иттей қатып барып, жиырма күнде өледі... Абайға арналған ата қарғысы осы.

Н а р ы м б е т. Бер, бері әкелші, ендеше маған. Мен берем, кәзір берем.

О р а з б а й. Токта, сен емессің... Отқа түсесің... кімге берсем? Кім қолымен берсем екен?..

Ж и р е н ш е. Токташы... Шекіскенмен шекіс деп еді ғой. Аңғардыңдар ма, мен бүгін жан көрдім-ау!? Шыққыр көзім шықпаса, түпсіз терең шыңырау көрдім-ау.. Абайды басар қанды қақпанды мен тап Абайдың өз ұясынан таптым.

Н а р ы м б е т. О кім? Кімді айтасыз?

О р а з б а й. Кімді айтушы еді? Әзімхан күдер үзген жоқ деген, бәсе? Бетің дұрыс, Жиренше!

Ж и р е н ш е. Таныдым, таптым. Біз сырттан кармасақ, ішіне кіріп ап, іштен шалатын кісі қандай керек. Жол-жораға қарсы болса су да ішпе, бәтуә тілесе қанда көк деген шарығат. Бері әпкел... Маған жібер? *(Уды алып қалтасына салады.)* Қарғыс болса, алыстан атпасын, дөп тиетін боп жақыннан атсын, байлау осы. Ауыздарыңа берік бол!

О р а з б а й. Берік бол.

Н а р ы м б е т. Берік бол.

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Төртінші сурет

Қанаттастырып тіккен үйдің іші. Сахна сыртында ескектеп айтылып жатқан жыр сарыны кеп тұрады. Анда-санда сүйсінген күлкі, дырду.

Әзімхан. Анау кім осы сарнап жатқан?

Керім. Айдар «Еңлік — Кебек» деген жыр жазыпты. Соны кешеден бері қайта-қайта айтқызып, тыңдасып жатыр.

Әзімхан. Ә-ә, рас-ау... Айтпақшы, жыры бүлік дейді ғой. Сен естідің бе?

Керім. Естідім, бүлік екені рас... Кеңгірбайды қабан депті.

Әзімхан. Бәсе, Оразбайлар, үлкендер соны естіп, тағы қатты бүлініп жатыр еді. Жесірін бір алып, атасын және қорлады дейді.

Керім. Қайт дейсің?.. Құрық беріп отыр.

Әзімхан. Жә, ендеше, ойланып болдың ба кешегіні?

Керім. Кешегіні? (Әзімханға қадала қарап тұрып.) Ойланып деймісің? Қәне, бері әкелші? (Қолын созады.)

Әзімхан. Е-е, бәсе! (Қалтасынан сауыт алып, Керімге береді, бұл сауыт өткен сахнада Оразбайдан Жиренше алған у сауыты.) Болды, жарайсың!

Керім (Әзімханға сынап қарап тұрып). Сен бұл уды маған Абайға беріп, жоқ қыл деп ұсынып тұрсың ғой, ә? Берілмейді бұл у, сандалмандар!

Әзімхан. Керім, мұның қалай?

Керім. Сен өзің Абайды Тобықтының ғана Абайы деп білсең керек, оның тауарихтың Абайы екенін ойлаймысың?

Әзімхан. Ал тауарихта ел бүлігі болмай ма екен? Мұның жолы...

Керім. Мұның жолы теріс беттеп келе жатқан жол.

Әзімхан. Бәсе, не десіп ек?

Керім. Мен әсер етемін де, өзгертемін Абайды.

Әзімхан. Абайды үйтіп ала алмайсың, барған сайын қанат-құйрығы жетіліп, тобы көбейіп барады.

Керім. Тобы ма? Тобы тозады... ұзамайды.

Әзімхан. Өзі тозбаса, тобы да тозбайды.

Керім. Менің Абаймен пікір тартысым бар, бірақ кара басына қастығым жоқ. Кейін кеңірек сөйлесерміз. Әзірше біліп қой. Мынау сұмдықты мен істетпеймін сендерге.

Әзімхан. Өй, тоқташы өзін. (*Долгов шығады. Өзөзіне.*) Тағы да түңілтем деп әуресің ғой. Жоқ, шырақ, мен енді күдер үзбейтін болғам...

Көрініс

Долгов (*Керімге*). Керім, сен Әзімханды европаша оқыған, білімді деп бағалайсың, білемін. Бірақ Европа білімінің екі жүзді семсер тәріздісі де бар. Жандарал қазынасы соған ғана толы болмасын. Есінде болсын. (*Күледі.*)

Сол кезде жастар жабырлап шығады. Ортаға Қарлығаш, Мағыш. Қарлығаш Әбдірахманды ерте кеп, сөзін бастай береді. Баймағамбет бірге келген, Долгов күлген бойында солай кетеді.

Көрініс

Керім (*Әзімханға*). Осыны кетірудің бір амалын істеші.

Әзімхан. Асықпа, ескергем.

Керім. Діні, қаны жат демей, бұл да қанат бопты. Бірақ тайдырсаң, ешкім секем алмастай қып, сездірмей тайдыр.

Әзімхан. Бұл арадан тиетін кісі жоқ. Ұлық өзі әпкетеді. Әнеугі бас жөнінде қағаз түсірген... Бұл доктор, бүгін әсіресе керексіз доктор боп тұр.

Керім кетеді.

Көрініс

Әйгерім (*сөйлеп келе жатады*). Ажар — Айдардың амандық тойы... Әбішім, сенің де келген тойың.

Әбдірахман. Рахмет, апа! (*Үй жасауына қарап жүреді.*)

Әйгерім. Қызық үстінде қызық өссін деуші едім, Әбішім! Мен сенің Мағыш туралы жауабыңа қана алмадым ғой!

Әбдірахман (басын шайқап). Тағы айттыңыз ба?

Әйгерім. Айтамын, қарағым... Не ойлағаның бар? (Жауап жоқ.) Ана жолы Мағыш сенің түріңнен именіп, жүдеп кетіпті.

Әбдірахман. Қойсаңызшы, апа, япырай!

Әйгерім. Сен Мағыштың кім екенін білмейсің, Онымен тең жан таппайсың, айтсаңшы бізге?

Әбдірахман (Мағашқа.) Осы сенің де айтпағың осы ма?

Мағауия. Енді қайтейік! Өзгеден бұрын Нарымбет бар, барлық анау жауласып отырған Оразбайлар бар. Мағышты сыртқа серіпсек, ағайын жаулығы бұрынғыдан да шиеленісіп болады. Соның бәрінің зілі кімге түседі? Тағы айналып кеп кәрі әкеңе салмақ боп түседі ғой?..

Әбдірахман. Иә, соның бәрі қиын болған, ең оңайы менің халім боп па? (Сырттағы әнді тыңдап қап.) Анау шырқап жатқан кім осы?

Мағауия. Айдар ғой. «Еңлік — Кебегін» жырлап отыр. Жұрт қоймастан қайта-қайта айтқызып жатыр...

Әбдірахман. Ә-ә, Еңлік пе? Жыры жақсы-ақ екен, қайырлы болсын.

Мағауия. Осы иен жайлаудың қалың елі кеше мен бүгіннің өзінде-ақ жаттап, таратып әкетіп жатыр талайға.

Әбдірахман. Бақыттысың, Айдар!

Мағауия. Мен тағы барып тыңдайыншы. (Кетеді.)

Әбдірахман (өз ойымен). Тым құрмаса, сен бақытты болшы. (Мағышты ертіп Қарлығаш келеді.) Мен ше? Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан... (Күрсінеді.) О-о, өмір!

Әйгерім кетеді. Жастар алдыңғы үйге орналасып отырысып жатады.

Қарлығаш (Әбдірахманды оңашалап). Сен өзің бері қарашы осы, қайным! Мағышты өзің кім деп жүрсің? Атаң күйеу, апаң қалыңдық болмағандай, әлде өзің еліңнің заңын ұмытқанбысың? Бір емес, екі емес ол келеді, тіпті сең күйеу емес, ол күйеу, ол қалыңдық емес, сен қалыңдық боп талдырдың ғой, сығыр мұндар. (Көпке.) Беті ашылмаған қайным ең, әлде бет ашарыңды алайын ба? (Жұрт күледі.) Ал амандас, әне, заңдарың

қалай болушы еді? Құшақтасушы ма едің? Иіскеуші ме едің, қайтушы ең? Амандас.

Әзімхан (күліп кеп). Ал, бәлем...

Әбдірахман (Мағышпен амандасып). Осылардың екеуімізді тели беретіні несі, лайық па осылары?

Мағыш. Лайық емес, Әбіш... Рас айтасыз... (Қарлығашқа.) Әркімнің төресі өз жүрегі ғой. Бекіне ме, шегіне ме — кісінің өзі білсін де.

Әзімхан. Әй, Мағыш-ай, соның жүрегіне билетіп қайтесің? Жүрек бақыр тұтқын болмай, сау жүр деймісің?

Мағыш. Тұрпайы айтса да, тура айтты-ау (Бетін басады, жым-жырт.) Қайдан білейін?

Қарлығаш. Қойшы тәйірі, біресе бірің толқып, біресе бірің лоблып. Үндеме, үндемеші осы... Өзім бір ебін тауып тұрмын. Бір тал шашын ғана әперші. Бағана жолшыбай бақсыға сөйлесіп келіп ем. Бәлемді шындап қолға алайын, көрерсің. Үндеме, ойнай бер.

Мағыш, Әбдірахмандар кетеді. Жалғыз қалған Қарлығашқа Көкпай келеді.

Көкпай (өлеңмен)

Қарлығашым, қаламқасым,
Шырай берер күнің бар ма?
Онда, құдай көздің жасын!

Абай шығып, тыңдап тұрады.

Қарлығаш. Құлқының құрсын!

Көкпай. Алда тәңір, не дейді? Айнадағы ақ бөпем...

Абай (күліп). О-о, сорлы Көкпай, неғып әукең түсіп тұр? Не деп тұр мынау, Қарлығаш?

Қарлығаш. Абай аға, не береке бар дейсіз осының сөзінде?

Абай. Жоқ, шынын айтшы?

Қарлығаш. Өлдім-талдым деп өзеуреген болады та, тәңір.

Абай. Бәсе, олай болса, ақыл білсең аяма; Қарлығаш, мұны.

Көкпай. Абай аға, түз-еңбегін жарастырады десе кісінің, мұныңыз не, сығыр?

Абай. Уай, Көкпай, құдайдан да қорқу керек емес

пе? Осы өлдім-талдым дегеннің талайын білуші ем ғой? Қайсысының қасында қалдың? Кімге опа бердің? Қарлығашты қайтіп алдатам саған?

Көкпай. Ойбай, құдай-ау, куәлік айтыңыз деп қашан шақырдым осы? Бұл шам, мен пәруанасы боп өтсін дегеніңіз бе? Мұныңыз не, қарап тұрып?

Қарлығаш. Құлқының құрсын, пәруанасы не өзінің?

Абай. Уа, тәңір, көбелекпін дейді. Көбелек боп отыңа күйдім дейді. Көбелек деген тым құрса, қағылез болса керек еді. Осындай, дәл дөңбектей көбелек көргенің бар ма, Қарлығаш!

Қарлығаш (күліп). Құлқыны құрсын.

Абай. Ендеше (өлеңмен).

Көбелекке шамнан әсте
Рақым жоқ!— де

Көкпай (өлеңмен).

Бірақ сол шам
Жалғыз жанар,
Жақын жоқ!— де

Оған Қарлығаш не дейді.

Абай. Арғы жауабын Қарлығаш енді өзі айтады..

Кете береді.

Көкпай (өлеңмен).

Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің..

деген өзі емес пе еді? Жоқ, қанша жақсы болса да, тап осы жолғы істеп кеткені тіпті жақсылық емес, тыңдама. Қәне, не дейсің?

Қарлығаш. Ішін жарылсын! (Күліп жөнеледі.)

Көкпай. Қап, жолы болмас жігітті түйенің үстінен де ит қабады деген осы екен, ә!

Керімді ертіп Тәкежан шығады.

Тәкежан. Әй, осы естіп-көріп жүрмісің мына пәлені, жоқ па? Бар жайлаудың бала-шаға, құл құтанына шейін Қабекенді қабан деп, мынаның жырын жайып әкетті. Ана жақта Оразбай, Жиреншелер естіп тү-

лен түтіп жатыр, тыясың ба, жоқ па? Бұ не қарабасты Абай екеуінді?

Керім. Мен қайтейін, бәрі-бәрі Абайдан. Қолыңнан келсе тыйсаңшы өзің?

Тәкежан. Мен Оразбай алдында арылдым. Менде кінә жоғын олар біледі, бірақ осыны көріп үндемей отырған саған ба?.. Бар пәле саған үйіледі. Қашан айтың демел!

Керім. Өзіне батпай, ізіне батып, бұл не дегендерің осы?

Тәкежан. Бар тетік сенде, сенде дейді ғой? Сал салмақты, тый мынаны, болмаса — көріскеннің алды-арты осы.

Кетеді. Мағауия, Көкпай, Абай, Зейнеп, Баймағамбеттер Айдарды қоршап шығады, қуанышты.

Мағауия. Өлеңінде ұзақ өріс, жатық шабыс бар. Көкпай. Өріс болғанда, өрге де шауып шығам деп тұр ғой.

Керім. Уа қойшы, шын айтамысындар осыны? Тіпті жақсы емес...

Көкпай. Е, несі жақпады?

Керім. «Женсікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды» деп еді Абай ағам.

Көкпай. Өй қойшы, тәйір!

Зейнеп.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,—

деп еді-ау Абай. Шәкірт болса, ұстазын қуантар шәкірт болсын да. Онан соң мен осыны Жәнекеме тартқан желді-ақ көрдім, әйгілі Жанақты айтам.

Мағауия. Ә, болды, Зейнепке ұнаса шынымен қайырылы болсын!

Керім. Мен жазсам, тіпті бұлай жазбас ем.

Айдар. Керім, енді мұның әділет емес қой. Сен жазғанның көшірмесін жазсам мен Айдар да болмас ем ғой? (Қулкі.)

Абай. Тіршілік — бәсеке, жарыс; дүние — бәйгі үлестіруші. Өнер жарысын айтамын. Ол Оразбайдың жарысы емес қой, игілік жарысы. Өнер жарысында бәсекелессең де әділ бол. Саф сұлу өнер бықсық ойдан тумайды, шыншыл таза жүректен ғана туады. Бәсеке

«Неге озасың?»— деп құйысқаннан алу болмасын. «Неге қалам?» деп өзінді өзін камшылауың болсын. Сонда ғана мін емес. Ә, тоқтандар, Зейнепке тыңдатып, осының бағасын бір естісеңдер етті. Талай өр сөздің төркіні осы Зейнептің шыққан ұясы ғой.

Дауыстар. Ал, Зейнеп апа, Зейнеп апа, өзін, өзін айт!

Зейнеп (өлеңмен).

Жан сүйінер өлең айт, ел ерерлік,
Өлгенге қыбырлатып жан берерлік.
Қапа көңіл қайғысын таза жуып
Сергек дене мас болып сенделерлік.
Естісем бұл лебізді, Айдар, сенен
Байғазым осы болсын мен берерлік.

Дауыстар. О, қайырлы, қайырлы болсын. Айдар! Тойыңа той ұлассын!

Зейнеп. Айдар, құтты болсын! Осыны өзім айтып жүрейін, үйретіп жіберші маған. Абай, бірақ қолкам онымен бітпейді. Әуелі осы дәл өз басына арналған орайлы дауымды осындайда бір айтайыншы.

Абай. Айтарын балаларға айтар ма деп ем, сен нысанаңа мені байлайын дедің бе? Қайтейін, айт.

Зейнеп. Айтсам, осы білегі күшті нені айтады? Күшсізге еткен зорлығын айтады. Күшсіз несін айтады? Күштіден көрген қорлығын айтады. Мен бұл жолы жынысымның даугерімін. Осы көпшілігің, бастығы Абай өзін, әр жайды айтасың, жақсы айтасың, бірақ осы бір ғана жерге сылти басасың-ау...

Баймағамбет. Я, о қай жер, жазған-ау?

Зейнеп. Осы сүйдім-күйдімді көп жазасың, түге, қас-қабағың жарасқан қызды ғана көресің білем. Жаппай жылаған қыз, жағалай жесірді неге бір көрмейсіңдер, неге соны жырламайсыңдар?

Баймағамбет. Қап, болмас, түп етектен алды-ау, кеп!

Абай. Бәрекелді, Зейнеп, тауып айттың! Көріңдерші, анау Пушкин орыс қызының ой-сезімін қалай айтқан? Ерлі әйелдің қасірет-зарын Толстой қалай жеткізген? Ойланып, толғанатын шағымыз жеткен еді. Айдардың мына жыры осындай бір жаңа жырдың басы есепті. Соған қуанамын. Көк қанат балапан жұтсын шаң, тапсын заң деп еді, бүгін Айдар шырқап ұшып, қанатының бір ұшын көрсетті. Жаңа Енлік — Кебек

бұрын жолсыз жазамен өліп кетсе, бүгін Айдар қайта туған Қебек боп тұр. Сол ауыр күннен өнер ала туып тұр. Осы менің қайырлы болсыным. Айдар, Ажар және барлық акын достар — бәріңе де айтамын.

Көкпай. Ойпырау, Айдар, тіпті төбем көкке жеткендей болдым ғой, сен үшін.

Айдар. Абай аға, мені біржолата елттіңіз ғой!

Абай Зейнеппен сөйлесіп отырады.

Керім. Шынды айту керек қой, мен сенің еңбегіңнен ол қасиетті көргем жоқ.

Мағауия. Неғыл дейсің, Керім, несі олқы?

Керім. Өй қойыңдаршы, осы елдің жесірін бір алып, атасын бір нәлеттеп, қайда барасыңдар! Елге не дейміз? Намысын шабақтай бермесендерші беталды?

Айдар. Япырай, Керім, сүйтіп пе едім? Сен не дедің, батыр-ау?

Мағауия. Тіпті мынау бадырайтып тұрған қызғаншақтың сөзі ғой!

Керім (*ашуланып*). Жә, болды, тындамаймын...

Баймағамбет. Е-е, дәт депті, дәтің болса — айт депті-ау. Ертеде бір Италиян деген елде Матсар, Салгері деген күйші бопты-ау... Матсар кеудесінен күй саулаған, бармағынан бал тамған, құдайыңның өзі сүйген өнерпаз екен. Өзгеге қиын бұған оңай екен дейді... Салгері... Салгері болса тырысумен, тырбанумен күйші екен. Бірақ қанша тырысса да, Матсардың соңына ілесе алмайды екен. Күндерде бір күні Салгері Матсарға кеп отырса, Матсар бір жаңа күйін ойнайды. Сүйтсе қара шапан жамылған, бір қаралы жан келіп, жоқтау күйін жазып бер депті де, соған шығарған күйі екен. Салгері келіп, әлгіні естіп, күйіне құмартады. О, құдай, тілегенге бермейсің, тепкілегенге бересің? Тілегенге берсең маған берер едің-ау... Мынау неткен мазағың деп қиналып кеп, ақыры, бір байлау жасайды. Кесел байлау жасайды. Бір қой сойып, үйіне Матсарды түстікке шақырып отырып, өз қолынан у беріп өлтіріпті дейді. «Дозақтан бетер қызғаныш» деген нақыл содан қапты-ау...

Көкпай. Ендеше, тап сол Матсар біздің Айдар деймін...

Айдар. Қой, қойшы.

Мағауия. Айдар екені рас.

Әзімхан. Онда Салгері кім болғаны!.. Оны да та-
барсындар.

Абай. Қой, қойындар, шек жоқ болса да, әзілде кек
жок. Ол заманның мінезі бұл ортада жоқ... Шек бі-
ліндер..

Әйелдер тола шығады, қыз-келіншек қоршалап Ажарды ертіп
кіргізеді.

Көкпай. Уау, құтты, құтты болсын! Ау, ал мен
бет-ашар айтамын.

Уау, келінді көріндер,
Көрімдігін беріндер,
Берерінді бүркемей
Қолына ала келіндер!
Жылқы берсең аттан бер.
Түсі келсін ақтан кер.
Абай аға — қайын атаға бір сәлем!

Күліп, Абайға өзі сәлем етеді.

Түйе берсең — түстісін,
Сүйсіндірер сүттісін;
Әйгерімдей қайын енеге бір сәлем!

Өзі тағы иледі. Күлкі.

Атаңдар, атай отырындар.

Абай (*Әйгерімге*). Мынау екеумізден алмай кой-
мас, сірә.

Әйгерім. Андыған жерін көрмейсіз бе, кім айт-
қызды өзіне?

Көкпай. Ә-ә, қысыла беріндерші, тым құрыса,
сүйтіп, Абай аға, бағанағының кегі. (*Күлкі.*)

Абай. Құдай сақта, сүйткенмен, сазайынды Қар-
лығаш берсін.

Қошқар берсең түктісін,
Жұт, індетке мықтысын
Қайнаға Әбішжанға бір сәлем!
Ешкі берсең — жеке бер,
Бақырауық теке бер.

Осы кезде қоныраулатқан арбаның дыбысы естіледі. Тасыр-тұсыр...
Үйдегілер: «Бү кім? Не? О кім?» десіп қожырая бастайды... «Былай
тұр, былай тұр» деп есіктегілерді қағып, асығыс басып атшабар
кіреді. Төсінде үлкен жез знак, мойнында үлкен бығары сумка.

Атшабар. Долгов, Долгов, бармысын?

Орман. Әне, бақырауық текең өзі де кеп жетті.
(*Күлкі.*)

А б а й. Жә, токта, немене?
А т ш а б а р. Тыста пристав тосып тұр... Долгов, сені тез шақырып кел деді. Тығыз бұйрық бар...

Д о л г о в. Қазір...

А б а й. Бұ не өзі, немене екен?..

Д о л г о в (*шығуға ыңғайланып*). Е, айдаудағы Долгов ұлыққа керек болса, мәлім ғой, құдалық жайын сөйлеседі деймісің, Абай. (*Күліп, кетеді.*)

А б а й. Бұ не екен өзі? Біліңдерші, білейікші...

Жұрттың бәрі тұрып ере шығады. Үйде Айдар, Керімді ұстап қалады.

Көрініс

А й д а р. Керім, мен мына мерекенің үстінде жұрт көзінше тоқтап қалдым жаңа... Осы сен маған наразы сияқтысың ғой? Жөніңді айтшы.

К е р і м. Наразымын, кінәлаймын мен сені...

А й д а р. Тек қызғаныш емес қой өзі?..

К е р і м. Доғар сол сөзді.

А й д а р. Ендеше, кінәңді айт. Айтып өлтір.

К е р і м. Сен өлеңіңнің ішінде Кеңгірбайдың әруағын күңрентіпсің.

А й д а р. Е, Еңлік пен Кебекті, екі ғашықты параға сатып, ат құйрығына байлатып өлтірген сол емес пе еді? Оны Абай ағам да айтты ғой жүгіністе...

К е р і м. Ол барымтасы. Айтылды — кетті бір жел сөз. Сен ше? Сен балталаса кетпестей таңба басып отырсың. Қабан депсің. Ол таңба — осы елдің сүйегіне басқан таңба. Бұ да намысы бар аталы ел, ел арына шабуыл жасап отырсың. Мен кешпеймін мұныңды, әруақ кешпейді! Әруақ қарғысы жетер саған да.

А й д а р. Ей, Керім, сені мен жаңа тани бастадым ғой. Сенің жүгіністе сөйлеген сөзіңнің бәрін естіп, мен екі ұдай боп қап ем. Шынға — шын орай болсын. Олай болса, Жиреншемен қарсыласқанда, әуелі Айдардың, сонан соң Абайдың жонын төсегенің шалалық емес, әдейі төсеген екенсің ғой.

К е р і м. Тоқтат сұмдық жалаңды. Осы елдің өлісін бір, тірісін екі жараламақ па ең?

А й д а р. Абай ағам сені Жиреншеден қорыққандықтан жасқанып қалды деп еді, шіркін, қайран Абай осы саған да сеніп жүр-ау...

Керім. Е, елден елді айырып болып ең, енді кеп ініден ағаны айыруың қалды ма? Жылжи-жылжи енді соған да жеттің бе? Ендеше, сені атпаған аруақ — аруақ болмай, саған тимеген қарғыс — қарғыс болмай кетсін.

Ажар, Қарлығаш жүгіріп шығады.

Көрініс

Ажар. Айдар, бауырым... Жаксы күнінді осындай жаман сөзбен лайламақ па ең? Токтат... Қойшы, жүрші...

Айдар. Төреңе құлдық... Ажар қалқам... айып етпе... Жанылған екем.

Ажар (*Керімге*). Керім, сен де айтар сөзіңді тапқан екенсің... Не боп отырсың?

Айдарды ертіп кетеді.

Көрініс

Қарлығаш (*Керімнің қасына отыра қап*). Қайным, айналайын жаксы қайным, неғып қиналып отырсың?.. Әлде құлқыны құрғыр әлгі қалжың сөздер батты ма? Неге қатуландың? Қойшы... (*Керім үндемейді.*) Насыбайыңды берші! (*Керімнің қалтасына қолын салып жіберіп сауытын алып, қарамастан тығынын алып алақанына сала береді, сөйлеп жатады.*) Дос-құрбыңның жаксылық тілеуі емес пе? (*Шақшаға қарап.*) Апырай, мынау шақшаң не деген жаксы еді!.. Маған. (*Алақанына сала береді.*)

Керім (*жалт қарап, сауытты бас салып.*) Өй, тоқта, бері әкел!..

Қарлығаш (*шошып қап*). О, құлқының... шошып қалдым ғой. Алмайым шақшанды.

Керім. Бері әкпел, бері. (*Жұлып алады.*)

Қарлығаш. Насыбайың бер дейім... Берші атайын!..

Керім. Бұл насыбай емес, дәрім... Мә, насыбай!

Шақшасын береді. Қарлығаш атып алып, шығып кетеді. Керім жалғыз. Алдында үстел үстінде жасаулы қымыз. Қолына у сауытын ұстап кадалып қарап отыр.

Қара түнде жұбанарлық ұл туса, түнде қандай жа-
зық бар? Жарқыраған тал түсте жан шырағы сөнер
болса, жарығында қаснет қане? Каталдық, сұмдық түні
емес, туғызары игі болса. Қара жерден алтындай дәп
шықпай ма? Жазаның бәрі қаза емес... Жараны емдер
жаза да бар. Мен тарихтың тай тұлғары емеспін. Орыс-
тан барып өнеге іздер Абай емеспін мен. Надандық пен
қараңғыны қармайтын Оразбай да емеспін мен. Мен
Керіммін. Жолым даңғыл. Құбылам менің орнында. Ис-
лам! Мәңгі бағыт, жарқын жолым, бәрінен де жақын
жолым бір ислам, дін — ислам... Бүгін сар белге жеттім.
Адасқан жол артта қалдың, қош бол! Енді қайрылмас-
пын. Сен қисыққа кеттің ғой, кінә өзінде. Саған жоқпын.
Жаңа желі байладым... Жаңа тілеу бастадым. Сен емес,
мен бастаймын ендігі елдің иен көшін. Айрыламын
мінскей... *(Сауытқа қарап.)* Айырап сына сен боп тұр-
сың... Сағатына кез келдің. Біте қайнап қалған бірлік
оңайлықпен айрылмайтын, жыртылып қана апырлар.
Қан ақпай қалмас сірә де.

Ұш бір кесеге асығыс салып жіберіп шайқап қояды. Әзімхан есіктен
қарап Керімнің сауытын көреді де дәмеленеді

Әзімхан. Орайы келер, ойланарсың деп едім,
Керім...

Керім *(сауытты ұстап.)* Я, ойланып болдым...

Әзімхан. Бәсе, дер кезі екен.

Керім. Сен не білдім деп тұрсың?

Әзімхан. Мынау ше?

Керім. Тапқан екенсің, қанжығада жүретін жан
торсығыңды. Мен ашумен біраз қиналдым да, ақыры
міне жамап ойдың бәрін жойдым. Қураған уың мынау
ма, ал мінскей көзің жетсін. Қас етпейді, жоқ болады.

Әзімхан. Жаным-ау, әзіл мен шын ба осы? Сыр
ұшығын қашан білем мен бұдан?

Керім удың аузын ашып, шашып отқа өрттеп жіберіп, сауытын ір-
геге тастайды. Осы кезде әлгі кеткен жұрт қайта келеді Керім, Ай-
дар, Абайлар қатар отырады.

Көрініс

Долгов *(қымызын қайта көтеріп)*. Достар, бұй-
рық кепті, мен бұл өңірден кететін болыппын.

Баймағамбет. Не дсйді, қайда, Шодыр!?

Көкпай. Келгені ғой, әттең!

Долгов. Достар, қоштасарлық шақ жетті. Айдау орнын тағы ауыстырғалы отыр маған. Енді қайтып қашан көрем? Көрермін бе, туғандарым? Ұлыққа біздің достығымыз жақпапты. Сезікті достық деген ғой. Бүйте берсе орыс, қазақ бірін-бірі ұғынып... (*Әзімханға қарап.*) Қойдым... қойдым, Әзімхан, қадалмай-ақ қой. Қош болындар, достарым. Айдаудың қаран жылдарын аса қымбат жыл етіп едіңдер. Қайда жүрсем де кемеңгер досым Абай аға, және барлық басқаларың бар, ұмытарым жоқ. Сендер маған өз халқыңды, қазақ халқын сүюді үйреттіңдер. Ғасырлық қайғы шерін маған да танытып едіңдер. Тағы жақпады-ау, Әзімхан... Жарайды... Басқа жайды айтайын. Достарым, менің туған елімнің бір әдетінде сүйікті жанның құрметіне ас көтеру бар еді. Осы тойда Айдар, Ажар екеуіне зор қуаныш, бақ тілеймін! Екеуінің қатарына қазақтың бақытты болған ұлы-қызы тізілсін! (*Айдарды сүйеді.*)

Керім (*Айдарға бағанағы у салған кесені беріп жатып.*) Біз көп емес едік, аз едік. Ортамыздан тағы бір дос кетіп жатыр. Бағанағы сөздер ашумен айтылып қалған қалас сөздер еді. Тастайық. Қуанышың қайырлы болсын... Мә, іші! (*Айдар ішін жібереді.*)

Долгов. Ал, енді мен жүремін.

Абай. Федор Иванович, ұмытылмас досымсың. Қайда жүрсең де тілеуім бір, біраз айтысып қалатын сөзім бар. Жүр, мен сені шығарып салайын.

Құшақтап алады, бірге шығады.

Дауыстар. Жүріңдер, жүр... Бәріміз де шығарамыз.

Көкпай. Қайран ұл, тусаң осындай ту, қабағын да шытпайды-ау! Осындай ерді тапқан ана да емес пе! Жүріңдер.

Барлық жұрт кетеді. Ажар, Айдар ғана есік алдында.

Көрініс

Ажар. Жаным Айдар, Керіммен жарастың ба?

Айдар. Тастайық деді ғой өзі. Жақсы күнімді мұнарға бастырып нетемін?

Ажар. Не керек бәсе, қуанышым!

А й д а р. Бір сөзі тастай тиіп еді, Абай ағама айта жаздап ем.

А ж а р. Қандай сөз?

А й д а р. Тек аға-інінің арасын айырмақсың деді де аузымды тылсыммен бұғандай ғып қойды. Енді аузымнан шығарар дәрменім жоқ...

А ж а р. Әйтеуір, қалды ғой бәрі?

А й д а р. Қалды ғой, қалқам, көңіліңе алмашы енді.

А ж а р. Құдай-ау, жеткіздің бе тілегіме, көз жасымды идің бе? Айдар жаным! (*Құшақтайды.*)

А й д а р. Ажарым... Енді біздің бақытымызға байлау жоқ... Тек қана ұзағынан!..

А ж а р (*құшақтап сүйіп*). Әмин, ұзағынан!

А й д а р. Ұзағынан ғана сүйіндір. (*Сүйіседі.*)

А ж а р. Жасаған!..

Ш ы м ы л д ы қ.

Бесінші сурет

Сахнаның бір шеті Айдардың отауының іші. Алысырақта өзге үйлердің төбелері көрінеді. Тыста сахнаның екінші шетінде, кілем үстінде Әйгерім, Мағыш, Мағауиялар отыр. Үй ішінде бұрынғы жасау... Биік төсекте әл үстінде Айдар жатыр. Төсек жанында Абай, Әбдірахман, Ажар.

Көрініс

А й д а р (*есін жиып*). Дәрігер де кетті, жүріп кетті ғой?

А б а й. Жүріп кетті, қарағым!

А й д а р. Текке кеткен жоқ, біліп кетті ғой.

А б а й. Түк білмейтін жаман дәрігер екен, құрғыр.

Ә б д і р а х м а н. Долгов та болмады-ау.

А й д а р. О да менің сорым да. (*Тоқтап.*) Абай аға, қолыңды созшы маған! (*Абай қолын ұстайды.*) Жан аға, қысылдым ғой... Тақау ғой.

А ж а р. Құдай-ау, рақымың қайда? Көз жасым аз боп па еді? Бақыты күйген мен сорлы қаралы аспан басымда еді. Жарық жұлдызым. Ағып өтіп сен де кетпек болдың-ау? Сенен қалып не болам?..

Ә б д і р а х м а н. Ажар, бауырым, сабыр етші!

А й д а р. Қолымнан ұстап, отқа бірге түсіп ең. Се-

німен кешкен аз күнім, азғантай күнім, көлеңке жоқ, ымырт жоқ, түні жоқ жалғыз жарық күн еді. Әттең жалғыз-ақ күн болғаны несі? Әділет пе? Бір сәт те қабәқ шытып көріскен жоқ ек. Алғыстан басқа айтарым не? Қайтейін.

А ж а р (*құшақтап жығылып*). Жоқ, өлмейсің, өшпейсің сен, жарығым... Атама, айтпашы! Кетпейсің сен, қалмаймын, мұндай сұмдық жаза шегер жазығымыз жоқ-ты біздің, жасаған! (*Үнсіз құшақтап қалады. Абай жылап отыр.*)

А б а й. Я, қу тағдыр, сен не деген қызғаншақ ең? Неткен әділетсіз қатал едің?

Жым-жырт, тыста жүдеп отырған жандарға Баймағамбет асығып келеді. Сыртта дабыр естіледі.

Ә й г е р і м. Немене? Бұл не дабыр, құрып қалғыр?

Б а й м а ғ а м б е т. Нарымбет! Нарымбет кепті, Мағышты шақырып жатыр.

М а ғ а у и я. Тоқтат, тоқтатшы ана құрғырды!

М а ғ ы ш. Қайтпаймын мен, не деп кетем мынау күйдің үстінде.

Ә й г е р і м. Ендеше, барсын, кетсін деші!

Н а р ы м б е т (*даладан дауыстап*). Бол, қайда Мағыш, жүр бері.

Тәкежан шығады.

М а ғ а у и я. Тоқтатсаңызшы ана бір құрғырыңызды.

Т ә к е ж а н. Тоқтамайды, неге тоқтайды, қарындасына кеп тұр. Екіұдай қылып, не мазағы Әбдірахманның?

А б а й (*үйден*). Әбіш, бар, тоқтатшы. Бұл қай кеселдері?

Әбіш шығады.

М а ғ а у и я (*Тәкежанға*). Япырай, Тәкежан аға, сіз қалай едіңіз?

Ә б д і р а х м а н. Тоқта... Доғар сөздерінді. Неткен жансыңдар?

Т ә к е ж а н (*Мағашқа*). Айдардан, жаттан айрылам деп жылайсын. Ана жеңген, жақының кеткелі жатыр. Оны неге ойламайсың сен?

Ә б д і р а х м а н (*жақындап*). Тоқтандар, не болған сендерге?

Такежан кетеді. Сырттан Нарымбет дауысы. «Қоймаймын, қарамаймын өлгеніне. Алып кетемін». Әбдірахман Мағауияға жетіп келіп.

Уа, қушы, Мағаш, кетірші мына кесірді, не керек өзіне?

Абай (шығады). Не боп кеткен жандарым-ау?

Мағауия (Әбдірахманға). Нарымбет Мағыш туралы. Мазағы жетті, алып кетем дейді.

Әбдірахман. Сұмдық, мынау өлім үстінде. Кетір ендеше, бәрін кетір.

Абай (Әбдірахманға). Токта, бұл кім өзі, Нарымбет пе?

Әбдірахман, Сол.

Абай. Не ғыл дейді?

Әбдірахман. Жай, сандалып жүр.

Абай. Жай емес қой... Мағыш жайы ғой.

Әбдірахман. Аға, Айдарға барайық та.

Абай. Білемін. Бірақ мен Мағышты қатты аяймын, қимаймын.

Әбдірахман. Құдай-ау, сондайды ойлар сағат па? Айдар ше?

Абай. Білемін. Барамын қазір... Бірақ Мағышқа да өлім сағатын күткенмен тең. Қазір кетсе, біржола кетеді. Жетті. Әділет керек оған да, не деуші едің?

Әбдірахман. Менің сөйлер мұршам жоқ.

Абай. Неге, неменең бар?

Әбдірахман. Сізді аяймын. Айта алмаймын.

Абай. Мені аяса, тағдыр аясын. Сен аяғанмен қолыңда не тұр сенің?

Әбдірахман. Қабат қаза ғазап қой. Қиналасыз ғой!

Абай. Шыдадым, күттім. Айт, балам!

Әбдірахман. Ендеше, аға, мынау Айдар өлім үстінде жатыр. Одан бір айырыласың. Екінші, мен де бұл дүниелік жан емеспін. Мен де өлім жазасына бұйырылған жанмын.

Абай. Қуатым-ай, не дейсің?

Әбдірахман. Мен құрт аурумын. Ауру жеңді, өшіп барамын. Білемін. Мағышты қайтіп сорлы етем?

Абай. Қараңғыда қамалған еліңе сен білім жарығын әкелген күні мен еңбегі жанған әке болармын деп

ем. Жаңа күннің жыл құсы боларсың деп ем Айдар екеуіңді. Бар үмітім, бар қуатым... Қос қанатым. Қос қалқамды қоймаған дүние-ай, неткен зұлым ең?

Әбдірахман *(әкесінің қушағында)*. Әділетсіз жаратылыс! Бүйтер болсаң, неге әкелдің бұл дүниеге?.. Өлім өкініш емес, аға, жанбай сөнген жасымды қайтем? Еңбегімнің жемісін еліме әкеп екпек ем. Қайран әкем, тәрбиенді ақтамақ ем. Енді міне, біткелі тұр сапарым. Айдар да бір, мен де бір...

Абай. Қарағым... Ендеше, сенде жазық жоқ. Бірақ Мағышқа да кінәм жоқ. Тым құрмаса сол қарғамай кетсін. Шыныңды айт. Бақыл болсын. Арыздасып айрыл, бар. *(Абай жылаған бойы шөгіп, отырып қалады.)*

Нарымбет. Қайда деймін, Мағыш! Жүр бермен. Әбдірахман. Мағауия, айтшы анаған. Мағыш қазір барады деші.

Мағыш. Не дейсің, Әбіш! Не жазығым бар еді?

Әбдірахман. Мағыш, бері келші! *(Мағыш келеді)*. Мұны сөйлер кез емес еді. Көріп отырсың. Бірақ Нарымбет аяйтын емес қой. Жаным Мағыш, менің саған зәредей де кінәм жоқ. Қайта, көріп-танып білгеннен бері, соншалық бір ғазиз жанның мен деп бейіл бергеніне бар әлімше қуанам да алғыс айтам. Бірақ тағдыр мені аямады. Жаңа әкеме сырымды айттым. Амалсыз айттым. Айдар қазасының үстінде, қабат қаза көргендей, ғазапта отыр, әнекей. Саған да сол шынымды айтам. Мен науқасын. Жазылмастай науқасын, аз-ақ күндік өмірім қалды. Бақыт үшін, тірлік үшін жаралсам,— сенен басқа жан таңдамас едім. Бірақ, мына өшіп бара жатқан шағымда, сені қоса дертті ғып, сорға бастар қалым жоқ. Кінәлама, кеш мені.

Мағыш. Әбіш, танымай ма, ойламай ма деп едім, ішіннен барды біліпсің. Білмесең де, ойламасаң да сүйіп ем. Сенің дертің менің дертім болар. Бар жүрегім бір өзіңе берілген. Басқа өмірден менің күтер сәулем жоқ. Науқасың болса — қасыңыздамын. Барым сенсің.

Әбіш. Мағыш! Менің өмірім азғантай. Сен жасың. Науқасым жүкса, саған да қатер. Мен сені өлімге жетектеймін бе?

Мағыш. Сенен бөтен тірлігім жоқ, Әбіш! *(Жылайды.)*

Әбіш. Қалқам-ай, неткен жақыным ең?

Мағыш. Өлім маған қауіп емес.

Әбіш. Өлімге де қимаймын.

Мағыш. Қума, жарым, қасыңнан!

Әбіш. Өшесің ғой. Бірақ басқа өмірге не деп қиям. Мағышым, жарым! Қысқа күнім сәулесі.

Құшақтап жылайды. Зейнеп шығады. Әйгерім екеуі Айдардың үйіне кіреді, ақырын жүреді.

Зейнеп (*Айдарға жақындап*). Қарағым Айдар, сөзіңді ұғып қанып ем. Ел бағына туған ұлан, жарқ етіп бір шығып ең, сормандай ел маңдайына сыймадың ба, қайда кетіп барасың?

Айдар үнсіз жылап отырып қалады, тыста жалғыз бүгіліп Абайдың қасына келген Керім бағанадан сөйлеп отыр.

Керім (*Абайға*). Сол, Абай аға! Айдардың көңілін сұрай бір келсем, екінші, сізбен қоштасып аттанбаққа келдім. Сапар жүрем, ұзақ сапарға ниет қып тұрмын.

Абай. Тоқта, көрмеймісің Айдарды? Қөкрегім уға толы. Менде қазір ой да жоқ... Қайда қалам? Кіммен қалам?!

Әзімхан, Орман, Баймағамбет шығады. Тыстағылардың қасында.

Керім. Ауыл үйдің әлегімен менің де күнім өтіп барады. Қазақтан бөтен ел көріп, мұсылман ғаламын аралап, дүниеде не тыныс бар — біліп келем. Көп жерде көп мінім бар да кінәм бар. Адам болып арыламын. Ұяңнан ұшқан мен де бір балапаның. Өріс тауып: еліме де, өзіме де жол тауып арыламын.

Сыртта дабыр, Нарымбет шығады.

Орман. Ой, Нарымбет, неткен жансың? Осыншалық кәпір ме едің?

Нарымбет. Өлсе қайтейін Айдар. Қарғыс! Қарғыс жетіп өлген де. Білсін қарғыс жетіп өлгенін. (*Өзіне өзі.*) Шын жылау бұл ғана емес, жылағанның әкесін кейін көресің!

Айдар (*үйде есін жиып*). Қарғыс! Кім айтты! (*Шошынып көтеріле беріп*). Қайда естідім? Осыны бұрын да бір естіп ем, кімнен естідім? Қарғыс? Шақыр... Шақыршы, Абай ағамды...

Әйгерім (*жүгіріп Абайға кеп*). Абай, сізді шақырады! Жүріңіз, бірдеңе айтқалы жатыр.

Абай (үйге кіріп жақындап). Не айтасың, қарағым Айдар?

Айдар. Абай аға, қарғыс... қарғыстан адам... өле ме?

Осы кезде Керім, Әзімхан ентелеп Абайдың қасына кеп тұрады.

Абай. Жоқ, қарағым, бекер сөз ол, жоқ сөз.

Айдар. Ендеше (әлсірей беріп құлай бастап.) Ендеше... біттім... Әттең... (Керім мен Әзімхан жаққа қолын созып, алақанын көтеріп, сілтеп, сілтеп.) Сенбел Сенбел! (Құлап кетеді.)

Ажар. Не деді? Құдай-ау, не деді?.. Айта алмай кетті-ау арманың! (Абай қиналып, айнала береді.)

Неден өлдің? Кімнен көрем? Кімнен көрем, жалғызым?

Керім (Абайға). Мынау Әзімханды айтты. Жек көруші еді, осы құрғырды. Кетіру керек еді. (Орман естіп тұрған).

Орман (Әзімханға). Өй, жаным, осы жемтік аңдыған қарағұс тәрізденбей кетші сен, кетші осы арадан!

Әзімхан (өз-өзіне). Білерсің, шын жылаудың әкесі әлі алдында. (Орманға.) Токтай тұр, бәлем сен, сен құл ма?

Орман. Жоғал көзден!..

Айдап салады, үй іші қайғыға батады. Жым-жырт. Айдар үзіліп барады. Абай шыдамай еніреп, сыртқа шығып отырып қалады.

Абай. Не дедің? Не жұмбақпен кеттің, қарағым? Арманың сенің кеуденде кетті. Өспей орған өмірің, жанбай сөнген шырағың, қара түндей қайғы ішінде арман болып менде қалады. Қайтіп шыдап қалармын, қайдан қуат табармын?

Керім. Қиналмаңызшы, өзіңізді де, бізді де аяңызшы, Абай аға, өлместі құдай жаратып па еді?

Абай. Қайда кетті? Қайда кеттің, Айдарым!.. Кімді медеу етермін?!

Керім. Ауыр қаза үстінде ант етейің, Абай аға... Айдарыңды жоқтатпасқа ант етейің, мінекей. Жылаамашы, қиналамашы. (Жым-жырт.)

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Алтыншы сурет

Сахна: сайлауға тігілген үйлер Үш қатар боп, араларынан түп-түзу көше сияқты жол қалдырып тігілген. Өңшең ақ отау Кестелі дөдегелі отаулар да бар. Алыста мұнартаң тау, иен жаилад, әрлі-берлі сабылып өтіп жатқан болыс, би, старшын, атыбарлар Бәрі де үй-үйлерге нәрсе кіргіздіріп жаиғастырып жүр. Қозғалыстарында асығыстық, сарп ұрғандық бар. Үстеріне оқалы шапан киген, мойындарына знактарын салған бір топ болыс, байлар оқшау шығып, алысқа қарап тұр.

Ормағ шығады Қасында бір топ жай халық. Болыстарға қарап күлісіп тұрады.

О р м а н.

Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қақпаңға
(Күлкі.)

I - ш і кісі.

Оңашада оязға
Мақтаманмын сімді.
Өз еліме айтамын.
«Бергем жоқ» деп белімді...
(Күлкі.)

Дәл өздері.

II - ш і кісі. Осыларды көріп айтты-ау Абай!..

Көрініс

Болыстар. Жүріндер, ұлық кеп қалады. Жылдам, алдынан шығайық ұлықтың!..

Тегіс бөріктерін алып, қолтығына тымақтарын тығып, қалбақ қағысып жөнеліседі. Ормандар күлісіп тұрады. Оразбай, Жиренше, Нарымбет, Тәкежан шығады.

III - ш і кісі.

Табаныңнан тозасың,
Құр жүгіріп тарпылдап.

Антұрғанмын өзім де,
Бір мінезбен өтпеймін.
(Күлкі.)

Оразбай. Не шатып тұр мына біреулер?

Нарымбет. Өлең айтып тұр. Абайдың өлеңін айтып, болыстарды мазақ етіп тұр шеттерінен.

Оразбай. Е-е, бұ да Абайдың пәлесі деп білі!

Нарымбет. Анау өзге болыстар жапырласып тұр, шықпаймыз ба алдынан?

Оразбай. Е, жарайды, солар-ақ жалбақтап болсын. Өзіміздің Әзімхан ғой.

Жиренше. Өзіміздің Әзімхан болғанмен, өзі советник, жандаралға советник болды деді ме осы?

Тәкежан. Сайлаушы болып келе жатқанынан көрмеймісің? Советниктен кем болмас.

Нарымбет. Бұл советник оядан қалай болады екен өзі?

Тәкежан. Ой, тәйрі, оядан осал деймісің?

Нарымбет. Түу, жап-жас болса да, барып қапты-ау, пақырым!

Жиренше. Жасына қарай ма? Тегінде бар ғой, марка тоқты текті жердің бірі емес пе? Содан шығып отыр ғой.

Мес жүгіріп кіреді.

Мес (Оразбайға). Ойбай, Ореке, не қарап отырсындар?

Оразбай. Е, шүнақ, не болды?

Мес. Бәле, ана жақта елді де, елу басыны да бұзып жатқан жоқ па?

Нарымбет. Не дейді? О кім? Қайсысы?

Мес. Е, тәйрі, Абай да.

Нарымбет. Тағы Абай ма, бәсе?

Тәкежан. Не депті? Не ғып жатыр?

Мес. Е, Нарымбетті болыс сайламаңдар. Елге жаны ашымайды. Жылайсындар тек, қан қақсайсын, ол адам емес, жыртқыш дей ме, әлде не дейді.

Жиренше. Елу басының бәрін жиып па? Бәріне де айтып па?

Мес. Жоқ, бәрі емес, төрттен бірі болар. Бірақ тобынмен де өйлесем деді.

Тәкежан. Өз құлағыңмен естідің бе осыны?
Мес. Е, тәйірі, оңбай кетейін!
Орман (бағанағы топтармен жабысып).

Жайы мәлім шошқаның
Түрткенінен жасқанба...

I-ші кісі,

Одан үміт кім ғылар
Жол табар деп сасқанда...

Мес. Әне... әне біреулердің сөзін қарашы! Осы топтың бәрін кернеген ылғи осындай бүлік сөз. Абай сөзі.

Жиренше. Е, тәңір, Нарымбетті сайлатпаймын, деп, қарсы атып жатқан оғы емес пе... көрмеймісің?

Орман (күліп, өте беріп).

Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мырымдап.

Кетіп қалысады.

Нарымбет. Япырау, қалары бар ма, соңымнан қала ма мынау Абай, жоқ па?

Оразбай. Ей, Тәкежан, менің сөзім сенде. Ол туысқаның болса, мен құдай дескен құдаңмын. Тоқтатамысың, жоқ па? Не дейсің мынауыңа?

Тәкежан. Ой, Оразбай-ай, маған бастатудан кетпеп пе еді ол?

Оразбай. Ендеше, тек қолымды қоя берші, олай болса!

Тәкежан. Мен айтайын... Тағы бір, ақырғы жол, ағайын қарызынан құтылайын.

Оразбай. Тоқтамаса қайтейін?

Тәкежан. Тоқтамаса білгенінді қыл... Мен де болдым. Қажыдым.

Оразбай. Арылар болсаң, мынаны айт: тыйылсын да аяғын тартсын! Болмаса тек жазым болады бұ жолы, Мен бүгінде бабымдамын. Біліп қойсын, сөзім сол... Әне, Әзімхан да келеді.

Әзімхан шығады, бәрі жапырласып амандасып жатады.

Көрініс

Жиренше. Е, жолың болсын, қарағым Әзімхан! Оразбай. Мәнсәбің құтты болсын! (Нарымбет, Такежан да соны айтысады.)

Әзімхан. Айтқаныңыз келсін! Жә, күйлерің қалай? Нарымбет, сен қалайсың? Осы жолы болыстыққа Шыңғыс сені атайды деп естідім бе? (Оразбайға.) Рас па?

Нарымбет. Е, енді әйтеуір, Әзеке, бұйырса, өзінде сәтімен...

Оразбай. Атайық деп тұрмыз...

Әзімхан. Дұрыс, ендеше, ел де, елу басы да түгел десеңші.

Жиренше. Әй, шырағым-ай, ел шіркін ырыққа көнуші ме еді? Ненің түгелі болсын!

Оразбай. Абай тұрғанда, түгелдік қайда?

Әзімхан. Немене, Абай әлі баяғысы ғой?

Оразбай. Абай елге іріткі сап, тағы бүлік басы болғалы тұр... Осы ұлықтың да не қарап жүргенін білмей кеттік.

Әзімхан. Ұлықты Абай туралы кінәлап не ғыласыз? Мен айтайын сіздерге, Абайды бастығы жандарал боп, өлердей жек көреді.

Жиренше. Тілеуің бергір, сүйдеші?

Оразбай. Жарайды, шырағым Әзімхан, алдыразы болсын. Тіпті осы сөзің жетті де тұрды, ендігісін өзіме қоя бер.

Әзімхан. Ойбай, ол баяғыдан солай ғой. Жалғыз-ақ, қырда беделі бар деп жасқанып келген ғой. Ал енді қазірде нағыз беделі бар кісі Абай емес, басқа болғалы тұр.

Оразбай. Иә, ол кім?

Әзімхан. Ол дәл осы өздерің білетін Керім... Ол осы жолы көп дүниені аралап, біржола биіктеп келген көрінеді.

Жиренше. Е, аралағаны Меке ғой.

Оразбай (күліп). Е, тәйрі, Меке жарықтық жақсы болғанмен осы әлі өзіміздің Күпшекпай барып қайтатын Меке ғой. Күпшекпай тілеуің құрғыр сонда барғанмен де, әлі баяғы жүн жеп, жабағы саңғыған Күпшекпай көрінеді ғой. (Күлкі.)

Әзімхан. Жоқ. Керімнің жолы — бір басқа, тегі түп ниеттерің сонымен қабысар.

Керім шығады, амандасу.

Көрініс

Оразбай (*жұрт жабырлап Керімнің қолын алып жатқанда.*) Ой, құдай-ау, Мекеден келіп пе еді деген осы-ау! Жас жігітті де кәрі әруақтай тауап қылады екен-ау! (*Күліп амандасады.*)

Керім. Ореке, көп жасағанды айтпа, көп көргенді айт деген. (*Күліп.*) От басында өзім бар, өзім барда кімім бар дейсің де тұрасың-ау, жарықтық... Жә, менің мынау Әзімханмен сіздерден бөлек біраз сөзім бар. Маған оңаша бере тұрыңдаршы.

Әзімхан. Күп, Керім.

Өзгелер кетеді.

Немене?

Керім. Жә, ел қалай көрінеді?

Әзімхан. Өзім де жаңа келдім. Естіп-біліп тұрмын. Оразбай елу басылыққа өткен көрінеді. Осы жолы, Абай туысқаның тоғытылар білем.

Керім. Әзімхан, мен әдейі сол жөнде асығып келдім. Ойнасаң да саңыраудың астына түспе деп, мен мына топты білем ғой, Абай сайлауда ұтылып, елдің аталы жақсысы жеңсе жеңе берсін. Бірақ Абайдың өз басы бізге керек, Абайды топтарыңа қосам деп көп жерде уағда беріп келдім. Түсінер болсаң түбін ойла, жаным, Абай жазым болып жүрмесің.

Әзімхан. Келісіп те болғамыз жоқ! Бұйрық етесің ғой өзің тіпті. (*Күледі.*)

Керім. Ол-бұл болса, тура сенің өз арыңа тапсырамын, ұқтың ба?

Керім кетеді. Оразбай шығады.

Көрініс

Оразбай. Жә, не дейді? Не дейді мына Абайдың інісі? Өзі тіпті омырау ғой, байқасам.

Әзімхан. Қатаң ниетің болса, оныңа қарсы болмаспын дейді, Ореке. (*Күліп.*)

О р а з б а й. Уамай-ау, ат айналып қазығын табады. Білгемін. Шынымды айтайын, Тәкежанды болыстықтан түсіргелі отырғаным да осындайынан, осындай жалтағынан. Тек, Әзімхан шырағым, әлгіге енді менің ішімді ашпа... Кәне, үйге жүр. Ей, бастандар ұлықты!

Жиренше Тәкежан, Әзімханды ертіп кетеді.
Оразбай Нарымбетті ұстап қап.

Тоқта!.. Қол болмай — жол болмайды, білдің ғой?
Н а р ы м б е т. Иә, сүйтіп?

О р а з б а й. Сайлау ертең. Бірақ істің бәрі бүгінгі түнде ғой. Әлгі жанаямас жансерілерің қайда? Қазір бәрін әзір ұста.

Көрініс

А б а й (сөйлеп келе жатады. Жүдеу, сақалы ағарғач). Ұлы ұяда, қызы қияда жылайды. Елеген кісі көрдің бе? Елді аяйтын кімді көрдіңдер? Ұлығы опқа қамаса, жуаны жұт боп жалайды Тағы бір аямас қасты қайтіп қалайды?

Д ә у л е т. Айт, карағым Абай. Осыныңды айт... Оразбай арлан бәрі, Нарымбет бөлтірік бәрі. Тағы баулып қосайын деп жүр ғой.

О р м а н. Болыс боп ал, етіне қанды тұмсығын салайын деп жүр ғой.

А б а й. Тоқтамаймып, сөйлесемін анау ел басыларға. Сайлатпаймын Нарымбетті. Көкпай, бар, тілдесіп кел. Жиынына айтатын сөзім бар. Менімен бір тілдесуге жайлары бар ма, жоқ па? Бар болса, бастарын қоссын. Бар, жауабын алып кел.

Керімді қоршап, Көкпай, Баймағамбет, жай жігіттер шығады.

Көрініс

Керім, Абай көріседі, амапдасады.

А б а й. Немене, ұзақ сапар шегем деп ең. Тоқырау жерің — ақыр-аяғы қажы боп шықтың ба? (Күледі.)

К ө к п а й. Керім — Керім емес, қажекен бопты, Абай аға, енді мұның қолын ұстау да тәбәрік бопты...

Керім. Абай аға, қажы болғанмен де, Күпшекпай ғана болмасын, басқа да ала келген саркытым бар.

Абай. А, солай ма? Оның не?

Керім. Ендеше...

Окшаулана береді. Көкпайлар кейін сырғып кетеді.

Абай, Керім оңаша

Кейін ұзақ оңаша сөйлесерміз. Әзірше көрген жерде айтсам-ау деген бір жайым бар еді. Соны айтамын... Мен бұл жолы Сәйхіл исламды көрдім. Онан соң Түркия, Иран, Арабстан, Үндістан бар және Руссия мұсылмандарының зиялылары бар. Муфти бар — баршасын көріп, көп мәжілістес болдым.

Абай. Тәңір-ай, жана қоныс тауып келді ме десем, баяғы сары жұртқа қонып кепсің ғой. Ойлайтынымыз халық қамы болса, ел көшіне дін жолы бір тар соқпақ. Халық көші ендеп жүрер кең өріс — ғылым, өнер ғана жолы да. Ол қайда? Кімде? Соны тауып қайтады десем, қайта соған жат боп қайттым десенші! Бүйткенше, ап-ашық Таһіліл айтып, тасбіх тартып келсең нетті. Ел жөнінде менің құбылам — Меке де, шарық та емес, осы күнде батысқа көшкен.

Керім. Сіз шарықтың зиялыларын — бәрін де тастап кеттіңіз осы. Менің даулы жерім...

Абай. Мен Пушкин, Лермонтовтарды аударып жүрмін, ендеше. Халық Татьянаны Қыз Жібектей біледі, тыңдап көр.

Керім. Менің сурелі сөзім осы...

Көкпай шығады.

Абай. Немене, Көкпай, не десті?

Көкпай. Жиылысып жатыр, келсін, айтсын дейді.

Абай. Қазір барам, бара тұр. (Керімге.) Сурелі сөздің аты сурелі сөз ғой сол. Менің мұнда басқа бір міндетім тұр. Ел міндеті.

Тұрады. Керім кетеді, Абай жүре бергенде, көлденең Тәкежан шығады.

Көрініс

Тәкежан. Абай, тоқташы, сен қайда барасың осы?

Абай. Немене, жиынға барам.

Тәкежан. Барма, тілімді алсаң — барма бұл жиынға.

Абай. Оны қайдан шығардың? Барамын.

Тәкежан. Туысқандықпен, достықпен айтамын, барма!

Абай. Татымсыз достық пен қасиетсіз туысқандықты мен алдақашан ел қарызына құрбан еткем. Былай тұр.

Тәкежан. Ендеше, мен де қарызымнан құтылдым. Қашан айттың деме! (*Жол беріп.*) Бар, бара бер!

Абай (*тоқтаңқырап, ойланып қалады*). Не дейді осы?

Жүріп кетеді. Абай қатар үйлердің екіншісінен өте бергенде, қараңғыдан біреу шыға келеді.

I - кісі (*көлденең тұра қап*). Қайт, қайт!

Абай сол жаққа жалтара береді.

II - кісі. Бас көзінді... Бас!

Абай кейін шегіне бергенде, арт жағынан үш-төрт кісі шығады.

Дауыстар. Қапта, қапта, жой, жой көзін!

Бер жақтан Көкпай шыға келеді.

Көкпай. Абай аға, Абай! (*Жауларды көріп.*) Жоғал, бұл кім?

Тап береді. Сол кезде бірінші үйдің тасасынан Нарымбет жалт етіп шығады. Көкпай шоқпарымен салып жіберіп, қалпақтай түсіреді. Қамап тұрғандар осы белгімен Абайға тегіс қамшы, шоқпар көтеріп алып, жабыр-жұбыр сатырлатып жабылып кетеді. Абай құлап түседі. Ұйқы-тұйқы. Орман, Дәулет, Көкпай жүгіріп шығады.

Дәулет. Абай! Абай! Қарағым!

Ұмтылады, айрай. Жаулар бұларға да жабылып сабап жөнеледі. Төбелес. Әлі ұйқы-тұйқы. Керім жүгіріп шығады.

Керім. Маскара, сұмдық! Токтат! Токтат!

Мылтық асырып атып-атып жібереді. Жаулар қашып кетеді. Керім, Көкпай, Дәулеттер үнсіз жатқан Абайдың басына үйіліп қалады. Бергі жақтан бір шеттен Оразбай, Жиренше жүгіріп шығады.

Көрініс

О р а з б а й. Бәлем, артың не болсаң о бол... Талайдағы шер-шерменім бір жазылды ма?! Иә, аруак! (*Мес жүгіріп келеді.*)

М е с. Ойбай, Ореке, сақ бол. Халық естіп, біліп қапты. (*Артына қарап.*) Эне келеді. Қаптап келеді... Қаш!

Ж и р е н ш е. Ал, кеттік... Қаш, жөнел!

Қашып жөнеледі. Керім, Ормандар Абайды көтеріп бері алып келіп жатқызады, халық кеп қалады.

Д а у ы с т а р. Бұ не? Не болды? Сұмдық-ай! Абайға қол тигізген қандай жауыз? Не сұмдық? Не деген сұмдық? Садаған кеткір кім өзі, қайда сол кәпір?

О р м а н. Басқан ізінен садаға кетіндер! Оразбай ит, Нарымбет жауыз! Қайда? Қайда?

Д ә у л е т. Уай, халық! Осы Абайдан... осыдан аяп қалған жанды да жан дейміз бе? Ұста, сой, тегіс қапта!..

Халық: «Қапта-қапта, өлтір, өлтір»— деп шулап қуа жөнеледі. Қарлығаш, Ажар жүгіріп шығады. Ажар Абайдың басын құшақтап жығылып.

А ж а р. Ағекем, жалғызым!

Орман сабап отырып, Әзімханды сүйреп алып шығады.

О р м а н. Тіпті ұлық болмай, күдай болып кет! Бәле басы — мынау ит!

Ұрып-ұрып жібереді. Әзімханның қалпағы ұшып кетеді. Омырауы талқан болған бірінші болыс жүгіре шығады.

Ә з і м х а н. Ей, бауырым, ей, ағатай, оңбайын, олда оңбайын!

А ж а р (*Орманға жабысып*). Орман, бауырым, күлдық! Жалғыз ауыз сөзім бар мынау итте. (*Орман тоқтайды*). Осы келді дегенді естіп әдейі кеп ем. Айдар өлер сағатында, осыған сенбе деп еді. Артынан ұстай

алмай қалып ем. Кетіп қап еді. Айдар басына қас еткен осы ит пе деймін. Айтқыз соны, сонысын айтқызышы.

Орман. Әй, жауыз ит! *(Жұлып етпетінен түсіріп, қанжарды сілтеп тұрып.)* Айт, айт жаныңның барында! Қас етіп пе ең Айдарға?

Әзімхан. Ағатай, құлдық... Шыбын жаным отқа өртенсін, мен емеспін.

Ажар. Мен емес?

Орман. Енді кім? Айт шапшаң!

Әзімхан. Мен емеспін, өзге болса — іздей бер. Ізде...

Керім *(Абайдың қасынан атып тұрып)*. Жоғалт итті! Сайлау жоқ. Сабап-сабап айдап таста. Сайлау бермейді бұл ел... Мұндай ақылсыз итті жіберген ұлық өзін-өзі кінәласын... Айда, қу өзін! Абай ағам есін жи-ды, әпкет жауызды!

Жұрт Әзімханды сүйреп алып кетеді. Абай аздап есін жияды. Жұрт тегіс осылай ауысады. Зейнеп жүгіріп шығып, Абайды құшақтай алады.

Зейнеп. Шыбыным Абай-ай!.. Қолы сынғыр, қай садаға кеткірдің қолы батты-қадірліме!?

Абай *(Көкпай, Зейнеп, Баймағамбет құшақтай көтере береді)*. Не болды?.. Кімнен көрдім? Тәкежан, Тәкежан! Тәкежан!.. Мені шағатын жылап менің баурым-да. Менің қойнымда отыр ғой, қайтіп қалам?! Қайтіп тұрам бұл жерде? Баймағамбет, әпкел, атымды өкел! Кеттім, кеттім біржола. Енді жоқпын. Әпкел, тұр, тарт!

Баймағамбет жүгіріп атты әжетеді.

Баймағамбет. Қайда, қайда тартам?

Абай. Батысқа! Әкет мені батысқа!

Дауыстар. Қарағым Абай, қайда тастап кетесің? Кімге тастайсың? Халқынды қайтесің? Тастама, кетпе!

Атың ұстай береді, Абай атқа мініп алған.

Абай. Қайран елім, саған менің кінәм жоқ! Бірақ мұнда қалар нем қалды? Бақыл бол, туған жұртым! Өлер сағатымда да сенің тілеуіңді тілеп өлермін. Бірақ сен кеш маған. Кеттім, міне!

Зейнеп. Жаным Абай, сүйген ұлы мерт болса, санадан ана солмай ма? Сол ана, ел анаң емес пе сенің. Күңіретіп қайда тастап кетесің?

Абай. Зейнеп, Бәке... Елімнің екі асыл көзі!.. Екі досым... Ең болмаса, екеуің мені мынау Оразбай, Тәкежандай жыландардың ортасынан алып кетші... Жүріңдерші... Қетейікші. Тарт!

Керім. Абай аға, ағатай, кеше көр. (*Шылбырына оралады.*)

Абай. Тарт былай...

Керім. Ендеше, оралдым міне шылбырыңа. (*Бүк-гүсіп.*) Жаным құрбан жолыңа... Жаттым аяқ астыңа, таптап кет. Өлігімнен аттап кет!

Абай (*тебініп*). Тарт, кеттік, әпкет... Мені...

Шымалдық.

Жетінші сурет

Абайдың қысқы үйінің екі бөлмесі. Бұл бөлмелер арада жалғасады. Және әрқайсысының сыртқа шығатын есіктері де бар: Терезелері перделі, жасаулы бөлмелер. Шымалдық ашылғанда сол жақтағы бөлмеде ешкім жоқ. Екінші бөлмеде Мағауия, Әйгерім отыр. Мағаш жүдеу, қолында Абайдың қолжазбасы, көшіріп отыр.

Көрініс

Мағауия (*өлең оқып отыр*).

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей,
Өлең шіркін, өсекші жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

Ағам жүдеп барады-ау?! Өлімді жиі ойлайтын бопты.

Әйгерім. Осы жақында бір күні: сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес. Бәрі де әлдекімдікі дейді.

Мағауия. Сонау бір күн — сұмдық бір күннен бері үмітінің ай-күні бірден батқандай. Тіршіліктің уығой.

Әйгерім. Әй, қарағым Мағаш-ай, қайсыныңды айтайын? Ол күні... Айдар аман... Әбіш... Әбішім!

Мағауия (*жазып отыр*).

Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер сабыр қылайын:
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамап сылайын...

Әйгерім. Апырай, бұрын қандай жарқын, ашық, шат еді... ұмытылып кеткені ме?

Мағауия. Сол бір сұмдық қара түн, қара бұлттай басты ғой бәрін. Қайран апа-ай, ағамды өмір бойы бір түндей үнсіз, дүлей күштер айықпас соққыменен қор етті-ау! Мен болсам, өз жанымды төсеп арашалаура да жарамдым. *(Жөтеледі.)*

Әйгерім *(күрсініп)*. Қарағым-ау? Тағы қысты ма? Құдай-ау?!

Мағауия. Ақырын... ағамның мазасы кетпесін! *(Түзеліп ап тағы оқиды.)*

Қан жүрек те қайғылы-ау,
Қайрыла кет сен маған!
Қасіретін ойлан-ау.
Қам көңілдің тынбаған.

Мағыш кіреді, қаралы, жүдеу.

Әйгерім. Мағышым.

Мағыш *(бетін басып күрсініп)*. Жаңа бір кішкентай көзім ілініп кетіп еді. Түсімде Әбіш келіп *(жылап)*, дәл тірісіндей жаны ашып, аяп, Мағышым-ай, қайтермін сені дейді. *(Жылайды, үй жым-жырт.)*

Абай шығады.

Тілеуді кесті құдайым, зарлатып қойды, қайтермін.

Көрініс

Абай *(бұл күнде қартайған. Мағышты көріп қасына келіп құшақтап)*. Мағыш қарағым, өлген адам өткен жаң, бүгін менің де жүрегімді қан ғып еді. Сені уатып, сені жұбатқандай боп, бір азырақ сөз жазып ем. «Шын сорлы мен-дағы, Мағыш байқап қараса» деп ем сонда. Жүрші, тым құрмаса, соны оқып алданыш етші.

Ертіп бара жатқанда, есік ашылады. Көңілденіп сәлем беріп Керім кіреді. Қысқы киімін шешіп қақырынып, сыланып жатады.

Абай *(Керімді көріп)*. Қазір.

Кетіп қалады. Керім Әйгерімдермен амандасып, қоржынынан жана кітаптар алады. Омырауында алтын сағат, кімі кербез. Абай қайта шығады.

Керім (жаңа кітаптарын Абай мен Мағауияға беріп жатып). Міне, Абай аға, мінеки, Мағаш! Менің жазғандарым мәтбуға бетіне шықты. Байғазы тағындар.

Абай. Қайда басылған. (Кітапты қарап отыр.)

Керім. Қазанда. Айтып ем ғой исләм ғалымының шебі тутасады деп.

Абай. Не дейді бұл кітабың?

Керім. Кітабым сол қауымымның нұқтай назарын фаш етеді. Мәсләгіміз бар мұсылман ғаламын бір тудың астына жию. Біздің дін қарындастардың таң шапағы атып келеді. Бұрынғы Әмирул Мусими. Әмирул Мусимині замандары хатта Шыңғыс, Темір замандары енді алыс емес. Қазір біздің қауым Қазан, Уфа, Оренбург, хаттаки Петарда да бар. Истанбул, Мысыр, Таһран, Мәкке Мәдени һәммәсі де осы туды көтеріп отыр. Ел қамы, ел башылығы деген енді осы жолдағы зиялылар қолында ғана болмақшы.

Мағауия. Өзіңнің, тіпті «хатта, сәттә» деп, білігі тозған арбаның дөңгелегі құсап, тілің нағып бұрмаландап кеткен?

Абай. Өзі дүние танып болмаған бишаралар елді адастырады десенші.

Керім. Абай аға, осы жолда ойланатын уақытымыз болды-ау, осыны қойсаңызшы. (Жым-жырт). Құданың құдіреті, сіздің нұсқаларыңызды жіберіп ем, мәтбуға баспаймыз депті. Шынын айтқанда, исламиет бірлігіне шақырмайды, Руссияның Пушкинін, Лермонтовын мәдехлайды. Ибраһим осыны қойсашы депті. Қауымсыз имам, шәкіртсіз ғалым болып қалмақсыз ба?

Абай. Менің қауымым әзіреті — қос келді, әзібай мен тотияйынға қоса иманшарт сататын лапкеші емес. Қауымым — халқым. Пушкинді сен танымасаң, сол таниды. Соның ұлы-қызы, жас-кәрісі таниды. Жалған кітап орнына, шындық жырын жырлап жүрген ел бұлағы, халық ақыны таниды. Не ғыласың!

Мағауия. Керім, осы Айдардың Еңлік — Кебегін анада сен алып кетіп ең. Көшірілген жоқ, соны қайыршы, көшірейін.

Керім. Мен оны түзетпекке алғам, терісін... түзеу...

Абай. Жоқ, сен түзетпейсің. Түзетуге қақың жоқ. Өлі жанның өз мүлкіне қол сұқпа. Қайтар мына Мағашқа,

Керім. Мақұл, ендеше.

Жым-жырт, есік ашылады. Сақал-мұртын қырау басқан Долгов кіреді.

Долгов. Абай аға, қымбаттым, Абай аға! (Құшақтап, Абайдың бетін қысады.) Бірақ, Абай аға, неге мұнша қартайғансыз? Мағаш. (Оны құшақтайды.) Әй, сенікі не? Саған тіпті жол емес, сен неге жүдеуің? Керім. (Онымен де амандасады.) Неге, қалай?

Абай. Біріміз қартайдық, біріміз жүдедік қой. Федор Иванович, қайтерсің, ал өзін қалайсың?

Мағауия. Қалай келдің? Жақсы келдің-ау, Федор Иванович.

Долгов. Әй, сұрама... Семейден ары үш жүз шақырым жерге айдап тастаған еді. Бірақ мұндай күн туып келе жатқанда, бар білген жаңалықтарды жеткізіп, қуантайын, көрісейін дедім.

Абай. Рахмет, досым, жаңалықтарыңды айтшы.

Әйгерім, Ажар, Мағыштар келеді. Долговпен құшақтасып амандасады.

Долгов. Туғандарым, достарым! Патшалық тахтын сілкінтетін күн тақау. Кейін барын да айтармын саған, Абай аға, саған айтам. Сол күнге әзірлен, халқыңды әзірле, енді күнің туып келеді.

Абай. Қымбатты досым Федор Иванович, көзім жетті, байшешегім суалды деп ем, жан тамырыма қан жүгірттің ғой.

Долгов. Неге жүдейсің?

Абай. Қайтемін! Жаңа мына Керім екеш Керім де сенің кітабың басылмайды, сенің қауымың жоқ, сенің сөзің ұмытылады деп отыр еді.

Долгов. Ой, айта берсін! Көрмейтін кісі түйені де көрмейді. Мен айтайын, осы жолы бір нәрсеге қатты қуандым. Жолшыбай осы нашар, жыртқық, лашық, бекет үйлер бар ғой, соның көбінде бала болсын, кәрі болсын сенің өлендерінді бірі оқып, бірі әнге салып жатқанын естідім. Ғажап қуаныш қой. Сен үшін тіпті өзім де мақтандым. Бір жерде Татьянаны айтқандар болды.

Абай. Сықырлаған қыс ортасында, жарқыраған жазым қайта келгендей болды-ау, Федор Иванович! Әбдірахман, Айдар — бәрінің тірі күні — жағасы жай-

лау рақат күнім еді. Уайымсыз-қайғысыз, шыбынсыз бір жазым еді. Соның бір сағатын болса да қайта оятып, өзіме қайта әкеп бергендей болды-ау!

Осы кезде «ұлықтар» деген дауыс естіледі, сау етіп полиция кіреді. Әйгерімдер Абай бөлмесінде, ауыз үйде Ажар, Қарлығаш, Мағыш.

Полицмейстер. Ибрагим Құнанбаев кім?

Абай. Мен.

Полицмейстер (үйдегілерге). Встаты!

Абай. Ақырма! Ат қорада тұрмын деп пе ең? Тұрмандар!

Полицмейстер. Молчать, смирно!

Долгов. Қайда кеп тұрғаныңды білемісің? Кімге кеп тұрсың? Сен тең бе едің, Ибрагим Құнанбаевичқа?

Полицмейстер. Иә, сіз кім боласыз?

Долгов. Ұят! Халқым үшін, орыс халқы үшін, сендердің әдепсіздіктерің үшін мен ұяламын.

Солдаттың бірі бастығына сыбыр етеді.

Полицмейстер. Иә, орыс халқының жалған қорғаушысы, сіз кімсіз? Паспортыңыз?

Долгов. Мен Долгов.

Полицмейстер. Ә, сіздің осында болатыныңызды біз білгеміз, сіз де керексіз, анау үйге шыға тұрыңыз. (Долгов Ажардың қасына келіп сөйлесе бастайды.)

Полицмейстер (Абайға қағаз беріп). Тінтеміз!

Абай. Ал тінт.

Полиция тегіс тінтуге кіріседі. Бір-екеуі Ажар бөлмесіне шығып, сондағы сандықтарды ақтарып, нәрселерді шығарып жатады. Осы үйдегі тінту үстінде баяғы Керім лақтырып тастаған у сауытын бір солдат сандықтан алып қарап, жерге тастайды.

Долгов (Ажарға жақындап, ақырын). Ажар, мен анығын ести алмадым, Айдардың науқасы не еді, неден қайтыс болды?

Ажар. Науқасын білмедік. Білмеген калыпта қалдық қой, Шодыр!

Долгов. Қалай ауырды, қанша ауырды?

Ажар. Тойдан кейін, өзің кеткен күннен кейін он күннен соң-ақ жығылды ғой, марқұм. Ылғи ішім деп, ішін тырналап жатты. (Сөйлесіп отырады.)

Полицмейстер (*Абай үйін тінтіп болып.*) Жә, жазуларыңыз қайда?

Абай. Оны қайтесіз?

Полицмейстер. Жиямыз да алып кетеміз.

Абай. Менің жазуларым өзімде емес, өзгеде.

Полицмейстер. Өзге деген кім? Біз бәрібір табамыз да жоқ қыламыз.

Абай. Өзге деген халық. Менің өлеңдерім халықтың аузында. Бар да жинап алып кет. Жинап алу қолынан келсе, жоқ қылуың қашпас.

Полицмейстер. Ал мына кітаптарды! Біз бәрібір табамыз, жә, жүріңдер.

Долгов (*Ажарға*). Не дейсің? Содан ғой, япырау, бұл қалай?

Ажар. Иә, оны немене?

Долгов. Уланған ғой! Жаным-ау неден, астан ба? Әлде неден уланды бұл?

Ажар. Улаған? Қуатым, Айдар!

Жылайды. Долгов Абай бөлмесіне кіреді.

Абай (*Долговпен құшақтасып, сүйісіп*). Ең алғаш дүниеге көзімді ашқан достарым ең, Мехаэлис екеуің алысты жақын етіп кеп ең. Нелер ықлым замандар мен халықтардың нұр сәулесі, құт қазнасын ой хиялымен аралап танысқанымда, ішімнен әрқашан екеуіңе алғыс айтып жүруші ем... Әурешілік өмірімнің айкүндік жұбанышы болса, соның бірі сендердің достығың еді. Орыс халқының адал ұлы едің. Енді қайтып көрісем бе, жоқ па? Бақыл бол, досым! (*Қайта сүйеді.*)

Долгов. Абай аға, неге? Көрісеміз. Әлі талай жақсы жайлауда ұзақ рахат күн кешеміз, кош, кош!..

Асыға кетеді. Жым-жырт.

Қарлығаш (*Ажарға кеп*). Түу, құлқының құрғырлар, астан-кестен қылды ғой. Шодырға, керек десе, дәм татқыза алмай да қалдық. Өзі біртүрлі қуанып, жайнап кеп еді. (*Сауытты көріп.*) Өй, Ажар, батыр-ау, мынаны қара... Бұ қайдан шықты?

Ажар. Тінткенде алып тастады ғой. Мен бұны... Өзіміздің той күні үйден тауып алып ем, кімнен қалғанын да білмеймін.

Қарлығаш. Әй, осыны мен бұрын көріп ем ғой?

Ажар. Кімнен көрдің? Ненің сауыты өзі?

Қарлығаш. Ішінде дәрі бар деп еді... Батыр-ау, бірақ кімнен көрдім осыны?

Ажар. Дәрі?.. Дәрі?.. Жә, қайдан көрдің, кімнен көрдің? Айт, айтшы, кімнен көрдің?

Қарлығаш (*ойланып*). Құлқының құрғыр, қу басым, кімнен, кімнен көрдім осыны, ә? (*Ойланып қалады.*)

Керім (*Абайға*). Абай аға, осындай бір ауыр сағатта қол созайын тағы да! Жеке кетпей, келсеңізші қауымға. (*Абай үндемейді.*) Дүние — үлкен көл, заман соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, соңғы толқын — інілер деген өзіңіз емес пе едіңіз? Жаңа буынның жаңа толқыны, өзгеше толқыны келе жатқанын қалай көрмейсіз осы?

Абай. Керім, Керім! Шынымен жаңа буынның жаңа толқыны келе жатса, оны мен көрер ем де, құшақ жайып құп алар ем ғой. Бірақ әр толқынның алдында көпірден көбік келе жатпай ма? Толқын үнсіз келе жатса, көбік шу көтеріп, даурығып келмей ме? Бірақ толқын алға баса беріп, көбік жарылып, тозып бітуші еді ғой. (*Жым-жырт.*)

Ажар. У! Айдар, жалғызым! Шодыр! Не дедің? Бәсе, жүрегімнен күдік кетіп пе еді? Жә, кімнен, кімнен көрдің бұл тасты? Осында бір пәле бар ғой. Пәле осында ғой! Қайдан келген кесір ен, құраған мылқау суық тас! Дұспаң тас, кімнен келдің? Әзімхан, Әзімхан ба? Жоқ, «ізде, мең емес, ізде» демеп пе еді?

Анау үйден Керім шыға береді. Ажар ұмтылып.

Керім, Керім, осы мына сауытты сен танисың ба?

Керім (*сескеніп*). Жоқ, қойшы қайдағыны!

Ажар. Шын айтамысың?

Қарлығаш. О-о, таптым! Ойбай, бұл Керімнің сауыты ғой?

Керім. Ой, не сандалып тұрсың?

Қарлығаш. О-о құлқының... Қайным-ау, әлгі Ажар мен Айдардың тойы күні қолымнан жұлып алмап па едің! Не деген ұмытшақ едің?

Керім. Ой, ол басқа сауыт, қойшы әрі ентелетпей.

Қарлығаш. Жоқ, жоқ, құдай төбемнен ұрсын, дәл осы сауыт!

А ж а р. Болды, тоқтат! Жүр, екеуің де мына үйге кірші! Жүр деймін!

К е р і м. Бұ нағып басымды қатырып жүр осылар?

Бәрі кіреді.

А ж а р. Абай аға, кеше гөр, қиналып отырсын, білемін. Бірақ қайтейін, дертіңізге тағы бір дерт жамалды ғой. Мен сорлы жүрегімді жеген жегі құртты таптым ғой.

К е р і м. Не дейді, не деп тұр осы?

А ж а р. Бөлме, Керім, сөзімді, бөлме енді! Айдар өлерден бұрын еті теңбіл-теңбіл боп кетіп еді. Долгов жаңа сұрай келіп, уланған екен деді.

Ә й г е р і м. Сұмдық-ай, не дейсің, қарағым?

А ж а р. Мінеки, енді мына сауыт, мынау тас барды ашып тұр.

К е р і м. Сандалып не деп барасың?

М а ғ а у и я. Ей, Керім, тоқта!

А ж а р. Ал, осы сауыт дәл той күні мына Керімнің, тап мынаның қалтасында екен, Қарлығаш сол күні көріпті. Жалғызым, жарым Айдарым! *(Жылайды.)*

Қ а р л ы ғ а ш. Рас, қалтасынан, қалтаңнан көргем, жүзі қара! Астапыралда-ай, не дейді?

К е р і м. Тоқтат! Не шатасып тұрсындар өздерің?

А б а й *(Керімге)*. Доғар! Өшір, лағнат, үнінді! Жауызға еткен жақсылық суға жазған сертпен тең! Адалынды арам етіп кепсің ғой, залым! Сенің жүзің тамұқтан бетер қараңғы. Туғаныңның етін жеген сен жауызсың! Бұл күннің қабаны сен, жоғал көзімнен! *(Талықсып.)* Айдарым, бауырым! Арманым!.. Ашылмай кеткен арманым! Қандай қайғы еді, неткен ауыр шер еді.

К е р і м. Аллаһ, жазықсыз едім ғой!

М а ғ а у и я. Аузыңда алла, қолыңда қан, сен итке сенген досыңның қаны! Сен тас жүрек, қара жын, кімді аяйсың? Кімді зарлатпайсың? Сатарсың, бүгін бе, ертең бе — сатарсың әлі талайды. Байла! Ұста! Тақ мойнына арқанды. *(Ұмтылып.)* Өлтір жауызды!

Әйгерім Керімді сүйреп әкетеді. Сол кезде ұмтылып келе жатқан Мағауяның тамағынан қан саулап кетеді. Ықылық атып қалады.

Лағ-нат!..

А б а й. Қан, қан кетті ғой. Мағашым, не болды?

(Құшақтап отырып қалады. Мағаштың аузынан қан ақтарылып жатыр.)

Әйгерім *(Керімге есікті нұсқап тұрып)*. Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты деп еді Абай, сол жауыз сен бе едің? Жүзің күйгір! Шық, жүзің күйгір! Лағнат қамытын киіп шық, кет маңымнан! Ер болсаң өл барып, жөнел!

Керімді қуып шығады. Мағашқа барлық жұрт төніп кеп қалады.

Абай *(қиналып отырып)*. Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды? Мен ішпеген у бар ма? Жүрегімді көрші — міне? Жарадан сау жер қалды ма? Мұнша ғазап шеккендей не жаздық, не ғайыбым бар? Көп көргенің шер кеуденің әлсіреген тынысы ма? Қасретті түндер ме? Түннен бетер жұтатқан бейуағы ма өмірімнің? *(Мағашты құшақтап, күрсініп.)* Қалай? Қалай? Айтсандаршы, не боп кетті Мағашым? *(Қанды көріп.)* Қан, қан ба? Әлі де тоқтап болмаған жүрегінің қаны ма?

Ш ы м ы л д ы қ.

Көрініс

Сахна, сол екі бөлме. Ауыз үйде жүдеген Ажар, Мағыш, Қарлығаштар, еркектер. Төр үйде төсекте Абай жатыр, әл үстінде. Қасында Әйгерім, Көкпай. Мезгіл жазғытұрым, терезелер ашық. Ар жағынан алғара-көк бел көрінеді.

Тәкежан *(кіріп келіп)*. Тіл қатты ма, тым құрмаса, арыз айта бір ауыз тіл қатты ма?

Әйгерім. Жок, үнсіз сөніп барады.

Көкпай. Көп күн болды... тыйылды ғой бар сөзден.

Тәкежан *(Абайға үңіліп)*. Қарағым Абай, ести-місің. Бөтен дүниелік болайын дедің бе? Заманым не боп барады?

Абай. Ез... күнде өледі... Машығынмен кетерсің, нең кетті?

Тәкежан. Абай бауырым, кеш мені. Қолымыздан

ел кете ме дедім ғой. Елмен болам деп адастым ғой, кешіп кетші.

А б а й. Ел кім? Ел сендер ме едің?

Баймағамбет, Зейнеп кіреді. Абай белгі етіп шақырады. Зейнептер екі жағынан отырады. Абай Тәкежанды нұсқап.

Ел осылар ма еді? Өткен үшін ұялар, болашақ үшін қорқар шағың болмап па еді? Кешегі Айдар... Бүгін мен... Бет топырағым ішіне тікен тастайын деп келдің ғой, бірақ уытын қайтарар басыртқысы болмаса, у хауіпті. Туар ертең жаңа жыл... Келер ертең жаңа төл... Ол сенің жасағыңа шықпас... Лағнат оқыр сендерге... Сол лағнат алды болсын, бар! *(Қолымен Тәкежанға шық деген белгі етеді.)*

Тәкежан *(селк етіп)*. Абай... Ойпырмай, кешпедің бе?

Әйгерім *(қиналып)*. Абай, жаным-ай, ағаң ғой.

А б а й. Ең ақырғы сағатым... Соңғы ғана тынысым ғой... оны достарыма... *(Зейнеп, Баймағамбет, Көкпайларды құшақтағысы келгендей, бірақ әлсіз; аналар құшақтайды.)* Достыққа берем, дұшпаным емес, еліме, еліме берем, бар!

Тәкежан. Сұмдық-ай, кешпеді деген не? *(Кетеді.)*

А б а й. Алдымда күн... Өзгеше жарық нұрлы күн... Міне-міне, анадан туып дүниеге алғаш көзімді ашқан-дай көргенім осы... дәл осы нұрлы күн болса керек еді... Аты «тіршілік» болса керек... Қандай тыныштық, қандай нұр! Иә, елім мендік емес пе, Зейнеп, Бәке?

Зейнеп. Елің, елің сенің қасыңда! Үйде аулың ғана емес, үйелменді елің бар, қалың қазақ қарындас — бәрінің де зор тілеуі бір өзіңнің басыңда, қадірлім! Абай жаным!

Б а й м а ғ а м б е т. Еліңнің жақын-алысы, жасы менен кәрісі, келгені мен келері, талай ұрпағы, жанылмастан жад етер сенің атыңды!

А б а й. Сәлем... сәлем деңдер соларға, сәлем деңдер, достарым! *(Ақырындап үзіле береді.)*

Зейнеп. Қош, қош, енді! Топырағын торқа болсын, жарықтығым Абайжан! Тірлігінде досым деуші ен. Сен жоғыңда жоқшыңмын деп айтамын. Сен сөзімнің басы едің, мен шебінде нөкерің ем, қанды ауызды жолатпаспын қабырыңа, шырақшыңмын!

Халық дауыстары (ауыз үйден осы үйге тегіс келеді).

- Қайран асқар алыбым!
- Талмай жанған шырағым!
- Қайран ағатайым! Абай аға!
- Қайран аға, қайда кеттің?

Жұрт тегіс тізе бүккен күйде.

Ш ы м ы л д ы қ.

• •
• •
• • • • •

АБАЙ

*Төрт актылы,
бес суретті,
опера либреттосы*

ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

Абай.
Айдар.
Әзім.
Есбай.
Нарымбет.
Ажар.
Қарлығаш.
Жиренше.
Сырттан.
Мес

Жігіттер, қарттар, әйелдер.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Жартасты, тоғайлы шатқал. Алысырақта көл. Жаңа туған ай сәуле-сі су бетіне сұлаған. Жым-жырт кеште бар дүние мүлгіп, түн тыныш-тығына бейімдеп барады... Кенеттен тастақ жолда тасырлата шапқан ат тұяғы естіледі.

А ж а р

Жар бола гөр,
Жасаған-ай!
Айдар жаным, қайдасың?!

А й д а р (*жүгіріп шығады*)

Қуғын жақын,
Мертікті атым!

А ж а р

Сен қаш, мені-ақ байласын.

А й д а р, А ж а р (*дуэт*)

Не дейсің, жаным?
Тастап сені тажалға,
Амандық сәнін
Қашқын болып табам ба?
Одан да ажал алсын!
От боп жалған жансын!

А ж а р

Қош, Айдар, жарым!
Жер тығыз жалғыз антым,
Серт, егер барым,

Тосамын тағдыр артын!
Арман есте қалсын,
Жаным бірге жансын!..

Сыртта тасырлаған аттылар.. Айдар мен Ажарды қоршалай жан-
жақтан қуғыншылар жүгіре шығысады... Ұйқы-тұйқы ұмтылыс. Ай-
дар біреуді қағып түсіреді. Бірақ көп жабылып, байлап алады. Ажар
да тұтқын. Топ ортасында Нарымбет, Жиренше.

Н а р ы м б е т
Ұста! Сой! Байла! (*Айдарды байлатады.*)

Ж и р е н ш е
Аяма, сыбағасын сайла.

Н а р ы м б е т (*Ажарға*)
Жерге кіргір,
Бетің күйгір!
Бата бұзып,
Ноктаны үзіп,
Елден, ерден кетіп көр.
Байла! (*Ажарды да байлатады.*)

А й д а р
Әлсіз қолын байласаң да,
Ақ жүрегін байламассың,
Нокта емес, көр сайласаң да,
Жар қызығын тойламассың.

Н а р ы м б е т
Доғар, тоқтат тіліңді,
Азғырған жау, өшірермін үніңді...

А ж а р
Өлсем Айдар қасында өлем,
Шақыра бер жыныңды.

Ж и р е н ш е
Аттап ап, ақ батаны ардан кешті,
Бақ тілеу алдан тілер өзі кесті,
Орайы аямастық жаза болсын,
Көзін жой күн туса да қиян-кескі.
Ақ жолым мұра қылған ерден ескі,
Жаратқан өзі алмаса берген есті.
Аяма, аянба да шап алмасты!
Қаралы қанмен ұзат сұмдық кешті!

Н а р ы м б е т
Тақ арқанды мойнына,
Жылан салып қойныма,
Жар етем деп адасқам. (*Меске бұйрық етіп.*)

Мін атына, сүйреп кет!
Жат жүрегін талқан ет!
Арымнан ару садаға
Қуә бол қатал қара аспан!!

Айдар, Ажар екеуінің мойнында арқан.

Айдар
Қош, Ажар жаным!

Ажар
Бақыл бол, жарым,
Жадымда кетер тынбастан,
Қара түнде саған қосқан
Алтын арай арманды әнің!..

Нарымбет
Тарт, сүйрет, аял жоқ,
Сорлары қайнасын!

Айдар
Абай! Абай аға, қайдасың? ;
Мес ат үстінде?

Нарымбет
Аруақ!

Жиренше
Сенгенің құдай емес, Абай екен,
Алармын оның-дағы алдын тосып,
Тобыңмен бәле сепкен қалай екен,
Тарт, жөнел, ел жайлауын еңдей жосып!
Аруақ!

Нарымбет
Аруақ, адалыма жақ боларсың.

Айдар
Абай!.. Абай аға!

Мес жөнеле береді. Абай шауып шырады, қасында Есбай, Әзім.

Абай
Араша! Токтат! Жан сауға!
Әзім Местің атын ұстай' алады.

Есбай
Араша! Токта! Араша!

М е с

Тұр былай, тоқтарым жоқ!

А б а й

Кес арқанды!
Арашаны
Бермей кетер
Сотқарың жоқ,
Кес арқанды!

Есбай ұмтылады.

М е с

Тиме арқанға!

Есбай кесіп жібереді.

Е с б а й

Кетсін арқан қолқана.

А й д а р

Абай аға!..

А ж а р

Қайран аға!

А й д а р

Қадалғандай ажалдай оқ,
Өзің жеттің, арманым жоқ...

Ж и р е н ш е (Абайға)

Неге келдің, не деп келдің,
Кім шақырды сені мұнда?
Бар азабын келген кердің
Арашашы алатұн да...

Н а р ы м б е т (Абайға)

Қара желек жамылған,
Жесірімде жалаң бар ма?
Сойқан іздеп қағынған
Мынау жатқа панаң бар ма?

А б а й

Ағайын, адалыңнан аярым жоқ,..
Жақсыңнан жарым жолда таярым жоқ,
Жалғыз-ақ ел ұялтар, ер сыналар
Кезеңде шаппай қалар аялым жоқ.

Ж и р е н ш е

Осы ма ел намысын жоқтағаның,
Ақ жолын ата-бабам ақтағаның?

А б а й

Жат жаза, жалған намыс қостамаймын,
Көпті алдап жамандыққа бастамаймын.
Айыбын жаза басса, бірге тартам,
Айдардай асыл бауыр тастамаймын.

Ж и р е н ш е

Я, тәңір, ата-бабам, кешіре гөр,
Асқақтың сыбағалы жазасын бер!
Кемел би Кеңгірбайдың жолы қайда,
Кебектің керін кигіз, аяма дер?!

Н а р ы м б е т

Аямаған Кеңгірбай!

М е с

Аруағым Кеңгірбай!

Н а р ы м б е т

Өлім ғана орайы,
Жолын айтқан Кеңгірбай!

А б а й

Табынғаның сол болса,
Кеңгірбай жолы жол болса
Сонау сұмдық билігін
Білекпенен шешпеген,
Ел келесі екшеген.
Сал ағайын алдына
Таразысы, талқысы
Қай түйінді кеспеген?!

Е с б а й

Сал ағайын алдына!

Ә з і м

Сал атаның салтына!

Ж и р е н ш е (Абайға)

Жауабыңды айт ендеше,
Қанды мойын қасымды,
Паналатқан сен десе,
Төсермісің басыңды?

А б а й

Аяп қалар түгім жоқ,
Салдым қалған жасымды!

Ж и р е н ш е

Жауапкер Абай болды ғой?!

А б а й

Болдым, қайтар жерім жоқ
Түйірдей пәле іздеп ең,
Уысың тұтас толды ғой.

Ж и р е н ш е

Жауды тапқан мен болсам,
Ара түсер сен болсан,
Арманым жоқ белдестім,
Кінә өзінде жер болсаң!

А б а й

Ара бидің алдында
Жеңсең бітер таласым,
Шеш қолдарын, азат ет!
Билік күн қолдан аласың...

Ж и р е н ш е

Шеш!

Айдар мен Ажардың қолдарын шешеді.

Атан бар тайлақ жүгін артатұғын,
Шақырған пәле зарын тартатұғын,
Жау шықтың жаулық сені аумай табар
Жазаның түбі сенсің сарқатұғын!

А б а й

Қай талқы құл алдына құрылмаған,
Қастықпен қай күнің бар құбылмаған.
Аядым, аянышпен ара түстім,
Жалғыз жол адал жолым бұрылмаған!
Зар көрдім шер жүректен жалын атқан,
Азалы ай күндердің уын татқан,
Аядым, айнымаймын, жалынбаймын,
Көрсен де мені бетер қас пен жаттан.
Білемін алдым азап алты батпаң,
Мен емес арам іске арын сатқан,
Сұм заман сыбағама сені берді,
Талап бақ жауың болсам тағы тапқан...

Жүріп кетеді,

Н а р ы м б е т

Көрдің бе, тастағаны тағы да егес!

Ж и р е н ш е

Деген сол!... Айтқанынан кайтпақ емес.

Н а р ы м б е т

Жау Абай барсын солай ажалына,
Қаспын мен қарамаспын обалына,
Ағайын, аруақтап атой салдым,
Ере гөр, ерер болсаң адалыма!..
Жау Абай!.. Жалғыз Абай, жауым Абай!

Ж и р е н ш е, М е с

Жау Абай! Жалғыз Абай! Жауың Абай!

Ш ы м ы л д ы қ.

Екінші сурет

Жазғы қоныс. Кең жайлау. Абай ауылы. Қызыл-жасыл оюы бар ақ
отаудың сырты. Әзім-жалғыз.

Ә з і м

Адасар ма болжаған
Бораннан бұрын аңғарың!
Даңғыл болса данадай
Аластар ма алжымай,
Басына пана заңғарың!
Айдар ғана себеп пе
Намысқа батқан таңбаның?
Жол-жора жұрттың ноктасы,
Жүгенсіз жұрттық бола ма,
Тайдырсаң пәле салғаның
Айдар ғана себеп пе
Намысқа түскен таңбаның?

Жиренше келеді.

Ж и р е н ш е

Мен әдейі іздеп сені келдім, Әзім,
Өзге емес өз басыңда бүгін кебім,
Бүлдірді бұлан-талан ел ұйытқысын,
Ағайын сенен күтті дерттің емін.
Абаймен бір болса да туыс тегін,
Ел-жұртың — тілеулесің, досың сенің.

Ашына аямаса Абай басын,
Сен емес қадайттыны қастық кегін!
Әзім
Айдар десең бір сәрі,
Абай деген қай сөзін?
Жала емес пе су тегін?
Жиренше
Маған сен шан қудырма, адаспаймын,
Айдарға өлім әзір, таласпаймын,
Саяқтай жалғыз қуар жауым Абай
Кім ерсе соны бірге аластаймын.
Әзім
Кім ерсе?
Жиренше
Не пәлеге
Шылбыр берсе!
Әзім
Болмайды Абай саяқ, ақсақалым...
Сен емес, иен қазақ елі қалың!
Жиренше
Қорғап көрсін сол қазақ!
Бүгін ойран орнатам,
Аман қалсын өз басын,
Алдыңда тұр қанды азап.
Әзім
Не тілейсің менен өзің?
Жиренше
Көндіріңдер Ажарды,
Қайтсын кеткен аулына,
Айдар тисін қолыма,
Айт аралық дос сөзін.
Әзім
Тыным-тыныштық табамыз ба?
Жиренше
Сен тыныштық табасын,
Жауласарым жалғыз Абай...
Әзім
Жалғыз Абай!..

Жиренше кетеді. Абайға еріп Есбай, Айдар, Әзім шығады.

Есбай
Көрдің бе, Абай аға, Айдар қандай?
Өрлеген жасымастан жабы жандай!

А б а й

Жыр қалай, сермеп пе екен қос қанатын
Шер жоқ па шөктіретін сөнбей, жанбай?

Е с б а й

Жыр ескен, әр ұранды, Абай аға,
Кер заман Кеңгірбайды аямаған,
Тені жоқ, өзім берер сол-ақ баға!..

А б а й

Жаз, Айдар, аяулы жыр тостым сенен...

Ә з і м

Керек пе, Абай аға, соны жазу?
Өшіксе, өршеленсе жау не дейміз,
Деп жүрсе бұ да тағы жолдан азу!

А й д а р

Ей, Әзім, тарылмап па ед менің жерім,
Тірлік не сәт санаған әлім-берім.
Қызарып сөнеріне көзім жетті,
Дейсің бе үнсіз кетсін шықпай шерім?
Қызықты жазған күнім жетсе менің,
Өлеңмен бітсе нетер әлсіз демім?!

А б а й

Тыныштықта мезгіл бедеу, жыр тумайды,
Сәттер бар, қасіреттен ой тулайды,
Толқыған теңіз атқан меруерттей
Сол шақта найзағайдай сөз зулайды,
Айдарым, жайдағыдан жөнің бөлек,
Бұлттай биік құшар шағың келед,
Жақсы жыр жанның шерін шайып өтсін,
Жаз бүгін, айтпағанды айтсаң керек!.. (Сүйеді.)

Сырттан келеді.

Д а у ы с т а р

Сырттан!

— Ақсақал!.. Сырттан!..

Айдар кетеді. Әзім, Есбай, Абай қасында қалады.

С ы р т т а н

Салды салмақ, ағайын,
Баспас жерге басамын,
Алмас бейнет алам да!

А б а й

Бердік сізге, ақсақал,
Біз де сізді тыңдадық,
Қысылған мынау алаңда.

С ы р т т а н

Ажарды мен шақырттым,
Сөз қатамын көзіңше!
Ара ағайын жолымен
Саған үш сөз саламын,
Көнерсің лайық көрінсе!

А б а й

Айтыңыз, ақсақал!..

С ы р т т а н

Айдарды тый, тіл алғыз,
Ажарды қайтарт аулына!

А б а й

Қосыла алман, ақсақал,
Қатал жаудың қаумына.

С ы р т т а н

Сотқар жидың қай-қайдан!
Араласпа, амаң қал,
Без ендеше Айдардан!

А б а й

Бас амандар мен емес;
Балапанын байлатып
Дертіне шыдар сарғайған!

С ы р т т а н

Болмасаң оған біл, Абай,
Қарсыңа шығар жау талай,
Тобың менен өзіңе
Қаптай келер қаумалай.

А б а й

Бөдене боп бөзе алман,
Қарғадан қорқып ұямнан!..

· Ажарды екі кемпір ертіп келеді.

С ы р т т а н (Ажарға).

Келдің бе, адасқан жаң, жүзің солғын,
Жат сұмдық көрген жан жоқ бұлай болған,
Қаралы қаза күнін сен бұзбас ең,
Шыныңды айт, азғырған кім қумас жолдан?

А ж а р

Ағалар, айып тағар кіеім жоқ,
Барлық кінә өзімде!..

С ы р т т а н

Қорғар болсаң Айдарды,
Бірге өлесің өзің де!

А ж а р

Өлім болса алдымда,
Мәртебелі ағалар,
Тындармысыз арызымды,
Демім бітер алдында?!

С ы р т т а н

Әділ қатал билікке
Мен саламын дінімді,
Арыңменен ант етіп,
Айт имандай шыныңды!

А ж а р

Алдияр!
Қаралы қайғы шектім талай-талай,
Түңілген келер күнге қарай-қарай,
Тосумен ақ бұйрықты ажалымды
Өткердім қапа түндер санай-санай!
Зарменен, зарменен,
Қоштасқам біржола
Қиял мен жарменен!
Бөледім жастықты уға орай-орай,
Тұншықтым тамырға өлім тарай-тарай,
Сол сәтте қара түнде нәзік серік,
Ән жетті, алтын шапақ арай-арай.
Зарменен, зарменен,
Қоштасқам біржола
Қиял мен жарменен!
Өлмек ем сол әнге ұйып арай-арай,
Ол бірге өшпек болды арай-арай,
Көрдім де бекінгенін бірге өлмекке
Тірлікке мен шақырдым арай-арай!..
Зарменен, зарменен,
Қоштасқам біржола
Қиял мен жарменен!..
Алдияр!..

Иіледі.

С ы р т т а н

Еткен ісің жат еді,
Сырың да сондай жат екен.
Бара бер...
Алып бар...

' Бұйрық етеді, Ажарды алып кетіседі.

Арылып болдым, ағайын,
Бәріңе де паш етем:
Ертең билік, байлауым!

Жүреді, құрметпен шығарып салысады.

А б а й

Зарлының наласы,
Жас жүрек жарасы,
От салды ойыма
Болармын панасы!
Қайғылы ағасы,
Қапасын қарашы,
Тірлігің құрбандық
Жәрдемге жарашы!
Жылатқан жаласы,
Жылаған баласы,
Арналсын жолыңа
Жүрегім санасы!..

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Абай ауылының сырты. Биікше төбе. Алыста ең жайлау... Иен ел.

Х а л ы қ х о р ы

Топты сотқар
Қара шокпар
Барды жайпап келе ме?
Жау мен жат деп,
Билік айт деп
Берекеге көне ме?
Ер тозаққа,
Ел азапқа
Батса батсын аяр ма?
Зарласа жас,
Сорласа бас,
Пәле жолдан таяр ма?

Қарлығаш еркекше киініп кел, Есбайдың қасына отыра кетеді.

Қ а р л ы ғ а ш (*Есбайға*).

Аманбысың, шырағым,
Отырсам ба екен қасыңа?

Е с б а й (*сырт қарап отырып*).

Отырыңыз, қария. (*Орын береді.*)

Қ а р л ы ғ а ш

Болмаса ерсі,
Шақшап берші, шырағым!.

Е с б а й (*танып*).

Қарлығаш?!
Ой, есуас, Қарлығаш.

Қ а р л ы ғ а ш

Жап аузыңды, аптықпа.

Е с б а й

Билер білсе қайтесің?

Қ а р л ы ғ а ш

Әдейі келдім осында,
Салмай-ақ қой сақтыққа!
Бұрын билік көргем жоқ,
Барды маған айтасың!

Даугерлер, билер, Абайлар шыға бастайды.

Дауыстар

— Тоқта! Әне!

— Шықты билер!

— Ана жақ қалай түйілген?

— Абай әне!

— Абай қандай күйінген?

— Қазір билік, Сырттан әне!

— Тоқта, доғар!..

Сырттан (*билік бастайды*).

Ағайын, кер кезеңге келген сен бе?

Тоқтау сөз, шығасы сөз кеткен желге,

Халайық, қауіп тосып қабақ түйді,

Қамадың иен күшін қандай селге?

Ассын ба асау толқын шарасынан?

Табашы, сақтармысың жаласынан!

Заң тозып, заман азын кетті ме әлде,

Бағамын аңғарынды таласыннан!

Алдыңнан осынау белде тостым мына,

Жанжал, сел жырақ тұрып жағасынан!

Қарлығаш

Кімге бұйырды, не деді?

Есбай

Тек отыр! Тең айтты!

Жиренше қамшы тастайды.

Сырттан

Сөйле, Жиренше!

Жиренше

Азбақ емес заманым!

Ай ағарып туғандай,

Күн ұяға қонғандай,

Аумас аруақ аманым!

Балам бөрі болмайды,

Қатыным қаншық болмайды,

Қас күндестей қалпым бар

Қандай бұлт торлайды?

Аумас аруақ аманым!

Жол-жора күткен ел болам,

Жолдан тайсам кім болам,

Тайдырам десең тобымды,

Тайсалмай соғар мен болам,

Аумас аруақ аманым!

Аздыратын заманды,

Жой демесем тажалды,
Ен жайлаудан сүйретіп
Өлтіртпесем не қалды?
Аумас аруақ аманым!

Қ а р л ы ғ а ш
Ойпыр-ай, не дейді?

Е с б а й
Тек отыр.

Қ а р л ы ғ а ш
Қойшы әрі...

Е с б а й
Беті қалай қатты еді?

Өзім сөз сұрайды.

Қ а р л ы ғ а ш
Соны айтсаңшы бәрінен!

С ы р т т а н
Сөйле, Әзім, кезек ал!

Ә з і м
Ей, кәрі, кәрі, өзіңмен балаң қандай?
Аяз бен жазғы таңда самал қандай?
Білмеп пе ең, я болмаса ұмыттың ба,
Жас өтті, батар күндей, атар таңдай!
Кім өтті сол бір отқа назар салмай,
Қай жүрек меңіреу өтті әсте жанбай!
Қазақта Қыз Жібек пен Баян өтсе,
Жульетта батыста өткен Ләйлі зардай!
Ішінен көп торының ақты-бозды,
Ағындап ескек ақын Айдар озды,
Албыртса арқа тұтты сені аға деп,
Кешер деп кемеріңе құлаш созды.
Айып бар, амал қанша, толғандырар,
Қос шерлі қосылғанға кімдер тозды?

Ж и р е н ш е
Айып жоқ па албыртқа?
Мысық құрым есі жоқ
Осындай бұзар көрдің бе,
Адам түгіл жандықта?

Ә з і м
Өткен ұмыт болған ғой
Ойлап па едің жасыңда,
Сол мысықты бүгіндей?

Жи р ен ше

Жоқ, ұмытар мен емен
Ел жорасын жер етіп,
Жаттан барып жөн сұрап,
Жульетта деп сандалып,
Шеркеуге шұлғыр мен емен!

Да у ы с т а р (Жи р ен ше тобы).

Айт сонысын, аяма!

М е с

Аулақ әкпет пәленді!

На р ы м б е т

Өртеніп кет үлгіңмен!

С ы р т т а н

Сөйле!..

Сөйле!..

Жым-жырт.

Е с б а й

Масқара!

Қ а р л ы ғ а ш

Токта!

Е : б а й

Білмейсің сен.

Қ а р л ы ғ а ш

Не дейсің, не масқара?..

С ы р т т а н

Жә, сонымен?.. (Әзім сөз сұрайды.)

Сөйле, Әзім!

Ә з і м

Бек білемін, Жи р ен ше,
Соқыр көзге сынатсаң,
Күн дегенде нұр да жоқ,
Әлем білген асылдай
Жульетта да, сыр да жоқ.
Ойласаңшы жалғыз-ақ
Сазына ерген Саймақтың,
Сергек қызын қалмақтың?
Әніне ерді Айдардың,
Аңсаған жан айыпсыз
Ажардай жан қайда жоқ?

Жи р ен ше

Ал, айтқаның жөн болсын,
Алданған Ажар жер бөсын.

Қайтсын қазір аулына!
Бірақ Айдар өледі,
Көнбесіне көнеді!
Арқан тағып мойнына
Өлтіремін сүйретіп
Ұл мен қызым көреді.

Өзім

Аруақты ел деп паналап
Айдар кеп еді ортаға.
Бұтадай бұдыр болар деп,
Абайды тапқан аға деп!
Не қасиет бұтада,
Бауырына тығылған
Торғайды тұрса қама дег?

Жиренше

Ел намысы сен емес,
Өзім сақтар алтыным!
Кеңгірбай айтқан кеше күн
Қамын ойлап жалпының,
Ел азабын әсте деп
Өз қолымен өлтірткен
Кебектейін жарқынын!
Неге аламын мен сөзін
Сені менен Абайдай
Шала менен жартының?
Бұта болсаң ырыс бол,
Бола алмасаң пәлесің.
Бұзар жауға пана боп
Не бетіңмен келесің?
Айыпкерім сендерсің,
Бар жауабым Абайда,
Мына отырған сен биде,
Айдарыңа қосар боп
Өзің де сотқар өлесін!

Жым-жырт.

Сырттан

Сөйле!.. Бар ма сөйлер?

Есбай

Абайды несін айтты екен?

Қарлығаш

Қорқыныш қой, Есбай-ай!..

С ы р т т а н
Сөйле!..

Жым-жырт.

А б а й

Уа, қария, ақсақал!
Бір тойда екі жар бар ма?
Жалғыз билік тұсында
Екі бірдей дау бар ма?

Н а р ы м б е т

Токтат, Абай!

М е с

Сен жауапкер!

Н а р ы м б е т

Саған қалған сыбаға жоқ.

А б а й

Дау емес, жөн сұраймын.

С ы р т т а н

Не демексің?

А б а й

Көргенің көп, қария,
Қарсы биді қай даугер
Еткен еді егеспен,
Қанды мойын айыпкер?

С ы р т т а н

Айтқаның жөн, теріс кетті Жиренше.

А б а й

Алдияр, сөзімді айтқыз, есемді бер ендеше!

Ж и р е н ш е

Сен боласың жауапкер,
Сөз тиер деп өктеме,
Еңбегің еш, тұзың сор.

А б а й

Сенің асқақ сөзіңмен
Әзім де болды жауапкер!
Біздің дауды кім айтпақ?
Ақсақал, өзің жауап бер!..

Д а у ы с т а р

— Сөз бітті!
— Біткен жоқ сөзі!..
— Сөйлесін!

Қ а р л ы ғ а ш

Абай сөйлесін!

Е с б а й

Бүлдіресің, Қарлығаш...

Сырттан таяғын көтереді, жұрт тынышталады.

С ы р т т а н

Орайың бар, айт, Абай!..

А б а й

Жиренше, өткенге өктеп зар қағасың,
Тіріден тамтық қоймай мін тағасың,
Барға қас, жоққа жала жапқан биді
Білдің бе, нәсіл ұрпақ қарғамасың?
Бағы деп, баяғы деп шаң бересің,
Келгенде алдарманға жан бересің,
Айтты ма сен айтқанды арғы-бергі,
Жұрт не дер аңғарып бек ел келесің?

Ж и р е н ш е

Жұрт айтқан мен айтқанды баяғыда,
Кешегі Кебек ерін аяды ма?

А б а й

Жұрт емес, ол қаталдық бізден шыққан,
Қыз нокта, ұл тұсаумен өксіп өтіп,
Айта алмай ел арманын жүдеп бұққан!

Н а р ы м б е т

Нені айтасың нокта деп?

Ж и р е н ш е

Ақ тілеу, ақ бата ма,
Ел алдына әйгілеп,
Аямастан соларың,
Иянатта нокта деп!

Н а р ы м б е т

Тек барынды айтып бол,
Найзаменен, шоқпармен
Айтысармын жиып кол!

А б а й

Найзалы жау оңай жау,
Сенің жауың ол емес,
Ішінде жатыр айықпай
Қараңғының кара тау!
Батыр болсаң соны бас,
Болсын десең есің сау!
Жиреншеге келейін,
Асырам деп өктеді,
Кеңгірбайдың мерейін.

Өлген күні екі жас
Есіз таудың басында
Жөргекте жылап үні өшкен
Ұлан зарын тыңдаумен
Егілген-ді қара тас!
Еңіреген-ді кәрі-жас!
Ата-анаңнан сұрашы,
Қарғап па екен Кебекті,
Жоқ... Кенгірбайдан көрген-ді.
Барлық бәле себепті
Шықпақпысың бүгін сен
Арам құстай қан көксеп,
Қарғыспен алып кезекті?
Ал, Айдар тисін қолыңа,
Ара түспен жолыңа,
Сонда шыдап тұрар ма,
Мына отырған халайық.
Қанқор болған қанды көз
Сендей көріп кезепті?!

Жириенше қозғала бергенде халық бой көрсетеді.

Х а л ы қ

Шықпақ емес ондай жан,
Ақпақ емес адал қан...
Айт билікті, ақсақал,
Жириеніп айт арамнан!

С ы р т т а н

Сөйлер бар ма, ағайын?

Жым-жырт.

Х а л ы қ

Сөз жоқ енді айтпаған,
Баяғыны тағы да
Іздеуші жоқ қайтадан!

С ы р т т а н

Айтылар сөз айтылды...

Е с б а й

Ел тілегі қайда тұр,
Болжар алдын байқаған!

С ы р т т а н

Сөз аяғы сарқылды!
Уау, ағайын!
Аянбастың алды жар,

Сол басатын шарқыңды!
Көрім жуық төрімнен
Ойға аламын артымды!
Тыңда, ағайын, қарындас!
Айттым мына нарқымды!
(Абайларға қарап.)

Айыпты ма сол екеу?
Айыбында күман жоқ,
Айыбын, Абай, тартасың,
Ара биге кінаң жоқ!
(Жиреншеге)

Өлмек жол ма сол екеу,
Таныдым тентек тарпыңды.
Ит те болса өлмесін,
Қарғыс алып қара боп,
Шулата алман халқымды!

Жұрт ду етеді.

Х а л ы қ

Алдияр, құлдық, қария,
Айдар, қайдасың, Айдар!?

Қ а р л ы ғ а ш

Ажар, Айдар, сүйінші.

Е с б а й

Уа, сүйінші, сүйінші!

Жүгіреседі. Нарымбет, Жиренше, Мес оңаша.

Н а р ы м б е т

Сүйінші ме, көрермін,
Қалды дерсің осымен,
Әлі-ақ қаптай келермін!
Аруаққа, құдайға
Айттым бойда барымды!
Келеден кетсе керме бар
Демеп пе едің ақылшым!
Қорға, менің арымды!

Ж и р е н ш е

Ай батқандай жоғалып,
Аяныш кетсін ендеше!
Ақыра тұрған аюдай
Кек қайнасын ендеше!

Н а р ы м б е т

Аталы жауым Абай деп

Ант етемін ендеше!

М е с

Арам болсын бар қастық,
Соған қаптап келмесе...

Н а р ы м б е т (*жанынан ұ алып*).

Қарғыс пен ажал қанат боп,
Серіктессін мынаған,
Жан болмайық егер де
Мынадан Абай өлмесе!

Ж и р е н ш е

Осы-ақ болсын байлауым,
Пәле бұлай өрлесе
Тек тылсымдай берік бол!

У сауытын алып өз қойнына салады.

Н а р ы м б е т

Тек тылсымдай берік бол,
Серт беремін, ант етем!

М е с

Серт беремін, ант етем!

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Той күні, қанаттаса тігілген үйлер... Бір жақта дала көресіңі... Алыста жайлау, үйде Әзім, Жиренше. Тыста қыз-келіңшек тобы өте береді. Орталарында Ажар. Ол сәукелелі... Би аралас хор айтып бара жатады.

Хор Хош, келін келесің!
Қайғы қалып,
Бақыт алып жарыңа!
Асыл арай дәурен,
Ақ көңілің сен бересің!
Жас жүрек демесің
Қайда келдім,
Кімге ердім. Басыңа!
Бүгін бақыт сәулен
Орнар, шат боп сен көресің!
Қайырлы болсын тойларың,
Бақыт, шаттық күмбезі
Қайырлы болсын жайларың!

Билеп өте береді.

Жиренше
Тойда, той ма жайнаған?
Әлде сор ма қайнаған?
Жетті, Әзім, жауап айт
Уәден қайсы байлаған?

Әзім
Асығысың немене,
Осынша қамтып қоймаған?

Жиренше
Ашу бүгін бақсыдай —
Құтырғанда қобыздың
Құлағында ойнаған.

Әзім Нені талап етесің!

Жиренше
Талабымның алдын сен
Ақтағансың билікте
Аяғын тындыр мынамен!

Уды ұсынады.

Әзім (алып).
Қастық деген қара жын
Қаптаған ба маңайға?
Қандай сұмдық айтасың,
У берем бе Абайға?

Ж и р е н ш е

Сұмдық емес, шошыма,
Кетіскенсің кеше күн,
Аянарың осы ма?

Ә з і м

Қаңғымандар далаға,
Абай елдің Абайы,
Көрмеп пе едің кеше күн,
Бәрімізді жиғанда
Еткен жоқ па садаға!

Ж и р е н ш е

Қандай қырға мінгенсің,
Кіріпсің ғой санаға.

Ә з і м

Бергізбеймін Абайға
Енді қайтып жолама!

Тая береді.

Ж и р е н ш е (жалғыз)

Кеше Абай, бүгін мен бе,
Мінгізбегің ырғаққа?
Қайда көмдің жаңа көмбе...
Білінбестен ұрмаққа?
Тек жалғыз-ақ көрермін
Алғаныңнан танғаның.

Кетеді. Қарлығаш шығады, артынан Есбай аңдып жүр.

Е с б а й

Қарлығашым, қаламқасым,
Аққумысың алдымда ұшқан,
Артыңдағы мен лашын!
Ойысарлық күнің бар ма?
Онда құдай көздің жасын!

Қ а р л ы ғ а ш

Құрысашы құлқының,
Қашан көрдің сірә де
Жылап жүрген лашын?
Ол емес, жемтік аңдыған,
Қарақұспын десеңші,
Сол емес пе дәлі, расың?

Екінші үйге Абай шығады, халық ере келеді.

Е с б а й

Алда құдай, не дейді,
Мазақ емес назарың
Қашан мені демейді?

А б а й

Есбай!

Алда сорлы не дейсін?
Жылау зарың көбейсін.

Е с б а й

Абай аға!

Мұның да достық па?
Жылайсың деп шенейсің.

А б а й

Алда бақыр, жылаулар
Қалды ма екен, сірә де,
Сен төкпеген қайғы-зар!
Айтшы расын, Қарлығаш,
Қандай арман-мұңы бар?

Қ а р л ы ғ а ш

Абай аға, білмейсіз бе?
Оңашада мені аңдыса,
Өліп-талып үзілсе,
Қандай арман бар дейсіз?
Илан, алдан демесе,
Шариғат айтар дейсіз бе?

А б а й

Ашу деген оңай жауап,
Ажуаң артық, Қарлығаш,
Біле білсең Есбайға,
Билік осы аямас!..

Е с б а й

Төрелік айт деп тілеп пе ем,
Еттіңіз ғой енді қас!..

А б а й

Береке болса арманың,
Үйшік, үйшік ойнама,
Ажар, Айдар қызығын
Қызықта да аралас!..
Тойды бастап екеуің
Асырындар қызуын!..

Айдарды қоршап жас жиын, халық шығады, Әзім бірге.

Х а л ы қ х о р ы (Абайға).

Ән жетсін өнер шашып аймағына,
Жақсы аға, ырза болсын Айдарына,
Ән туды Еңлік атты бауырынан,
Қуансын еліне үлгі жайғанына!
Қиядан құлаш ұрған ақын інін,

Өзі емес, көп зарлының төкті мұңын,
Ағасың айналаға нұрың шашқан,
Батпасын, ұзақ болсын осы күнің!

Абай

Айдарым, қуанамын, ел қуанса

Әзім (*Абай мен Айдарға оқшауырақ*).

Ел бала, текті, тексіз айыра ма,
Ойын-той әнші көңілін қайыра ма?
Зіл жатыр, Кенгірбайға тіл тигізген,
Салмаса қайтер еді жарияға?

Айдар

Ажалдың аш шеңгелін көріп келгем,
Қапада өткен зар мен қайғы тергем.
Ескінің айыбын аш, мінің қаз деп,
Билікте Абай ағам нұсқа берген!..

Әзім

Тартыста айтылатын жеңерлік дау,
Мынау сөз пәле басы болса қайтпін,
Қаптаса қараңғыдан тағы да жау?

Айдар

Солай ма еді, Абай аға?
Не деп кеп тұр мынау Әзім?
Тайдым ба әлде жолыңнан?

Абай (*халыққа*).

Қуанамын, ел қуанса,
Жабы көңіл көп жұбанса!
Арман алда Алатаудай,
Сілте солай жас қыранша.
Бастаушысы мақтан емес,
Мақтау ақын соңына ерсін
Арттағының айыбын аш,
Ел көшетін бетін көрсін!
Еңлік менің сүйер жырым
Тылсым дүние ашар сырын,
Айдар асты жаңа белден,
Қызғанбай ер өзгелерін.

Әзім

Қызғанбай ер өзгелерің?!
Айдар болып көш басшысы
Ермек пе екен оған Әзім?..

Абай (*айта береді*).

Азға тынбас ақын зары,
Қамап тұрсын қалың соры!

Айт дегенді айтпақ емес, 3:6
Айтпағанда мензер жолы!
Байғазым бұл сол жолыңа,
Долы қалам ал қолыңа!
Азбын деме алдың жарқын,
Осы бетің жеткізеді
Тілеулес елдің молына!
Ал, ағайын, сен коста,
Шалқысын шаттыққа айнала,
Шексіз қызу той баста!..

Ажарды шымылдықпен қыз-келіншек ертіп келеді.

Х о р

Шалқысын шаттық айнала,
Шексіз қызық той баста!

Е с б а й, Қ а р л ы ғ а ш

Басталды ойын,
Басталды беташар! (Би)
Айтылады бет ашар!
Мәнлі келін алдында
Сыпайылық жарасар...
Көркін айтсақ келіннің
Ай мен күнге таласар!
Ақыл, мінез, парасат
Бұл өңірде келіннің
Бәрімен де санасар!
Алдындағы ағалар
Көреміз деп ынтығып
Жалтақ-жалтақ қарасар!
Келінді енді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз!
Асыл аға, Абай аға!
Қайын атаға бір сәлем!

Шымылдық иіліп, келін тәжім етеді.

Мырзалыққа сын бүгін!
Шарай топта, сараңдар,
Ашылады сыр бүгін!
Әзім атты қайын аға,
Қайын ағаға бір сәлем!

Тағы иіледі, шашу бні.

Е с б а й

Айдар сыны бөлек тұр,

Одан да тілер өтініш,
Ағайынның алдында
Тағы да айтсын әсем жыр!

Х а л ы қ

Айтсын тағы әсем жыр,
Еңлік пенен Кебекті,
Өзге думан барлығы
Жырға берсін кезекті...
Айдар! Айдар айтсын тағы да...
Көп ұйғарған жарлығы...

А й д а р (домбырамен).

Мен көрдім кешегі өткен ел күйігін,
Көп кездім сарын тындап, бел биігін,
Зар шегіп батар күнмен бірге батқан,
Жиренше мен Мес кіреді.

Аямас жас ұланды ел биі кім?
Мен көрдім қан жылаған екі жасты.
Мұңдары күңіrentіп тау мен тасты.
Айқасқан құшағынан қарғыс ұқтым,
Өз зарым сонау зармен араласты!
Мен көрдім қатал күннің қабан биін.
Ашамын ауыр сырды тында, жиын.
Жырға жан, өзіме өріс берген Абай
Алдында ардақты аға түсер күйім!
Мен көрдім қатал күннің қабан биін!..

Ж и р е н ш е

Тоқтат, жетті қорлығың!
Намыс жоқта түк те жоқ,
Осындай арам бұзарды
Тыңдайтұғын сорлы кім?..

А б а й

Жиренше!..
Тыңдайтұғын мынау ел.
Қолайыңа жақпаса,
Ерік өзіңде, жүре бер!

Ж и р е н ш е

Пәле басы тағы да,
Көзеп тұрған өзіңсің!
Ен жайлауда құл-құтан
Бидің атын қабан деп
Абыройын төгіпсің.
Уа, аруақты ер бабам
Жібер қарғыс кәріңді,

Аяу білмес айдынын,
Қабырыңа тас атқан
Мыналарға көрінсін!

Х а л ы қ

Қандай қарғыс айтады?
Қандай пәле тағы да,
Той үстінде бастады?

А б а й

Жүр менімен, Жиренше,
Жауабың менің басымда,
Сауығына соқтықпа,
Жиын өзі біледі,
Үйренсе де жиренсе!

Жиреншені ертіп кетеді, тыстан халық көрінеді.

Х а л ы қ (*тыстан сыймай*).

Айдар шықсын ортаға,
Жырын тыңдай жиылдық.
Айтсын әнін халқына,
Бұлдмасын қолқаға!
Шықсын Айдар ортаға!

Айдар қозғалады, бар жиын шыға береді. Әзім Айдарды тоқтатады.

Ә з і м

Айдар!
Аласың ба тілімді?

А й д а р

Не демек ең, айта ғой!..

Ә з і м

Айтпа, тоқтат жырыңды,
Көрмедің бе әлгіні,
Тағы да жұрт бүлінді!

Х а л ы қ

Айтам, Әзім, бөгеме!

Ә з і м

Бар ендеше, мейілің,
Ел намысын жаралап,
Жат екенің білінді!
Аруақты елдің қарғысын,
Аямас қатты қарғысын
Көріп жүрсең қайтесің,
Бұзған үшін дініңді?!

Х а л ы қ

Айдар? Қайдасың, Айдар!..

Айдар кетеді. Сырттан ән жетіп жатады.

Әзім (жалғыз)

Кеттің бе аялдамай асқақ жолға,
Кеттің бе мені санап әлсіз қорға,
Кеттің бе Абайды ертіп, ата жау боп,
Кеттім де ал ендеше қалың сорға!
Айрылам, мен де кеттім жолым бөлек,
Айрылам, ерерім жоқ кеттім ерек,
Айрылам, жол-жораға қайрылмаққа,
Кемел би аруағы жүрмін жебеп!
Кеткен сен, жеткенің жөн ажалыңа
Кеткен сен, қас енгізбен адалыма,
Кеткенге кесер қылыш тосқауыл сен,
Кескен сен, сендім бүгін амалыңа!

У алып қымызға құяды. Бұл кезде тыстағы алыстағы ән аяқталып, жұрттың қошемет шуы естіледі. Үйге Айдар алқынып кіреді.

Айдар

Дау айтқам жоқ жаңа мен,
Бірақ мынау елді көрші..
Сусын!.. Сусын бар ма?

Әзім

Ел баладай қуанышты
Әлде ағат па менің сөзім?
Кінәлама кетсем ерсі!
Мә, қымыз!..

Айдар ішеді... Әзім кетеді. Ажар кіреді.

Айдар

Ажар жаным!

Ажар

Айдар жарым!..

Айдар, Ажар (дуэт).

Ей, жарым, жаным бірге жаныңменен,
Ей, жарым, құшағыңа ал әніңменен!
Ей, жарым, ұзақ дәурен сөнбес шырақ
Ей, жарым, тілек етем барымменен!
Жан жарым, кетсін күндер қаралы өткен,
Жан жарым, жас жанымды жаралы еткен,
Арманды асыл арай айырма деп
Жан жарым, құшам сені зар тілекпен!

Шымалдық.

Бесінші сурет

Сахнаның бір жағы отаудың іші, бір жағы ашық дала, алысырақта төбе, Айдар ауру, әлсіз. Абай, Ажар, Қарлығаш, Есбай, Әзім қасында отыр... Тыста жұрт қалың сияқты.

А й д а р

Абай аға, ел бар ма?

А б а й

Елің сенің қасында,
Тілегенің саулығын, Айдарым!

А й д а р

Тілек бүгін әлсіз ғой...
Қолың созшы, тақау ғой,
Қысылдым ғой, жан аға!..

А ж а р

Айтпашы олай, жан жарым
Шошытпашы, Айдарым!
Жарық жұлдыз жалғызым!
Қаралы аспан басымнан
Айықты ма деп едім,
Қандай бұлт торлады
Жалғыз үміт айымды?

А й д а р

Айықпастан қайғы-зар,
Қалмақпысың, асыл жар?
Қаулаған өрт ішінен
Құшағыма кіріп ең,
Сенімен кешкен жалғыз күн
Ымырты жоқ, түні жоқ,
Бақыты мол, міні жоқ,
Жалғыз көрген сәулем еді!
Не деп сені жұбатам,
Зарыңнан қайтіп уатам?
Алғыстан басқа айтарым
Жоқ бақыл бол, қуатым!..

А ж а р

Демеші олай, жарығым,

Сен кетпекке жол емес,
Мұндай сұмдық жаза шегер -
Жазығымыз жоқ-ты біздің, жасаған!

А б а й

Суық бауыр, тағдыр-ай!
Қызғаншақ ең не деген?

А ж а р, А б а й (*дуэт*).

Арман менің қинаушым
Тағы да салдың тозыққа!
Ұзақ өріс ұшатын
Қанатым еді, Айдарым,
Мұны көктей орғанша,
Аямай-ақ өзімді,
Салсаң ед сол азапқа!..

А ж а р

Дұшпан дүние мээ болып,
Орындасын арманын,
Барды талақ етемін
Бір өзің деп ергемін,
Қатал тағдыр кеңейтсін
Күншіл суық жалғанын,
Сен кетсең өлем артыңнан
Антым осы алғаным!

Қ а р л ы ғ а ш, Е с б а й (*Ажарға*).

Асыл жар, сабыр ет,
Тоқтатсаңшы назыңды,
Көрмеймісің ел-жұртың
Қайғыңменен қамалды,
Ойласайық одан да
Ем етерлік амалды!

А й д а р

Не қылған ем?
Емнен өткен сағатым!
Абай аға, қайрат жи,
Жалғыз-ақ бір арызым бар,
Ел-жұртыма шағатын...
Жиын ба жұрт маңайда?..

А б а й

Елің жиын қасыңда,
Айтшы, Айдарым, барыңды!..

А й д а р

Келіндерші берірек!
Тоқтау салған бір құсам...

Бөгеп келді осынша,
Айтындаршы жалғыз-ақ
Өле ме адам қарғыстан?

А б а й

Ол бекер сөз, қарағым,
Жан өлмейді қарғыстан!..

А й д а р (*көрпесін сілтеп, ішін ашып*).

Ендеше көр, көрші тек,
Дерт бола ма мынадай?

Абай, Есбай, Ажар қарайды.

Қ а р л ы ғ а ш

Қап-қара ғой құдай-ау?!

Е с б а й

Көрген емен мұндай дерт!

А ж а р

Жаным Айдар, бұл неден?
Жасырғаның неткенің
Мен сорлы да білмеп ем...

А й д а р

Қарғыс па осы, айтшы, аға?

А б а й

Қарғыс емес, емес қой.

А й д а р

Ендеше атын айтайын!!
Қарғыс па деп әуелі
Білдірместен ұстадым,
Бұл у! Дертім сол удан!
Маған берген дұшпаның!..
Білдір соны халыққа,
Менімен кетсін қастығы,
Саған кәрі жетпесін,
Асыл ағам, ұстазым!!..

Ә з і м, Қ а р л ы ғ а ш, Е с б а й

Неткен сұмдық, не дейді?!

У! Уланған Айдар?..

Қандай жауыз улатқан?

А ж а р

Қара тілеу қай дұшпан
Мен сорлыны жылатқан?
Айдар жаным, бәрін айт,
Кімнен келед, кім беред?
Атын айтшы жауыңның

Аямастан оқ атқан?!..
А й д а р (*әлсіреп*).
Той күні... Тойда таттым бұл зәрді,
Біле алмадым, кім берді!
(*Абайдың мойнынан құшақтап*)

Сақ бол, жалғыз сорлы ағам,
Сақ болшы өзің қастықтан!
А б а й
Сені улатып жауларға
Сақтанатын нем қалды?
Қанатымды өрт шалса,
Аянатын нем қалды?
Жыламаймын мен бүгін!
Жағаласам жауымның
Маңдайына қарғыс қып,
Шақпақ таңба басқанша.
Қарсы алдына қауымның
Жина, Есбай, халықты!
(*Айдарды құшақтайды*)

Е с б а й (*Әзімге*).
Жүр, жинаймыз бар жұртты.

Ә з і м
Тоқта, Есбай, ойланшы!
Асығыстық болмас па?!
Қастық асып Абайға
Тағы пәле төнбес пе?

Қ а р л ы ғ а ш
Тез бар, Есбай, бөгелме!
Кемел ақыл қазірде
Тартпақ салар жер емес,
Абай ағам өзі айтты.
Шапшаң елін әзірле!

Есбай тысқа шығады.

Е с б а й (*дөң басынан*).
Уа, жамағат, жинал тез!
Кел, жақында, ағайын,
Айтам деген сөзі бар.
Арызын тыңда Абайдың!

Халық шұбырып, топталып келе жатады...
Ортасында Сырттан, Жиреншелер де бар.

Х а л ы қ д а у ы с т а р ы

— Не хабар Айдардан?
— Халі қалай Айдардың?
— Келсін Абай ортаға,
Жұрты жиын алдында...
Айтсын Абай арызын!

Абай үнсіз шығып, халықтың алдына биікке барып сөйлейді.

А б а й

Ей, халайық, барым ең сен,
Зарыңа зар қосып ем.
Жатың емес, достың ем мен,
Дос бейілін тосып ем!
Бауырым жара, сөзім нала
Дертпен келем мен бүгін,
Аямас жау мені айнала
Салды салмақ сұмдығын!
Біл, ағайын, Айдар жайын,
У беріпті оған жау!
Қазір халі сағат сайын
Ажал жақын, қан қамау...
Алдыңа кеп жар саламын,
Тап жауымды жабылып,
Өш аламын, өш аламын
Қанды кекті жамылып!

Х а л ы қ

У!.. У берілген Айдарға!
Неткен сұмдық қара жүзі!
Елің досың, Абайжан,
Аяу білмес ашумен,
Қасындамыз бәріміз!..

Қ а р л ы ғ а ш (*Әзім, Есбайға*).

Алыста емес, жау жақын,
Айтпаймысың екеуің,
Қашан ғана тарайды
Сендердің-ақ мешеуің?

Ә з і м

Қайдан білдің, жауы кім?
Кімге барып ти дейсің?

Е с б а й

Уа, халайық, ендеше
Өтілейін алдыңнан!
Сезігім бар біреуде,

Өтсін тергеу алдынан!
Қолы етпесе, жолы бір,
Осы қастық пәленің
Айыратын біреу бар,
Анығы мен танығын!

Х а л ы қ

Ұста соны ендеше!
Нұсқа соған бөгелмей!

Е с б а й (*тап беріп Жиреншенің көзіне нұсқап тұрып*).

Жаптым жала осыған!

Ж и р е н ш е

Жоғал арман маңымнан!..

Е с б а й

Айрылмаңдар, ағайын,
Анты менен аманын,
Жанын бермей осыдан!..

Х а л ы қ

Айтқаны рас Есбайдың!

Бірнеше жігіт жүгіріп кеп Жиреншені сүйрейді.

Ж і г і т т е р

Бауыздаймыз құрбан қып,
Ақ жолына Айдардың!

Ж и р е н ш е

Ей, Абай! Талатпақ па ең осылай?
Әзім, қайтіп қарап қаласың,
Жеткен жерің осы ма?

Әзім сөйлемек болғанда Абай киіп сөйлетпейді.

А б а й

Жолым менен тобымның
Қасымын деп айтқансың,
Қара жерге кіргенше!
Сенерім жоқ сөзіңе
Жаныңды бер, Жиренше!..

Х а л ы қ

Ақ болсаң бер жаныңды
Аяныштан сен кетсең.
Өкініштен ел кеткен
Судай шашар қаныңды!

Ж и р е н ш е

Жетті, болды ендеше

Жау табам, не жан берем,
Бәрің емес бөріккен
Жалғыз Сырттан тергесел!..

А б а й

Бердім. Сырттан ант алсын!..

Сырттан Жиреншені ертіп оқшау шығады, қолына құран алып ант белгісін жасатып, құранды сүйгізеді. Сөзін тыңдайды. Халықта ауыр, ұзақ пауза. Қарлығаш қана бұл кезде үйге жүгіріп кіріп, Айдар басына үніліп сыбырлағандай селт етеді. Аз отырып халыққа қарай жүреді. Жиренше тайки береді. Жұрт Жиреншеге тап бергенде, Сырттан қолын көтеріп үндемей тияды.

С ы р т т а н

Тоқтал, тиме бұл жанға!
Жауабы әлі біткен жоқ! (Абайға)
Абай, өзің үйге жүр, (Абай қозғалады)
Әзім, сен де бірге жүр,
Барамыз Айдар алдына!..

Әзім, Есбай тағы бірнеше жігіт еріп, бәрі де үйге кіріседі.
Жұрт сыртта анталап, сұмдық күткендей қадала қарап тұр.

С ы р т т а н (үйге кіріп Айдардың басына иіліп, маңдайынан сүйеді).

Асыл Айдар, қарағым,
Жау алыстан алмапты,
Саған жұмсар жарағын!
Міне қастық жасаған! (Әзімді нұсқап)
Мынау тұрған қара жын!

Ә з і м

Жалған! Жала!.. Қастардың
Сезбеп пе едің жарандар,
Дерттенсін деп Абайды
Осындай пәле тастарын?!

Осы кезде Айдар көтеріле беріп, әлі бігіп, қолын нұсқап созады.

А й д а р

Сенбе! Сақ бол осыдан!
Осы лағнет! Осыдан!..

Абай бұйрық етеді ұста деп, Әзімге Есбай мен жігіттер тап береді.

А ж а р, А б а й, С ы р т т а н (трио лағнет)

Лағнет саған, қара жүз,
Қойыннан шыққан сұр жылан!
Лағнет саған мәңгілік

Ажал оқ атқан тұрғыдан!
Лағнет саған арылмас
Таңба болсын өлгенше,
Лағнет саған, қарындас
Айтсын жерге көмгенше!
Жоғал лағнет, қара бет!..

Әзімді Есбайлар мен халық керіп, сүйреп алып кетеді. Тыстағының бәрі артынан анталасып жосып кетеді. Дала есіз. Үйде Айдар үзіледі.

А ж а р (жоқтау)

Қош, жазықсыз арыстаным,
Ғазиз жаным арманды,
Жолын жарқын алысқаның,
Елің етті қалғанды!
Жараң жанға жара салды,
Зарын төгер алғаның,
Шер жүрегін жалын шалды,
Қасірет білер қалғанын!

Айдарды құшып қалады. Осы кезде Абай жалғыз күніреніп далаға кетеді. Жеке, төбеге қарай, жалғыз басып дертін айтады. Алыста бойы көрінбейтін халықтың қалың хоры қосылып тұрады.

А б а й

Қараңғыда жалғыз жарық
Әлсіз қолда өшер ме?
Айдарым жоқ жеке қалып
Зұлмат жаншып өтер ме?
Арманым қайда, жол қайда, не жайда?
Сар далада сарылған ел
Арман алыс өмір шақ,
Сенсің жалғыз өтерім бел,
Барарым сен етпе жат!
Етпесін ойла! Жау айла! Абайла!

Соңғы сөздерін қайталап айтып тұрады. Абай жалғыз, үнсіз белге басып, асып барады.

Ш ы м ы л д ы қ.

Соңы

ТҮСІНІКТЕР

I

ТАРТЫС

«Тартыс» пьесасы 1935 жылы Қазақстан көркем өдебиет баспасынан өз алдына жеке кітап боп жарық көрген. Бірақ сол тұстағы емле ережелерінің бір жүйеге келмегендігі, беттердің ауысып кетуі, түсіп қалуы, не текстінің редакциялық өзгеріске ұшырауы сияқты әртүрлі кемшіліктер, себептер ескеріліп, бұл пьеса жазушы архивының 130 папкеде сақталған негізгі түпнұсқасы бойынша баспаға жіберілді. Жазушының бұрын-соңғы жарияланған топтамаларының ешқайсысына еңбеген, жиырма томдық шығармалар жинағына тұңғыш рет ұсынылып отыр.

Қолжазбаны өндіріске дайындағанда жеке басылымның кейбір ерекшелік өзгерістері де назарға алынды. Текстологиялық жұмыс негізінен мынадай бағытта жүзеге асырылды:

1935 жылғы басылымда пьеса «тоғыз суретті» делінген. Түпнұсқа бойынша дұрысы: «Сегіз суретті, эпилогты пьеса». Қолжазбада Гүлжәмила (Гуля) Сараның сіңлісі. Ал кітапта Сараның дос құрбысы боп кеткен. Соған орай эпилог көріністеріне (1, 4) тыңнан енгізілген өзгерістердің ешқайсысы да («Сара екеуміздің достығымызды бағалайды-ақ екенсін», «Екеуінің қатындары да дос, подруга, сонымен» т. б. сияқты) алынбай, жаңа басылымда бұрынғы текст қалпына келтіріліп отыр.

1935 жылғы басылымда 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 19, 20, 22, 27, 31, 32, 53, 54, 70 беттерінде пьеса текстінің орысша, немісше, өзбекше, арабша, діни біраз сөздер мен сөйлемдеріне, тұтас диалогтарына

сілтеме түрінде қазақша баламасы берілген. Ал қолжазбада автор олардың ешқайсысына айқындауыш ұғым ұсынбаған. Біз бұл жолы кейде ауызекі тілде қолданыла беретін, әсіресе жалпы жұртшылыққа түсінікті, мағнасы айқын орысша сөздерге (оправдать, удачный т. б.) сөйлемдерге сілтеме жасамай, тек қабылдауға қиындау соғатын диалогтар, жеке сөйлемдер мен сөздердің ғана қазақша аудармасын жеткізуді жөн көрдік.

1935 жылғы басылымда өзбекше, арабша діни ұғымдар аралас берілетін Юсуф қари, Жәлел, Оспанов сөздері (8, 9, 11, 61, 62, 69, 70 беттер) латын әрпімен мейлінше бұрмаланып терілген екен. Олар бүтіндей түпнұсқамен салыстырылып, қазіргі қазақ тілі грамматикасы ережелеріне лайықтала, автор текстінен мүмкіндігінше ауа жайылмау принципі басшылыққа алынды.

Оспановтың сөйлеу мәнерінде дағдыға айналып кеткен бір қыстырма сөзі бар: «түрсіз», «ой, түрсіз» деп қойып қалып отырады. Кітапта ол бүтіндей «тұзсыз» боп өзгеріп басылған. Бастапқы қалпы сақталды.

Көп көрініс кітапта да, түпнұсқада да бірде нөмірленіп, бірде қате реттелген. Олардың бәрі де бір жүйеге келтірілді.

4 сурет, 9-көріністің аяқ жағында Әбіш сөзінде кездесетін «Октябрьдің 11—12-жылында» дейтін тіркес қолжазбада алғашында 8—9-жыл боп көрсетіліпті де, автор оны кейін өз қолымен өзгерткен екен. Ал жеке кітапта бастапқы нұсқа алынған (8—9-жыл, 68 бетте). Біз жазушының өз қолымен өзгерткен жана редакциясын алдық.

Кітапта 64 беттің орнына 46 бет қайталап басылып кеткені сияқты, 19 бетте Малдыбаев сөзі қалып қойған, 66 бетте Есен сөйлеудің орнына Әбіш сөйлеп кетеді. Кейінгі тұстарда Қадишаның орнына «қашан» ұғымы сияқты қате терілген қайшылықтар көп кездеседі.

Жанағы 4 суреттің 9-көрінісі басталатын Сабыр сөзіндегі «Қазақ тілін орыс тілінің, я бір Еуропаның қанжығасына байлау» дейтін сөйлем тіркестерінен 1935 жылғы басылымда тек орыс тілі ғана қалдырылған. Сол көріністе «Өзгешелігім... өз жолым деймісіндер, со ма?..» деген сықылды жолдар да қысқартылып кеткен. Мұның бәрі қолжазба бойынша жіберілді.

Кітаптағы (5 сурет, 1-көрініс) «Олай болса, сіз Бармақ, Құмтөбе уақиғасы» дейтін Жәлел сөзі де автордың өз нұсқасы бойынша: «Олай болса, бір сұрақ, Қызылқұм уақиғасын» деп бұрынғы қалпына келтірілді. «Шунейт» те «Жөнейт» боп өзгертілді (80 бет).

6 суреттің 1-көрінісінде кездесетін Сейткерей сөзіндегі «дiнісі», «дiнісімен» дейтін ұғымдар кітапта «онысы», «онысымен» боп редакцияланған екен (87 бет). Ал 7 суреттің 1-көрінісінде Есеннің «Сөйлеймін деп жазылушылар саны 90» дейтін сөзі кітапта 40 боп өзгертілген (98 бет). Бұл тұстарда да қолжазба негізге алынды.

Осы 7 суреттің 2-көрінісінде Ғани сөзінің «бірақ игілікке қарай сен көп емессің...» дейтін жолдары кітапта қысқартылып кеткен. 8-суреттің 3-көрінісінде де Сұлтановтың «Өзін оқыдыңыз ба?.. Танысаңыз қайтеді?» дейтін сөзі қалып қойып, Мақсұттың кейінгі «жарайды» деп басталатын диалогы Сұлтанов сөзіне айналып кеткен (116 бет). Түпнұсқа бүтіндей қалпына келтірілді.

«Тартыс» пьесасы кезінде біраз пікірлер туғызып, қалам өнерінің елеулі табысы ретінде бағаланған. Сол кездің өзінде «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы 6 санында М. Қаратаев бұл тақырыпқа арнайы тоқталыпты («Мұхтардың «Тартысы» және кейбір мәселелер», 63—75 беттер). Сыншының 1958 жылы жарық көрген «Туған әдебиет туралы ойлар» дейтін кітабында да мақала осы атпен жарияланған. «Көркемөнерде Алашорданың, қазақ ұлтшылдығының шек-қарнын ақтарып, оның барлық сұмдық, сорақылық істерін сарапқа салған шығарманы құттықтап қарсы алмауға бола ма? Ұлтшылдықтың қабығы мынау, түбірі мынау, мұнымен былай күрес деп сезіміне тиіп, дұшпанға қарсы қару алдырып, тіс қайрататын пьесаның осындай өзгешелігін ерекше айтпауға бола ма? Әрине, болмайды... «Турксибті» де, «Тартысты» да жаңалықты өткір құрал деп қарау керек». «Мұхтар «Тартыста» орынды мәселелерді қолға алды, өмірге жаңа көзқарас білдірді, жаңа бет, жаңа мақсат алды» (79—80 беттер).

Қазақ ССР Мәдениет Министрлігінің репертуарлық Советі, профессионалдық театрлар режиссерлары ерте ме, кеш пе «Тартыс» пьесасына айрықша бір назар аударар деген сенімдеміз.

АЛМА БАҒЫНДА

«Алма бағында» 1937 жылы «Әдебиет майданы» журналының 2—3 номерлерінде шықты. Шығарманың жазушы архивінде сақталған үш нұсқасының бірі араб, бірі латын әрпімен жазылған автограф. Латын әрпімен жазылған қолжазбада үшінші актының ең соңғы жетінші суреті түгелдей жоқ, пьеса тек 6 суретпен аяқталған. Араб әрпімен жазылған нұсқаның кей суреттері, көріністері 1937 жылғы басылымға ұқсамайды. Ал машинкаға басылған үшінші нұсқа 1937 жылы журналда жарияланған. «Алма бағынданың» бір көшірмесі десек те, бірақ соның да әр жерлері редакцияланған, қысқартылған, өшірілген және жеті беттей сөздер тыңнан қосылған. Ол екі томдыққа осы нұсқасы жіберілген.

1937 жылғы басылымдағы «Тәуірі, үлгілі келін, үндемес қатын жасап шығару ғой. Осының өзі қалай осы, Әлитай. Менің Әлиім көп күдігімнің бір түйіні. Әлитай, осы жерде қалайсың осы, ә?.. (Әдебиет майданы, 1937, № 2, 50-б.) деген сөздер қолжазбада «Тәуірі, баяғы феодал семьясының үлгілі келін, үндемес қатыны жасап шығару ғой. Ол жерде аяқты байқап басулары керек болар дейім. Осының өзі

қалай осы, Әли? Осы жерде өзін қалайсың осы, ә?» болып өзгерген (М. О. Әуезов архиві, п. № 89, 4-б.)

1937 жылғы басылымның «Өзінен басқа сүйенері де, сеінері де жоқ қой» (Әдебиет майданы, 1937, № 2, 56-бет) деген сөздерінен кейін ұшыма қосылған мынадай сөздер бар:

Ә л и. О не дегенің?

Р а я. Дегенім сол. Сенің мына келген туысқандарың мені сынағыш, мінегіш, тіпті аңдығыш та боп барады. Аузымды ашсам, сөзімді бағады. Аяқ бассам, ісімді, мінезді мінейді. Өз араларында сүйреп деген сөз де көп сияқты.

Ә л и. Ой, тәйірі-ай, бәрі де бір болымсыз қазақтың мінездері ғой.

Р а я. Қазақшылық дегенің мінегенің бе, жоқ мінің бүркегенің бе?

Ә л и. Елеп, ескеруге тұрмайтын ұсақ ескілік дегенім.

Р а я. Қазақшылық біздің қазіргі жағдайда көбінесе сана-сезімнен кетпей жүрген «ескілік — қалдықтың жалпы аты» (М. О. Әуезов архиві, п. 89, 3-б.)

1937 жылғы басылымның әр тұсынан өшірілген, қолжазбаға кіргізбеген алты беттей сөздер бар. Сондай сөздердің бірі бірінші актының үшінші көрінісінен қалған мына сөздер.

Х а л е л. Рая, сен баққа шек келтірген сөзіңді байқап айт. Әсіресе Әлиге, бізге оңай тимейді ол. Шам сөз. Бес жылдық еңбек, тәжірибе. Нәтиже мынау. Не қыл дейсің, жаным-ау?

Р а я. Алма бағында жергілікті тәжірибе бұндағы бай табиғаттың бергенін ғана алады. Сол табиғаттан қайыр тілеу дәрежесіндегі тәжірибе. Ал, рылым табысы сол ғана ма екен. Ол сол табиғатты көбінесе көндіріп, бермесін алатыны қайда?» (Әдебиет майданы, 1937, № 2, 51-б.)

Жазушының жиырма томдығына он екі томдықтағы басылымы сол қалпында өзгеріссіз жіберіліп отыр.

ШЕКАРАДА

«Шекарада» 1937 жылы жазылды. Мұнда Отан қорғау, қырағылықты күшейтіп, колхоз құрылысын нығайту секілді өз дәуірінің ірі ірі мәселелері көтерілді.

«Шекарада» ең алғаш рет «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 2-номерінде (20—48-б.) басылды. Келесі жылы «На границе» деген атпен орыс тіліне аударылып, «Литературный Казахстан» журналының 10-санында (41—69-б.) жарық көрді. Мұны аударған Эмиль Беккер.

Қазір бұл пьесаның төрт түрлі нұсқасы бар. Бұлардың біріншісі араб әрпімен (М. О. Әуезов архиві, 93 папка, 96-бет), екіншісі латын әрпімен (92 папка, 79-б.) жазылған автограф та, үшіншісі машинкаға басылған (91 папка, 103-бет). Ал, төртінші варианты М. Әуезовтің 1956 жылы жарық көрген «Таңдамалы шығармаларының» бесінші томына кірді.

Жазушы осы аталған нұсқалардың ішінде, әсіресе алдыңғы үшеуін қатал сын елегінен өткерген. Қайта-қайта өзгертіп, бірде қысқартып, бірде толықтырып отырғаны да осы үшеуі. Мысалы, ең әуелгі араб әрпімен жазылған автографтың жөнделгені соншалық,

тіпті мұның өзін ерінбей-жалықпай (алты дәлелдер) қайта жөңгіріп шығуға тура келген. Бұдан соңғы аса көп өңделгені машинкаға басылған варианты.

Міне, осындай ұлан-асыр еңбек еткен жазушының ең алғашқы нұсқасында: газет редакторы Сапар, колхозшылар Аманбай, Жаппар, Сақыш, Ганшинның орынбасары Савчук, погран отрядының инструкторы Есқайыр, Құлжа байларының довернайы Атыбай, Шәріпбайдың күтуші жігіті Бөртебай секілді кейіпкерлер болса, кейінгі латын әрпімен жазылған қолжазбада бұл аталған адамдар түсіп қалған. Оның есесіне машинкаға басылған нұсқада колхозшы ақын Сәт бар. Ал, 1956 жылғы кітапқа Байназар байдың образын қосқан.

Енді автордың өз қолымен өңдеп өзгерткен, редакциялаған диалогтары туралы. Мұндай өзгерістер кез келген беттен табылады. Және соның өзі әрбір нұсқа сайын үнемі қырнанып, өңделіп отырады. Шекара комендантының аузынан айтылатын бір ғана диалогты сыластырып қаралық.

Араб әрпімен жазылған қолжазбадағы: «Жолдас начальник, қуғыншылар аса қызу сөйлеп тұр. Кісімізді бөріңдер, елім, өкіметім бар — барлығының атынан сұраймыз. Олар біздің жазалыларымыз деп, қайтарыңыз деп қатты жабысып тұр» (8-бет) деген диалог кейінгі латын әрпімен жазылған қолжазбада: «Жолдас начальник, қуғыншылар жазалыларымызды қайтарындар деп қатты жабысып тұр. Не айтайын?» (5-бет), машинкаға басылған нұсқасында: «Жолдас начальник, қуғыншылар жазалыларымызды қайтарындар деп, қатты жабысып тұр. Не бұйырасыз?» (6-б.), 1956 жылғы кітапта: «Жолдас начальник, қуғыншылар қайтарындар деп жабысып тұр, не бұйырасыз?» (315-б.) болып біраз редакциядан өткен.

Осы секілді машинкаға басылған: «Колхозшы қайда жатса сонда жатып, нені ішсе соны ішеміз. Сойыс, түстік, тоқ, тыныштық бітті. Оның қаймағы бұзылды. Аудан қызметкері сүт үстіндегі қаймақ болу жетті. Еңбекті ез істейді, ерлер еркелікпен күн кешеді» (53-бет) деген Мұрат сөзі 1956 жылғы басылымында: «Колхозшы қайда жатса сонда жатып, нені ішсе соны ішеміз. Сойыс, түстік, тоқ, тыныштық бітті. Оның шырқы бұзылды. Аудан басшылығы сүт үстінде қаймақ болу жетті. (Кекетін.) Еңбекті ез істейді, ал біздеі ерлер сере түскен, семіз серке болып күн кешеді» (334-б.) болып өңделген.

Пьесаның соңғы жариялануында жапсақ кеткен: «колхоз», «өзі», «істеп», «сарамас» деген сөздер: «колхозшы», «ез», «іс деп», «жарамас» болып алғашқы мағынасымен түзетілді.

Бұл басылымға он екі томдық шығармалар жинағындағы нұсқа-сы жіберіліп отыр.

БЕКЕТ

М. Әуезовтің «Бекет» аталған күйлі пьесасы өлеңмен жазылған. Пьеса сахнада қойылмай, әдеби нұсқа ретінде қалған. Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1956 жылы шығарған жазушының алты томдық таңдамалы шығармаларының V-томында «Бекет» пьесасы жарық көреді. Пьесаның қолжазба нұсқасы сақталмаған.

М. Әуезовтің он екі томдығына «Бекеттің» сол алты томдықтағы текстісі өзгеріссіз алынды. «Бекет» пьесасын баспаға дайындау үстін-

де оның 1936 жылғы басылымында там-тұм қате кеткен сөздер түзетілді.

Бесінші томның 382-бетінде:

Қан жылатып халықты,
Қора орнынан айырған,—

деген жолдар кездеседі. Осындағы «Қора орнынан айырған» деген тіркес «Қ а р а орнынан айырған» болу керек.

Кітаптың 378-бетіндегі:

Садаған шәуілдеген көп бөрі ала
Ер ұлан сен б а с а с ы ң елдің зарын...

дегендегі екінші жолдың дұрысы:

«Ер ұлан сен б а с а с ы ң елдің зарын»

екені көрініп тұр.

Ақырында кітаптың 412-бетінде:

Аңсап келдім алыстан,
Асыл жарым, бармысын.
Т ы л ы с дүние жауап қат
Сұм сырына кім не?..

делінеді. Өлеңдегі үшінші жолдың дұрысы:

«Тылсым дүние жауап қат» болуы тиіс.

Жаңа басылымда мұндай түзетулер ескеріліп отырылды

Бұл басылымға жазушының он екі томдық шығармалар жинағындағы нұсқасы жіберілді.

АҚ ҚАЙЫҢ

Мұхтар Әуезовтің бұл пьесасын Әбділла Тәжібаевпен бірігіп жазған. Жазушы архивінде сақталған, латын әрпімен машинкаға басылған, авторлық нұсқаның беташар бірінші парағында «Бәйге алған пьеса», «Реперткомнан ұлықсат берілген, № 166, 39, 25 сентябрь, 1939 жыл» дейтін түсініктемелер бар.

«Ақ қайың» кезінде академиялық қазақ драма театрының сахнасында қойылып, жұртшылықтан лайықты бағасын алған. Бірақ М. Әуезовтің бұрын-соңды жарияланған жеке кітаптарының ешқайсысына енбеген. Жиырма томдық шығармалар жинағына тұңғыш рет ұсынылып отыр. Бірде «перде», бірде «акт», қайсыбір суреттер «көрініс», «картина» деп әртүрлі жазылып кеткен тұстар бір ізге келтірілгені болмаса, негізінен түпнұсқа сол күйінде сақталды. Қолжазбада тоғыз түрлі сурет көрінісі берілгендіктен, титулдағы «төрт актылы, сегіз суретті пьеса» дейтін анықтама да редакцияланды.

АБАЙ

Төрт перделі, жеті актылы «Абай» трагедиясы жиырма томдыққа жазушының он екі томдық шығармалар жинағының тоғызыншы томында жарияланған нұсқасы бойынша енгізіліп отыр.

«Абай» трагедиясы бүгінге дейін қазақ тілінде 1960 жылы басылған «Қараш-Қараш» кітабында (402—473 беттер), он екі томдықтың тоғызыншы томында (445—515 беттер), орыс тіліндегісі 1941 жылы Москвада «Сборник современной казахской литературы» жи-

нағында (121—189 беттер), 1945 жылы «Искусство» баспасында жеке кітап боп, ал 1948 жылы «Советская драматургия» деген арнаулы пьесалар жинағында (402—473 беттер) және Москвада орыс тілінде басылған жазушының бес томдық шығармалар жинағының төртінші томында (375—436 беттер) жарияланып келді.

Жазушы архивінде пьесаның 1939 жылы араб әрпімен жазылған автографы (ЛММА, папка № 102—103, 1—70 беттер), латын, орыс әрпімен машинкаға басылған, әрі орыс тіліне аударылған нұсқалары (ЛММА, папка № 99, 1—88 беттер; папка № 100, 1—96 беттер; папка № 101, 1—93 беттер; папка № 134, 1—84 беттер) сақталуда. Қазақша нұсқаларының бір-бірінен айырмасы жоққа тән. Пьесаның алғашқы нұсқасындағы Ерден есімі соңыра Оразбай, Еркежан — Әйгерім, Қалша — Жиренше, Долгополов — Долгов боп өзгертілген. Кей нұсқада автор қосқан бірлі-жарым, қадау-қадау диалог, репликалар ұшырасады. Пьесаның 1960 жылы «Қараш-Қараш» жинағына енген басылымында жаңсақ басылған кейбір сөздер бұл жолы қолжазба (автограф) бойынша түзетіліп беріліп отыр. Мысалы. 1960 жылы Абай аузымен айтылатын: «Алмастың түймедейі түйедейі тастан әбзәл, Елдің мұнын қайтемін?» («Қараш-Қараш», 410-бет) дел мағынасы мүлде бұрмаланып басылған сөйлем түп нұсқа бойынша: «Алмастың түймедейі түйедейі тастан әбзәл. Ездің мыңын қайтемін?» болып түзетілді.

Сол сияқты кітапта қате басылған «мерует» деген сөз қолжазба бойынша «меруерт» болып, сұңқадам — сұмқадам, жалтайды — жалтақтайды, қарысса — қарықса, қалғаны — қалғалы, өзі — өзің, шағында — шығында, жұлап кетті — жұлып кетті, айыпкерсің — айыпкерімсің, қалың етті — қолын етгі, жорығын — жарығын, аузынан — аузыңнан, билік би — білек би, кетіріп — келтіріп, шекпенен — шөкшөкпенен, аузынды — азуынды, жау — жав, сол сөзді — ол сөзді, өлеңнің — өлеңіңнің, айырар сыны — айырар сына, айрылар — арылар, кімі — кімің, бұрмалаңдап — бұралаңдап, үш шақырым — үш жүз шақырым... болып түзетілді.

Пьесадағы персонаждар сөйлейтін сөздің нобайын іздестіріп, ойына оралған образды сөздер мен ұғымдарды қағазға түсіріп отыратын жазушы машығы болатын-ды. Осыған орай жазушы қойын дәптерінің бір шетіне: «Қара суыр секілді інінді бері қазады десе, ары қазатын неме екенсің» (ЛММА, папка № 339, 4 бет.), — деп жазып қойса, соңыра осы сөзді пьесаның бірінші пердесінің алғашқы суретіндегі Абай сөзіне «Қара суыр секілді інінді бері қазады десе, кері қазайын деппедің» (М. Әуезов. Шығармалары 8-том, 451 бет), — деп сәл өзгертіп барып қолданғанын көреміз.

Кейде персонаждар арасындағы диалогтарды да қойын дәптеріне түсіріп отырған сәттерін де көреміз. Шамасы, бұл пьесаның жазылу үстінде ізденуден туған әрекетінің бір көрінісі болса керек.

«Абай» трагедиясын драматург о баста жалғыз еңбектеніп жазса, соңыра Л. Соболевпен бірге орысшаға аудару үстінде бірлі-жарымды өзгерістер де ендіреді. Бірақ соңғы қазақша нұсқасын баспаға әзірлеу үстінде орысша нұсқасындағы өзгерістердің түсірілгенін жазушының төмендегі арнайы ескертпе пікірінде айтылғанда:

Екінші редакция

Бұрын қазақша ең алғашқы текст жалғыз істелген. Аудару үстінде, ақылдасу арқылы азырақ өзгерістер болды. Бірақ қазақшаның мына соңғы редакциясына келгенде оның көбі қайтадан түсіп қалды. Мынау қазақшаның ең үлкен өзгерісі. Барлық қосымша өзгерістер Алматыда жалғыз істелген» (ЛММА, папка № 141, 46 бет),— деп, шығарманы жазу драматургтың өзіне ғана тән төл туындысы екенін тікелей көрсетіп тұр.

Кейде персонаждар арасындағы диалогтарды да қойын дәптеріне түсіріп отырған сәттері де көреміз. Шамасы, бұл пьесаның жазылу үстінде ізденуден туған әрекетінің бір көрінісі болса керек. Осындай бір ізденістің көрінісі ретінде жазушы қойын дәптерінде латын әрпінде жазылған (ЛММА, папка № 339, 11—12 бет), бір үзіндіні келтіре кетейік:

Долгополов келеді.

Долгополов (ұмтылып құшақтап алып). Абай! Абай аға! Құттықтаймын... Қуанамын, қатты қуанам. Жеңіпсің жауыздарды. Құтқарыпсың... Абай аға. (Абайды қатты құшақтап, сүйіп алады).

Абай. Қайран Федор Иванович... Әттең сенің жүрегің бір сен емес, көпте болсашы...

Долгополов. Сен жеңдің ғой. Тыйдың ғой.

Абай. Тыйылу ма? Ол жоқ, жоқ қой, Федор Иванович.

Долгополов. Неге? Біткен жоқ па?

Абай. Жоқ... Жүген ноктасын үзіп кеткен асау жаулық енді, енді ғана жүз көрсетер...

Долгополов. Япыр-ау, бұл қалай... Билік, кесік айтылды ғой.

Абай. Кешпейді, кешпейді ол дүлей топ... Алдымен біздің жолымызды кешпейді. Туралық бізде екенін ел сезіп келеді, соны кешпейді.

Долгополов. А-а... мынаны айтамысың? Әрине... Бірақ, Абай аға, оған өкініш бар ма?

Абай. Рас, рас қой, Федор Иванович... Бірақ, мынау заман емес, баскаша бір жарық күн, жарқын заманда болсақ, күніміз осымен өтер ме еді? Анау Айдар үлкен дастан жазып жатыр еді... Мен де өзгеше бір күйлердің соңында едім осы кеш... Ақыл, қайрат, өнер, талап неге сарып боп жатыр?.. Кімді жеңдім? Ерленді ме? Несін медеу етейін, неме мәз болайын...

Долгополов. Абай аға, надандық пен зұлымдық өктеп тұрған заманда, ақын жолы тыныштық жол болмайтын. Ақын ең алдымен қалың елдің дәме қылған азаматы... Ал азаматтың қазақтағы екінші аты сойыл соғар емес пе еді? Бұл жалғыз сенің тағдырың емес...

Абай. О-ой, олай кеттің бе, Федор Иванович? (Күліп) Онда мен тегі дауласпаспын сенімен, мынау көрген күйден туған жәй бір күйік еді...

Айдар, Ажар шығады

Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалды музейінің № 101 папкіде.

93-бет, № 102—103 папкілерде 70-бетте сбиғы басылымдарда ұшыраспайтын Әсет ақын аузынан айтылатын мынадай өлең жолдары да бар:

Өксiкпен өткен өмiрiң
Көкейiмнен кетпес менiң.
Өзiң бе едiң жылаған,
Елiң боп жылап өтпеп пе ең?
Тұман басқан даланда
Тұманынан зар шеккен,
Халқың үшiн қан жылап,
Жау тұсауын кеспеп пе ең?
Өтер жылдар, келер күндер,
Келер ұрпақ нәсiлге
Бiр түйiрiн жоғалтпай
Жеткiземiн жемiсiңдi.
Жер үйектей жайлауда,
Бақ шырағы жанған елде
Ел өлмесiн көргенде,
Ер алмасын аузымнан
Сол ұрпаққа берермiн.
Сондай нұрлы күн туғанша
Үлкен, өлмес күшiм бар
Сертiм осы басыңда.
(Жұрт жымы-жырт.)

«АБАЙ» — ЛИБРЕТТО

М. Әуезов «Абай» пьесасы оқиғасы негiзiнде «Абай» операсының (музыкасы А. Жубанов пен Л. Хамидидiкi) либреттосын жазды. Либретто текстi 1957 жылы жазушының таңдамалы шығармалар жинағының IV томына (145—190 беттер) жарияланды. Сол басылымда: «Ен жалаудан» (162 бет) деп қате басылған сөз мазмұн-мағынасына қарай «ен жайлаудан» болып түзетiлдi. «Iшiнен көп торының ақты бұзды» (163 б)—«Iшiнен көп торының ақты бозды», «Сергек қызыл қалмақтың» (164)—«Сергек қызын қалмақтың»; «Құл-қотан» (178)—«Құл-қутан», «Абырой төгiлсiн» (178)—Абырой төгiпсiң», «Жiбер қарғыс көрiндi» (178)—«Жiбер қарғыс көрiндi», «Айдар қорғалады» (179)—«Айдар қозғалады», «Аямаған өзiмдi» (182)—«Аямай-ақ өзiмдi», «Ойласыңда одан да» (182)—«Ойласайық одан да», «Құссам» (183)—«Құсам» болып, мағынасына қарай түзетiлдi. Бұл басылым он екi томдық шығармалар жинағының 10-томынан (387—428) алынды.

М А З М Ы Н Ы

ТАРТЫС	5
АЛМА БАҒЫНДА	87
ШЕКАРАДА	153
БЕКЕТ	213
АҚ ҚАЙЫҢ	255
АБАЙ (трагедиясы)	307
АБАЙ (либретто)	383
ТҮСІНІКТЕР	423

Мухтар Омарханович Ауэзов

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ

Том десятый

Пьесы

(на казахском языке)

Ответственный за выпуск

Т. Акимов

Редактор *К. Узакбаева*. Художник *Т. Мухатов*. Худ. редактор
Б. Машрапов. Техн. редактор *Н. Сайфуллина*. Корректор
Н. Измаилова. Печатники: *Данилов Ю., Рыков Г.*

ИБ 1772

Сдано в набор 23.10.81. Подписано в печать 10.02.82. Формат 84×108¹/₃₂. Бум. тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 13,5. Усл. печ. л. 22,7. Уч.-изд. л. 22,38. Тираж 30 000 экз. Заказ № 1113. Цена 2 руб. 20 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124 г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.



М. Әуезов Абайдың қайтыс болуының елу жылдығындағы кездесуде.
Алматы, 1954 жыл.



«Абай» пьесасы. Абай ролінде Қалибек Қуанышбаев.



«Абай» пьесасы. Әйгерім ролінде Хадиса Бөкеева.
Әбіш ролінде Райымбек Сейітметов.



«Абай» спектаклінің көрінісі.